

Мұхаммед Юсуф Кандахлауи

حياة الصحابة

САХАБАЛАР
САЛҒАН САРА ЖОЛ

1



УДК 28
ББК 86.38
М 86

Түрік тілінен аударғандар:
Құрманғазы Садықбеков, Жанар Теңлібаева,
Әлия Алмағамбетова

Аударма мына түпнұсқадан жасалды:
Muhammed Yusuf Kandehlevi
Hayatu's sahabе (*Muhtasar*),
Işık Yayınları, İstanbul 2006

Мұхаммед Юсуф Кандахлауи
М 86 Сахабалар салған сара жол - 1. - Алматы:
"Көкжиек-Б" баспасы, 2010. – 496 бет.

ISBN 978-601-7271-02-2

Еңбекте Ислам дінінің араб түбегінен бастап төрткіл дүниеге таралуында көп қажыр-қайрат жұмсап, орасан еңбек сіңірген сахабалар өмірі сөз болады. Атап айтқанда, әрбір сахабаның Аллаһ елшісімен (саллаллаһу алейһи уә салләм) таныстығынан бастап, мұсылмандықты қабылдауына түрткі болған оқиғалар, сол кездегі иман мен күпірдің өзара арпалысы, Ислам нұрының қалай кең тарағаны, ізгі қоғам қалыптастырудағы әрбір сахабаның алар орны, көрсеткен ерліктері мен сол кезеңдегі боямасыз шынайы оқиғалар баяндалады.

Кітап жалпы оқырман қауымға арналған.

УДК 28
ББК 86.38

ISBN 978-601-7271-02-2

© «Көкжиек-Б» баспасы, 2010

КІРІСПЕ



Мұхаммед Юсуф Кандахлауи – хижри 1335 жылы Жүмәдүл-улә айының сәрсенбісінде Делиге қарасты (Үндістан) Кандахла ауылының ғылымға көп көңіл бөлетін, өте діндар әулетінде дүниеге келген.

Өз заманының ғалымдарының айтуынша, атасы шейх Мұхаммед Әшраф сүннетке берік, тақуалығымен аты шыққан пірәдар кісі болған.

Бұл әулеттен шейх Иләхи Бахш секілді көптеген ғұламалар мен тариқат жетекшілері шыққан. Шейх Абдулазиз ибн шейх Уәлиуллаһ Дәхләуидің алғыр шәкірті, Шәхид Сәйід Ахмет әл-Барлауидың халифасы болған шейх Иләхи Бахш «Бәнат Суаду» атты Пайғамбарымызға (с.а.с.) арналған мадақтау жырына түсіндірмеден басқа араб және парсы тілдерінде қырыққа жуық еңбек жазып қалдырған. Әрбірі дін үшін аянбай еңбек еткен сол ғасырдың үлкен дін ғұламалары болған шейх Әбул-Хасан, шейх Нурул-Хасан, шейх Мұзаффар Хасан, шейх Мұхаммед Исмайыл мен соңғысы шейх Мұхаммед Ілияс та осы әулеттен шыққанын айту керек. Мұхаммед Юсуф Кандахлауи осы шейх Мұхаммед Ілиястың бел баласы. Анасы да өте діндар кісі еді.

Осындай ортада ғұламалар мен машайыхтардан тәлім алып өскен Мұхаммед Юсуф бала кезінен діни ілімдерге үлкен қызығушылық танытты. Он жасында

Құранды жаттап үлгерді. Бастауыш білім алғаннан кейін Сингапур хадис мектебіне барды. Ол жерде Абдуллатиф, Манзұр Ахмет хан, Ахмет Камил Фәузилердің қатарында көкесінің баласы Мұхаммед Закария Кандахлауи сияқты шейхтардан хадис білімін тамамдап, 1354 жылы толық бітіріп шықты.

Бала кезінен білімге құштар ол уақытының көбін кітап оқумен өткізді. Ғылыммен шұғылдануды өмірінің соңына дейін жалғастырды.

Хижри 1362 жылы Рәжәп айының 24-жұлдызында Дінді насихаттау қоғамының құрушысы әрі өз заманының алдыңғы қатарлы діни қайраткерлерінің бірі болған әкесінен халифа рұқсатын (ижазатұл-хилафа) алды.

Әкесі қайтыс болысымен дінді насихаттау ісіне белсене кірісті. Осы тұрғыда Ислам тарихы, Мұхаммед пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өмірбаяны, дін үшін сахабалардың көрсеткен жанкешті істері жайлы жазылған кітаптарды зерттеп-зерделей бастады. Көп жылғы қажыр-қайраты мен табандылығының арқасында пайғамбарымыз бен сахабалардың өмірі, олардың исламды жаюдағы белсенді әрекеттері, ғибратты ғұмырлары мен әрбір оқиғаның астарындағы үлгі-өнегелерін егжей-тегжейіне дейін терең меңгерді.

Өмірін Ислам дінін кең көлемді жаюға арнағандықтан Мұхаммед Юсуфтың кезінде дін насихаты Араб түбегіне, Америкаға, Еуропаға және Үнді мұхитына дейін кең тарап жатты.

Ғалым шәкірт тәрбиелеу, дәріс оқыту, әр елді аралап уағыз-насихат жұмыстарына ерекше көңіл бөлумен қатар кітап жазумен де шұғылданды. Артқа қалдырған еңбектерінің қатарында Тахауидың «Шарху Мәаниил-

асар» атты кітабына жазған түсіндірмесін, «Әманиүл-ахбар» атты бірнеше томдық кітаптарын, сондай-ақ үлкен екі томнан тұратын «Хаятус-сахаба» (сахабалар өмірі) атты кітаптарын ерекше атап өтуге болады.

«Хаятус-сахаба» кітабы бұрындары сияр, тарих және табақат кітаптарында шашыраңқы кездесетін сахабалар жайлы мәліметтерді жинақтап, бір ізге келтіріп, жинақтап, оқырман назарына жүйелеп ұсынуымен ерекшеленеді.

Сахабалар – Пайғамбарымызға (с.а.с.) үлкен қолдау білдіріп, оны дұшпандардан қорғаған, дін үшін шыбын жандарын пида ете білген, Ислам дінін төрткүл дүниенің төрт бұрышына таратуға бүкіл күш-жігерін, өмірін арнаған ақиқат алыптары. Дінімізге бетбұрыс күшейіп келе жатқан бүгінгі күні сахабаларымызды жақыннан таныту, олардың Ислам тарихындағы орнын айшықтау, өнегелерін кейінгі ұрпаққа үлгі ету сөзсіз қажетті іс.

Осы орайда, Ислам әлемінде айтарлықтай беделге ие, бірнеше шет тілдерге аударылып, әлемге кең тараған осынау қымбат қазынаны қазақ оқырмандарына да жеткізуді өзімізге міндет деп санадық. Ислам тарихында кездескен боямасыз шынайы оқиғалар, сахабалардың ерліктері, табандылықтары, ақиқат жолындағы жанкештіліктері, мұсылмандық мінез, рухани тазалықтары мен тереңдіктері – бәрі де оқырманды терең ойға жетелеп, танымын кеңейтер, иманын молайтып, шуақты әсерге бөлер деген ниеттеміз.

Баспадан

1. АЛЛАҢ ПЕН РАСУЛЫНА МОЙЫНСҮНУҒА ҮНДЕЙТІН АЯТТАР МЕН ХАДИСТЕР

Расулаллаһтың пайғамбарлық міндеті

«Ей, пайғамбар! Біз сені адамдарға куәгер, қуантушы, ескертуші, Аллаһтың әмірімен Оның жолына шақыратын пайғамбар әрі нұр шашқан шырақ етіп жібердік» («Ахзап», 33/45-46).

«(Ей, расулым!) Біз сені бүкіл адамзат баласына рақымдылығымызды сүйіншілеп, азабымызды ескертуші ретінде жібердік, алайда адамдардың көпшілігі мұны білмейді» («Сәбә», 34/28).

«Біз сені тек қуантушы және ескертуші етіп жібердік» («Фұрқан», 25/56).

«Біз сені әлемдерге (жын мен адамзат әлеміне) тек қана рақымдылықтың себепшісі етіп жібердік» («Әнбия», 21/107).

«Мүшіріктер ұнатпаса да, Аллаһ Өз елшісін барлық діндерден үстем ету үшін тура жолға бастаушы хақ дінмен жіберді» («Саф», 61/9).

Әлемдердің раббысы Аллаһ тағала Пайғамбарымызды былай деп сипаттайды:

«Күмәнсіз, Аллаһ менің де Раббым, сендердің де Раббыларың, олай болса, Аллаһқа құлшылық жасаңдар. Міне, тура жол – осы» («Әли Имран», 3/51).

«Раббым, мені тура жолға – хақ дін Ибраһимнің дініне бағыттады. Ол мүшірік емес еді» – деп айт. «Менің намазым да, басқа құлшылықтарым да, өмірім де, өлімім де әлемдердің Раббысы – Аллаһқа тән. Оның серігі де, теңдесі де жоқ. Маған берілген бұйрық –

осы. Аллаһқа алғаш мойынсұнған да менмін – деп айт» («Әнғам», 6/161-163).

Аллаһ пен расулына бағыну

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһ пен елшісіне бойсұныңдар. Оны (Құран мен үгіттерін) ести тұра теріс айналмаңдар» («Әнфәл», 8/20).

«Аллаһ пен елшісіне бойсұныңдар, бір-біріңмен керісіп, қайшылыққа түспеңдер. Егер солай істейді екенсіңдер, бойларыңды үрей билейді де, құттарың қашып, күш-қуаттарыңнан айырыласыңдар. Сабырлы болыңдар, шынында, Аллаһ – сабырлылармен бірге» («Әнфәл», 8/46).

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа, сондай-ақ, елшіге әрі іштеріңнен шыққан басшыларға бойсұныңдар. Егер Аллаһқа және ақыретке сенген болсаңдар, араларыңда қандай да бір дау туса, оны шешу үшін Аллаһ пен елшісіне жүгініңдер. Осылай істегендерің әрі қайырлы, әрі оң нәтижелі болмақ» («Ниса», 4/59).

Расулаллаһ (с.а.с.): «Кімде-кім маған бойсұнса, Аллаһқа бойсұнған болып саналады. Ал, кімде-кім маған қарсы шықса, Аллаһқа қарсы шыққан боп саналады», – деген.

Пайғамбарымыз: «Қашқақтап, қырсыққандарды қоспағанда, үмбетім түгелдей жұмаққа кіреді», – дегенде, сахабалар: «Қырсыққандар кімдер?» – деп сұрайды. Сонда: «Кімде-кім маған бойсұнса, жұмаққа кіреді, ал кім бойсұнбаса, сол қырсыққан болады», – деп жауап берген¹.

«Арасында билік айту үшін, мүміндерді Аллаһ пен елшісіне жүгінуге шақырғанда, олардың айтар сөзі

¹ Бұхари, Сахих 6/2655 (6851)

тек, “әміріңе құлдық” – деу болатын. Міне, солар нағыз табысқа жеткендер. Кімде-кім Аллаһқа һәм елшісіне бойсұнып, қорқып, Аллаһқа қарсы келуден сақтанса, мәңгілік бақыт пен жетістікке қол жеткізгендер солар болмақ» («Нұр», 24/51-52).

«Мүмін ерлер мен мүмін әйелдер – бір-бірінің шынайы жанашырлары. Олар әрдайым жақсылыққа шақырып, жамандықтан тыяды. Намазды кемеліне жеткізе толық оқып, зекетті толық береді. Аллаһ пен елшісіне бағынады. (Міне сондықтан), Аллаһ тағала оларды шексіз мейіріміне бөлейді. Расында, Аллаһ – аса үстем, асқан даналық Иесі» («Тәубе», 9/71).

Пайғамбарға бағыну

«Пайғамбар сендерге нені үйреткен болса, соны істеңдер, сендерді неден тыйса, одан тыйылыңдар. Аллаһтан қорқыңдар, сөзсіз, Аллаһтың азабы тым қатты» («Хашр», 59/7).

«Біз барлық пайғамбарларды Аллаһтың әмірімен оларға бойсұнылсын деп қана жібердік. Егер олар (адамдар) күнә істеу арқылы өздеріне зұлымдық жасап қойған кезде, саған келіп, Аллаһтан шынайы түрде кешірім өтінсе, сондай-ақ, Пайғамбар да оларға кешірім тілесе, Аллаһтың тәубелерді қабыл етуші, аса мейірімді екенін анық көрер еді» («Ниса», 4/64).

Аллаһ пен расулына мойынсұнғандарды не күтіп тұр?

«(Оларға): Аллаһқа бойсұныңдар, пайғамбарға да бойсұныңдар. Егер бағынудан бас тартсаңдар, біліп қойыңдар, пайғамбар өз міндетіне, ал сендер өз міндеттеріңе жауаптысыңдар. Ал, егер оған бағынсаңдар, тура жолды табасыңдар. Ал,

пайғамбардың міндеті – Аллаһтың дінін айқын түрде толық жеткізу ғана – деп айт». Аллаһ сендердің іштеріңнен иман келтіріп, ізгілік жасағандарды, бұрынғылардан (мүміндерді кәпірлерден) үстем қылғанындай оларды да жер бетінде үстем қылатынына қатысты уәде береді. Сондай-ақ, оларға Өзінің ризалығын білдірген және солар үшін таңдаған Ислам дінін толық әрі бекем ұстануға мүмкіндік пен күш-қуат беретініне және бойларын билеген үрейді сейілтіп, оның орнына жан тыныштығына бөлейтініне қатысты уәде береді. Сонда олар Маған ғана құлшылық етіп, еш нәрсені Маған серік қоспайтын болады. Ал бұдан кейін кімде-кім (осыншама нығметті елемей) күпірлікке бой алдырса, нағыз жолдан тайған күнәһарлар солар болмақ. Намазды (барлық шарттарын орындап) толық оқыңдар, зекетті толық беріңдер, Аллаһтың елшісіне бағыныңдар. Сонда, Аллаһтың шексіз рақымына бөленерсіңдер» («Нұр», 24/54-56).

«Аллаһ пен елшісіне бойсұныңдар, сонда мейірімге бөленесіңдер» («Әли Имран», 3/132).

«Ей, иман еткендер! Аллаһқа қарсы келуден сақтаныңдар! Айтқан сөздерің әрдайым дұрыс әрі орынды болсын, сонда Аллаһ тағала істеріңді оңғарып, күнәларыңды кешіреді. Кімде-кім Аллаһ пен елшісіне бойсұнса, мол бақыт пен жетістікке қол жеткізеді» («Ахзап», 33/70-71).

«Кімде-кім Аллаһ пен елшісіне лайықты түрде бойсұнса, міне, солар Аллаһтың шексіз нығметіне бөленген пайғамбарлар, шыншылдар, шейіттер және игілермен бірге болады. Олар қандай жақсы жолдас-тар! Бұл – Аллаһтың берген ең үлкен жақсылығы.

Оған лайықтыларды және олардың қадір-қасиетін Аллаһтың білуі жеткілікті» («Ниса», 4/69-70).

«Міне, бұлар – Аллаһтың қойған шектеулері. Кімде-кім Аллаһ пен елшісіне бойсұнып (белгіленген шекараның шеңберінен шықпаса), Аллаһ оны мәңгілікке (бауларының ішінен және зәулім сарайларының түбінен) өзендер ағатын жұмақ бақшаларына кіргізеді. Міне, бұл – ең үлкен жетістік». («Ниса», 4/13)

«(Ей, расулым оларға): «Егер шынымен Аллаһты сүйсеңдер, маған еріңдер, сонда Аллаһ тағала да сендерді жақсы көріп, күнәларыңды кешіреді. Аллаһ өте кешірімді және (мүміндерге) ерекше мейірімді – деп айт» («Әли Имран», 3/31).

«Шынында, Аллаһ елшісінің тұла бойында сендер үшін, Аллаһты және ақырет күнін өмірінің басты мақсаты еткендер, сондай-ақ, Аллаһты жиі еске алғандар үшін тамаша өнеге бар» («Ахзап», 33/21).

«Ей, адамдар! Мен баршаға Аллаһ тарапынан жіберілген пайғамбармын. Көктер мен жердің иелігі Сізге тән. Басқа ешбір тәңір жоқ. Ол – өмірді де, өлімді де беруші. Ендеше, Аллаһ пен елшісіне иман келтіріңдер. Аллаһқа және сөздеріне (Кітаптарына) толық иман еткен, хат танымайтын Пайғамбарға кәміл сеніп, тура жолды табуларың үшін Оның соңынан еріңдер – деп айт» («Ағраф», 7/158).

Әнәстің (р.а.) жеткізуі бойынша, Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә саллам) былай деген:

«Кімде-кім менен кейін менің сүннетімді орындаса, мені жақсы көргені деп біліңіздер. Мені жақсы көрген адам (ақыретте) менімен бірге»².

² Табарани, әл-Мугжамус-сағир 2/100 (856)

«Сүннетімді нық ұстанған адам жұмаққа барады»³.

«Кімде-кім үмбетім азғындаған кезде, менің сүннетімді орындаса, жүз шейіттің сауабын алады»⁴. «Кімде-кім сүннетімді орындаса, мені жақсы көрген болып саналады, мені жақсы көрген адаммен жұмақта бірге боламын»⁵.

«Үмбет түсінбеушілікке бой алдырып, бір-бірімен ортақ мәмілеге келе алмаған кезде, Пайғамбардың сүннетін ұстану алақанымен шоқ ұстаған адамның жағдайымен бірдей»⁶.

Аллаһ пен расулына мойынсұнбағандарды не күтіп тұр?

«Ей, иман келтіргендер! Пайғамбар сендерді жан бітіретін (ақиқатты көрулеріңе, естулеріңе әрі айтуларыңа септігін тигізетін) нәрселерге шақырғанда, Аллаһ пен елиісіне игі ниет танытып, бойсұныңдар. Біліп қойыңдар! Аллаһ тағала адам мен оның жүрегінің арасына бөгет қояды (адам жүрегін рухани құлдырауға себеп болатындай етіп ақиқаттан адастырады). Соңында (дүниедегі істеріңнен жауапқа тартылу үшін) түгелдей Аллаһтың құзырына жиналасыңдар» («Әнфал», 8/24).

«(Оларға): Аллаһ пен елиісіне бойсұныңдар. Егер бағынудан бас тартып, теріс айналсаңдар, біліп қойыңдар, Аллаһ кәпірлерді әсте ұнатпайды – деп айт» («Әли Имран», 3/32).

³ Тирмизи, Сүнән 5/46 (2678)

⁴ Мүнзири, әт-Тарғиб уәт-тәрхиб 1/41 (65)

⁵ Табарани, әл-Муғжамус-сағир 2/100 (856)

⁶ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 1/328 (937)

«Кімде-кім Аллаһ пен елшісіне бағынбай Аллаһтың белгілеген шеңберінен шығатын болса, Аллаһ оны мәңгілікке отқа тастайды. Әрі күйзелтуші азап тартқызады» («Ниса», 4/14).

Аллаһ расулы болашақта болатын жағдайлар туралы былай деген: «Бәни Исраил ұшыраған жағдайларға менің үмбетім де тап болады. Бәни Исраил жетпіс екі топқа бөлінді. Менің үмбетім жетпіс үш топқа бөлінеді. Бұлардың біреуінен басқасының барлығы тозаққа тасталады».

«Ол қай топ?» – деп сұрағандарға Расулаллаһ: «Менің және сахабаларымның ұстанған жолымен жүргендер», – деп жауап берген⁷.

Сахаба Ибраз ибн Сария былай дейді: «Бір күні Пайғамбарымыз бізге намаз оқытты. Сосын жамағатқа қара сөзден қаймақ айырып, мағыналы, мәнді уағыз-насихаттар айтты. Тыңдап отырғандар толқып, көздеріне жас алды. Бір уақытта жамағаттан бір адам тұрып: «Әй, Аллаһтың расулы, бізбен бақұлдасып тұрған секілдісің, қандай өсиетінді арнайсың?» – дейді. Расулаллаһ: «Аллаһқа құлшылық жасауды, билік басына хабаштық⁸ бір құл келсе де, айтқан бұйрықтарын тыңдап, қалтқысыз бағынуды өсиет етемін. Өйткені менен кейін тірі қалғандарың түрлі келеңсіздіктерге куә боласындар. Сондықтан сүннетімді, тура жолдағы халифалардың сүннетін естеріңе салып отырған себебім бекер емес. Бұларды нық ұстанындар. Кейіннен пайда болған мәселелерде өте абай болындар. Өйткені,

⁷ Табарани, әл-Мугжамул-кәбир 8/152 (7659)

⁸ Эфиопиялық адам, қара нәсілді.

сүннетке қайшы ойдан шығарылған нәрсе – бидғатқа жатады, ал бидғат – адасушылыққа апарады», – дейді⁹.

Расулаллаһ және үмбеті

Аллаһ пен Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үмбеті арасындағы жағдай мына бір адамның халіне ұқсайды:

Біреу үй тұрғызып, дастархан жайып, ел-жұртты асқа шақыру үшін баласын жүгіртіп жібереді. Келгендер мол дастарханнан дәм татады. Келмегендер астан құр қалады.

Мысалда айтылған үй – жұмақ, үй иесі – Аллаһ, шақыртушы – Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм). Шақыруды қабылдағандар – Аллаһты мойындаушылар, ал қабылдамағандар Аллаһты мойындамағандар болып саналады. Пайғамбарымыз дінге сенген адамдар мен сенбеген адамдардың аражігін осылай ашып көрсеткен¹⁰.

Тағы бірде Пайғамбар (с.а.с.): «Біреу өз қауымына: «Мен төніп келе жатқан сұмдық жау қолын көрдім, қауіп бар, ертерек қамданыңдар!» – дейді. Қауымның бір бөлігі әлгінің айтқанына құлақ асып, түн жамылып, қауіпсіз жакқа қоныс аударады. Бір бөлігі айтылғанға сенбей, жұртта қалады. Таңертең жау келіп, жұрттағыларды түгел қырып салады. Міне, осы мысалдан маған сенгендер мен сенбей қасарысқандардың жағдайын көруге болады», – деген¹¹.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) былай дейді: «Біреу от жақты делік. Көбелектер мен кейбір жәндіктердің жарыққа үймелейтіні белгілі. Олар жарыққа ұмтыламын деп

⁹ Әбу Дәуіт, Сүнән 2/610 (4607)

¹⁰ Бұхари, Сахих 6/2655 (6852)

¹¹ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 5/60 (20624)

жүргенде, отқа қалай түсіп кеткенін сезбей қалады. Бұны жақсы білетін әлгі адам оларды жасқап, отқа жолатпауға тырысады. Бірақ, жәндіктер өте көп болғандықтан, бәріне оның шамасы жетпейді. Мен дәл сол адам сияқты сендердің отқа түспеулерің үшін қам жеп әлекпін, ал маған құлақ аспағандар әлгі отқа ұмтылған жәндіктер секілді»¹².

2. ПАЙҒАМБАР МЕН САХАБАЛАРЫ ТУРАЛЫ АЯТТАР

«Шын мәнінде, сені (адамдардың Хақ дінге деген ықыластарына екі дүниеде де) куәгер, (иман етіп, ізгі амал жасағандарды) қуантушы және (тура жолдан тайғандарды) ескертуші ретінде жібердік. (Ей, адамдар мен жындыр! Сондағы мақсат): Сендердің Аллаһқа және елшісіне иман етулерің, дініне қолдау көрсетіп, Аллаһқа лайық құрмет көрсетулерің, Аллаһты әрдайым ертелі-кеш ұлықтап, пәктеулерің» («Фәтх», 48/8-9).

Қайырлы үмбет

«Сол күні әр үмбеттің өз ішінен олардың (Хақ дінге қатысты ұстанымдарына) куәлік ететін бір-бір куәгерден келтіреміз. Сені де өз үмбетіңе куәгер етіп таңдаймыз. Саған осы қасиетті Кітапты – барлық нәрсені ашып түсіндіруші және Аллаһқа бағынбағандар үшін тура жолдың мінсіз қайнар көзі, шексіз рақым әрі оларды қуантушы ретінде біртіндеп түсірдік» («Нахл», 16/89).

«(Ей, Мұхаммедтің үмбеті): Міне, осылайша Біз сендерді барша адамзатқа (тура жолды нұсқап,

¹² Бұхари, Сахих 5/2379 (6118)

олардың істеріне) куәлік етсін, сондай-ақ, (өзге үмбеттер сияқты тура жолдан адасып, шектен шықпаған) Пайғамбар да сендерге куә болсын деп, орта жолды ұстанған үлгілі үмбет еттік» («Бақара», 2/143).

«Аллаһ жолында бар мүмкіндіктеріңді ортаға салып, аянбай күресіңдер. Ол адамдардың ішінен сендерді осы іске лайық деп таңдады әрі дінді ұстану жолында сендерге ешқандай ауыртпалық жүктемеді. Бұл – бабаларың Ибраһимнің сара жолы. Аллаһ бұдан бұрын да, осы Кітапта да Пайғамбарды сендерге (діндеріңе деген ықыластарыңа) куәгер ету, сондай-ақ өздеріңнің барша адамзатқа куә болуларың үшін сендерді – мұсылмандар деп атады. Олай болса, намазды дұрыс оқыңдар, зекетті толық беріңдер және Аллаһқа толық бағыныңдар. Ол – сендердің жалғыз Иелерің. Ол – қандай жақсы Ие және қандай жақсы Қолдаушы!» («Хаж», 22/78).

Қайырлы үмбеттің пайғамбары

«Шынында, Аллаһ тағала мүміндерге өз іштерінен пайғамбар жіберу арқылы оларға үлкен жақсылық жасады. Бұл пайғамбар оларға Аллаһтың аяттарын оқып түсіндіреді, оларды (сананы ластайтын түрлі жаңсақ ой-пікірлерден және жүректі қарайтатын бұрыс сенім мен күнәлардан) арылтады және оларға Кітап пен даналықты (Құрандағы құлшылықтар, бұйрықтар мен тыйымдардың мән-мақсаты мен астарындағы хикметті) үйретеді. Расында, олар бұдан бұрын анық адасуда еді» («Әли Имран», 3/164).

«Сендерге өз іштеріңнен (араларыңда туып өскен) пайғамбар келді. (Азапқа лайық болып, оны тартуларыңды былай қойғанда), тіпті сендердің аз ғана күйзеліп, қиналғандарыңның өзі оған өте ауыр тиеді. Ол – сендерге өте ынтық, мүміндерге ерекше мейірлі де мейірімді» («Тәубе», 9/128).

Пайғамбардың қасындағы жұртқа жылы қабақ танытып, көркем түрде қатынас жасауы да Аллаһтың рақымдылығының көрінісі. Егер ол қатал, дөрекі біреу болса, адамдар оның маңына да жоламас еді. Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) олардың кемшіліктерін кешірді, олар үшін кешірім тіледі және олармен кеңесіп отырды¹³.

Сахабалардың ерекшеліктері туралы

Тәурат пен Інжілде де жазылған

«Олар – қолдарындағы Тәурат пен Інжілде есімі мен сипаттары жазылған, хат танымайтын Пайғамбар әрі ең үлкен абыройлы Елшіге бойсұнады. Пайғамбар оларға жақсылықты бұйырып, жамандық атаулыдан тыяды, Аллаһтың зиянсыз әрі таза етіп жаратқандарын – адал, зиянды әрі лас еткендерін – арам қылып, бұрын-соңды (көне шариғат заңдары бойынша) мойындарына жүктелген ауыртпалықтардан арылтып, тұсаудан босатуда. Пайғамбарға шынайы түрде иман етіп, барынша құрметтеп, жәрдем бергендер, сондай-ақ, онымен бірге түсірілген Нұрға (Құранға) ергендер, міне, солар (дүние мен ақыретте) шынайы табыс пен жетістікке жеткендер» («Ағраф», 7/157).

¹³ «Әли Имран» 3/159

«Мұхаммед – Аллаһтың елшісі. Қасындағы мүміндер кәпірлерге тым қатал, өзара (бір-біріне) өте мейірімді. Әрдайым рукуғ , сәжде жасап, Аллаһтан игілік пен разылық тілегенін көресің. Олардың белгісі – жүздеріндегі сәжденің ізі мен нұры. Бұл – Тәураттағы сипаттары. Ал, Інжілде болса: «Олар – бүршік жарып, оны қуаттандырып, сабағы да жуандап, бой көтерген егін тәрізді», – деп айтылған. Осылайша олар өздерін еккен дихандарды таң қалдырса, ол кәпірлердің ашу-ызасын келтіреді. Міне, Аллаһ тағала солар сияқты иман келтіріп, сол иман негізінде ізгі амал жасағандарды жарылқау мен үлкен сыйға бөлеуге уәде берді» («Фәтх», 48/29).

Сахабалардың Құрандағы орны

«Мұһажырлар мен ансарлардың Исламды алғаш болып қабылдаған алдыңғы қатарлыларынан және оларға жақсылықпен ергендерден Аллаһ разы болды. Олар да Аллаһтан разы болды. Аллаһ оларға мәңгілік өмір сүру үшін (бауларының ішінен және зәулім сарайларының түбінен) өзендер ағатын жұмақ бақшаларын дайындап қойды. Міне, бұл – ең үлкен жетістік» («Тәубе», 9/100).

«Шынында, Аллаһ тағала (Худайбияда) сол ағаштың астында саған серт берген кезде, мүміндерден разы болды. Олардың жүрегіндегі (ықылас пен шынайылықты) көріп, жан тыныштығына бөлеп, көп ұзамай келетін жеңіс пен олжаны нәсіп етті. Аллаһ өте құдіретті және асқан дана» («Фәтх», 48/18-19).

«Соғысқа қатыспай қалғандарды жазғырмағаны үшін пайғамбарды кешіргені сияқты Аллаһ олардың бір

бөлігінің көңіліне күдік шауып, әрі-сәрі толқыған сол қиын кезеңде пайғамбарға бағынған мұһажырлар мен ансарларды да тәубеге келтіріп, сосын олардың бұл тәубелерін қабыл етті. Өйткені, Ол өте мейірімді, аса қайырымды. Аллаһ соғысқа қатыспай өздері туралы үкім кейінге қалдырылған сол үш адамның да тәубелерін қабыл етті. Өйткені, олардың жан азабын тартқаны соншалықты – жер беті кеңшілігіне қарамастан тарылғандай, жандары қатты қысылды. Ар-ождан азабына түсті. Ақырында, Аллаһтан басқа пана жоқтығын аңғарды. Сосын Аллаһ оларға тәубе етуді нәсіп етті. Өйткені, Аллаһ тәубелерді қабылдаушы әрі асқан мейірімді» («Тәубе», 9/117-118).

Сахабалар – иманы берік, адал жандар

«Аллаһ нәсіп еткен бұл олжасалар сол ыжрет еткен кедейлерге тән, олар Аллаһтың мейірімі мен разылығын жан жүрегімен қалап, Аллаһтың дініне және расулына қолдау көрсету үшін өз еркімен кір жуып, кіндік кескен атамекенінен кетіп, мал-мүліктерінен айырылды. Міне, иманы шынайы болғандар – тек солар. Олардан бұрын Мәдинаға қоныстанып, иман келтіргендер өздерінің құтты мекеніне келгендерге құрмет көрсетіп, оларға берілген олжаға іштарлық танытпaды. Тіпті, өздері мұқтаж бола тұра, алдымен соларға берілгенін қалайтын. Кімде-кім нәпсіқұмарлық пен дүниеқоңыздықтан сақтанса, міне, нағыз мол табысқа кенелушілер солар болады» («Хашр», 59/8-9).

«Аллаһқа берген сөздерінде тұрып, өздерінің адалдықтарын көрсеткен мүміндер арасында сондай ерлер бар. Олардың кейбірі құрбан шалды, жа-

нын пидә етті, кейбірі шейіт болуды көздеді. Берген сөздерінен ешқашан таймайды. Аллаһ осындай адалдық иелерін шынайылықтары үшін сыйға бөлейді. Ал мұнафықтарды қаласа азаптайды, қаласа тәубе нәсіп етіп, тәубелерін қабыл етеді. Өйткені, Аллаһ өте кешірімді, аса мейірімді» («Ахзап», 33/23-24).

3. АЛЛАҒ РАСУЛЫНЫҢ СЫРТҚЫ КЕЛБЕТІ

Риуаяттарда Пайғамбарымыздың сыртқы келбеті былайша суреттеледі:

Ол ірі денелі, бітімі сымбатты келген¹⁴, айбатты кісі болатын. Жүзінен нұр шашырап тұратын. Бет-әлпеті аса дөңгелек те, толық та емес-тін. Адамдардың арасындағы ең жылы жүздісі еді. Қуанған кезде, жүзінен сәуле төгілгендей әсер беретін. Қуанышты екендігі осыдан аңғарылатын¹⁵.

Бойы ұзын емес, орта бойдан сәл жоғары болатын. Бойшаң адаммен қатарласа қалса, Пайғамбарымыз одан еңселі болып көрінетін. Кең иықты, буындары мен омыртқалары ірі еді¹⁶. Шапанын шешкенде, денесі қалыпқа құйылған күмістей болып көрінетін¹⁷. Екі жауырынының арасында ай шеңберіне немесе көгершіннің жұмыртқасына ұқсайтын, түсі денесі түстес, жұдырыққа ұқсас пайғамбарлық мөрі бар болатын¹⁸.

¹⁴ Мұслим, Сахих 11/491(4308)

¹⁵ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 7/50 (17807)

¹⁶ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 7/50 (17807)

¹⁷ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 7/314 (18535)

¹⁸ Бұхари, Сахих 1/81 (187)

Қарны шығыңқы емес, көкірегімен бір деңгейде тұратын. Кіндігінде үш қатпар бар еді. Көкірегінің үстіңгі жағынан кіндігіне дейін жіңішке сызық тәрізді түктері болды. Сондай-ақ, иығының үстінде, қарында (шынтақ пен иық арасы) және көкірегінің ең үстіңгі жақтарында түк бар-ды¹⁹.

Саусақтары салалы, алақаны кең, аяқ-қолдары түзу еді. Табаны жалпақ, бірақ майтабан емес-ті. Балтыры жіңішкелеу келген еді²⁰.

Басы сәл үлкендеу, толқынданып тұратын шашы кейде құлағының жартысына дейін, кейде иығына дейін жететін²¹. Шашын кейде ортасынан бөлгенде, кекілі екі көзінің ортасына түсіп тұратын²². Кейде төртке бөліп өріп, екі өрімді оң құлақ жағынан, екі өрімді сол құлақ жағынан төмен түсіретін. Кең маңдайлы еді²³. Қою қара шашын тараған кезде, маңдайы жарқырап көрінетін²⁴.

Қасы жіңішкелеу, екі қасының ортасындағы тамыры көңілі алабұртқан кезде білеуленіп кететін²⁵.

Көзі үлкен, мойылдай қап-қара еді²⁶. Кірпігі ұзын, көзін жұмған кезде бір-бірімен қамасып тұратын²⁷. Алдындағысын көргені тәрізді, арттағы нәрсені де

¹⁹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 7/314 (18535)

²⁰ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 7/314 (18535)

²¹ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 22/155 (414)

²² Ибн Кәсир, әл-Бидая 6/20

²³ Тирмизи, Шәмаил 1/36

²⁴ Пайғамбар жинағы 2/22

²⁵ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 22/155 (414)

²⁶ Мүслим, Сахих 4/1820 (2339)

²⁷ Тирмизи, Сүнән 5/599 (3638)

солай көргіштігі бар еді²⁸. Көбіне басқа адамдардың көрмегендерін көріп, естімегендерін еститін²⁹.

Пайғамбарымыз мұрынды, бет сүйегі атжақты келген сұлуша болатын³⁰. Аузы сәл үлкендеу, әсем орналасқан еді. Алдыңғы тістері сирек әрі аппақ болатын³¹. Сөйлеген кезде аузынан нұр төгілгендей әсерге бөлейтін. Аузынан хош иіс шығатын. Бірде әлдебір құдыққа мүбәрак түкірігінен тигізген кезде, хош иіс тараған еді³². Денесін жара басқан Утба ибн Фарқатқа қасиетті сілекейінен жағады. Осыдан бастап ешқандай иіссу қолданбаса да, Утбаның үстінен өмір бойы хош иіс аңқып тұрады³³. Әнәс ибн Мәліктің үйіндегі құдық та осындай себептен Мәдинаның суы балдай құдығына айналды.

Сақалы қаба, иегінің үсті ғана ашықтау болатын³⁴. Осы тұста ғана ағарған үш-төрт түк бар еді. Шапшынан да төрт-бес талын күмістей қырау шалғаны болмаса, өмірде шашын ешқашан боямаған³⁵. Өйткені шаштары тұтас ағармаған.³⁶

Пайғамбарымыздың терісі тым жұмсақ, терлеген кезде денесінен хош иіс шығатын³⁷. Өзі тершең болатын. Үммі Сүләйм кейде оның терін бір ыдысқа жинап,

²⁸ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 7/1063 (20069)

²⁹ Тирмизи, Сүнән 5/599 (3638)

³⁰ Тирмизи, Шәмаил 1/36

³¹ Табарани, әл-Мұғжамул-кәбир 16/27 (17868)

³² Тирмизи, Шәмаил 1/38

³³ Табарани, әл-Мұғжамул-кәбир 12/65 (13774)

³⁴ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 2/152 (646)

³⁵ Мүслим, Сахих 4/1821 (2341)

³⁶ Пайғамбар жинағы 2/24

³⁷ Мүслим, Сахих 4/1814 (2330)

иіссуларға қосып араластырып, хош иістің жаңа бір түрін жасайтын³⁸. Қолынан да әрдайым хош иіс аңқып тұратын. Пайғамбарымызбен амандасқан адамның қолынан кешке дейін осы иіс шығып тұратын.

Шапшаң жүретіндіктен³⁹, қатар жүргенде жай адам ілесе алмайтын⁴⁰.

Мәнерлеп сөйлейтін, даусы ашық еді⁴¹. Бір сахаба былай дейді: «Бізге Минада уағыз айтқан кезде, тынысымыз кеңіп, сарайымыз ашылатын. Тіпті үйімізде отырғанда да, осы дауыс құлағымыздан көпке дейін кетпейтін»⁴².

Кей кезде Мәдинадағы үйлерге Пайғамбар мешітінен шыққан Расулаллаһтың даусы жетіп тұратын⁴³. Пайғамбарымыз арабтардың ішінде ең анық, айқын сөйлейтін адам еді.

4. САХАБАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аллаһтың өз расулына нәсіп еткен және сол үшін тандаған сахабалары үмбеттің ең қайырлы тұлғалары болып табылады. Құран кәрімде Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үмбетінің ең қайырлы үмбет екендігі айтылған: *«Ей, Мұхаммедтің үмбеті! Сендерді адамдардың игілігі үшін ең қайырлы үмбет еттім. Жақсылықты таратып, жамандықтың алдын алуға тырысарсыңдар, өйткені Аллаһқа сенесіңдер. Кітап*

³⁸ Мүслим, Сахих 4/1818 (2332)

³⁹ Ахмад, Мүснәд 2/350 (8588)

⁴⁰ Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 1/100

⁴¹ Мүслим, Сахих 1/336 (457)

⁴² Пайғамбар жинағы 2/86

⁴³ Ибн Мажә, Сүнән 1/429 (1349)

иелері (әһлі-кітап) де осыған иман келтіргенде, әрине, өздері үшін қайырлы болар еді. Араларында иман келтіргендері болғанымен, көпшілігі діннен шыққан күнәһарлар» («Әли Имран», 3/110).

Бізге жеткен дерек бойынша, халифа кезінде Омар (р.а.) осы аятты түсіндіріп тұрып былай деген: «Аллаһ тағала қаласа, аятта айтылған «сендер едіңдер» деген сөздің орнына «сендерсіндер» деген сөзді қолданып, үмбет ретінде барлық адамды осы аяттың мазмұнына сыйғызар еді. Алайда «сендер едіңдер» деген сөз арқылы аятта тек сахабалар туралы айтылып тұрғандығы байқалады. Сондықтан да кім соларға ұқсап, солардың жасағанын жасайтын болса, таңдаулы, ең қайырлы үмбет болу құрметін иеленеді».

Тағы бір риуаятта Омар (р.а.) бір қажылық кезінде кейбір жағымсыз қылықтарды байқап, аталмыш аятты оқып, былай дейді: «Уа, халайық! Оқылған осы аятта айтылған үмбет болуды қалаған адам Аллаһтың сондай үмбетке қойған талаптарын орындасын». Осылайша, ол үмбетіне жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыю мәселесінде болсын, басқа мәселелерде болсын, сахабалардан үлгі алуын және соларға ұқсауын насихаттаған⁴⁴.

Хақ тағала құлдарына рақымдылық жасап, Мұхаммедті (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тандап, оны пайғамбарлыққа лайық көрді. Артынша пайғамбарға лайықты сахабаларды тандап, ең жоғары деңгейде насихатталуы үшін Ислам дінінің алғашқы көмекшілерін солардан жасақтады. Сондықтан да Аллаһтың құзырында

⁴⁴ әл-Хинди, әл-Кәнзул-уммал 2/492 (4289)

бұл мұсылмандардың дұрыс деп тапқандары дұрыс, бұрыс деп тапқандары бұрыс болып табылады⁴⁵.

Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) сахабаларды былай сипаттайды: «Тура жолды ұстанғысы келетіндер өздерінен бұрынғылардың жолын ұстансын. Сахабалар – осы үмбеттің ең қайырлылары, ілімі мол, көңілдері ақ, риясыз адамдар. Олар бәрінен үстем, ақиқатқа мейірім қылып, мерейі тасыған қауым, өйткені Аллаһ оларды тандаулы пайғамбары үшін іріктеп, дінді сол қадірлі қауыммен насихаттады. Ендеше, сендер де солардың жолын ұстаныңдар. Өйткені олар басқа емес, Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сахабалары. Сахабалар – нағыз тура жолмен жүргендер»⁴⁶.

Пайғамбарымызбен көп араласып, ғұлама деңгейіне жеткен Абдуллаһ ибн Мәсғуд табиғиндерге (сахабаларды көргендер) мынаны ескерткен: «Сендер табиғин ретінде, бәлкім, сахабалардан артық ораза тұтып, артық намаз оқып, олардан көп шаршауларың мүмкін. Алайда олар сендерден де қайырлы». Мұның себебін сұрағандарға: «Өйткені олар дүниелік нәрселерге құмартпай, ақыретке көп мән беретін», – дейді⁴⁷. Ол кезде сахабаның қайсысынан сұрасаңдар да, сол жауапты естір едіңдер⁴⁸.

Бір күні Али (р.а.) намазын оқып бітіріп, сәлем бергеннен кейін, ішкі сырын былай ақтарады: «Мен Расулаллаһтың сахабаларын көрдім, таныдым. Қазір олар секілді ешкім жоқ. Олардың (көп намаз оқып, сәжде

⁴⁵ Әбу Нуайм, Хилия 1/375

⁴⁶ Әбу Нуайм, Хилия 1/305-306

⁴⁷ Әбу Нуайм, Хилия 1/136

⁴⁸ Әбу Нуайм, Хилия 1/307

жасаудан) жүздері бозарып, шаштары ұйпаланып, беттерін, көздерін шаң басатын. Таң атқанша, не Құран, не намаз оқитын. Аллаһтың аты аталғанда, толқып-тебірененіп кететін. Көздерінен сорғалаған жастан киімдері дымқылданатын. Меніңше, бүгінде адамдар түндерін бейқам өткізіп жүр»⁴⁹.

Осыны айтқаннан кейін Али тұрып кетеді. Аллаһтың пасық дұшпаны Ибн Мүлжәм шейіт еткенге дейін, Алидың (р.а.) күлгенін ешкім байқамаған.



⁴⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 8/6



БІРІНШІ БӨЛІМ

АЛЛАҒ ПЕН РАСУЛЫНА

ШАҚЫРУ



Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бен сахабалалары неліктен адамзат баласын Ислам дініне шақыруға аса ден қойды? Тура жолды көрсетуді, өзгелерге ақиқат дінді мойындатуға және Хақ тағаланың рақымдылығына бөленуді қаншалықты қалады? Бұл жолда қаншалықты тер төкті?

1. ХАҚТЫ ТАНЫТУҒА ДЕГЕН

ҚҰШТАРЛЫҚ

Расулаллаһтың барша адамзатты иманға

шақыру жолында сіңірген еңбегі

Пайғамбарымыз бүкіл адамзат баласының Аллаһқа иман келтіріп, мойынсұнғанын шын ықыласымен қалады. Аятта Хақ тағала оның бұл құштарлығын былай көрсеткен: *«Адамдар иман келтірмеді деген қайғыдан өзіңді мүжіп бітесің. Егер қаласақ, оларға көктен сондай бір мұғжиза түсірер едік, сол арқылы, қаласын-қаламасын, мойынсұнар еді»*. («Шұғара», 26/3-4) Алайда Аллаһ мына аятта: *«Адамдардың кейбірі бақытсыз, кейбірі бақытты»* деп баяндады («Худ», 11/105). Пешенесіне жазғанына қарай кей адамдар иман келтіруге

лайықты, ал кейбіреулері өздерін бұл игіліктен қасақана мақұрым еткен⁵².

Көкесі Әбу Тәліп қайтыс болған кезде, өз қауымын Пайғамбарымыздың Исламға шақыруы

Әбу Тәліп науқастанып қалған кезде, Ұтба ибн Рабия, Шәйба ибн Рабия, Әбу Жәһіл ибн Хишам, Умәйя ибн Халәф және Әбу Суфиян ибн Харб бар бір топ Құрайыштар Әбу Тәліпке барып: «Немере інің тәңірлерімізді жамандап, айтпағаны қалмады. Қатқыл ескертіп, бұл қылығына тоқтау салсаң етті. Ей, Әбу Тәліп, сен бізденсің. Қазір өлім аузында жатырсың. Немере ініңмен арамыздағы жағдайды білесің. Шақырып, уәдесін ал. Аулақ жүрсін, біз де оған соқтықпаймыз. Дінімізге тиіспесін, біз де оның дініне тиіспейік», – дейді. Әбу Тәліп немере інісін шақыртады. Пайғамбарымыз қасына келгенде, Әбу Тәліп пен оны қаумалаған адамдардың арасында бір адам сиятындай орын бар еді. Әбу Жәһіл босағаға таяу тізе бүгеді. Пайғамбарымызды көкесінің қасына қайткен күнде де жақындатпаудың амалын ойлап, сол орынға өзі жайғасады. Олар Пайғамбарымыз көкесіне таяу отырса, Әбу Тәліп оған жаны ашып, иман келтіріп қоя ма деп қорыққан еді. Расулаллаһ көкесіне жақын жерден орын таппаған соң, Әбу Тәліп одан: «Қауымың тәңірлері туралы жаман сөздер айтқаныңды алға тартып отыр. Бұған не дейсің?» – деп сұрайды.

Басқа бір риуаятта Әбу Тәліп Расулаллаһқа былай дейді: «Бауырымның баласы, бері қара! Мен сені білгелі, маған құрмет көрсетіп келесің. Алайда қауымыңнан

⁵² Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 7/196 (11243)

мына кісілер келіп, сенің Қағбаға барып, оларды жәбірлейтіндей сөздер айтқаныңды жеткізіп отыр. Бұл істен бас тартсаң қайтеді?». Сонда Пайғамбарымыз көкке көзін қадап, көкесіне: «Ант етемін, сендердің мына күннен бір от жұлып алуға қалайша күштерің жетпесе, менің де осы пайғамбарлық міндетімді тастауға солайша шамам жетпейді», – дейді⁵³.

Тағы бір риуаятта Әбу Тәліп: «Бауырым! Қауымың келіп, маған бірталай өкпе артты. Маған және өзіңе жаның ашыса қайтеді, күшіміз жетпейтін бұл істі маған артпа. Қауымың жақтырмаған сөздерді айтуыңды қой!» – дейді. Көкесінің енді өзін қорғап, қолдау көрсете алмайтынын сезген Расулаллаһ: «Көке! Күнді оң жағыма, айды сол жағыма әкеліп қойса да, бұл істен бас тарта алмаймын. Түбі Аллаһ бұл дінін жеңіске жеткізеді не мен осы жолда өлемін», – дейді көзіне жас толып⁵⁴.

Сол жерде отырған Құрайыштың бетке тұтарлары Пайғамбарымызға жекіп, ауыр сөздер айтады. Біразы Расулаллаһқа: «Егер қажет десең, алдыңа мал салып берейік, Құрайыштың ең құрметті адамы бол. Жар сүйгің келсе, Құрайыш әйелдерінен қалағаныңды таңда, қаласаң, сені он әйелге үйлендірейік», – дейді⁵⁵.

Ұтба ибн Рабия: «Тұрмысы орта болғанымен, сені арамыздағы беделі зор адам деп санайтын едік. Не айтып жүргеніңді өзің білмейтіндейсің. Ел арасына іріткі салу арқылы дүние жимақ болсаң, қауымың қойнына жар, қораңа мал салып беруге әзір. Қаласаң, ең көп байлықты саған жиып берейік. Атақ-даңқ керек болса, бұл тілегіңді де жерге тастамаймыз, алдыңды жортқан

⁵³ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 6/8 (6809)

⁵⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/42

⁵⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/62

аң, ұшқан құс та кесіп өтпейтін болады. Егер жын соғып кеткендіктен, қайдағыны айтып, сандырақтап жүрсең, емдетейік. Жоқ, патша болғың келсе, оны да айт, сені хан сайлаймыз», – дейді. Расулаллаһ олардың бұл емеуірініне селт етпей, «Фуссилат» сүресін 37-аятына дейін оқиды⁵⁶.

Расулаллаһ көкесіне назарын тіктеп: «Көке! Егер олар мендегі сөзді шын жүрекпен қабылдаса, әлі-ақ бүкіл арабтар бұларға бағынып, ал араб еместер жизия салығын төлейтін болады», – дейді.

Құрайыштар бұл сөздің тәухид сөзі (кәлимә тәухид) екенін білетіндіктен, үдеріп: «Бір сөз дейді ғой! Ол сөзді ендігәрі аузыңа алма», – деп қарсылық білдіреді. Әбу Тәліп: «Бауырым! Ол қандай сөз?» деп сұрайды. Расулаллаһ «Лә иләһә иллаллаһ» дейді. Бұдан соң Құрайыштар ызаланып: «Тапқан екен, соншама тәңірді бір тәңір жасағаны қандай күлкілі!» – деп («Сад», 38/5) орындарынан бәлсіне, жұлқына тұрады⁵⁷. Келген Құрайыштар Пайғамбарымызды иліктіре алмайтындықтарын түсініп, кері қайтады. Әбу Тәліп: «Бауырым! Сен оларға шектен шығатындай сөз айтқан жоқсың», – дейді. Пайғамбарымыз көкесі иманға келіп қалар деген үмітпен: «Көке, олай болса, сол сөзді сен айт, қиямет күні саған шапағат етейін», – дейді. Әбу Тәліп оның шын көңілден сұрап тұрғанын көріп: «Менен кейін сені мен жақындарыңа бұлардың жамандық жасамайтындығына көзім жетсе және Құрайыштың «Өлімнен қорқып сол сөзді айтты» деуінен тартынба-

⁵⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/62

⁵⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/123



сам, сенің көңілің үшін осы сөзді айтар едім», – дейді⁵⁸.

Басқа бір риуаятта⁵⁹ Әбу Тәліп қайтыс болар сәтте, Хақ нәбиі оның қасына тізе бүгеді. Әбу Жәһіл де сол жерде отырған болатын. Расулаллаһ: «Көке! Кәлима шаһадатты айт, сол арқылы Аллаһтың құзырында сені қорғайын», – дейді.

Әбу Жәһіл мен басқа мүшріктер Әбу Тәліпке: «Дініннен бас тартпақсың ба?» – деп жабыла дүрсе қоя берді. Әбу Тәліп: «Абдумутталибтің дінімен өлемін», – деген кезде ғана жайына қалдырады. Сонда қынжылған Пайғамбарымыз: «Өзі тоқтатқанға дейін, саған Аллаһтан кешірім тілеймін», – дейді. Сол кезде *«Кәпір болып өліп, тозақтық екендіктері белгілі болғаннан кейін, туыс та болса, мүшріктерге кешірім тілеу пайғамбардың да, мүміндердің де істейтін ісі емес»* («Тәубе», 9/113) деген аят пен *«Сен қалаған адамыңды тура жолға түсіре алмайсың, Аллаһ қана қалағанын тура жолға салады. Ол тура жолға түсетіндерді өте жақсы біледі»* («Қасас», 28/56) деген аят түседі⁶⁰.

Халықты дінге шақыруда Расулаллаһ пен сахабалардың көрсеткен табандылығы

Бірде Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинадан Худайбияға аттанады. Сол мезетте Бүдәйл ибн Уәрқа деген адам да Хузаға тайпасынан бір топпен жолға шығады. Хузағалықтар Мекке маңын қоныстанған Ти-хама тайпаларының арасындағы Расулаллаһтың өзіне жақын тартқан адамдары болатын.

⁵⁸ Ибн Хишам, Сирә 2/265

⁵⁹ Бұхари, Сахих 3/1409 (3671)

⁶⁰ Бұхари, Сахих 4/1717 (4398)

Бүдәйл Расулаллаһқа: «Мен Меккенің Кағыб ибн Луэй және Амр ибн Луэй тайпаларының Худайбия маңында боталы түйелерімен бірге тоқтағанын көрдім. Олар сенімен соғысады. Олар сенің бәйтуллаһты зиярат етуіңе кедергі болып жүрмесін», – дейді. Сонда Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) былай дейді:

«Біз біреумен соғысуға емес, тек ұмра жасауға келдік. Қанша зиян тартса соғысу Құрайыштардың қанына сіңіп қалған сияқты. Егер қаласа, мен олармен бейбіт келісімге келемін, өздеріне уақыт беремін, олар мені мен өзгелердің арасына килікпейтін болады. Егер мен басқаларды жеңсем, Құрайыштар солармен жасайтын бейбіт келісіміме өз еріктерімен қосыла алады. Егер мен жеңіліс тапсам, Құрайыштар менімен соғысу машақатынан құтылады. Егер Құрайыштар бұл ұсынысыма қарсылық білдірсе, Хақ тағалаға ант етемін, осы ісім үшін қасық қаным қалғанша олармен күресемін. Маған жүктеген іске қатысты уәдесін Аллаһ міндетті түрде орындайды»⁶¹.

Пайғамбарымыз былай дейді: «Құрайыштардың жағдайы қандай аянышты! Соғысқұмарлық олардың түбіне жетеді. Осыншалықты қасарысатындай не көрінді? Әттең, арадан шегініп мені басқа тайпамен бетпе-бет қалдырғанда ғой!.. Басқалары мені жеңетін болса, олар соғыссыз-ақ ойындағысын асырар еді. Егер Аллаһ менің мерейімді олардан үстем етсе, адамдар топ-тобымен Исламға кіреді. Кірмесе, соғысты жалғастырады. Құрайыштың ойлағаны не? Ант етемін, не Хақ тағала осы Ислам жолында мені жеңіске жет-

⁶¹ Бұхари, Сахих 2/974 (2581)

кізгенге дейін олармен күресемін, не болмаса шыбын жанымды қиямын»⁶².

Хайбар бекінісін алу ұзаққа созылып кетеді. Міне, осы кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Ертең туды бір адамға беремін, Аллаһ соның себепкерлігімен жеңіске жеткізеді. Ол Аллаһ пен расулын жақсы көреді, Аллаһ пен расулы да оны жақсы көреді», – деді. Әркім тудың кімге берілетінін өзінше жорамалдап, сол түнді елегізумен өткізеді. Олардың барлығы тудың өзіне берілетініне үміт артады. Таңертең Пайғамбарымыз олардан: «Али қайда?» – деп сұрайды. Сахабалар: «Али көзінен жарақат алып қалды», – дейді. Пайғамбарымыз: «Оған хабаршы жіберіңдер», – дейді. Али келген соң, пайғамбар оның көзіне мүбәрак түкірігінен жағып, дұға оқиды. Сол-ақ екен, Алидің көзінде жарақаттан із де қалмай құлан-таза жазылып кетеді. Пайғамбарымыз туды соған тапсырады. Сонда Али: «Уа, Расулаллаһ! Хайбар яһудилерімен мұсылмандықты қабылдатқанға дейін соғысамын» дейді. Расулаллаһ (с.а.с.): «Уа, Али! Хайбарлықтардың жеріне кіріп орданды құрғанға дейін асығыс әрекетке барма. Әуелі оларды Исламға шақыр. Аллаһқа ант етемін, сенің арқаңда Аллаһтың бір адамды тура жолға салуы көптеген күрең түйеңнің болғанынан әлдеқайда артық», – дейді⁶³.

Әнәс (р.а.) былай дейді: «Иранның сол кездегі үлкен қалаларының бірі болған Түстәрді бағындыру кезінде Әбу Мұса әл-Әшғари (р.а.) мені Омарға (р.а.) жіберді. Ол кезде Бәкір ибн Уәил тайпасынан алты адам діннен шығып, мүшріктерге қосылған еді. Омар (р.а.) маған: «Бәкір ибн Уәил тайпасында діннен шыққан

⁶² Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 4/323 (18930)

⁶³ Бұхари, Сахих 3/1096 (2847)

сол топ туралы не білесің?» – деді. «Исламнан шығып, мүшріктерге қосылған бұл топты өлтіруден басқа шара жоқ», – дедім мен. Омар (р.а.): «Әуелі, әрбіріне тандау еркін бергенің күн нұрына жарқыраған алтын мен күмістен де артық», – деді. «Ей, мүміндердің әміршісі! Ұстасаң, оларды не істер едің?» – деп сұрадым. «Шыққан есіктерінен қайта кіруін ұсынар едім. Егер тәубеге келетін болса, олардың бұл қадамына құт тілеп, баянды болуына дұға етер едім. Кері жағдайда бәрін тұтқындаймын», – деді ол⁶⁴.

Расулаллаһтың Хакәм ибн Қайсанды Исламға шақыруда танытқан сабырлылығы

Микдат ибн Амр (р.а.) былай дейді: «Хакәм ибн Қайсанды тұтқындаған болатынмын. Қолбасшымыз оны өлтірмек болды. Мен: «Мұны Расулаллаһқа апарайық», – дедім. Расулаллаһ оны көргенде, иман келтіргенін қалап, уағыз айтты. Микдат ибн Амр (р.а.): «Уа, Расулаллаһ, несіне әуреленесің? Бұл кісі бәрібір Исламды қабылдамайды. Одан да маған бер, басын шауып, жанын жаһаннамға жіберейін» дейді. Рақым пайғамбары (с.а.с.) Микдат ибн Амрдың бұл сөзін естімегендей сыңай танытады. Ақыр соңында Хакәм ибн Қайсан Исламды қабылдады. Микдат ибн Амр Хакәмнің мұсылман болғанын көріп, әуелгі айтқан сөздеріне ұялып: «Әр істің бізге беймәлім тұсын жақсы білетін Расулаллаһқа қалай ғана қарсылық білдірдім екен?» деп өкініш білдіреді.

⁶⁴ Бәйхақи, Сүнән 8/207 (16665)



Кейіннен Хакәм Аллаһ жолында соғысып, Бири Мәғунада шейіт болды. Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оған қатты риза кейіп танытты»⁶⁵.

Хамзаны шейіт еткен Уахшидің мұсылман болуы

Уахши Хамзаны (р.а.) шейіт еткеннен кейін, Меккеге оралды. Мекке алынғаннан кейін, Таифке қашпақшы болды. Таифтықтардың да Исламды қабылдау үшін Расулаллаһқа бара жатқанын көргенде, барар жер, басар тауының қалмағанын аңғарады.

Пайғамбарымыз Уахшиді Исламға шақырып, хабар жібереді. Уахши: «Уа, Расулаллаһ! Мені қалайша Исламға шақырасың? Аллаһқа серік қосқандар, Аллаһ қадірлі еткен жандарды өлтіргендер, зинақорлық жасағандар күнәларының азабын шегеді. Қияметте, сол бір ұлы есепке тартылу күні олардың жазалары еселеніп, мәңгі азап пен масқаралыққа тап болады. Мен осының бәрін жасадым. Менің әлі де мәңгілік азаптан құтылар мүмкіндігім бар ма?» – дейді. Осыған орай, Аллаһ мына аятты түсіреді: *«Алайда кері қайтып, иман келтіргендер, жақсы және дұрыс іс істегендер осы айтылғандардан тысқары болады. Аллаһ олардың жамандықтарын жақсылыққа, күнәларын сауапқа айналдырады. Өйткені Аллаһ кешірімді, мейірімді»* («Фұрқан», 25/70).

Сонда Уахши: «Әй, Мұхаммед! Иман келтіріп, ізгілік істеу менің қолымнан келе қояр ма екен? Менің бұған көзім жетіңкіремейді», – дейді.

Сонда Пайғамбарымыз оған мына аятты жібереді: *«Бір нәрсе ақиқат: Аллаһ өзіне серік қосқанды кешір-*

⁶⁵ Ибн Сағьд, эт-Табақатул-кубра 4/137

мейді, одан басқа барлық күнәларды кешіреді» («Ниса», 4/48).

Уахши: «Уа, Мұхаммед! Бұл туралы сен не дейсің? Кешіру Аллаһтың еркіне байланысты. Мені кешіре ме, кешірмей ме, білмеймін», – дейді. Сонда мына аят түседі: *«Ей, нәби! Сен мынаны насихатта: «Ей, көп күнә істеп, өздеріне қиянат жасауда алдына жан салмаған құлдарым! Аллаһтың рақымдылығынан үміт үзбеңдер. Аллаһ қаласа, барлық күнәларды кешіреді. Өйткені Ол асқан кешірімді әрі тым рақымды»* («Зүмәр», 39/53).

Уахши өзі күткен жауабын алған еді. Бірден тәубаға келді. Осыны білген кейбіреулер: «Уа, Аллаһтың елшісі! Біз де Уахшидің жасағандарын жасаған едік. Бізді де кешіре ме?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз: «Иә, тәубаға келсеңдер, барлығыңды да кешіреді», – дейді⁶⁶.

Расулаллаһтың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шеккен киыншылықтарына Фатиманың (р.а.) қабырғасының қайысуы

Әбу Сағлаба әл-Хушәни (р.а.) былай дейді: «Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кезекті бір жорығынан оралған еді. Келген бетте мешітке кіріп, екі рәкат намаз оқыды. Ол сапардан оралғанда, әдеті бойынша ешқайда бұрылмастан, бірден мешітке соғып, екі рәкат намаз оқыған соң, қызы Фатимаға барып, жағдайын сұрайтын. Содан кейін барып әйелдеріне назар аударатын. Бұл жолы да сол әдетінен жаңылған жоқ, мешітке кіріп, намазын оқып шыққан соң, қызы Фатиманың үйіне тартты. Қызы оны есіктің аузында күтіп алды. Фатима әкесінің бетінен сүйгеннен кейін, еріксіз жы-

⁶⁶ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 11/197 (11480)

лап жібереді. Аллаһтың расулы қызынан мұның мәнісін сұрағанда, Фатима: «Уа, Расулаллаһ! Реңің солып, киімдерің ескіріп кетіпті», – дейді өксігін баса алмай.

Ардақты елші (с.а.с.) «Қызым, жылама. Аллаһ әкенді ұлық міндетпен жіберді, бұл дін жер бетіне тұтас тарайды. Ислам арқылы иман келтіргендер қадірлі адамдардың қатарына кіреді, ал қарсы шыққандар маскара болады», – дейді⁶⁷.

Сахабалардың бірі Тәмим әд-Дари: «Сенгендердің қадірлі, ал сенбегендердің маскарасы шығатынын мен өзімнің туыстарымнан байқадым. Олардың ішінде Ислам дінін қабылдағандарының мерейі шалқып, жақсылыққа кенелді, зор құрметке қол жеткізді. Ал қасарысып күпірліктен қайтпағандардың маскарасы шығып, жизия салығын төлеуге мәжбүр болды»⁶⁸, – деген.

2. РАСУЛАЛЛАҒТЫҢ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУЫМЕН МҰСЫЛМАН БОЛҒАҢДАР

Әбу Бәкірдің (р.а.) мұсылман болуы

Айша (р.анһа) былай дейді: «Бір күні әкем Әбу Бәкір (р.а.) үйден шықты. Аллаһтың елшісіне кеткендігі белгілі еді. Екеуі бұрыннан бір-бірімен сырлас достар болатын, бір-бірін жақын танитын. Әбу Бәкір жолдасына: «Әбулқасым, қауымыңның жиынына қатыспайтын болдың, сенің жоқтығың әрқашан байқалып жүр. Халық сені аталарымызды айыптайды деп кінәлауда», – дейді. Хазірет Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Мен

⁶⁷ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 1/506 (1448)

⁶⁸ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 4/103 (16998)

Аллаһтың расулымын. Сені бір Аллаһқа иман келтіруге шақырамын», – дейді.

Ол сөзін бітірер-бітірмес, әкем ойланып жатпастан, дереу мұсылмандықты қабылдайды. Бұған Расулаллаһтың қуанғаны соншалық – сол күні Меккеде одан бақытты ешкім жоқтай еді.

Пайғамбарымыз бірде: «Кімді Исламға шақырсам да, міндетті түрде сәл кідіріп, алдымен ойланатын. Алайда Әбу Бәкір олай еткен жоқ», – дейді. Тіпті Расулаллаһ Әбу Бәкірдің бір сәт кідірместен иман келтіргенін жоғары бағалап, бір күні: «Аллаһ мені сендерге пайғамбар етіп жіберді. Мен осыны айтқанымда, барлығың мені өтірікші санап едіңдер. Ал Әбу Бәкір болса, «Сенің айтқаның шындық» деп бірден иман келтіріп, малын да, жанын да аямай, маған жан-жақты көмек берді. Бұдан былай менің осы досымды ренжітпеңдер, жарай ма?» – деп екі қайтара, алдымен, қасындағыларға, сосын барша үмбетіне ескертеді⁶⁹.

Әбу Бәкір (р.а.) Османға, Талха ибн Ұбайдуллаһқа, Зүбәйр ибн Әууам мен Сағым ибн Әбу Уаққасқа (р.а.) барып, болған жайды айтады. Олар да дереу Ислам дінін қабылдайды. Ертеңіне Осман ибн Мазғун, Әбу Убайда ибн Жаррах, Абдуррахман ибн Ауф, Әбу Сәләма ибн Абдуләсәд, Әрқам ибн Әбул-Әрқам да (р.а.) мұсылмандықты қабылдайды⁷⁰.

Омардың (р.а.) мұсылман болуы

Омар (р.а.) пайғамбарлық қызметтің бесінші немесе алтыншы жылында, жиырма алты жасында Исламды

⁶⁹ Ибн Хишам, Сирә 2/90

⁷⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/29

қабылдаған болатын. Оның Исламға қалай кіргендігіне қатысты әр түрлі хабарлар бар.

Хазірет Омардың құлы Әсләм былай дейді: «Омар бізден: «Менің қалай мұсылман болғанымды білгілерің келе ме?» – деп сұрады. Біз «Иә» деген соң, ол әңгімесін былай бастады:

«Мен Расулаллаһтың өліспей беріспейтін, ымырасыз жауының бірі болатынмын. Бір күні Құрайыштың беделді адамдарымен бірге отырғанда, Әбу Жәһіл «Ей, Құрайыш қауымы! Мұхаммед тәңірлеріңе тіл тигізді. Бәрімізді ақымақ санап, ата-бабаларымызды жаһаннамдық деуде. Кімде-кім Мұхаммедті өлтірсе, оған 100 түйе және ақша беремін», – деді. Бұны естігенде мен ойланып жатпастан, дереу қылышым мен садағымды асынып, оны өлтіруге жолға шықтым».

Омар (р.а.) жолда мұсылман болған, бірақ онысын жасырып жүрген туысы Нуайм ибн Абдуллаһқа кезігеді. Ол Омардан: «Ей, Хаттабтың ұлы! Қайда барасың?» – деп сұрайды. Омар: «Құрайыштың бірлігі мен ынтымағын бұзған, бізді жетесіз деп атаған, дінімізді қорлап, тәңірлерімізге тіл тигізген адамның көзін біржолата жоюға бара жатырмын», – дейді. Сонда Нуайм: «Омар! Сен мынаны біл. Сен тек өз-өзіңді алдап жүрсің. Сен Мұхаммедті өлтірсең, Адый ибн Кағыбұлдары (Расулаллаһтың тегі) сені жер бастырып қояды деп ойлайсың ба? Мен саған мынаны айтайын. Өз отбасың мен күйеу баланның жанұясы әлдеқашан мұсылман болды ғой», – дейді. Омар (р.а.) кілт тоқтап: «Олар кімдер?» – деп сұрайды. «Күйеу балаң, немере інің Саид ибн Омар және қарындасың Фатима бинт әл-Хаттаб», – дейді. Омардың пайғамбарға зияны тиіп кетпесін деп, алған бетінен қайтару үшін Нуаймның

осылай істеуіне тура келді. Омар (р.а.) мұны ести сала, салып-ұрып қарындасының үйіне тартады. Сахаба Хаббаб ибн Әрәт (р.а.) бұл кезде Омардың қарындасына «Таһа» сүресін үйретіп жатқан болатын. Омар есікті қаққанда, қарындасы ағасының мына жүрісінен секем алып, дереу Құран парақтарын жасырады. Ал Хаббаб үйдің бір қалтарысына тығылады. Омар (р.а.) үйге жақындаған кезде, Хаббабтың оларға бірдемені дауыстап оқып жатқанын естіп қалған болатын. Үйге кірген бетте: «Жаңағы құлағыма шалынғандар не сөздер?» – деп сұрайды. Олар тек өзара сөйлесіп отырғанын айтады. Алайда, Омар (р.а.) бұл сөзге сенбейді. «Менің естуімше, Мұхаммедтің дініне кіріпсіңдер», – деп күйеу баласы Саидқа ұмтылады. Араға түспек болған қарындасын қолымен қағып, қалпақтай ұшырады. Сол кезде қарындасы мен күйеу баласы: «Иә, мұсылман болдық. Аллаһ пен расулына сендік. Ал не істемексің?!», – деп шындықты жайып салады.

Омар қарындасының әлгі соққыдан алған жарасынан аққан қанды көріп, істеген ісіне өкініп, кері шегінеді. Қарындасына: «Жаңағы оқыған нәрселеріңді әкел. Мұхаммедтің не дегенін көрейін», – дейді. Омар хат танытын сауатты болатын. Қарындасы: «Сен оған зиян келтіре ме деп қорқамыз», – дейді. Хазірет Омар жазуды оқып болған соң, қайтаратынына уәде береді. Қарындасы Омардың (р.а.) ықыласын байқап, мұсылман боп қалар деген ниетпен: «Ағатайым! Сен әлі мүшріксің. Көктен түскен киелі сөзді дәретсіз (тазармай тұрып) ұстауға болмайды», – дейді. Омар іле бой дәретін алып, Құран парақтарын оқуға кіріседі. Сүрені оқымай жатып: «Қандай әсем, ғажап сөздер!» – дейді таңғалып. Омардың жұмсарғанын көрген Хаббаб

та жасырынған жерінен шығып: «Ей, Омар, маған сен. Сірә, Аллаһ расулының дұғасы қабыл болған сияқты. Өйткені кеше Расулаллаһтың «Уа, Раббым! Исламды Хаттабұлы Омармен немесе Әбул Хакам ибн Хишаммен күшейте гөр!» деп Аллаһқа жалбарынғанын естіген едім⁷¹. Уа, Құдірет, тағдырдың жазғанын қара!» – деп таң-тамаша қалады.

Басқа бір риуаятта Хаббаб жоғарыдағы сөзді айтқанда, Омар өзін Расулаллаһқа (с.а.с.) ертіп апаруын өтініп, мұсылмандықты қабылдайтындығына уәде береді. Пайғамбарымыз бір топ сахабаларымен бірге Сафа төбесіне жақын бір үйде отырған болатын. Омар ешқайда бұрылмастан, пайғамбарға барады. Омардың қару асынып кіріп келгенін көрген сахабалар үрейленіп қалады. Сол жерде отырған Хамза (р.а.): «Кіргізіндер. Егер жақсы ниетпен келген болса, жөні басқа, ал жаман ниетпен келсе, өз қылышымен өзін өлтіреміз», – дейді. Расулаллаһ: «Есікті ашыңдар. Бәлкім, Аллаһ тағала Омарды тура жолға салып қалар», – дейді.

Екі сахаба Омарды қолтықтап ұстап ішке кіргізеді. Пайғамбарлар сәруәрі (с.а.с.): «Босатыңдар оны», – деп, Омардың шапанынан ұстап өзіне қарай тартып: «Ей, Омар! Неге келдің? Аллаһтың сені де масқаралайтын аяттар түсіргенін көргім келмейді», – дейді. Омар: «Ей, Аллаһтың елшісі! Иман келтіріп, кәлима айтуға келдім. Аллаһтан басқа тәңір жоқ, Мұхаммед Аллаһтың құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін», – дейді. Бұны естігенде Расулаллаһ: «Аллаһу әкбар!» – деп тәкбір айтады. Омардың (р.а.) мұсылман болғанына қуанған сахабалардың барлығы жаппай тәкбір айтады. Олардың

⁷¹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/80

тәкбір айтқан дауысы сонау алыстағы Мекке көшелеріне естіліп жатты⁷².

Османның (р.а.) мұсылман болуы

Осман (р.а.) былай дейді: «Бірде нағашы әпкем Абдулмұтталиб бинти Әруаның үйіне бас сұқтым. Артынша Расулаллаһ (с.а.с.) кірді. Мен одан көзалмай қарап қалыппым. Сол күні көңілі бір нәрсеге алаңдағандай болып көрінді. Ол менен: «Неге тесіле қарап қалдың?» – деп сұрады. Мен: «Ұлылығыңызға, арамыздағы алатын орныңызға және сіз туралы айтылғандарға қайран қалып тұрмын», – дедім. Ол: «Лә иләһә иллаллаһ», – деді. Бұл сөзге менің тұла бойым шымырлап кетті. Со-сын мына аятты оқыды: *«Анық сенгісі келетіндер үшін жер бетінде көптеген дәлелдер бар. Өз бойларыңда да сондай дәлелдер бар. Әлі көрмейсіңдер ме? Көкте де әрі ризықтарың, әрі сендерге уәде етілгендер (жұмақ) бар»* («Зарият», 51/22-23). Іле үйден шығып кетті. Мен артынан қуып жетіп, мұсылман болдым⁷³.

Алидің (р.а.) мұсылман болуы

Әбу Тәліптің отбасында адам көп болатын. Оларды асырау Әбу Тәліпке қиынға соқты. Сондықтан Пайғамбарымыз Алиді өз қолына алады. Аллаһ елшісі-не (саллаллаһу алейһи уә салләм) пайғамбарлық келгенге дейін, Али сол үйде жүрді. Бір күні Аллаһтың расулы мен ардақты Хадиша анамыздың (р.а.) намаз оқып жатқанын көріп қалған Али: «Не істеп жатырсыздар?» – деп сұрайды. Аллаһ расулы: «Бұл – әлемдердің Раббысы таңдаған, сол үшін де пайғамбарлар жіберген дін. Сені де жалғыз

⁷² Әбу Нуайм, Хилия 1/41

⁷³ Ибн Абдулбәрр, әл-Истиаб 4/225

әрі теңдесі жоқ Аллаһқа құлшылық жасауға, Лат пен Узза деген пұттардан бас тартуға шақырамын», – дейді.

Али: «Бұл – менің бұрын естімеген нәрсем. Өздігімнен шешім қабылдай алмаймын, әкеммен ақылдасайын», – дейді. Пайғамбарымыз дінді ашық уағыздауға әлі бұйрық алмағандықтан, бұны Әбу Тәліптің естігенін қаламай: «Әй, Али! Бізге әлі біраз күте тұру керек. Сол себепті бұл туралы әзірге ешкімге жақ ашпағаның жөн», – деп ескертеді. Али сол түні кірпік ілмеді. Таңертең Ақиық елшіге барып: «Кеше маған қандай ұсыныс жасаған едіңіз?» – деп сұрайды.

Пайғамбарымыз: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне, Аллаһтың жалғыз әрі теңдессіз екеніне куәлік етесің. Лат пен Уззаға ешқашан табынбай, Аллаһқа серік қосудан аулақ боласың», – дейді.

Алидің өзі де бұған іштей әзір еді, дереу сол жерде Ислам дінін қабылдады. Мұсылмандығын біраз уақыт жасырып жүреді⁷⁴. Кейіннен Әбу Тәліп олардың намаз оқып жатқанын көреді, бірақ ештеңе демейді.

Амр ибн Абасаның мұсылман болуы

Амр ибн Абаса (р.а.) былай дейді: «Надандық дәуірінде адамдардың адасып-азғындағанын көріп, пұттардан ешқандай жақсылық келмейтінін біліп жүретінмін. Бірде Меккедегі бір кісінің бұрын-соңды ел естімеген нәрселерді айтып жүргенін құлағым шалып, солай қарай жол тарттым. Расулаллаһ ол кезде дінді ашық уағыздамайтын. Алайда пайғамбарлық туралы хабар меккеліктердің арасында ауыздан-ауызға тарап кеткен еді. Меккеліктер оған үнемі тиісіп, келе-

⁷⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/24

междеуге дайын тұратын. Мен ел көзінен тасалау бір жерде өзіне жолығып:

– Сіз кімсіз? – деп сұрадым.

– Аллаһтың расулымын, – деді ол.

– Аллаһтың расулы деген кім? – деп сұрадым.

– Расул – Аллаһтың бұйрықтарын жеткізуші елші деген сөз, – деп түсіндірді.

– Сонда сізді елші етіп жіберген Аллаһ тағаланың өзі ме? – деп сұрадым.

– Иә, мені Аллаһ жіберді, – деді ол.

– Олай болса, нені уағыздайсыз? – дедім.

– Аллаһ жалғыз, Одан басқаға табынуға болмайды, меңіреу пұттар қиратылады және ағайын-жұрттың құқы қорғалады, орынсыз қан төгілмейді, жол қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі, – деді.

– Бұл сөзіңізге қосыламын. Бар айтқандарыңыз көкейіме қонады! Сізге сенемін. Бұған дейін осы айтқандарыңызды кімдер қабылдады? – дедім.

– Әбу Бәкір мен құлы Біләл Хабаши, – деп жауап берді ол.

Менің ниетімді білген соң, «Қазір жағдай ауыр, маған ергенінді біреу-міреу естісе, басыңа әңгір-таяқ орнайды. Әзірше отбасыңа орал. Мен Исламды ашық түрде уағыздап, ақиқаттың жеңгенін көрген кезінде келерсің», – деді.

Мен мұсылман болып, үйіме оралдым. Уақыты жеткенде Аллаһтың елшісі ақиқатты ашық түрде жариялап, Мәдинаға һижрет жасады. Өз басым әрдайым мұсылмандар туралы хабардар болып жүрдім. Мәдинадан он шақты адамнан құралған бір топ келгенін көргенімде, сөзімді астарлап олардан: «Сендерге көшіп барған меккелік кісінің жағдайы нешік?» – деп

сұрадым. «Қауымы ақыр соңында оны өлтірмекші болған еді, бірақ Аллаһ бұған жол бермеді. Несін айтасың, кейінгі уақытта иман келтіру үшін ел оған топ-тобымен ағылуда», – деді.

Амр ибн Абаса мұны ести сала, дереу Мәдинаға аттанады. Пайғамбарға жолығып: «Уа, Расулаллаһ! Мені таныдыңыз ба?» – деп сұрайды. Ардақты елші (с.а.с.): «Иә, сен әлгі Меккеде маған келіп мойынсұнбақ болған адам емессің бе?» – деген кезде, Амр ибн Абаса: «Уа, Пайғамбарым! Содан бергі аралықта мен естімеген иләһи хабарлардан құлағдар етсеңіз», – дейді⁷⁵.

Халид ибн Саид ибн әл-Астын мұсылман болуы

Қызының айтуы бойынша, Халид ибн Саид (р.а.) бір түс көріп, сол түстен кейін мұсылмандықты қабылдаған. Түсінде Меккені қараңғылық басқан екен дейді. Көзге түртсе түк көргісіз қараңғылықта күтпеген жерден зәмзәмнан бір нұр тіке көкке көтеріліп, Қағбаға сәулесін төгеді. Бүкіл Мекке нұрланып сала береді. Содан кейін Йәсрибтің (Мәдина) құрма бақтарына қарай беттеп, ол жерді де нұрға бөлейді. Жарықтығы соншалық – ағаштардағы құрмалар да көзге шалынды.

Халид ибн Саид оянған соң, түсін бауыры Амр ибн Саидке айтады. Амр данагөй адам болатын. Ол: «Бауырым! Абдулмұтталибұлдарын үлкен өзгеріс күтіп тұр. Көрдің бе, сен айтқан нұр олардың ата-бабалары қазған зәмзәм құдығынан шығып тұр», – дейді.

Халид: «Аллаһ осы түс арқылы мені Исламға жетеледі», – дейді.

⁷⁵ Ибн Абдулбәрр, әл-Истиаб 2/500

Халидтің анасы баласының көрген бұл түсін Расулаллаһқа жеткізген кезде, оның «Әй, Халид! Ол нұр – менмін, ал мен – Аллаһтың расулымын» дегенін және Пайғамбарымыздың ұсынуымен баласының дереу мұсылман болғандығын айтқан⁷⁶.

Халид ибн Саидтің көрген түсі басқа қырынан да баяндалады. Халид ибн Саид түсінде тілі жалаңдап, көкке шапши лапылдаған бір оттың қасында тұрғанын, әкесінің оны сол отқа итермелегенін, Расулаллаһтың оны оттан қорғамақ болғанын көреді. Ақ тер, көк тер шошып оянып: «Аллаһқа ант етемін, бұл түс тегін емес», – дейді. Әбу Бәкірге жолығып, түсін баян еткенде, Әбу Бәкір «Аллаһ қайырлы етсін! Бұл – Аллаһтың хақ елшісі. Оған мойынсұнуға асық. Көресің, жақында Ислам дінін қабылдайсың. Түсінде сені оттан қорғаған – Ислам. Ал, әкең иман келтірмей, отқа түседі», – деп жориды. Халид ибн Саид. Әжиәд ауданында Пайғамбарымызбен кездесіп: «Уа, Мұхаммед! Бізге нені уағыздайсың?» – деп сұрайды.

«Сендерді жалғыз, теңдесі мен ұқсасы жоқ Аллаһқа және Мұхаммедтің оның құлы әрі елшісі екендігіне сенуге шақырамын. Өздеріне құлшылық жасалып жатқанын да білмейтін, пайдасы да, зияны да тимейтін, көрмейтін, естімейтін, тастан жасалған меңіреу пұттарға табынудан түбегейлі бас тартуға шақырамын», – дейді ол. Халид ибн Саид оған: «Аллаһтан басқа тәңір жоқ және сенің Аллаһтың елшісі екеніңе куәлік етемін», – дейді. Бұған Пайғамбарымыз айрықша қуанады.

Мұсылман болған хабары қатал мінезді әкесіне жеткеннен бастап, Халид оның көзіне көрінбегенді жөн көріп, Меккені сырттай айналасоқтап жүреді.

⁷⁶ Хаким, Мүстәдрәк 3/277 (5082)

Сахабалар Хабаһстанға екінші рет көшкенде, Халид алғашқылардың бірі болып ереді.

Халидтің (р.а.) әкесі Саид ибн әл-Ас ибн әл-Үмәйя оны тауып әкелуді мұсылман емес балаларының бірі мен құлы Рафигқа тапсырады. Олар Халидті тауып алып, әкелерінің алдына сүйрегендей ғып апарады. Әкесі: «Өз қауымына қарсы шығып, тәңірлерін тілдеп, ата-бабаларын қорлағанын көре тұра, Мұхаммедтің айтқандарына иланғаның не?» – деп, қолындағы таяқпен бір-ақ ұрып Халидтің басын жарады. Ал Халид ибн Саид: «Мұхаммедтің айтқандарының бәрі ақиқат», – дейді. Әкесі ашудан булығып: «Ақымақ, көзіме көрінбей кет, енді саған бұл үйден дәм татырмаймын», – дейді. Халид (р.а.): «Сен бермесен де ризығымды Аллаһ береді», деген кезде, әкесі оны үйден қуып шығады да, басқа балаларына Халидпен сөйлесуге тыйым салады. Сөйлескен адамға да дәл осылай жасайтынын айтып қорқытады.

Халид тура Расулаллаһқа тартады. Расулаллаһ оны қасынан тастамай ертіп жүретін болады⁷⁷.

Халидтің әкесі Саид ибн әл-Ас ибн әл-Үмәйя бірде науқастанып жатып: «Аллаһ осы аурудан айықтырса, (Расулаллаһты меңзеп) Әбу Кәбшәнің баласының тәңірісіне мына Меккеде енді ешкім табынбайтын болады», – дейді. Сонда Халид: «Аллаһ тағалам! Бұны ниетіне жеткізбе», – деп тілейді. Әкесі сол аурудан айықпастан, ақырында көз жұмады⁷⁸.

Димадтың мұсылман болуы

Димад (р.а.) Әздишәнуа тайпасынан шыққан, сиқыршылықпен айналысатын кісі болатын. Бірде

⁷⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/32

⁷⁸ Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 4/95

ұмра жасау үшін, Меккеге барады. Бұл тұста Меккеде кейбір санасыз адамдардың пайғамбарды «жынды» деп күстәналаған жел сөздері гулеп тұрған болатын. Димад: «Әлгі кісіге жолығып, емдеп көрсем қайтер екен. Бәлкім, Аллаһ шипасын берер», – деп ойлайды.

Өзі бұл туралы былай дейді: «Әбу Жәһіл, Ұтба ибн Рабия және Умәйя ибн Халәф қатысқан бір жиында отыр едік. Әбу Жәһіл: «Бірлігімізді бұзып, бізді менсінбей, ата-бабаларымызды адасқан деп айыптап, тәңірлерімізге тіл тигізіп жүр», – деп әбден ызаланады. Умәйя ибн Халәф та қасындағыларды қостап: «Мұхаммедтің жынданғаны айдан анық», – деді. Умәйяның бұл сөзі менің қызығушылығымды оятты. Оларға: «Айтқан адамдарыңды дем салып, емдеп көрейін. Септігім тиіп қала ма кім білсін?!» – дедім де, көп аялдамай қастарынан кетіп қалдым. Бірақ сол күні оны таба алмадым. Ертеңіне Харам мешітінде Ибраһим мақамында намаз оқып отырған жерінің үстінен түстім, намазын бітіргенше күтіп отырдым. Намазын аяқтаған соң:

– Ей, Абдулмұтталибтің немересі! – дедім дауыстап.

Ол менің даусымды естіп, маған бұрылды. Сәлден соң: – Не қалайсыз? – деді.

– Мен карағанда, сырқатынан айықпағандар кемде кем. Қаласаң, дем салып, сені де емдейін. Мына жағдайыңды асқындырма, мен небір ауыр науқастарды емдегенмін. Айналадағы адамдардың сені жынданып кетті дегенін естіп жүрмін, – дедім. Сонда Расулаллаһ: – Аллаһқа мақтау айтамын және әрдайым Содан жәрдем күтемін. Аллаһқа иман келтіріп, тәуекел етемін. Аллаһтың тура жолға салғанын ешкім адастыра алмай-



ды. Ал кімді жолдан тайдырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды. Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне куәлік етемін. Ол – жалғыз. Теңдесі мен ұқсасы жоқ, – деді.

– Расын айту керек, осы кезге дейін алпыс екі тамырымды иіп, тұла бойымды шымырлатқан мұндай сөз естімеген едім, – деп, Расулаллаһтан осы айтқандарын қайталап айтуын сұрадым. Ол бөгелмеді.

– Мақсатың не? – деп сұрадым.

– Аллаһқа иман келтіруге, Оның жалғыз екендігіне және теңдесі, ұқсасы жоқ екендігіне, пұттардан бас тартуға және менің Расулаллаһ екеніме куәлік етуге шақырамын. Мақсатым осы, – деді Расулаллаһ (с.а.с.).

– Егер айтқандарыңды орындасам, маған қандай пайдасы бар? – дедім.

– О дүниеде жұмаққа барасың, – деді.

– Еш күмәнсіз куәлік етемін, Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол жалғыз. Теңдессіз. Пұттарды енді өмірімнен аластаймын, бұдан былай өзім де олардан бойымды аулақ ұстаймын. Тағы куәлік етемін, сен Оның құлы әрі расулысың, – дедім.

Әрі өзінің, әрі қауымының атынан серт берген Димад Аллаһ расулының қасында біраз уақыт кідіреді. Құраннан бірнеше сүре үйренгеннен кейін, өз еліне қайтады.

Риуаяттардан Димадтың шынайы иман келтіргеніне Аллаһ расулының еш күмәнданбағандығы байқалады. Өйткені Расулаллаһ сайлаған қарулы қол Димадтың қауымына кезіккен кезде, топтың қолбасшысы нөкеріне: «Бұл қауымнан бір нәрсе алдыңдар ма?» – деген сұрайды. Сонда біреуі тұрып: «Иә, бір торсық су алдым», – деп жауап береді. Мұны

естіген қолбасшы: «Торсығын қайтарып бер. Өйткені бұлар – Димадтың қауымы», – деген⁷⁹.

Имранның әкесі Хұсайынның мұсылман болуы

Құрайыштар өздері құрмет тұтатын Хұсайынға барып: «Бұл адаммен біздің атымыздан сіз сөйлесіңіз. Кейінгі кездері біздің тәңірлерімізді қорлап жүр», – деп, Хұсайынды ертіп, Расулаллаһқа (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барады. Олардың қарасы көп болатын. Пайғамбарымыз: «Үлкенге жол беріңдер», – дейді. Хұсайын: «Тәңірлерімізді қорлап, оларға тіл тигізетін көрінесің. Алайда сенің әкең ақылды адам болатын, діні мен дәстүрін ұстанатын еді. Ал сенің мына сөздеріңнің мәнісі неде?», – деп сұрайды. Екі жиһан сардары (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Ей, Хұсайын! Менің әкем де, сенің әкең де екеуі де қазір отта⁸⁰. Айтшы, өзін қанша тәңірге табынасың?» – дейді. Хұсайын: «Сегіз тәңірге сыйынамын. Олардың жетеуі жерде, біреуі

⁷⁹ Ибн Хажар, әл- Исабә 2/210; Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/36

⁸⁰ *Түсіндірме:* Ғалымдар арасында Иса (а.с.) мен Мұхаммед пайғамбарымызға (с.а.с.) дейінгі аралықта (фәтрат кезеңі) өмір сүргендер қандайда бір пұтты құдай көріп сиынбаған болса, Аллаһқа сенбесе де ақыретте кешірілетіндігі жайлы ортақ көзқарас бар. Осы себепті Пайғамбарымыздың (с.а.с.) әке-шешесі мен атасының да кешірілетіндігі күмәнсіз. Өйткені олар да жоғарыда айтылған фәтрат кезеңіне жатады. Бір хадисте Пайғамбарымыз ата-анасының қайта тіріліп, өзіне иман келтіргенін айтқан. Бұл хадис әлсіз болса да мүжәддид деңгейіндегі Имам Суюти оны мойындап, Аллаһ елшісінің (с.а.с.) әке-шешесінің иман еткенін (ақыретте азап көрмейтіндігін) айтқан. (Мухитдин Ақгүл, 99 сорууда Ефендимиз (с.а.в.), Чағлаян матбаасы, Измир, 2008. 32 б.)

көкте», – дейді. Аллаһ елшісі: «Басыңа күн туғанда, қайсысына сыйынасың, жердегілерге ме, көктегіге ме?» – деп сұрағанда, Хұсайын: «Көктегіге сыйынамын», – дейді. Расулаллаһ: «Малыңа қауіп төнгенде, қайсысына жалбарынасың?» – деп сұрағанда, Хұсайын бұл жолы да: «Көктегіге», – деп жауап береді. Сонда Пайғамбарымыз: «Сенің дұғанды естіп, тілеуінді беретін біреуі ғана болса, сен неге басқаларын оған серік етіп қосасың? Жоқ әлде көктегі Тәңірді разы еттім деп ойлайсың ба? Жоқ басқалары Оны жеңіп кетеді ғой деп қорыққандықтан осыған барып жүрсің бе?» – дейді. «Екеуі де емес», – деп жауап береді Хұсайын.

Хұсайын өмірі бұндай керемет адаммен кездеспеген еді. Бұған анық көзі жетті. Пайғамбарымыз оған: «Мұсылман бол, сонда игілікке кенелесің», – дейді. Хұсайын: «Туыстарым мен әулетім бар емес пе, оларға не деп айтуды бұйырасыз?» – дейді.

Ғаламның рақым нұры (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Аллаһ тағалам! Тура жолды нәсіп ете гөр. Пайдасы бар ілім бер!» деп айт», – дейді.

Хұсайын осы дұғаны оқыған соң, шамалы кідірді де, артынша мұсылман болды. Орнынан тұрған кезде, баласы Имран әкесінің басынан, қолынан, аяғынан сүйеді. Мұны көрген Пайғамбарымыздың көзіне жас үйіріліп: «Имранның мына қылығы мені еріксіз толқытты. Әкесі алғашында ішке кәпір болып кіргенде, Имран орнынан да тұрған жоқ, тіпті ол жаққа бұрылып қарамады да. Ал Исламды қабылдағанда, әкеге тиісті құрметті көрсетіп, перзенттік міндетін орындады. Осы бір көрініс еріксіз көңілімді босатты», – дейді.

Хұсайынның кететін уақыты таяған кезде, Ардақты елші (с.а.с.) жолдастарына: «Хұсайынды шығарып салындар», – дейді. Хұсайын тысқа шыққанда, Құрайыштар: «Хұсайын да дінін тәрік етті», – деп, онымен бір ауыз тіл қатыспай тарап кетеді⁸¹.

эл-Хужәймн тайпасынан бір адамның мұсылман болуы

эл-Хужәйми тайпасының бір адамы Адамзаттың ардақ тұтар тұлғасына (с.а.с.) барып: «Аллаһтың расулы сенсің бе?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз: «Иә», – деп жауап береді. Әлгі адам: «Халықты неге үндеп жүрсің?» – деп сұрайды. «Құдіреті күшті, ұлық болған бір Аллаһқа сенуге шақырамын. Ол зиянға ұшырағанда, көмек сұрасаң, саған көмектеседі. Қандай да бір жұтқа, жоқшылыққа ұшырағанда, жалбарынсаң, барлық қиындықтан құтқарады. Шөлде адасып кеткенде, шын көңілмен дұға етсең, жолға салады», – дейді.

Әлгі хужәймдік кісі дереу мұсылман болады да: «О, Аллаһтың елшісі! Маған қандай ақыл-кеңесіңіз бар?» – дейді. Расулаллаһ: «Ешкімді және еш нәрсені сөгіп, балағаттаушы болма», – дейді. Хужәймдік кісі: «Осыдан бастап жанды-жансыз еш нәрсені балағаттаған емеспін», – деген⁸².

Мұғауия ибн Хайданың мұсылман болуы

Бірде Мұғауия ибн Хайда Расулаллаһқа (с.а.с.) арнайы барып жолығады. Бұрындары қайткен күнде де жаңа дінді қабылдамауға, пайғамбардың алдына бармауға ант ішкен болатын. Бірақ неге екені белгісіз

⁸¹ Ибн Хажар, эл-Исабэ 1/337

⁸² Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 8/138 (13003)

Пайғамбарды көруге құмартатын болды. Ақыры, барып жолығып, көңіліндегі сауалын қояды: «Айтыңызшы, сонда сіз Жаратушының қандай хабарларын жеткізесіз?» – деп сұрайды. Аллаһ расулы: «Ислам дінін», – деп жауап бергенде, «Ислам діні деген не?» – деп қайта сұрақ қояды. Пайғамбарымыз: «Жүзімді Аллаһқа бұрдым, Одан басқа барлық нәрсені тәрк еттім» – дейсің. Намаз оқып, зекет бересің. Бұған қоса мынаны да біл: мұсылмандардың қаны, мал-жаны бір-біріне харам. Яғни ешқандай мұсылман басқа мұсылманды орынсыз өлтіре алмайды. Мұсылман – мұсылманның бауыры, бір-біріне көмекші. Кісі мұсылман болғаннан кейін, Аллаһқа серік қосушы мүшріктерден бойын аулақ ұстамайынша, дұғасы қабыл болмайды. Мұндай адамды оттан құтқаруға менің шамам жетпейді. Мынаны біліңдер: Раббым «Құлдарыма хақ жолды насихаттадың ба?» – деп махшар күні менен сұрайды. Мен: «Насихаттадым», – деп жауап беремін. Осы айтқандарымды естіген адам басқаларға жеткізсін. Барлығың жақсылап тыңдаңдар. Қиямет күні Аллаһтың құзырына барғанда, тілдерің буулы болады. Не істегендеріңді аяқ-қолдарың және басқа дене мүшелерің әшкерелеп береді», – дейді.

Мұғауия ибн Хайда: «Дініміздің түп мәні осы ма, ей, Аллаһтың елшісі?» – деп сұрайды. Аллаһ расулы: «Сенің дінің – осы. Естігендеріңді жақсылап орындасаң, сол саған жетеді», – деп жауап береді⁸³.

Адий ибн Хатимнің мұсылман болуы

Хазірет Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) пайғамбар болғандығы туралы хабар жер-көкке жайылады, алай-

⁸³ Ибн Абдулбәрр, әл-Истиаб 1/323

да, бұл Адий ибн Хатимге түрпідей тиеді. Түрпідей тигені сол – дереу грек жеріне қоныс аударады. Мұнымен шектелмей, грек патшасына барып жолығады. Алайда ол жақта да байыз таппайды. Әпкесі оған Расулаллаһқа жолығуын ұсынады.

Бұл туралы былай баяндалған:

Адий ибн Хатим Меккеде Ақраб деген жерде тұрған кезде, мұсылман жасағы келіп, оның әпкесі мен бірнеше адамды тұтқын ретінде Расулаллаһтың алдына алып барады. Әпкесі Пайғамбарымызға: «Уа, Аллаһтың елшісі! Маған қолғанат болған көмекшім қазір алыста, бала-шағам да жоқ. Өзге түгіл өзіне қарауға дәрменсіз қартайған әйелмін. Маған бір жақсылық жаса, қарымы Құдайдан қайтсын», – дейді. Пайғамбарымыз: «Көмекшің кім еді?» – деп сұрайды. «Адий ибн Хатим», – деп жауап береді әйел. Расулаллаһ (с.а.с.): «Аллаһтан және менен қашқан әлгі адам ба?» – деген кезде, әйел өз тілегін тағы да қайталап: «Көмекшім жоқ, маған қол ұшыңды соз», – деп өтініш білдіреді.

Осыдан кейін Адий ибн Хатимнің әпкесінің өтініші орындалады. Сонымен қатар, Пайғамбарымыз оған бір мініс беріп, еліне қайтарады.

Әйел еліне зор қуанышпен қайтады. Келе салысымен, Адий ибн Хатимге: «Әкеңнің өзі жүрегі дауаламайтын қылыққа сенің қалай дәтің барды? Қаласаң да, қаламасаң да, сол адамға міндетті түрде бар. Барғандардың бәрі де тек жақсылық көруде», – дейді.

Адий ибн Хатим өз-өзіне: «Сол адамға барсам не болар дейсің. Айтқаны өтірік, жүрген бір суайт болса, маған зияны тие қоймас. Шыншыл болса, тіпті жақсы, ақиқатты біліп қайтамын», – деп, Расулаллаһқа жол тартады.

Бұл кезде Расулаллаһ (с.а.с.) мешітте отыр еді. Сол жердегілер: «Адий ибн Хатим келді! Адий ибн Хатим келді!» – деп дауыстады.

Пайғамбарымыздың алдына барғанда, әйел мен балалардың Пайғамбарымызға өте тақау отырғанын көріп, оның Иран мен Византия билеушілері секілді емес екендігін аңғарады. Расулаллаһ оның ойын оқығандай үш рет: «Әй, Адий, мұсылман бол!» – дейді. Адий ибн Хатим: – Менің өз сенімім бар, – деп жауап береді. Пайғамбарымыз: – Мен сенің дініңді сенен жақсы білемін, – дейді. – Менің дінімді менен жақсы білемін дейсің бе? – деп таңданған Адийға Расулаллаһ «Иә, сен (Христиан діні мен Сабийлік араласқан дін) рекусия дінінен емессің бе? Қауымыңның қолға түсірген олжасының төрттен бірін иеленесің, солай ғой?! – деді. Адий оның сөзін растайды. Аллаһ елшісі (с.а.с.): – Негізінде, бұл сенің дінің бойынша да адал емес, – дейді. Адий ибн Хатим бұл айтылған сөздердің ешқайсысына қарсылық танытпады. Пайғамбарымыз сөзін жалғастырады: – Сенің Исламға кіруіңе кедергі болып тұрған себепті білемін. Маған әлеуметтік жағдайы төмен, арабтар ысырып тастаған кедей-кепшіктер ергендіктен, иман келтірмей отырсың. Хира қаласын білесің бе? – Жоқ, ол жерді көрген емеспін, бірақ естуім бар, – дейді Адий ибн Хатим. – Аллаһқа ант етемін, Аллаһ бұл дінді кемеліне келтіреді. Тіпті сондай бір күн туады: түйесіне мінген әйел жалғыз өзі қауіптенбей Хирадан (Куфа маңындағы көне қала) Меккеге барып, Қағбаны тауап етеді. Иран патшасы Хүрмүздің қазыналары қолынан алынады, – дейді Пайғамбарымыз. – Немене? Иран патшасы Хүрмүз бе? – деп сұрайды Адий ибн Хатим. – Иә, одан да мол табысқа кенелесіндер, – дейді

Расулаллаһ. Адий ибн Хатим сол жерде иман келтіреді. Пайғамбарымыздың қуанышы қойнына сыймайды. Содан соң ол Аллаһқа мақтау айтып, шүкіршілік еткеннен кейін, қасындағыларға: «Ей, адамдар! Жасаған жақсылықтарыңның барлығы өздеріңе қайтарылады. Адам аз болсын, көп болсын, жасаған жақсылықтары арқылы Аллаһқа қауышқанда, Хақ тағала оған: «Мен саған көру үшін көз, есту үшін құлақ, бұдан өзге толып жатқан өзге де жақсылықтар берген жоқпын ба? Саған байлық пен ұрпақ берген жоқпын ба? Олай болса, дүниеде ақырет үшін не жасадың?» – дейді. Сонда адамның ештеңесі болмаса, алдына бір, артына бір, оң жағына бір, сол жағына бір қарап, жан-жағына жалтақтап бітеді, алайда, өкінішке қарай, қолына түк ілікпей, қараңғыда қарманып, ғаріп күйге түседі. Сол кезде Аллаһтың рақымдылығынан басқа шара қалмайды. Жарты құрма арқылы (садақа беріп) болса да оттан сақтаныңдар. Ол да болмаса, жақсы сөз айтыңдар. Шынында, мен сендерді жоқшылыққа ұшырайды деп қорықпаймын. Әрине, Аллаһ сендерге көмектеседі, сендерге әлі көп жеңіс нәсіп етеді. Тіпті Хира қаласынан Мәдинаға әйел баласы жалғыз өзі сапарға шыкса да, ештеңеден қорықпайтындай жол қауіпсіз болады», – дейді⁸⁴.

Уақыт өте келе, Расулаллаһтың келешекке қатысты айтқандары біртіндеп жүзеге асты. Бұған Адий ибн Хатим өз көзімен куә болды⁸⁵.

⁸⁴ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 17/99 (237)

⁸⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/66

Зүлжәушәннің мұсылман болуы

Зүлжәушән Бәдір соғысынан кейін Пайғамбарымызға бір тай жетектеп апарып: – Мына тайды сізге әкелдім, – дейді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.): – Оның маған керегі жоқ. Алайда, қаласаң, Бәдірде олжаға алынған сауыттарға ауыстырайық, – дейді.

Зүлжәушән: – Ауыздығымен алысқан мұндай тұлпарды сауыттарға ауыстырғым келмейді, – дейді.

Расулаллаһ: – Мақұл, бірақ маған сенің тайың қажет емес. Зүлжәушән, сен оны қоя тұр, мен саған бір нәрсе айтайын. Исламға кіріп, алғашқылардың қатарында болғың келмей ме? – дейді.

Зүлжәушән: – Жоқ, – деп жауап береді.

Рақым пайғамбары (с.а.с.): – Неліктен? – деп сұрайды. Ол:

– Өз қауымың соңыңнан шырақ алып түскенін білемін. Айтқан сөзіңді теріске шығарып, араларынан сені аластағанын да білемін, – дейді.

– Олардың Бәдірде қалай жеңіліс тапқаны туралы білесің бе? – деп сұрайды Пайғамбарымыз. Зүлжәушән:

– Иә, – деп жауап береді. Пайғамбарымыз:

– Онда сол туралы толық баяндап берейік, – дегенде, Зүлжәушән: – Бәдір емес, Қағбаны бағындырып, сол жерге қоныстансаң, айтқандарыңды қабылдаймын, – дейді. Расулаллаһ:

– Аман болсаң, оны да көрерсің, – дейді.

Осы әңгімеден кейін Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Біләл Хабашиға: «Мына адамның дорбасына Мәдина құрмаларынан толтырып салып бер», – дейді.

Зүлжәушән кетіп бара жатқанда, Расулаллаһ қасындағыларға: «Біліп қойыңдар, мына адам Бәни Амир батырларының ең айтулыларының бірі», – дейді.

Зүлжәушән Мекке бағындырылғанға дейін мұсылмандықты қабылдамайды. Пайғамбарымыз Меккені алғанда, Зүлжәушән: «Қап, әттеген-ай, Расулаллаһ «Кел, мұсылман бол» деген кезде, тілін алғанда ғой, қазір одан Хираны сұрар едім. Олжаны сол жерден алар едім», – деп өкінеді⁸⁶.

Бәшір ибн Мағбадтың мұсылман болуы

Бәшір ибн Мағбад Хасасия тегінен шыққандықтан халық оны «Бәшір ибн әл-Хасасия» деп те атайтын.

Бәшір бір күні Пайғамбарға барып жолығады. Расулаллаһ (с.а.с.) алдымен Исламға шақырып, сосын оның аты-жөнін сұрайды. Ол «Нәзир», яғни «қорқытушы» деп жауап береді. Сонда Расулаллаһ оның атын «Бәшір», яғни «сүйіншілеуші» деп өзгертеді. Сосын оны Суффада қонақ етіп күтеді.

Пайғамбарымыз өзіне берілген сыйлықтан қасындағыларға да үлестіретін. Садақа келсе, толығымен қонақтар мен жолдастарына таратып беретін. Бір күні түнде Аллаһ елшісі (с.а.с.) сыртқа шығады. Бәшір де оның соңынан ереді. Расулаллаһ Бақи мазаратына барып, қабірде жатқандарға былай сәлем береді: «Ей, мүмін қабір тұрғындары, сіздерге сәлем бердім! Біз де, иншаллаһ, сендермен қауышамыз. Бәріміз де Аллаһтың мүлкіміз, кезі келгенде, әрине, Соған қайтамыз. Сіздер ұзақ уақытқа созылған жамандықты артқа қалдырып, мол жақсылыққа жеттіңіздер».

⁸⁶ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 6/237 (10228)

Расулаллаһ дұғаны оқып, кері қайтқанда, артынан біреудің еріп келе жатқанын сезеді. «Бұл кім?» – деп дауыстайды. Әлгі адам: «Бәшір», – дейді. Расулаллаһ оған «Аллаһтың «Егер олар болмағанда, жер беті ішіндегілерімен бірге жойылып кетер еді» деп сипаттаған Рабия тайпасы арасынан сені тандап, Исламға қосуына ризалық білдірмейсің бе? Аллаһқа мақтау айтуың керек емес пе?» – дейді. Бәшір: «Иә», – дейді. Расулаллаһ: «Маған неге еріп келесің?» – деп сұрайды. «Түнде қаланың сыртына шығасың, бір жерде құлап қалмасын немесе жәндіктер шағып алмасын деп, артыңнан еріп келемін»⁸⁷, – деп елжірей жауап береді Бәшір.

Баладауия тайпасынан бір адамның мұсылман болуы

Баладауия тайпасынан біреу Мәдинаға барып, базарға соғады. Ешкінің құнына саудаласып тұрған әлдебір адамдардың үстінен түседі. Оқиғаны одан ары әлгі адам былай жалғастырады:

«Алушы сатушыдан бағаны біраз түсіруді сұрады. Сол кезде кенеттен маңдайы кең, қасы жіңішке, келісті келген, иіні жүдеу біреу шыға келіп, бізге сәлем берді. Мен: «Хашимұлдары арасынан халықты адастырып жүрген біреу шықты деуші еді. Мынау сол болмасын», – деп ойладым. Онымен біз де амандастық. Алушы оған: «Я, Расулаллаһ! Сатушыға айт, мынаның бағасын түсіріп берсін», – деді. Ардақты елші (с.а.с.): «Мүлік егесі – Аллаһ. Алайда иелік ету сендердің құзырларында. Мен қиямет күні Аллаһтың құзырына барғанда, ешкімнің «дүниеме көз алартты, намысыма тиді» деп айтқанын қаламаймын. Аллаһ мына

⁸⁷ Әбу Нуайм, Хилия 2/26

жағдайларда: саудада, қарызын төлегенде, алашағын аларда қиындық тудырмаған адамға рақымдылық жасасын», – деді.

Ол осылай дұға етті де, өз жөніне кетіп қалды. Мен «Не болса да бұл кісіге барып жолығайын, айтқандарын тыңдайын. Тілінен бал аққан сөзге шешен екен» деп ойладым. Артынан қуып жетіп:

– Уа, Мұхаммед! – дедім. Бүкіл денесімен маған бұрылып: ———

– Не қалайсың?» – деп сұрады. Мен:

– Жұрттың «адамдарды азғырушы, жамандыққа итермелеуші, ата-бабаларының табынған нәрселерін жоққа шығарушы» деп айыптап жүрген адамы сенсін бе? – деп сұрадым.

– Иә, – деп жауап берді.

– Елді неге үндейсің? – деп сұрадым мен. Ол:

– Аллаһтың құлдарын Аллаһқа сенуге үндеймін, – деді.

– Басқа не айтасың?

– Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне және менің Аллаһтың елшісі екеніме, маған түсірген аяттарға сенуіңді, Лат пен Уззаны жоққа шығаруыңды, намазды дұрыс оқуыңды, малыңнан зекет беруді ескертемін.

– Зекет деген не?

– Байлардың кедей-пақырларға беретін үлесі.

– Сен елді тек ізгілікке ғана бастайды екенсің! – дедім. Осыдан соң оны жақыннан таныған едім.

Ол менен:

– Мені жақсы түсіндің бе? – деп сұрады. Мен:

– Иә, Расулаллаһ, – дедім. Пайғамбарымыз:

– Онда Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне, менің Аллаһтың елшісі екеніме және маған түсірілген уахиға иман келтірдің бе? – деді. Мен:

– Иә, келтірдім, – дедім.

Маған сенсеңіз, бұрын одан жек көретін адамым жоқ еді. Осы сәттен бастап, ол маған туған ата-анамнан, өз балаларым мен бүкіл адамзаттан да артық көрінді».

Әлгі кісі кейіннен айналадағы алыс-жақын адамдардың барлығын Исламға шақырды. Көбісі мұсылмандықты қабылдады да. Пайғамбарымыз оның бұл ісіне ризалық танытып, басынан сипап, ілтипат көрсетті⁸⁸.

Әбу Кухафаның мұсылман болуы

Мекке азат етілген күні Аллаһтың расулы (с.а.с.) көңілі жай тауып, Харам мешітіне бас сұғады. Әбу Бәкір (р.а.) әкесі Әбу Кухафаның (Осман ибн Амр) қолынан жетектеп, Расулаллаһтың алдына алып келеді. Пайғамбарымыз қарт адамды көріп: «Әй, Әбу Бәкір! Неге қарт адамды әурелеп, мұнда алып келдің? Өзіміз-ақ алдына барар едік қой», – дейді. Әбу Бәкір: «Уа, Аллаһтың елшісі! Сіздің оған емес, оның сізге келуі орынды емес пе?» – дейді. Пайғамбарымыз қария кісіні қарсы алдына отырғызды. Қолын қарттың жүрек тұсына қойып: «Мұсылман бол, жан тыныштығына кенел», – дейді. Әбу Кухафа сол сәтте шын көңілімен тілін кәлимаға келтіріп, мұсылман болады⁸⁹.

⁸⁸ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 8/580 (14208)

⁸⁹ Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 5/451

3. ЖҰП-ЖҰБЫМЕН ИСЛАМҒА ШАҚЫРЫЛҒАНДАР

Әбу Суфиян мен оның әйелі Хинд

Мұғауия былай дейді: «Бір күні әкем Әбу Суфиян атына ер салып, артына анам Хиндті мінгестіріп, жолға шықты. Ол кезде мен жас жігіт болатынымын, есегіммен олардың алдында жүріп отырдым. Бір кезде Пайғамбардың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) даусын естідік. Әкем маған: «Мұғауия, сен түс, Мұхаммед мінсін», – деді. Мен түстім, Расулаллаһ есекке мініп, алдымызда аяндап жүріп отырды. Сосын бізге қарап: «Ей, Әбу Суфиян! Ей, Хинд! Күмәнсіз, өлесіндер, сосын қайта тірілесіндер. Жаксы адам жұмаққа, жаман адам тозаққа барады. Мен сендерге шындықты айтып отырмын. Бұл ақиқатты алғаш рет сендердің жұбыңа айтып тұрмын», – деді. Содан соң «Фуссилат» сүресін басынан бастап он бірінші аятына дейін оқыды. Әкем оған: «Айтып болдың ба?» – деді. Аллаһ расулы: «Иә», – деді де, есектен түсті. Анам әкеме: «Осы сиқыршыға бола баламды есектен түсіріп, оны мінгізгенің не?» – деген кезде, әкем: «Жоқ, Мұхаммед сиқыршы да, өтірікші де емес», – деді⁹⁰.

Расулаллаһтың Осман мен Талха ибн Ұбайдұллаһты Исламға шақыруы

Осман ибн Аффан мен Талха ибн Ұбайдұллаһ Зубәйр ибн Аууамның (р.анһум) артынан еріп, Расулаллаһқа барады. Рақым пайғамбары (с.а.с.) оларға Исламды түсіндірді, Құран оқыды. Исламдағы құқықтар мен жауапкершіліктерді үйретті. Егер

⁹⁰ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 6/17 (9825)

мұсылмандықты қабылдаса, Аллаһтың қандай ізгіліктер беретінін айтты. Сол сәтте барлығы бірге иман келтірді. Осман: «Уа, Расулаллаһ! Біз Мағын мен Зәрқаның арасындағы бір жерде едік. Енді көзіміз іліне бергенде, құлағымызға тосыннан «Ей, ұйқыдағылар! Ояныңдар! Өйткені Меккеде Ахмет (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) пайғамбарлығын жариялады» деген дауыс жетті. Меккеге келгенде, сенің пайғамбарлығыңды естідік»⁹¹, – дейді. Османның (р.а.) мұсылман болуы Аллаһ расулының Дарул-Әрқамға⁹² баруынан бұрын орын алған.

Аммар мен Сұхәйбтің мұсылман болуы

Аммар ибн Ясир (р.а.) Пайғамбарымыз отырған Дарул-Әрқамның есігінің алдында Сұхәйб ибн Синанға кезігіп: «Мұнда не істеп жүрсің?» – деп сұрайды. Ол: «Ал өзің не істеп жүрсің?» – деп өзіне қарсы сауал қояды. Аммар: «Мұхаммедтің сөздерін тыңдағым келді», – дейді. Сұхәйб: «Мен де сол үшін келдім», – дейді. Екеуі бірге ішке кіреді. Аллаһ расулы (с.а.с.) оларға Исламды түсіндіреді. Екеуі де мұсылман болады. Екеуінің Исламды қабылдауымен мұсылман ерлердің саны отыздан асты⁹³.

⁹¹ Ибн Сағид, эт-Табақатул-кубра 3/55

⁹² Ислам тарихында «Дарул-Әрқам» (Әрқамның үйі) айрықша маңызға ие. Оның үйі Қағбаның батысында, Сафа мен Мәруа төбелеріне жақын орналасқан еді. Қажылық жасауға келгендер сол орынға жиі келетін. Әрқам (р.а.) мұсылмандар қиналған алғашқы уақыттарда өз үйін Исламның қызметіне арнаған. Пайғамбарымыз бен сахабалар жасырын түрде сол үйде бас қосатын.

⁹³ Ибн Сағид, эт-Табақатул-кубра 3/247

Әсад ибн Зұрара мен Зәкуан ибн Абдуқайсты Исламға шақыру

Мәдина тұрғыны Әсад ибн Зұрара мен Зәкуан әлдебір мәселеге байланысты жауапқа тартылған еді. Олар Ұтба ибн Рабияның төрелігіне жүгіну үшін, Меккеге барады. Сол жерден Аллаһтың расулы (с.а.с.) туралы естіп, тіке соған жолыққанды жөн көреді. Пайғамбарымыз оларға Исламды түсіндіреді. Құраннан аяттар оқиды. Екеуі сол жерде мұсылмандықты қабылдайды. Сөйтіп, олар Ұтбаға соқпай, бірден Мәдинаға қайтады. Бұл екі әйгілі сахаба Мәдинаға мұсылмандықты алғаш жеткізгендердің қатарында саналады⁹⁴.

4. РАСУЛАЛЛАҒТЫҢ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУЫН ҚАБЫЛДАМАҒАНДАР

Әбу Жәһіл

Мұғира ибн Шұғба былай дейді: «Аллаһ елшісін (с.а.с.) алғаш рет Әбу Жәһілді мұсылман болуға шақырып тұрғанында көрдім. Әбу Жәһіл екеуміз Меккеде бір көшеден өтіп бара жатып, Аллаһтың расулымен кездесіп қалдық. Пайғамбарымыз Әбу Жәһілге: «Әй, Әбул-Хакәм! Сені Аллаһқа және расулына, Құранға сенуге шақырамын», – деді. Әбу Жәһіл: «Ей, Мұхаммед! Тәңірлерімізге тіл тигізуден бас тартасың ба? Сенің айтқандарыңа куәгер болғанымызды қалайсың ба? Айтқандарыңның рас екенін білсем, әлдеқашан саған бағынар едім ғой», – дейді.

Расулаллаһ қасымыздан кеткеннен кейін, Әбу Жәһіл маған: «Несіне өтірік айтайын, Мұхаммедтің

⁹⁴ Ибн Сағид, эт-Табақатул-кубра 3/608

айтқандарының шындық екенін білемін. Бірақ бір нәрсе мені қинайды: Оның бабаларының бірі – Бәну Құсай: «Қағбаның кілті бізде болады», – деді, келістік. «Қажыларға су ұсыну міндетін біз орындаймыз», – деді, оны да қабылдадық. «Соғыс пен келісімге келу талқыланатын, неке қиылатын мәжілісті біз жүргіземіз», – деді, оны да құптадық. Тіпті «Ту көтеріп, қол бастауға біз лайықпыз», – деді, оған да ештеңе деген жоқпыз. Енді «Нәби де бізден шықты», – дейді. «Жоқ, бұған басымды кесіп алса да, көне алмаймын», – деді⁹⁵.

Уәлид ибн Мұғира

Бір күні Уәлид ибн Мұғира Расулаллаһты (с.а.с.) арнайы іздеп барады. Пайғамбарымыз оған Құран оқып, дінді біраз насихаттағаннан кейін, Уәлид ибн Мұғира жұмсарғандай сыңай танытады. Бұл хабар Әбу Жәһілге жетеді. Ол дереу Уәлидке жетіп барып: «Көке! Қауымың сен үшін мал жинап жатыр», – дейді. «Неге?» – деп сұрағанда, «Саған жиып бермек, өйткені сен Мұхаммедтің сөздерін қабылдауға келді деген хабар тарайды», – дейді. Уәлид ибн Мұғира: «Қой, менің дәулетті адам екенімді бүкіл Құрайыш біледі ғой», – деп жауап береді. Әбу Жәһіл: «Онда маған Мұхаммедтің айтқанын қабылдамағаныңды білдіретіндей бір сөз айт, қауымыңа жеткізейік», – дейді. Уәлид: «Не айтсам екен? Расында, сендердің араларыңда өлеңге менен жүйрік ешкім жоқ. Арабтардың өлең ырғағы мен бәйіттерін менен артық ешкім білмейді. Мұхаммедтің айтқандары бұлардың ешқайсысына ұқсамайды. Айтқан сөздері айқын, тартымды, әсем, әрі жүрекке жылы тиеді, мағынасы да терең, аса мәнді. Өзгемен теңестіру қиын. Ақиқаты

⁹⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/64

мынау: сендер оны жеңе алмайсыңдар. Арынын тежей алмайсыңдар», – дейді. Қулығына құрық бойламайтын Әбу Жәһіл осал тұсың осы-ау деп: «Егер бұлай десең, халқың сені жақтыра қоймас», – дейді «Ендеше, тоқтай тұр, ойлануға мүрсат бер», – деп, ары ойланып, бері толғанып, ақыры «Мұхаммедтің айтқаны адамды жадылап алатын сиқырдан өзге түк емес, бұл жаман әдет басқаларға да жұғады» деген шешімге келеді⁹⁶. Сонда мына аяттар түседі: *«Мал-мүліксіз, отбасынсыз, жанапдан-жалғыз жаратылып, кейіннен көптеген мал-мүлік пен байлық, ұрпаққа ие болған сол адамды Маған тапсыр!»* («Мүддәссир», 74/11-14)

5. ИСЛАМДЫ ІРІ ҚАУЫМДАРҒА УАҒЫЗДАУ

Құрайыш ақсүйектерінің Пайғамбарымызбен сөз таластыруы

Ұтба, Шәйба, Әбу Суфиян және басқа да Құрайыштың бетке тұтарлары қас қарайып, күн батқаннан кейін, Қағбаның артына жиналып, өзара ақылдасып: «Мұхаммедке арамыздан адамдар жіберейік. Жаңа дінге қырын қарайтынымызды жеткізсін», – дейді. Сөйтіп, олар Аллаһ елшісін шақыртып алады. Бұны жақсылыққа жорып, іштей қуанған Расулаллаһ (с.а.с.) жүрегі алып-ұшып айтылған жерге келеді. Пайғамбарымыз олардың тура жолға түскенін жан-тәнімен қалайтын және олардың тоңмойын тоғышарлығына, көрсеткен азаптарына қатты қынжылатын. Пайғамбарымыз осындай ауыр ойлардың

⁹⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/60

әрі үміттің жетегінде қастарына келгенмен нәтиже күткеніндей болмай шықты.

Олар: «Ей, Мұхаммед! Біз саған орынсыз қарсы шығып отырғанымыз жоқ. Соны білсін деп, сені әдейі шақырдық. Арабтардың арасына сендей іріткі салған адам болған емес. Сен не істемедің? Ата-бабаларымызға тіл тигіздің, олардың дінін мансұқтап, өздерін ақылсыз етіп, тәңірлерін балағаттадың, бірлігімізді, шырқымызды бұздың. Барлық жамандықты әкеп арамызға тықпаладың. Мына әкелген дініңмен көздегенің дүние-мүлік болса, біз саған арамыздан мал жинап берейік. Атақ-даңқ керек болса, қолыңа билік ұстатайық, хан сайлайық. Жоқ, егер патша болғың келсе, патша етейік. Егер жын соғып, айыға алмай жүрсең, барымызды салып емдетейік», – дейді.

Бұл талап-тілектерді ақыр-аяғына дейін сабыр сақтап, мұқият тыңдаған Пайғамбарымыз (с.а.с.) сөз тізгіні өзіне тигенде: «Менің көздегенім, көксегенім бұлар емес. Елшілік қызметім үшін сендерден дүние де, атақ та, билік те дәметпеймін. Мен сендерге Раббымның бұйрықтарын жеткізушімін. Ойлағаным жақсылық қана. Айтқандарымды қабылдасандар, бұл – сендердің дүние мен ақыреттегі нәсіптерің. Қабылдамасандар, онда Раббым үкім беретін сәтке дейін сабыр сақтап күтемін», – дейді.

Құрайыш мүшріктері істі қиындатып, болмайтын нәрселер айтады: «Әй, Мұхаммед! Біздің осы ұсыныстарымызды қабылдағың келмесе, онда біз үшін мынаны орында: Өзің жақсы білесің, еліміздің жері тар, малы аз, бұл жерде өмір сүру өте қиын. Раббыңнан сұра, мына Меккені қоршаған тауларды арырақ ысырсын. Мына өңірді жазыққа айналдырсын. Шам мен

Ирак қалалары секілді ел аумағында өзендер ағызсын. Сондай-ақ, ата-бабаларымыздың тірілтілуін сұра. Мысалы, Құсай ибн Килаб та солардың арасында болсын. Өйткені ол ақылгөйіміз еді. Сенің мән-жайыңды солардан сұрап, шын айтып-айтпағаныңды білейік. Ата-бабаларымыз сені растаса, біз де сені қабылдаймыз. Аллаһтың алдында қаншалықты қадірің барын түсініп, пайғамбарлығыңды мойындаймыз».

Аллаһ расулы (с.а.с.) мұндай сандырақ ұсыныстарға: «Маған елшілік қызмет сендердің қисынсыз ұсыныстарыңды орындау үшін берілген жоқ. Аллаһтың не жібергенін сендерге айттым, міндетімді атқардым. Қабылдасандар, дүние мен ақыреттен өз нәсіптеріңді аласыңдар. Ал қабылдамасандар, Аллаһ нақты үкім шығарғанға дейін сабыр сақтап күтемін», – деп тойтарыс береді.

Мүшріктер бұдан кейін пайғамбардан елшілігін дәлелдейтін періште, бау-бақшалар, қазыналар және күміс үйлер талап етті. *«Осындай да пайғамбар бола ма? Ішіп-жейді, базарды аралайды, қасында бір айбатты періштесі болып, маңайындағы адамдарды қорқытып, ескертпей ме?» – десті («Фұрқан», 25/7).*

Бұларға да Пайғамбарымыз жоғарыдағыша жауап береді. Олар тағы да ақылға сыймайтын, көңілге қонбайтын талаптар қойды. «Өзің айтқандай Раббың сенің барлық тілегіңді орындайтын болса, мына үстіміздегі аспанды бөлшектеп төбемізге түсір. Мұны жасай алмасаң, иман келтірмейміз», – дейді. Пайғамбарымыз: «Бұл да Аллаһтың еркіндегі іс. Қаласа, жасайды», – деп жауап береді.

Мүшріктер: «Әй, Мұхаммед! Аллаһ біздің сенімен бірге отыратынымызды, сенен Өзі туралы

сұрайтынымызды, сенен бір нәрселер талап ететінімізді білмей ме, айтатын сөздеріңді алдын-ала неге дайындамады, біздің сұрайтын нәрселерімізді саған неге білдірмеді, бізге әкелген нәрсенді біз қабылдамаған жағдайда сенің не істейтініңді неге үйретпеді? Естуіміз бойынша, Йәмәмада Рахман деген бір адам бар екен. Бұларды саған сол үйрететін көрінеді. Біз Рахманға ешқашан сенбейміз. Біз саған айтарымызды айттық. Бізге жасағандарыңды бұлай қалдырмаймыз. Не біз құрымыз, не сен құрысың», – деп қорқытады.

Сол жердегілердің бірі: *«Аллаһты және періштелерді алдымызға әкеліп, айтқандарыңды мақұлдатпайынша, біз сенбейміз»*, – дейді. («Исра», 17/92)

Олардың бұл жөнсіз әрекетінен соң Пайғамбарымыз амалсыз орнынан тұрады. Әпкесінің баласы Абдуллаһ ибн Әбу Умайя да түрегеліп: «Уа, Мұхаммед! Халық айтарын айтты, сен бірақ ешбірін қабылдамадың. Рас-өтірігіңді білу мақсатында сенен талап еткенімізді орындамадың. Ақырында, өзің айтқан азапты сұрадық, ол да қолыңнан келмеді. Мынаны біл, егер саты қойып көкке шыға алмасаң, ол жерден жазулы кітап пен растығыңды дәлелдейтін төрт періште әкелмесең, саған өліп кетсек те иланбаймыз. Ант етемін, осыны жасамасаң, саған сенбегенім сенбеген», – дейді.

Аллаһ расулы иман келтіре ме деп күткен бұлардың қасынан алыстап, үйіне қайғырып қайтады. Күпірлік, қыңырлық, зұлымдық пен жаулық Құрайыш тобының көзін бітеп тастаған еді⁹⁷.

⁹⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/62

Әбул-Хайсамға және жастардың бір тобына Исламды насихаттау

Әбул-Хайсам деген лақап атпен танымал сахабаның шын есімі Әнәс ибн Рафи болатын. Ол бір топ жастармен Хазраж тайпасынан өздерін қорғауын өтініп әрі Құрайыштардан көмек сұрау үшін, Меккеге аттанады. Пайғамбарымыз мәдиналық жастардың келгенін естиді де, бұндай оңтайлы сәтті құр жібергісі келмей: «Келудегі мақсаттарыңнан да қайырлысын қалайсындар ма?» – деген сұрақ қояды. Нені меңзегенін сұрағанда, Рақым пайғамбары: «Мен адамдарды тек Аллаһқа ғана құлшылық жасауға және өзіне ештеңені серік етіп қоспауға шақыруым үшін жіберілген Аллаһтың елшісімін. Әрі маған қасиетті кітап түсірді», – дейді де, оларға Ислам туралы кеңінен түсіндіріп, Құран оқиды. Топтың ішінен Ияс ибн Муаз деген жас жігіт: «Уа, жұртым! Бұл біздің келу мақсатымыздан да қайырлы», – дейді. Әнәс ибн Рафи бір уыс ұсақ тас алып, Иясқа шашып: «Ары тұр! Біз бұл жерге басқа мақсатпен келдік», – дейді. Ияс оған жауап қайтармайды. Пайғамбарымыз жастардың қасынан кетіп қалады. Олар Мәдинаға қайтады.

Арада көп уақыт өтпестен, Әус пен Хазраж тайпалары арасында Буас шайқасы орын алады. Ияс ибн Муаз (р.а.) осы соғыста шейіттік шәрбатын ішеді. Жеткізушілердің айтуы бойынша, Ияс жарық дүниемен қош айтысар уақыты тақағанда, ауыз жаппай: «Лә иләһә иллаллаһ, Аллаһу әкбар, Субханаллаһ» деумен болғанын қауымы тегіс естіген көрінеді. Оның мұсылман ретінде жан тапсырғанына күмән қалмаған.

Ияс ибн Муаз (р.а.) Расулаллаһты (с.а.с.) алғаш көргенде-ақ мұсылман болған еді⁹⁸.

Ардақты елшінің өз туыстарын Исламға шақыруы

«Алдымен ең жақын туыстарыңа ескерт» деген «Шұғара» сүресінің 214-аяты түскенде, Пайғамбарымыз Мәруа төбешігіне шығып, туыстарына: «Әй, Фихр тайпасы!» – деп дауыстайды. Құрайыштар жиналады. Әбу Ләхаб: «Фихр тайпасы келіп тұр. Ал, айтатыныңды айт», – дейді. Пайғамбарымыз: «Әй, Ғалиб тайпасы», – дейді. Фихр тайпасынан Бәну Мухариб пен Бәну Харис келеді. «Әй, Луэй ибн Ғалиб тайпасы!» дегенде, Бәну Тәймнің төбесі көрінеді. «Әй, Кағыб ибн Луэй тайпасы» деген кезде, Бәну Амр ибн Луәйдің қарасы шалынады. Сонымен қатар, Бәну Ади, Бәну Сәхм, Бәну Жумах ибн Амр, Килаб ибн Мүрра тайпасынан Бәну Зухра ибн Килаб, Абду Мәнап тайпасынан Бәну Абдиддар ибн Құсай, Бәну Абдуләсәд ибн Абдұлузза және Бәну Абд Құсай да шақырылады.

Әбу Ләхаб пайғамбарға қарап: «Міне, Абдулманафтың ұрпақтары қасында. Не айтасың, айта бер», – дейді. Аллаһ нәбиі (с.а.с.): «Аллаһ маған жақын туыстарыма ескертуімді әмір етті. Сендер Құрайыштансыңдар әрі менің жақын туысымсыңдар. «Лә иләһа иллаллаһ» демесеңдер, бұл жерде де, ақыретте де сендерге көмегім тимейді. Егер бұл сөзді айтатын болсаңдар, мен Аллаһтың құзырында осыған куәгер боламын. Әрі бұл дүниеде арабтардың барлығы сендерге бағынады, араб еместер алдарында тізе бүгеді», – дейді.

⁹⁸ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 5/427 (23668)

Әбу Ләхаб: «Әй, тұқымың құрғыр, бізді осыған бола шақырдың ба? Өзің де, айтып отырғаның да құрып кетсін», – деп қарғап-сілейді. Осыған байланысты «Әбу Ләхабтың қолдары құрысын» деген аятпен басталатын «Тәббәт» сүресі түседі⁹⁹.

Осы оқиғаға қатысты тағы бір риуаятта былайша баяндалады. Аллаһ расулы барлық Құрайыш әулетін топ-топқа бөліп шақырады. Шақырылғандар Сафа немесе Мәруа төбесіне жиналады. Келмегендер елші жібереді. Олардың арасында Әбу Ләхаб та бар еді.

Аллаһтың расулы (с.а.с.): «Сендерге жаудың шабуылынан да маңызды бір хабарды жеткіземін. Бұған не дейсіңдер? Егер мына таудың арғы жағында атты әскер бар, сендерге шабуыл жасамақшы десем, сенер ме едіңдер?» – деп сұрайды. Олар бірауыздан: «Иә, сенеміз. Сенің шыншыл екенінді білеміз», – дейді. Пайғамбарымыз: «Олай болса, мен сендерге ілгеріде алдарыңнан шығатын ауыр азапты ескертемін», – дейді.

Осы әңгімеден кейін Әбу Ләхаб жоғарыдағы орынсыз сөздерді айтып, ашумен ол жерден кетіп қалады¹⁰⁰.

Басқа бір риуаятта жоғарыда аталған «Шұғара» сүресінің 214-аяты түскенде, Пайғамбарымыз орнынан тұрып: «Ей, Құрайыш қауымы! Жандарыңды Аллаһтан «сатып алыңдар». Өйткені, мен Аллаһтың азабынан сендерді құтқара алмаймын. Ей, Абдулмұтталиб әулеті! Сендер де жандарыңды Аллаһтан «сатып алыңдар». Өйткені иман келтірмеген жағдайда мен сендерге титтей де көмек көрсете алмаймын. Ей, Аббас! Көкешім! Сені де Аллаһтың азабынан құтқара алмаймын. Ей,

⁹⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/39

¹⁰⁰ Бұхари, Сахих 1/470 (1330)



Сафия! Әпкешім! Сені де Аллаһтың азабынан араша-
лап қала алмаймын. Ей, Фатима! Балапаным! Дүние-
мүлкімнен қалағаныңды ал, бірақ Аллаһтың азабынан
сені де құтқара алмаймын»¹⁰¹. Рақым пайғамбары (с.а.с.)
өзінің уағыздаған дініне сеніп, иман келтіргенде ғана
ақырет азабынан құтыла алатындықтарын, туыстықтың
ешқандай пайда бермейтінін айтып ескерткен еді.

Аллаһ расулының Исламды Бәну Амр мен Бәну Мухариб тайпаларына насихаттауы

Пайғамбарымыз алғашқы үш жылда уағызды жасы-
рын жүргізді. Төртінші жылы ашық уағыздай бастады,
бұл он жылға созылды. Уағызды адам көп жиналатын
жәрмеңкелерде, қажылық кезеңдерінде жүргізетін. Хақ
тағаланың әмірлерін жеткізу жолында Укказ, Мәжанна
және Зулмәжаз жәрмеңкелеріне барып, қажылардан
өзіне көмек сұрап, қайтарымы ретінде жұмақ берілетінін
айтатын. Тайпаларды, елдерді аралап жүріп, ой-пікір-
лерін сұрайтын, алайда үддесінен шығатын, мүддесін
түсінетін саналы адам таба алмайтын.

Бірде Бәну Амр тайпасына соғады. Өкінішке қарай,
пайғамбар осыған дейін тартпаған азапқа тап болады.
Олар Пайғамбарымызға жан-жақтан тас лақтырып,
жерлерінен қуады. Бұл жерден Пайғамбарымыз Бәну
Мұхарибке жол тартады. Бәну Мұхарибте жасы жүз
жиырмаға келген бір кісі бар еді. Аллаһ расулы сол
кісімен сөйлесіп, оны Исламға шақырады. Тіпті елді
дінге тарту үшін көмек те сұрайды. Бірақ ол Исламды
қабылдамақ тұрмақ: «Ей, атышулы адам! Қауымың
сенің айтқандарыңды жақсы біледі. Саған сеніп елі-

¹⁰¹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 7/427 (18852)

не қайтқан адам қажылардың арасында ең жаман іс жасап қайтқан адам болып саналады. Басқа еш нәрсе айтпаймын. Менен аулақ жүр», – деп күтпеген мінез танытады.

Ол Пайғамбарымызға еттен өтіп, сүйекке жететін, бас жарып, көз шығаратын осы сөздерді айтып тұрған кезде, артынан Әбу Ләхаб шыға келеді. Әбу Ләхаб қайда барса да, пайғамбардың ізінен қалмай, оны тұқыртудың оңтайлы сәтін кұр жібермейтін. Әбу Ләхаб әлгі қыңыр шалдың қолын алып: «Қажылық кезінде осында жиналғандардың барлығы сен сияқты бетін қайтарып тастаса, Мұхаммед бұл тірлігін қояр еді. Ол ата-бабасы ұстанып келген дінді тәрк еткен өтірікші», – дейді.

Шал: «Туысқаныңның сыры бізден гөрі өзіңе жақсырақ мәлім ғой. Ей, Әбу Ләхәб! Мұхаммед, сірә, жынданған сияқты. Бізде ондайларды жазатын емші бар», – дейді. Әбу Ләхәб оған жауап бермейді¹⁰².

Пайғамбарымыздың Абсаұлдарына Исламды насихаттауы

Абдуллаһ ибн Уабысатул-Абси былай дейді: «Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) түйесіне мініп Минаға, біз тұратын жерге келді. Қасында Зәйд ибн Хариса бар. Біз Жәмраға түсіп бара жатқан едік. Аллаһ елшісінің әр ісінен, қажылық кезінде халықты Исламға шақыратынынан хабардар болатынбыз. Бізге Исламды түсіндірді. Бірақ, біз иліге қоймадық. Қасымызда Майсара ибн Мәсрук әл-Абси да бар болатын. Майсара: «Аллаһқа ант етемін, бұл адамды қолдап, бірге алып кетсек, абырой болар еді. Неге десендер, Мұхаммедтің бұл ісі өрге басып, айтқандары әлі-ақ төрткүл дүниеге

¹⁰² Әбу Нуайм, Дәләил 1/255

тегіс тарайды», – деді. Сонда араларынан біреуі: «Аулақ жүр, бізді қолымыздан келмейтін іске итермелеп, басымызды қатерге тікпе», – деп тұрып алды.

Аллаһ расулы Майсараның бұл сөзіне іші жылып, онымен тілдеседі. Майсара: «Сөздерің жүрекке жететін жалынды, бойды алар керемет екен! Бірақ қауымым маған қарсы шығып отыр, әркім өз қауымымен ғана мықты. Алдымен олардың қолдауына ие болмасақ, ескексіз қайық сияқты күнің қараң қалмақ. Өз қауымыннан қолдау көрмесең, дұшпаныңнан тіпті үміт жоқ».

Пайғамбарымыз кеткен соң, олар да үйлеріне қайту үшін, Меккеден шығады. Майсара оларға: «Қаласандар, Фәдаққа барып, мына кісі туралы сол жердегі яһудилерден сұрайық», – дейді. Жолдастары Майсараның бұл ұсынысына құлақ асып, Фәдаққа жол тартады. Барғанда, яһудилер алдарына бір кітап қояды. Аллаһ расулы туралы жазылған жерін тауып, оқып береді: «Ол – араб, өзі хат танымайтын пайғамбар. Түйеге мінеді, бір жапырақ нанға қанағат етеді. Бойшаң да, аласа да емес. Шашы соншалықты бұйра да, жатық та емес, толқын шашты. Өзі бидай өнді». Тіпті біреуі «Егер сендерге уағыз айтқан адамның бойында осы сипаттар кездесе, айтқаны ақиқат болғаны. Шүбә келтірместен, дініне кіріңдер. Ал біз қызғаныштан оған бағынбаймыз. Өйткені соның кесірінен, талай жерде түрлі қиыншылықтарға душар боламыз. Арабтардың бірде-бірі оған бей-жай қарай алмайды, не Мұхаммедке бағынады, не қарсы шығады. Сендер оған мойынсұныңдар», – дейді.

Майсара қасындағыларға: «Уа, жұртым! Бұл істің басы ашық екеніне көзіміз анық жетті ғой деп ойлаймын», – деп, келесі қажылықта Пайғамбарымызға

жолығуға келісіп, елдеріне қайтады. Бірақ елдің бетке тұтарлары кедергі келтіргендіктен, ешқайсысы келесі жылы қажылыққа бара алмайды.

Содан кейін Аллаһ елшісі (с.а.с.) Мәдинаға һижрет жасады. «Қоштасу құтбасын» оқыған жылы Майсара Пайғамбарымызбен кездесіп калып, оны бірден таниды. «Уа, Расулаллаһ! Аллаһқа ант етемін, бізге уағыз айтқан сол күннен бері мұсылман болуды армандап жүр едім. Міне, Аллаһтың бұйырғаны осы екен. Исламға кіруімді осы уақытқа қалдырған екен. Арада талай оқиға өтті. Сол күні менің қасымда болғандардың барлығы өмірден озды. Олардың ақыреттегі жағдайы қалай болмақ?» – деп сұрады.

Аллаһ расулы: «Ислам дініне қасарысып кірмей, күпірлікпен қайтыс болғандардың барлығы тозаққа тасталады», – дейді. Сонда Майсара: «Мені құтқарған Аллаһқа шүкіршілік!» – деп, мұсылман болады»¹⁰³.

Майсара (р.а.) Ислам дінін қабылдағаннан кейін, иманы кәміл жанға айналды. Әбу Бәкірдің (р.а.) халифалығы кезінде мұсылмандар арасында оның абырой-беделі жоғары еді.

Пайғамбарымыздың Кинда қауымына Исламды насихаттауы

Адамзаттың мақтан тұтар тұлғасы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) киндилердің Укказ жәрмеңкесіндегі орналасқан жеріне барады. Осыған дейін олар секілді жұмсақ мінезді, салиқалы араб тайпасын кездестірмеген еді. Киндилердің парасаттылығын байқаған Аллаһ елшісі: «Сендерді бір Аллаһқа сенуге шақырамын. Аллаһтың серігі жоқ. Өздеріңді қорғаған нәрседен мені де

¹⁰³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/145

қорғауларыңды сұраймын. Егер менің мерейім үстем түссе, ары қарай қолдап-қолдамау өз еріктеріңізде», – дейді. Көпшілік: «Ойың орамды, тілге шешен екенсің! Бірақ біз ата-бабаларымыздың жолымен жүреміз», – дейді. Алайда жастар жағы: «Уа, жұртым! Басқалар сендердің алдарыңды орап кетпей тұрғанда, сендер олардан бұрын қимылдап, Аллаһқа бағыныңдар. Христиандар мен яһудилер бір пайғамбар шығатын уақыттың жеткенін айтып жүр», – дейді. Сол кезде араларынан көзі қитар бірәу шығып «Тоқтандар! Мені тыңдаңдар. Мұхаммедті өз туыстары жарылқамағанда, қайдағы бір сендер қолдау көрсетпексіңдер ме? Бұл бүкіл арабтармен жауласу дегенді білдіреді. Жоқ, бұлай жасамандар», – дейді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) ол жерден де салы суға кетіп, жабырқап оралады. Пайғамбарымыз кеткен соң, киндилер өз тайпаларына барып, болған жағдайды елге естіртеді. Яһудилердің бірі: «Сендер бастарыңа қонған бақыт құсын өз қолдарыңмен ұшырып отырсыңдар. Ол адамға бағынсандар, арабтардың алды боласыңдар. Біз оның сипаттарын кітабымыздан оқығанбыз», – дейді. Яһуди Пайғамбарымыздың сипаттарын айтқанда, Расулаллаһты көргендер: «Бұл адам дәл осы сенің айтқаныңдай», – дейді. Яһуди сөзін былай жалғастырады: «Біз соңғы пайғамбардың Меккеден шығатынын білетінбіз. Көшіп барып қоныстанатын жері – Йәсриб (Мәдина)», – дейді.

Бұл тайпа өз араларында келесі жылғы қажылық кезінде Аллаһтың расулымен жолығуға уағдаласады. Көсемдері сол жылы олардың бұл сапарына бөгет жасап, нәтижесінде ешкім қажылыққа бара алмай қалады. Кейін біз сөз етіп отырған яһуди қайтыс болады. Демі

үзілерде, Мұхаммед Мұстафаны (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мойындап, иман келтіргендігін жұрттың бәрі өз аузынан естиді¹⁰⁴.

Пайғамбарымыздың Қағыбұлдарын Исламға шақыруы

Абдуррахман әл-Амири өз қауымының ақсақалдарынан естігендерін былай жеткізеді:

«Укказ жәрмеңкесінде Аллаһ расулы бізге келіп кім екенімізді сұрады:

– Амир ибн Сасағаұлдарынанбыз.

– Қай Амирұлдары?

– Қағыб ибн Рабияұлдары.

– Көмек пен қолдау сұрағандарды қорғап-қолдайтындай күштерің бар ма? – деп сұрайды Пайғамбарымыз.

– Біздің жағымызда болған адамға ешкім тиісе алмайды, – дейді олар.

– Мен Аллаһтың расулымын. Раббымның бұйрықтарын уағыздауым үшін сендерден жәрдем сұрап келдім. Ешқайсынды қыстап, қинамаймын да, – дейді Пайғамбарымыз. Олар сонда Пайғамбарымызға: – Құрайыштың қай тайпасынансың? – дейді.

– Абдулмұтталибұлдарынан.

– Абду Мәнәбұлдарымен байланысың қалай? Олармен ара-қатынасың жақсы ма? – деп сұрайды олар.

– Олар мені өтірікшіге балап, ит қосып қуды, – дейді Аллаһ расулы (с.а.с.). Сасағаұлдары:

¹⁰⁴ Әбу Нуайм, Дәләил 1/259



– Біз сені қумаймыз, бірақ пайғамбарлығыңды мойындамаймыз. Алайда, дініңді уағыздауыңа көмектесеміз, – дейді.

Бұдан кейін Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) солардың қасында болады. Сасағаұлдары өз шаруасымен айналысып сауда жасап жатқанда, Бұжра ибн Қайс әл-Құшайри деген біреу келіп:

– Мына қастарыңдағы адам кім? Танымадым ғой, – деп сұрайды.

– Мұхаммед ибн Абдуллаһ әл-Құрайши, – дейді олар.

– Бұл кісі сендердің қастарыңда не бітіріп жүр?

– Бізге өзінің Аллаһтың елшісі екендігін айтып, дінін уағыздау үшін қолдау көрсетуімізді өтінді, – дейді.

– Сендер оған не деп жауап бердіңдер?

– Жарайды, кел. Елімізге апарамыз, сені қорғаймыз, – дедік. Бұны естігенде Бұжра қатты ашуланып:

– Мына жәрмеңкеден дәл сендер сияқты ессізді көрмедім. Егер Мұхаммедке қолдау білдірсеңдер, жаппай халықтың наразылығына ұшырайсыңдар, бүкіл арабтар сендермен жауласып шыға келеді. Өз қауымы оны сендерден жақсы біледі. Егер Мұхаммедтен бір жақсылық күтетін болса, өздері-ақ баяғыда қанаттыға қактырмай қорғар еді. Туған жұрты сыйғызбай араларынан қуған адамның айтқанына сеніп, оны паналатып, көмектеспекшісіңдер ме? Не істеп отырғандарыңды білесіңдер ме?! – деп дүрсе қоя береді. Сосын Расулаллаһқа (с.а.с.) қарап:

– Тұр, өз қауымыңа бар. Мыналардың қамқорлығыңда болмағаныңда саған көресіні көрсетер едім, – деп кіжінеді.

Расулаллаһ ләм-мим демей түйесіне мінеді. Бұжра Пайғамбарымыздан құтылуға асыққандай түйенің бүйірін әдейі қаттырақ түртіп қалады. Мұндай оқыс әрекет, шалт қимылдан түйе мөңкіген кезде, қамсыз-қаперсіз отырған Пайғамбарымыз ауып түседі. Меккеде Исламды қабылдаған әйелдердің бірі Амр ибн Құрттың қызы Дубаға сол жақтағы туысқандарына қыдырып келген-ді. Пайғамбарымызға жасалған қиянатты көріп шошыған ол: «Әй, Амирұлдары! Мен үшін енді Амирұлдары жоқ! Өңшең ез, қоян жүрек немелер! Көз алдарыңда Аллаһтың расулына не жасалып жатқанын көре тұра, ешқайсысың оған көмектесуге жарамадыңдар!» – деп айғай салады.

Мына сөзге шыдамаған Дубағаның көкесінің балаларынан үш адам тұрып, Бұжра мен оған көмектескен екі адамға қарай тұра ұмтылады. Қолына түскендерін жерге алып ұрып, соққының астына алады. Сонда Аллаһ расулы (с.а.с.): «Аллаһ тағалам! Мыналарға қайыр мен береке бер, ал аналарға лағынет жаудыр!» – деп дұға етеді.

Расулаллаһқа көмектескен сол үш адам мұсылман болып, дін жолында шейіт болды. Ал қалған үшеуі расында да лағынетке ұшырады»¹⁰⁵.

Пайғамбарымыздың Бәкір тайпасын Исламға шақыруы

Аббас (р.а.) былай дейді: «Адамзаттың асылы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) маған: «Бауырың екеуің маған бірде-бір рет көмек көрсетпедіңдер. Ертең мені жәрмеңкеге апарыңдар, халық жиналған жерге барып, Исламды түсіндірейін», – деді.

¹⁰⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/141

Жәрменкеге арабтар тегіс жиналатын. Айтқан жерге барғаннан кейін мен: «Мына көріп тұрғаның Кинда тайпасы, ал айналасына жиналғандар – Йемен халқынан Қағбаны зиярат етуге келген ең қадірлі адамдар. Міне, мынау – Бәкір ибн Уәил тайпасы орналасқан жер. Ал мынау – Бәну Амир ибн Сасаға тайпасы қоныстанған жер. Өзің таңда, қалағаныңа барып, уағыз айта бер», – дедім.

Пайғамбарымыз алдымен киндилерге барып, кім екендіктерін сұрайды.

- Йемен халқынанбыз.
- Йеменнің қай тайпасынан?
- Киндадан.
- Кинданың қай тегінен?
- Амр ибн Мұғауияұлдарынан.
- Қайырлы іске қолдау білдіруге барсыңдар ма?
- Ол қандай қайырлы іс?
- Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне куәлік етуге, намаз оқуға, Аллаһтан келгендерге иман келтіруге.

Басқа бір риуаят бойынша, киндалықтар Аллаһ расулына: «Жетістікке жетсең, билікті өзіңнен кейін бізге қалдырасың ба?» – дейді. Расулаллаһ: «Байлық пен билік Аллаһқа тән, қалағанына нәсіп етеді», – дейді. Сонда киндалықтар: «Ендеше, біз сенің айтқандарыңа сенбейміз», – деп тыржың етіп, одан теріс айналады.

Пайғамбарымыз қайда барса да, Әбу Ләхаб қыр соңынан қалмай, былайғы жұртқа «Мұхаммедке сенбендер» деуден шаршамайтын. Сол күні де Пайғамбарымыздың әлгі қауымның қасынан кетіп бара жатқанын көзі шалып қалады. Пайғамбарымыз кеткен соң, ол жаңағы қауымға барады. Киндалықтар: «Мына адамды танысың ба?» – деп сұрағанда, «Иә, мына

Минаның төбесіндегі адам ба? Оны неге сұрадыңдар?» – дейді. «Аллаһтың пайғамбары екендігін айтты», – дейді олар. Әбу Ләхаб: «Мұхаммедтің сөзіне құлақ аспандар, оның есі ауысқан, сандырақтай береді», – деді. Киндалықтар: «Иә, ирандықтар туралы айтқанынан сезген едік мұны», – дейді¹⁰⁶.

Пайғамбарымыздың Минадағы бір топ адамға Исламды түсіндіруі

Мүдрик (р.а.) былай дейді: «Әкеммен қажылықта жүргенде, Минаға бардық. Сол жерде бір топ адамды кездестірдік. Әкемнен: «Мына дабырлағандар кімдер?» – деп сұрадым. Әкем: «Әлгі діннен шыққан адам бар емес пе, соның қасына жиналғандарғой», – деді. Қарасам, Аллаһ елшісі: «Уа, халайық! «Лә иләһә иллаллаһ» деңдер, ақыреттің азабына ұшырамайсыңдар», – деп тұр екен»¹⁰⁷.

Пайғамбарымыздың Шәйбанұлдарын Исламға шақыруы

Али (р.а.) айтады: «Аллаһ тағала халыққа дінді насихаттауды бұйыруына байланысты, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бірде Минаға шықты. Әбу Бәкір (р.а.) екеуміз қасында болатынбыз. Бір топ арабтың қасына барған кезде, Әбу Бәкір алға шығып сәлем берді. Әбу Бәкір барлық игі істің басы-қасында жүретін, әрі араб тайпаларын бес саусағындай жақсы білетін кісі еді.

Бір мәжіліске бардық. Ол жерде төрт құбыласы түгел, келісті кісілер мен ақсақалдар жиналған екен. Әбу Бәкір (р.а.) олардан: «Кімсіңдер?» – деп сұрап

¹⁰⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/140

¹⁰⁷ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 20/343 (806)

еді, «Шәйбан ибн Сағлабаұлдарынанбыз», – деген жауап естіді. Әбу Бәкір Аллаһтың расулына: «Әкешешем жолында садақа кетсін, уа, Аллаһтың елшісі! Қауымдарының ішінде бұлардан асқан қадірлілері жоқ», – дейді.

Мәфрук ибн Амр, Хани ибн Қабиса, Мүсәнна ибн Хариса және Нұғман ибн Шәрик секілді қауымның зиялылары да сол жерде екен. Олардан Әбу Бәкірге ең жақын отырғаны – екі өрім шашы көкірегіне түсіп тұрған, сөзге шешендігімен танылған Мәфрук ибн Амр болатын. Әбу Бәкір одан:

- Қаншасыңдар? – деп сұрайды. Ол:
- Мыңнан көппіз, – деп жауап береді.
- Күштерің қалай? – деп сұрайды Әбу Бәкір.

Мәфрук ибн Амр:

- Еш аянып қалмаймыз, – дейді. Әбу Бәкір:
- Дұшпандарыңмен соғысқанда қалай болатын еді? – деп сұрайды. Мәфрук:

– Шайқасқанда тегеурініміз қатты. Тұлпарымыз үшін жанымыз садаға, ал қаруды сауынды түйелерден артық көреміз. Әрине, мұның бәрін беретін бір Аллаһ. Кейде жеңіліс табамыз, кейде жұлдызымыз оңынан туып, мерейіміз үстем түседі. Сен Құрайыштан емессің бе? – дейді. Әбу Бәкір: – Аллаһ расулы туралы хабардар шығарсыңдар? Міне, мына кісі сол, – дейді. Мәфрук:

– Иә, естідік. Аллаһтың пайғамбарымын деп жүргой, – дейді де, пайғамбарға:

– Ей, Құрайыштық! Бізді неге шақырасың? – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) отырған кезде, Әбу Бәкір киімімен оны қалқалап, көлеңкелейді. Пайғамбарымыз:

– Сендерді бір Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне, менің Аллаһтың пайғамбары екеніме сенуге, қолдауға,

бұйырылған міндетімді толық орындағанға дейін маған көмектесуге шақырамын. Құрайыш Аллаһтың дініне қарсы соғысу үшін бір-біріне көмектесіп, Аллаһтың пайғамбарын өтірікшіге балады, қателікке жол берді. Аллаһ еш нәрсеге мұқтаж емес және барлық мақтау Соған лайық, – дейді. Мәфрук: – Тағы не айтасың? – дейді. Аллаһ расулы мына аятты оқиды: *«Келіңдер, Раббыларыңның сендерге нені харам еткенін мен сендерге оқып берейін: Оған серік қоспаңдар, әке-шешеге мейірімділік танытыңдар, кедейліктен қорқып, балаларыңды өлтірмеңдер, өйткені сендердің де, олардың да ризығын беретін – Бізбіз. Жамандықтарға, зинақорлыққа жоламаңдар. Нақақтан-нақақ кісі өлтірмеңдер. Міне, ақылға саларсыңдар деп, Аллаһ сендерге осыларды бұйырады. Балиғатқа толғанға дейін жетімнің малына тимеңдер. Таразыдан жемеңдер. Біз ешкімге шамасы келмейтін жүк артып, қиянат жасамаймыз. Туыстарың болса да, туралықты айтыңдар. Аллаһқа берген келісімді бұзбаңдар. Міне, ойлансын деп, Аллаһ сендерге осыларды бұйырды. Сондай-ақ «Міне, менің тұп-тура жолым. Осыны ұстаныңдар. Аллаһтың жолынан адастыратын басқа жолдарды ұстанбаңдар. Жамандықтардан сақтанарсыңдар деп, Аллаһ сендерге осыларды бұйырды» де» (Әнғам, 6/151-153).*

– Тағы қандай айтарың бар? Бұл айтқандарың үйреншікті насихатқа ұқсамайды екен, әйтпесе осыған дейін естір едік, – дейді Мәфрук.

Аллаһ расулы (с.а.с.) тағы мына аятты оқиды: *«Аллаһ әділдікті, игілікті, жақсы амалды және туыстарының мұң-мұқтажын ескеруді бұйырады. Ұятсыздыққа, жаман істерге, зұлымдық пен*

жауыздыққа тыйым салады. Ойланарсыңдар деп сендерге үгіт айтады» (Нахл, 16/90).

– Ей, Құрайыштық! Сен нағыз жақсы іске, ізгілікке шақырдың. Айтқаныңды терістеп, саған қарсы шыққан қауымың адасып жүр, – дейді Мәфрук.

Сосын Хани ибн Қабисаның да сөзге араласқанын қалап: «Мынау тұрған – Хани ибн Қабиса – біздің ақсақалымыз әрі рухани абызымыз», – дейді. Хани:

– Ей, Құрайыштық! Сөздеріңді тыңдадым, айтқандарыңды қолдаймын. Аяқасты болған мына жиында ата-баба жолын тәрк етіп, дініңе бірден кіруіміз кателікке ұрындыра ма деп қорқамын. Кателіктің барлығы – асығыстықтан туады. Артымызда тұрған қауымымыз бар, олардың келісімін алмау орынды болмас. Сен де, біз де өз қабырғамызбен кеңесейік, сосын барып бір шешімге келейік, – дейді.

Мүсәнна ибн Харисаның да сөзге араласқанын қалағандай «Мынау – Мүсәнна. Сыйлы кісіміз әрі шайқастарда қол бастайтын батырымыз, – дейді. Мүсәнна:

– Сөздеріңді тыңдадым. Айтқандарың көңіліме жақты, ғажап екен. Мен де Хани ибн Қабисаның айтқанына қосыламын. Шыны керек, біз Йәмәмә мен Сәмауа деп аталатын екі судың арасын қоныстанған қауымбыз, – дейді. Расулаллах (с.а.с.):

– Бұл екі су туралы айтпағыңыз не? – деп сұрайды. Мүсәннә:

– Бірі – құрлықтың биік қыраты мен араб жері, екіншісі – парсылардың жері, Кисраның өзендері. Біз ол жерге алғаш қоныстанған кезде, Кисра бізден ешқандай дау тудырмауға, кісі өлтіргендерді паналатпауға уәде алды. Сенің бұл дініңді патшалар ұнатпайтын секілді.

Араб жерінде туындаған мәселеге келсек, бұған кешірім беріледі. Ал парсы жерінде ондай адамға кешірім берілмейді. Осыған орай, егер араб жерінде саған көмек беруімізді қаласаң, бұл тілегінді орындаймыз, – дейді. **Пайғамбарымыз** (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм):

– Жақсы айттыңыз, шындықты жақсы жеткіздіңіз. Өйткені жағдайды жан-жақты таразыламаған адам Аллаһтың дінін игере алмайды, – дейді. Содан соң Әус пен Хазраждың мәжілістеріне бардық. Біз сол жерде отырғанда, олар Аллаһ расулына (с.а.с.) серт берді. Али (р.а.): «Әус пен хазраждықтар өте турашыл әрі сабырлы адамдар еді», – дейді¹⁰⁸.

Пайғамбарымыздың Әус пен Хазраж тайпаларын Исламға шақыруы

Али (р.а.) бірде ансарлар туралы, олардың артықшылықтары мен сіңірген еңбектері жайлы әңгімелеп, былай дейді:

«Ансарды жақсы көрмеген, олардың қадірін білмеген адам кәміл мұсылман бола алмайды. Ансарлар жарқылдаған қылыштарымен, шешен тілдерімен, асқан жомарттығымен Исламның туын жықпай, бүгінгі күнге жеткізді. Аллаһқа ант етемін, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жәрменкелерге шығатын, тайпаларды Исламға шақыратын, бірақ айтқанын тыңдай қоятын адам табылмайтын. Мәжәннада, Укказда, Минада тайпаларға барып, жылда дінді уағыздайтын. Тіпті, кейбір тайпалар: «Бізден әлі үмітінді үзген жоқсың ба?» – деп жактырмайтын. Аллаһ тағаланың бұйрығымен ансардан осы екі тайпаға Пайғамбарымыз Исламды түсіндірді. Олар Исламды бірден қабылдап, Аллаһ ел-

¹⁰⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/142

шісін өз қамқорлықтарына алып, тиісінше көмек берді. Аллаһ ансарды мол игілікке бөлесін. Біз оларға бардық, үйлерінде тұрдық. Бізді құшақ жая қарсы алып, бауырына басты. Бізді өз араларында бөлісіп, қонақ ету үшін таласып, тіпті жеребе де тастайтын. Өздерінің дүние-мүліктерін бөліскенде де бар ықыластарымен бізге көбірек беруді қалайтын. Ансарлар өздерінің жандарын Пайғамбарымыздың жолында пидә етті. Пайғамбарымыз бен ансарларға Аллаһтың игілігі мен сәлемі жаусын!»

Сағыд ибн Рәбидің анасы Үммі Сағыд (р.а.): «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Меккеде тұрған кезде, жар құлағы жастыққа тимей тайпаларды бір Аллаһқа сенуге шақыратын, алайда жар сүзгендей қиналып, көп қорлық көретін. Аллаһ тағала ансардың осы тайпасына тура жолды нәсіп етіп, Хақ нәби (с.а.с.) Ақаба деген жерде олардың бір тобымен кездеседі. Пайғамбарымыз іздеп барған уақытта, олар шаштарын алдыртып жатқан болатын».

Сағыд ибн Рәби: «Анашым, олар кімдер еді?» – деп сұрайды.

«Алты немесе жеті адам болатын. Үшеуі Бәнү Нәжжардан еді. Олар Әсәд ибн Зүрара мен Афраның екі баласы еді (қалғандарының есімдерін айтпады). Расулаллаһ олардың қасына отырып, құдіретті Аллаһқа иман етуге үгіттеді, Құран оқыды. Олар айтылған сөзге илігіп, келесі жылы қайта кездесуге келісті. Бұл – бірінші Ақаба. Екінші Ақаба содан кейін болды».

Үммі Сағыдтан: «Расулаллаһ Меккеде қанша уақыт болды?» – деп сұрадым. «Әбу Сырма Қайс ибн Әнәстің сөзін естіген жоқсың ба?» – деді. «Жоқ, білмеймін», – дедім. Сонда ол Әбу Сырманың мына өлеңін оқыды:

«Құрайыштың ішінде он жылдан астам жүрді,
Қашан адал дос тапса, өз ісін түсіндірумен
болды»¹⁰⁹.

Зүхри айтады: «Мүшріктер қысым жасауды
жиілеткен кезде, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)
көкесі Аббас ибн Абдулмұтталибке: «Көке! Құдіретті
Аллаһ өз дініне сондай бір қауыммен көмектеседі,
бұл қауым үшін Құрайышты бас идіру өте оңай. Қане,
Укказ жәрмеңкесіне барайық, маған араб тайпалары
тұратын жерді көрсет, оларды Аллаһқа иман келтіруге
шақырайын. Маған қолдау көрсетуін, мені қолдауларын
сұрайын», – дейді. Аббас: «Мақұл. Сен Укказға бар, мен
де бірге барайын, саған тайпалардың тұратын жерін
көрсетейін», – дейді.

Аллаһ расулы (с.а.с.) алдымен Сақиф тайпасына ат
басын бұрды. Сосын біртіндеп басқа тайпаларды арала-
ды. Келесі жылы (ашық уағыздауға әмір алған жылы)
Әус пен Хазраж тайпасынан алты адаммен танысты.
Олар: Әсәд ибн Зүрара, Әбул-Хайсам ибн әт-Тәйихан,
Абдуллаһ ибн Рауаха, Сағыд ибн Рәби, Нұғман ибн Ха-
риса және Убада ибн Самит еді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу
аләйһи уә сәлләм) бұл топпен Минада Жәмра-Ақабаның жа-
нында кездесті. Оларды Аллаһқа құлшылық жасауға,
нәбилер мен расулдар арқылы жіберген дінге қолдау
көрсетуге шақырды. Олар түскен уахидан оқып бе-
руді сұрады. Пайғамбарымыз «Ибраһим» сүресін отыз
бесінші аяттан бастап, соңына дейін оқыды. Бұл аяттың
мағынасы мынадай еді: «Сол уақытта Ибраһим былай
деген еді: *«Уа, Раббым! Мына өңірді бейбіт те берекелі
ете гөр. Мені және әулетімді пұттарға табынудан
аулақ ет. Раббым! Шынында, адамдардың көпшілігі*

¹⁰⁹ Хаким, Мүстәдрәк 2/683 (4255)



пұттарға табынып, адасып жүр. Енді осыдан кейін кім маған бағынса, ол менен. Кім маған қарсы келсе, оны Өзіңнің рақымдылығыңа тапсырдым. Күмәнсіз, Сен ерекше мейірімді, кешірімдісің. Уа, біздің Раббымыз! Мен ұрпағымның бір бөлігін сенің қасиетті үйіңнің жанына, егін өспейтін шөлейтті жерге орналастырдым. Раббымыз! Намазды тиісінше оқысын деп осылай жасадым. Раббым! Адамдардың көңілін соларға бұр, оларды ризықтандыр, Саған шүкіршілік етсін. Раббымыз! Біз жасырсақ та, жасырмасақ та, жасаған барлық іс-әрекетіміз өзіңе аян. Жер мен көкте Аллаһ білмейтін еш нәрсе жоқ. Барлық мақтау мен мадақ қартайған шағымда маған Исмаил мен Ысқақты берген Аллаһқа тән. Күмәнсіз, Аллаһ дұғаларды қабыл етеді. Раббым! Мені және ұрпағымды намазын толық оқитын құлдарыңнан ете гөр! Дұғамды қабыл ет, Раббым! Раббым! Мені, анамды, әкемді және барлық мүміндерді қиямет күні кешіре гөр! Залымдардың істеген істерінен Аллаһ хабарсыз деп әсте ойлама. Аллаһ олардың жазасын қорқыныштан көздері шарасынан шығатын күнге қалдыруда. Бұл күні, олар қолдан келер қайран жоқ, көздері атыздай болып тек жүгіре береді. Азап келетін күнді адамдардың есіне сал. Сол күні залымдар: «Раббымыз! Бізге аз ғана уақыт бер, Саған бағынып, пайғамбардың жолымен жүрейік» дейді. Бұрын ешқашан өлместей, мәңгі тірі қалатындығына ант еткен сендер емес пе едіңдер? Сендерден бұрын өздеріне зұлымдық жасағандардың ізін бастыңдар. Оларға не жасағанымыз да сендерге айқын. Сендерге мысалдар келтіріп, ақиқатты түсіндірдік. Олар өздеріне тұзақ құрды. Алайда құрған тұзақтары тау қопарарлықтай болса да, Аллаһ ай-

лаларын асыртпайды. Аллаһ пайғамбарларына берген уәдесінен таяды деп әсте ойлама. Аллаһ, әрине, аса үстем, күнәһарлардың сазайын беруге құдіреті жетеді. Сондай бір күн туады: жер басқа жерге, көктер басқа көктерге айналады. Барлық адамдар қабірлерінен шығып, аса үстем Аллаһтың құзырына шығады. Сол күні күнәһар кәпірлердің бір-бірімен қосақталғанын көресің. Көйлектері қара май болып, жүздерін от шалады. Аллаһ әрбір адамды істеген еңбегінің жемісін беру үшін тірілтеді. Аллаһ есепті тез жүргізеді. Міне, бұл – осылар арқылы адамдар ескертілсін, Аллаһтың жалғыз тәңір екенін білсін, ақыл-ойы толық, ар-ождан-ы таза адамдар ойланып, сабақ алсын деп түсірілген Құранның айқын уағызы» (Ибраһим, 14/ 35-52).

Олар Аллаһ расулының (с.а.с.) сөздерін ұйып тындайды, саналарына сәуле түсіп, иман келтіреді. Расулаллаһ олармен тілдесіп тұрғанда, көкесі Аббас сол жерден өтіп бара жатқан болатын. Пайғамбарымызды даусынан танып, одан: «Қасындағылар кімдер?» – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз:

«Көке, мен дінді уағыздап тұрған бұлар – Мәдина тұрғындары: Әустіктер мен Хазраждықтар. Келісіп, тіпті мені өздерімен бірге елдеріне әкететін болды», – дейді.

Аббас атынан түсіп: «Әй, Әус пен Хазраж қауымы! Бұл – менің немере інім. Ең жақсы көретін адамым. Сендер оған сеніп, өздеріңмен бірге алып кетуге нақты шешім қабылдаған болсаңдар, Мұхаммедті ренжітпейтіндіктеріңе және алдамайтындықтарыңа уәде берулеріңді сұраймын. Көршілеріміз – дұшпандығы бәрімізге белгілі яһудилер, пайғамбарға қастандық жасамайтындығына көзім жетпейді», – дей-

ді. Аббастың (р.а.) Сағыд пен жолдастарына сенімсіздік танытқанына ренжіген Әсәд ибн Зұрара (р.а.): «Уа, Расулаллаһ, рұқсат етсең, сені ренжітпейтінімізді, екі сөзге келместен айтқаныңды тыңдайтынымызды, пайғамбарлығыңа сенгендігімізді көкеңе білдірейік», – дейді. Расулаллаһ: «Мейлі, ешкімнің көңіліне келмейтіндей жауап беріңдер» дейді. Сонда Әсәд ибн Зұрара Пайғамбарымызға қарап: «Уа, Аллаһтың елшісі! Әр істің жеңіл жағы да, ауыр жағы да болады. Қазір сен бізді аса ауыр іске шақырып отырсың. Өз дінімізді тастауға, жаңа дінді мойындауға шақырдың. Бұл өте салмағы зілбатпан ұсыныс, алайда біз ештеңеге қарамастан келістік. Бізді дінсіздермен арамыздағы байланысымызды үзуге шақырдың. Бұл қиын шарт, әйтсе де осы ұсынысыңды да қабылдадық. Біз ешкім көз сұғып қарауға дәті бармайтын құтты мекенде қуатты әрі іргелі ел болып тұрған кезде, өз қауымы тастап кеткен, бізден шықпаған адамның бізді басқарғанын қаладың. Бұл өте ауыр да қиын ұсыныс болғанына қарамастан, көзді шарт жұмып қабылдадық. Бұлардың барлығы бірдей халыққа ұнай бермейді. Бұл тек Аллаһтың разылығы мен рақымына бөленгісі келген, болашағының жарқын болғанын күткен адамдарға ғана ұнайды. Осы мәселелердің барлығында саған шын көңілмен иман келтіріп, айтқандарыңды жүрекпен қабыл еттік. Саған серт береміз. Раббымызға бағынатынымызды білдіреміз. Раббымыз бізді қолдасын. Жанымыз да, тәніміз де сенімен бірге. Өз өмірімізді, бала-шағаларымызды қауіп-қатерден қалай қорғасак, сені де солай қорғаймыз. Бұл уәдемізді орындайтын болсак, Аллаһ үшін орындаймыз. Уәдемізде тұрмасак, опасыз болғанымыз. Лайықты жазамызды алып, қасірет шегерміз. Уа, Расулаллаһ!

Міне, біздің саған көрсететін, қолымыздан келетін бар қолдауымыз – осы. Сыйынуға лайық құдірет бір Аллаһ қана», – дейді.

Әсәд ибн Зүрара (р.а.) осылай деген соң, Аббас ибн Абдулмұтталибке қарап: «Ей, пайғамбардың алдында бізбен сөз таластырған адам! Саған келетін болсақ, (шын ниетінді, әрине, Аллаһ біледі) Аллаһ расулының сенің немере інің екенін, оны бәрінен артық көретінін айттың. Біз алыс-жақын туыстарымызбен байланысымызды үзуге бел байладық. Мұхаммедтің Аллаһтың пайғамбары екеніне куәлік етеміз. Хақ тағала оны өзі жіберген. Ол өтірікші емес. Айтқан сөздері пенденің сөздерінен мүлдем ерекше. Бізден серт алмайынша, көңіліңнің тыншымайтынын айттың. Аллаһ расулына осындай серт бергенімізді кім-кімге де қаймықпай айта аламыз», – дейді.

Сосын Аллаһ елшісіне: «Уа, Расулаллаһ! Қалағаныңды ал, Раббың үшін қалаған шартыңды айт, бұйрықтарыңды екі етпейміз», – дейді»¹¹⁰.

6. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ БАЗАРЛАРДЫ ЖАҒАЛАП ИСЛАМДЫ УАҒЫЗДАУЫ

Рабия ибн Уббад былай дейді: «Мен Аллаһтың расулын «надандық (жаһилия) дәуірінде» Зүл-Мәжаз базарынан көретінмін. Айналасына жиналған халыққа: «Ей, адамдар! «Лә илаһа иллаллаһ» деңдер, ақырет азабынан құтыласыңдар», – дейтін. Ал оның артынан ашық жүзді, көзі қыли, екі өрім шашы бар біреу қалмай еріп жүріп, «Бұл – өтірікші, айтқанына сенбеңдер» де-

¹¹⁰ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 1/533 (1525)

уден жағы талмайтын. Ізінен ерген кісінің Әбу Ләхаб екенін кейіннен білдім¹¹¹.

Бұл жайлы басқа бір риуаятта: «Аллаһ расулы Әбу Ләхабтан бойын аулақ салғысы келсе де, ол оның қыр соңынан қалмайтын» делінсе, тағы бір хабарда: «Иін тірескен халықтан ине шаншар орын қалмайтын. Тоқтаусыз сөйлеген ондай адамды ешқашан көрген емеспін»¹¹² деп келеді.

Тарық ибн Абдуллаһ айтады: «Бір күні Зүл-мәжаз базарына барғанымда, қызыл шапанды бір кісінің: «Ей, адамдар! Лә илаһа иллаллаһ деп, ақыреттегі ауыр азаптан құтылындар» деп тұрғанын көрдім. Артынан еріп жүріп оны таспен ұрып, аяқтарын қып-қызыл қанға бояған біреу: «Ей, халайық! Ол өтірікші, айтқанына сенбендер!» – деп жүр екен. Мен мұның себебін сұрағанымда, Хашимұлдарынан бір жас жігіт: «Мына кісі өзінің Аллаһтың пайғамбары екенін айтып жүр, ал ана адам оның көкесі – Абдул-Узза, яғни Әбу Ләхаб», – деді¹¹³.

Мәлік ибн Кинанаұлдарынан біреу мұны былайша баяндайды: «Зүл-мәжаз базарында Аллаһтың расулын көрдім, ол: «Ей, адамдар! Лә илаһа иллаллаһ деңдер, ақыретте азапқа ұшырамайсындар», – деп жүрді, Әбу Жәһіл болса оған топырақ шашып: «Бұл сендерді діндеріңнен тайдырмақшы. Мұхаммед тәңірлерің Лат пен Узза пұттарын тәрк етулеріңді қалайды», – дейтін. Аллаһ расулы Әбу Жәһілге көз қиығын да салмайтын.

Мен оған: «Аллаһтың расулын сипаттап берші!» – деп өтінгенімде, «Қызыл шапан киген, орта бойлы,

¹¹¹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/41

¹¹² Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 6/20 (9834)

¹¹³ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 6/20 (9835)

мығым денелі, жылы жүзді, қою қара шашты кісі», – деп жауап берді»¹¹⁴.

7. ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫН ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУУЫ

Осы мақсатта ас беруі

Али (р.а.) риуаят етеді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Абдулмұтталибұлдарын асқа шақырды. Он шақты адам жиналды. Барлығы да алып денелі, бір жегенде бір қойдың етін бір-ақ жейтін адамдар болатын. Аллаһ расулы оларға бір табақ қана тамақ әзірлетті. Олар тыңқып тойғанша жейді. Әйтсе де тағам ешкім түртпегендей мұрты бұзылмады. Сосын Аллаһ елшісі кішкене шыныаяқпен сусын алдырды. Оны барлығы қанғандарынша ішті. Сусын да бір елі ортаймай сол күйі қалды. Сонда Аллаһ елшісі: «Ей, Абдулмұтталибұлдары! Мен алдымен сендерге, сосын жалпы адамзатқа пайғамбар етіп жіберілдім. Міне Аллаһтың ризықтарымызды қалай берекелі еткен мұғжизаларына да куә болдыңдар. Қайсысың маған бауыр және жолдас болу үшін серт бересіңдер?» – деп сұрады. Ешкім үндемеді. Араларындағы жасы ең кішісі мен болатынмын, мен орнымнан тұрдым. «Сен отыр!» – деді де, үш рет осы сұрақты қайталады. Барлығында да орнымнан тұрдым, алайда ол әр тұрған сайын отыруымды әмір етті. Ақыры, үшіншісінде қолын беріп, сертімді қабылдады»¹¹⁵.

¹¹⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/139

¹¹⁵ Ибн Кәсир, Тәфсир 3/350



8. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ САПАРДА ЖҮРІП ХАЛЫҚТЫ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУЫ

Бір бәдәуиді Исламға шақыруы

Ибн Омар (р.а.) былай дейді: «Бірде Аллаһ расулы (с.а.с.) екеуіміз бір сапарға шықтық. Жолда бір бәдәуиге жолықтық. Аллаһ расулы одан қайда бара жатқанын сұрады. Бәдәуи: – Үйіме бара жатырмын, – деп жауап берді. Ардақты елші:

– Бір қайырлы іс жасауға қалай қарайсың? – деп сұрады. Өлгі адам:

– Қандай? – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз:

– Бір Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне, серігі мен теңдесі жоқ екеніне, Мұхаммедтің Аллаһтың құлы әрі расулы екеніне куәлік етесің бе? – дейді.

– Айтқандарыңның растығын қалай дәлелдейсің? – деп сұрады бәдәуи. Пайғамбарымыз:

– Мына көріп тұрған ағашың менің сөздеріме дәлел болады, – дейді де, оң жақта тұрған ағашты өзіне шақырады. Ағаш жер жыртқан соқадай артына боразда із қалдырып, пайғамбарымыздың алдына «келеді». Аллаһ расулы ағашқа үш рет куәлік айтқызды. Бұдан кейін ағаш қайта өз орнына барып тұрды. Бәдәуи кетіп бара жатып: «Егер қауымым маған бағынатын болса, оларды да саған ертіп әкелемін. Мені тыңдамаса, өзім келіп, сенімен бірге боламын», – деді»¹¹⁶.

¹¹⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 6/125

9. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ХАЛЫҚТЫ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУ УШІН ЖАЯУ САПАРҒА ШЫҒУЫ

Таифке жаяу баруы

Абдуллаһ ибн Жағфар (р.а.) былай дейді: «Әбу Тәліп қайтыс болған соң, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Таифқа жаяу барып, халқын Исламға шақырды, бірақ олар айтқандарын қабылдамады. Кері оралып, бір ағаштың көлеңкесін саялап, бел жазып, аяқ суытқаннан кейін, екі рәкат намаз оқып, Аллаһқа мұңын шағып: «Аллаһ тағалам! Әлсіздігімді, адамдар алдындағы шарасыздығымды бір Өзіңе ғана айтып, сыйынамын.

Ей, рақымдылардың рақымдысы Раббым! Мейірімділердің мейірімдісі! Мені кімге қалдырдың? Маған қарсы қастыққа барған дұшпаныма ма, әлде айтқандарыма құлақ аспайтын туыстарыма ма?

Аллаһ тағалам! Маған қаһарланып, наразы болмасаң болғаны, басқа еш нәрседен қам жемеймін. Кешірімділігің шексіз.

Ей, Аллаһ тағалам! Рақымыңнан құр қалудан сақтанып, қараңғылықты нұрландыратын, дүние мен ақырет істерін реттейтін бір Өзіңе ғана сыйынамын.

Аллаһ тағалам! Маған разы болғаныңа дейін, кешіріміңді тілеймін. Сенен асқан күш-құдірет иесі жоқ»¹¹⁷, – деп Жаратқанға жалбарына дұға жасайды.

¹¹⁷ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 6/37 (9851)

10. СОҒЫС МАЙДАНДАРЫНДА ИСЛАМҒА ШАҚЫРУ

Пайғамбарымыз Исламға шақырмайынша ешкіммен соғыспаған

Ибн Аббас (р.а.) былай деген: «Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Исламға шақырмай тұрып, ешқандай қауыммен соғыспаған»¹¹⁸.

Пайғамбарымыздың әскери жасақтарға берген нұсқауы

Абдуррахман ибн Аиз (р.а.) былай дейді: «Расулаллаһ (с.а.с.) жорыққа қол аттандыратын кезде: «Халықпен жылы қатынас жасаңдар, оларға мұсылмандықты насихаттамайынша, бірден бас салып немесе тұтқиылдан шабуыл жасамаңдар. Қалаларда, таулы аймақтарда тұратын былайғы жұрттың иманға келуі әйелдер мен балаларды тұтқынға алып, еркек кіндіктілерін жер жастандырғандарыңнан әлдеқайда артық», – дейтін»¹¹⁹.

11. ИСЛАМДЫ НАСИХАТТАУ МАҚСАТЫНДА ӘР АЙМАҚҚА ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ МҰҒАЛІМДЕР ЖІБЕРУІ

Мұсғаб ибн Умәйрді Мәдинаға жіберуі

Уруа ибн Зубәйр (р.а.) былай дейді: «Ансарлар Аллаһ расулының сөздерін естіп, уағыздалған ақиқаттар жүректеріне сіңіп иман келтірді. (Бұдан бұрын да айтылғанындай, Аллаһ расулының «Бірінші

¹¹⁸ Дарими, Сүнән 2/286 (2444)

¹¹⁹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 4/758 (11300)

Ақабада» сол алты адаммен кездесуі және олардың келесі жылғы қажылық кезінде қайтадан жолығуға сөз беріп, қауымдарына қайтуы ансарлардың иман келтіруіне себеп болған). Сол алты адам Пайғамбарымызға: «Бізге бір адам жібер, халықты Аллаһтың кітабына сенуге шақырсын. Бұл халықтың Құранға тезірек ден қоюына септігін тигізеді» деген хабар жібереді. Бір риуаят бойынша, бұл хабарды жеткізгендер – Муаз ибн Афра мен Рафи ибн Мәлік (р.а.).

Сонда Пайғамбарымыз Абдуддарұлдарының бауыры Мұсғаб ибн Умәйрді жібереді. Мұсғаб Бәну Ғанәм тайпасынан Әсәд ибн Зұрараның үйіне түседі. Олармен сұқбат құрып, Құраннан аяттар оқиды. Нәжжарұлдары Әсәд ибн Зұрараға қысым көрсеткендіктен, Мұсғаб ол жерден кетіп, Муаздың үйіне барады. Сағыд ибн Муаздың рухани қолдауына сүйеніп, талмай, тайсалмай, халықты ұдайы иманға шақырады. Хақ тағала сол арқылы ансарларға тура жолды нәсіп еткен еді. Ансарларда мұсылмандықты қабылдамаған бірен-саран отбасыны есепке алмағанда, бетке ұстар адамдарының өзі мұсылман болған еді. Амр ибн Жәмух та Исламды қабылдап, осылайша пұттарға деген сенімнің тамырына балта шабылған еді. Мұсғаб ибн Умәйр Аллаһ расулына қайтып оралады. Осыдан бастап Мұсғаб (р.а.) «Мукри», яғни «Құран үйретуші» деген атқа ие болады»¹²⁰.

Пайғамбарымыздың Әбу Уаманы маңайдағы халыққа мұғалім ретінде жіберуі

Әбу Уамама (р.а.) былай дейді: «Ардақты елші (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Аллаһқа шақыру, Исламның негіздерін үйрету мақсатында мені өз еліме жіберді. Мен

¹²⁰ Ибн Жәузи, Сыфатус-сафуа 1/391



барғанда, олар түйелерін сауып, сүтін ішіп отыр екен. Мені көрген кезде: «Амансың ба, Судай ибн Ажлан! Естуімізше, сен де дініңнен шығып, әлгі адамның жағына өтіпсің?» – деді. «Жоқ, мен бар болғаны Аллаһ пен расулына иман еттім. Расулаллаһ мені сендерге Исламды түсіндіруге жіберді», – дедім. Сол кезде бір табақ қанды ортаға қойып жей бастады. Маған: «Сен де кел, Судай», – деді. Мен: «Мен мұны харам еткен пайғамбардан келіп отырмын, тек Аллаһтың атымен сойғандарың ғана адал», – дедім. Олар: «Сонда ол не деп үйретеді?» – деп сұрағанда, мен былай дедім: «Оған бұл мәселеде мына аят түсті: *«Сендерге мыналар харам етілді: Өлексе мал, қан, шошқаның еті, Аллаһтан басқаның атымен сойылған, (жаны шықпастан бұрын үлгеріп, шартына сай түрде сойылғандардан басқа), буынып өлген, соғылып өлген, биіктен құлап өлген, сүзілген немесе жыртқыш аңдар талап кеткен малдардың еті, пұттарға арнап сойылған малдардың еті және құмар ойнау арқылы тапқан еттер»* (Маида, 5/3).

Оларды Исламға иман келтіруге шақыра бастадым, бірақ олар кашқақтап, бас тартумен болды. «Бір жұтым су беріндер, шөлден кеуіп барамын», – деп, су сұрағанымда, «Өлсең өліп кет, саған су бермейміз», – деген жауап естідім. Сәлдем бар еді, аптап ыстықтан қорғанып, сонымен басымды шымқап алдым да, құмға жантайдым. Сол күйі мызғып кетіппін. Түсімде біреу бір шыныаяқпен су ұсынды. Дәмі өзгеше екен, басыма бірақ көтердім. Іле оянып кеттім. Содан кейін ешқашан шөлдеген емеспін»¹²¹.

¹²¹ Табарани, әл-Мугжамул-кәбир 8/279 (8074)

12. ИСЛАМ НЕГІЗДЕРІН ОРЫНДАУҒА ШАҚЫРУ

Пайғамбарымыздың Жәрирді иман келтіруге және парыздарды орындауға шақыруы

Жәрир ибн Абдуллаһ (р.а.) былай дейді: «Нәби (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) маған хабар жіберіп, өзіне шақырды. Мен оған жолыққанымда, «Жәрир, Мәдинаға не үшін келдің?» –деп сұрады. «Уа, Расулаллаһ, сенің алдында мұсылман болуға келдім», – дедім мен. Ол сол сәт иығыма шапан жауып, сахабаларына: «Сендерге бір қауымның бетке ұстар адамы келгенде, оған құрмет көрсетіндер. Жәрир, сені Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне, менің Аллаһтың расулы екеніме куәлік келтіруге, Аллаһқа, ақырет күніне, тағдырға, парыз намаздарды оқуға, парыз болған зекетті беруге шақырамын», – деді.

Мен бұларды орындауға уәде бердім. Осыдан бастап Аллаһ расулы (с.а.с.) мені көрген сәтте күлімсіреп қарсы алатын болды»¹²².

Пайғамбарымыздың Муаз ибн Жәбәлға берген нұсқауы

Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Муаз ибн Жәбәлді (р.а.) Йеменге аттандырып тұрып былай дейді: «Ей, Муаз! Сен халқы әһл-кітап (кітап иелері: христиандар мен яһудилер) болған елге бара жатырсың. Оларды Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешқандай тәңірдің жоқ екеніне, Мұхаммедтің Аллаһ елшісі екеніне куәлік келтіру-

¹²² Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/78

ге шақыр. Егер куәлік келтіріп, айтқанымды тыңдаса, оларға Аллаһ тағаланың бес уақыт намазды парыз еткенін айт. Мұны да қабылдаса, оларға Хақ тағаланың зекетті парыз еткенін хабарла. Бұған да келісімін берсе, олардың бағалы мал-мүліктерін алушы болма. Қиянатқа ұшырап, жәбірленушінің дұғасынан сақтан! Өйткені жәбірленуші мен Аллаһтың арасында перде болмайды»¹²³.

Пайғамбарымыздың Хаушаб зу-Зуләймді парыздарды орындауға шақыруы

Хаушаб зу-Зуләйм былай дейді: «Аллаһ тағала Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жеңісті нәсіп еткеннен кейін, мен оған Абдушәрр басқарған қырық атты әскерді жібердім. Елшілерім менің хатымды алып, Мәдинаға барған соң, Абдушәрр: «Мұхаммед деген кім?» – деп сұрайды. «Мына кісі» деп, ол жердегілер Пайғамбарымызды нұсқағанда, ол:

– Мына жұртқа не айтасың? Егер айтқаның ақиқат болса, саған бағынамыз, – дейді. Расулаллаһ: – Намаз оқисындар, зекет бересіндер, қан төкпейсіндер, жақсылықты жайып, жамандықтан тыясындар, – дейді. Абдушәрр:

– Бұл айтқандарың көкейге қонады екен. Әкел қолынды, саған серт беремін, – дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) одан:

– Сенің есімің кім? – деп сұрайды.

– Абдушәрр (жамандықтың құлы), – деп жауап береді ол. Пайғамбарымыз:

– Жоқ, керісінше, сенің есімің Абдулхайыр (жақсылықтың құлы) болуы керек, – дейді.

¹²³ Бұхари, Сахих 2/544 (1425)

Ол Аллаһ расулына иман келтіріп, серт береді. Пайғамбарымыз сол адам арқылы Хаушаб зу-Зуләймге жауап жібергеннен кейін, Хаушаб та Аллаһ пен расулына иман келтіреді»¹²⁴.

Пайғамбарымыздың Абдулқайс басқарған топты парыздарды орындауға шақыруы

Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Абдулқайс басқарған елшілер тобы Пайғамбарымызға келді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) оларға:

– Қош келдіңдер! Иншаллаһ бұл келгендеріңе ұятқа қалып, өкінбессіңдер һәм зиянға ұшырамассыңдар, – дейді. Олар:

– Уа, Расулаллаһ! Сенімен арамызда Мудар мүшріктерінен бір топ бар. Сондықтан да саған тек харам айларында ғана келе аламыз. Орындаған жағдайда бізді жаннатқа бастайтын және елімізді де соған насихаттайтын ізгі амалдарды білдірсеңіз, – деп насихат сұрайды. Пайғамбарымыз:

– Сендерге төрт нәрсені бұйырамын, төрт нәрсеге тыйым саламын. Ол төрт нәрсе: Аллаһқа иманда тұрақты болу, яғни Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне нық сеніммен намаз оқу, зекет беру, ораза тұту, олжаның бестен бірін беру. Мына төрт нәрсеге тыйым саламын: Дүбба, накир, хантәм және мүзәффәт деген ішімдік ыдыстарына құрма немесе жүзімнен жасалған шарап құю. Бұларды жақсылап біліп алыңдар, басқаларға да айта барыңдар, – дейді¹²⁵.

¹²⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 1/535 (1531)

¹²⁵ Мүслим, Сахих 1/46 (23)



Алқаманың иман ақиқаты жайлы хадисі

Алқама ибн Харис (р.а.) былай дейді: «Жеті адам болып Аллаһтың расулына (с.а.с.) барып сәлем бердік. Ол сәлемімізді алды. Біраз тілдестік. Арамыздағы әңгіме былай өрбіген еді:

– Сендер кімсіңдер? – деді ол. Біз:

– Мүміндерміз.

– Барлық сөздің бір ақиқаты бар, иманыңыздың айғағы не?

– Мына он бес қасиет. Оның бесеуін бізге сен бұйырдың, бесеуін елшілерің бұйырды, ал бесеуі – надандық дәуірінен келе жатқан қасиеттеріміз. Егер сен оларға да тыйым салсаң, қажет болса, бас тартып, не айтсаң, соған бағынамыз.

– Мен сендерге қандай нәрсе бұйырдым?

– Сен бізге Аллаһқа, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына, жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екеніне сенуді бұйырдың.

– Сендерге менің елшілерімнің бұйырған нәрселері не?

– Елшілерің бізге Аллаһтан басқа табынуға лайық тәңірдің жоқ екеніне, Оның теңі-теңдесі жоқ екеніне сенуімізді, сенің Аллаһтың құлы әрі расулы екеніңе куәлік келтіруімізді, бес уақыт намаз оқуымызды, парыз болған зекетті беруімізді, рамазан айында ораза ұстауымызды, шама келсе, қажылыққа баруды бұйырды.

– Ал надандық кезеңінен қалған бес қасиеттерің қайсылары?

– Молшылық кезінде шүкіршілік, қиындыққа сабырлық, соғыста әділдік сақтау, басқа түскен

қиындыққа наразылық танытпау, тіпті дұшпанымыздың басына келген қасіретке қуанбау.

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Түсінігі мол, тура сөйлейтін, ізгілікті ту еткен қауым екенсіңдер. Қасиеттеріңнің кереметтігі соншалық – пайғамбарлық көкжиегіне жетейін деп қалған екенсіңдер, – деп бізге ілтипат білдірген соң, – сендерге енді бес өсиет айтамын, Аллаһ осылайша сендердің асыл қасиеттеріңді шындай түссін: жегендеріңнен артық нәрсе жимаңдар, өздерің тұрмайтын үй салмаңдар, бүгін бар, ертең жоқ дүние үшін бір-біріңмен араздаспаңдар, Аллаһтан қорқып, азабынан сақтаныңдар, мәңгілік тұрақтайтын ақырет мекеніне қуана-құлшына ынта білдіріңдер!» – деді¹²⁶.

13. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУ ҮШІН ЕЛ БИЛЕУШІЛЕРІНЕ ХАТ- ХАБАР ЖОЛДАУЫ

Аллаһ расулының сахабаларды Исламды насихаттауға үндеуі

Мисуар ибн Махрама (р.а.) былай дейді: «Бір күні Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) сахабаларына: «Аллаһ тағала мені барша ғаламға рақым етіп жіберді. Әй, Аллаһтың рақымына бөленгендер! Сендер де менің атымнан Исламды уағыздау міндетін атқарыңдар. Иса пайғамбардың бір-бірімен келіспей қалған хауарилары сияқты бас-басыңа би болмаңдар. Өйткені мен секілді Иса пайғамбар да хауариларын шақырғанмен, өзіне жақын санаған хауарилары алысқа ат арылтқысы келмеді. Мәриямның ұлы Иса Хақ тағалаға бұл мұңын

¹²⁶ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 1/476 (1363)

шаққанда, әр хауари Аллаһтың құдіретімен өздері жіберіліп отырған қауымның тілін білетін жағдайға жетті. Сол себепті бұл Аллаһ тағаланың сендерден қалаған қызметі екені даусыз. Ойланып-толғанып жатпай, дереу орындандар!» – деді». Сахабалар: «Уа, Расулаллаһ! Тапсырмаңызды қалтқысыз орындаймыз, бізді қалаған жеріңізге жіберіңіз», – деді.

Олардың келісімін алған Аллаһ нәбиі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Абдуллаһ ибн Хузафаны (р.а.) Кисраға, Сәлит ибн Амрды (р.а.) Йәмама басшысы Хаузаға, Ала ибн Хадрамиді (р.а.) Хажар басшысы Мүнзир ибн Сәуаға, Амр ибн Асты (р.а.) Умман билеушілері Жүләндидің екі баласы Жайфар мен Уббадқа, Дыхиятул-Кәлбиді (р.а.) Цезарьға, Шүжаға ибн Уәхб Ансариді (р.а.) Ғассанилерден Мүнзир ибн Хариске, Амр ибн Умәйтуд-Дамридi (р.а.) Нәжашиге жіберді. Ала ибн Хадрамидан басқаларының барлығы Аллаһ расулы дүниеден қайтпай тұрып, Мәдинаға оралды. Тек Ала ибн Хадрами ғана Пайғамбарымыз қайтыс болар сәтте, Бахрейнде болатын¹²⁷.

Ибн Хажар «Фәтхул-Бәрида» Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) өмірін зерттеген тарихшылардың бұл елшілердің қатарына мына адамдарды да қосқанын айтады: «Пайғамбарымыз Мұһажир ибн Әбу Умәйяні Харис ибн Абди Күлалге, Жәрирді (р.а.) Зүл Кәлаға, Саибті (р.а.) Мүсәйламаға, Хатыб ибн Әбу Бәлтағаны (р.а.) Мұқауқысқа аттандырған болатын»¹²⁸.

¹²⁷ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 20/8 (12)

¹²⁸ Ибн Хажар, Фәтхул-бари 8/128

Пайғамбарымыздың Хабаши патшасы Нәжашиға үшбу хаты

Ибн Ысқақ былай дейді: «Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Жағфар ибн Әбу Тәліп пен жолдастарының жағдайын баяндап, Амр ибн Умәйтуд-Дамридің (р.а.) қолына хат ұстатып, Нәжашиге жіберді. Хатта былай жазылған еді:

«Бисмилләһир-Рахманир-Рахим! Аллаһтың расулы Мұхаммедтен Хабаши патшасы Нәжаши Асхамға сәлем! Сені танығаным үшін Мәлік, Құддыс, Мүмін, Мүһәймин деген сипаттарға ие Аллаһқа мадақ айтамын. Иса (а.с.) Аллаһтың тұрмыс құрмаған, ары таза, адал, абыройлы Мәриямға үрлеген рухы әрі кәламы (сөзі) екеніне куәлік етемін. Мәриям Исаға жүкті болған. Аллаһ тағала Адамды өз қолымен жаратып, оған рухынан қалай үрлесе, Исаны да солай өз рухынан жаратқан. Сені жалғыз, серігі жоқ Аллаһқа, Оған басыбайлы мойынсұнуға, маған бағынуға, маған және дәріптегендеріме иман келтіруге шақырамын. Ақиқаты осы: мен Аллаһтың елшісімін. Саған бірнеше адаммен бірге көкемнің баласы Жағфарды жібердім. Сендерге барғанда, күтіп ал, оларға озбырлық көрсетпе. Сенімен қоса әскерлерінді де Аллаһтың дініне шақырамын. Мен уағызымды, насихатымды айттым, сендер тиісті жауабын беріңдер. Тура жолдағыларға Аллаһтың нұры жаусын!»¹²⁹.

Нәжашидің Пайғамбарымызға жауап хаты

«Бисмилләһир-Рахманир-Рахим! Әбжәрулы Нәжаши Асхамнан Аллаһтың расулы Мұхаммедке!

¹²⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/83



Аллаһтың жіберген хақ пайғамбарына сәлем! Саған Аллаһтың рақымы мен берекесі жаусын. Мені Исламға, тура жолға салған Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Уа, Расулаллаһ! Иса (а.с.) туралы жазған хатың маған жетті. Көк пен жердің Раббына ант етемін, шынында, Иса сенің айтқандарыңнан артық ерекшеліктерге ие емес. Бізге жібергендеріңді қабылдадық, көкеңнің баласы мен жолдастарын күтіп алдық. Куәлік етемін, сен Аллаһтың хақ расулысың. Саған және көкеңнің баласына серт бердім. Сол арқылы әлемдердің Раббысы Аллаһқа мойынсұндым. Ей, Аллаһтың пайғамбары! Балам Бәриханы саған жіберіп отырмын. Мен тек өз отбасыма ғана жауап бере аламын. Басқаларға сөзім өтпейді. Саған барғанымды қаласаң, оны да орындаймын. Уа, Расулаллаһ! Сенің айтқандарыңның ақиқат әрі шындық екеніне куәлік етемін»¹³⁰.

Пайғамбарымыздың грек билеушісі Цезарьға хаты

Дыхиятул-Кәлби (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) хат жазып, оны Цезарьға беруді маған тапсырды. Мен хатты иесіне тапсырдым. Мен хатты тапсырған кезде, Цезарьдың жанында жүзі алабұртып, шегір көзді, шашы жатық немере інісі отырған болатын. Цезарь «Аллаһтың расулы Мұхаммедтен грек жерінің иесі Ираклийге» деп басталған хатты оқи бастаған кезде, інісі ашуланып: – Мұндай хатты оқуға болмайды! – деді.

Цезарь мұның мәнісін сұрағанда: – Өйткені, алдымен өз атымен бастапты, «грек патшасы» демей «грек жерінің иесі» деп жазыпты, – деді.

¹³⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/83

Цезарь: – Міндетті түрде оқисың, – деп бұйырды.

Ол хатты оқи бастаған кезде, қасында отырғандар сыртқа шығып кетті. Цезарь мені жанына шақырып, епископқа хабар жіберді. Цезарь оған жағдайды баяндап, хатты оқытқан кезде, ол: – Бұл біз күтіп жүрген, Исаның сүйіншілеген адамының нақ өзі, – деді.

Цезарь:

– Маған сонда не істеуді ұсынасың? – дейді.

Сонда епископ: – Өз басым оны растап, бағынамын, – дейді. Цезарь: – Мен сенің істегеніңді істейтін болсам, бір-ақ күнде қолымдағы билігімнен айырыламын, – деп жауап берді.

Ол жерде көп аялдаған жоқпыз. Біз Цезарьға хатты тапсырған кезде, Әбу Суфиян да сол манда болатын. Цезарь Әбу Суфиянды шақыртып алады. Өз тілмашы арқылы «Сендердің елдеріңнен шыққан пайғамбар туралы маған айтып бер, ол кім?» – деп сұрайды. Әбу Суфиян «Бір жас жігіт» деп жауап береді. Олардың арасындағы әңгіме одан ары былайша өрбиді:

– Тегі қандай?

– Арамыздағы ең текті әулеттен.

– Міне, бұл – пайғамбарлықтың белгісі. Шыншылдығы қандай?

– Ешқашан өтірік айтқан емес.

– Бұл да пайғамбарлықтың белгісі. Сендерден оған бағынып, кейін өз діндеріне қайтып оралған адам болды ма?

– Жоқ, болған емес.

– Бұл да пайғамбарлықтың бір белгісі. Жолдастарынан қол жинап, ұрыс салғанда, жеңілген кезі болды ма?

– Қарсы шыққандар, онымен соғысты. Кейде ол, кейде қарсыластары жеңетін.

– Бұл да пайғамбарлықтың белгісі.

Дыхия (р.а.) айтады: «Цезарь сосын мені шақырып: «Жолдасыңа айт, мен Мұхаммедтің пайғамбар екенін мойындаймын, бірақ мойынсұнбаймын, өйткені қолдағы билігімді тастай алмаймын», – деді.

Әлгі епископқа келетін болсақ, халық оның айналасына әр базарлы күні жиналып, уағызына ден қоятын. Сондай базарлы күндердің бірінде епископ шықпай қалады. Келесі базарлы күнді тосып, үйінде отырады. Мен оның үйіне жиі бас сұғып тұратынмын. Екеуміз ұзақ сөйлесетінбіз, көп сұрақ сұрайтын. Келесі жексенбі күні христиандар күтеді, епископ тағы да науқас екендігін айтып, шықпай қойды. Бірнеше рет осылай қайталанды. Ақырында, олар епископтың үйіне әдейілеп барып: «Не бізге келесің, не болмаса өзіміз барып, сені өлтіреміз. Мына араб иектегелі бері ұнамай жүрсің», – деді. Осындай қысым жасалғаннан кейін епископ: «Мына хатты ал да, досыңа бар, менен дұғай-дұғай сәлем айт. Аллаһтан басқа құлшылық жасауға лайық тәңір жоқ екеніне, Мұхаммедтің Аллаһтың расулы екеніне куәлік ететінімді, Исламға сенгенімді, бағынатынымды, мына жұрттың менің әрекеттерімді жақтырмағанын, қысқасы, не көрсең, барлығын да айтып бар», – деп, ажалды қаймықпай қарсы алуға бекінеді. Көп өтпей христиандар епископтың түбіне жетеді¹³¹.

Ибн Ысхақтың бір ғұламадан жеткізуі бойынша, Ираклий Дыхияға былай деген екен:

¹³¹ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 5/557 (9591)

«Сенің досың Аллаһ тарапынан жіберілген пайғамбар екенін өте жақсы білемін. Ол – біз күткен, кітабымызда сипаттары жазылған адам. Бірақ мен гректерден қорқамын. Әйтпесе бағынар едім. Сен епископқа бар да, жолдасың туралы айт. Епископ гректердің алдында менен беделді, сөзі өтімді кісі».

Сөйтіп, Дыхия епископқа барып, жағдайды баяндайды. Епископ: «Шынында, Мұхаммед – Аллаһ тарапынан жіберілген елші. Біз оны ныспысы мен сипаттарынан танимыз», – дейді. Осыны айтып, епископ ішке кіріп, киімін шешіп, ақ киім киіп гректердің алдына шығып, кәлима шаһадатты айтады. Кәлима шаһадатты айтып, ауыз жиып болғанша, гректер оған тұра ұмтылып, сол жерде өлтіріп тынды»¹³².

Бұл туралы тағы бір риуаятта былай делінген:

Саид ибн Әбу Рашид былай дейді: «Ираклийдің Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жіберген елшісін көргенмін. Ол менің Хумустағы қаусаған кәрі көршім болатын. Одан: «Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен Ираклий арасындағы хаттар туралы айтып бересің бе?» – деп сұрадым.

Ол: «Мақұл, айт десең, айтайын», – деп сөзін былай бастады: «Аллаһ расулы Тәбүкке келген еді. Дыхиятул- Кәлбиді Ираклийге жіберді. Расулаллаһтың хаты қолына тигенде, Ираклий грек монахтары мен патриархтарын қасына шақыртады да, саңылау қалдырмай есіктерді жапқызып: «(Пайғамбарымыз туралы айтып) Мұхаммед Тәбүкке дейін келіп жетті. Маған хабар жіберіпті. Бізге үш шарт қойып отыр: жаңа дінге мойынсұнамыз, не болмаса жерімізге ие болып қалу үшін түскен өнімнен салық төлейміз не-

¹³² Ибн Хажар, әл-Исабә 2/216



месе қасық қанымыз қалғанша соғысамыз. Сендер де оқыған кітаптарыңнан білесіңдер, ол мына табан басып тұрған жерімізді алмай қоймайды. Келіндер, көп болып ақылдасайық, не оның дініне мойынсұнайық, не болмаса түскен өнімімізден салық төлейік», – дейді. Жиналғандар бұл хабардан төбелерінен жай түскендей үдеріп: «Сен бізді христиандықты тастап, Хижаздан шыққан қайдағы бір бәдәуиге құл болуға шақырып отырсың ба?» – десті.

Ираклий олардың бұл жерден шыққаннан кейін халықты өзіне қарсы арандататынын, өзін биліктен алып тастайтынын сезіп: «Мен сендердің діндеріңе деген адалдықтарыңды сынамақ болып осылай деген едім», – дей салады.

Сосын Ираклий Тужиб тайпасынан христиан дінін ұстанатын арабтардың көсемін шақырып алып: «Маған араб тілін жетік білетін біреуді жібер, мына адамның хатына жауап жаздырайын», – дейді.

Олар мені алып барды. Ираклий маған сүйек бетіне жазылған бір хатты беріп: «Мына хатты иесіне жеткіз, айтқандарын тыңдаған кезде мыналарға мән бер: маған жазған хаты туралы сөз қозғай ма екен? Хатымды оқыған түн туралы не айтады? Артыңа мұқият қара, саған күмән тудыратын нәрсе байқалса, маған хабар бер».

Хатты алып, Тәбүкке бардым. Пайғамбар бір судың басында сахабаларымен бірге отыр екен. «Басшыларың кім?» – деп сұрап, Пайғамбарымыздың қасына барып отырдым. Ол менен хатты алып жатып: «Сен қай тайпадансың?» – деп сұрады. «Тәнух тайпасынан», – дедім мен. «Аталарың Ибраһимнің Ханиф дініне мойынсұнуға қалай қарайсың?» – деп жорта

сынаған болып, ұсыныс жасады. Мен: «Сіздерге бір қауымның атынан жіберілген елшімін және солардың сенімндемін. Өз адамдарыммен ақылдаспай, дінімнен бас тарта алмаймын», – деп жауап бердім. Ол маған *«Сен қалаған адамыңды тура жолға сала алмайсың! Тек Аллаһ қана қалағанын тура жолға салады. Ол тура жолға түсетіндерді өте жақсы біледі»* (Қасас, 28/56) деген мағынаны білдіретін аятты оқыды»¹³³.

Әбу Суфиян мен грек билеушісі Ираклийдің әңгімесі

Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Әбу Суфиянның маған айтқаны бойынша, Пайғамбарымыз Әбу Суфиян және Құрайыш кәпірлерімен бейбіт келісімге келген жылдары ол сауда жасау үшін Шамға бара жатқан бір Құрайыш тайпасының ішінде болған екен. Ираклий хабар жіберіп, Әбу Суфиянды шақыртады. Әбу Суфиян мен қасындағылар Ираклийге барады. Бұл уақытта Ираклий мен адамдары Бәйтул-Мақдисте болатын. Ираклий оларды грек елінің зиялылары бас қосқан жиынға шақырады. Тілмаш арқылы «Араларында пайғамбармын деп жүрген адамның ет жақын туысы бар ма?» – деп сұрайды. Әбу Суфиян «Менмін» деп жауап берген кезде, Ираклий: «Ол берірек, келсін, ал қасындағы серіктері арырақ тұрсын», – дейді де, тілмашына: «Оларға айт, мен бұл адамнан (Әбу Суфиянды нұсқап) әлгі кісі туралы сұраймын, егер сөзіне өтірік қосса, тыңдап тұрған жолдастары өтірігін әшкерелесін», – дейді.

Әбу Суфиян сол сәттегі ниетін былай жеткізеді: «Егер жолдастарым өтірік айтқанымды жеткізіп қояды

¹³³ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 8/427 (13894)



деп тартынбағанымда, сөзсіз, өтірік те қосар едім. Менен алғаш сұрағаны мынау болды:

– Мұхаммедтің тегі қандай?

– Жақсы тектен шыққан, – дедім мен.

– Одан бұрын араларыңда өзін пайғамбармын деген адам шықты ма? – деп сұрады.

– Жоқ, – дедім мен.

– Ата-бабаларынан ел билеген адам бар ма?

– Жоқ.

– Мұхаммедтің дінін қабылдап жатқандар ауқаттылар ма, әлде кедейлер ме?

– Кедейлер.

– Мұсылмандар қатары көп пе, аз ба?

– Күннен-күнге көбейіп келеді.

– Оның дініне кіріп, қайта шыққандар болды ма?

– Жоқ.

– Пайғамбарлығын жарияламай тұрғанда жалған сөйлеген кезі болды ма?

– Жоқ.

– Уәдесіне берік пе?

– Иә, алайда біз біраз мерзімге онымен келісім жасасқанбыз, не ойлағанын білмейміз.

– Мұхаммедпен қарулы қақтығысқа бардыңдар ма?

– Иә.

– Мұның соңы немен аяқталды?

– Бірде олар, бірде біз жеңіске жететінбіз.

– Сендерге нені уағыздап жүр?

Бір Аллаһқа құлшылық жасауды, Аллаһқа еш нәрсені серік етіп қоспауды, ата-бабаларымыз табынып келген пұттардан бас тартуды, намаз оқуды, шыншыл болуды, ар-намысты сақтауды бұйырады.

Ираклий: «Сенен пайғамбардың тегін сұрадым. Сен оның текті адам екенін айттың. Пайғамбарлар текті адамдардан жіберіледі. Араларында бұрын осындай уағыз айтып шыққан адамның болып-болмағанын сұрағанымда, сен ондай адамның шықпағанын айттың. Оның тегінен бұрын осындай уағыз айтып шыққан адам болған болса, ол соның ізбасары дер едім. Ата-бабаларында билеуші болған адамның бар-жоқтығын сұрадым. Сен «жоқ» деп жауап бердің. Егер ата-бабаларында ел билеген адам болса, соның соңында жүрген адам ғой деп тағы мән бермес едім. Осы уақытқа дейін өтірік айтып-айтпағанын сұрадым. Жалған сөйлемегенін айттың. Халыққа өтірік айтпаған адамның Аллаһ алдында екі сөйлемейтінін білемін. Оған халықтың қандай тобы мойынсұнып жатқанын сұрағанымда, әлсіздер тобы екенін айттың. Иә, пайғамбарға жалпы солар мойынсұнады. Олардың қатарының көбейіп, не азайып жатқанын сұрағанымда, сен күннен-күнге қанатын жайып келе жатқанын айттың. Бұл әбден кемеліне келгенше осылай жалғасады. Дініне кіргеннен кейін қайта шыққандардың бар-жоғын сұрағанымда, сен жоқ екенін айттың. Өйткені, иманның нұры адамдардың көңілдеріне орныққанда осылай болады. Уәдесіне берік пе деп сұрағанымда, «иә» деп жауап қаттың. Пайғамбарлар да сондай: адамдарды алдамайды, берген сөздерінен таймайды. Сендерге не бұйыратынын сұрағанымда, Аллаһқа ғибадат етуді, Оған еш нәрсені серік етіп қоспауды, пұттарға табынбауды, намаз оқуды, турашыл болуды, арлы өмір сүруді өсиеттейтінін айттың. Егер осы айтқандарың рас болса, ол осы мен табаныммен басып тұрған өңірді алмай қоймайды. Соңғы пайғамбардың жуықта шығатынын

білетінмін, бірақ сендерден шығады деп күтпеген едім. Оның қасына жете алатынымды білсем, сол жолда бар күшімді салар едім. Мұхаммедтің қасында болсам, аяғын сүйер едім», – дейді.

Сосын Ираклий Дыхияның (р.а.) Бусра әміріне апарған, содан соң оны Ираклийге жөнелткен хатты оқытады. Хатта былай жазылған еді:

«Рақымды, қайырымды Аллаһтың атымен! Аллаһтың құлы әрі расулы Мұхаммедтен Рим басшысы Ираклийге.

Тура жолға түскендерге сәлем. Қысқаша айтқанда, сені Исламға мойынсұнуға шақырамын. Мұсылман бол, тура жолға түсесің. Аллаһ тағала оның қайтарымын саған екі есе етіп қайтарсын. Теріс айналсаң, қарамағындағы бейкүнә халықтың обалын арқалайсың.

... Әй, әһлі-кітап! Біздерді біріктіретін, бәрімізге ортақ ақиқат мына сөзде мәмілеге келейік: Аллаһтан басқаға ғибадат жасамайық. Аллаһқа еш нәрсені серік етіп қоспайық. Бір-бірімізді тәңір тұтпайық. Егер олар қабылдасамса, *«Біздің Аллаһтың бұйрықтарына мойынсұнған мүміндер екенімізге куә болыңдар»* деңдер» (Әли Имран, 3/64).

Әбу Суфиян әңгімесін былай жалғастырады: «Ираклий хатты оқып бітер-бітпес, айналада шу-шұрқан, дау-дамай басталды. Біз байбалам салған жұрттан ығысып сыртқа шықтық. Былай шыққан соң жолдастарыма: «Ибн Әбу Кәбшаның (Расулаллаһтың (с.а.с.) сүт анасы Халиманың күйеуінің лақап аты. Құрайыш мүшріктері Аллаһ расулын мазақтап осылай атайтын) уағыздап жүрген дінінің маңызы артты. Өйткені грек патшасының өзі одан сескенді», – дедім. Осыдан бастап кейіннен Хақ тағала маған иман нәсіп еткенге дейін,

пайғамбардың жеңіске жететіндігіне күмәнмен қараған емеспін».

Илия (Құдыс) басшысы, Ираклийдің досы, Шам христиандарының епископы Ибн Натур былай деген: «Ираклийдің Илияға келген кезі болатын. Бір күні оның көңілі күпті болып көрінді. Патриархтардың бірі: «Саған не болған?» – деп сұрады. Ираклий жұлдыз жорамалшы болатын. Ол: «Жұлдыздардан сүндеттелгендердің айы оңынан туып, жаңа патшаның билік басына келетінін көрдім. Бұл аймақта кімдер сүндеттелетін еді?» – деп сұрады.

«Яһудилерден басқа сүндеттелетін халық жоқ. Оларға аландамасаңыз да болады. Өз қарамағыңыздағы қала адамдарына хат жазыңыз, араларындағы яһудилерді өлтірсін», – десті олар.

Олар осылайша сөйлесіп отырған кезде, Ираклийге Ғассан патшасы жіберген бір адам келеді. Ол Аллаһтың расулы туралы хабарлар жеткізеді. Ираклий Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) туралы хабарды естігенде былай дейді: «Барып сұрастырыңдар, ол сүндеттелген бе екен?». Сұрастырып, оның сүндеттелгенін біледі. Арабтар туралы сұрайды. Олардың да сүндеттелетіндігі анықталады. Ираклий: «Бұл үмбеттің патшасы, міне, осы адам», – дейді. Сосын Ираклий Римдегі ілімі өзімен деңгейлес бір досына хат жазып, Хумусқа кетеді. Хумуста жүрген кезде, досынан жауап алады. Ол хатында Пайғамбардың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шығатыны туралы мәселеде Ираклийдің пікіріне қосылатынын, оның пайғамбар екенін жазған еді. Осыған орай, Ираклий Хумустағы бір сарайына гректердің бетке тұтар адамдарын шақырып, есікті жаптырып, биігірек жерде тұрып: «Уа, грек халқы!

Дүние мен ақырет бақытына бөленгілерің келе ме? Мүліктеріңнің өз қолдарыңда қалғанын қаласандар, осы пайғамбарға мойынсұнындар!» – дейді.

Жиналғандар есікке қарай үріккен қойдай үдере жүгіреді. Алайда, есіктер құлыптаулы еді. Ираклий олардың қарсылықтарын көріп, иман келтірмейтіндіктеріне көзі жеткеннен кейін, «Мен сендердің өз діндеріңе қаншалықты адал екендіктеріңді сынағым келді», – дейді.

Олар оған ризалықтарын білдіріп, алдында иіліп, бүгіліп, тағзым етеді. Міне, Ираклийдің соңғы жағдайы осындай еді»¹³⁴

Пайғамбарымыздың Иран шаһы Кисраға жазған хаты

Әбу Сәләма ибн Абдуррахман (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымыздың хатын Кисра толық оқымастан жыртып тастады. Сосын Йемендегі әкімі Базанға «Хижаздағы мына адамға екі мықты жігітінді жібер, оны маған алып келсін» деп хат жолдайды. Базан өзінің көмекшісі, өкілі және данагөй хатшысы болған Ебанухқа парсыша хат жаздырып, Аллаһ расулына (с.а.с.) жібереді. Қасына Жәд Жәмира деген ирандық біреуді атқосшы ғып қосып береді. Хатында Аллаһ расулына олармен бірге Кисраға келуін бұйырған еді. Шабарманына: «Өзімен сөйлесіп, кім екенін, қандай адам екенін біліп кел», – дейді. Әлгі екеуі жолға шығып, Таифке барған кезде, Құрайыштық саудагерлерге кезігеді. Олардан Пайғамбарымыз (с.а.с.) туралы сұрайды. Саудагерлер оның Йәсрибте (Мәдинада) екенін айтады. Сонда Құрайыш мүшріктері Кисраның

¹³⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/266

Пайғамбарымызға қарсы нақты іске көшкеніне қуанып: «Кисра әлі-ақ жазасын береді, енді одан құтылатын болдық», – дейді. Кисра Базанның адамдары Таифтен шығып, Мәдинаға, Аллаһ елшісіне барып жолығады. Ебанух Аллаһ елшісіне: «Кисра Базанға хат жазып, сені оған ертіп апаратын адамдар жіберуін бұйырды. Базан менімен еріп баруың үшін мені саған жіберді», – дейді. Расулаллаһ: «Әзірше сендер бара тұрындар, ертең келіндер, сол кезде сөйлесеміз», – дейді. Ертеңіне Расулаллаһқа (с.а.с.) барған кезде, оларға Аллаһтың әмірімен Кисраны баласы Ширәуәйхтің пәлен күні, пәлен сағатта өлтіргенін хабарлайды. «Сен не айтып тұрғаныңды білесің бе? Мұны Базанға хатпен жазып хабарлайық па?» – дейді.

Аллаһ расулы: «Иә, жазындар. Сонымен қатар, егер мұсылман болса, қол астындағыларды, билікті өзіне қалдыратынымды да айтындар», – дейді.

Сосын Расулаллаһ өзіне сыйға берілген, ішіне алтын мен күміс толтырылған тостағанды Жәд Жәмираға табыс етеді. Олар елдеріне қайтып, Базанға келіп, болған жағдайды баяндайды. Базан: «Бұл билеушінің аузынан шығатын сөзге ұқсамайды. Айтқандарының дұрыс-бұрыстығын көреміз», – дейді. Арада көп уақыт өтпей, Ширәуайхтан хат алады. Хатта былай жазылған еді:

«Парсы халқының пайдасы үшін Кисраны өлтірдім. Өйткені ол парсылардың әулетінен әулет қоймай, қырып бітетін болды. Менің атымнан сен жақтағылардың бағыныштылығына қатысты ант беру рәсімін өткіз. Кисраның саған хат арқылы айтқан, өзіне жіберуін әмір еткен кісіге (Пайғамбарға) қарсы келіп, асығыс әрекет жасама». Базан бұл хатты оқып: «Ол кісі расында анық



пайғамбар екен», – деп мұсылмандықты қабылдайды. Осыдан соң Йемендегі парсы зиялыларының барлығы дерлік Исламға кіреді¹³⁵.

Пайғамбарымыздың Александрия билеушісі Муқауқысқа жолдаған үшбу хаты

Абдуллаһ ибн Абдулқари (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Хатыб ибн Әбу Балтааны (р.а.) Александрия билеушісі Муқауқысқа аттандырады. Муқауқыс Пайғамбарымыздың хатын қолына алып, сүйеді. Хатыбқа сый-сияпат көрсетіп, қонақ етіп күтеді. Сосын оған киім-кешек, әбзелімен бірге қашыр және екі күң беріп, шығарып салады. Пайғамбарымыз бір күнді Мұхаммед ибн Қайс әл-Абдиге сыйлаған»¹³⁶.

Хатыб ибн Әбу Балтаа (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мені Александрия патшасы Муқауқысқа жіберді. Хатты апарып бергенімде, Муқауқыс мені өз үйінде қонақ етіп күтті. Біраз уақыт қасында болдым. Бір күні лауазымды қызметшілерін шақырды. Екеуара мынандай әңгіме жүрді:

– Сенен біраз жайтты сұраймын, мені түсінерсін деп үміттенемін.

– Жарайды, сұраңыз.

– Маған мынаны ашып айт, сені жіберген адам расында пайғамбар ма?

– Иә, ол – Аллаһтың расулы.

– Қауымы оны елінен, жерінен қуғанда, неге оларға лағынет айтпады?

– Сен Мәриямұлы Исаның Аллаһтың пайғамбары екеніне сенесің бе?

¹³⁵ Ибн Хажар, әл-Исабә 1/259

¹³⁶ Ибн Кәсир, Сирә 3/514



– Иә, сенемін.

– Ендеше, қауымы Исаны (а.с.) ұстап айқышқа кергісі келгенде, ол неліктен Аллаһқа жалбарынып, оларға қарғыс айтпады, Хақ тағала неге Исаны (а.с.) көкке көтеріп әкетті?

Сонда ол маған бажайлай қарап:

– Сен, шынында да, үлкен парасат иесінен келген көзі ашық адам екенсің. Мыналар сыйлықтар... Бұларды Мұхаммедке жіберіп отырмын. Қасыңа қорғаушылар да қосып беремін, – деді.

Мукауқыс Аллаһ расулына (с.а.с.) сый-сияпатпен қоса үш күнді тарту етеді. Олардың бірі кейіннен Пайғамбарымыздың жұбайы болу құрметіне бөленіп, Аллаһ расулының ұлы Ибраһимді өмірге әкелді. Біреуін Пайғамбарымыз атақты ақын Хассан ибн Сабит әл-Ансариге сыйға тартты¹³⁷.

Пайғамбарымыздың Нәжран халқына жазған хаты

Бәйхақи Юнус ибн Бүкәйрдан былай жеткізеді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) «Нәмлі» сүресі түспей тұрып Нәжран халқына хат жолдайды. Хатта былай делінген:

«Ибраһим, Ысхақ және Жақыптың тәңірінің атымен!

Аллаһтың елшісі Мұхаммедтен Нәжран епискобына және барша нәжрандықтарға. Сендерге сәлемімді жолдап, ал Ибраһим, Ысхақ және Жақыптың тәңіріне мадақ айтамын. Сендерді құлдарға құлшылық жасаудың орнына бір Аллаһқа ғибадат етуге, құлдардың достығы мен қамқорлығынан гөрі Аллаһтың достығы мен

¹³⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/272

қамқорлығына шақырамын. Егер бұл айтқанымды қабылдасандар, жизия төлейсіндер. Жизия төлеуден де бастарыңды алып-қашсандар, сендерге соғыс жариялайтынымды біліңдер».

Епископ хатты оқып, ойы онға, санасы санға бөлініп, сарсаңға түседі. Дереу Нәжран халқынан хәмдандық Шурахбил ибн Уэдаа деген адамға барады. Жалпы Нәжран халқы бастарына қиын күн туғанда, Әйхам, Сәйід, Ақыб атты әйгілі үш басшыға жүгінбей тұрып, алдымен соған баратын. Епископ Расулаллаһтын (с.а.с.) хатын Шурахбилге береді. Ол хатты оқыған соң, епископ одан: «Әбу Мәриям, сен бұған не дейсің?» – деп сұрайды. Шурахбил: «Ибраһимұлы (а.с.) Исмаилдың тегінен бір пайғамбар жіберетініне Хақ тағаланың уәдесі барын білемін. Кім білсін, бұл адам сол уәде етілген пайғамбар болуы да кәдік. Мен бұл жайлы нақты ештеңе айта алмаймын. Дүниелік істерге қатысты қандай қиын мәселе болса да, саған жол көрсетіп берер едім», – дейді.

Епископ оны қасына отырғызып, Хымиер тайпасынан, Зи Әсбах тегінен шыққан Абдуллаһ ибн Шурахбил деген адамды шақырады. Сөйтіп, оның да пікірін тыңдайды. Ол да солай жауап береді. Епископ оны да қасына отырғызып, енді Жаббар ибн Фәйзиді шақырады. Оның пікірін сұрағанда, ол да жаңағылардың ойын қайталайды. Оны да отырғызады.

Барлығы бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, кесімді пікір айта алмағандықтан, епископ барлық жерде қоңырау соғып, от жағуды, монастырларға ту ілуді бұйырды. Әдетте, күндіз ел болып кеңесетін маңызды жағдай орын алса, осылай жасайтын. Ал түнде тулар көрінбейтіндіктен, тек қоңырау соғып, от жағумен

шектелетін. Сол күні ен жазықты жайлаған халық ет асым уақытта алаңға жиналды. Ен жазықтың ұзына кеңдігі аттың шабысымен бір күндік жер болатын. Бұл өңірде жетпіс үш ауыл мен жүз жиырма мың әскер шоғырланған. Епископ оларға Аллаһ расулынан келген хатты оқып, олардың пікірін сұрайды. Араларындағы өз ойын білдіргендер «Шурахбил ибн Уәдаатул Хамданиді, Абдуллаһ ибн Шурахбил әл-Әсбахиді және Жәббар ибн Фәйз әл-Харисиді жіберейік, пайғамбардан хабар алып келсін» деген шешімге тоқталады.

Сөйтіп, араларынан сайланған адамдар көп өтпей жолға шығады. Олар Мәдинаға келіп, жолдағы киімдерін шешіп, Йемен әшекейімен безендірілген әдемі киімдерін киіп, алтын-жүзіктерін тағады. Сосын Аллаһ расулына барып сәлем береді. Бірақ Пайғамбар (саллаллаһу алайһи уә сәлләм) олардың сәлемін алмайды. Олар бір тілде-суге қанша талпынса да, Расулаллаһ жылы қабақ таныта қоймайды. Бұл әрекетінен нәтиже шықпаған соң, олар өздеріне бұрыннан таныс Осман ибн Аффан мен Абдуррахман ибн Ауфты (р. анһум) іздейді. Оларды мұнажырлар мен ансарлар бас қосқан мәжілістен табады: «Ей, Осман! Ей, Абдуррахман! Пайғамбарларың бізге хат жазды, біз оның шақыруын қабылдап, келіп отырмыз. Алайда келіп сәлем берсек, сәлемімізді алмайды, бізбен сөйлескісі келмейді. Бұған не дейсіңдер? Кері қайтайық па?» – деп сұрайды.

Осман мен Абдуррахман (р.а.) сол жерде отырған Алиден (р.а.): «Әбул-Хасан, мыналарға сен не дейсің?» – деп сұрайды. Али (р.а.): «Мына киімдерін, жүзіктерін шешіп, Аллаһ расулының алдына қайта барсын», – деп кеңес береді. Олар солай жасайды да, пайғамбарға сәлем береді. Пайғамбарымыз олардың сәлемін алып:

«Мені ақиқатпен жіберген Раббыма ант етемін, алғашқы келгендерінде қастарыңда шайтан бар еді», – дейді. Олар Пайғамбарымызға, Пайғамбарымыз оларға бір-неше сұрақ қояды. Соңында Расулаллаһқа (с.а.с.): «Иса туралы не айтасыз? Біз христианбыз, елімізге қайтамыз. Егер пайғамбар болсаң, сенен Иса туралы есту біз үшін үлкен ғанибет», – дейді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Дәл қазір Иса туралы менде дерек жоқ. Иса туралы Раббымның маған уахи жібергенін күтіндер, келгенде сендерге хабар беремін», – дейді. Ертеңінде Хақ тағала мазмұны мынадай аяттарды түсіреді: *«Анығында, Аллаһ алдында Исаның мысалы (әкесіз жаратылуы) Адамның жаратылысымен пара-пар еді. Адамды да Аллаһ топырақтан жаратып, оған «Бол» деген, ол (адам) болып шыға келген-тін. Бұл – Аллаһ тарапынан жіберілген ақиқат, сен оған күмән келтірме. Сен (Иса) туралы шындыққа қаныққаннан кейін, ол жайлы әлдебіреулер дау шығарса, былай де: «Қане, келіңдер, балаларымды, әйелдерімді мен де жинаймын, балаларыңды, әйелдеріңді, сендер де жинаңдар, өзіміз де бірге болайық, сонан соң жалған айтушылар Құдайдың қарғысына ұшырасын – деп, лағынет айтып, дұға оқыық» – де»* (Әли Имран, 3/59-61).

Олар бұл аятта айтылған шындықтарға сенбейді. Сонда Пайғамбарымыз Аллаһтың бұйрығымен оларды ашық қарғасуға шақырды. Ертеңіне Аллаһ расулы (с.а.с.) екі немересі Хасан мен Хүсейінді шашақты барқыт жаймаға орап, қызы Фатиманы ертіп, өзара қарғасу (мүләана)¹³⁸ үшін алдарынан шығады. Шурахбил екі жолдасына: «Білесіңдер, Нәжид жазығының

¹³⁸ Мүләана – өзара қарғасу, бір-біріне жамандық тілеу деген мағынаны береді.

тұрғындарының бәрі менің сөзімді тыңдайды. Біздің жағдайымыз ауыр сияқты. Егер бұл кісі шынымен де пайғамбар болса, арабтардың ішінде оған алғаш қарсы шыққандар біз боламыз. Бізді, мал-мүлкімізді бір бәлеге ұшыратпайынша, оның да, сахабаларының да кәрінен құтыла алмаспыз. Дегенмен арабтардың ішінде олардың ең жақын көршісі бізбіз. Мұхаммед, өзі айтқандай, Аллаһ тарапынан жіберілген пайғамбар болса, онымен керісіп, опа таппаймыз, бәріміз құримыз!» – дейді. Жолдастары: «Енді не істейміз? Нақты ұсынысын қандай?» – деп абдырай сұрайды. Әбу Мәриям: «Мұхаммедті арамыздан қазы етіп тағайындайық, ол әділетсіздікке баратын адамға ұқсамайды», – дейді. Жолдастары: «Ендеше, бұл мәселені екеуің шешіндер», – дейді. Шурахбил Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып: «Сенімен қарғасудан басқа ұсынысым бар», – дейді. Пайғамбарымыз: «Ол не?» – деп сұрайды. Шурахбил: «Ертеңге дейін ойлан, біз туралы қандай шешім қабылдасаң да, ризалық танытамыз», – дейді. «Сыртыңнан сенің сөзіңді құптамайтындар шықса ше?» – деп сұрағанда, «Екі жолдасымнан сұрап көріңіз», – дейді Шурахбил. Серіктері: «Шурахбилдің рұқсатынсыз ешкім оның сөзінен шыға алмайды», – дейді. Осыдан кейін Пайғамбарымыз кері қайтады. Ертеңіне нәжрандықтар Аллаһтың елшісіне барып жолығады. Пайғамбарымыз оларға мынадай хат жазады:

«Аса қайырымды, ерекше рақымды Аллаһтың атымен!

Аллаһ расулы – Мұхаммед Нәжран халқына мынадай бейбіт келісім ұсынады: Өздерінен артылған өнімге, алтын, күміс сияқты асыл тастарға салық салы-

нады. Алайда бұл салықтың орнына екі мың киім (жыл сайын мыңы ережеп және мыңы сафар айында) берілсе, алтын-күміс, асыл тастарың өздерінде қалады»¹³⁹.

«әл-Бидаядағы» риуаятта былай жазылған: «Аллаһ расулының Нәжран халқына жазған бейбіт келісімшартына Әбу Суфиян ибн Харб, Жайлан ибн Амр, Бәни Насрдан Мәлік ибн Ауф, Акра ибн Хабис әл-Ханзали және Муғира куәгер болды. Аталмыш топ хатты алып, Нәжранға қайтады. Нәжран епископының Әбу Алқама деген атпен белгілі Бишр ибн Мұғауия деген немере інісі бар еді. Олар хатты епископтың қолына табыс етеді. Ол хатты оқыған кезде, Бишр қасында еді. Екеуі түйе үстінде болатын. Сол сәт түйесі сүрініп, омақаса құлаған Бишр Аллаһ расулының атын атап: «Қарғыс атсын сені», – дейді. Епископ: «Сен Аллаһ тарапынан жіберілген пайғамбарды қарғадың», – дейді.

Бишр: «Мен Аллаһ расулынан кешірім сұрамайынша, мына түйенің тізгінін ұстамаймын», – деп, Мәдинаға жол тартады. Епископ оның соңынан қуып жетіп: «Мені жақсылап түсініп ал. Бізді «Арабтардың ішінде беделді тайпасы бола тұра, басқа арабтар бас имеген адамға мойынсұнды» дейтінінен қорыққандықтан, арабтар менің өз аузымнан шыққан сөзді әдейі білсін деп осылай айттым», – десе де, Бишр: «Жоқ, енді сенің ойдан шығарғандарыңды қабылдамаймын», – деп, түйесін қамшылап, Мәдинаға құйын-перен шаба жөнеледі.

Бишр Соңғы елшіге (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жолығып, мұсылмандықты қабылдайды. Ақтық демі үзілгенше, Пайғамбарымыздан бір елі ажыраған жоқ.

¹³⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/55

Риуаят былай жалғасады: «Пайғамбарымызға жолығып қайтқан топ Ибн Әбу Шәмр әз-Зәбиди монастырының төбесінде отырған попқа: «Хижаздан бір пайғамбар шығыпты», – деп, Нәжраннан аттанған топтың Аллаһ расулына барғанын, Пайғамбарымыздың оларға қарғасуды ұсынғанын, олардың бұл істен бас тартқанын, Бишр ибн Мұғауияның мұсылмандықты қабылдағанын жіпке тізгендей айтып береді. Сонда дінбасы: «Мені мына жерден түсіріңдер, әйтпесе өзімді тастап жіберемін», – дейді. Дінбасы Аллаһ расулына (с.а.с.) барады. Ол Пайғамбарымызға қазір халифалар киіп жүрген шапан, қалың, үлкен шыныаяқпен асатаяқты тарту етеді. Дінбасы біраз уақыт Пайғамбарымыздың қасында болып, уахилардың жай-жапсарына қанығады. Көп ұзамай еліне қайтады. Алайда оған Ислам нәсіп болмайды. Қайтып келетініне уәде бергенімен, уақытты созып жүріп алғандықтан, берген сертін орындай алмай қалады. Пайғамбарымыз өмірден озған еді. Алайда епископ Әбул-Харис, Сәйд, Ақыб және басқа да бетке ұстар адамдарды ертіп, Пайғамбарымызға барады. Біраз уақыт Пайғамбарымыздың қасында болып, Хак тағаланың түсірген уахилерін тыңдайды».

Аллаһ расулы Мұғира ибн Шұғбаға, осы епископ пен Нәжранның басқа да епископтарына арнап мынадай хат жазады:

«Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен. Пайғамбар Мұхаммедтен епископ Әбул-Харис пен Нәжран епископтарына! Көріпкелдеріне, дінбасыларына және солардың қарамағындағы барша адамдарға! Аллаһ пен пайғамбарының қамқорлығына кіру епископты епископтықтан, дінбасын дінбасылықтан, көріпкелді көріпкелдіктен тыймайды, құқықтарынан айырмайды.

Халыққа тізе батырмай қызмет етіп, жол көрсеткен жағдайда олар Аллаһ пен расулының қамқорлығында болады»¹⁴⁰.

14. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ КӨРКЕМ МІНЕЗІ МЕН ЖЕКЕ АДАМДАРДЫҢ ТУРА ЖОЛҒА ТҮСУІНЕ СЕБЕП БОЛҒАН ӘРЕКЕТТЕРІ

Яһуди дінбасы Зәйд ибн Сүнғаның мұсылман болуы

Абдуллаһ ибн Сәламның (р.а.) айтуынша: «Хақ тағала Зәйд ибн Сүнғаға тура жолды нәсіп еткенде, Зәйд былай деген:

«Пайғамбарлықтың белгілерінің екеуінен басқасының бәрін Мұхаммедтің (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бойынан кездестірдім. Сол екі сипатқа көз жеткізгім келіп жүрді. Бұл екі сипат төзімділігі мен жұмсақтығы, өзіне жасалған дөрекіліктерге сабыр етіп, кешірімділігінің молдығы еді».

Зәйд өз сөзін одан ары былай сабақтайды:

«Бір күні пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Али (р.а.) екеуі жарларынан бірінің үйінен шықты. Дәл сол сәтте салт атты бәдәуи қасына келіп: «Уа, Расулаллаһ! Пәлен ауылда бірнеше адамым бар, олар мұсылман болды. Бұрынырақта егер мұсылман болса, ризықтары көбейіп, берекесі артатынын айтып едім. Алайда олар қуаңшылыққа ұрынып, жұтқа ұшырады. Мал-жанымыз көбейеді деп, Исламға кіріп еді, енді бәрі Исламнан шыға ма деп қорқамын. Егер оларға жәрдем беруді жөн деп тапсаңыз, бұл істі өзім орындар едім», – дейді.

¹⁴⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/55

Аллаһ елшісі (с.а.с.) қасында тұрған адамға «көмектесе алар шамаң бар ма» дегендей сұраулы жүзбен қарайды (сірә, ол Али-ау (р.а.) деп ойлаймын). Ол: «Уа, Расулаллаһ, біздің де қамбамыз бос, қазанымыз тақыл-тұқыл», – деді. Сонда мен (Зәйд ибн Сүнға) оған тақап келіп: «Уа, Мұхаммед, пәлен адамдардың құрма бағынан біраз уақытқа қолма-қол ақшаға құрма сатасың ба?» – дедім. Аллаһ расулы: «Пәленнің құрма бағы деп атап көрсетпе», – деп ескертті. Келісіп қол алыстық. Арамыздағы келісім бойынша, келіскен уақытта белгілі мөлшерде құрма үшін сексен мысқал алтын төледім. Оны бәдәуиге беріп: «Оларға көмектес», – деді.

Келіскен мерзімнің бітуіне аз уақыт қалған еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Бәкір, Омар, Осман және бірнеше сахабамен бірге жаназа намазын оқып келе жатқан беттері екен. Көрген бойда олардың қасына барып, көйлегінен ұстап, тартып тұрып, қатулы жүзбен: «Уа, Мұхаммед! Ақымды төлемейсің бе? Сендер, Абдулмұтталибұлдары, қарыздыұдайыкешіктіресіндер. Маған бұл қылықтарың жақсы таныс», – дедім.

Сол кезде Омарға (р.а.) еріксіз көзім түсіп кетті. Жанары шатынап кетіпті: «Ей, Аллаһ дұшпаны! Аллаһ расулына қалай-қалай сөйлейсің? Бұлай сөйлеуге қалай дәтің барды? Аллаһқа ант етемін, көңілің Исламнан суып кете ме деп тартынбағанымда, осы тұрған жерінде басыңды шауып түсірер едім», – деді.

Аллаһ расулы (с.а.с.) сабырлы қалпын бұзған жоқ. Омарға бұрылып: «Омар, біз сенің бойыңнан мұндай шалт қимылды емес, басқа қасиетті көргіміз келеді. Маған қарызымды дер кезінде абыроймен қайтаруымды, оған қарызын әдептен озбай талап етуін ұсынуың керек еді. Қане, Омар! Сен онымен бірге бар да, ақысын төле,



қорқытқаның үшін оған жиырма сағ (өлшем бірлігі) артық құрма салып бер», – деді.

Омар (р.а.) Пайғамбарымыздың айтқанын екі еткен жоқ. «Уа, Омар! Неге артық бердің?» – дегенімде, «Расулаллаһ солай бұйырды», – деді. Бұған «Сені қорқытқаным үшін» деп қосып қойды.

– Мені таныдың ба, Омар? – деп сұрадым одан.

– Жоқ, тани алмай тұрғаным, – деді ол.

– Мен Зәйд ибн Сүнғамын, – дедім.

– Дінбасы ма? – деп іркіліп қалды ол.

– Иә, дінбасы Зәйд, – дедім.

– Расулаллаһқа неге дәрекілік жасадың? – деп сұрады ол.

– Уа, Омар, екі қасиетінен басқа қаншама пайғамбарлық белгісі бар болса, соның бәрін де пайғамбардың жүзінен алғаш көргенде-ақ байқағанмын. Алайда мына екі қасиетіне көз жеткізе алмай жүр едім. Төзімділігі мен жұмсақтығы және өзіне жасалған әділетсіздік пен қиянатқа асқан сабырлылық танытуы еді. Оның осы екі қасиетін танып-білу үшін сынап көрген едім. Омар! Сені куәгер етемін, Раббы ретінде Аллаһқа, дін ретінде Исламға, пайғамбар ретінде Мұхаммедке риза болдым. Сені куәгер етемін, дүние-мүлкімнің жартысы Мұхаммедтің үмбетіне садақа, – дедім.

– «Мұхаммедтің үмбетінің бір бөлігіне» – де, әйтпесе жеткізе алмайсың, – деді Омар.

– Бір бөлігіне, – деп өсиетімді түзеттім.

Хадисті жеткізуші айтады: «Омар мен Зәйд Расулаллаһтың (с.а.с.) қасына қайтып оралады, Зәйд кәлима шаһадатты айтып, Аллаһ расулына иман келтіріп, серт берді. Пайғамбарымызбен бірге көптеген

соғыстарға қатысып, Тәбүк соғысында шейіт болды. Хақ тағала Зәйдті рақымына бөлесін!»¹⁴¹.

15. ХУДАЙБИЯ КЕЛІСІМІ

Аллаһ расулының Қағбаны зиярат жасауына Құрайыштардың кедергі болуы

Мисуар ибн Махрама мен Мәруан былай дейді: «Аллаһ расулы Худайбия келісімі жасалған кезде, сахабаларымен бірге жолға шығады. Әлдебір жерге келген кезде, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Халид ибн Уәлид Құрайыштың атты әскерімен бірге қазір Ғамимда. Он жақты байқандар», – дейді. Шынында да, сүт пісірім уақыттан соң Халидтің төбесі көрінді. Ол атының басын кері бұрып, жағдайды Құрайышқа хабарлайды. Бұл кезде Пайғамбарымыз сахабаларымен бірге бір жотаға жеткен болатын. Пайғамбарымыздың түйесі жүрісін кілт тоқтатып, жерге шөгеді. Адамдар түйені тұрғызуға қанша күш салса да, ойсыл қара тұқымы тырп етпеді. Былайғы жұрт: «Қасуа тұра алмай жатыр! Қасуа тұра алмай жатыр!» – деп әбігерге түседі. Сүйікті Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Жоқ, ол тұра алмағандықтан емес, Әбраханың пілін кім тоқтатса, мұны да сол тоқтатты. Өйткені бұл түйенің мұндай әдеті жоқ болатын. Аллаһқа ант етемін, егер олар Аллаһтың қасиетті деп белгілеген нәрселеріне құрмет көрсеткен жағдайда, менен не қаласа да, ризалық білдіремін», – дейді. Осыны айтып, түйесін түртіп қалған кезде ол орнынан атып тұрып, желе жөнелді. Ол Худайбияның шеткі аймағына жеткен соң, түйесінен түседі. Кенезесі кепкен елге ауыз тұшымайтын су табылады. Көпшілік қанша үнемдесе

¹⁴¹ Ибн Хиббан, Сахих 1/521 (288) Ибн Хажар, әл-Исабә 1/566

де, бір кезде су таусылады. Олар шөлдегенін айтқанда, Пайғамбарымыз қорамсағынан оқ алып, оны судың қайнарына қоюды бұйырады. Осыдан соң қайнардың ернеуі суға толып, қаталаған жұрт қанғанынша ішеді, ыдыстарына да құйып алады».

Бүдәйлдің Аллаһ расулына хабары

Бірде Хижаз халқынан Аллаһ расулына етене жақын болып кеткен Хузаа тайпасынан Бүдәйл ибн Уәрка әл-Хузаи бірнеше адаммен сау ете қалады: «Мен өтіп бара жатып Қағыб ибн Луәй мен Амир ибн Луәй тайпаларының Худайбияның ең жақсы бұлақтарының басына орналасқанын көрдім. Сауынды, боталы түйелері де бар екен. Олардың сенімен соғысуға келе жатқандығы және сенің Қағбаны зиярат етуіңе кедергі келтірмек ниетін байқадым», – дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Біз ешкіммен соғысуға келген жоқпыз, тек ұмра жасауға келдік. Сондай-ақ Бәдір мен Хандақ соғысы Құрайышты әлсіретіп, оларды едәуір шығынға ұшыратты. Қаласа, олармен уақытша бітімге келеміз, бұдан былай басқалар мен менің арама килікпесін. Егер мен жеңіске жетсем, қалағаны Исламға кіреді. Жеңіліс тапсам, менен құтылып, армандарына жетеді. Бұл уақытша бітімді қабылдамаса, Аллаһқа ант етемін, осы жолда қасық қаным қалғанша күресемін. Аллаһ міндетті түрде уәдесін орындайды», – дейді. Бүдәйл: «Айтқандарыңды дәл сол күйінде жеткіземін», – деп, Құрайышқа тартады.

«Біз ол кісімен сөйлесіп келе жатырмыз. Қаласандар, не айтқанын сендерге жеткізейін», – дейді. Құрайыштың маскүнемдері: «Мұхаммед туралы

хабардың бізге қажеті жоқ», – десе, естілері: «Қане, не естігеніңді айт», – дейді.

Ол Пайғамбарымыздың айтқанын жеткізеді. Сонда Уруа ибн Мәсғуд орнынан тұрып:

– Ей, Құрайыш қауымы! Сендер менің әкемнің орнына әке емессіңдер ме? – дейді. Олар:

– Иә, әкеңнің орнындамыз, – десті.

– Мен сендердің балаларың емеспін бе?

– Иә.

– Менен күмәнданатын жерлерің бар ма?

– Жоқ.

– Укказ халқын сендерге көмекке шақырғанымды, олар бұдан бас тартқанда, өз отбасым мен маған бағынғандарды ертіп сендерге көмекке келгенім естеріңде болар?

– Иә.

– Олай болса, бұладам (Пайғамбарымызды меңзеп) сендерге қайырлы бір ұсыныс жасап отыр, ақылға салып қабылдаңдар. Мені жіберіңдер, өзімен кездесейін.

– Қалауың білсін, – дейді олар.

Уруа Аллаһрасулына (с.а.с.) барып, жағдайды баяндайды. Уруаға да Бүдәйлге айтқан сөздерін қайталаған Пайғамбарымыздың алған бетінен қайтпайтынына көзі жеткен Уруа: «Ей, Мұхаммед! Егер қауымыңның түп-тұқиянына қарасаң, сенен бұрын арабтардан өз қауымымен жаға жыртысқан адамды естідің бе? Егер керісінше іс насырға шапса ше? Мен араларындағы танымал адамдарды да, әртүрлі тайпалардан жиналған адамдарды да көріп жүрмін. Олардың көпшілігі сені майдан даласында оқ пен оттың ортасында жалғыз тастап қашады», – дейді.

Әбу Бәкір (р.а.): «Өй, тұқымың құрғыр, одан қашатындай бізді опасыз деп тұрсың ба? Біз бе оны жалғыз қалдыратындай?» – дейді ашуға булығып. Уруа: «Бұл кім?» – деп сұрағанда, Аллаһ расулы (с.а.с.): «Әбу Бәкір», – деп жауап берді. Уруа: «Аллаһқа ант етемін, маған жасаған жақсылықтарың болмағанда, міндетті түрде сазайынды тарттырар едім», – дейді.

Уруа Пайғамбарымызбен (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) тілдесіп, былайғы жұрттың наразы күңкілдеріне назар аудармайды. Әр сөйлеген сайын Расулаллаһтың сақалынан ұстап сипап отырады. Муғира ибн Шұғба басында дулыға, қолында қылышын сығымдай ұстап, Пайғамбарымыздың жанында тұрады. Уруа қолын Аллаһтың расулына созған сайын, Муғира да қылышының сабымен Уруаның қолынан қағып: «Аллаһ расулының сақалынан қолыңды тарт», – деп тұрады. Уруа басын көтеріп: «Бұл кім?» – деп сұрайды. «Муғира ибн Шұғба», – дейді олар. Уруа: «Ей, опасыз. Мен сенің жасаған залымдығыңды жуып-шаю үшін не істемедім десеңші?» – дейді.

Өйткені Муғира надандық дәуірінде өзіне жолсерік болған біраз адамдардың түбіне жетіп, олардың малын иеленіп кеткен қара ниетті, қорқау адам еді. Кейін ақ жолға түсіп мұсылман болады. Өзіне біреулердің қанын жүктеп тапқан осы малды ұсынғанда, Аллаһ расулы: «Мұсылмандығыңды қабылдаймын. Бірақ мына малдарыңды ала алмаймын», – деп бас тартады.

Сосын Уруа сахабаларға көз жүгіртіп: «Уаллаһи, бұл не деген құрмет! Аллаһ расулы бір істі бұйырса, барлығы сол сәтте екі етпеуге құлшынады. Дәрет алған суының қалғанына таласады. Мейлінше ақырын сөйлесуге тырысады, оны сыйлайтыны соншалық –

бетіне тіктеп қарамайды», — дейді. Уруа Құрайыштық жолдастарының қасына оралғанда былай дейді: «Ей, қауымым! Мен көптеген патшаның алдына елші болып бардым. Цезарьдің, Кисраның, Нәжашидің көзін көрдім. Аллаһқа ант етемін, сахабалардың Мұхаммедке көрсеткен құрметі мен тағзымын еш жерден кездестірмедім. Ол, шынында да, сендерге қайырлы ұсыныс жасады, қабылдағандарың жөн», — дейді.

Сонда Кинанаулідарынан біреу Құрайышқа: «Маған рұқсат беріңдер, Мұхаммедке мен барайын», — дейді. «Барсаң, бар», — дейді олар.

Ол Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мен сахабаларына бет алғанда, Аллаһ расулы: «Бұл пәлен деген адам, Меккеде қажылардың шалған құрбандықтарын құрметтейтін тайпадан. Құрбандыққа шалынатын түйелерді оның алдына салып беріңдер», — дейді. Түйелер берілгеннен кейін, сахабалар «Ләббәйк аллаһумма ләббәйк» деп, ол адамды күтіп алады. Ол бұл көрініске толқып: «Субханаллаһ. Мына жамағатқа Қағбаны зиярат етуге тыйым салудың жөні жоқ», — дейді сүйсініп. Құрайыштарға «Мен мойындарына белгілер тағылған, оң жақтарына ен салынған құрбандық түйелерді көрдім. Мұсылмандарға Қағбаны зиярат жасауға тыйым салу, меніңше, дұрыс емес», — дейді.

Сонда Микраз ибн Хафс деген адам орнынан тұрып: «Рұқсат етіңіз, мен барайын», — деп, ол да жолға шығады. Микраз жақындағанда, Аллаһ расулы сахабаларына: «Мына келе жатқан Микраз, мінезі нашар, пасық адам», — дейді.

Микраз Пайғамбарымызбен тілдеседі. Сол кезде Сүһәйл ибн Амрдың төбесі көрінеді. Сүһәйл келген соң, Пайғамбарымыз «оңай» деген мағына беретін

оның есімін меңзеп: «Енді ісіміз жеңілдейтін болды», – дейді. Сүһәйл Пайғамбарымызға: «Қане, сенімен бейбіт келісім-шартқа отырайық», – дейді. Пайғамбарымыз хатшы шақыртып, оған: «Бисмилләһир-Рахманир-Рахим» деп жаз», – дейді. Сүһәйл: «Мен рахманның не екенін білмеймін, бұрынғыша «Бисмикәллаһумма» деп жаздыр», – дейді. Мұсылмандар: «Бисмилләһир-Рахманир-Рахимнен» басқа сөз жазбаймыз», – деп қарсылық білдіреді.

Сонда Аллаһ расулы (с.а.с.): «Бисмикәллаһумма» деп жаз», – дейді. Сосын оған «Бұл Аллаһтың пайғамбары Мұхаммедтің Құрайышпен жасасқан келісім-шарты» деп қосуды бұйырады. Сүһәйл: «Біз сенің пайғамбар екенінді қабылдасақ, саған Қағбаны зиярат етуге кедергі келтіріп, сенімен соғыспас едік. Жоқ, болмайды, Абдуллаһұлы Мұхаммед» деп жаздырасың», – дейді көнбей. Расулаллаһ: «Сендер сенбесендер де, бәрібір мен Аллаһтың расулымын», – дейді де, хатшыға «Абдуллаһұлы Мұхаммед» деп жаздырады.

Бұл хадисті жеткізушілердің бірі Зүхридін айтуынша: «Расулаллаһтың Сүһәйлдің бұл ұсыныстарын қабылдау себебі мынада еді: Пайғамбарымыздың одан бұрынырақ «Аллаһтың харам аймағындағы қасиетті нәрселердің құрметіне Құрайыштар менен не қаласа да беремін» деген уәдесімен түсіндіреді.

Пайғамбарымыздың «Бізге Бәйтуллаһты зиярат етуге кедергі келтірмеңдер, тауап жасайық» деген ұсынысына Сүһәйл: «Уаллаһи, қысым көргендіктен бұған көнді дейтін арабтардың пыш-пыш сөзіне жол бермес үшін, биыл сендерді жібере алмаймыз. Зияратты келесі жылдан бастандар», – дейді. Сөйтіп, бұл мәселенің тігісі осылай жатқызылады.

Сүһәйл: «Бізден сенің дініңе кіргісі келген ер кісілерді өзімізге қайтарасың», – дейді. Мұсылмандар: «Субханаллаһ! Мұсылман болып келген адам мүшріктерге қалайша қайтарылады?» – деп наразылық білдірді.

Дәл сол кезде Сүһәйлдің баласы Әбу Жәндәл (р.а.) аяғындағы бұғауымен шыға келеді. Мұсылмандықты қабылдағандықтан, мүшріктер оның аяғын кісендеп қойған еді. Меккенің төменгі жағындағы қамаудан қашып шығып, мұсылмандардың қасына келген беті болатын. Сүһәйл: «Уа, Мұхаммед! Бұл – сенімен келісім жасасатын баптарымыздың әлі алғашқысы. Әбу Жәндәлді маған қайтарып беруің керек», – деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Келісім-шартқа әлі қол қойған жоқпыз», – дейді. Сүһәйл «Егер Әбу Жәндәлді өзімізге қайтармасаң, басқа ешбір мәселеде сенімен келісім-шартқа отырмаймын», – деді. Сол кезде Аллаһ расулы: «Ендеше, мынаны босат, содан кейін қол қой», – дейді. Сүһәйл: «Босата алмаймын», – дейді. Пайғамбарымыз: «Мұны мен үшін жаса», – дейді. Сүһәйл: «Жасай алмаймын», – деп қасарысып тұрып алады. Құрайыштың тағы бір елшісі Микраз босатуға келіссе де, Сүһәйл бұған көнбейді. Әкесінің әрекетіне қарап үмітін үзген Әбу Жәндәл: «Ей, мұсылман жамағаты! Мұсылман болып араларыңа келгенде, мені мүшріктерге кері қайтармақсыңдар ма? Менің не жағдайға ұшырағанымды көріп тұрған жоқсыңдар ма?» – деп айқайлайды. Шындығында, Әбу Жәндәл Аллаһ жолында көптеген ауыр зорлық-зомбылыққа ұшыраған еді. Омар (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымыздың жанына барып:



– Сен Аллаһтың хақ пайғамбары емессің бе? – деп сұрадым. Ол:

– Иә, Аллаһтың пайғамбарымын, – деді.

– Біз ақиқаттың жолындамыз, ал олар қате жолда, солай емес пе? – дедім.

– Иә, солай, – деді ол.

– Олай болса, неліктен дінімізден төлем төлеп, олардың кемсіткеніне төземіз? – деп сұрадым.

– Мен пайғамбармын, Аллаһқа қарсы келген емеспін, Ол – менің жебеушім, – деді ол. Мен:

– Сен бізге жақында Бәйтуллаһқа барамыз, оны тауап етеміз деген жоқ па едің? – дедім. Ол:

– Иә, дедім, бірақ мен саған биыл барамыз дедім бе? – деп сұрады. Мен:

– Жоқ, олай деген жоқсың, – дедім. Сонда ол:

– Сен Қағбаға барып, оны міндетті түрде тауап етесің, – деді.

Сосын Әбу Бәкірдің қасына барып:

– Ей, Әбу Бәкір! Бұл кісі Аллаһтың хақ пайғамбары емес пе? – деп сұрадым.

– Хақ пайғамбары, – деді ол.

– Олай болса, біз тура, хақ жолдамыз, ал дұшпандарымыз қате жолда емес пе? – дедім.

– Иә, солай, – деді ол.

– Олай болса, неге келісімде ұтылып, кемсітуге шыдауымыз керек, – деп Пайғамбарымызға қойған сұрақтарымды оған да қойдым. Ол:

– Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Аллаһтың расулы, бұған еш күмәнің болмасын. Ол Раббысына қарсы шықпайды. Аллаһ пайғамбарына міндетті түрде көмектеседі. Сен айтқан бұйрықтарын екі етпе. Ол нағыз ақиқаттың жолында, – деп жауап берді.

– Ол бізге жақында Қағбаға баратынымызды, оны тауап ететінімізді айтқан жоқ па еді? – дедім.

– Иә, айтты, бірақ биыл баратынын айтты ма? – деді.

– Жоқ, – дедім мен. Әбу Бәкір (р.а.):

– Сен міндетті түрде Қағбаға барасың және ол жерді тауап етесің, – деді.

Омар (р.а.): «Сол күнгі әрекетіме өкініп, кейіннен бірталайға дейін садақа беру, ораза тұту, намаз оқу, құл азат ету сияқты бірқатар ізгі істер атқарып, кінәмді жуып-шайғандай болдым», – дейді.

Хадисті жеткізуші айтады: «Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бейбітшілік келісімшарты жазылып, қол қойылғаннан кейін сахабаларына: «Тұрындар, құрбандықтарыңды шалып, шаштарыңды алыңдар!» – деді. Ешкім орнынан қозғала қоймады. Тіпті Расулаллаһ бұл сөзін үш рет қайталаса да, ешкім тұрмайды. Пайғамбарымыз әйелі Үммі Сәламаның (р.а.) қасына барып, сахабалардың осынау тосын әрекеті туралы айтады. Сонда Үммі Сәлама анамыз: «Уа, Аллаһтың пайғамбары! Бұйрығыңызды олардың орындағанын қалайсыз ба? Олай болса, сыртқа шығыңыз да, құрбандыққа шалынатын түйелеріңізді сойып, шашыңызды алғызыңыз, оған дейін олардың ешқайсысымен сөйлеспеңіз», – дейді.

Расулаллаһ сыртқа шығып, ешкіммен сөйлеспестен, құрбандық түйелерін сойып, шашын алғызады. Мұны көрген сахабалар да құрбандықтарын шалып, бір-бірінің шаштарын ала бастайды. Аллаһ расулы шашын алдырып болғаннан кейін, оның алдына Меккеден һижрет еткен мүмін әйелдер келеді. Хақ тағала сонда мына аятты түсіреді:



«Ей, иман келтіргендер! Мүмін әйелдер сендерге қосылу үшін ыжрет етіп келгендерінде, оларды сынап көріңдер. Шынында, Аллаһ олардың имандарын өте жақсы біледі. Олардың мүмін екендіктеріне көз жеткізсеңдер, енді оларды кәпірлерге қайтармаңдар. Бұдан былай бұл әйелдер кәпір күйеулеріне, ал кәпір күйеулері бұл әйелдерге адал емес. Сонымен қатар, олардың күйеулерінің берген қалыңмалдарын (махр) қайтарып беріңдер. Мәхір беріп, бұл әйелдерге үйленулеріңе болады. Кәпір әйелдермен некеге тұрмаңдар» (Мүмтахина, 60/10)

Осы аят түскеннен кейін, Омар (р.а.) мүшрік екі әйелімен ажырасады. Олардың бірімен Мұғауия ибн Әбу Суфиян, екіншісімен Сафуан ибн Умәйя некелеседі.

Бұдан кейін Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға қайтады. Артынша Бұсайыр Әбу Басыр (р.а.) деген бір кісі Исламды қабылдау үшін Мәдинаға келеді. Оны кері қайтару үшін Құрайыштар екі адам жіберіп: «Бізге берген уәденді ұмытпа», – деп қатаң ескертеді. Пайғамбарымыз оны соларға тапсырады. Олар Әбу Басырды ортаға алып, жолға шығады. Зұл-Хуләйфаға жүрек жалғау үшін аялдайды. Әбу Басыр олардың біріне: «Сенің мына қылышың қылпылдап тұр екен. Алып түсер алмастай екен», – дейді. Мына сөз жанына майдай жаққан мақтанқұмар әлгі адам қылышын қынабынан шығарып: «Иә, өте жақсы қылыш, талай рет сынап көрдім, тайқып көрген жері жоқ», – дейді. Әбу Басыр: «Кәне, ұстап көрейін», – деп қылышты одан алып, мақтанқұмар аңғалды шауып өлтіреді.

Мұны күтпеген екіншісі қашқаннан қашып отырып, Мәдинаға жетіп, бірден салып-ұрып мешітке ба-

рады. Оның ес-түсі қашып, үрейден абыржыған түрін көрген Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Мына кісі қиын бір жағдайға тап болса керек», – дейді. Ол Пайғамбарымызға: «Өлтірді! Жолдасымды өлтірді! Мені де өлтіреді!» деп жанұшыра айқайлайды. Оның ізінше іле-шала келген Әбу Басыр: «Уа, Расулаллаһ, Аллаһқа берген сөзінде тұрдың, мені мүшріктерге қайтарып бердің. Сосын Хақ тағала мені мүшріктерден құтқарды», – дейді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Әттеген-ай, Әбу Басыр мына әрекетімен келісімшартымызды бұзатын болды», – дегенде, Әбу Басыр бұл сөзден өзін оларға қайтарып беретінін түсінеді де, дереу қарасын батырады. Ойланып жатпастан теңіздің жағасына жол тартады.

Хадисші айтады: «Сүһәйлдің баласы Әбу Жәндал да қашып шығып, Әбу Басырдың тобына қосылып, Исламды қабылдайды. Құрайыштан қашқандардың барлығы Әбу Басырды жағалайды. Тіпті бара-бара үлкен қауымға айналады. Олар Шамға қарай шыққан Құрайыштың керуеніне шабуыл жасап, талан-таражға салып, тонап кететін. Әбу Басыр мен оның тобындағылардың бұл бассыздығынан мезі болған Құрайыштар пайғамбарымызға хабар жіберіп, арадағы туыстықты алға тартып, Әбу Басырдың қауымын қасына алуына өтініш білдіреді. Меккеден оған баратындардың бұдан былай қауіпсіздікте болатынын, кері қайтаруды сұрамайтындықтарын, осылайша өздері енгізген баптан бас тартатындығын білдіреді. Аллаһ расулы Әбу Басыр мен адамдарына хабар жіберіп, олардың Мәдинаға келуін сұрайды. Осыған орай, Хақ тағала мына аятты түсіреді:

«Ең әуелі Аллаһ олардың сендерге күш көрсетуін тосты. Сонымен бірге, сендер жеңген соң, Меккеде сендердің оларға күш көрсетулеріңді де тоқтатты. Сендердің не істейтіндеріңді Тәңірдің өзі көріп тұрады. Олар кәпір болды. Сендерді Харам мешітіне жібермеді, әрі сендердің қолдарыңдағы құрбандық (малын) тиісті жеріне жеткізуге кедергі жасады. Меккеде сендер білмейтін мүміндердің еркек, әйелдері бар болатын. Байқаусызда оларды өлтіріп қойсаңдар, күнәға батар едіңдер. (Сол үшін де Аллаһ сендерді Меккеге басып кіруден тыйды). Бұл да Оның рақымдылығы еді. Егер олардың жігі анық белгілі болса (яғни мүміндер мен кәпірлер айқын ажыратылса), онда кәпірлерді ауыр азаппен жазалар едік. Кәпірлердің жандарында қызуқандылық – жаһилият (надандық) дәуірінің қызулығы қайнап тұрғанда, Аллаһ пайғамбарының да, мүміндерінің де көңіліне тоқтау (салқынқандылық) салды. Олар тақуалық ниетінде (Бір Аллаһқа сүйену ниетінде) болды. Мүміндер тақуалық ниетке лайық және солай болуға тиісті еді. Бар нәрсені бір Аллаһ өзі біледі» (Фәтх, 48/24-26).

Олардың надандығы мен қыңыр-қисық мінезі Пайғамбарымызды (с.а.с.) мойындамауынан, «бисмилләні» қабылдамауынан және мұсылмандардың Қағбаны тауап етуіне кедергі келтіргенінен аңғарылған болатын¹⁴².

Пайғамбарымыздың Османды (р.а.)

Меккеге жіберуі

Уруа (р.а.) былай дейді: «Құрайыштар Аллаһ елшісінің (с.а.с.) Худайбияға баруынан сескенген еді.

¹⁴² Бұхари, Сахих 2/974 (2581)

Сондықтан Пайғамбарымыз оларға сахабаларының біреуін жіберуді көздейді. Осы іске Омарды (р.а.) дұрыс көреді. Омар (р.а.): «Уа, Расулаллаһ! Мен оларға әрдайым лағынет айтып жүрген адаммын. Олардың зорлығына душар болсам, Меккедегі қауымым Қағымбұлдарының ішінде мені қамқорлығына алатын ешкім жоқ. Османды жібер, оның туыстары сонда, сенің айтқандарыңды Меккеліктерге емін-еркін жеткізе алады», – дейді.

Аллаһ расулы (с.а.с.) оларға Османды (р.а.) аттандыруды жөн көреді. Жолға шығарып салып тұрып: «Меккеліктерге біздің соғысу үшін келмегендігімізді, ұмра жасауға келгенімізді айт және оларды Исламға шақыр», – дейді. Сонымен қатар, Меккедегі мүмін ерлер мен әйелдерге барып, оларға жұбату айтуды, жақын арада Аллаһтың дінінің Меккеде үстем болатынын жеткізуді бұйырады. Осман (р.а.) жолға шығады. Меккеге жақын Бәлдах деген жерде Құрайыштармен кездеседі. Құрайыштар оның қайда бет алғанын сұрайды. Осман (р.а.): «Сендерді құдіреті күшті Аллаһқа сенуге, Ислам дініне шақыру және біреумен соғысу үшін емес, ұмра жасау үшін келгенімізді хабарлау үшін мені Расулаллаһ жіберді», – дейді. Құрайыштар «Айтқандарыңды түсіндік, қалағаныңды жасай бер», – дейді.

Әбан ибн Саид ибн әл-Ас хазірет Османға: «Қош келдің!» – дейді де, атын ерттеп, Османды (р.а.) өз қамқорлығына алып, екеуі Меккеге бірге аттанады...»¹⁴³.

¹⁴³ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 10/754 (30152)



Омардың (р.а.) Худайбия келісімшарты туралы көзқарасы

Ибн Аббас (р.а.) Омардың (р.а.) былай дегенін айтты: «Аллаһ расулы арада келісім-шарт жасасып, Мекке халқына ерекше құқық берді. Егер Пайғамбарымыздың арнайы тағайындаған адамы дәл сондай келісім жасаса, онда бағынбаған болар едім. Өйткені келісімнің бір бабында «Мұсылман болып мүшріктерден қашып, мұсылмандарды паналағандарды мұсылман жағы кері қайтарады, ал мүшріктер өздеріне барып қосылғандарды қайтармайды» делінген еді»¹⁴⁴.

Әбу Бәкірдің Худайбия келісімі туралы көзқарасы

Әбу Бәкір (р.а.) былай дейді: «Өзге жеңістерге қарағанда, Исламда Худайбия жеңісінің маңызы зор. Ол кезде халықтың ой-өрісі тар болатын. Адамдар асығыс, ағат әрекеттерге көп баратын. Алайда Аллаһ істі межесіне жеткізгенге дейін асығыстық жасамайды. Уәда (қоштасу) қажылығында Худайбияда Құрайыш елші етіп жіберген келісімшарттың баптарын бекіткен Сүһәйл ибн Амрға қарадым. Құрбандық шалынатын жерге барып, Расулаллаһқа (с.а.с.) қолғабыс етті. Пайғамбарымыз құрбандықтарды өз қолымен шалды. Бұл істі бітірген соң, Пайғамбарымыз шашта-разды шақыртып, шашын алдырды. Мен Сүһәйлден көз айырмадым. Ол Расулаллаһтың шаштарын жинап алып, (арабтардың әдетінше) көзіне тигізіп, құрметпен тағзым етіп жатты. Сол кезде оның Худайбия күні келісімшартқа «Бисмилләһир-Рахманир-Рахим» деп жазудан бас тартқандығы және «Мұхаммед расулаллаһ»

¹⁴⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 10/749 (30137)

деп жазылуына наразы болғаны есіме түсті де, оны Исламмен қадірлі еткен Аллаһқа шүкіршілік еттім»¹⁴⁵.

16. АМР ИБН АСТЫҢ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

Амр ибн Ас (р.а.) былай дейді: «Хандақ шайқасынан қайтқан күні Құрайыштан мені қолдайтын, сөзімді тыңдайтын адамдарды жинап алып, оларға: «Сендер де білесіңдер, мен Мұхаммед қолға алған істің айы оңынан туып, желі оңынан тұратынын, желкен керіп кең айдыңға шығатынын сеземін. Менің бір ойым бар, оған сендер не дейсіңдер?» – деп сұрадым. «Ойлағаның не?» – деп сұрады олар. «Хабашстанға барып, Нәжашиді паналайық. Біз Нәжашидің қамқорлығында болған кезде, Мұхаммед қауымымызды жеңетін болса, патшаның қамқорлығында қалуымыз Мұхаммедтің қол астына кіргеннен артық емес пе? Егер біздің қауымның мерейі үстем түссе, біздің кім екеніміз құпия емес, олардан тек жақсылық көреміз», – дедім. «Шынында да, сенің бұл ұсынысың ойға қонымды екен», – десті олар. «Ендеше, Нәжашиге ұсынатын сыйлық дайындаңдар», – дедім.

Біздің елде оған тарту етуге лайық сыйлығымыз – ең иі қанып иленген, мейлінше өңделген тері еді. Сол себепті теріні мол етіп жинап, жолға шықтық. Аллаһ нәсіп етіп, оған да аман-есен жеттік. Біз оның алдында тұрған кезде, Аллаһ расулы Әбу Жағфарды және жолдастарының жағдайын білуге жіберген Амр ибн Умәйяту Дамри келе қалды. Нәжашиге кіріп кетті де, біраз уақыттан соң шықты. Жолдастарыма: «Бұл – Амр ибн Умәйя. Нәжашидің алдына барған кезімде оны маған тапсыруын сұрайын, сосын айызым қана басын ша-

¹⁴⁵ эл-Хинди, Кэнзул-уммал 10/749 (30136)

байын. Егер осылай етсем, Құрайыштар Мұхаммедтің елшісін өлтіріп, кеткен есесін қайтарғаным үшін маған сенім артар», – деп ойладым.

Нәжашиге барып, әдеттегіше алдына жығылып сәжде жасап, тағзым еттім. Нәжаши: «Амансың ба, досым! Еліңнен маған сыйлық әкелдің бе?» – деп сұрады. «Иә, патшам», – деп терілерді тарту еттім. Нәжаши менің тартуыма риза болып, қуанып қалды. Мен: «Уа, патшам! Жаңа алдыңнан шыққан адамды көрдім. Ол – біздің дұшпанымыздың елшісі. Оны маған бер, көзін құртайын, өйткені ол біздің зиялыларымыз бен қадірлі адамдарымызды өлтірді», – дедім.

Нәжаши бұл ұсынысыма ашуланып, бұлқан-талқан болды. Мен қатты қорқып кеттім. «Уа, патшам, бұл айтқаным саған ұнамайтынын білгенде, сенен оны сұрамас едім», – дедім. Ашуы әлі басылмаған Нәжаши: «Сонда сен Мұсаға уахи әкелген Намусу әкбар (Жәбірейіл) келетін әлгі кісінің елшісін өлтіру үшін, бізден рұқсат сұрап тұрсың ба?» – деді. «Уа, патшам, ол шынында сондай адам ба?» – деп сұрадым мен.

«Ей, Амр! Мені тыңдасан, Мұхаммедті мойында. Ол – ақиқатпен келген адам. Мұса ибн Имран Перғауын мен әскерін қалай жеңсе, ол да қарсыластарын әлі-ақ солай жер қаптырады», – деді ол. «Мұхаммедтің атынан саған серт берсем, сертімді қабылдайсың ба?» – деп сұрадым. Нәжаши: «Иә, қабылдаймын», – деді. Патша қолын созды, мен алға ұмсынып, оған Ислам үшін серт бердім. Сөйтіп, ол жерден көзқарасым өзгеріп, басқа адам болып шықтым, бірақ мұсылман болғанымды жолдастарымнан жасырып жүрдім. Содан Расулаллаһқа (с.а.с.) бару үшін Хабаһстаннан шыққанымда, жолда Халид ибн Уәлидпен ұшырастым. Меккеден келе

жатқан беті екен. Бұл Меккенің әлі алынбаған кезі еді. Одан: «Әбу Сүлеймен, қайда жол тарттың?» – деп сұрадым. «Аллаһқа ант етейін. Ол (Пайғамбарымызды меңзеп) мақсатына жетті. Расында да, пайғамбар екен. Соған жолығуға бара жатырмын. Мұсылмандықты қабылдасам ба деймін. Жетер енді, бұл тартыс қашанға дейін созыла бермек?» – деді ол бір ауыр ойға шомып. «Менде де басқа мақсат жоқ, мұсылмандықты қабылдауға ниет еттім», – дедім мен.

Мәдинаға келіп кірдік. Бірден Пайғамбарға тарттық. Халид ибн Уәлид (р.а.) мұсылмандықты қабылдап, серт берді. Сосын мен жақындап: «Уа, Расулаллаһ, осы уақытқа дейін жасаған күнәларымды кешірсен, саған серт беремін. Ал болашақта күнәға бататынымды я батпайтынымды білмеймін», – дедім. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «Ей, Амр! Серт бер. Өйткені Ислам өзінен бұрын жасалған күнәларды өшіреді. Ыжрет жасау одан бұрынғы жамандықтарды жояды», – деді. Мен серт беріп, кері қайттым¹⁴⁶.

Бәйхақидің Уакиди жолы арқылы жеткен риуаятында мынадай қызғылықты жағдайлар кездеседі:

«...(Амр ибн Ас айтады:) Сосын ары қарай кеттім. Таиф пен Меккенің арасындағы Хиддаға жеткенде, менен сәл ертерек келген екі адамның шатырға кіргелі тұрғанын көрдім. Бірі шатырдың ішіне еніп кетті, ал екіншісі мініс көліктерін ұстап сыртта қалды. Қарасам, Халид ибн Уәлид. Одан: «Қайда барасың?» – деп сұрадым. Халид: «Мұхаммедке бара жатырмын. Ақыл-есі бүтін адамның бәрі Ислам дінін қабылдап жатыр. Енді кешіксем, қорқау қасқырларды желкесінен ұстап, інінен шығарғандай біз де сондай күйге түсерміз», –

¹⁴⁶ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 4/198 (17812)

деді. «Мен де Мұхаммедке бара жатырмын, Исламды қабылдауға шешім қабылдадым», – дедім. Сол кезде шатырдан Осман ибн Талха шығып, маған: «Қош келдің!» – деді. Бәріміз сол жерде түнеп, Мәдинаға бірге баруға келістік. Әбу Утба құдығына жеткен кезімізде әлдекімнің «Ей, Рәбах! Ей, Рәбах!» деп айқайлағаны естілді. Біз «табыс» деген мағынаны беретін бұл сөзді жақсылыққа жорып, жолға шықтық. Сосын ол бізге қарап, Халид пен мені меңзеп Пайғамбарымыздың (с.а.с.): «Мына екеуі де Исламға кірсе, Меккенің кілті алынды деген сөз» дегенін естідім.

Әлгі адам мешітке қарай жүгіре жөнелді. Аллаһ расулына біздің келгенімізді хабарлауға кетсе керек. Шынында да солай болды. Түйелерімізді Харраға шөктіріп, бір киер киімдерімізді кидік. Сол кезде намаздыгердің азаны оқылды. Алдына барғанымызда, Пайғамбарымыздың жүзінен нұр шашырап тұр еді. Бізді қаумалаған мұсылмандардың барлығы Исламды қабылдағанымызға балаша қуанды. Халид ибн Уәлид серт берді. Сосын Осман ибн Талха серт берді. Сосын менің кезегім келді. Алдында отырған кезімде ұялғаннан оның бетіне тіктеп қарай алмадым. Іле өткен күнәларымды жарылқау шартымен серт бердім. Болашақтағы күнәларым ойыма келмепті. Сонда ол: «Ислам бұрынғы барлық күнәларды жояды, һижрет бұрын жасалған күнәларды өшіреді», – деді. Амр ибн Ас: «Аллаһқа ант етемін, мұсылман болғалы бері, Расулаллаһ маңызды мәселелерді шешуде ешбір сахабасын Халид екеуімізге тең көрген емес»¹⁴⁷, – деген.

¹⁴⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/238

17. ХАЛИД ИБН УӘЛИДТІҢ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

Халид (р.а.): «Хақ тағаланың маған мейірімі түсті, көңілімде Исламға деген жылы бір сезім ұшқын атты, ой-санам тұнық тартып, көкірек көзім ашылды. Ішімнен «Мұхаммедке қарсы барлық жорыққа қатысқан екенмін-ау» деп өкіндім. Жорықтан қайтқанда, пайдасыз істің соңында жүргенімді, Мұхаммедтің жақын арада жеңіске жететінін сезіп жүруші едім... Расулаллаһ Худайбияға аттанғанда, мен де мүшріктердің атты керуенімен жолға шықтым. Сахабаларымен бірге оны Усфан деген жерде кезіктірдім. Алдына шығып, назарына ілінуге тырыстым. Ол сахабаларына имам болып, бесін намазын оқытты. Осы сәтті пайдаланып, мұсылмандарға шабуылдамақ болдық, алайда бұл ойымыз жүзеге аспады. Мұның біз білмейтін бір сыры бар, ең бастысы қайырлы еді. Ол біздің ойымызды сезген болуы керек, сахабаларына екіндіні салаты хауф (қауіп-қатер төнген кезде оқылатын екі рәкат намаз) түрінде оқытты. Бұл көрініс маған алабөтен әсер етті. Ішімнен «Бұл адам шынында да қорғауға алынған екен» деп ойладым. Олар бізден алыстап, оң жаққа қарай бұрылды. Худайбияда Құрайышпен келісім жасасқанда «Енді не қалды дейсің? Қайда барсам болады? Нәжашиге барайын ба? Бірақ ол Мұхаммедке иман келтірді, сахабалары да соның қасында. Ираклийге барып, дінімді тастап христиандықты немесе ғһудилікті қабылдасам ба екен? Жоқ, әлде Иранға тартып кетсем бе екен? Жоқ, өз елімде қалсам ба екен?» деп әрі-сәрі ойланып, толғанып жүргенде, Пайғамбар Худайбия жылында ниет етіп, бірақ жасай алмаған ұмрасын қаза ету үшін Меккеге кірді. Мен ол кезде бой тасалап жүргендіктен,

Пайғамбардың келгенін де көре алмадым. Бауырым Уәлид ибн Уәлид те Аллаһ расулымен бірге Меккеге келіп, мені іздепті, таба алмаған соң, мына хатты қалдырыпты: «Аса рақымды, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен... Сонша ақылы түзу адам бола тұра, Исламнан неліктен қашқақтағаныңды еш түсіне алмадым. Ислам секілді дінге кім қарсы шыға алады? Аллаһ расулы менен сені сұрады. «Халид қайда?» – деді. Мен: «Аллаһ әкелер», – дедім. Сонда Расулаллаһ: «Ондай адамның Исламнан шет қалуы таңғаларлық жағдай. Батылдығы әрі байсалдығымен мұсылмандардың сапында болуы өзі үшін қайырлы болар еді, Халидті төбемізге көтеріп құрмет тұтар едік», – деді. Сондықтан да, бауырым, уысыңнан шығарып алған көптеген мүмкіндіктердің есесін қайтаруың керек».

Халид ибн Уәлид (р.а.) былай дейді: «Бауырымның хатын алғаннан кейін ешкімнен қысылмай-қымтырылмай еркін жүріп-тұруға мүмкіндік алғанымды сездім. Исламға деген қызығушылығым артты. Әсіресе, Расулаллаһтың (с.а.с.) мен туралы сұрағаны айрықша толқытты. Түсімде шағын, жері құнарсыз елден ұшы-қиыры көз жетпейтін көкорайға, ондағы елге шыққанымды көріп, «Бұл түс өнімде жүзеге асады» деп жорыдым. Мәдинаға барған кезде, түсімді Әбу Бәкірге айтуға бекіндім. Әбу Бәкір түсімді: «Жасыл-желекке малынған, табиғаты тамылжыған жерге шығуың – Аллаһтың сені Исламға тартуының белгісі. Құлан жартаc құнарсыз жер – күпірлік» деп жорыды.

«Аллаһ расулына кіммен бірге барсам екен?» деп ойланып жүргенде, Сафуан ибн Умәйяны кездестірдім. Оған: «Ей, Әбу Уәхб, жағдайымызды көріп тұрсың ба, аз ғана адам қалдық. Мұхаммед арабтарды да, араб

еместерді де жеңіп жатыр. Барып, иман келтірсек қайтеді? Мұхаммедтің абыройы біздің де абыройымыз емес пе?» – дедім. Ол қашқақтап: «Менен басқасы серт берсе де, өз басым аттап баспаймын», – деп азар да безер болды. Өз-өзіме «Бұл ағасы мен әкесі Бәдірде өлген адам ғой», – дедім. Әбу Жәһілдің баласы Икримамен кездесіп, оған да осыларды айттым. Ол да Сафуан секілді басын ала қашты. Оған: «Саған айтқандарым арамызда қалсын», – дедім. Ол келісті. Үйіме барып, түйеме мініп, қайта жолға шықтым. Жолда Осман ибн Талханы жолықтырдым. «Бұл менің досым ғой, ойымды айтсам ба екен?» – деп ойланып тұрдым да, оның туыстарының да өлтірілгені есіме түсіп, үндемегенді жөн көрдім. Іле «Туыстарына қатысым қанша? Не де болса, Османға Ислам дінінің қаншалықты кең қанат жайғанын айтайын» деп ойладым да, «Біз бір шелек су құйса атып шығуға дайын інде жатқан түлкі сияқтымыз», – деп, екі жолдасыма айтқандарды оған да айттым. Осман айтқандарыма ден қойып, бірден келісті. Оған: «Мен бүгін жолға шықтым, ары қарай кете берсем деп едім», – дедім.

Екеуміз Йәжуж деген жерде кездесуге келістік. Кім бұрын жетсе, сол жерде күтетін болды. Таңсәріде Йәжужде жолықтық. Хиддаға барып, ол жерде Амр ибн Аспен кездестік. Амр бізден қайда бара жатқанымызды сұрады. Біз Исламды қабылдап, Аллаһ елшісі Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә салләм) иман келтіру үшін жолға шыққанымызды айттық. Амр ибн Ас: «Мен де осы оймен жолға шығып едім», – деп тілегімізді құптап, бізге ілесті.

Бәріміз Мәдинаға бірге келдік. Харраның іргесінде түйелерімізді шөктірдік. Біздің келгеніміз туралы



оған дереу хабар жіберілді. Аллаһ елшісі біздің келгенімізге қатты қуаныпты. Бір киер киімдерімді киіп, Расулаллаһқа бара жатқанымда, алдымнан бауырым Уәлид шығып: «Жүгір! Аллаһ расулы сенің келгеніңді естіп қатты қуанды, өздеріңді күтіп отыр», – деді.

Мен шапшаң басып, қасына бардым. Ол маған күлімсіреп қарап тұрды. Сәлем бердім. Жылы жүзбен сәлемімді алды. Мен: «Куәлік етемін, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ, сен Аллаһтың расулысың», – дедім. Расулаллаһ (с.а.с.): «Кел, сені тура жолға салған Аллаһқа мақтау айтамын. Сенің ақылды адам екеніңді білетінмін. Әрдайым ақылыңның сені жақсылыққа бағыттағанын қаладым», – деді.

«Уа, Расулаллаһ! Саған қарсы жасалған сол жорықтардың барлығында алда жүріп, Хаққа қарсы шықтым. Аллаһқа дұға ет, күнәларымды кешірсін», – дедім. Расулаллаһ: «Ислам өзінен бұрын істелген барлық күнәларды өшіреді», – деді. «Сонда да сіз дұға етіңіз», – дедім мен. Өтінішімді жерге тастамай: «Аллаһ тағалам! Халид ибн Уәлидтің жамандықтарын, өзгелерді Аллаһ жолынан тайдыру үшін жасаған барлық әрекеттерін кешіре гөр!» – деп дұға етті...»¹⁴⁸.

18. МЕККЕНІҢ АЗАТ ЕТІЛУІ

Аббастың Құрайышты Пайғамбары- мыздан рақымшылық сұрауға шақыруы

Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәрруз-Захранға тоқтаған кезде, Аббас (р.а.): «Құрайыштың халі қандай аянышты! Егер Аллаһтың расулы Құрайыш одан

¹⁴⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/238. әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/352 (37024)



рақымшылық сұрамай зорлықпен Меккеге кіретін болса, Құрайыштың күні батты деген сөз», – деді.

Одан ары былай деді: «Пайғамбарымыздың ақ қашырына мініп, ордадан шығып, Әрак деген жерге бардым. Отыншы ма, шопан ба, басқа ма, әйтеуір кімді кезіктірсем де айтарым: ол меккеліктерге Аллаһ расулының отырған жерін хабарласын, меккеліктер рақымшылық сұрасын, сонда ғана Пайғамбарымыз Меккеге күш қолданбай кірер» деп өзімше жоспар құрдым.

Мен ордадан аттанып бара жатып, Меккеге бет алған Әбу Суфиян мен Бүдәйл ибн Уәрканың әңгімелерін естіп қалдым. Әбу Суфиян:

– Бүгінгідей самсаған отты да, әскерді де бұрын-соңды көрген емеспін, – деді. Бүдәйл:

– Уаллаһи, бұл Хузаа тайпасы жаққан от. Жорыққа байланысты жағылған, – деді. Әбу Суфиян:

– Хузаа тайпасының сарбаздары мұншалықты көп емес қой, – деді. Әбу Суфиянды даусынан танып:

– Әбу Ханзала! – деп дауыстадым. Ол да менің даусымды танып:

– Әбул Фазыл, сенсің бе? – деп сұрады.

– Иә, менмін.

– Сен мұнда не істеп жүрсің?

– Әй, Әбу Суфиян! Мына әскерді Пайғамбарымыздың өзі бастап келе жатыр. Құрайыштың жағдайы ауыр.

– Енді не істеуге болады?

– Сені қолға түсірсе, басыңды алады. Кел, мына қашырға мін, сені алдына апарып, рақымшылық етуін сұрайын.



Осылайша, Әбу Суфиянды қашырға мінгізіп, жолға шықтық. Мұсылмандардың әр жаққан отының қасынан өткен сайын, олар: «Бұл кім?» – десіп елендесіп, біз жаққа үңіле назар салып қояды. Пайғамбарымыздың қашырын көріп: «Расулаллаһтың көкесі, соның қашырына мініп алыпты», – десті. Омар ибн Хаттабтың (р.а.) жаққан отының қасына барған кезімізде, ол: – Бұл кім? – деп маған қарай жүрді. Қасымдағы Әбу Суфиянды көріп: – Әбу Суфиян! Аллаһ дұшпаны! Сені осы жерге алып келген Аллаһқа мың шүкіршілік, – деді. Сосын ол Аллаһ расулы отырған жаққа қарай шапшаң басып кетіп қалды. Қашырды тебініп, алға оздым. Омарды артта қалдырып, Расулаллаһтың қасына бардым. Іле-шала Омар да келіп: «Уа, Расулаллаһ! Мына кісі – Әбу Суфиян. Аллаһ тағала оны сенің алдыңа алып келді. Маған рұқсат бер, басын алайын», – деді. Мен: «Уа, Расулаллаһ, мен оны өз қамқорлығыма алдым», – дедім. Сосын Пайғамбарымыздың қасына тізе бүгіп: «Бүгін түнде қасында мен ғана боламын, Әбу Суфиян менің шатырымда түнейді», – дедім.

Омар (р.а.) басыла қоймады. Ақыры қоймаған соң: «Тоқтат, Омар! Егер ол сенің Адыйұлдарыңның бірі болса, бұлай демес едің, Абдумәнафұлдарынан екенін білгендіктен осылай айтып тұрсың ғой», – дедім. Омар: «Ей, Аббас! Сен Исламға кіргенде, әкемнің мұсылман болғанынан артық қуанып едім. Өйткені сенің мұсылман болуың Аллаһ расулын, егер тірі болса, әкем Хаттабтың Исламға кіргенінен бетер шаттыққа бөлер еді. Бұған анық көзім жетеді», – деді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Аббас, оны өзінмен бірге ерте кет, таңертең сөйлесерміз», – деді. Мен екі әлем Сардарының (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) айтқанындай

жасадым. Ертеңгісін Пайғамбарымыз: «Әбу Суфиян! Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңірдің жоқ екеніне куәлік етудің уақыты келген жоқ па?», – деді. Әбу Суфиян: «Сен қандай кең пейілді адамсың! Қандай мейірбан, қайырымды жансың! Туыстық қатынасқа соншалықты мән бересің. Мен Аллаһпен бірге басқа тәңірлер болса, маған пайдалары тиер деп ойлайтынмын», – деді. Расулаллаһ: «Әй, Әбу Суфиян! Менің Аллаһ расулы екенімді мойындайтын уақытың келген жоқ па?» – дегенде, Әбу Суфиян: «Сен қандай мейірімді және мәрт адамсың! Осы кезге дейін мені бірталай түсініксіз сауалдар мазалаған еді», – деді.

Аббас (р.а.) былай дейді: «Бері қара, Әбу Суфиян! Өзіңе жаның ашыса, басың шабылмай тұрғанда, мұсылман бол. Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық тәңір жоқ екеніне, Мұхаммедтің пайғамбар екеніне куәлік ет» – дедім. Сонда Әбу Суфиян шаһадат айтып, мұсылман болды. Ибн Аббас әрі қарай былай дейді: «Уа, Расулаллаһ, Әбу Суфиян құрмет пен артықшылықты жақсы көреді, оны құрметке бөлейтін бір артықшылық берсеңіз», – дедім қиыла өтініп. Расулаллаһ: «Дегенің болсын, кімде-кім Әбу Суфиянның үйін паналаса, ол адамның қауіпсіздігіне кепілдік беремін. Кім өз үйіне кіріп, есігін тарс бекітіп алса, оған да ешкім тиіспейді. Харам мешітін паналаған адам да қауіпсіздікте болады», – деді.

Әбу Суфиян қайтуға ыңғай білдіргенде, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм): «Аббас! Оны әскерлер басып өтетін тау асуына апар, сол жерден Аллаһтың сарбаздарын өз көзімен көрсін», – деді.

Екеуміз жолға шығып, Аллаһ расулының айтқаны бойынша, Әбу Суфиянды тар қолатқа ертіп апардым. Әр

тайпа өздерінің байрағын желбіретіп, Әбу Суфиянның алдынан шеру тартып өте бастады. Әр тайпаға назары түскен сайын Әбу Суфиян: «Аббас, мыналар кімдер?» – деп сұрап тұрды. «Сүләймұлдары», – дедім мен. Әбу Суфиян: «Олар бұл жерге келетіндей мені мен Сүләймұлдарының арасында қандай мәселе бар?» – деп сұрады.

Барлық тайпа өтіп болғанша, Әбу Суфиян осы сұрақтарын қайталап қоюмен болды. Бір кезде тайпалардың шеруі аяқталды. Олардың артынан үстерінде, темір сауыт, көздерінен басқа жері көрінбейтін мұһажырлар мен ансарлардан құралған, араларында Расулаллаһ та бар, айбарлы қол барлық сән-салтанатымен алдымыздан шеру тартып өтті. Әбу Суфиян: «Субханаллаһ! Аббас, мыналар кім?» – деп сұрады. «Бұл арасында Пайғамбарымыз бар мұһажырлар мен ансарлар тобы», – дедім мен. «Ей, Әбул-Фазыл, бұларға ешкімнің шамасы жете қоймас. Бауырыңның баласы айбынды сұлтанға айналыпты», – деді Әбу Суфиян танданысын жасыра алмай. «Жоқ, ол сұлтан емес, ол – пайғамбар», – дедім мен. Ол: «Мейлі, солай-ақ болсын», – деді. «Енді өз қауымыңа бар», – дедім. Ол өз қауымына барып, бар даусымен айқайлап: «Ей, Құрайыш! Мұхаммед біздің әліміз жетпейтін үлкен күшпен келе жатыр. Кім Әбу Суфиянның үйін паналаса, оған ешкім тиіспейді», – деді.

Бұл сөзге ашуланған әйелі Хинд оған тұра ұмтылды. «Мына оңбағанның көзін құртыңдар. Осындай қорқақ басшы бола ма?» – деді. Әбу Суфиян: «Токтаңдар. Мына әйелдің сөзіне алданбаңдар. Шынында да Мұхаммед үлкен күшпен келе жатыр. Әбу Суфиянның үйіне кірген адамға қауіп жоқ», – деді.

«Сенің үйіңе қайсымыз сиямыз?» – деді топ арасынан біреу. Бұған Әбу Суфиян Аллаһ расулының (с.а.с.) сөзімен жауап берді: «Үйіне кіріп, есігін жапқан адамға ешкім тиіспейді. Харам мешітін паналағандарға да қауіп жоқ». Осыны естіген халық үйлерін, мешітті паналады¹⁴⁹.

Риуаят етуші былай дейді: «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жасағында сауыттан мұз құрсаған екі мың әскер бар болатын. Расулаллаһ туды Сағыд ибн Убадаға ұстатқан болатын. Сағыд (р.а.) жасақтың алдында Пайғамбарымыздың туын ұстап, Әбу Суфиянның тұсынан өтіп бара жатып: «Ей, Әбу Суфиян! Бүгін шайқас күні. Бүгін Меккеде қан төгуге рұқсат берілген күн. Бүгін Аллаһ тағаланың Құрайышты масқара ететін күні», – деді.

Расулаллаһ бұл кезде қарсы бетте келе жатқан болатын. Дәл Әбу Суфиянның тұсынан өтіп бара жатқанда, оған: «Уа, Расулаллаһ! Өз қауымыңды қырып-жоймақпысың? Сағыд жаңа солай деп кетті. Жұртың үшін кешірім сұраймын. Сен, шынында, адамдардың ең асыл текті абзалысың, туысты қадірлейсің!» – деп дауыстады.

Абдуррахман ибн Ауф пен Осман ибн Аффан да «Уа, Расулаллаһ, Сағыдтың Құрайышқа шабуылдамайтынына сенім жоқ», – деп қауіптерін білдірді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «Ей, Әбу Суфиян! Бүгін рақымдылық күні, бүгін Аллаһ тағаланың Құрайышты қадірлі еткен күні», – деді.

Осыны айтқан Пайғамбарымыз Сағыдқа хабар жіберіп, оны қолбасылықтан алды. Ренжітіп алмау үшін туды оның баласы Қайсқа беруді бұйырды. Сағыд

¹⁴⁹ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 7/76 (6419)

Пайғамбарымыздан белгі келмейінше туды тапсырмай-тынын айтады. Сонда Пайғамбарымыз өзінің сәлдесін жібереді. Сағыд сәлдені алып, қолындағы туды баласына ұстатады¹⁵⁰.

Сүһәйл ибн Амрдың Исламға кіруі және Пайғамбарымыздың дархан мінезіне қуә болуы

СүһәйлибнАмр(р.а.)былайдейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Меккеге кіріп, жеңіске жеткеннен кейін, үйден шықпадым. Мен үшін кешірім сұрағанын қалап, балам Абдуллаһқа хабар жібердім. Ол менің өтінішіме құлақ асып, Расуллаһқа барып жолығыпты. Ол: «Иә, Сүһәйлге қатер жоқ. Өйткені Аллаһ оған мұрсат берді, шыға берсін», – деді. Сосын қасындағыларға: «Араларыңда кім Сүһәйлді кездестіретін болса, оған жаман көзбен қарамасын. Ант етемін, Сүһәйл – ақылды әрі қадірлі адам. Сүһәйлдей адам Исламнан шет қалмас деп ойлаймын. Аллаһтың қалауына ешкім қарсы келе алмайды», – дейді.

Абдуллаһ әкесіне Расулаллаһтың сөздерін жеткізеді. Сүһәйл «Уаллаһи, Мұхаммед кішкентай кезінде де жақсылыққа жаны құмар еді, әлі сол қалпынан өзгермепті», – дейді.

Сүһәйл Аллаһ расулына (с.а.с.) баруға ниеттенеді, алайда райынан қайтып, кері оралады. Мұсылмандықты қабылдаса да, Аллаһ расулымен бірге Хунәйн жорығына шығады. Сүһәйл Жиранаға барған кезінде Ислам дінін қабылдайды. Пайғамбарымыз сол күнгі Хунәйн олжасынан оған жүз түйе береді»¹⁵¹.

¹⁵⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/291

¹⁵¹ Хаким, Мүстәдрәк 3/317 (5225)

Пайғамбарымыздың Мекке бағындырылған күнгі сөзі

Омар (р.а.) былай дейді: «Мекке алынған күні Пайғамбарымыз Сафуан ибн Умәйя, Әбу Суфиян ибн Харб және Харис ибн Хишамды өзіне шақыртты. Мен: «Аллаһ тағала бізге зор мүмкіндік берді, сірә, бұлардың жасап келген қиянаты үшін өш алмай қоймаспыз», – деп ойладым. Аллаһ расулы оларға: «Сендер мен менің жағдайым Жүсіп пайғамбар мен бауырларының жағдайына ұқсайды. Оның бауырларына дегеніндей мен де: «Бүгін сендерді айыптамаймын. Жазғырмаймын да. Мен кешірдім, Аллаһ та сендерді кешірсін. Өйткені Аллаһ мейірімділердің ең мейірімдісі» (Жүсіп, 12/92) деймін» – деді.

Омар (р.а.) айтады: «Мұны естігенде, әлгіндегідей ашулы ойға барғаным үшін Пайғамбарымыздан ұялдым»¹⁵².

Әбу Һұрайра бұл туралы былай дейді: «Мекке алынғаннан кейін, Аллаһ расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Қағбаға барып, есіктің екі жақтауынан ұстап тұрып: «Мені сендерге не істейді деп ойлайсындар?» деп сұрады. Олар:

«Сен бауырымыздың баласысың, өте мейірімді, қайырымды жансың», – деп, осы сөздерін үш рет қайталады. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Мен де Жүсіп пайғамбардың бауырларын кінәламағанындай сендерді бүгін жазғырып, кінәламаймын. Аллаһ сендерді кешірсін, Ол қайырымдылардың ең қайырымдысы. Барлығың азатсындар», – деді¹⁵³.

¹⁵² әл-Хинди, Мүстәдрәк 10/757 (30158)

¹⁵³ әл-Хинди, Кәңзул-уммал 10/677 (29931)

19. ӘБУ ЖӘНІЛДІҢ БАЛАСЫ ИКРИМАНЫҢ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

Абдуллаһ ибн Зубәйр (р.а.) былай дейді: «Мекке бағындырылған күні Әбу Жәнілдің баласы Икриманың әйелі Үммі Хаким мұсылман болып, Аллаһ расулына: «Уа, Расулаллаһ, сені өлтіреді деп Икрима Йеменге қашып кетті. Өлтірмейтініңізді айтыңыз, қайтып оралсын», – деді. Расулаллаһ: «Еліне оралғысы келсе, жолы ашық, оған ешкім тиіспейді», – деді.

Үммі Хаким күйеуін іздеп жолға шығады. Үммі Хаким Хижаз жағалауының жырақтау бір пұшпағынан Икриманы тауып алады. Әлдебір кемеге мінген жерінен кеме басшысы оған: «Сені құтқаратын сөзді айт», – дейді. Икрима: «Не айтайын?» – дегенде, «Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ, – деп айт» дейді. Икрима: «Мен осыны айтпау үшін қашып жүрген жоқпын ба?» – дейді. Олар осылай тәжікелесіп тұрған кезде, Үммі Хаким келе қалды. Үммі Хаким Икримаға: «Адамдардың ең адалының, ең жақсысының, ең қайырлысының қасынан келе жатырмын, еңсенді тік ұста», – дейді.

Бұл сөзге Икрима еріксіз тосылады. Үммі Хаким: «Аллаһ расулынан сен үшін кешірім сұрадым», – дейді «Сен шынымен осылай істедің бе?» – дейді Икрима екі ұшты сөйлеп. «Иә, одан кешірім сұрадым, Пайғамбарымыз сені кешірді», – дейді Үммі Хаким (р.а.).

Екеуі бірге қайтады. Ерлі-зайыптылар Меккеге жақындаған кезде, Пайғамбарымыз сахабаларына «Әбу Жәнілдің баласы Икрима мүмін әрі мұһажыр кейіпте сендерге келе жатыр. Оның әкесіне тіл тигізуші болмаңдар. Өйткені өлген адам туралы жаман сөз айту өлгенді емес, тіріні ренжітеді», – дейді.

Сәл шегініс...

Икрима Меккеге қайтар жолда әйелімен жақындаспақ болады. Алайда зайыбы: «Сен кәпірсін, ал мен мұсылманмын», – деп, оның тілегін орындаудан үзілді-кесілді бас тартады. Икрима: «Сені менен алыстатқан бұл дін айрықша дін болса керек», – дейді.

Үммі Хакимнің Икриманы ертіп келгенін көргенде, Пайғамбарымыз қуанып орнынан түрегеледі. Икрима тіке жүріп алдына барады. Әйелі қасында болатын. Икрима: «Уа, Мұхаммед, (әйелін меңзеп) мына әйел сенің мені кешіргенінді айтты, рас па?» – дейді. Пайғамбарымыз: «Рас, бұдан былай сен біздің қорғауымыздасың», – дейді. Икрима: «Бізді неге шақырасың?» – дейді.

Аллаһ расулы (с.а.с.): «Сені Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық тәңірдің жоқ екеніне, менің Аллаһтың пайғамбары екеніме куәлік етуге, намаз оқуға, зекет беруге шақырамын», – деп, Исламның негіздерін де ұмыт қалдырмайды. Икрима: «Уаллаһи, сен тек ақиқат пен ізгілікке шақырып тұрсың. Аллаһқа ант етемін, сен бұрын Пайғамбар болмай тұрғанда да, арамызда ең шыншыл, жақсылыққа жаны құмар адам болатынсың. Куәлік етемін: Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық тәңір жоқ. Куәлік етемін: Мұхаммед Оның құлы әрі расулы», – дейді.

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қуанышы қойнына сыймай, бір жасап қалады. Икрима: «Уа, Расулаллаһ! Маған ең қайырлы сөзді үйрет, әрдайым аузымнан тастамай айтып жүрейін», – дейді. Расулаллаһ: «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһу» дерсін» деді. Икрима: «Тағы не айтайын?» – дегенде, Пайғамбарымыз: «Аллаһ және осы жер-

де отырғандар куә болсын, «Мен енді мұсылманмын, мұжаһидпін және мұһажырмын» деп айт», – дейді. Икрима осы сөздерді қайталайды».

Пайғамбарымыздың Икримаға дұға етуі

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Икримаға: «Бүгін өзіңе сұрайтыныңды сұрап қал. Бұйымтайың болса, айт, қолыңды қайтармаймын», – дейді. Икрима: «Саған жасаған барлық қастық әрекеттерім, жауығып аттаған әрбір қадамым, сенімен жауласқан әрбір жер, бетіңе басып айтқан немесе ғайбаттаған әр сөзім үшін, Аллаһтан мен үшін кешірім тілегенінді қалаймын», – дейді. Пайғамбарымыз: «Уа, Аллаһ тағалам! Маған жасаған әрбір қастық әрекетін, сенің нұрынды сөндіру мақсатында басқан әрбір қадамын кешіре гөр», – деп дұға етеді. Икрима: «Уа, Расулаллаһ, мен саған ризамын. Ақиқатқа кедергі болу үшін жұмсаған қажыр-қайратымның екі есесін бұдан былай Аллаһ жолына арнайтыныма ант етемін. Сонымен қатар, Аллаһтың жолынан адамдарды тайдыру үшін қатысқан жорықтарымның неше есесін ендігі жерде Аллаһ разылығы үшін жасаймын», – дейді.

Икрима (р.а.) айтқан сөзінде тұрып, өзі қатысқан барлық шайқаста барын салып, ерлік көрсетті. Әбу Бәкірдің (р.а.) халифалығы кезінде Ужнадәйн¹⁵⁴ соғысында шейіт болды. Аллаһ расулы (с.а.с.) «Қоштасу қажылығы» болған жылы оған Хауазиндегі зекеттерді жинауды тапсырған еді. Пайғамбарымыз қайтыс болған

¹⁵⁴ Ужнадәйн – мұсылмандар мен гректер арасында шайқас өткен Сирия аймағындағы жер атауы. Бұған қоса, Икрима Йәрмүк шайқасында шейіт болған жер деген де риуаят бар.

кезде, Икрима Табала аймағында қызмет етіп жүрген болатын¹⁵⁵.

20. САФУАН ИБН УМӘЙЯНЫҢ МҰСЫЛМАН БОЛУЫ

Абдуллаһ ибн Зубәйр (р.а.) былай дейді: «Мекке бағындырылған күні Сафуан ибн Умәйяның әйелі Кинана тайпасынан Беғум бинт Муаддал Ислам дінін қабылдаған болатын. Күйеуі Сафуан құлы Йәсармен бірге қашып-пысып, Шиб жақты паналаған еді. Жолда Йәсарға: «Анда-санда артыңа көз қырынды салып қой, біреу-міреу ізімізге түсіп жүрмесін», – деп ескертеді. Жиі-жиі артына жалтақтай қарап келе жатқан құлы бір кезде: «Әне, Умәйр ибн Уәхб!» – деп айқай салады. Сафуан «Умәйрде не шаруамыз бар? Ол мені өлтіруге келген ғой. Сірә, Мұхаммедке қолдау көрсетпекші», – деп ойлайды. Умәйр оларды қуып жеткенде, Сафуан: «Умәйр, маған жасағандарың жетпей ме саған? Қарыздарың мен отбасыңның күнкөрісін менің мойныма артып қойдың, енді мені өлтірмекшісің бе?» – дейді. Умәйр: «Ей, Әбу Уәхб! Мен ең ізгі жанның, туыстарына ең адал болған жанның қасынан келе жатырмын», – дейді. Осының алдында Умәйр Пайғамбарымызға: «Уа, Расулаллаһ! Қауымымның басшысы қашып кетті. Сізді кешірмейді деп қорықты. Оған рақымшылық етіңіз», – дегенде, Аллаһ расулы (с.а.с.): «Оны кешірдім», – деген болатын. Осыған орай, Умәйр Сафуанның артынан іздеп шыққан беті еді. Умәйр бір емес, бірнеше рет қайталап: «Аллаһ расулы саған рақымшылық жасады», – десе де, Сафуан: «Жоқ, маған қандай да бір сенімді дәлел әкелмейінше, кері қайтпаймын», – дейді.

¹⁵⁵ Хаким, Мүстәдрәк 3/270 (5057)



Умәйр, амал жоқ, жалғыз өзі кері қайтып, жағдайды Пайғамбарымызға айтады. Пайғамбарымыз: «Сафуанға сәлдемді алып бар», – дейді. Умәйр сәлдені алып, Сафуанға қайта барады. Пайғамбарымыз Меккеге кірген күні басында осы сәлде бар болатын. Сәлдені басына орап, бір ұшын бетіне түсірген еді. Умәйр Сафуанға: «Ей, Әбу Уәхб, мен адамдардың ең жақсысы, туыстарына жанашыр, жақсылыққа жаны құмар, кішіпейіл адамның қасынан келе жатырмын. Оның абыройы – сенің абыройың, оның айбары – сенің айбының, оның меншігі – сенің меншігің. Саған Аллаһты еске алуды ескертемін», – дейді.

Сафуан: «Мені өлтіре ме деп қорқамын», – дейді. Умәйр: «Ол сені Исламға шақырды. Ұнатсаң, Исламға кірерсің, қаламасаң, сені екі ай бойы қасынан тастамай алып жүреді. Мұхаммед – адамдардың ең адалы, ең асылы. Міне, саған сәлдесін де беріп жіберді», – деп сәлдені көрсетеді.

Сафуан: «Иә, нақ өзі», – деп сәлдені таниды. Сафуан шаһарға келіп кірген кезде, Аллаһ расулы (с.а.с.) Харам мешітінде намаздыгерді оқып жатқан еді. Пайғамбарымыз намазын оқып болғанша, күтіп тұрады.

– Күніне қанша рет намаз оқиды? – деп сұрайды Сафуан.

- Бес рет.
- Мұхаммед оқыта ма?
- Иә.

Пайғамбарымыз намазын оқып бітіргеннен кейін, Сафуан: «Уа, Расулаллаһ! Умәйр ибн Уәхб сәлденді маған алып келді. Мені шақырғаныңды, ұнатсам, Исламға кіретінімді, ұнатпасам, мені екі ай өзіңмен бір-

ге алып жүретінін айтты», – дейді. Расулаллаһ: «Әбу Уәхб, кел енді», – дегенде, ол: «Жоқ, маған көңілімді орнықтыратын сөз айтпайынша, қасыңа бармаймын», – дейді. Расулаллаһ оған: «Саған иман келтіруің үшін төрт ай мерзім беремін. Бұл мүмкіндіктің қадірін біл. Өйткені мұндай мүрсатқа сенен басқа ешкім ие болған емес», – деді. Сафуан сонда ғана оған жақындайды.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хауазин жаққа аттанғанда, Сафуанды да өзімен бірге ертіп алды. Сафуанның әлі мұсылман болмаған кезі. Аллаһ расулы оған хабар жіберіп, қайтарып беру шартымен қару-жарағын сұрайды. Ол басқа да керек-жарағын қосып, аманатқа жүз сауыт жібереді. Сафуан: «Бұларды менен өз еркіммен бергенімді қалап сұрап тұрсың ба, әлде зорлықпен бе?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Қайтару шартымен аманат ретінде сұраймын», – дейді.

Ол аманат етіп береді. Сосын Аллаһ расулының бұйрығымен қару-жарақ Хунәйнге жеткізіледі. Осылайша Хунәйн шайқасына қатысты, Таиф соғысын көрді. Одан кейін Аллаһ расулы Жиранаға қайтып оралады. Пайғамбарымыз Сафуан екеуі түскен олжаларды қарап жүргенде, Сафуанның көзі таудың етегінде жайылып жүрген қойларға, түйелерге түседі. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көзінің қиығымен оны бақылап келе жатқан болатын. «Ей, Әбу Уәхб, мына таудың баурайы саған ұнады ма?» – деп сұрайды. «Иә», – дейді Әбу Уәхб. «Олай болса, бұл тау бөктерін бар байлығымен саған бердім», – дейді Расулаллаһ. Сафуан мұны естігенде: «Пайғамбардан басқа адам мұндай жомарттыққа бара қоймас! Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық тәңір

жоқ және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін», – деп, сол жерде мұсылман болады»¹⁵⁶.

Ахмәд ибн Ханбәлдің жеткізуі бойынша, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хунәйн күні Сафуан ибн Умәйядан аманатқа сауыттарын сұрайды. Сафуан: «Зорлықпен сұрап отырсың ба?», – дейді. «Жоқ, қайтарып беру шартымен уақытша сұраймын», – дейді Пайғамбарымыз.

Сауыттардың біразы жоғалғанда, Аллаһ расулы (с.а.с.) олардың орнын басқа нәрсемен толтырып бермек болады. Сонда Сафуан: «Уа, Расулаллаһ, бұл мен үшін маңызды емес, мен бүгін Исламға өткім келеді», – дейді¹⁵⁷.

21. ТАИФ ХАЛҚЫНАН УРУА ИБН МӘСҒУДТЫҢ ЖӘНЕ САҚИФ ТАЙПАСЫНЫҢ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

Ибн Ысхақ былай дейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Сақифтан қайтқанда, Уруа ибн Мәсғуд оның соңынан еріп шығады. Расулаллаһты орта жолда қуып жетіп, мұсылман болады. Кері қайтып, қауымына Исламды уағыздауға рұқсат сұрайды. Аллаһ расулы: «Олар сені өлтіреді ғой», – дейді. Пайғамбарымыз Сақиф халқының өздерінен шыққан адамның сөзін тыңдамайтын әдеттері бар екенін сезген болатын. Уруа: «Уа, Расулаллаһ, олар мені жанындай жақсы көреді», – дейді.

Шынында да, қауымы Уруаны жақсы көріп, құрметтейтін. Ол халқын Исламға шақырмақ болып, еліне келеді. Ел алдындағы беделіне сеніп, өзіне

¹⁵⁶ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 10/761 (30170)

¹⁵⁷ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 3/400 (15337)

қарсылық білдіре қоймас деп ойлайды. Үйінің шатырына шығып, халықты Исламға шақырып, өзінің мұсылман болғанын жария етеді. Алайда алғыстың орнына қарғыс алып, бораған оқтың астында қалады. Бір кезде оқтан қансырап, өлгелі жатқанда, одан: «Уруа! Аққан қаныңнан не көріп тұрсың?» – деп сұрайды. «Аллаһтың маған деген сыйын көріп тұрмын. Хақ тағаланың шейіттік шәрбатымен сусындатқанын көріп тұрмын. Мен үшін де, Аллаһ расулымен бірге жүріп шейіт болғандар үшін де (Таиф қоршауында өлтірілгендерге) уәде етілген сый бар. Мені сол шейіттердің қасына жерлендер», – дейді.

Уруаны өзінің тілегі бойынша, шейіттердің қасына жерлейді. Пайғамбарымыздың Уруа туралы былай дегені айтылады: «Уруа мен қауымының жағдайы «Ясин» сүресінде аты аталған адам¹⁵⁸ мен қауымының жағдайына ұқсайды».

Уруа шейіт болғаннан кейін, сакифтіктер бірнеше айдан соң өзара кеңесіп, айналасындағы арабтарға қарсы тұратын шамасы қалмағанын түсініп, Исламға кіруге шешім қабылдайды. Осы мақсатта араларынан кеңес сайлап, Пайғамбарымызға елші жіберуге келіседі. Одақтастарынан екі адам мен Мәлікүлдарынан үш адамды Абду Яләйлдің басшылығымен Пайғамбарымызға аттандырады. Олар Мәдинаға жақын жерден Муғира ибн Шұғбаны кезіктіреді. Муғира мал кезегінде жүргендіктен, елшілерді алдымен сол байқайды. Байқағанын хабарлау үшін жүгіре жөнеледі. Жолда Әбу Бәкірді жолықтырып, Сақиф елшілерінің серт

¹⁵⁸ Антакия халқын Исаның (а.с.) елшілеріне иман келтіруге шақырған Хабиби Нәжжар деген адам. Хаққа шақырғанда, антакиялықтар оны өлтірген.



беру үшін, Исламға кіру үшін келгенін, Аллаһ расулы (с.а.с.) өздеріне бірқатар шарт қойған жағдайда оны қауымдарына хат арқылы білдіріп, соңғы шешімдерін қабылдайтындығын айтады. Әбу Бәкір (р.а.): «Мұны Аллаһ расулына мен жеткізейін», – дейді, Муғира келіседі.

Хазірет Әбу Бәкір ішке кіріп, елшілердің келе жатқанын Пайғамбарымызға хабарлайды. Муғира елшілер жаққа кетеді. Түйелерін алдына салып, олармен бірге қайтады. Жолай пайғамбарға қалай сәлем беру керектігін үйретеді. Бірақ олар бәрібір бұрынғыша (надандық кезеңіндегіше) сәлем береді. Сакиф елшілеріне арнап, мешіттің ауласынан бір шатыр құрылады. Халид ибн Саид ибн Ас Пайғамбарымыз бен елшілер арасында қызмет атқаратын. Оларға ас-ауқат таратқан кезде өзі жемесе, олар да астан ауыз тимейді. Келісімшарттың мәтінін олардың атынан Халид жазады.

Сол кезде Аллаһ расулына (с.а.с.) ұсынған шарттарының бірі мынау еді: «Үш жыл мерзімге Лат пұттарын қиратпай, өздеріне қалдырады». Бұл талаптары қабылданбаған соң мерзімді екі жылға, содан соң бір жылға қысқартты. Мұны да қабылдамағандықтан, бір ай мерзім сұрайды. Пайғамбарымыз оған да келіспейді. Пұттардың бәрін қиратуға Әбу Суфиян ибн Харб пен Муғира ибн Шұғбаны жіберетінін айтады. Келген елшілер намаз оқымау және пұттарды өз қолдарымен қиратпау жөніндегі шарттарын көлденең тартқанда, Расулаллаһ (с.а.с.): «Пұттарыңды өз қолдарыңмен қиратуға сендерді мәжбүрлемейміз. Ал намазға келетін болсақ, намаз болмаған дінде қайыр жоқ», – дейді.

Сакиф елшілері: «Масқара болсақ та, мұны сен үшін орындаймыз», – дейді¹⁵⁹.

22. ХУАЙТЫБ ИБН АБДУЛУЗЗАНЫҢ ИСЛАМДЫ ҚАБЫЛДАУЫ

Абдулуззаның ұлы Хуайтыб былай дейді: «Мекке алынған жылы, Аллаһ расулы (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) шаһарға кірген кезінде, ес-түсім қалмай қорықтым. Үйімнен шығып, бала-шағамды қауіпсіз жерге орналас-тырдым. Өзім Ауфтың құрма бақшасына барып бой тасаладым. Сол жерде Әбу Зәрр Ғифаридің келе жатқанын байқадым. Екеуміз бұрыннан дос-жар адамдар болатынбыз. Достар бір-біріне опасыздық жасамайды емес пе? Соны біле тұра, Әбу Зәррдің төбесі көрінгенде, қаша жөнелдім. Ол артымнан: «Әбу Мұхаммед! Не болды?» – деп дауыстады. «Қорқамын», – дедім мен. «Қорықпа, сен Аллаһтың қорғауындасың, өзіңе де, мал-мүлкіңе де қауіп жоқ», – деді. Кері қайтып келіп, сәлемдестім. Ол маған: «Үйіңе бар», – деді. «Үйіме аман бара аламын ба? Жолда ұстап алып өлтірер. Онсыз да бала-шағамның әрқайсысы әр жерде», – дедім.

«Бала-шағанды жина, мен де сенімен бірге барамын», – деді ол. Әбу Зәрр жолда «Хуәйтыбқа ешкім тиіспесін» деумен болды. Сосын ол Пайғамбарымызға барып, болған жайтты хабарлады.

«Өлтіруге бұйырылғандардан басқа адамдардың барлығына ешкім тиіспейді, солай емес пе?» – деп сұрады. Мен оның осы сөзінен кейін жаным жай тауып, балаларымды үйге апардым. Артынша Әбу Зәрр маған қайта соғып: «Бұл қашанға дейін осылай жалғаса береді? Қаншама соғыстан қалып қойдың, көптеген

¹⁵⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/30



игіліктерді уыстан шығарып алдың. Әлі де көптеген жақсылықтар бар. Қане, Пайғамбарымызға келіп, Исламды мойында. Ол – адамдардың ең жомарты, ең қайырымдысы, ең мейірбаны. Оның мәртебесі – сенің мәртебең, Оның мерейі – сенің мерейің», – деді. «Егер айтқаның рас болса, екеуміз бірге барайық», – дедім. Пайғамбарымызды Әбу Бәкірмен және Омармен бірге Батхада отырған жерінен іздеп таптық. Әбу Зәррден оған қалай сәлем беру керектігін сұрадым. «Әссәләму аләйкә әюһәннәбиу уә рахматуллаһи уә бәрәкатуһ» дейсің» деп үйретті.

Мен солай сәлемдестім. Расулаллаһ: «Саған да сәлем, ей, Хуайтыб!» – деді. Мен: «Куәлік етемін, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ, сен Аллаһтың расулысың», – дедім. Ол: «Сені тура жолға салған Аллаһқа мадақ айтамын», – деп жауап қайтарды. Менің мұсылман болғанымға қатты қуанды. Менен қарызға ақша сұрады. Мен қырық мың дирхам бердім. Сонымен қатар, Хунәйн соғысы мен Таиф жорығына қатыстым. Ол маған Хунәйн олжасынан жүз түйе берді¹⁶⁰.

Хахимнің басқа бір риуаятында Хуайтыбтың одан кейін былай дегендігі айтылады: «Ата-бабаларының наным-сенімінен айырылмай, қатып-семіп қалған Құрайыштардың ішінде ешкім Мекке бағындырылғанға дейінгі жеңілістерден мен секілді әсер алған жоқ. Тағдырдың жазуы солай болды. Мен мүшріктермен бірге Бәдір соғысына қатыстым, ғажайып оқиғаларға куә болдым, періштелерді көрдім, олар адамдарды өлтіріп, тұтқынға алып жатты. «Бұл адамға рухани қолдау көрсетіледі екен» деп ойладым, бірақ көргендерімді

¹⁶⁰ Хахим, Мүстәдрәк 3/561 (6084)

ешкімге айтпадым. Жеңіліс тауып, салымыз суға кетіп, Меккеге оралып, сонда қалдық. Құрайыш ерлері бірінен кейін бірі Исламға кіріп жатты. Худайбия келісімінде елшілік қызмет атқардым. Келісімшарттың мерзімі біткенге дейін тырысып бақтым. Осылардың барлығы Исламға күш-жігер беріп, Аллаһтың қалауы жүзеге асып жатқан еді. Худайбия келісімшартын жазған кезде, ең соңғы куәгер мен болатынмын. Ішімнен: «Құрайыштар Мұхаммедтен жамандық болмаса, жақсылық көрмес. Әлі-ақ талай зиян шегеді», – деп ойладым. Мен Құрайыштың оған найзамен қарсы тұрғанын қалап едім. Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Худайбия келісімшарты бойынша келесі жылы ұмра қажылығын қаза ету үшін Меккеге келгенде, Құрайыштар шаһардан шықты. Біз Сүһәйл ибн Амр екеуміз Меккеде қалдық. Мақсатымыз – келісімшартта көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, Аллаһ расулын (с.а.с.) Меккеден шығару болатын. Үш күн мерзім біткеннен кейін, Сүһәйл ибн Амр екеуміз оған барып: «Мерзіміңіз аяқталды, енді жерімізді босатыңыздар», – дедік. Ол: «Ей, Біләл, күн батпай тұрып бізбен бірге келген мұсылмандардан ешкім қалмай Меккеден шықсын!» деп жар сал», – деді¹⁶¹.

22. САХАБАЛАРДЫҢ ЖЕКЕ АДАМДАРДЫ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУЫ

Әбу Бәкірдің халықты Исламға шақыруы

Ибн Ысхак былай дейді: «Әбу Бәкір (р.а.) Исламға кіріп, мұсылмандығын жариялағаннан кейін, халықты Аллаһтың бір екендігіне иман келтіруге шақыра бастады. Кішіпейіл, жұмсақ мінезді болғандықтан, халық

¹⁶¹ Хаким, Мүстәдрәк 3/561 (6084)

Әбу Бәкірдің сөзін жерге тастамай сыйлайтын. Әбу Бәкір (р.а.) Құрайыштың түп шежіресін, жақсы-жаман жақтарын бес саусақтай білетін. Көркем мінезді, шыншыл, адал саудагер болатын. Білімді болғандықтан, талас тудырған мәселеде әркім келіп төрелігіне де жүгінетін. Әбу Бәкір өзіне сенім артып келгендерді Исламға шақыратын. Білуімізше, Зубәйр ибн Аууам, Осман ибн Аффан, Талха ибн Ұбайдуллаһ, Сағыд ибн Әбу Уаққас, Абдуррахман ибн Ауфтардың (р.анһум әжмағин) тура жолға түсуіне себепші болған. Олар Әбу Бәкірге еріп, Аллаһ елшісіне барады. Пайғамбарымыз болса, Исламды түсіндіріп, Құран оқып, Исламның хақ дін екенін баяндайды. Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкірдің себепкер болуымен бәрі иман келтіреді. Аллаһ расулын растап, Аллаһтан түскен барлық аяттарға сенетіндіктерін мәлімдейді. Бұлар Ислам дінін алғаш қабылдаған ер кісілер еді»¹⁶².

Мұсғаб ибн Умәйрдің Усәйд ибн Худайрды Исламға шақыруы

Ибн Ысхақ былай дейді: «Әсад ибн Зурара Мұсғаб ибн Умәйрмен (р.а.) бірге Абдулашхалұлдары мен Зафарұлдарының жеріне бару үшін жолға шығады. Сағыд ибн Муаз Әсад ибн Зурараның жиені болатын. Зафарұлдарының құрма бауларының арасындағы Мәрак құдығының басындағы бауға барып, тізе бүгеді. Исламды қабылдаған бірнеше адам да солардың қасына жиналады. Бұл уақытта Сағыд ибн Муаз бен Усәйд ибн Худайр Абдулашхалұлдарының көсемдері болатын. Екеуінің де мұсылман бола қоймаған кезі. Мұсғаб пен Әсадтың келгенін естіп Сағыд ибн Муаз Усәйдке: «Әй,

¹⁶² Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/29

тұқымың құрғыр! Адамдардың сауатсыздығын пайдаланып, алдауға келген ол екеуін қуып жібер, ендігәрі мұнда аяқ баспасын. Әттең, Әсад туысым болмағанда, бұл істі өзім-ақ тындырар едім. Нағашы әпкемнің баласы болғандықтан, онымен жаға жыртысқаным дұрыс болмас», – дейді.

Содан Усәйд ибн Худайр қолына найзасын алып, жұмсаған жаққа кетеді. Әсад ибн Зурара (р.а.) Усәйдтің қарасын көріп, Мұсғабқа (р.а.): «Саған келе жатқан мына кісі – осы қауымның беткеұстары», – дейді. Мұсғаб: «Келсін, сөйлесіп көрейін», – дейді.

Усәйд олардың қасына терісіне симай тепсініп келіп: «Бізге не үшін келдіңдер? Біздің адамдарымызды алдауға ма? Өмір сүргілерің келсе, қараларыңды батырыңдар бұл жерден!» – дейді.

Мұсғаб: «Уа, батыреке, аптығыңды бас. Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ. Бір ауыз сөзге қонақ бер. Айтқандарымыз ұнаса қабылдарсың, ұнамаса қабылдамассың», – дейді.

Усәйд найзасын жерге қадап, тізе бүгеді. Мұсғаб оған Исламды түсіндіреді, Құран оқиды. Осыған байланысты Мұсғаб пен жолдастарының былай дегендігі айтылады: «Сөйлеспей тұрып-ақ жүзі нұрланып, қабағы ашылғанынан-ақ Усәйдтің Исламды қабылдайтынын сезген едік». Усәйд сосын: «Мына айтқандарың адамды баурап алатын, ет-бауырыңды елжірететін сөздер екен! Сендер бұл дінге кірерде не істедіңдер?» – дейді. Мұсғаб: «Ғұсыл құйынып, жақсылап тазаланасың. Киімдеріңді тазалап, шаһадат айтып, намаз оқисың», – деді. Ол осы айтылғандардың барлығын орындап, екі рәкат намаз оқиды. Сосын оларға: «Осы елде тағы бір адам бар, егер ол сендерге бағынса, қауымы да қарап

қалмас ізінен ереді. Енді сендерге Сағыд ибн Муазды жіберемін», – дейді.

Мұсғаб ибн Умәйрдің Сағыд ибн Муазды Исламға шақыруы

Содан Усәйд найзасын алып, Сағыд пен өз қауымына қайтады. Олар әдетте бас қосатын жерде отырған болатын. Сағыд ибн Муаз Усәйдтің бойындағы өзгерісті аңғарып: «Усәйдтің жүзі әдеттегіндей емес, өзгеше», – дейді.

Усәйд қастарына келген соң, Сағыд: «Не бітірдің?» – деп сұрайды. «Барып сөйлестім. Екеуінің жан адамға зарары жоқ екенін көрдім. «Бұл жерде көп тұрмаңдар» дедім. Келісті. Естуімше, Харисаұлдары Әсад ибн Зурараны өлтіру үшін жолға шығыпты, мақсаттары сені мұқату болса керек. Өйткені Әсадтың сенің жиенің екенін біледі екен», – дейді Усәйд.

Сағыд ибн Муаз бұл хабарға ашуланып, орнынан атып тұрады да, қолына найзасын алып: «Осы сенің ауыз толтырып айта жүретіндей іс тындырғаныңды көрмеппін», – деп әлгі екі сахабаға тартады.

Сағыд ибн Муаз олардың бейқам отырғанын көріп, Усәйдтің өзін алдап, оларды тыңдау үшін әдейі айтқанын түсінеді. Әсад ибн Зурараға «Маған қара, Әбу Уамама! Арамыздағы туыстық байланыс болмағанда, бұлай жасамас едің. Өз жерімізде бізге қастандық жасамақпысың?» – дейді.

Әсад Мұсғабтың (р.а.) құлағына сыбырлап: «Мұсғаб, бұл кісі – қауымының беделді адамы. Егер ол сенің айтқандарыңа бағынса, оның қауымынан саған бағынбайтын ешкім қалмайды», – дейді.

Мұсғаб: «Жайланып отырып тыңдасаңыз. Айтқандарымызды ұнатсаңыз қабылдарсыз, ұнатпасаңыз бұл жерден кетіп қалармыз», – дейді.

Сағыд: «Иә, айтқаның жөн-ақ», – деп тізе бүккеннен кейін, Мұсғаб оған Исламды түсіндіріп, «Зухруф» сүресінің мына алғашқы аяттарын оқыды:

«Бисмилләһир-Рахманир-Рахим. Ха, Мим. Осы айқын кітаптың өзімен ант етейін, сендер түсінсін деп, Біз оны араб тіліндегі Құран ретінде түсірдік. Бұл, шынында да, лаухул-махфұзда өз тарапымыздан түскен биік мәртебелі, қасиетті кітап. Сендер (адасып) шектен шығып кеткен қауым болғандықтарың үшін, ақыл-кеңес айтудан бас тартуға бола ма?» (Зухруф, 43/1-5).

Осы екі сахабаның бұдан ары не дегеніне құлақ салайық: «Біз сөзімізді бастамай жатып, Сағыдтың жүзі жылып, жадырағанынан оның Исламға кіретінін түсінген едік». Сағыд ибн Муаз олардан мұсылмандықты қабылдағанда не істеу керектігін сұрайды. Олар ғұсыл құйынып, жақсылап тазалану керектігін, іш киім мен сыртқы киімдерін тазалап, кәлима шаһадатты айтып, екі рәкат намаз оқу керектігін айтады.

Сағыд осы айтылғандарды орындап, найзасын алып Усәйд ибн Худайрмен бірге қауымына қайтады.

Сағыд ибн Муаздың Абдулашхалұлдарын Исламға шақыруы

Сағыдтың қарасы шалынғанда, отырғандар оның жүзінің өзгергенін анадайдан байқап, таңырқасады. Сағыд қастарына келгенде: «Ей, Абдуләшхалұлдары! Мен туралы не ойлайсындар?» – деп сұрайды. «Сен біздің мырзамызсың, ақылы асқан, күштімізсің», – дейді. Сағыд: «Олай болатын болса, сендер Аллаһ пен ра-



сулына иман етпейінше, сендермен сөйлесу маған харама. Ешкіммен сөйлеспеймін», – дейді.

Оның талап-тілегіне құлақ асқан, Абдулашхалұлдарында Исламға кірмеген бірде-бір адам қалмайды. Әсад пен Мұсғаб Сағыд ибн Муаздың (р.анһум) үйіне соғады. Мұсғаб сол жерде қалып, Исламды түсіндіреді. Оның зор еңбегінің нәтижесінде Әустайпасынан Бәну Умәйя ибн Зәйд, Хатма, Уаил және Уақыфтың отбасыларынан басқа ансарларда Исламды қабылдамаған үй қалмайды¹⁶³.

Умәйр ибн Уәхбтің мұсылман болуы

Уруа ибн Зубәйр былай дейді: «Умәйр ибн Уәхб әл-Жумәхи мен Сафуан ибн Умәйя Бәдір жеңілісінен кейін Меккедегі Хижрде бірде ұнжырғасы түсіп отырған болатын. Умәйр ибн Уәхб – Құрайыштың залым мүшріктерінің, Аллаһ расулы мен сахабаларға ең көп азап көрсеткен адамдарының бірі. Мұсылмандар одан көрмегенді көрді. Баласы Уәхб ибн Умәйр Бәдірде тұтқынға түскендердің арасында болатын. Умәйр Бәдірде өлтіріліп, денелері бір шұңқырға тасталған (Асхабы Қалиб) пен өздерінің басына келген қайғылы жағдайлары туралы әңгіме қозғайды. Сафуан: «Олардан кейін өмірдің мәні де қалмады ғой», – дейді. Умәйр: «Дұрыс айтасың. Төлейтін қарызым мен отбасыма алаңдамағанымда, солардың тұтқынындағы баламды сылтауратып барып Мұхаммедті жер жастандырар едім», – дейді.

Сафуан ибн Умәйя бұл мүмкіндікті пайдаланбақ болып: «Барлық қарызыңды мойныма аламын, балашағаң да менің балаларыммен бірге болады. Өмір

¹⁶³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/153

бойы өзім көмектесемін, таршылық көрмейді», – дейді. Умәйр: «Олай болса, айтқандарымыз арамызда қалсын», – дейді. Сафуан келіседі.

Умәйр қылышын жанып, оған у жалатуды бұйырады. Сақадай сай дайындалып, жолға шығады. Меккеге жеткен кезде, Омар ибн Хаттаб (р.а.) мұсылмандардан бірнеше адаммен Бәдір соғысы жөнінде, осы соғыстағы Аллаһтың өздеріне бұйыртқан сыйлары мен жаудың қалай жеңілгені туралы сөйлесіп отырған еді. Омар (р.а.) Умәйр ибн Уәхбтің келгенін аңғарады. Умәйр түйесін мешіттің қасында шөктіріп, қылышын жалаңдатып тұрған болатын. Омар: «Мына қаскүнем – Аллаһтың дұшпаны, бір жамандық істеуге келгені ақиқат. Бәдір күні арамызға бүлік салған адам осы», – деп, кідірмей Пайғамбарымызға (с.а.с.) тартады.

«Уа, Расулаллаһ! Мына Аллаһтың дұшпаны Умәйр қаруын сайлап келіп тұр», – дейді. Пайғамбарымыз: «Оны маған алып кел», – деп әмір етеді.

Хазірет Омар Умәйрді мойнына асынған қылышының бауынан жібермей ұстап, оны сүйрегендей ғып Пайғамбарымызға ертіп апара жатып, қасындағы ансарларға: «Аллаһ расулының алдына барып отырындар. Мына жексұрынды байқаңдар, бұған сенуге болмайды», – дейді. Умәйрді ішке кіргізеді. Пайғамбарымыз: «Омар, жібер оны. Умәйр, сен бері таман кел», – деп бұйырды. Умәйр жақындап: «Қайырлы таң!» – деп сәлем береді. Аллаһ расулы: «Уа, Умәйр, Аллаһ сенің сәлеміңнен де жақсы сәлеммен, жұмақ халқының сәлемімен бізге сый жасады», – дейді. Умәйр: «Уа, Мұхаммед! Мен ол сәлем туралы енді ғана естіп тұрмын», – дейді. Пайғамбарымыз одан: «Ей, Умәйр, не үшін келдің?» – деп сұрайды. Умәйр:

«Қолдарындағы тұтқында отырған балам үшін келдім, босатып берсеңдер», – дейді. Пайғамбарымыз: «Олай болса, мына қылышың не?» – деп сұрайды. Умәйр: «Құрысын бүйткен қылышы! Бәдірде еш кәдемізге жарамады», – дейді. Расулаллаһ: «Маған шыныңды айт, неге келдің?» – деп сұрайды. Умәйр: «Қайталап жатудың қажеті не? Айттым емес пе? Балам үшін келдім», – дейді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм): «Жоқ, олай емес. Сен және Сафуан ибн Умәйя Хи-жрде отырдыңдар, Құрайыштардың Бәдірде ажал құшқан адамдарын естеріңе алдыңдар. Сосын сен «Мойнымда қарыздарым мен бала-шағам болмағанда, Мұхаммедті барып өлтірер едім» дедің. Сафуан сенің қарыздарың мен балаларыңның күн көріс қамын өз мойнына алды. Алайда Аллаһ тағала саған мұндай мүмкіндікті бермейді», – дейді. Сонда Умәйр таңданысын жасыра алмай: «Куәлік етемін, сен анық пайғамбарсың. Уа, Расулаллаһ, біз сені өтірікшіге балап, әкелген хабарларыңды, саған келген уахиларды жалғанға шығардық. Сафуан екеуміз әңгімелескенде, қасымызда тірі жан жоқ болатын. Қазір саған келген хабарларды Аллаһтан екеніне көзім нақты жетті. Мені Ислам арқылы тура жолға салған Аллаһқа мадақ айтамын», – деп иман келтіріп, шаһадат айтты.

Ардақты елші: «Бауырларыңа дінді жақсылап түсіндіріп, Құран үйретіндер, тұтқындағы баласын босатындар», – дейді. Сахабалар оның айтқанын орындайды. Сонда Умәйр: «Уа, Расулаллаһ! Аллаһтың нұрын сөндіруге жанталасып бақтым. Аллаһтың дініне мойынсұнғандарға көптеген қастандықтар жасадым. Маған рұқсат беріңіз, Меккеге барып, оларды Аллаһқа,

расулына, Исламға шақырайын. Бәлкім, Аллаһ оларға да тура жолды нәсіп етер», – дейді.

Пайғамбарымыз Умәйрге рұқсатын беріп, ақжол тілейді. Умәйр Меккеге қайтады.

Умәйр ибн Уәхб Аллаһ расулына қастандық жасау үшін Мәдинаға кеткеннен кейін, Сафуан ибн Умәйя күн сайын меккеліктерге: «Жақында сендерге сондай бір сүйінші хабар айтамын, ол Бәдір оқиғасын ұмыттырады», – дейтін. Сөйтіп, Сафуан келген-кеткен керуендерден Умәйрдің хабарын сұрайтын. Олардың бірі Умәйрдің мұсылман болғанын айтқанда, Сафуан төбесінен жай түскендей болып, бұдан былай онымен сөйлеспеуге, оған көмек бермеуге ант-су ішеді¹⁶⁴.

Уруа ибн Зубәйр былай дейді: «Умәйрдің Исламды қабылдағанына мұсылмандар қатты қуанды. Тіпті Омар (р.а.): «Алғаш келгенінде оны доңыздан бетер жек көріп тұрдым. Ал қазір оны балаларымнан да артық көремін», – деген¹⁶⁵.

Уақиди былай дейді: «Умәйр ибн Уәхб мұсылман болып, Меккеге оралғанда, ешқайда бұрылмастан, тіке өзінің үйіне тартты. Сафуан ибн Умәйямен кездесу ойына да кіріп-шықпады. Мұсылман болғанын айтып, барша адамдарды Исламға шақыра бастады. Сафуан мұны естігенде: «Мұны маған соқпай, бірден үйіне тартқанынан-ақ түсінген едім. Ол да қатерге басын тікті, дінінен шықты. Бұдан былай сөйлеспеспін, балаларына да көмектеспеймін», – дейді. Сафуан Хижрде болған кезде, Умәйр қасына келгенде, Сафуан жүзін теріс бұрады. Умәйр оған: «Сен үлкендеріміздің

¹⁶⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/313

¹⁶⁵ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 8/508 (14064)

бірісің. Тастарға табынып, солар үшін құрбандық шалатын едік. Айтшы қане, осы да дін бе? Куәлік етемін, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ. Мұхаммед – Оның құлы әрі елшісі», – дейді. Сафуан Умәйрге тіл қатпады»¹⁶⁶.

Әбу Һұрайраның өз анасын Исламға шақыруы

Әбу Һұрайра (р.а.) былай деген: «Күпірліктегі анамды әрдайым Исламға шақыратынмын. Тағы бір күні анама уағыз айтып отырғанымда, ол Пайғамбарымыз туралы ауыр сөздер айтты. Аллаһ расулына жылап барып: «Уа, Расулаллаһ! Қанша уағыздасам да, анамның Исламды қабылдайтын түрі жоқ. Бүгін де Исламға шақырғанымда, саған тіл тигізді. Аллаһқа дұға ет, анама тура жолды нәсіп етсін», – дедім. Пайғамбарымыз: «Уа, Аллаһ тағалам! Әбу Һұрайраның анасын тура жолға сала гөр!» – деп дұға етті.

Мұны ести сала, қуанышым қойныма сыймай сыртқа шықтым. Үйге келсем, есік іштен құлыптаулы тұр екен. Анам аяғымның дыбысын естігенде, менің келгенімді сезіп: «Әбу Һұрайра, тұра тұр!» – деді. Судың сылдырын естідім. Біраздан соң анам киініп, басына орамал тағып, есікті ашып: «Куәлік етемін, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ. Куәлік етемін, Мұхаммед – Аллаһтың елшісі», – деді. Мен дереу Пайғамбарымызға барып, болған жайтты баяндадым. Пайғамбарымыз Аллаһқа шүкіршілік айтып, «Қайырлы болсын» деді»¹⁶⁷.

¹⁶⁶ Ибн Абдулбәрр, әл-Истиаб 2/486

¹⁶⁷ Мұслим, Сахих 4/1938 (2491)

Үммі Сүләймнің өзіне үйленгісі келген Әбу Талханы Исламға шақыруы

Әнәс (р.а.) былай дейді: «Әбу Талха мұсылман болмай тұрып, Үммі Сүләйммен үйленуді қалайды. Алайда Үммі Сүләйм қарсылық білдіріп: «Әбу Талха, табынған тәңіріңнің топырақтан өсіп шығатынын білесің бе?» – деп сұрайды. «Білгенде қандай!» – дейді Әбу Талха. «Онда ағашқа табынуға ұялмайсың ба? Мұсылмандықты қабылдасаң, сенен қалыңмал (махр) талап етпеймін». «Ойланайын», – дейді Әбу Талха. Сосын қайтып келіп: «Куәлік етемін: Аллаһтан басқа құдай жоқ, Мұхаммед – Аллаһтың пайғамбары», – деп мұсылман болды. Сонда Үммі Сүләйм (р.а.) маған: «Әнәс, Талханың үйленуіне көмек бер», – деді. Мен олардың отау құрып, шаңырақ көтеруіне жәрдемдестім»¹⁶⁸.

23. САХАБАЛАРДЫҢ АРАБ ТАЙПАЛАРЫН ИСЛАМҒА ШАҚЫРУЫ

Дымам ибн Сағлабаның Сағыдұлдары тайпасын Исламға шақыруы

Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Бәни Сағыд ибн Бәкр тайпасы Дымам ибн Сағлабаны елші етіп Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жібереді. Дымам Мәдинаға барып, түйесін мешіттің алдына шөктіріп, мешітке кірді. Аллаһ расулы сонда болатын. Дымам ірі денелі, қалың шаштарын екі өрім қылып өріп алған кісі еді. Ол Аллаһ расулының (с.а.с.) алдына барып тұрды да: «Абдулмұтталибтің немересі қайсы?» – деп сұрайды. Одан соң екеуара мынадай әңгіме өрбиді:
– Абдулмұтталибтің немересі менмін.

¹⁶⁸ Ибн Хажар, әл-Исабә 4/461

– Мұхаммед пе?

– Иә.

– Саған қоятын сауалдарым бар, ренжіме.

– Ренжімеймін, қалаған сұрағыңды сұрай бер.

– Сенің, сенен бұрынғылардың және сенен кейін келетіндердің тәңірі болған Аллаһ үшін айт, сені бізге пайғамбар етіп Аллаһ жіберді ме?

– Иә, Аллаһ жіберді.

– Мақұл делік, сенің, сенен бұрынғылардың және сенен кейін келетіндердің тәңірі болған Аллаһ үшін айт, тек Соған ғана ғибадат жасауымызды, Оған еш нәрсені ортақ етіп қоспауды, ата-бабаларымыз табынып келген пұттарды құртуды саған Аллаһ бұйырды ма?

– Иә, Аллаһ.

– Сенің, сенен бұрынғылардың және сенен кейін келетіндердің тәңірі болған Аллаһ үшін айт, мына бес уақыт намаз оқуды саған Аллаһ бұйырды ма?

– Иә, Аллаһ бұйырды.

Дымам осылайша Исламның басқа парыздары, зекет, ораза және қажылық туралы жеке-жеке сұрап, Пайғамбарымызға Исламның негіздеріне қатысты бірталай сұрақ қояды. Пайғамбарымыздың жауабына көңілі толып «Әшһәду ән лә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһу, – дейді де, – Осы парыздардың барлығын орындаймын, тыйым салынған әдет-әрекеттерден аулақ боламын. Одан артық та, кем де жасамаймын», – дейді. Аллаһ расулы: «Қос өрім шашты адам айтқанында тұрса, жұмаққа барады», – дейді.

Дымам түйесіне мініп, Мәдинаға қайтады. Еліне келгенде, төңірегіне қарақұрым адам жиналады. Оның алғаш айтқан сөзі: «Лат пен Узза пұттары неткен жа-

ман еді!» – болды. «Токтат, ей, Дымам! Алапес басып, жынданасың. Сен не айтып тұрсың?» – дейді адамдар. Дымам: «Сендерге обал. Бұл екі пұт ешкімге зиян да, пайда да әкелмейді. Хақ тағала бір пайғамбар жіберді. Оған сендерді мына жағдайдан құтқаратын бір кітап түсірді. Мен жалғыз, дара, серігі болмаған Аллаһтан басқа құдай жоқ екеніне, Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екеніне куәлік етемін. Мен Аллаһтан сендерге арналған бұйрықтары мен тыйымдарын алып келдім», – дейді».

Хадис жеткізушінің ары қарайғы сөзі былайша өрбиді: «Аллаһқа ант етемін, сол күні кешке дейін Дымам тайпасында Исламға кірмеген бірде-бір адам қалмады. Сосын олар мешіт салып, намаз үшін азан шақырды»¹⁶⁹.

Амр ибн Мұрра әл-Жұхәнидің Исламды қабылдауы

Амр ибн Мұрра әл-Жұхәни (р.а.) айтады: «Надандық кезеңінде бір топ кісімен қажылық жасау үшін жолға шықтық. Меккеде түс көрдім. Түсімде Қағбадан бір нұр шығып, Йәсриб тауы мен Жұхайна тайпасының Әсар тауына сәуле шашқанын көрдім. Бұл нұрдан «Қараңғылықтар жойылды, нұр төгілді, соңғы пайғамбар жіберілді» деген дауыс шықты. Сосын айналаға айрықша сәуле шашырады. Сонау Хира қаласының зәулім үйлері мен Мәдаиннің шағаладай ақ шаңқан сарайлары көрінді. Бұл нұрдан да «Ислам келді, пұттар қирады, туыстық, ізгілік патшалық құрды» деген дауыс шықты. Шошып ояндым. Жолдастарыма: «Уаллаһи, Құрайыштың осы тайпасында айтулы оқиға

¹⁶⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/601

орын алайын деп тұр», – деп, түсімді оларға баяндап бердім.

Біз елімізге келген соң, Ахмед деген адамның пайғамбар ретінде жіберілгенін естідік. Дереу жолға шықтым. Аллаһ расулына барып, түсімді айттым. Ол былай деді: «Ей, Амр ибн Мұрра, мен күллі адамзатқа жіберілген пайғамбармын. Оларды Исламға шақырып, өз жандарын қорғауды, туыстық қатынасты үзбеуді, бір Аллаһқа құлшылық жасауды, пұттарға табынудан бас тартуды, Қағбаға қажылыққа баруды, он екі айдың бірі болған рамазанда ораза ұстауды бұйырамын. Мұны қабылдаған адамға жұмақ, қарсы шыққанға тозақтың оты бар. Ей, Амр, иман келтірсең, Аллаһ сені тозақ азабынан құтқарады». Мен: «Куәлік етемін, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық құдай жоқ, сен Аллаһтың расулысың. Өзгелер жақтырмаса да, сенің адал дегендеріңді адал, арам дегендеріңді арам деп толық сендім», – дедім де, мына өлеңімді оқыдым. Бұл өлеңнің қысқаша тарихы былай: Үйде әкем құрақ ұшып жүріп қызмет ететін бір пұт бар болатын. Пайғамбардың атын естігенде, әдейілеп барып пұтты қираттым. Сосын осы өлеңімді оқып, Аллаһ расулының керуеніне қосылған болатынын:

«Аллаһ хақ деп куәлік еттім,
Тас тәңірді талақ еттім,
Белді бекем буып нижрет еттім,
Сенің жолыңда бөгеттердің бәрінен өттім.
Ең абзал кісіге жолдас болдым.
Уа, тылсым Жаратушының елшісі!».

Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Қош келдің, Амр!» – деп құттықтады. Пайғамбарымыздың қасында біраз уақыт болғаннан соң бір күні: «Жолыңа

жаным құрбан! Мені еліме жібер. Аллаһ сен арқылы маған ізгілік жасағаны секілді, бәлкім, мен арқылы оларды да игілікке бастар», – дедім.

Пайғамбарымыз мені аттандырып тұрып: «Әркез жұмсақтық таныт. Тек қана шындықты айт. Елге дөрекілік көрсетпе. Тәкаппарлықтан сақтан. Қызғаншақтықтан аулақ бол», – деп өсиетін айтты.

Мен қауымыма барып: «Ей, Рифағаұлдары! Ей, Жұхайна жамағаты! Мен Аллаһ расулының өздеріңе жіберген елшісімін, сендерді Исламға шақырамын. Сендерге қан төкпеуді, бір Аллаһқа ғибадат жасауды, меңіреу пұттарды тастауды, Қағбаны зиярат етуді, он екі айдың бірі болған рамазанда ораза тұтуды бұйырамын. Қабылдаған адамға жұмақ, қарсы шыққанға азап бар. Ей, Жұхайна қауымы! Аллаһ сендерді ең таңдаулы арабтардың қатарына қосты. Надандық жайлаған кездің өзінде өзге арабтар дұрыс деп тапқан кейбір әдеттер бізге жат еді ғой, естерінде ме? Мысалы, олар апалы-сіңлілерді бірге некелестіріп, қасиетті айда соғыс жариялайтын, өгей шешелеріне үйленетін. Бірақ сендер ондай емессіңдер. Сөздің қысқасы, Бәну Луәй ибн Ғалиб арасынан жіберілген бұл пайғамбарды қабылдандар, мына дүниенің игілігіне, ақыреттің нығметтеріне кенелесіңдер», – дедім.

Мен ауыз жиып болғанша, әлдебір адам қасыма тақап: «Ей, Амр ибн Мұрра, Аллаһ сені оңдырмасын! Бізге тәңірлерімізді тастауды, арамызға іріткі салып, ата-бабамыздың ұлы дінінен бас тартқанымызды бұйырып тұрсың ба? Қайдағы бір Құрайыштықтың сандырағына сеніп, бізді қайда бастап тұрсың, оңбаған!» – деп, бірден мынадай өлең жолдарын оқыды:

Мүрраның баласы сондай сөздер айтты,
 Айтқаны жақсылық тілеген адамның сөзі емес.
 Оның сөздері мен әрекеттері
 Әйтеуір бір күні өз басына қайғы әкеледі.
 Бабаларын жетесіз санайды.
 Түбі қайыр таппайды.

Мен оған: «Қайсысымыз жалған айтқан болсақ, Аллаһ соның өмірін қор қылсын, тілін байлап, көзін соқыр етсін», – деп жауап қайтардым. Аллаһқа ант етейін, кейін сол адамның аузы қисайып, су қараңғы соқыр, тамақтың дәмін сезбейтін мүсәпір болып қалды.

Амр Аллаһ елшісінің (с.а.с.) алдына соқа басы келмей, өз қауымынан мұсылмандықты қабылдаған адамдарды түгел ертеді. Мәдинаға келген кезде, Пайғамбарымыз оларды қуана қарсы алды. Кейін мына хатты жазып берді:

«Аса қайырымды, ерекше рақымды Аллаһтың атымен. Бұл – Аллаһтың пайғамбарының Амр ибн Мүрра арқылы Жұхайна ибн Зәйд тайпасына жолдаған үшбу хаты. Құтты қонысың, тау, жазық-ойпаттарымен бірге малыңның өрісі, өзен-суларың, олжаның бестен бірін беру және бес уақыт намаз оқу шартымен өздерінде қалады. Отар қой мен табын сиыр бірге өріп, бірге жусаса, салыққа екі қой бересіндер, егер олар өз алдына бөлек бағылса, әр отар қой үшін бір қой бересіндер. Мініс көлігі мен құдықтан қауға тартатын малдар үшін салық салынбайды. Арамыздағы бұл келісім-шартқа Аллаһ пен осы маңдағы мұсылмандар куә»¹⁷⁰.

¹⁷⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 2/351

Туфәйл ибн Амр әд-Дәусидің өз қауымын Исламға шақыруы

Мұхаммед ибн Ысхақ былай дейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) өз қауымынан түрлі азап, қастандықтар көргеніне қарамастан, оларға шамасы келгенше жақсылық жасап, ақиқатқа шақыратын. Аллаһ Пайғамбарымыздың мерейін Құрайыштан үстем етіп, абыройын асырды. Сол себепті Құрайыштар елді, Меккеге сырттан келгендерді Пайғамбарымызбен кездестірмеуге, онымен сөйлестірмеуге барын салып бақты. Туфәйл ибн Амр әд-Дәусидің айтуынша, Меккеге сапар шеккенде, Аллаһ расулы (с.а.с.) да сонда еді. Ол беделді, ақылды, ақын кісі болатын. Меккеге келгенде, Құрайыштың кейбір адамдары оған: «Ей, Туфәйл, сен бұл жерге сырттан келген адамсың. Өзін пайғамбармын деп жариялаған мына кісі жағдайымызды қиындатып жіберді, қауымымызды ыдыратты, сөздері сиқыр секілді. Баласын әкесінен, бауырды бауырынан, тіпті ерлі-зайыптылардың өзін бір-бірінен суытуда. Біздің басымызға туған күн ертең сенің және қауымыңның басына да туа ма деп қорқамыз. Айтарымыз, кезіге қалсаң, онымен сөйлеспе, сөздеріне мүлдем құлақ аспа», – дейді.

Туфәйл айтады: «Мұны қатты шегелеп айтқаны соншалық – мен Мұхаммедпен жолықпауға, жолыға қалған күнде сөйлеспеуге серт бердім. Тіпті, Харам мешітіне (Қағба орналасқан жер) барғанымда, оның сөздерін тыңдамау үшін, құлағыма мақта да тығып алатынмын. Бір күні Харам мешітіне бардым. Қарасам, Пайғамбар Қағбаның жанында намаз оқып тұр екен.

Қасына жақын барып тұрдым. Демек, Аллаһ маған оның даусын естуді бұйыртқан ғой. Құлақ түрсем, сөзі құлағыма майдай жағып барады. «Мен ақылы жетік, ақын адаммын, сөздің асылын жасығынан айыра аламын. Мені бұл кісінің сөзін тыңдаудан тыятын не? Жақсы нәрселер айтса, құптармын, жаман нәрселер айтса, құлақ аспаспын» деп ойлап, күтіп тұрдым. Содан Аллаһ расулы үйіне кетпек болып, сыртқа шықты. Оның соңынан ердім. Табалдырығынан аттай бергенде: «Уа, Мұхаммед! Қауымың маған осылай да осылай деді. Сенің істеп жүрген істерің туралы айтып, мені қорқытқаны соншалық – сөздерінді естімейін деп, құлағымды мақтамен бітеп те алдым. Бірақ Аллаһ сенің сөздерінді тыңдауды бұйыртса керек, сенен бір жақсы сөз естідім. Қане, маған атқарып жүрген ісің туралы айтшы», – дедім.

Содан соң Аллаһ расулы (с.а.с.) маған Ислам туралы айтып, Құран оқыды. Расын айту керек, сол кезге дейін одан асқан керемет, даналыққа толы сөзді естімеген едім. Сол жерде мұсылман болып, кәлима шаһадатты айттым да, «Уа, Расулаллаһ, мен қауымымның ішіндегі беделді адамдардың бірімін. Оларға барып, Исламға шақырамын. Мен үшін Аллаһқа дұға ет, оларды Исламға шақырғанда, маған көмекші болатын бір белгі жаратсын», – дедім.

Аллаһ расулы: «Аллаһ тағалам! Оған бір белгі бер», – деп дұға етті.

Сөйтіп, өз еліме қайтпақ болып, Меккеден шықтым. Ауылымыз көрінетіндей бір төбеге жеткенде, екі көзімнің ортасында шыраққа ұқсайтын бір нұр пайда болды. Мен: «Аллаһ тағалам, бетімнен басқа

жерде болсын, діндерін тастағаным үшін қарғысқа ұшыраған деп ойлауынан қорқамын», – деп тіледім. Өлгі нұр дереу қамшының басына барып қонақтады. Адамдардың бәрі қамшымның ұшындағы шырақ секілді нұрды көру үшін жиналды. Мен өз үйіме тарттым. Үйге бас сұққанымда қарт әкем қасыма келді.

«Әке, менен ары тұр, сен менің дінімнен емессің, мен сенің дініңнен емеспін», – дедім. Ол: «Неге?» – деп сұрағанда, «Мұсылман болдым, Мұхаммедтің дініне кірдім», – дедім. Әкем: «Балам, менің дінім – сенің дінің», – деп ғұсыл алып, киімдерін тазалады. Оған Исламды түсіндірдім, ол мұсылман болды. Сосын жанымға әйелім келді, оған да «Менен ары тұр, енді бір-бірімізге жатпыз», – дедім. «Неге?» – деп сұрады ол. «Ислам бізді бір-бірімізден айырды», – дедім. Ойланып жатпастан ол да мұсылман болды. Алайда Дәус қауымы дінге бейжайлық танытты. Кейін Меккеге барып, Пайғамбарымызға қауымымның селқостық танытқанын айтып, оларды қарғауын сұрадым. Ал, Адамзаттың асылы (с.а.с.) керісінше: «Аллаһ тағалам! Дәус тайпасын тура жолға сала гөр!» – деп дұға етті де, маған қарап: «Сен қауымыңа барып, оларды Исламға шақыр, олармен жылы сөйлес», – деді.

Мен қайтып оралып, оларды Исламға шақырумен болдым. Осы кезде Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға көшкен еді. Арада Бәдір, Ұхұд, Хандак соғыстары өтті. Кейіннен мен қауымымнан Исламға кірген жетпіс әлде сексен үйлі-ошарлы жанмен бірге Мәдинаға бардым. Біз Мәдинаға барған кезде, Аллаһ расулы Хайбарда болатын¹⁷¹.

¹⁷¹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/100

Әбул-Фәрәж әл-Исфәханидің риуаятында мынадай айрықша мәліметтер кездеседі: «Туфәйл Меккеге келгенде, Құрайыштан көптеген адам оған пайғамбар туралы айтып, сынап көруін сұрайды. Туфәйл Пайғамбарымыздың жанына барып, өлеңдерінен оқиды. Аллаһ расулы «Ықылас», «Фалақ» және «Нас» сүрелерін оқиды. Сонда Туфәйл дереу мұсылман болып, еліне қайтады.

Туфәйл ең әуелі ата-анасын Исламға шақырады. Әкесі мұсылман болады, бірақ анасы қабылдамайды. Қауымын Исламға шақырады. Тек Әбу Һұрайра (р.а.) ғана қабылдайды. Сосын Туфәйл Пайғамбарымызға барып: «Дәусті құртатындай құдіретің бар ма?» – деп қарғыс айтуын сұрайды. Расулаллаһ (с.а.с.) оларға қарғыс тілемейді, керісінше, игі дұға етеді. Сонда Туфәйл: «Мен игі дұға сұраған жоқ едім», – дейді. Аллаһ расулы: «Олардың ішінде сен сияқты көптеген адамдар бар», – дейді.

Жүндүб ибн Амр әд-Дәуси надандық дәуірінде әрдайым «Міндетті түрде ғаламның бір жаратушысы бар, бірақ кім екенін білмеймін», – деп айтып жүретін.

Ол Пайғамбарымыз туралы хабар алғанда, қауымынан жетпіс адаммен бірге келіп, барлығы мұсылмандықты қабылдады. Әбу Һұрайра: «Жүндүб Исламға кірген жолдастарын біртіндеп Аллаһ расулына таныстырған болатын», – дейді¹⁷².

¹⁷² Ибн Хажар, Фәтхул-бари 8/102 (4131)

24. ИСЛАМҒА ШАҚЫРУ МАҚСАТЫНДА САХАБАЛАРДЫҢ ЕЛШІ РЕТІНДЕ ЖІБЕРІЛУІ

Хишам ибн Ас пен жолдастарының Ираклийге жіберілуі

Хишам ибн Ас әл-Әмәуи (р.а.) айтады: «Әбу Бәкірдің халифалығы кезінде бір жолдасым екеуміз Рим императоры Ираклийді Исламға шақыру үшін елші етіп тағайындалдық. Жолға шықтық. Шамға жеткенде, Жәбәла ибн Әйхам әл-Ғассаниға қонақ болдық. Біз барған кезде, Жәбәла өз орнында отырған еді. Біз: «Елшімен сөйлеспейміз, тек патшамен тікелей кездесіп, тілдесу үшін келдік, рұқсат берсеңіз, онымен көзбе-көз сөйлессек», – дедік.

Елші кері қайтып, біздің сөзімізді жеткізді. Патша кездесуге келісіп, бізден: «Не қалайсындар?» – деп сұрады.

Сөзді Хишам ибн Ас бастап, патшаға Ислам туралы айтты. Патша шымқай қара киініп алыпты. Хишам: «Былайша киінуіңнің мәнісі не?» – деп сұрағанда, патша: «Ант етемін, сендерді Шамнан қуып шықпайынша, бұл киімімді шешпеймін», – деді. Біз: «Мына астындағы тағынды да аламыз. Ұлы билеуші Кисраның сұлтандығының да шаңырағын ортасына түсіретінімізге күмәнің болмасын. Мұны бізге Пайғамбарымыз Мұхаммед айтты», – дедік. Патша: «Бұл айтқандарыңды сендер емес, күндіз ораза тұтумен, түні намазбен өткізетін қауым жүзеге асырады», – деді»¹⁷³.

¹⁷³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 10/817 (30309)

25. ИМАНҒА ШАҚЫРУ ҮШІН САХАБАЛАРДЫҢ ХАТТАР ЖІБЕРУІ

Зияд ибн Харис әс-Судай (р.а.) былай деген: «Аллаһ расулына (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) барып, серт бердім. Сол кезде Расулаллаһтың менің қауымыма әскер жібергенін естіп: «Уа, Расулаллаһ, әскерінді кері қайтар, қауымым Исламға кіріп, мойынсұнады деп ойлаймын», – дедім. Ол келісіп, маған әскерді кері қайтаруды тапсырды. Мен оған мініс көлігімнің қатты болдырғанын айттым.

Сосын ол басқа біреуді жіберіп, әскерін кері қайтарды. Мен қауымыма хат жаздым. Хатымды алғаннан кейін, Исламға кіргендіктерін білдіру үшін қауымым елшілер жіберіпті. Расулаллаһ: «Судалық бауырым! Сен, шынында да, қауымыңның арасында беделді адам екенсің», – деді. «Жоқ, оларды тура жолға салған Аллаһ тағала», – деп айттым. Ол маған: «Сені оларға басшы етейін бе?» – деді. Мен: «Жарайды», – деп келістім.

Осыған орай, Аллаһ расулы мені басшы еткендігі туралы хат жазды. «Уа, Расулаллаһ, маған зекеттерінің бір мөлшерін берулерін де бұйырыңыз», – дедім мен. Ол: «Жарайды», – деп екінші хатты жазды. Бұл оқиға Пайғамбарымыз сапарда жүрген кездерінің бірінде орын алған еді.

Расулаллаһ бір жерге тоқтағанда, сол жердің халқынан біраз адамдар келіп, басшыларының үстінен шағым айтады: «Надандық дәуірінде оның қауымымен арамызда шетін оқиға болған еді, соның өшін енді бізден алуда», – дейді. Расулаллаһ басшымыздың бақай есептің адамы екеніне әбден көз жеткізген соң, сахаба-

ларына (араларында мен де бар болатынмын): «Мүмін адам үшін басшылықтан қайыр жоқ», – деді.

Судаи айтады: «Аллаһ расулының осы сөзі маған қатты әсер етті. Сол сәтте тағы бір адам келіп: «Уа, Расулаллаһ, маған бір нәрсе бер», – деп сұрайды. Пайғамбарымыз: «Мұқтаж болмаса да, біреуге алақан жайған адамның бұл әрекеті өзіне кесел боп жабысады. Нақтырақ айтсақ, басы не іші ауыратын болады», – деді. Әлгі адам: «Онда зекеттен бер», – дейді. Расулаллаһ: «Аллаһ тағала зекет мәселесінде пайғамбардың да, басқа адамдардың да үкіміне разылық білдірмейді. Зекет туралы үкімді Өзі белгілеген, зекет берілетін адамдарды сегіз топқа бөлген. Егер сен осы топтардың біріне кіретін болсаң, әрине, сен де құр қалмайсың», – дейді.

Пайғамбарымыздың бұл сөзі де маған үлкен ой салды. Өйткені мен дәулетім жете тұра, садақа сұраған едім. Аллаһ расулы намазын оқығаннан кейін, сол екі хатты әкеліп: «Уа, Расулаллаһ, мына екеуіне байланысты кешірім сұраймын», – дедім. «Ойыңа не түсті?» – деп сұрады ол. «Жаңа сенен мүмін адам үшін басшылықта қайыр жоқ екенін естідім. Алайда мен Аллаһ пен расулына сенемін және сенің сөзіңнен мұқтаждығы жоқ адамның өзгеге алақан жайып, тілемсектенуінің арты жақсылыққа апармайтынын ұқтым», – дедім. Расулаллаһ: «Мұны қабылдасаң да, бас тартсаң да, өз еркің», – деді. Мен: «Бас тартамын», – дедім. Ол: «Олай болса, маған басқа адамды көрсет, сендерге басшы етіп тағайындайын», – деді. Мен келген кеңестің ішінен бір адамды көрсеттім, ол соны тағайындады»¹⁷⁴.

¹⁷⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/375 (37075)

26. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ КЕЗІНДЕ САХАБАЛАРДЫҢ СОҒЫС МАЙДАНДАРЫНДА АДАМДАРДЫ ИСЛАМҒА ШАҚЫРУЫ

Мүслим ибн Харис әт-Тәмимидің шақыруы

Харис ибн Мүслим әкесінің былай дегенін айтады: «Пайғамбар (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бізден бір жасақ құрып, тапсырмамен әлдебір аймаққа жұмсады. Соғысатын жерге барған кезде, алға озып шығып, жолдастарымды артта қалдырдым. Дабырлап келе жатқан бір қауыммен кездестім. Мен: «Лә иләһә иллаллаһ» деңдер, ақыретте азапқа ұшырамайсындар!» – дедім. Олар менің айтқанымды істеді. Жолдастарым келгенде, мені айыптап: «Бізді өз аяғымен келіп қолымызға түсіп тұрған олжадан айырдың», – деп реніштерін білдірді. Олар қайтып оралғаннан кейін, бұл жағдайды Пайғамбарымызға айтты. Аллаһ елшісі мені шақырып, жасаған ісіме ризалығын білдіріп: «Мынаны жақсылап біліп ал: Хақ тағала сол адамдардың әрқайсысы үшін саған үлкен сауап жазды», – деді. Өйткені мен олардың тура жолға түсуіне себепші болған едім.

Сосын Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Қара, менен кейін келетін мұсылмандардың имамдарына сен үшін бір хат жазып, оларға сені қолдап-қорғауды тапсырамын», – деді. Хатқа мөр соғып, маған берді де: «Бамдат намазын оқығаннан кейін ешкіммен сөйлеспестен жеті рет «Аллаһ тағалам! Мені жаһаннам отынан қорға!» дейсің. Егер сол күні өлсең, Аллаһ сен үшін «Оттан қорғалған» деп жазады. Ақшам намазынан кейін ешкіммен сөйлеспестен, тағы да жеті рет «Аллаһ тағалам! Мені жаһаннам отынан қорға!» дейсің. Сол

түні қайтыс болсаң, Аллаһ сен үшін «Оттан қорғалған» деп жазады», – деді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) қайтыс болғаннан кейін, хатты Әбу Бәкірге (р.а.) апардым. Ашып оқыды да, маған көмек берілуін бұйырды. Сөйтіп, хатты мөрлеп, өзіме қайтарып берді. Сосын хатты Омарға (р.а.) апардым, ол да солай жасады. Кейін Осман да (р.а.) алдыңғы екі халифаның ісін қайталады».

Осы кісінің баласы Мүслим былай дейді: «Әкем Харис Османның халифалығы кезінде қайтыс болды. Омар ибн Абдулазиз халифа болғанға дейін, хат бізде болды. Омар ибн Абдулазиз халифалыққа келгенде, біздің аймақтың басшысына: «Мүслим ибн Харисті Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жазған хатымен бірге маған жібер», – деді. Мен хатты алып бардым. Ол хатты оқып, маған көмек берілуін бұйырып, оны мөрлеп өзіме қайтарды»¹⁷⁵.

27. ӘБУ БӘКІР (Р.А.) КЕЗЕҢІНДЕ САХАБАЛАРДЫҢ СОҒЫС БАРЫСЫНДА ИСЛАМДЫ УАҒЫЗДАУЫ

Әбу Бәкірдің қолбасшыларға берген бұйрығы

Саид ибн Мүсәйяб айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) Шам аймағына аттандыратын қолға қолбасшы етіп Йәзид ибн Әбу Суфиян, Амр ибн Ас және Шурахбил ибн Хасананы тағайындады. Әскер жолға шыққанда, Әбу Бәкір оларды Сәниятүл-Уәдаға дейін жаяу жүріп, шығарып салды. Сарбаздар: «Ей, Аллаһ расулының халифасы, біз аттың үстіндеміз, сіздің жаяу еріп келе жатқаныңызға

¹⁷⁵ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/343 (37003)

қысылып тұрмыз», – дейді. Мұсылмандардың халифасы: «Мен Аллаһ жолында басқан қадамдарымның көп болғанын қалаймын», – дейді де, мынадай кеңес айтады: «Аллаһтың бұйрықтарына қарсы келуден сақтаныңдар. Дүние үшін емес, Аллаһ жолында жиһад етіңдер. Аллаһты мойындамайтындармен күресіңдер. Аллаһ өз дініне көмектеседі. Олжаларды ұрламаңдар, қиянат жасамаңдар, жаудан қаймықпаңдар, жер бетінде бүлік шығармаңдар, бұйрықтарға қарсы келмеңдер. Дұшпанмен бетпе-бет келген кезде, оларды үш нәрсеге шақырыңдар. Ұсыныстарыңды қабылдаса, олармен қақтығыспаңдар. Алдымен, мұсылман болуға шақырыңдар. Қабылдайтын болса, мұсылмандығын қабыл етіңдер де тиіспендер. Сосын оларды мұһажырлардың мекені Мәдинаға көшуге шақырыңдар. Бұған да келіссе, мұһажырлардың құқықтарының оларға да тиісті екенін білдіріңдер. Исламды қабылдап, өз жерлерінде қалғылары келсе, басқа мұсылман арабтар секілді оларға да Аллаһ парыз еткен үкімдердің жүзеге асырылатынын, бірақ Аллаһ жолында жиһадқа қатысқанға дейін олжалардан оларға үлес берілмейтінін шегелеп айтыңдар. Исламды қабылдамаса, жизия салығын төлеуге шақырыңдар. Егер бұл ұсынысты қабылдайтын болса, оларға тиіспендер. Мұны да қабылдамаса, Аллаһтан көмек тілеп, олармен соғысыңдар. Құрма ағаштарын кеспендер, өртемендер, жануарларды өлтірмендер, жеміс ағаштарына тимендер. Христиандар мен яһудилердің ғибадат орындарын қиратпаңдар, балаларды, қарттарды, әйелдерді өлтірмендер. Өздерін шіркеу қызметіне арнаған адамдар сендердің істеріңе араласып, ықпалын жүргізгісі келіп, ығына жыққысы келетін солақай әрекетке бармаса, оларға тимендер.

Сонымен қатар, шайтанға қызмет ету үшін шаштарын қақ маңдай тұсынан желкесіне дейін ортасынан қырып тастаған адамдарды көресіндер, оларды кездестіргенде, міндетті түрде көзін жойыңдар»¹⁷⁶.

Халидтің (р.а.) грек қолбасшысы Жәражаны Исламға шақыруы және оның мұсылман болуы

Уақиди мен басқалар риуаят етеді: «Йәрмук соғысында грек қолбасшыларының бірі – Жәража саптан шығып, Халид ибн Уәлидтің (р.а.) арамызда баржоғын сұрағанда, Халид саптан шығып, оған қарсы беттейді. Екеуінің бір-біріне тақау келгені соншалық – аттарының басы түйіседі.

– Ей, Халид! Маған шыныңды айт, өтірік сөйлем. Өйткені, азат адам өтірік айтпайды. Маған айлакерлік те жасама, өйткені, Аллаһ жолында елшілік жасаған адам ешқашан қулыққа бармайды. Аллаһ сендердің пайғамбарларыңа көктен бір қылыш түсіріпті, ол оны саған беріпті. Сен ол қылышты сілтегенде саған ешкім шақ келмейді екен, осы рас па?» – деп сұрайды. Халид:

– Жоқ», – деп жауап береді.

– Олай болса, неліктен сені «Аллаһтың қылышы» деп атайды? Осыны түсіндіріп берші, – дегенде, Халид (р.а.):

– Аллаһ бізге пайғамбарын жіберді. Ол бізді Исламға шақырды. Біз де әуелі одан қашқақтаған болатынбыз. Сосын біраз адам оны растап, қатарына қосылды, біразымыз оны өтірікшіге балап, одан бойымызды аулақ салуға тырыстық. Мен де оған қарсылық

¹⁷⁶ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 4/654 (11008)



танытқандардың арасында болатынмын. Сосын Аллаһ ізгілікті нәсіп етіп, біз де Пайғамбарымызға (с.а.с.) сертімізді бердік. Сонда ол маған: «Сен Аллаһтың мүшріктерге сілтеген қылыштарының бірісің», – деп, Аллаһтан маған жәрдем беруін тіледі. Сол себептен мені «Сәйфуллаһ» (Аллаһтың қылышы) деп атайды. Мүшріктерге қарсы ең кектілердің бірімін», – деп жауап береді.

– Жарайды, Халид, бізді не нәрсеге шақырасың?

– Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ екеніне сенуге, Мұхаммедтің Аллаһтың құлы және расулы екеніне куәлік келтіруге және Аллаһтан келген ақиқаттарға иман келтіруге шақырамын, – деп жауап береді.

– Мұны қабылдамағандарға не істейсіңдер? – деп сұрайды.

– Жизия салығын талап етеміз. Егер жизия төлесе, оларды қорғаймыз.

– Төлемесе ше?

– Соғыс жариялап, олармен қасық қанымыз қалғанша шайқасамыз.

– Сендермен келісіп, қатарларыңа бүгін қосылған адамның жағдайы қалай болмақ?

– Аллаһтың бізге парыз еткен бұйрықтарының алдында текті адамдар мен қатардағы адамдар, Исламға алғаш кіргендер мен кейін кіргендер арасында ешқандай айырмашылық жоқ, оларды бір-бірінен бөліп-жарып қарамаймыз, бәріне көзқарасымыз бірдей.

– Қатарларыңа бүгін қосылған адамға да сендерге берілгендей сауап беріле ме?

– Иә, тіпті одан да артық сауап жазылады.

– Сендер олардан бұрын мұсылман болдыңдар, олар қалайша сендермен тең болмақ?

– Біз Исламға ерікті түрде емес, яғни өз қалауымызбен емес, белгілі бір деңгейде мәжбүрлі түрде кірдік. Пайғамбарымызға серт бергенде, ол арамызда болатын. Оған көктен уахи келді, бізге Құран арқылы хабарлар жеткізді, мұғжизалар көрсетті. Біздің көрген нәрселерімізді көріп, естіген нәрселерімізді естіген адамның Исламға кіріп, серт бермеуі мүмкін емес болатын. Ал сендер біздің көрген ғажайып нәрселерімізді көрген жоқсындар. Сондықтан да сендерден шын ниетпен бұл дінге кіргендердің дәрежесі бізден жоғары болады.

– Уаллаһи, сен маған шындықты айттың, алдамадың.

– Аллаһқа ант етейін, саған шындықты айттым. Өйткені сенің сұраған нәрселеріңе берген жауаптарым маған емес, Аллаһқа тән, – дегенде, Жәража қалқанын түсіріп, Халидтің жанына келіп: – Маған Исламды үйрет, – дейді. Халид оны шатырына алып барды. Жәража бой дәретін алған соң, екеуі екі рәкат намаз оқиды. Гректер Жәражаның Халидпен бірге қайтқанын көріп, мұсылмандарға бар ашу-ызасымен лап қояды. Икрима ибн Әбу Жәһіл мен Харис ибн Хишам қолбасшылық еткен жасақтардан басқа барлық әскерлер кері шегінуге мәжбүр болады. Содан соң Халид пен Жәража үзеңгіге аяқ артады. Ол кезде гректер Ислам әскерінің ортасына сыналай еніп кеткен еді. Халид (р.а.) әскеріне бұйрық берген кезде, мұсылмандар шабуылдауға көшеді. Гректер бұрынғы орындарына қарай шегінеді. Халид пен Жәража күн шыққаннан бастап күн батқанға дейін шайқасады. Мұсылмандар бесін және намаздыгер на-



маздарын ишаратпен оқиды. Жәража қан майданда шейіт болады. Халидпен бірге оқыған сол екі рәкат намаз оның алғашқы әрі ақырғы намазы еді¹⁷⁷.

28. ОМАР (Р.А.) УАҚЫТЫНДА САХАБАЛАРДЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕ ИСЛАМДЫ УАҒЫЗДАУЫ

Рибғи ибн Амирдің Рүстемді Исламға шақыруы

Ұрыс болған күні шайқасқа қатысқандардың айтуы бойынша, Рүстемнің шақыртуымен Сағид ибн Әбу Уаққас (р.а.) оған Рибғи ибн Амирді жібереді. Рибғи Рүстемнің құзырына кіргенде, отырған жерінің алтынмен апталып, күміспен қапталғанын көреді. Құс жастықтары алтынмен безендірілген, жерде шашақты жібек кілемдер төселген. Шатыры жақұтпен, басқа да асыл тастармен әшекейленген. Басында асыл тастармен безендірілген тәж, Рүстем алтынмен апталған тақта отыр екен. Рүстемнің уәзірлері иіні жүдеу Рибғидің мына түрін қомсынып қалады. Оған ыққан Рибғи жоқ, жібектен тоқылған кілемдерді таптаған күйі, атымен ішке кіреді. Біраз ілгерілеген соң атынан түседі. Қолында қаруы, үстінде сауыты бар болатын. Оған: «Қаруыңды таста!» – дейді қызметшілер.

«Өзім келген жоқпын, шақырту бойынша келіп тұрмын. Мені осылай жіберіңдер, әйтпесе келген ізіммен кері қайтамын» дейді Рибғи ибн Амир.

«Жіберіңдер!» – деген кезде, ол найзасымен кілемдерді шаншып өтіп, қасына барды. Рүстем одан:

– Не үшін келдіңдер? – деп сұрайды.

¹⁷⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 7/12

– Біз құлдарды құлдарға құлшылық етуден тыйып, Аллаһқа құлшылық етуге шақыруға келдік, оларды жоқшылық пен кедейліктен құтқарып, байлыққа, зұлымдықтан құтқарып, Исламның әділетті жолына шығаруға келдік. Кім біздің айтқанымызға ден қойып, Аллаһтың ақ жолына түссе, біз де оның оң ниетін құптап, тиіспейміз. Қабылдамағандармен шейіт болғанша соғысамыз. Бұл турасында Аллаһтың уәдесі бар.

– Аллаһ қандай уәде береді?

– Соғыста өлгендер үшін жұмақ, тірі қалғандарға жеңіс.

– Бізге біраз мұрсат бер. Ойланайық.

– Жарайды, қанша қалайсыңдар, бір күн бе, әлде екі күн бе?

– Жо-жоқ, одан көп уақыт керек, өйткені дұшпандарымыз бен қауымымыздың зиялыларына хат жолдауымыз керек.

– Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) дұшпанмен кездескенде, үш күннен артық уақыт беруге бізге рұқсат берген жоқ. Сен өзінді, сосын халқыңды ойла, үш күннен кейін мынаның бірін тандайсың: мұсылман болу, жизия төлеу, соғысу.

– Олардың басшысы сенсің бе?

– Жоқ, бірақ мұсылмандар тұтас бір дене сияқты, ең төменгілері ең жоғарыларының атынан кепілдік бере алады.

Сөйтіп, Рүстем қауымының бетке тұтарларын жинап: «Мына адамның сөздерінен артық ақылға қонымды сөз естіп пе едіңдер?» – деп сұрайды. Нөкерлері жамырай сөйлеп: «Уа, алдияр, сен осының сөзіне еріп кетпексің бе? Дінінді тастап осы үрерге иті,



сығарға биті жоқ оңбағанға ермексің бе? Мынаның киімдерінің сиқын көріп тұрсың ба?» – дейді. Рүстем: «Сендер адамның киіміне қарамаңдар, оның санасына, көзқарасына, сөзіне, әрекетіне қараңдар. Арабтар сыртқы түріне мән бермейді, олар тегін сақтауға көп көңіл бөледі», – дейді.

Сағыд ибн Әбу Уаққастың соғыстан бұрын бір топ жолдастарын Кисраға жіберуі

Әбу Уаил былай дейді: «Сағыд (р.а.) келіп, Қадисияға түнеуге тоқтайды. Нақты айта алмаймын, жеті, ары кетсе сегіз мыңның төңірегінде едік. Мүшріктер жағы отыз мыңдай адам болатын. (Ибн Кәсирдің «әл-Бидаясында» Сәйф пен басқа да тарихшылардың айтуы бойынша, сол күні дұшпанның саны сексен мыңның үстінде болған. Басқа риуаятта Рүстемнің қарамағында жүз жиырма мың адам болғандығы, тағы да сексен мың әскердің дайын тұрғандығы айтылады). Бұған қоса, Рүстемнің әскерінде отыз үш піл болған. Араларында Кисралардан Сабурдың ақ пілі де бар еді. Оның тұрқы өзге пілдерден әлдеқайда ірі болатын, әрі табынды сол бастап жүретін. Ирандықтар: «Не әкетіп бара жатқан әскери қуатың жоқ, не қару-жарақтарың жоқ, бізбен қалай соғыспақсыңдар? Одан да кері қайтыңдар», – деді. Біз олардың бұл дөңайбатын елең қылмадық. Шайқасқа бел буып, тұрысатын жерін айтуды сұрадық. Олар біздің қаруымыздың сиықсыздығын айтып, мазақ етті. Ақыры, олар біздің алған бетімізден қайтпайтынымызды көріп: «Бізге жөні түзу біреуді жіберіңдер, келген себептерін жақсылап түсіндірсін», – дейді.

Осыны күткендей Муғира ибн Шуғба: «Мен бармын», – деп, суырылып алға шығып, Рүстемнің қасына

барып отырды. Оның мына қылығын ерсі санаған Ирандықтар ашуланып, айқайлай бастады. Сонда Муғира:

Бұл жерге отыру менің қадірімді арттырмайды, қожайындарыңның беделіне де нұқсан келтірмейді, – дейді. Рүстем:

Дұрыс айтасың. Ал, не үшін келдіңдер? – деп сұрайды.

Біз жамандық пен надандық белең алған ортада өмір сүріп жатқан ел едік. Аллаһ тағала пайғамбар жіберіп, сол арқылы бізге тура жолды нәсіп етті. Соның арқасында бізге ризық берді. Осы өңірде өсіп-өнетін бидайдың дәмінен бала-шағамызға таттырғанымызда, «Біз осының дәмін алып қалдық. Бұнсыз тұра алмаймыз. Бізді сол жерге апарыңдар, бидайдың нанын жейік», – деді.

– Олай болса, сендерді өлтіреміз.

– Бізді өлтірсендер жұмаққа барамыз, біз сендерді өлтірсек, тозаққа түсесіңдер, ал қалғандары жизия төлейді. «Жизия төлейсіңдер» деген сөзді естігенде, парсылар шошып, «Сендермен келісім жасаспаймыз», – дейді қарсылықтарын білдіріп. Сонда Муғира: «Олай болса, соғысу үшін сендер біздің жерге өтесіңдер ме, біз сендердің жерлеріңе өтейік пе?» – деп сұрайды. Олар: «Біз сендер жакқа өтеміз», – дегенде, Ислам әскері кері шегініп, парсыларға тұтқиылдан соққы жасап, жауды жеңеді¹⁷⁸.

Мұғауия ибн Құрра (р.а.) былай дейді: «Қадисия соғысы болған күні Мұғира ибн Шұғба (р.а.) ирандық билеушілерге аттанады. Муғира қасына он адамды ертіп, парсы қолбасшысына барады. Киімін қымтанып,

¹⁷⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидая 7/38



тері қалқанын қолына ұстап алған болатын. Жолдастарына: «Жерге бір қалқан қойыңдар», – деді де, сол қалқанның үстіне барып отырды. Парсылардан сұңғақ бойлы біреу: «Ей, арабтар! Сендердің біздің елге не үшін келгендеріңді білеміз. Өз елдерінде ашыққандықтан келіп отырсыңдар. Біз сендерге қажетті азықты берейік, сол тойғандарыңмен кері қайтыңдар. Біз мәжусилер тобымыз, сендердің қандарыңды ағызып, жерімізді былғағымыз келмейді», – дейді. Сонда Муғира: «Уаллаһи, біз мұндай оймен келген жоқпыз. Біз тастар мен пұттарға табынатын ел болатынбыз. Табынған тасымыздан да жұмыр әрі өзгеше тасты көрсек, киелі санаған тас-пұтымызды көңілімізден шыққан басқасымен айырбастай салатынбыз. Ақырында, Аллаһ бізге пайғамбар жіберді. Ол бізді Исламға шақырды. Мұнда азық іздеп келіп отырған жоқпыз. Исламға кірмесеңдер, қорқытқаным емес ескерткенім, қолыңды талқандаймыз. Ұрпағыңды тұтқын етеміз. Азық мәселесіне келетін болсақ, жасыратын несі бар, бізде азық-түлік тапшы, тіпті көпке дейін қанып су ішпеген кезіміз де болды. Ал, мына өңірде азық та, су да мол екен. Уаллаһи, біз бұл нығметтерді тастамаймыз, бұларды біз иеленеміз, не сендер иеленесіңдер», – дейді. Рүстем парсы тілінде «Дұрыс айтады», – дейді де, Муғираға: «Ертең көзіңнен айырыласың», – дейді. Бірақ ертеңіне оқ тиіп, өзінің көзі ағып түседі»¹⁷⁹.

«әл-Бидаяда» тарихшы Сәйфтің былай дегені жазылған: «Сағид ибн Әбу Уакқас (р.а.) бір топ адамды соғыспай тұрып Кисраға жібереді. Кисраны Исламға шақыруы керек болатын. Кисрамен кездесуге рұқсат алды. Мұсылмандардың киім киісін көру үшін, сол

¹⁷⁹ Хахим, Мүстәдрәк 3/510 (5901)

жердің тұрғындары тайлы-таяғымен көшеге шығады. Аяқта шәркей, қолда қамшы, иіні жүдеу, аяғын сүйрете басқан арық атқа қонжиған арабтардың мына сықпытын қомсынып: «Бұлар қалайша жүрек жұтып, саны көп, айбатты әскерге қарсы шығады?!» – деп таңданады.

Мұсылмандар тобы патша Йәздужәрдтің алдына келеді. Патша оларға иек қағып, қарсы алдына отыруға әмір етеді. Йәздужәрд өте тәкаппар, дөрекі адам болатын. Ол киімдерінің, аяқ киімдерінің, қамшыларының қалай аталатынын сұрай бастайды. Олардың берген әр жауабын өзінше іштей жақсылыққа жориды. Алайда Аллаһ оның бұл оң жорамалын жүзеге асырмай тастады. Патша: «Бұл елге не үшін келдіңдер? Біздің өзара қақтығысымыз бен арамыздағы кейбір келіспеушіліктер ме сендерді желіктірген?» – деп сұрайды. Сонда Нұғман ибн Мұқаррин былай деп жауап береді: «Аллаһ бізге рақымын төгіп, пайғамбар жіберді. Ол бізді ізгілікке шақырды, ненің жаман екенін айтып сақтандырды. Мұхаммедке бағынатын болсақ, дүние мен ақырет жақсылықтарының берілетінін уәде етті. Қай тайпаны шақырса да, міндетті түрде олар екіге бөлініп, бірі жақындаса, екінші топ одан аулақ болуға тырысты. Ислам дініне тайпаның таңдаулы адамдары кірді. Содан кейін Аллаһ Мұхаммедке өзіне қарсы келген арабтармен күресуді, күресті алдымен арабтардың өзінен бастауды бұйырды. Ол бұны орындады. Осы себепті арабтар екі жағдайда оның қасынан орын алды. Бір тобы өз қалауымен Исламға кірсе, екіншілер басқа барар жері, басар тауы қалмай, амалсыз кірді. Өз еркімен кіргендердің ынта-ықыласы артты. Бізге әкелген дінінің біз жасап жүрген қастықтан әлдеқайда қайырлы екенін түсіндік. Ол бізге әуелі жақын көрші халықтардан бас-

тап әділдікке шақыруды ұсынды. Біз сендерді дінімізге шақырамыз. Бұл – Ислам діні. Ол – әсемдікті жақсы көретін, жаманды қаламайтын дін. Қабылдамасандар, соғысамыз, дінімізге кірсеңдер, сендерге Аллаһтың кітабын беріп кетеміз, соның үкімдерімен өмір сүресіңдер, істеріңе араласпаймыз. Бізге жизия төлесендер, оны қабылдап, сендерді қорғаймыз, әйтпесе сендермен соғысамыз».

Йәздүжәрд: «Жер бетінде сендерден жабайы, азғындаған, бір-бірімен сыйыспайтын, қыңыр қауым кездестірмедім. Осыған дейін ең жазықты жайлаған ауылдарды сендерге берген едік. Парсылар сендермен соғыспайтын, сендер де оларға қарсы бас көтермейтінсіңдер. Сандарыңның көбейгеніне есірмендер. Егер күнкөріс қамы үшін осында келсеңдер, молшылыққа жарығанға дейін сендерге азық беріп, қадірлі адамдарыңды сый-сияпатқа бөлеп, бәрінді бастан-аяқ киіндіреміз. Сендерге жақсы қарайтын патша да тағайындап береміз», – дейді.

Мұсылман елшілері бірауық үнсіз қалады. Мұғира ибн Шұғба орнынан тұрып: «Ей, патша! Мына көріп тұрған адамдарың – арабтардың беделді, зиялы, текті адамдары. Тектілер тектілерден ұялады, игі жақсылардың қадірін игі жақсылар біледі. Қадірлі тұлғалардың құқығын тек зиялылар ғана қорғайды. Олар не үшін жіберілгендіктерін саған толық түсіндірген жоқ, барлық сауалыңа жауап бермеді де. Бұлай істегені дұрыс та. Оларға тек осындай әрекет қана жарасады. Менен сұра, саған шындықты мен жеткізейін, ал олар куә болсын. Сен бізге өзіңше ат қойып, айдар тақтың, негізінде, сен оларды білмейсің. Біздің жағдайымыздың өте нашар екенін айттың, мұның

дұрыс. Бізден жағдайы нашар адам жоқ болатын. Аштыққа ұшырап, бақа-шаян жеп, қоңыз теріп кеттік. Күй талғамай өмір сүрдік, кигеніміз түйенің, қойдың жүнінен тоқылған киім болды. Ал наным-сеніміміз бір-бірімізді өлтіру, зұлымдық пен қастандық жасаудан ары асқан емес. Тамаққа ортақ болмасын деп, туылған қыз баланы тірідей жерге көметінбіз. Міне, біз бұрын осындай болатынбыз. Сосын Аллаһ бізге ел жақсы танитын бір адамды пайғамбар етіп жіберді. Біз оның шыққан тегін, кісілігін жақсы білетінбіз. Ол ең жақсы жерден, ең беделді рудан шықты. Үйі ең жақсы үй, тайпасы ең абыройлы тайпа еді. Пайғамбар болмай тұрып-ақ арамыздағы ең турашыл, ең мейірбан жан болатын. Бізді дініне алғаш шақырғанда, досы әрі өзінен кейін халифа болған Әбу Бәкірден басқа ешкім қабылдамады. Шындықты айтып шырылдаса да, біз оның сөздерін өтірікке балап, қарсы шықтық. Бірақ мұсылмандар қатары күн сайын көбейіп, ал біз оталған ормандай азая бердік. Бізге бұйырғаны Аллаһтың әмірлері болатын. Ол бізге Раббымыздың былай бұйырғанын айтты: «Мен Аллаһпын. Теңім, теңдесім жоқ. Еш нәрсе жоқ кезде, мен бар болатынымын. Менен басқа барлық нәрсе жоқ болады. Барлық болмысты мен жараттым. Барлық нәрсе маған жетіп отырады. Рақымдылығым сендерге жетті. Өлімнен кейін азабымнан құтқаратын жолды көрсету, сендерді өз үйім болған ізгілік мекеніне шақыру үшін сендерге осы адамды жібердім! Біз оның Хақ құзырынан ақиқатты әкелгеніне куәлік етеміз. Хақ тағала бізге ескерту үшін пайғамбардың аузына мынадай сөз салды: «Бұл істе кім сендерге мойынсұнса, сендерге тиген пайда оған да тиеді, зиян да сондай. Қабылдамағандарға жизия төлеуді ұсынып, оларды



өз қамқорлықтарыңа алыңдар. Жизия төлегісі келмегендермен соғысыңдар, араларыңдағы төреші менмін. Сендерден қайтыс болғандарды жұмаққа саламын, тірі қалғандарыңа дұшпанды жеңуге көмектесемін».

Муғира сосын аз-кем тынысын алып: «Сол себепті екі жолдың бірін таңдайсың. Не Жизия, не қылыш. Қаласаң Исламға кір, өміріңді сақтап қал», – деді. Йәздужәрд: «Бұларды сен маған айтып тұрсың ба?» – деп сұрады. Муғира: «Менімен кім сөйлесіп отырса, соған айттым, егер менімен басқа адам сөйлессе, саған бұларды айтпас едім», – деді. Йәздужәрд: «Елшілерге қол көтеру салтымызда жоқ, әйтпегенде сендерді табан астында өлтіртіп тастар едім. Менің сендерге берер ештеңем жоқ», – деді де, нөкерлеріне: «Бір қап топырақ әкеліп, мыналардың ең құрметті адамына арқалатындар, Мәдаиннен шыққанша, көше-көшемен арқалап жүрсін», – деді. Мұсылмандарға: «Қолбасшыларыңа барып айтыңдар, оған Рүстемді жіберемін, оны да, сендерді де Қадисияда жер құштырып, жазаға тартсын. Сосын Рүстемді елдеріңе жіберемін, Кисра Сабурдың жасағанынан да ауыр азап көрсетсін, сендерді бір-біріңе айдап салып арандатсын», – деді. Сөйтті де «Ең қадірлілерің кім?» – деп сұрады. Ешкім үндемеді. Тек Асым ибн Амр (р.а.): «Менмін, топырақты маған артыңдар», – деді. Йәздужәрд: «Айтқаны рас па? Ең қадірлілерің осы адам ба?» – деп қайта сұрады. Олар: «Иә», – деп жауап берді.

Асым топырақты арқалап, үй-үйдің арасымен жүріп отырып, көлігіне апарып артады. Жолға шығады. Асым жолдастарынан озып, Қудәйс қақпасынан өткеннен кейін: «Қолбасшымыздан сүйінші сұраңдар. Аллаһ жазса, жеңіс бізде болады!» – дейді.

Топырақты араб жеріне төгеді. Сосын кері қайтып, бас қолбасшы Сағид ибн Әбу Уаққасқа (р.а.) барып, жағдайды айтты: «Қуанышты хабар! Аллаһ олардың мүлкінің кілтін бізге берді».

Ислам әскері Йәздүжәрдтің Асымға арқалатқан топырағын жақсылыққа жорып, оны көп өтпей сол елді азат етудің бір белгісі деп есептейді»¹⁸⁰.

Мысырдың бағындырылуы кезінде Амр ибн Астың халықты Исламға шақыруы

Халид пен Убада (р.а.) айтады: «Омар (р.а.) Мәдинаға қайтқаннан кейін, Амр ибн Ас (р.а.) Мысырға бару үшін жолға шығады. Мысырдың Әлюун деп аталатын қақпасына барады. Артынан Зубәйр де барып, екеуі сол жерде кездеседі. Оларды Ислам аймағында тұратын христиандардың басшысы Әбу Мәриям күтіп алады. Қасында жерін қорғау үшін Мұқауқыс жіберген әскерді басқарған епископ та бар еді. Амр ибн Ас (р.а.) қастарына келгенде, онымен соғысуға іштей тас-түйін бекініп, сақадай-сай тұрған болатын. Ислам қолбасшысы: «Бізбен соғысуға асықпаңдар. Сендерге келген себебімізді айтайық. Сосын ойларыңды айтарсыңдар», – деп хабар жібереді. Олар әліптің артын бағып, әскерді тежей тұруды жөн көреді. Амр қайтадан хабар жібереді: «Мен алаңға шығамын. Әбу Мәриям мен Әбу Мирям да бері шықсын». Олар бұл ұсынысты қабылдайды. Бір-біріне сенімділік білдіргеннен кейін, екеуіне Амр: «Сендер осы аймақтың дінбасысыңдар, мені жақсылап тыңдап алыңдар: «Аллаһ тағала Мұхаммедті (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) хақ дінмен жіберді, оған ақиқатты бұйырды. Мұхаммед (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм)өзіне берілген барлық бұйрықты біз-

¹⁸⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 7/41, Табари, Тарих 4/94.

ге жеткізді. Міндетін орындап болған соң өмірден озды. Бізге соқырға таяқ ұстатқандай айқын сүннетін тастап кетті. Оның бізге әкелген бұйрықтарының бірі адамдарға ісімізді және бұл жерге не үшін келгенімізді түсіндіру болып табылады. Осыған орай, сендерді Исламға шақырамыз, кім Исламды қабылдау үшін бізбен келісімге келсе, ол да біз секілді игілікке кенеледі. Қабылдамаған адамға жизия төлеуді ұсынамыз, оны қорғау үшін барымызды саламыз. Пайғамбарымыз бізге сендердің елдеріңді бағындыратынымызды білдірген, арамыздағы жақындыққа байланысты (Исмаилдың (а.с.) анасы Хажар Мысыр қыбтилерінен болатын. Аллаһ расулы мұны туыстық жақындығына байланысты қабыл еткен) сендерді қорғауды өсиет еткен. Бізбен келісіп, мойынсұнсандар, арамыз одан да жақындаса түсіп, достығымызды нығайтамыз. Сонымен қатар, мүміндердің әміршісі Омар (р.а.) бізге «Қыбтилерге жақсы қараңдар, өйткені Пайғамбарымыз Қыбтилермен жақсы қатынас жасауды ұсынды», – дейді. Олар: «Алыс туыстыққа пайғамбарлар ғана мән береді. Иә, Хажар – текті әйел, билеушіміздің қызы болатын. Тегі Манаф әулетінен тарайды, иелік пен билік соларда еді. Сосын Айны Шәмс халқы оларды жеңіп, қарсы шыққандарын өлтірді, мүліктерін тартып алды, тірі қалғандары жат жерге қашты. Сондықтан да Хажар Ибраһимның (а.с.) жанына кетті. Міне, осылай. Ей, Амр! Қош келдің! Бізге мұрсат бер, ақылдасып келейік», – дейді. Амр ибн Ас: «Мендей адамды алдау оңайға соға қоймас, кеңесіп, ақылдасып келуіңе үш күн уақыт беремін, әйтпесе соғысамын», – дейді. Мысырлықтар: «Уақытты ұзартсаңыз», – дейді. Амр тағы бір күн қосып береді. Олар тағы да қосуын сұрайды. Амр тағы бір күнге

мұрсат береді. Сосын олар Мұқауқысқа қайтып оралады. Мұқауқыс әуелі келісімге келуді ойлайды, бірақ грек қолбасшысы Ертабун мұсылмандармен соғысуды ұсынады. Екі дінбасы Мысыр халқына: «Біз бар күшімізбен сендерді қорғаймыз, мұсылмандар жаққа бармаймыз. Әлі төрт күн бар. Бұл аралықта сендерге ешкім тиісе алмайды», – дейді.

Амр мен Зубәйр (р.а.) түнде Ферекабтың тұтқиыл шабуылына ұшырайды. Алайда Амр сақ отырған болатын, оны да, қасындағыларын да ұстап өлтіреді. Осыдан соң Амр мен Зубәйр Айны Шәмске қарай бет алады»¹⁸¹.

Әбу Хариса мен Әбу Осман былай дейді: «Амр ибн Ас (р.а.) Айны Шәмсте мысырлықтармен бірге түнегенде, Мысыр халқы билеушілеріне: «Кисраны, Цезарьді жеңіп, халқын жеңіліске ұшыратқан қауымға қарсы не істемексің? Олармен дереу келісімге кел, өзіңнің де, біздің де басымызды қатерге тікпе», – дейді.

Бұл Амр өздеріне ақылдасу үшін берілген мерзімнің төртінші күнінде орын алды. Патша халқының бұл ұсынысына құлақ аспай, Ислам қолына шабуыл жасайды. Шайқас барысында Зубәйр қала қорғанына көтеріледі. Мысыр халқы Зубәйрді көріп, Амрға қаланың қақпасын ашып, мұсылмандардан сауға сұрайды. Амр ибн Ас (р.а.) олардың ұсыныстарын қабылдайды. Зубәйр оларды өз қорғауына алды¹⁸².

¹⁸¹ Табари, Тарих 4/227

¹⁸² Табари, Тарих 4/288



Сәлама ибн Қайс әл-Әшжаи басқарған сахабалардың қарсыластарын Исламға шақыруы

Сүлеймен ибн Бүрәйда былай дейді: «Жорыққа аттандыру мақсатында мүміндерден әскер жасақталған кезде, Омар (р.а.) оларға фикһты жақсы білетін білімді, білгір адамды қолбасшы етіп тағайындайтын. Бір жолы әскерге Сәлама ибн Қайс әл-Әшжаиді қолбасшы етіп тағайындап, оған былай деп насихат айтты: «Аллаһтың атымен қадам бас, Аллаһты мойындамағандарға қарсы дін жолында жиһад жаса. Мүшрік дұшпандарыңмен кездескенде, оларды үш нәрсеге шақыр: әуелі, Исламға шақырыңдар. Мұсылман болып, өз елдерінде қалғылары келсе, малдарынан зекет алынатынын, Ислам әскерлері алған олжалардан оларға берілмейтінін, сендермен бірге болып, жиһадқа қатысқысы келсе, сендердің жауларыңның оларға да жау болатынын, сендердің жақтастарыңның оларға да жақтас болатынын айтыңдар. Исламға кірмесе, жизия төлеуге шақырыңдар. Қабылдаса, оларды дұшпандарынан қорғандар, бірақ шамасы келмейтіндей мөлшерде жизия жүктемендер. Жизия төлеуге келіспесе, олармен соғысыңдар. Аллаһ сендерге көмектеседі. Егер қандайда бір бекіністі паналап, сосын ол жерден Аллаһ пен расулының үкіміне келісім білдіріп шығатындықтарын айтса, олардың бұл ұсынысын қабылдамандар. Өйткені Аллаһ пен расулының олар туралы қандай үкім бергенін білмейсіңдер. Сендерден Аллаһ пен расулының атынан кепіл талап етсе, оны да бермендер. Бірақ өз аттарыңнан уәде беріңдер. Соғыста жеңіске жетсеңдер, олардың барлық мал-мүлкін талан-таражға салып,

қиянат жасамандар. Денелерін кескілеп, қорламандар, балаларды өлтірмендер».

Сәлама (р.а.) айтады: «Біз алға жылжыдық. Мүшрік дұшпандарымызбен бетпе-бет келдік. Оларды мүміндердің әміршісінің насихатымен Исламға шақырдық, қабылдамады. Жизия төлеуге шақырдық, қабылдамады. Сосын олармен соғысуға мәжбүр болдық. Нәтижеде, Аллаһ бізге жеңіс нәсіп етті. Әскерлерін өлтірдік, бала-шағаларын тұтқынға алдық, шашылған заттарын жинастырдық»¹⁸³.

29. АДАМДАРДЫҢ ТУРА ЖОЛДЫ ТАҢДАУЫНА СЕБЕП БОЛҒАН САХАБАЛАРДЫҢ ЖАҚСЫ МІНЕЗДЕРІ МЕН ӘРЕКЕТТЕРІ

**Амр ибн Жәмухтың Исламға кіруі үшін ба-
ласы мен Муаз ибн Жәбәлдің жасағандары**

Ибн Ысхақ айтады: Ансарлар Ақабада Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә салләм) серт бергеннен кейін, Мәдинада Исламның іргесі бекіп, күшейе түсті. Бірақ, араларында мүшріктер әлі де болса кездесетін. Солардың бірі – Амр ибн Жәмух. Оның баласы Муаз Ақабада болып, Пайғамбарымызға серт берген еді. Амр Сәламаұлдарының ақсүйектерінен болатын. Басқа да тектілер секілді ол да үйіне Мәнат деген ағаш пұт істеткен болатын. Күн сайын сол пұттың тазалығын қадағалайтын. Сәламаұлдарынан Муаз ибн Жәбәл, Амр ибн Жәмухтың баласы Муаз және басқа да Исламға кірген бір топ жастар түн жамылып барып, аталмыш пұтты алып, Сәламаұлдарының қоқысына тастайды.

¹⁸³ Табари, Тарих 5/9

Таңертеңгісін пұтты орнынан таба алмаған Амр: «Бүгін түнде тәңірімізге қай оңбаған жауыздық жасады?» – деп қалтарыс-бұлтарысқа дейін сүзіп, іздеуге кіріседі. Тауып алып, шаң-тозаңын сүртіп, оған хош иістер сеуіп: «Аллаһқа ант етемін, мұны жасаған адамды ұстасам, көресіні көрсетер едім», – дейді. Түн қараңғылығында әбден ұйқыға кетті-ау дегенде, жастар пұтты тағы қоқысқа тастайды. Бұл қолайсыз жағдай бірнеше рет үсті-үстіне қайталанды. Бірде ол пұтты әбден тазалады. Үстіне хош иіс септі. Содан соң мойнына қылышын іліп, «Бұларды саған кім істеп жүргенін білмеймін, қолыңнан келсе, өзінді қорға, міне, қылыш», – деп тастап кетеді.

Үшінші түні де жастар пұттың мойнындағы қылышты алып, оған өлген итті қосақтап шұңқырға тастайды. Ертеңіне Амр өлген итке қосақталған пұтты шұңқырдан тауып алады. Өзінің ағаттығын түсініп, мұсылман болғандарға барып, иман келтіріп, Исламға кіреді. Кейін ол нағыз мүмін атанды¹⁸⁴.

Әбу Дәрданың Исламға кіруі және сол жол- да ибн Рауаханың жасағандары

Уақиди былай деп жазады: «Әбу Дәрда (р.а.) өзінің отбасы ішінде Исламды қабылдаған соңғы адам болатын. Пұтқа әлі табынып жүрген кезі еді. Пұттың бетін сүлгімен тұмшалап қоятын. Абдуллаһ ибн Рауаха оны Исламға шақыратын, ал ол оның сөзін құлағына да қыстырмайтын. Ибн Рауаха Исламнан бұрын Әбу Дәрдамен туысқан еді. Күндердің күні Ибн Рауаха әдеттегіше Әбу Дәрданың үйіне бет алады. Анадайдан Әбу Дәрданың үйінен шығып, басқа жаққа кетіп

¹⁸⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/166

бара жатқанын байқап қалады. Ол Әбу Дәрданың табалдырығынан аттайды, әйелі шашын тарап отыр екен. Одан: «Әбу Дәрда қайда?» – деп сұрайды. «Жаңа ғана шығып кетті», – дейді әйелі ештеңеден қаперсіз.

Ибн Рауаха (р.а.) қолына балта алып, пұт тұрған жерге кіріп, ішінен шайтандардың есімін күбірлей жүріп әрі «Аллаһтың жанында тәңір деп аталған барлық нәрсенің негізі, тамыры жоқ» деген өлең жолдарын қайталай айтып, пұтты қиратып тастайды. Балтаның даусын естіген үй иесі: «Ибн Рауаха, бұның не?!» – деп айқайлайды. Ибн Рауаха (р.а.) түк болмағандай ол жерден қарасын батырады. Әбу Дәрда жылап отырған әйелінің үстінен түседі. «Не болды?» – деп, мән-жайды сұрағанда, «Бауырың Ибн Рауаха келіп, пұтты қиратып кетті», – дейді.

Әбу Дәрданың талағы тарс айырылады. Сабасына түскен соң, ішінен: «Пұттың қолынан бір нәрсе келсе, өзін қорғап қалар еді ғой», – деп ойлайды. Ибн Рауаханы тауып алып, Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә салләм) барып, мұсылман болады»¹⁸⁵.

Омардың Амр ибн Асқа жіберген жизия мен тұтқындары туралы хаты

Зияд ибн Жәзәз әз-Зубәйди былай дейді: «Омардың (р.а.) халифалығы кезінде Александрияны алғаннан кейін, Бәлхибте болып, мүміндер басшысының хатын күттік. Хат келді. Хатты Амр ибн Ас оқыды. Хатта былай жазылған еді:

«Хатыңды алдым. Александрия басшысының жизия төлейтінін, алайда тұтқындарды қайтаруды талап еткенін жазыпсың. Ант етемін, бізге және бізден

¹⁸⁵ Хаким, әл-Мүстәдрәк 3/380 (5449)

кейінгі мұсылмандарға тұрақты табыс көзі болып табылатын жизия тұрақсыз олжадан артық. Осыған орай қолдарындағы тұтқындарға Ислам мен қауымдарының дінінің бірін таңдау еркін беріп, Александрия басшысына жизия төлеуді ұсынындар. Исламды таңдаған тұтқын мұсылмандардың қатарына қосылған болып саналады. Өз қауымының дінін таңдағандарға жизия жүктеледі. Тұтқындардың ішінен араб жеріне, Мекке, Мәдина және Йеменге кеткендерін кері қайтаруға күшіміз жетпейді. Сол себепті қолымыздан келмейтін мәселеде бейбіт бітім жасау дұрыс емес».

Амр (р.а.) мүміндердің әміршісі Омар (р.а.) жазған хатта айтылған талаптарды жеткізу үшін, Александрия басшысына елші жібереді. Ол «Қабылдадым» деген жауап айтады.

Риуаят етуші әңгімелейді: «Жасалған келісімшарт бойынша, қолымыздағы тұтқындарды жинадық. Христиандар да жиналды. Сосын біртіндеп қолымыздағы тұтқындарды әкеліп, оларға Ислам мен христиандықтың бірін таңдау еркін бердік. Олардан Исламды таңдаған біреу болса, біз Александрияны бағындырғаннан бетер қуанып, дауыстап тәкбір айттық. Ал, өз сенімінде қалған христианды жақтастары мұрын астынан мінгірлеп, қуанышын осылай білдіріп жатты. Ал біз оған жизия жазып отырдық. Сөйтсе де, бұған арамыздан қандыкөйлек достарымыздың бірі кетіп қалғандай қатты қынжылдық. Соңына дейін осылай жалғасты.

Әкелінген тұтқындардың арасында Әбу Мәриям Абдуллаһ ибн Абдуррахман деген біреу бар еді. Зубәйдұлдарының білгірі болатын. Оны тоқтатып, Ислам мен христиандықтың бірін таңдауды ұсындық. Ол ата-анасы және қарындастары христиан екендігіне

қарамастан, Исламды таңдады. Біз оны қатарымызға қосып алдық. Ата-анасы мен қарындастары ара түсіп, оны бізден бөліп алуға тырысты, тіпті әрі-бері тартқылап үстіндегі киімінің жұлма-жұлмасын шығарды. Қазір ол біздің білгіріміз»¹⁸⁶.

**Али мен әлдебір христиан арасында болған
сауыт оқиғасы және сол христианның
Исламды қабылдауы**

Хақимнің Шағбиден алған риуаяты бойынша, Жамал оқиғасында Алидің (р.а.) сауыты жоғалады. Сауыт әлдебір христианның қолынан табылады. Өз сауытын жазбай таныған Али христианның үстінен Шурәйхке шағымданды. Баласы Хасан мен азат құлы Қанбер куәгерлері болатын. Шурәйх: «Хасанның орнына басқа куәгер әкел», – дейді. «Хасанның куәгерлігі қабылданбайды ма?», – деп сұрағанда, қазы Шурәйх: «Иә, мен мұны сенен үйрендім. Баланың әкесіне куәгер болуы дұрыс емес деген болатынсың», – дейді.

Хақимнің басқа риуаятында былай делінген: «Шурәйх Алиге: «Азат құлынның куәгерлігін қабылдаймыз. Бірақ балаңның куәгерлігін қабылдамаймыз», – дейді. Али: «Жаның шыққыр! Омардың (р.а.) «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «Хасан мен Хусейн жұмақ халқы ішіндегі жастардың ең қадірлілері» дегенін риуаят еткенін естімедің бе?» – дейді. Сөйтсе де, Шурәйх христианға: «Сауытты ал, ол сенікі», – деп, үкім шығарады.

Христиан: «Мүміндердің әмірі менімен бірге мұсылмандардың қазысына барды. Қазы дауды оның пайдасына шешпеді. Ол оған ризалық білдірді. Ей,

¹⁸⁶ Табари, Тарих 4/227

мүміндердің әмірі, уаллаһи, сен дұрыс айттың, бұл сауыт сенікі. Түйеңнен түсіп қалыпты, мен алған едім. Куәлік етемін, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ, Мұхаммед Аллаһтың расулы» дедім», – дейді.

Ол Исламға кіргеннен кейін, Али сауытын және оған қоса жеті жүз дирхам ақша береді. Бұл адам әрдайым Алидің қасынан бір елі қалмайтын. Кейіннен Сыффин соғысында шейіт болды»¹⁸⁷.



¹⁸⁷ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 7/44 (17795)



ЕКІНШІ БӨЛІМ

САХАБАЛАРДЫҢ
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ БЕН
ХАЛИФАЛАРҒА СЕРТ БЕРУІ



Сахабалар Пайғамбарымыз бен халифаларға қалай серт берді? Серттің негіздері қандай еді?

1. МҰСЫЛМАН БОЛУ ҮШІН СЕРТ БЕРУ

Бұл мәселеге қатысты Жәрир (р.а.) мына хадисті жеткізген: «Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) әйелдердің берген сертіндей серт бердік¹⁸⁸. Үлкен күнәлардың ешқайсысын жасамай қайтыс болған адамға жұмақты уәде етті. Үлкен күнәлардың бірін жасап, шариғи жазаны тартып қайтыс болған адам үшін бұл жаза оның күнәсінің өтеуі екенін айтты. Сонымен қатар, үлкен күнәнің бірін жасап, күнәсі жасырын кеткен адам есебінің де Аллаһқа тән болатыны баяндалады»¹⁸⁹.

¹⁸⁸ Мұндағы мақсат мына аят болса керек: «Ей, пайғамбар! Мүмін әйелдер Аллаһқа ешқандай сипатта серік қоспау, ұрлық жасамау, зинақорлық жасамау, балаларын өлтірмеу, өтірік айтып, жала жаппау, жолдан тапқан баласын күйеуіне телімеу, сенің оларға бұйырған мәселелеріңе қарсы келмеу үшін саған серт беруге келген кезінде сен олардың серттерін қабылда және олар үшін Аллаһтан кешірім тіле. Өйткені Аллаһ өте кешірімді, аса рақымды» (Мұмтахина, 60/12)

¹⁸⁹ Хайсами, Мәжмауз-зәуаид 6/40 (9856)

Мекке бағындырылған күні барша адамның Аллаһ пен расулына серт беруі

Әсуад (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Мекке бағындырылған күні Сафаның төбесіне шығып, халықтың мұсылман болу және кәлима шаһадат айту үшін берген сертін қабылдады.

«Кәлима шаһадат үшін серттің мақсаты не?» – деп сұрадым. «Аллаһқа иман келтіру, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ екеніне, Мұхаммедтің Аллаһтың құлы әрі расулы екеніне куәлік ету», – деп жауап берді».

Бәйхақи былай риуаят етеді: «Жеңіс күні үлкен-кіші, әйел-еркек демей, барша халық Аллаһтың расулына барды. Пайғамбарымыз олардың Ислам және шаһадат сөзіне қатысты сертін қабылдады»¹⁹⁰.

2. ИСЛАМНЫҢ НЕГІЗДЕРІ ҮШІН БЕРІЛГЕН СЕРТ

Бәшир ибн Хасасияның серті

Бәшир былай дейді: Серт беру үшін Пайғамбардан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Менен қандай мәселе бойынша серт аласың, уа, Расулаллаһ?» – деп сұрадым. Аллаһ расулы қолын созып: «Жалғыз әрі серігі жоқ Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ екеніне, Мұхаммедтің Аллаһтың құлы және расулы екеніне куәлік келтіресің, бес уақыт намазды уақтылы оқисың, парыз болған зекетті бересің, рамазан оразасын ұстайсың, Бәйтуллаһқа қажылыққа барасың және Аллаһ жолында жиһад жасайсың», – деді. Мен: «Уа, Расулаллаһ, екеуінен басқасының бәріне шамам жетеді. Бірақ екеуін орындай

¹⁹⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/318

алмаймын. Оның бірі – зекет. Менің бар-жоғы саусақпен санарлық түйем бар. Олар отбасымның қажетін әзер өтейді. Екіншісі – жиһад. Мен қоян жүрепмін. Алайда халық соғыстан қашқан адамның Аллаһтың азабына ұшырайтынын айтады. Шайқас кезінде жан сақтау үшін майданды тастап қашып кетемін бе деп, қорқамын. Соғыстан қашсам, Аллаһтың азабына ұшырармын», – дедім. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қолын жұмды да, алақанын жазып: «Бәшир! Зекет пен жиһадқа келіспейсің. Сонда сен жұмаққа немен кірмекшісің, айтшы?» – деп сұрады. Сонда мен: «Уа, Расулаллаһ! Қолыңды бер, саған серт берейін», – дедім. Аллаһ расулы қолын созды, мен айтқан міндеттерінің бәрін орындауға серт бердім»¹⁹¹.

Жәрир ибн Абдуллаһтың Ислам негіздері үшін серт беруі

Жәрир (р.а.): «Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) намаз оқитындығыма, зекет беретіндігіме және әрбір мұсылманға үгіт-насихат жүргізетіндігіме серт бердім», – дейді.

Имам Ахмад ибн Ханбәлға Жәрирден (р.а.) жеткен бір риуаятта Жәрир (р.а.) былай деген: «Уа, Расулаллаһ, нелерге серт беретінімді сен айт, өйткені сен менен артық білесің». Аллаһ расулы: «Бір Аллаһқа ғибадат ету, Оған еш нәрсені серік етіп қоспау, намаз оқу, зекет беру, әр мұсылманға уағыз айту және ширктен аулақ болу шартымен сенің сертіңді қабылдаймын», – дейді.

Табаранидың риуаяты бойынша, Жәрир (р.а.) Пайғамбарымыздың алдына барғанда, Расулаллаһ: «Жәрир, маған қолыңды соз», – дейді. Жәрир: «Уа,

¹⁹¹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/281 (36865)

Расулаллаһ, неге серт берейін?» – деп сұрағанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Аллаһқа бар болмысыңмен берілуге және әрбір мұсылманға үгіт жүргізуге серт бересің», – дейді. Зерек, алғыр Жәрир: «Уа, Расулаллаһ, шама-шарқым жеткенінше», – деп қосып қояды. Жәрирдің бұл сөзі өзінен кейінгілерге де рұқсаттын берілуіне себеп болды¹⁹².

Ауф ибн Мәлік пен жолдастарының Ислам негіздеріне бағыну және тіленбеу, ешкімге алақан жаймауға серт беруі

Ауф ибн Мәлік әл-Әшжаи (р.а.) былай дейді: «Біз, жеті-сегіз адам, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) алдында отырған болатынбыз. Бізге: «Сендер Аллаһтың расулына серт бермейсіңдер ме?» – деді. Осы сұрағын үш рет қайталады. Біз қолымызды создық, ол сертімізді қабылдады. Біз: «Уа, Расулаллаһ, саған серт бердік, бірақ қандай негіздерге?» – деп сұрадық. «Аллаһқа ғибадат жасауға, Оған еш нәрсені серік етіп қоспауға, бес уақыт намазды оқуға», – деді де, ақырын дауыспен «және ешкімнен еш нәрсе дәметпеуге» дегенді қосып айтты.

Риуаятшы айтады: «Мен осы адамдардың біразын көрдім, тіпті қамшысы жерге түсіп кетсе, біреуге «Қамшымды әпер» демейтін, көлігінен түсіп, өздері алатын»¹⁹³.

¹⁹² әл-Хинди, Кәнзул-уммал 1/529 (2365)

¹⁹³ Мүслим, Сахих 2/721 (1043)

Сәхил ибн Сағидтың және басқа да кісілердің Аллаһ расулына серт беруі

Сәхил ибн Сағид (р.а.) айтады: «Мен Әбу Зәһр, Убада ибн Самит, Әбу Саид әл-Худри, Мұхаммед ибн Мәслама және тағы бір кісімен бірге Аллаһ жолында біреудің айыптағанына шағым айтпауға Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) серт бердік. Алайда алтыншы адам берген сертін бұзуды қалады. Пайғамбарымыз оның берген сертінің мән-маңызы мен күшін жойды¹⁹⁴.

Убада ибн Самит (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) серт берген сол алты адамның бірі мен едім. Аллаһқа еш нәрсені серік етіп қоспау, ұрлыққа бармау, зинақорлық жасамау, кісі өлтірмеу, тонамау, дінге қарсы келмеуге серт бердік. Осыларды орындайтын болсақ, жұмақтың берілетіндігі, бұл күнәлардың бірін істеген адамның үкімін Аллаһ шығаратындығы айрықша білдірілді¹⁹⁵.

Ибн Жәрирдің Убада ибн Самиттен жеткізуі бойынша, Убада былай деген: «Бір күні Пайғамбарымызбен (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бірге отырған едік. Бізге «Қандайда бір жанды-жансыз нәрсені Аллаһқа серік етіп қоспау және зинақорлық жасамауға маған серт беріндер. Уәдесінде тұрған адамның сыйын Аллаһ береді. Осы жамандықтардың біріне ұрынып, күнәсін Аллаһтан жасырған адамдардың нақты үкімі Аллаһқа тән. Қаласа, азапқа тартады, қаласа, кешіреді» деді¹⁹⁶.

¹⁹⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 2/721 (2365)

¹⁹⁵ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 1/531 (1519)

¹⁹⁶ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 1/531 (1521)

Убада ибн Самит пен жолдастарының «Бірінші Ақабадағы» серті

Убада ибн Самит былай дейді: «Біз «Бірінші Ақабада» он бір адам болатынбыз. Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) әйелдердің берген сертіндей серт бердік. Өйткені бұл серт соғыстың парыз етілуінен бұрын берілген болатын. Біз мына мәселелер бойынша серт бердік: Аллаһқа еш нәрсені серік етіп қоспаймыз, ұрламаймыз, зинақорлық жасамаймыз, абыройлықісінің арына дақ түсірмейміз, балаларымызды өлтірмейміз, әрбір игі істе сізге қарсы келмейміз.

Аллаһ расулы (с.а.с.) сосын былай бұйырды: «Сөзінде тұрған адамға жұмақбар. Бұл жамандықтардың бірін жасаған адамның жағдайы Аллаһқа тән: қаласа, азаптайды, қаласа, кешіреді»¹⁹⁷.

3. МЕККЕ ЖЕҢІСІНЕН КЕЙІН ҺИЖРЕТ ЖАСАУҒА БЕРІЛГЕН СЕРТ

Яғла ибн Мүнианың әкесінің атынан берген серті

Яғла ибн Мүния (р.а.) былай дейді: «Мекке жеңісінің екінші күні Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) барып: «Уа, Расулаллаһ, әкемнің һижрет жасау үшін берген сертін қабылда», – дедім. Пайғамбарымыз келіспеді: «Оның сертін жиһад жасау шартымен қабылдаймын. Өйткені һижрет Мекке бағындырылған күні бітті, ол енді міндетті емес», – деді¹⁹⁸.

¹⁹⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/150

¹⁹⁸ Бәйхақи, Сүнән 9/16 (17547)

Мүжаши мен бауырларының берген серті

Мүжаши ибн Мәсғуд (р.а.) былай деген болатын: «Бауырым екеуміз Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) барып «Уа, Расулаллаһ, һижрет жасауға деген сертімізді қабылда», – дедік. Пайғамбарымыз: «Һижреттің уақыты өтіп кетті», – деді. «Олай болса, біздің неге серт бергенімізді қалайсың?» – деп сұрадым. «Мұсылман болуға және Аллаһ разылығы үшін күресуге», – деді ол»¹⁹⁹.

4. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ІСІНЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУГЕ БЕРІЛГЕН СЕРТ

Ансарлардан жетпіс адамның Пайғамбарымызға көмектесу үшін Ақабада берген серті

Жабир (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Меккеде он жыл болды. Укказ және Мәжанна жәрменкелерінде қажылық мезгілінде халықты аралап, олардың шатырларына дейін бас сұғып: «Раббымның хабарларын уағыздауға маған кім көмектеседі? Кім қолдау көрсетеді? Жәрдем бергендерге мәңгілік жұмақ бар», – дейтін. Алайда өзіне қолдау көрсетіп, көмек беретін ешкімді таппайтын. Бірде йемендіктердің немесе Мудар тайпасының бір адамы көмектесуге ниет білдіргенде, оған туыстары мен қауымының адамдары: «Мына Құрайыштық жігіттен аулақ бол, сені адастырып жүрмесін», – деп ниетінен қайтарады.

Аллаһ расулы (с.а.с.) шатырларды аралап жүрген кезде, халық оның сыртынан саусақ шошайтып, әңгіме қылысатын. Нәтижеде Хақ тағала бізге оның жаны-

¹⁹⁹ Бұхари, Сахих 3/1086 (2802)

на баруды нәсіп етті. Біз оны өз қамқорлығымызға алдық, жеткізген ақиқаттарын қабылдадық. Ол өзіне иман еткендерге Құраннан аяттар оқитын. Содан ол адам өз жанұясына барып, бүкіл отбасы мүшелерінің мұсылмандықты қабылдауына себепші болатын. Осылайша ансарларда Исламға кірмеген бірде-бір үй қалмады. Бірде мәдиналықтар жиналып кеңестік. Сол жиында: «Енді қашанға дейін Аллаһ расулын жалғыз қалдырамыз? Меккенің тау-тасында табан тоздырғанына, әркім бір ит қосып, қауіп-қатердің үстінде жанын шүберекке түйіп жүргеніне қашанғы шыдаймыз?» – деп ішкі қыжылымызды сыртқа шығардық.

Арамыздан жетпіс адам қажылық кезінде барып, Ақабада онымен кездесуге келістік. Біртіндеп айтқан жерге жиналды. Бәріміздің басымыз қосылғаннан кейін: «Уа, Расулаллаһ, саған қандай мәселелер бойынша серт береміз?» – деп сұрадық. Ол: «Қандай жағдайда да тыңдай білуге, мойынсұнуға, молшылықта да, жоқшылықта да отбасын асырауға, жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыюға, Аллаһ үшін ақиқатты айтуға, Аллаһ үшін айыптаушының сын-ескертпесіне құлақ асуға, өз өмірлерінді, жұбайларың мен балаларыңды қауіптен қалай қорғасаңдар, мені де солай қорғап, маған сүйеніш болуға серт бересіндер. Мұның қайтарымы ретінде сендерге жұмақты уәде етемін», – деді. Біз оны қаумалап, ортамызға алдық. Арамыздағы жасы кіші Әсад ибн Зүрара (р.а.) Аллаһ расулының қолынан ұстап: «Назар салыңдар, мәдиналықтар! Асығыстық жасамаңдар. Біз бұл адамның Аллаһтың расулы екеніне сенгендіктен, ешқайда аялдамастан осында келдік. Оны бүгін өзімізбен бірге алып кету –

бүкіл арабтармен жауласудың басы. Күні ертең талай адамдарың өлтіріліп, біразың жаралануың мүмкін. Егер осылардың бәрін назарға ала отырып, көнсеңдер ғана оны қамқорлықтарыңа алыңдар, қайтарымы – Аллаһтан. Егер жүректерің дауаламайтын болса, қазірден жасырмай айтыңдар, онда өзімізбен бірге әкетпейік. Өйткені асығыс шешім қабылдап, жұмысты бастамау ол жұмысты жартылай шала қалдырғаннан артық», – деді. Сонда қасындағылар: «Ей, Әсад! Сен қой, біз сертімізден бас тартпаймыз. Басымызға қонған бұл бақыт құсын біреудің үркіткеніне қарап тұрмаймыз», – деді.

Осы ары тарт, бері тарт шу-шұрқаннан соң Пайғамбарымызға серт бердік. Бізден кепіл алып, шарттарын баяндады. Ең бастысы, сөзімізде тұратын болсақ, бізге жұмақтың берілетінін уәде етті»²⁰⁰.

Бұл туралы ибн Ысхақтың риуаяты

Кағыб ибн Мәлік (р.а.) былай дейді: «Ақабада жиналып, Пайғамбарымызды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) күтіп отырдық. Ол көкесі Аббаспен бірге келді. Аббастың әлі мұсылман болмаған кезі. Бірақ немере інісінің қасында болып, оған рухани қолдау көрсетіп жүретін. Аллаһ расулы тізе бүккеннен кейін, алғашқы сөзді көкесі Аббас ибн Абдулмұтталиб бастады: «Ей, Хазраж жамағаты! Мұхаммедтің бізден екенін білесіңдер. Біз оны осыған дейін қорғап келеміз. Ол – өз руында өте беделді, ықпалды кісі. Бірақ ол сендерге барып қосылуды қалады. Егер қолдау көрсетіп, жаудан оны қорғай алатындарыңа сенімді болсаңдар, өмірін сендерге сеніп тапсырамын. Алайда оған опасыздық жасасаңдар, қамқорлық танытпасаңдар, әлі де кеш емес, бас тартыңдар. Ол он-

²⁰⁰ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 3/322 (14496)

сыз да өз елінде қауіпсіз әрі қамқорлықта», – деді. «Ей, Аббас, айтқандарыңды түсіндік. Уа, Расулаллаһ, енді сен айт, өзің және Раббың үшін бізден не қалайсың, біз бәріне де дайынбыз», – дедік. Аллаһ расулы Құраннан аяттар оқыды. Аллаһтың жолына шақырды, Исламның жақсылықтарын айтып, бізді ынталандырды. Содан соң: «Сендер өз бала-шағаларыңды қалай қорғасандар, мені де қатерден солай қорғайтындықтыңа және маған сүйеніш болуға серт беріндер», – деді. Сонда Бәрра ибн Марур Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) қолынан ұстап: «Иә, сені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етемін, өз өмірімізді қалай қорғасақ, сенің өміріңді де қауіп-қатерден солай қорғаймыз. Сертімізді қабыл ет, уа, Расулаллаһ!» – деді.

Әбул-Хайсамның серті және жолдастарына айтқан сөзі

Уруа (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алғаш серт берген Әбул-Хайсәм ибн әт-Тәйихан болатын. Ол серт берген кезде: «Уа, Расулаллаһ, біз бен басқа адамдар арасында бұрыннан қалыптасқан өзара қарым-қатынасымыз және келісім-шарттарымыз бар. Саған бағынатын болсақ, бұл қарым-қатынасымыз үзілетін сияқты. Сен қауымыңа қайтып кеткен кезде, олар бізбен байланысты үзгеніміз үшін соғыс жариялайтын болса, қайтеміз?» – деп сұрады.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Әбул-Хайсәмға күлімсірей қарап: «Біз ендігі жерде қандаспыз, өлсек бірге өлеміз», – деп жауап береді. Әбул-Хайсәм Аллаһ расулының бұл жауабына риза болып, жолдастарына: «Ей, жамағат! Бұл – нағыз Аллаһтың расулы. Куәлік етемін, ол тек шындықты ғана айтатын өте шыншыл

кісі. Қазір онсыз да Аллаһтың қамқорлығында, Соның қолдауымен, қауымы мен туыстарының арасында жүр. Оны өз араларыңа алған жағдайда арабтардың жаппай сендерге оқ жаудыратынын біліп қойыңдар. Егер бұған да көніп, Аллаһ жолында соғысуды көздесендер, осы жолда балаларың мен мал-мүліктеріңді пидаетесіндер, онда оны өз жеріңе шақырып, бауырларыңа басыңдар. Анығында, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) — Аллаһтың расулы. Масқара боламыз деп ойласандар, бұл істен қазірден бас тартыңдар», — дейді. Олар: «Біз Аллаһ пен расулының бізге тапсыратын барлық міндетін сол қалпында қабылдаймыз. Уа, Расулаллаһ, бізден қалаған барлық нәрсенді осы жолда қуана-қуана жұмсайтынымызға уәде береміз. Әбул-Хайсәм, сен былай тұр, біз Аллаһ расулына серт берейік», — дейді.

Әбул-Хайсәм (р.а.) айтады: «Ең алғаш болып мен серт бердім. Сосын сол жердегілердің барлығы Аллаһ расулына серт берді»²⁰¹.

Серт берген кезде Аббас ибн Убаданың айтқандары

Ибн Ысхақ айтады: «Ансарлар Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) серт беруге жиналғанда, Салимұлдарынан Аббас ибн Убада ибн Надла: «Ей, Хазраж жамағаты! Мына адамға қандай мәселелер бойынша серт беретіндіктеріңді білесіңдер ме?» — деп сұрады. «Иә», — деді олар. Аббас сөзін былай жалғастырды: «Сендер имансыздармен айқасуға оған серт бересіңдер. Соғыстың зобалаңынан мал-мүліктерің талан-таражға түсіп, қадірлі адамдарың өлтірілгенде, оны жаудың қолына ұстап бермейсіңдер ме? Егер дүние мен ақыретте

²⁰¹ Хайсами, Мәжмәуз-зәуaid 6/56 (9885)

масқара болмайық десендер, әлі де кеш емес, бұл істен осы бастан бас тартыңдар. Жоқ, осылардың барлығына көніп, айтқанын шын ықыласпен орындасандар ғана оны қамқорлықтарыңа алыңдар. Пайғамбарға сүйеніш болу – дүние мен ақыреттегі игілігі мол ең қайырлы іс».

Ансарлар: «Мал-мүлкіміз таланып, адам шығыны орын алса да, өз қамқорлығымызға алып, оны құшақ жая қарсы аламыз», – деп жауап бергеннен кейін, «Уа Расулаллаһ, уәдемізде тұрсақ, бізге не беріледі?» – деп сұрады. Аллаһ расулы: «Жұмақ», – деп жауап берді. Олар «Олай болса, қолыңды бер», – деп оған серт берді²⁰².

Ибн Ысхақтың басқа бір риуаятында осы хадистің соңында мынадай қосымша мәлімет беріледі: «Серт беру рәсімі біткеннен кейін, Аллаһ расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Қане, енді аттарыңа қона берсеңдер болады», – дейді. Аббас ибн Убада: «Уа Расулаллаһ, сені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етемін, қаласаң, ертең қылышымызды қынынан суырып, Мина халқына шабуылдайық», – дейді. Аллаһ расулы: «Жоқ, бізге бұл бұйырылған жоқ, әзірге тарқандар», – дейді²⁰³.

5. ЖИҢАД ҮШІН БЕРІЛГЕН СЕРТ

Әнәс (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Хандақ шайқасынан бұрын сахабалар еңбек етіп жатқан жерге барып, мұһажырлар мен ансарлардың ор қазып жатқанын көреді. Қастарында көмек беретін қызметшілері де жоқ еді. Аллаһ расулы олардың шеккен қиындықтарына қынжылып: «Аллаһ тағалам! Нағыз

²⁰² Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/162

²⁰³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/164

өмір – ақыреттік өмір. Ансарлар мен мұһажырларды Сен кешір!» – дейді. Сонда олар: «Біздер Мұхаммедке (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) кеудемізде жанымыз бар кезде жиһадты тоқтатпауға серт бергенбіз», – дейді»²⁰⁴.

6. СӨЗ ТЫҢДАУҒА ЖӘНЕ МОЙЫНСҰНУҒА БЕРІЛГЕН СЕРТ

Убада ибн Самиттің айтқандары

Убайдуллаһ ибн Рафи (р.а.) былай деген: «Бір-де шарап құйылған ыдыстар әкелінді. Убада ибн Самит те сол жерде болатын. Убада ыдыстарды тесіп: «Біз жас кезімізде де, қартайған шағымызда да сөз тыңдап, мойынсұнуға, молшылық пен таршылықта Аллаһ жолында барымызды жұмсауға, жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыюға, ақиқатты ғана айтуға және дін мәселесінде біреудің орынды сын-ескертпесіне құлақ асуға, одан қорытынды шығаруға, егер Пайғамбарымыз Мәдинаға келсе, өз балаларымызды қауіп-қатерден қалай қорғасақ, оны да солай қорғауға оған сөз бердік. Бұл үшін бізге жұмақ уәде етілді. Міне, Пайғамбарымызға осындай мәселелер бойынша серт берген едік», – дейді.

Осы хадис туралы Ибн Ысхақтың риуаятында мынадай айрықша жайттар кездеседі: «Убада (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымызға молшылықта да, таршылықта да, қиындықта да, мамыражай уақытта да оны тыңдауға және мойынсұнуға, басқарушылармен қақтығыспауға, қайда болса да шындықты айтуға, Аллаһ жолында

²⁰⁴ Бұхари, Сахих 4/1504 (3874)

ешкімнің сынап-мінегенінен қорықпауға соғысқа кетіп бара жатқан әскерлер тәрізді серт бердік»²⁰⁵.

7. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ МӘДИНАҒА КЕЛГЕНДЕ, АНСАР ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БЕРГЕН СЕРТІ

Үммі Атыйя (р.а.) айтады: «Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Мәдинаға келгенде, ансар әйелдерінің бір үйде жиналғанын құп көреді. Сосын оларға Омар ибн Хаттабты (р.а.) жіберді. Омар (р.а.) келген соң, есіктің сыртынан сәлем берді. Әйелдер оның сәлемін алды. Омар (р.а.): «Мен Аллаһ расулының сендерге жіберген елшісімін», – деді. Біз: «Аллаһ расулына және Аллаһ расулының елшісіне сәлем», – дедік. Омар (р.а.): «Аллаһқа еш нәрсені тең санамауға, ұрлыққа бармауға, зинақорлық жасамауға, балаларыңды өлтірмеуге, біреуге жала жаппауға, жолдан тапқан баланы күйеулеріңе телімеуге, игі істерге қарсы шықпауға серт бересіңдер ме?» – деп сұрады. «Иә, серт береміз», – дедік біз.

Сосын Омар (р.а.) есіктің сыртынан қолын созды. Әйелдер іштен (қол алысқан секілді) қолдарын созды. Омар (р.а.): «Аллаһ тағалам! Сен куә бол!» – деді.

«Ендігі жерде бой жетіп келе жатқан қыздарымыз бен етеккірі келген әйелдерге екі мейрамда көшеге шығуға рұқсат берілді. Жаназаларға қатыспайтын болдық. Бізге жұма намазы да парыз етілген жоқ». Омардан жақсылыққа қарсы келмеу дегенде нені меңзегенін сұрадым. «Дінге қарсылық білдіру, өлгеннің артынан жоқтау айтып жылау», – деді ол²⁰⁶.

²⁰⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/163

²⁰⁶ Хайсами, Мәжмәуз-зәуаид 6/42 (9864)

Пайғамбарымыздың (с.а.с.) нағашы әпкесі, екі құбылаға да қарап намаз оқыған Адый ибн Нәжжарұлдарынан Сәлма бинти Қайс (р.а.) былай деген: «Расулаллаһқа бардым. Ансар әйелдерімен бірге бір жамағаттың ішінде оған серт бердім. Бізге Аллаһқа еш нәрсені тең көрмеуді, ұрлық жасамауды, зинақорлықтан сақтануды, балаларымызды өлтірмеуді, жала жаппауды, кез келген игі істе оған қарсы келмеуді шарт етіп қойып, «Күйеулерінді алдамандар», – деді. Біз серт беріп, уәде еттік. Үйді-үйімізге тараған кезде, әйелдердің біріне: «Бар, күйеуімізді алдамау дегенді қалай түсіну керек екенін Аллаһ расулынан сұра», – дедім. Бұл сауалымызға Аллаһ расулы: «Күйеуінің мал-мүлкін оның сыртынан, оның келісімінсіз біреуге басы бүтін беру», – деп жауап береді²⁰⁷.

Убәйда ибн Харистің қызы Ғуфәйла былай дейді: «Анам Карира мен мұһажыр әйелдерінен бірнеше кісімен бірге Пайғамбарымызға барып серт бердік. Аллаһ расулы Абтахта өзіне арнап тігілген шатырда отыр екен. «Мүмтахина» сүресінің мына аятын оқып, біздің сертімізді қабылдады: *«Ей, пайғамбар! Мүмін әйелдер Аллаһқа барлық мәселеде серік қоспауға, ұрлыққа бармауға, зинақорлық жасамауға, балаларды өлтірмеуге, өтірік айтпауға, жоқ жерден жала жаппауға, тауып алған баласын күйеуіне телімеуге немесе жолдан тапқан баласын күйеуіне телімеуге, сенің оларға берген әміріне қарсы келмеуге саған серт беру үшін келген кезде, сен олардың серттерін қабылда және олар үшін Аллаһтан кешірім тіле. Өйткені Аллаһ өте кешірімді, аса рақымды»* (Мүмтахина, 60/12).

²⁰⁷ Хайсами, Мәжмәуз-зәуаид 6/42 (9863)

Біз серт беруге қолымызды созғанда: «Мен бөтен әйелдермен қол алыспаймын», – деді. Біз үшін Аллаһтан кешірім сұрады. Осылайша серт бердік²⁰⁸.

Рұқайқаның қызы Үмәйя былай дейді: «Серт беру үшін бір топ әйелмен бірге Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) барып жолықтық. Біз оған: «Уа, Расулаллаһ, Аллаһқа еш нәрсені тең тұтпайтындығымызға, ұрлыққа бармайтынымызға, зинақорлық жасамайтынымызға, жала жаппайтынымызға, игі істерде саған қарсы келмейтіндігімізге серт береміз», – дедік. Аллаһ расулы: «Хал-қадірің жеткенінше», – деді. Біз де «Шынында, Аллаһ пен расулы бізге өте мейірімді. Уа, Расулаллаһ, қолыңды бер, саған серт берейік», – дедік. Пайғамбарымыз: «Мен әйелдермен қол алыспаймын, менің жүз әйелге айтқан сөзім мен бір әйелге айтқан сөзімнің еш айырмасы жоқ», – деді»²⁰⁹.

Үмәйя бинти Рұқайқаның иман келтірудегі серті

Абдуллаһ ибн Амр (р.а.) былай дейді: «Үмәйя бинти Рұқайқа Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) барып, Исламға кіруге серт беретінін айтты. Аллаһ расулы «Аллаһқа серік қоспау, ұрлыққа бармау, ойнас жасамау, баланы өлтірмеу, жала жаппау, қайғы-қасіретке тап болғанда бетін тырнап озандамау, надандық кезеңіндегі әйелдер секілді ашық-шашық киіммен көшеге шықпау үшін сертінді қабылдаймын», – деді»²¹⁰.

²⁰⁸ Ибн Кәсир, Тәфсир 4/353

²⁰⁹ Ибн Хажар, әл-Исабә 4/240

²¹⁰ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 6/41 (9858)

8. БАЛИҒАТҚА ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРДЫҢ СЕРТІ

Хүсейіннің немересі Мұхаммед ибн Алидің айтуынша: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мұрты әлі тебіндемеген Хасан, Хүсейін, Абдуллаһ ибн Аббас және Абдуллаһ ибн Жағфармен серттескен екен. Әһл-бәйттен басқа балалардан серт алғандығы байқалмаған²¹¹.

Ал, Табаранидің айтуынша: «Абдуллаһ ибн Зубәйр мен Абдуллаһ ибн Жағфар (р.а.) Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) серт берген кезде жеті жаста болатын. Аллаһ расулы оларды көргенде, күлімсіреп, қолын созып, серттерін қабылдады²¹².

9. САХАБАЛАРДЫҢ ХАЛИФАЛАРҒА БЕРГЕН СЕРТІ

Сахабалардың Әбу Бәкірге (р.а.) серт беруі

Ибраһим ибн Мүнтәширдің жеткізуінше: «Аллаһ тағала: «Саған серт бергендер Аллаһқа серт берген болып саналады» (Фәтх, 48/10) деген аятты түсірген кезде, Расулаллаһтың адамдармен серттесуі Аллаһқа уәде беру мен Хаққа мойынсұнудан тұратын. Әбу Бәкір (р.а.) серт алғанда: «Аллаһқа мойынсұнып жүрген кезімде, маған бағынуға серт беріндер», – деген. Омар (р.а.) мен одан кейінгі халифалардың серттері Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сертіндей болған»²¹³.

Ибн Афифтың (р.а.) баяндауынша: «Аллаһ расулы қайтыс болғаннан кейін, Әбу Бәкірді (р.а.) көрдім. Халықтың сертін қабылдап, айналасына жиналған

²¹¹ Хайсами, Мәжмәуз-зәуаид 6/46 (9875)

²¹² Хайсами, Мәжмәуз-зәуаид 9/466 (3402)

²¹³ Ибн Хажар, әл-Исабә 3/458

көршіліктен: «Аллаһқа және кітабы Құранға мойынсұну, содан соң биліктегі халифаны тыңдап, бағынуға маған серт бересіңдер ме?» – деп сұрайтын. Олар бірауыздан келісетін. Сосын олармен серттесетін.

Мен оның қасында біраз уақыт болдым, ол кезде менің балиғатқа енді толған кезім болатын. Серт берудің өзіндік шарттарын біліп алғаннан кейін, Әбу Бәкірдің (р.а.) қасына барып: «Алдымен Аллаһқа және кітабына мойынсұну, сосын басшыларды тыңдап, бағынуға саған серт беремін», – дедім. Бас-аяғымды шолып шықты да, көзін төмен салды. Сертіме қуанғанын аңғардым»²¹⁴.



²¹⁴ Бәйхақи, Сүнән 8/146 (16339)

Үшінші бөлім

**ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ
ХАЛЫҚТЫ АЛЛАҒ ЖОЛЫНА
ШАҚЫРУДА ШЕККЕН
ҚИЫНДЫҚТАРЫ**



Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бен сахабалары Исламды уағыздау жолында қандай қиындықтарға ұшырады? Небір қастандықтарға, ауыр азаптарға, аштық пен шөлге қалай төзді? Аллаһтың жолында шын ықыласпен қызмет етіп, өз жанын қалай пидә етті?

**1. РАСУЛАЛЛАҒТЫҢ ШЕККЕН
ҚИЫНДЫҚТАРЫ**

Аллаһ расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Шекпеген азамым мен қиындығым қалмады», — деген.

Әнәс (р.а.) айтады: «Расулаллаһ (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Ант етемін, Аллаһ жолында ешкім көрмеген қиыншылықтарды көрдім. Аллаһ үшін ешкім тап болмаған қиындықтар мен қорқыныштарды бастан кешірдім. Отыз күн, отыз түнді аш өткіздім, Біләлдің қолтығына қысқан азығынан басқа менде де, Біләлде де талғажау етерлік нәр болған жоқ», — деген²¹⁵.

²¹⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/47

Пайғамбарымыздың көкесіне айтқаны

Бәйхақи былай риуаят етеді: «Әбу Тәліп Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Жиенім! Маған сенің қауымыңның адамдары келді. Біраз нәрселер айтты. Мені де, өзінді де қинамасаншы, көтере алмайтын шоқпарды белге байлап қайтеміз?! Жұрт қаламайтын сөздерді оларға айтпай-ақ қойсаң болмай ма?» – дейді. Аллаһ расулы көкесінің көзқарасының өзгергенін, қолдау көрсетуге қиналатынын, ендігі жерде өзіне сүйеніш болудан бас тартатынын ойлап: «Көке! Оң қолыма күнді, сол қолыма айды ұстатса да, мен бұл ісімнен бас тартпаймын. Не Аллаһ дінін жеңіске жеткізеді, не болмаса мен осы жолда шыбын жанымды қиямын», – деді көзі жасаурап. Осыны айтып, бұрылып кетіп бара жатқанда, Әбу Тәліп: «Жиенім! Бері кел!» – дейді. Аллаһ расулы қайтып келеді. Әбу Тәліп оған: «Бопты, ісінді жалғастыр. Сені ешкімге де бермейтіндігіме ант етемін», – дейді²¹⁶.

Пайғамбарымыздың көкесі қайтыс болғаннан кейін көрген қорлықтары

Абдуллаһ ибн Жағфар (р.а.) айтады: «Әбу Тәліп қайтыс болғаннан кейін, Құрайыш басбұзарларының бірі Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) балағаттап, оның үстіне топырақ шашады. Аллаһ расулы үйіне келгенде, Фатима (р.анһа) жылап тұрып әкесінің бет-жүзіндегі топырақты тазалайды. Сонда Аллаһ расулы: «Жаным қызым, жылама. Сен мынаны біл: Аллаһ әкеңді қорғайды», – дейді. Содан соң басынан өткендерін еске алып: «Әбу Тәліптің көзі тірі кезде, Құрайыштың маған

²¹⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/42

тиісуге батылы бармайтын. Ол қайтыс болғаннан кейін, небір сұмдықтарды бастады» – дейді.

Әбу Һұрайра (р.а.) былай дейді: «Әбу Тәліп қайтыс бола салысымен Құрайыштар небір қитұрқылықтарға барып, Пайғамбарымызды қорлықтан көз аштырмады. Сонда Нәби (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Ей, көкешім! Орның мұншалықты тез үңірейіп қалар деп ойламап едім!» – деп, оған деген сартап сағынышын білдірген»²¹⁷.

Пайғамбарымыздың Құрайыштардан көрген қорлығы

Харис ибн Харистің айтуынша: «Бір күні әкемнен: «Мына жиналғандар кімдер?» – деп сұрадым. «Араларынан шыққан, дінінен тайған әлгі адам бар емес пе, соның төңірегіне топтасқандар ғой», – деп жауап берді әкем.

Олардың не деп жатқанын білуге құмартып, қастарына жақындадым. Пайғамбар (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көпшілікті Аллаһқа иман келтіруге шақырып тұр екен. Ал олар оның ұсынысын қабылдамай, өзін мазақ етіп, дөрекі қылықтар көрсетіп жатты. Күн сәске болғанда, халық тарап кетті. Қарсы алдымыздан асығып-аптығып, сүрініп-қабынып, келе жатқан, алқымы ашылып кеткен, қолында құмырасы мен сүлгісі бар бір әйел шыға келді. Аллаһ расулы (с.а.с.) құмыраға қол созып, суын ішті, дәрет алып, басын көтерді де: «Жаным қызым, алқымыңды жап, әкеңді еш уайымдама!» – деді.

Біз бұл әйелдің кім екенін сұрағанымызда, ол өзінің қызы Зейнеп екенін айтты».

Мәнбитул-Әзди былай дейді: «Надандық дәуірінде Пайғамбарды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) көрдім. Ол: «Ей, адам-

²¹⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/134

дар! «Лә иләһә иллаллаһ» деңдер, ақыретте азапқа ұшырамайсыңдар!», – дейтін. Адамдардың бірі оған қарата түкіріп, бірі топырақ шашып, балағаттады. Сөйтіп тұрғанда, күн түс болды. Қарсы беттен бір жас қыз көрінді. Қолында су толы үлкен құмырасы бар. Аллаһ расулы сол сумен беті-қолын жуды да: «Қызым, қорықпа! Әкеңе ешкім қастандық жасай алмайды, масқара да ете алмайды», – деді. Мен ол қыздың кім екенін сұрағанымда, жанымдағылар: «Ол – Аллаһ расулының қызы – Зейнеп», – деді. Ол жүзі нұрлы, жаны жаздай жадыраған қыз болатын²¹⁸.

Уруа ибн Зубәйр (р.а.) айтады: «Ибнул-Астан мүшріктердің Пайғамбарымызға көрсеткен ең ауыр қорлығы қандай екенін сұрадым. Ол былай деді: «Бірде Расулаллаһ Қағбаның Хижр жағында намаз оқып тұрғанда, Уқба ибн Әбу Муайт шыға келді. Киімімен мойнын орап, бар күшін салып оны буындыра бастады. Сол кезде Әбу Бәкір (р.а.) келіп қалып, Уқбаның иығынан кері жұлқи тартты. *«Қойсаңшы, бұл кісіні «Раббым – Аллаһ» дегені үшін өлтіргелі жатырсың ба? Ол сендерге Раббыларыңнан қаншама мұғжизалар әкелді. Егер ол өтірікші болса, өтірігі өзіне, ал шын сөйлеген болса, онда дайын болыңдар: сендерді қорқытқан азаптың бір ұшығы сендерге келеді, күмәнсіз, Аллаһ шектен шыққан, өтірікшілерді жетістікке жеткізбейді» деген аятты оқыды»*²¹⁹ (Мүмін, 40/28).

Ибн Әбу Шәйба Амр ибн әл-Астан естігенін былай жеткізеді: «Мен Құрайыштың Пайғамбарымызды қалай өлтірмек болған бір күнді білемін. Ол былай болған еді: Құрайыштың беделді адамдары жиналып,

²¹⁸ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 22/432 (1052)

²¹⁹ Бұхари, Сахих 3/1400 (3643)

Қағбаның көлеңкесінде отырған болатын. Аллаһ расулы (с.а.с.) Ибраһим мақамында намаз оқып тұр еді, кенет Уқба ибн Әбу Муайт орнынан атып тұрып, киімімен Пайғамбарымыздың мойнын орап, буындыра бастады. Расулаллаһ тізерлеп отырып қалды. Халық оны өлді деп ойлап, әбігерге түсті. Әбу Бәкір (р.а.) қарсы беттен жүгіріп келіп, Пайғамбарымызды (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жатқан жерінен тұрғызып алды да, Уқба ибн Әбу Муайтқа «Раббым – Аллаһ» дегеніне бола кісі өлтіресің бе?» деп айқайлады.

Халық тарқаған соң, Аллаһ расулы намаз оқуын жалғастырды. Намазын оқып бітіргеннен кейін, Қағбаның көлеңкесінде отырған Құрайыштардың қасына барып: «Ей, Құрайыш қауымы! Мұхаммедтің рухын уысында ұстаған Аллаһқа ант етемін, (қолымен мойнын көрсетіп) әлі-ақ кәлладан айрылып, көздеріңе көк шыбын үймелейді», – дейді. Аллаһ расулының бұл сөзі оларға ауыр тиіп, Әбу Жәһіл: «Әй, Мұхаммед! Сен надан әрі дөрекі емес едің ғой?!» – деп Пайғамбарымызға танданысын білдіргенде, Аллаһ расулы оған: «Сен де солардың (өлетіндердің) бірісің», – дейді»²²⁰.

Уруа ибн Зубәйр айтады: «Абдуллаһ ибн Амрдан (р.а.): «Құрайыштардың Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көрсеткен ең ауыр қорлығы қандай еді?» – деп сұрағанымда, ол: «Бір күні Құрайыштың бетке тұтарлары Қағбадағы Хижрда жиналып отыр екен. Мен олардың қасына барғанымда «Мына адамға әлі күнге дейін төзіп келеміз. Бізді ақымаққа балап, ата-бабаларымызға тіл тигізді, дінімізді айыптады, бірлігіміз бен тұтастығымызды бұзды, тәңірлерімізді балағаттады», – деп кіжініп отыр екен. Сол кезде алыс-

²²⁰ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 2/218 (7036)

тан Аллаһ расулы көрінді. Қарсы беттен келе жатыр еді. Қағбаны тауап етіп, олардың қасынан өтіп бара жатқанда Құрайыштар оны мазақ етісіп, бір-біріне ымдап, көз қысысты. Бұған ренжігенін Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жүзінен аңғардым. Екінші рет өткенде, олар бұл әдепсіз қылықтарын тағы қайталады. Сонда Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм): «Ей, Құрайыш қауымы! Тындап тұрсыңдар ма? Мұхаммедтің рухы қолында болған Аллаһқа ант етемін, уаллаһи, әлі-ақ итше бауыздаласыңдар», – дейді.

Оның бұл сөзі сол жердегілердің көңіліне қатты тиді. Барлығы төбелерінен жай түскендей сілейіп отырып қалады. Аллаһ расулының аузынан бұл сөз шықпай тұрғанда, оған қастандық жасаудың жолын сөз етіп отырғандар енді Расулаллаһты сабасына түсіру үшін, жылы сөйлеп: «Уа, Әбул-Қасым, мұндай ауыр, дөрекі сөздер аузыңнан шықпаушы еді ғой! Не болды саған?» – деп сұрады. Аллаһ расулы оларға құлақ аспастан кетіп қалды.

Ертеңіне олар тағы да жиналды, мен де солармен бірге болатынмын. Құрайыштар: «Сендердің оған, оның сендерге не істегені белгілі. Теріс жауап берсе де, ештеңе істей алмадық қой», – десті бір-біріне.

Олар осыны айтып, сөйлесіп отырғанда, тағы да Аллаһ расулы (с.а.с.) келді. Бәрі орнынан тұрып, оны қоршап алды да: «Демек, сен біздің тәңірлерімізді айыптайсың, дінімізді жамандайсың, солай ма?» – деді.

Аллаһ расулы: «Иә, солай дегенім рас», – деді. Сонда іштерінен бірі Мұхаммед Мұстафаға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ұмтылып, жағасынан алды. Бұған пыдамаған Әбу Бәкір (р.а.) әлгінің алдына барып, жылап тұрып:

«Раббым – Аллаһ» дегені үшін кісі өлтіресіңдер ме?» – деді. Осыдан кейін олар Расулаллаһтың қасынан қарасын батырды. Міне, Құрайыштың Аллаһ расулына жасаған, мен көрген ең ауыр қорлығы»²²¹.

Бірде Әбу Бәкірдің (р.а.) қызы Әсмадан (р.а.): «Сенің көргендеріңнің ішінде мүшріктердің Пайғамбарымызға жасаған ең ауыр қиянаты қандай еді?» – деп сұрағанда, ол: «Мүшріктер Пайғамбарымыздың пұттар туралы айтқанын Қағбада өзара әңгімелеп отырды. Сол кезде Аллаһ расулы (с.а.с.) көрінді, барлығы оған тұра ұмтылды. Сол сәтте Әбу Бәкірге «Тездетіп жолдасыңа бар» деген дауыс келді. Әкемнің шашы төрт өрім болатын. Шашын да жөнге келтірместен, Қағбаға қарай тартты. Жеткен бойда: «Не деген сұмдық! «Раббым Аллаһ» дегеніне бола адам өлтіресіңдер ме?» – деді.

Мұны естіген мүшріктер Расулаллаһты жайына қалдырып, Әбу Бәкірдің өзіне тұра ұмтылды. Мүшріктермен алысып-жұлысып үйіне келген Әбу Бәкір шашын ретке келтірмек болып, қолын төбесіне апарады. Уыс толы жұлынған шашын көріп, ол: «Ей, құдіретті Раббым! Сен аса ұлықсың!» – деді»²²².

Әнәс ибн Мәлік (р.а.) былай дейді: «Бір жолы мүшріктер Пайғамбарымызды (с.а.с.) оңдырмай соққыға жықты. Пайғамбарымыз есінен танып қалды. Әбу Бәкір (р.а.): «Не деген сұмдық! «Раббым – Аллаһ» дегені үшін адам өлтіресіңдер ме?!» – деп айқайлады. Мүшріктер: «Мынауың кім?» – деп, мұрын шүйірген араларындағы танымайтындарға олар: «Бұл – Әбу Бәкір деген жынды», – деп жауап береді»²²³.

²²¹ Хайсами, Мәжмәуз-зәуаид 6/9 (9812)

²²² Хайсами, Мәжмәуз-зәуаид 6/11 (9814)

²²³ Хайсами, Мәжмәуз-зәуаид 6/12 (9815)

Алидің Әбу Бәкірдің батылдығын бағалауы

Мұхаммед ибн Ақил айтады: «Али (р.а.) бір сөзінде «Ей жамағат, адамдардың ең батылы кім, білесіңдер ме?» – деп сұрайды. «Сенсің, мүміндердің әмірі», – дейді олар.

«Иә, кіммен жекпе-жекке түссем, оны міндетті түрде жеңетінмін, сөйтсе де ең ержүрек адам мен емеспін. Ол – Әбу Бәкір (р.а.). Өйткені біз Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) арнап, шарбақ тұрғызып, мүшріктердің шабуылдамауы үшін «Аллаһ расулының қасында кім тұрады?» дегенімізде, Әбу Бәкірден басқа ешкімнің батылы жетпеді. Ол қылышын қынынан суырып, Аллаһ расулының қасынан кетпей, оған қастандық жасамақ болғандарға қарсы тұрды. Міне, сондықтан да меніңше, ол – адамдардың ең жүрегі түктісі. Тағы бірде Пайғамбарымызды (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құрайыштардың ұстап алғанын көрдім. «Көп тәңірді бір тәңір еткен сенсің бе?» – деп оны жұлқылап, ары-бері итеріп, әбден есін шығарды. Арамыздан жалғыз Әбу Бәкірден өзгесі оны арашалауға батылы бара қоймады. Ол жүгіріп барып, бірімен жұдырықтасып, бірін итеріп, бірін қағып: «Раббым – Аллаһ» дегені үшін адам өлтіресіңдер ме, өңшең азапқа ұшырағырлар?!» – деп айқайлады».

Риуаятшы айтады: «Сосын Али (р.а.) үстіндегі шапанын шешті де, иығы селкілдеп, қатты жылады. Көзінің жасы сақалын жуып кетті. Содан былай деді: «Аллаһ үшін айтыңдаршы. Перғауынның тегінен шыққан мүмін артық па, жоқ Әбу Бәкір ме?» – деп сұрады. Ешкім тіл қатпағаннан кейін: «Аллаһқа ант етемін, Әбу Бәкірдің бір сағаттық өмірінің өзі Перғауын тегінен тараған мүмін секілділердің әлем толы жақсылықтарынан

артық. Өйткені олар иманын жасыратын. Ал Әбу Бәкір иманын ашық жария ететін», – деді²²⁴.

Құрайыштардың Пайғамбарымызға көрсеткен тағы бір қорлығы

Абдуллаһ ибн Мәсғуд (р.а.) былай дейді: «Бір-де Пайғамбарымыз Қағбада намаз оқиды. Әбу Жәһіл, Рабианың ұлдары Шәйба мен Утба, Уқба ибн Әбу Муайт, Умәйя ибн Халаф және тағы екі кісі Хиждра отырған болатын. Расулаллаһ сәждеге барғанда, ұзақ уақыт қимылсыз қалды. Сонда Әбу Жәһіл «Мұхаммедтің үстіне ақтаруға жаңа сойылған түйенің ішек-қарнын кім әкеледі?» – деді.

Құрайыштың, бәлкім, күллі адамзаттың ең жексұрыны Уқба ибн Әбу Муайт кетті де, жаңа сойылған түйенің ішек-қарнын әкелді. Сөйтті де оны сәждеге бас қойған Аллаһ расулының арқасына ақтара салды.

Ибн Мәсғуд айтады: «Мен сілейіп тұрып қалдым, тілім байланып қалғандай, үнім де шықпай қалды. Оларға қарсылық білдіруге дәрмен жоқ. Сол кезде Құрайыштардың ыстықтан аңылжыған ауаны дар-дар жыртқан есірік әрі дарақы күлкісінен секем алған болуы керек, Фатима (р.а.) алқын-жұлқын жүгіріп келіп, әкесі үшін шыр-пыр болып, үстіндегілерді алып тастады да, тілі жеткенше Құрайыштарды жерден алып, жерге салып сыбады-ай. Олар жанарынан жас сырғанаған Фатимаға ләм-мим деп жауап қайтармады. Аллаһ расулы (с.а.с.) сәждесін бітіріп, басын көтерді. Намазын аяқтап үш рет «Аллаһ тағалам! Құрайыштарды саған тапсырамын. Утбаны, Уқбаны, Әбу Жәһілді және

²²⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/271

Шәйбаны саған тапсырамын. Қолымнан ештеңе келер емес», – деп дұға етті.

Содан кейін Харам мешітінен шыққан бетінде Әбул-Бахтериге кезікті. Ол таяғына сүйеніп, ауыр ойға шомып тұр екен. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жабырқау жүзін байқап: «Саған не болды?» – деп сұрайды. Аллаһ расулы: «Жолымды бөгемеші», – дейді. Әбул-Бахтери: «Құдай ақы, не болғанын айтпайыңша, кетпеймін. Саған бір нәрсе болды, кәне, айт!» – деп тұрып алады. Аллаһ расулы басынан өткен жағдайды қысқа қайырып, құлықсыз баяндайды. Өңі өрт сөндіргендей, Әбул-Бахтери Харам мешітіне тартады. Әбул-Бахтери Әбу Жәһілге: «Әбул-Хакәм, Мұхаммедтің үстіне түйенің қан-жынын қотарған сен бе?» – деп сұрайды. Әбу Жәһіл: «Иә», – дейді мізбақпай тесірейе қарап. Оның бұл оспадарлығына жаны күйіп кеткен Әбул-Бахтери қолындағы таяғымен Әбу Жәһілдің басынан салып қалады. Сол жердегілер ұйлығысып, бір-біріне тығылды. Әбу Жәһіл: «Сенің бұл әрекетің бізді досқа күлкі, дұшпанға таба ететін болды. Мұхаммед арамызға іріткі салып, өзі мен жолдастарын құтқарғысы келеді!» – деп ашына айқайлады»²²⁵.

Бұхаридің риуаятында бұл оқиға былай беріледі: «...Уқба ибн Әбу Муайт қан-жынды әкеп Аллаһ расулының арқасына ақтара салады. Оған барлығы қарқылдап күледі. Тіпті ішек-сілесі қатқан біреуі әлгі жерде құлап қалмау үшін қасындағыға сүйенді».

Ахмәд ибн Ханбәлдің риуаятында да осы оқиғаға қатысты мынадай мәлімет кездеседі: «Абдуллаһ ибн Мәсғуд айтады: «Уаллаһи, Аллаһ расулы (с.а.с.) есім-

²²⁵ Хайсами, Мәжмәуз-зәуaid 6/13 (9818)

дерін атап тұрып, Аллаһқа тапсырған сол мүшріктердің барлығы Бәдір соғысында жер жастанды»²²⁶.

Әбу Жәһілдің Пайғамбарымызға көрсеткен қорлығы және Хамзаның Әбу Жәһілге қол көтеруі

Табарани жеткізеді: «Бір күні Әбу Жәһіл Сафа жотасында аузына келген бидғат сөздермен Пайғамбарымыздың шамына тиді. Хамза аңшы болатын. Сол күні ол із кесіп кеткен болатын. Саят құрып үйіне оралған кезде, Әбу Жәһілдің Пайғамбарымызға жасағандарын көрген әйелі: «Ей, Әба Умара! Әбу Жәһілдің ағаңның баласына жасағанын көргеніңде ғой», – деді. Мұны естіген Хамза ашуланып, үйіне бір кіріп, бір шығып тағат таппайды. Садағын әлі шешпеген болатын. Байыз таппай Харам мешітіне қарай тартты. Әбу Жәһілді тауып алып, ләм-мим деместен, садағымен басынан салып жіберді. Әбу Жәһілдің басы-көзін қан жуып кетті. Құрайыштың адамдары жабылып жүріп, Хамзаны бұдан арғы әрекетке жібермей, қол-аяғынан мықтап ұстап, тыпыр еткізбейді. Сонда Хамза: «Менің дінім – Мұхаммедтің діні, куәлік етемін, ол – Аллаһтың расулы. Мен өз айтқанымнан қайтпаймын. Кәне, қайсың барсындар маған қарсы келер жүрек жұтқан?» – дейді.

Хамзаның Исламға кіруіне байланысты мұсылмандар күшейіп, емін-еркін жүретін болды. Ал, Құрайыштар аяқ тартып, қадамдарын абайлап басатын болды. Өйткені олар Хамзаның (р.а.) пайғамбарды өз қорғауына алғанын түсінген еді»²²⁷.

²²⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/44

²²⁷ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 3/140 (2926)

Пайғамбарымызға көршілері Әбу Ләхаб пен Уқба ибн Әбу Муайттың көрсеткен қорлықтары

Рабаи ибн Убәйд әд-Дили (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құрайыштардың көрсеткен қорлықтары мен жәбір-жапасы туралы жұмған ауыздарыңды ашпайсыңдар. Өз басым Құрайыштардың Пайғамбарымызға көрсеткен бірталай қокан-лоққысына куә болдым. Солардың бірі мынау: Аллаһ расулының үйі Әбу Ләхаб пен Уқба ибн Әбу Муайттың үйлерімен іргелес еді. Екі әлем Сардары (с.а.с.) үйіне келгенде, өзі жоқта есігінің алдына тасталған малдың ішек-қарын, қан-жынын, шашылып жатқан қоқысты көретін. Пайғамбарымыз (с.а.с.) аяғының ұшымен ыбырсыған қоқысты ысырып тастап, «Көршіге жасаған сый-құрметтерің осы ма, ей, Құрайыштар?» деп налитын»²²⁸.

Расулаллаһтың Таифта көрген қорлығы

Уруа ибн Зубәйр (р.а.) былай дейді: «Әбу Тәліп дүниеден озғаннан кейін, Аллаһ расулының көрген күні қараң болып, қайғы-қасіреттен көз ашпады. Ол бәлкім қолдау табармын деген үмітпен Таифтегі Сакиф тайпасына тартады. Бұл тайпаның көсемдері Абду Яләйл, Хубәйб, Мәсғудтарға жолығып, оларға Құрайыштардың өзіне және сахабаларына көрсеткен қиянаты мен қастандық әрекеттерін айтып, мұңын шағады, өзіне қорған болуын сұрайды. Алайда, бұл үш ағайынды бірінен бірі өткен қатыгез боп шықты. Бірі: «Егер Аллаһ сені пайғамбар етіп жібергені рас болса, мен Қағбаның жабуын ұрлап алып, масқараңды

²²⁸ Хайсами, Мәжмәуз-зәуaid 6/18 (9120)

шығарамын», – десе, екіншісі: «Уаллаһи, бұдан былай сенімен сөйлессем, Хубәйб атым өпсін. Бізге сендей пайғамбармен сөйлесу қайда-а-а, өреміз жете қоя ма?» – деп мысқылдады. Үшіншісі де бауырларынан қалыспай: «Пайғамбарлыққа сенен басқа адам табылмаған ба? Сені таңдаған құдайыңда да көз жоқ екен?» – деп қыңыр тартты.

Олар Пайғамбарымыздың не мақсатпен келгенін былайғы жұртқа жариялайды. Көпшілікте көз жоқ, олар Аллаһ расулын (с.а.с.) мазақ етіп, екі әлем Сардарының жолын бөгеп, артынан тас боратады, аяғын жарақаттайды. Өздері осы істеген істеріне мұраттарына жеткендей мәз болып, қарқылдап күліседі. Расулаллаһ бұлардан құтылғанша асығады. Аяғынан қан сорғалап, ауыл шетіндегі әлдекімнің жүзім бауына барып бой тасалайды. Жүзім ағашының саясында Сақиф тайпасының өзін ит қосып қуғанына қамығып, едәуір уақыт отырады. Қас қылғанда, жарақатының қаны тиымай қойды. Айтқандайын, бауға кіргенде, Рабианың екі бірдей ұлы Утба мен Шәйбаны көреді. Көруін көргенімен оң қабақ таныта қоймас деген оймен оларға жоламайды. Сырттай бақылап біраз отырған Утба мен Шәйба әлден уақытта Аддас деген христиан құлынан Пайғамбарымызға бір шоқ жүзім беріп жібереді. Аддас қожайындары беріп жіберген сәлемдемені әкелгенде, Екі әлем Сардары «Бисмилләһ» деп алып жейді. Аддас өмірі естімеген бұл сөздің қандай мағына беретінін білуге құмартады. Расулалаһ: «Сен өзі қай елденсің?» – деп сұрайды. «Ниновадан», – дейді Аддас. Пайғамбарымыз: «Юнус ибн Мәтта деген ізгі адамның жерлесі екенсің ғой, солай ма?» – деп сұрайды. Аддас таңырқап: «Юнус ибн

Мәттаны қайдан білесіз?» – деп сұрағанда, Аллаһ расулы оған Юнус туралы айтып береді.

Басқа бір риуаятта Пайғамбарымыз: «Юнус – менің бауырым. Ол да пайғамбар болған. Мен де сол сияқты пайғамбармын», – деген.

Аддас: «Маған Юнус ибн Мәтта туралы айтып бересіз бе?» – дейді. Аллаһ расулы Юнус туралы түскен аяттарды оқып бітірер-бітірмес, Аддас Расулаллаһтың әлі қаны тоқтамаған аяқтарына жармасып сүйе бастайды. Утба мен Шәйба құлдарының бұл әрекетін көре тұра, қарсылық көрсетпейді. Аддас қожайындарына қайтып оралғанда: «Саған не болды? Мұхаммедке сәжде етіп, аяғын сүйеге дейін бардың ғой? Бізге өмірі көрсетпеген құрметті көрсеткенің қалай?» – дейді. Аддас: «Ол тегін адам емес. Аллаһтың бізге жіберген Юнус ибн Мәтта деген пайғамбарына қатысты ақиқатты айтып берді, Юнустың Аллаһ расулы екенін айтты», – дейді. Утба мен Шәйба күліп: «Байқа, сені ана сүтімен бойыңа сіңген, ата дәстүрі мен дініңнен шығарып жүрмесін, ол қулығына құрық болмайтын өте айлакер адам», – дейді.

Ал Пайғамбарымыз бір адам болса да иманға келгеніне шүкіршілік айтып, Меккеге қайтады»²²⁹.

Аллаһ расулының Таифтан оралғандағы дұғасы

Риуаят бойынша Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) таифтықтардан қашып құтылып, қауіпсіздеу жерде отырып былай дұға етеді: «Аллаһ тағалам! Әлсіздік таныттым, шарасыздықтан көзіме жас толды. Дүйім елдің алдында қорландым. Сенен басқа кімім бар мұнымды

²²⁹ Халаби, Сирә 2/56

шағатын. Ей, рақымдылардың рақымдысы, Сенсің шарасыздардың Раббысы! Сен менің Раббымсың. Сен мені өзіме қырғи-қабақ танытқан ниеті бөлек тасбауыр жандардың тәлкегіне тастама. Өйткені, сен мейірімдісің. Тек сен ренжімесен болды, қалғаны мен үшін маңызды емес. Аллаһым, азабыңа душар ететін сұмдықтан сақта мені. Қараңғылықты нұрландырған, дүние мен ақыреттің игілігін танытар Сенің нұрыңа сыйынамын. Сен разы болғанша табалдырығыңнан кетпеймін. Өйткені Сен құдірет иесісің»²³⁰.

Пайғамбарымыздың Ұхūd соғысында көрген қиындығы

Әнәс (р.а.) былай деген: «Ұхūd соғысында Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) алдыңғы тістерінің бірі сынып, басы жарылады. Аллаһ расулы бетін айғыздаған қанды сүртіп тұрып: «Аллаһқа иман келтіруге шақырған пайғамбардың басын жарып, тісін сындырған халықтан не үміт, не қайыр?» – деген болатын.

Пайғамбарымыздың осы сөзіне «Бұл мәселеде сенің еркіңдегі іс жоқ: Аллаһ қаласа, оларға тәубе етуді нәсіп етіп, кешіреді, қаласа, жазаға тартады. Сенің міндетің – тек ескертіп, уағыздау ғана» (Әли Имран 3/128) деген аят түсті²³¹.

Айша (р.а.) былай деген: «Ұхūd шайқасының барысын еске алғанымызда әкем Әбу Бәкір: «Сол күні Талханың мерейі үстем болды», – деп, мына оқиғаны баяндап берді:

²³⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/136

²³¹ Бұхари, Сахих 4/1493 (3842); Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/29

«Ұхұд майданында уақытша жеңілістің ащы дәмін таттық. Меккеге елдің алды болып мен оралдым. Аллаһ расулына қорған болып, Аллаһ жолында жан берісе шайқасқан әлдекім есімнен кетпей қойды. Өз-өзіме: «Сірә, Талха боларсың. Сендей ержүрек адамның менің туысым болғанына айрықша қуанамын», – дедім. Мүшріктермен арадағы шайқаста қаһармандығымен көзге түскен тағы бір адам да менің назарымды өзіне аударды. Бірақ мен Аллаһ расулына жақындау едім. Ол жылдам адымдайтын шапшаң адам болатын. Мен оған ілесе алмай артта қала бердім. Қарасам, ол – Әбу Убайда ибн Жәррах (р.а.) екен. Пайғамбарымыздың жанына келгенімде тістері сынып, беті жарақаттанғанын, дулығасының шынжырбауы жүзіне қадалып қалғанын көрдім. Жарасынан қан сорғалап тұрса да, расулаллаһ Талханынұсқап: «Жолдастарыңа көмектесіңдер!» – деді. Мен бұл айтқан сөзге мән бере қоймай, дулығасының шынжырбауын ағытпақ болғанымда, «Ант етейін, мені жайыма қалдырмасаң, сені кешірмеймін», – деді.

Мен оған көмектесуді Әбу Убайдаға (р.а.) тапсырдым. Пайғамбарға қолын батырмайын деген сақтықпен Әбу Убайда шынжырбауды тісімен ағытпақ болды. Дулығаның шынжыры Әбу Убайданың алдыңғы бір тісін жұлып түсірді. Әбу Убайданың орнына мен көмектеспек болғанымда, Расулаллаһ бұл жерден кетпесем, мені кешірмейтінін айтып, тағы ант ішті. Әбу Убайда екінші шынжырбауды ағытып жатып, тағы бір тісінен айырылды. Негізінен, Әбу Убайда алдыңғы тістері кетік кісілердің ең әдемісі еді. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә салләм) жарасын таңғаннан кейін, Талханы

іздеп, бір шұңқырдан таптық. Жетпістен аса жерінен жарақат алыпты. Оған да ем-дом жасадық»²³².

2. САХАБАЛАРДЫҢ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРҒА ТӨЗУІ

Әбу Бәкірдің көрген зорлық-зомбылықтан қаймықпай дінді ашық үгіттеуге шақыруы

Айша (р.анһа) былай дейді: «Бір күні Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәллам) сахабалары (ұзын-саны отыз сегіз адам) бас қосқанда, Әбу Бәкір дінді ашық насихаттау жөнінде Аллаһ расулына ұсыныс жасады. Пайғамбарымыз: «Дінді ашық насихаттайтындай күн әлі туған жоқ. Өйткені, қарамыз аз», – дейді. Алайда, Әбу Бәкір айтқанынан қайтпаған соң, Расулаллаһ дінді ашық насихаттау мақсатында мешітке барды. Мұсылмандар мешіттің түкпір-түкпіріне барып, әрбірі өз жақындарының қасында отырғанды жөн көрді. Әбу Бәкір көпшіліктің алдына шығып, сөйлеп, дінді уағыздады. Расулаллаһ та сол жерде отырып, оны тыңдады. Әбу Бәкір өзі айтқан ұсынысқа өзі бас болып, халықты Аллаһ пен расулына иман келтіруге шақырған алғашқы мұсылман атанды. Әбу Бәкірдің дінді ашық уағыздауы мүшріктер үшін күтпеген соққы болды. Олар сұмдық қылмыс жасалғандай, Әбу Бәкір мен өзге де мұсылмандардың үркердей тобына лап қойды. Әбу Бәкір (р.а.) таяққа жығылды. Бұзақылығымен аты шыққан Утба ибн Рабия Әбу Бәкірді қан-жоса етіп тепкілеп, мылжа-мылжасын шығарды. Тәймұлдары

²³² Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/136; Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 3/298

көмекке ұмтылып, Әбу Бәкірді мүшріктердің қолынан ажыратып алды. Үйіне жеткізіп салды. Есінен танып қалғанына қарап, ел оның тірі қалуын екіталайға жорыды. Әбу Бәкірдің соққыдан адам танымастай өзгеріп кеткен бет-әлпетін, өлімші халін көріп, Утба ибн Рабианың жауыздығына зығырданы қайнаған Тәймұлдары Харам мешітіне кіріп: «Осыдан Әбу Бәкір өліп кететін болса, Утба ибн Рабианы тірі қоймаймыз», – деп серт берді.

Олар Әбу Бәкірдің қасына қайтып оралды. Әкесі Әбу Кухафа мен Тәймұлдары Әбу Бәкірдің есін жинап тілге келуін күтті. Әбу Бәкір тек күн ұясына батуға айналғанда ғана тілге келді. Есін жиысымен «Расулаллаһтың жағдайы қалай?» деумен болды. Оның есін жинап, тіршілік белгісін танытқанына көңілі орнына түскен тілеулес дос-жараны мен ағайын-жұрты анасы Үммі-Хайрмен оңаша қалдырып, өз жөніне кетеді. Әбу Бәкір анасынан «Расулаллаһ қайда?» деп сұраумен болады. Анасының хабары жоқтығын естігенде, «Олай болса, Үммі Жәмил бинти Хаттабқа бар, Аллаһ расулының хал-жағдайын бір білсе, сол білер», – дейді. Анасы ұлының Аллаһ елшісінің хал-жағдайын білмей тыншымайтынына көзі жеткен соң, Үммі Жәмилге барады. Үммі Жәмил: «Әбу Бәкірде де, Мұхаммедте де менің шаруам жоқ. Бірақ, қаласаң бір жағыңа шығысып, балаң оңалып кеткеніпе, қасыңда болайын», – дейді. Олар келгенде, Әбу Бәкір (р.а.) есінен танып жатқан болатын. Үммі Жәмил кеудесінде бұрқ ете қалған ызадан булығып: «Уаллаһи, сені осындай халге жеткізгендер осы тағылығымен өздерінің барып тұрған пасық екенін көрсетті. Әлі-ақ Аллаһ олардан сенің өшінді алып береді», – дейді. Әбу Бәкір (р.а.): «Пайғамбарымыз

қайда? Жағдайы қалай?» – деп сұраумен болды. Үммі Жәмил: «Анаң осында, естіп қоймасын», – дейді. Әбу Бәкір: «Анамнан қауіптенбей-ақ қой», – деген соң, Үммі Жәмил: «Ол аман-есен», – дейді. Әбу Бәкір (р.а.) оны қазір қайдан табуға болатынын сұрағанда, Үммі Жәмил Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Ибн Әрқамның үйінде екенін айтады. Әбу Бәкір (р.а.): «Аллаһқа ант етемін, пайғамбардың аман-есен екенін өз көзіммен көрмейінше, нәр сызбаймын», – дейді.

Көшеде жүргіншілердің қарасы сиреп, адам аяғы саябырсығанда, анасы мен Үммі Жәмил Әбу Бәкірді (р.а.) екі жағынан демеп, Ибн Әрқамның үйін бетке алды. Үйге кіргенде, Пайғамбарымыз бен сахабалар Әбу Бәкірдің хал-жағдайын тәптіштей сұрады. Тіпті көңілін аулап, оған жігер бере сөйлегендері болды. Әбу Бәкірдің мұндай күйге түсуі былайғы жұртқа қарағанда, Аллаһ расулының (с.а.с.) қабырғасын қайыстырып, жанына қатты батты. Соған қарамастан Әбу Бәкір (р.а.) қасындағы анасын нұсқап, «Жолында жаным құрбан, уа, Расулаллаһ! Міне, мынау – менің анам. Ол – өте мейірімді жан. Сенің дұғаң қабыл болады ғой, анамды Аллаһқа иман келтіруге шақырып, дұға ет. Бәлкім, дұғанның құрметіне оны тозақтан сақтар», – дейді.

Пайғамбарымыз (с.а.с.) дұға етіп, оны тендесі жоқ, бір Аллаһқа иман келтіруге шақырады. Анасы сол жерде Исламды қабылдап, мұсылман болады.

Ұзын саны отыз тоғызға жетіп жығылатын мұсылмандар Ибн Әрқамның үйін бір ай паналады. Әбу Бәкір (р.а.) соққыға жығылған күні Пайғамбарымыздың көкесі Хамза (р.а.) да мұсылман болған еді»²³³.

²³³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/31

Пайғамбарымыздың дұғасымен Омардың мұсылман болуы

Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә салләм) Омар мен Әбу Жәһілдің біреуінің мұсылман болғанын Аллаһтан тілеп дұға етті. Сол күннің ертеңінде Омар (р.а.) Ислам дінін қабылдайды. Артынша Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсалләм) бен сахабаларының ұрандап тәкбір айтқан дауыстары Меккенің алыс түкпіріне дейін естілді. Үйінде байыз тауып отыра алмаған мүшрік Әрқам сыртқа атып шығып: «Аллаһ тағалам! Ұлымды, Әрқамның бейшара баласын кешір, өйткені ол кәпір болды», – деді күйіне сөйлеп.

* * *

Омар (р.а.) орнынан тұрып «Уа, расулаллаһ, біз тура жолда бола тұра, дінімізді неліктен жасырып ұстаймыз? Ал олар қате жолда бола тұра теріс қылықтарын неге тыймайды?» – деп сұрады. Аллаһ расулы: «Уа, Омар, таразы басы тең емес, біз оларға тойтарыс бере алмаймыз. Басымыздан өткен жағдайды өзің көрдің ғой», – дейді. Сонда Омар (р.а.): «Сені ақиқатпен жіберген Аллаһқа ант етемін, кәпір кезімде табаным тиген барлық жерді аралап, барша жұртқа мұсылман болғанымды жариялаймын», – деді шиыршық атып. Омар (р.а.) алдымен Қағбаны тауап етпек болады. Өзін сырттай бақылап сыр бермей тұрған Құрайыштармен ұшырасып қалады. Әбу Жәһіл Омарға:

«Ей, Омар, халық сені діннен шығып кетіпті деп жүр ғой?» – дейді сынай қарап. Құрайыштардың алыстан шалма лақтырып, мұның аңысын аңдап көрмек болған ниетін сезген Омар (р.а.): «Куәлік етемін, Аллаһтан басқа ғибадатқа лайық тәңір жоқ, Ол жалғыз,

тендесі жоқ. Мұхаммед – Оның құлы әрі расулы», – дейді тайсалмай.

Ызаланған мүшріктер Омарға тап береді. Омар (р.а.) бірден Ұтбаға ұмтылады. Ұтба жан даусы шыға бақырып, Омардың шеңгелінен өлдім-талдым дегенде сытылып шығады. (Әдетте пиғылы жат көпшілікпен жалғыз қалғанда қолданатын тәсіліне басып, Омар (р.а.) қарсы жақтың топ жарған көсемін тобығынан қағуды көздейтін. Өзінен күші басым, қарасы көп жаудан осылайша қорғанатын). Омар (р.а.) айтқан сөзінде тұрып, жолында кездескендерге өзінің иманға келгенін жалықпай, қажымай жариялады. Осылайша, мүшріктердің мысын басып, ат төбеліндей аз мұсылмандардың рухын бір көтеріп тастаған Омар: «Уа, расулаллаһ, бұдан былай ешбір жан сені ренжітпейді деп ойлаймын. Иманға келіп, Исламға кіргенімді жалпақ жұртқа жайып шықтым», – деді.

Аллаһтың қалауымен Омардың (р.а.) осынау батыл қадамынан кейін, қанат бітіп, жігер алған Пайғамбарымыз (с.а.с.) қауіп қайдан келер деп алаңдамай Қағбаны тауап етеді. Сосын бесін намазын оқып, Омармен бірге Ибн Әрқамның үйіне қайтты»²³⁴.

Хабашстанға һижрет ету үшін Әбу Бәкірдің жолға шығуы

Айша (р.а.) былай деген: «Ес біліп, етек жапқалы, ата-анам мұсылман болатын. Пайғамбарымыз (с.а.с.) күніне екі мәрте, таңертеңгісін және кешқұрым біздің үйге соқпай кетпейтін. Мүшріктер мұсылмандарға күн көрсетпеген соң, Әбу Бәкір де Хабашстанға һижрет етеді. Аттылы адамды қайдам, Меккеден аттанған жаяу

²³⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/3; Ибн Хажар, әл-Исабә 4/447

жүргінші бес түнеп жететін Бәркул Ғимад деген елді мекенде Кара тайпасының көсемі Ибнуд-Дуғунна алдынан шығады. Салған жерден: «Ау, Әбу Бәкір, қайда жол тарттың?» деп сұрайды. Әбу Бәкір: «Қарау ниетті әлдекімдердің кесірінен кір жуып, кіндік кескен жерімнен кетуге мәжбүр болдым. Мен өзімді еркін сезініп, Раббыма ешкімнен қысылмай-қымтырылмай еркін құлшылық еткім келеді», – дейді.

Ибнуд-Дуғунна: «Сөзіме құлақ сал, Әбу Бәкір, сендей адамның өз елінен қуылуы жақсы ырым емес. Өйткені сенің қолыңдағы барыңды халқыңмен бөлісетініңді, туысқандарыңмен қатынасыңды үзбейтініңді, әлсізге көмекке ұмтылатыныңды, қонақ келсе, құшақ жая қарсы алатыныңды, апатқа ұшырағандарға жәрдем беретініңді бүкіл ел біледі. Мұны мен сенің көршің болған соң айтып тұрмын. Бір өзі бір елге құт болатын адамды сыйдырмай, ит қосып қуғандарына жол болсын. Сен ешқайда кетпейсің, осында, өз елінде, өз жерінде қаласың. Битке өкпелеп, тоңынды отқа жақпа. Өз елің, жерің тұрғанда, басқа жерден пана іздеп береке таппайсың. Ақылымды алсаң, келген ізіңмен кері қайт», – дейді.

Әбу Бәкір (р.а.) Ибнуд-Дуғуннаның бұл кеңесіне құлақ түріп, онымен бірге кері қайтады. Ибнуд-Дуғунна сол күні Құрайыш халқына «Әбу Бәкір сияқты адамды күндіз май шам алып іздесеңдер де таппайсыңдар. Қадірін білгендерің дұрыс» деген сыңайда сөздер айтты. Құрайыштар Ибнуд-Дуғуннаның айтқанына қарсы келе алмай, амалсыз іштен тынады. Сөйтсе де, Ибнуд-Дуғуннәға: «Әбу Бәкірге айт, құдайына ғибадат ететін болса, үйінде отырып құлшылық етсін, намазды үйінде оқысын, не істесе де, бізді мазаламасын. Құранды да-

уыстап оқымасын. Өйткені, қатын-қалаш пен бала-шағаның ойын бұзады», – деп шарт қояды.

Ибнуд-Дуғунна Құрайыштардың бұл талабын Әбу Бәкірге жеткізеді. Осы шарттарға келіссе ғана өзін жайына қалдыратынын түсіндіреді. Әбу Бәкірге, амал жоқ, ауыр да болса, бұл шартқа көнуге тура келеді. Көнуін көнсе де, Әбу Бәкір (р.а.) үйінің алдына ағаштан намаз оқитын орын дайындайды. Намаз бен Құранды ауласында оқуға бекінеді. Сөйтіп бұл ойын іске асырады. Әуестік жеңген мүшріктердің әйел, бала-шағасы ертелі-кеш Әбу Бәкірді төңіректейтін болды. Әкем Әбу Бәкір (р.а.) мейірбан әрі кішіпейіл жан еді. Құран оқыған кезде толқып-тебіренетіні соншалық – жанарынан жас парлайтын. Әбу Бәкірдің бұл қылығы мүшріктердің мазасын қашырады. Ибнуд-Дуғуннаны шақыртып алып: «Біз Әбу Бәкірге елдің көзінше ғибадат етпеу жөніндегі шартымызға көнсе ғана Меккеде қалуына рұқсат еткен едік, бірақ ол шектен шығып барады, өткен-кеткеннің назарын өзіне аударып, ауласында намаз, Құран оқитынды шығарыпты. Қатын-қалаш пен бала-шағаны алдап, өзінің құрығына түсіре ме деп қорқамыз. Біз бұған төзе алмаймыз. Егер біздің талабымызды орындамаса, өз обалы өзіне, ендігәрі кір жуып, кіндік кескен жері болса да, бұл маңға аттап бастырмаймыз. Сенің алдыңнан өттік, ендігісін өзің шеш. Көңіліңе келсе де, айтатынымыз: Әбу Бәкірдің ашық түрде ғибадат жасағанына көз жұмып қарап отыра алмаймыз», – дейді.

Ибнуд-Дуғунна Әбу Бәкірге келіп: «Уа, Әбу Бәкір! Екеуіміздің арамыздағы келісімді жақсы білесің. Сол үшін осымен шектелесің, болмаса саған берген кепілдігімді өзіме қайтарасың. Өйткені, мен уәдеден

тайғанымды арабтардың естуін қаламаймын, бүкіл елдің алдында қарабет болғым келмейді», – дейді. Әбу Бәкір: «Олай болса, сенің қамқорлығыңнан бас тартамын. Мені бір Аллаһтың өзі желеп-жебейді», – деп жауап береді²³⁵.

Әбу Бәкір (р.а.) Ибнуд-Дуғуннаның қамқорлығынан шығып, Қағбағабаражатқанда, Құрайыш содырларының бірі оның басына топырақ шашып жібереді. Әбу Бәкір (р.а.) қасынан өтіп бара жатқан Уәлид ибн Муғираға әлде Ас ибн Уаилге мұңын шаққандай болып: «Мына жексұрынның істегенін көрдің бе?» – деп еді, ол: «Бұл өзіңнің кесірін», – дейді. Әбу Бәкір (р.а.) іштен тынып: «Уа, Раббым, неткен жұмсақсың! Раббым, қандай жұмсақсың!» – деп өзіне сабыр тіледі²³⁶.

Көрген қиындықтарына Омардың (р.а.) төтеп беруі

Ибн Омар (р.а.) айтады: «Әкем Омар Исламды қабылдаған бойда Құрайыштардың ішінде сөз тасуда кімнің алдына жан салмайтынын сұрастыра келе, бұл өңірде Жәмил ибн Мамәр әл-Жумәхиден өткен естігені мен көргенін сол бетте басқа біреуге жеткізгенше байыз тауып отыра алмайтын, ең сорақысы, өсек-аяңға келгенде түңлігі желпілдеп желдей есетін адамды таппайды. Әкемнің не ойлағанын білу үшін қасынан қалмадым. Ол кезде көрген-білгенімді тез қабылдап алатын қағылез бала болатынмын. Әкем Жәмилге салған жерден: «Жәмил, білесің бе? Мен мұсылман болып, Мұхаммедтің дініне кірдім», – деді.

²³⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/94

²³⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/95

Омардың аузынан осы сөз шығуы мұң екен, Жәмил құбыжық көргендей бірден құтылғанша асық боп сыртқа атып шықты. Біз оның артынан аңырайып, қарадық та қалдық. Ол ешқайда бұрылмай, Харам мешітіне тартты. Қағба маңында ерігіп отырған Құрайыштарға бар дау-сымен: «Ей, жарандар! Хаттабтың баласы Омар дінінен шығыпты!» – деп алқына айғай салды.

Оның сонынан іле-шала біз де кідірмей Қағбаға жеттік. Ол ауыз жиып болғанша, Омар (р.а.): «Ол өтірік айтады. Мен мұсылман болдым, Аллаһтан басқа тәңір жоқ екеніне, Мұхаммедтің Аллаһтың расулы екеніне иман келтірдім», – деген кезде, қаны қарайған мүшріктер Омарға ұмыр-жұмыр жабыла кетті. Омар (р.а.) олармен күн төбеге жеткенше алысты. Соңында Омар (р.а.) шаршап барып отырды. Құрайыштардың да тайсақтап, тарқай қоятын түрі көрінбейді. Омар оларға: «Ойларыңа келгенін істендер. Аллаһқа ант етемін, егер біздің қатарымыз үш жүздің ар жақ, бер жағында болғанда, тап осы жерге аттап басқызбас едік», – дейді.

Олар осылай бір-біріне жеңсік бермей, сөз қағыстырып тұрғанда үстінде йеменше әдіптелген шапаны бар, көйлегі де әдемі, жасы бірталайға кеп қалған Құрайыштың бір шалы шыға келді. Келді де: «Не болып жатыр?» – деп сұрады. «Омар діннен шығыпты», – дейді жиналғандар. Шал: «Жайына қалдырғандарың жөн оны. Омар өз таңдауын жасапты. Енді оған не істемекшісіңдер? Адыйұлдары өз адамдарын осылайша сендерге оңайлықпен беріп қоя салады деп ойлайсыңдар ма? Оны жіберіндер, кете берсін», – дейді. Мүшріктер Құрайыштық егде адамнаң тілін алып, жөніне тарайды. Мәдинаға хижрет етіп, өрісіміз кеңейіп, тынысымыз

кеңіп қалғандай болды. «Әке! Сен мұсылман болған күні Меккедегі халықты таратқан сол адам кім еді?» деп сұрағанымда, «Балам, ол Ас ибн Уаил әс-Сәхми болатын» – деді²³⁷.

Осман ибн Аффанның қиындықтарға мойымауы

Мұхаммед ибн Ибраһим жеткізеді: «Осман ибн Аффан (р.а.) Исламға кіргенде, көкесі Хакам ибн Әбул-Ас Османға кәрін төгіп, қыл арқанмен матап: «Ата-бабаңнан қалған сенімді тәрк етіп, сатқындыққа бардың. Уаллаһи, мына дініңнен бас тартпайыңша, сені босатпаймын», – дейді. Құлдия төнген күз жартасқа қарамай, тұңғиыққа құлаш ұрған Осман (р.а.): «Аллаһқа ант етемін, бұл діннен бас тартпаймын, Мұхаммедтен де айырылмаймын», – дейді теңізге батқан тастай табандылық танытып.

Көкесі Османның алған бетінен қайтпайтынын, өз әрекетінен еш нәтиже шықпайтынын түсінгеннен кейін, оны амалсыз босатады²³⁸.

Талха ибн Ұбайдуллаһтың көрген қорлығы

Мәсғуд ибн Хыраш (р.а.) былай деген: «Надандық дәуірінде Сафа мен Мәруа арасында тауап етіп жүргенімізде, қолы байланып, бір ұшы мойнына артылған бір жігіт пен оның артынан ерген бір топ адамды көрдік. Олардың соңынан бір әйел балағаттап қарғап-сілеп келеді екен. «Бұл кім?» – деп сұрастырғанымда, «Бұл – Талха ибн Ұбайдуллаһ. Аталарының дінінен

²³⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/82

²³⁸ Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 3/37

шығыпты. Артындағысы анасы Саба бинт әл-Хадрами» деген жауап алдым²³⁹.

Ибраһим ибн Мұхаммед ибн Талханың айтқаны: «Талха ибн Ұбайдуллаһ маған былай деді: «Бус-ра жәрменкесінде болдым. Сол жәрменкеде дінбасы өткен-кеткендерден: «Араларында меккелік біреу бар ма?» – деп тұрды. «Иә, мен бармын», – деп қасына жақындадым. «Ахмет шықты ма?» – деп сұрады ол. «Ахмет деген кім?» – дедім мен. «Ахмет – Абдуллаһ ибн Абдулмұтталибтің баласы. Осы ай – оның пайғамбарлығын жариялайтын айы, ол – ең соңғы пайғамбар. Меккеден шығады, кейіннен құрма өсіп-өнетін, тау-тасты, сулы-нулы жерге қоныс аударады. Одан айрылып қалма», – деді.

Бұл маған тосын жаңалық болды. Бусрадан Меккеге келген бойда таныстарымнан: «Ел ішінде не жаңалық бар?» – деп сұрадым. «Абдуллаһұлы Мұхаммедул-әмин өзінің пайғамбар екенін жариялады. Тіпті Әбу Бәкір оған иман келтіріп үлгерді» – деген жауап алдым. Мен дереу Әбу Бәкірге барып жолықтым, «Шынымен, осы кісінің айтқанына иланып мойынсұндың ба?» – деп сұрадым. Әбу Бәкір (р.а.): «Иә, сен де иман келтір. Өйткені, ол ақиқатқа, хаққа шақыруда», – деді.

Талха ибн Ұбайдуллаһ (р.а.) дінбасының айтқандарын Әбу Бәкірге айтып береді, Пайғамбарымызға (с.а.с.) екеуі бірге барады. Талха Исламға кіріп, мұсылман болады. Дінбасының айтқандарын сол күйі жеткізгенде, Пайғамбарымыздың қуанышында шек болмайды.

Ел арасында «Құрайыштың арыстаны» деп аталған және Пайғамбарымыздың «Аллаһ тағалам! Ибнул-

²³⁹ Ибн Сағйд, эт-Табақатул-кубра 3/410

Адауияның жамандығынан сақта» деп тілеген Нәуфал ибн Хууайлид Әбу Бәкір мен Талханың мұсылман болғанын естіп, оларды ұстап алып, екеуін қыл арқанмен шандып байлап тастайды. Оның бұл озбырлығына Тәймүлдары қарсы тұра алмайды. Сондықтан былайғы жұрт Әбу Бәкір мен Талханы «біріккен» деген мағынаны беретін «әл-қарынәйн» деп атап кетті.²⁴⁰

Зубәйр ибн Аууамның басынан өткен қиыншылықтар

Әбул-Әсуәд (р.а.) Зубәйр ибн Аууамның сегіз жасында Исламға кіріп, он сегізге толғанда һижрет еткенін айтады. Көкесі Зубәйрді өндірдей жас болғанына карамастан шиге орап, отпен азаптап, Исламнан бас тартуға мәжбүрлейтін. Алайда Зубәйрді дегеніне көндіре алмай кетті²⁴¹.

Хафс ибн Халид (р.а.) Мусулдан келген бір қарт адамның былай дегенін айтады: «Бірде Зубәйр ибн Аууаммен бірге сапарға шықтық. Иен далада ол жүніп болып қалады. Жуынып жатқанда, көзім еріксіз денесіне түсіп кетті. Жалаңаш тәні жарақат ізінен көрінбейді. «Уаллаһи, мұншалықты көп тыртықты ешқашан көрген емеспін» дедім. Ол «Аллаһқа ант етемін, осы жарақаттың барлығын Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қол астында шайқасып жүріп алдым» деді.

Тағы бір риуаятта былай делінген: «Көргендердің айтуынша, тозған киімге түскен жамау секілді Зубәйрдің денесіндегі қаптаған тыртықтан көз сүрінетін»²⁴².

²⁴⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/29

²⁴¹ Хаким, Мүстәдрәк 3/406 (5547); Хайсами, Мәжмауз-зәуаид 9/212 (14833)

²⁴² Әбу Нуайм, Хилия 1/90

Алғашқы азаншы Біләлдің көрген қорлықтары

Ибн Мәсғуд (р.а.) айтады: «Исламға алғашқы болып кіргендер және мұсылмандығын бірінші болып жариялағандар: Пайғамбарымыз (с.а.с.), Әбу Бәкір, Аммар, Аммардың анасы Сүмәйя, Сүхәйб Руми, Біләл Хабашин және Микдат (р.а.).

Аллаһ расулына көкесі Әбу Тәліп, ал Әбу Бәкірге өз руы қолдау білдіргендіктен, мүшріктер ол екеуіне тек сырттай аузын ақситқаны болмаса, тіс батырған емес. Ал басқа мұсылмандардың ізін аңдып, ұстап алып қи-найтын, темірден сауыт кигізіп, шақырайған күннің көзіне тастап кететін. Жалғыз Біләлден басқасы мүшріктердің айтқандарына амалсыз көніп, айдауына жүгіретін. Біләл ғана Аллаһтың жолында жанын пидә етуге бар екенін дәлелдеп қана қоймай, Пайғамбарымыздың ең жақын серіктерінің біріне айналды. Біләл (р.а.) мұсылмандардың ішінде ең көп қиындық көрген мүміндердің бірі еді. Оны балалар да мазақтайтын. Мекке көшелерімен алып жүрген сәтті ұтымды пайдаланған Біләл (р.а.) былайғы жұртқа ақиқат үшін ақыр аяғына дейін қандай қорлыққа да төзетінін көрсетіп, бірыңғайда сол арқылы, дәлірегі, осы қасіретімен қараңғылықты серпіп, тәухидті насихаттады. «Ахад, Ахад, яғни Аллаһ жалғыз! Аллаһ бір!» деп айқайлаудан танбады»²⁴³.

Уруа ибн Зубәйрдің риуаяты бойынша, Біләл (р.а.) Жумахұлдарынан тарайтын әлдебір әйелдің құлақкесті құлы болатын. Мүшріктер қайткен күнде де оны діннен қайтару үшін, шоқтай қарыған құмға жалаңаш күйінде жатқызып қинайтын. Қол тигізу былай тұрсын, бет

²⁴³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/28

қаратпайтын тандырдай шарпыған құмның үстінде қу жаны көзіне көрінсе де, Біләл мойымай: «Ахад! Ахад!» деумен болды. Қару қылар қайраны жоқ Уарақа ибн Нәуфал: «Ахад! Ахад деуіңнен танба, Біләл!» – деп сөзбен дем беріп, әрі «Егер оны өлтірсеңдер, басына кесене тұрғызамын», – деп Біләлді жігерлендіретін²⁴⁴.

Хишам ибн Уруа әкесінің былай дегенін айтады: «Уарақа ибн Нәуфал адам айтқысыз азап тартып жатса да, «Ахад! Ахад!» деуден танбаған Біләлға: «Ей, Біләл! Ахад! Аллаһ бір!» – деп жігер беретін. Уарақа мұнымен ғана тынбай Біләлға қорлық көрсеткен Умәйя ибн Халафқа қыр көрсетіп: «Аллаһқа ант етемін, оны өлтірсеңдер, мазарын елдің бәрі қастерлеп, тәу ететін зиярат орнына айналдырамын», – дейтін.

Мүшріктердің Біләлға көрсетіп жатқан кезекті қорлығының үстінен түскен Әбу Бәкір (р.а.) Умәйяға: «Мына бейшараға көрсеткен қорлықтарың үшін Аллаһтан қорықпайсыңдар ма? Бұл қашанға дейін жалғасады?» – деп сұрайды. Әбу Бәкірдің жазғыра сөйлеген сөзіне Умәйя: «Оны жолдан тайдырған сен болатынсың, енді өзін құтқарып ал», – дейді мізбақпай, азғыра жауап қатып. Әбу Бәкір (р.а.): «Менің бұдан да денелі, өгіз қара күші бар бір құлым бар. Оның үстіне, ол сенің дініңнен. Егер хош көрсең, Біләлді маған бер де, орнына сол құлымды ал», – дейді. Умәйя келіседі. Әбу Бәкір Біләлді осылайша азат етеді. Әбу Бәкірдің Мәдинаға һижрет етпей тұрып, азат еткен құлының саны Біләлді қосқанда жеті адамға жеткен еді».

Ибн Ысхақтың жеткізуі бойынша, күннің шыжыған аптап ыстығында Умәйя Біләлді жалап тұрған жалаңаш тастың үстіне шалқасынан жатқызып бір қинаса,

²⁴⁴ Ибн Хажар, әл-Исабә 3/634

бұған да айызы қанбай үстінен қой таспен бастырып, екі қинайтын. «Не осылай ауыр азаптан көз ашпай ит қорлықпен өлесің, не болмаса Мұхаммедке қарсы шығып, Лат пен Узза пұттарына табынасың», – дейтін жекіп.

Аммар ибн Ясир, Біләл мен жолдастары, олардың шеккен азаптары, Әбу Бәкірдің Біләлді азат еткенін есіне алғанда, мына мағынадағы бірнеше шумақ өленді оқиды:

«Аллаһ Біләл мен досы Атиқты (Әбу Бәкірді) сый-құрметке бөлесін! Факих ибн Муғира мен Әбу Жәһілдің сазайын берсін. Олар ымырт үйіріле Біләлға қастық ойлап, қарау ниеттерін жүзеге асыруға асығады. Бұ жолы да Біләлға (р.а.) адам ойына келмейтін азапты көрсетуден шіміріккен жоқ. Біләлдің бар айыбы – Құдайдың бір екеніне сенді және «Раббым – Аллаһ» деп шаһадат айтуы еді. «Мені өлтірсе өлтірсін, өлімнен қорқып Рахманға серік қоспаймын» дегені еді. Біләл (р.а.) «Ей, Ибраһимнің, Жүністің, Мұсаның және Исаның Раббысы, құтқар мені. Мені жақсылықпен әділдіктен жұрдай, зұлымдыққа жұнттай алатын жауыздардың озбырлығынан құтқара гөр!» – деп Аллаһқа жалбарынатын»²⁴⁵.

Аммар мен жанұясының қорлық көруі

Жабир (р.а.) айтады: «Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) мүшріктердің қолынан азап тартып, қинала ыңырсып жатқан Аммар мен отбасына келіп: «Сүйінші, Ясир әулеті, сүйінші! Сендер жаннатқа кіретін болдыңдар», – деген еді²⁴⁶.

²⁴⁵ Әбу Нуайм, Хилия 1/148

²⁴⁶ Хаким, Мүстәдрәк 3/432 (5646)

Осман (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымызбен бірге Батхада жүргенде, мүшріктер Аммарды және оның әке-шешесін Исламнан бас тартқызу үшін, ыстық күннің астында азаптап жатқанын көрдік. Аммардың әкесі «Уа, Расулаллаһ, бұл қашанға дейін жалғасады?» – деп налығанда, Аллаһ елшісі: «Сабыр етіндер, Ясир әулеті! Сабыр етіндер», – дейді де, «Аллаһ тағалам! Ясир әулетін кешірі. Оларды кешірдің деп үміттенемін», – деп дұға етеді»²⁴⁷.

Мұжаһидтен келген риуаят бойынша, Исламның алғашқы шейіті – Аммардың анасы Сүмәйя (р.а.). Әбу Жәһіл Сүмәйяны (р.а.) кіндігінен төмен найза шаншып шейіт еткен еді.²⁴⁸

Аммарды мүшріктердің күштеп күпірлікке итермелеуі

Әбу Убайда ибн Мұхаммед ибн Аммар жеткізеді: «Мүшріктер Аммарды (р.а.) ұстап алып, Аллаһ расулын балағаттап, өздерінің пұттарына мақтау білдірмейінше, оны жібермейтіндіктерін айтады. Аммар Пайғамбарымызға (с.а.с.) келген кезде, екі әлем Сардары: «Жағдайың қалай?» – деп сұрайды. «Масқара болдым, уа, расулаллаһ! Саған тіл тигізіп, тәңірлерін мақтамайынша мені босатпады», – дейді. Аллаһ расулы: «Өзің не сезініп тұрсың?» – деді. Аммар: «Жүрегімнің иман нұрына бөленгенін сезініп тұрмын», – дейді. Сонда Пайғамбарымыз: «Егер келесі жолы сені қыспаққа алып, қинаса, осылай істе», – дейді»²⁴⁹.

²⁴⁷ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 13/494 (37369); Ибн Сағыд, әт-Табақатул-кубра 3/177

²⁴⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/59

²⁴⁹ Әбу Нуайм, Хилия 1/140

Мұхаммед айтады: «Бір күні Пайғамбарымыз ебіл-дебіл жылап келе жатқан Аммармен кездесіп қалады. Аллаһ расулы Аммардың көзінің жасын сүртіп тұрып: «Кәпірлер сені ұстап тұншықтыру үшін суға батырды, сен осылай да осылай дедің. Егер тағы да басыңа әңгіртаяқ ойнатып, қамшы үйірсе, сен тағы да сөйт», – дейді.

Амр ибн Мәймунның айтуынша, мүшріктер Аммар ибн Ясирді (р.а.) отқа қақтап азаптаған болатын. Пайғамбарымыз Аммарды басынан сипап: «Ей, от! Ибраһимге қандай салқын болсаң, Аммарға да сондай жайлы бол! – дегеннен соң, – сені тура жолдан шыққан қауым өлтіреді», – деп кейіген еді²⁵⁰.

Хаббаб ибн Әрәттің көрген қорлықтары

Әбу Ләйла әл-Кинди айтады: «Хаббаб ибн Әрәт (р.а.) Омар (р.а.) қатысып отырған әлдебір мәжілістің үстінен түседі. Омар оған: «Кел, жақында! Аммар ибн Ясирды қоспағанда бұл жиынның есте қалатындай, айта жүретіндей мәнді боп өтуіне септігін тигізетін сенен лайық адам жоқ», – дейді. Аммар жанынан таспа тілген мүшріктердің қаныпезерлігіне мұсылмандардың тағы бір мәрте көзін жеткізе түскісі келгендей көйлегін түріп, қанталап күлдірген жотасын отырғандарға жағалай көрсетіп шықты²⁵¹.

Хаббаб (р.а.) айтады: «Мен темір ұстасы болатынымын. Көбіне алдыма келген адамдар қолма-қол есеп айырыса алмай, қарызға жаздырып кететін. Бір күні сондай кісілердің бірі Ас ибн Уаилден алашағымды сұрап бардым. Ол беті бүлк етпестен: «Жоқ, уаллаһи,

²⁵⁰ Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 3/177-178

²⁵¹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/353 (37026)

Мұхаммедтің пайғамбарлығын жоққа шығармасаң, алашағыңды бермеймін», – деді. Мен оған: «Буынып өлсең де, қайта тіріліп келсең де мен бәрібір Мұхаммедке қарсы шықпаймын», – дедім. Мына дүниеден кейін ана дүниенің барына, өлімнің дәмін татқан соң, қайта тірілетініне сенбейтін адамға дауа жоқ. Ол мені мазақ етіп: «Жарайды, өліп-тірілген кезімде кел, малым да, жаным да сенікі. Берешегімді сол кезде қайтарамын», – деді. Осыған орай, Хак тағала мынадай аятты түсірді: *«Ол ғайыпты білудің жолын тапты ма, әлде Рахманнан нақты уәде алды ма? Тіпті де олай емес! Міне, оның осы сөзін алдына келтіреміз және азабын үсті-үстіне еселейміз. Ол сөз еткен мал мен жанға біз иеміз, ол біздің құзырымызға жалғыз келеді»* (Мәриям, 19/78-80).²⁵²

Хаббаб ибн Әрәттің (р.а.) тағы бірде былай дегені бар: «Мүшріктердің кезекті бір жан төзгісіз азабына душар болғанымды Пайғамбарымызға айтып: «Аллаһқа біз үшін дұға етпейсіз бе?» – деп сұрадым. Ол ғайыпқа барып-келіп жатқандай айрықша алабұртып, толқи сөйледі. «Өткен-кеткен әр қауымда сондай адамдар бар: темір тарақпен етінен өтіп, сүйегіне жеткенге дейін таралса да, олар діннен бас тартпады. Күмәнсіз, Аллаһ бұл істі ақыр аяғына дейін жеткізеді. Бірақ ерте ме, кеш пе атты адам Аллаһтан басқа ешкімнен қорықпастан, Санадан Хадрамаутқа дейін қауіп-қатер қайдан келеді деп алаңдамай сапар шегетін мамыражай күн туады. Алайда сендер тым асығасындар», – деді.²⁵³

²⁵² Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 5/111 (21112)

²⁵³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/60

Әбу Зәһр Ғифаридің азап шегуі

Ибн Аббас (р.а.) былай дейді: «Әбу Зәһр (р.а.) Аллаһ расулының өзін пайғамбармын деп жариялағанын естіп, бауырын Меккеге аттандырады. Ондағы ойы – Ислам туралы мәлімет алу. Бауырын аттандырып тұрып, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) жайлы елдің не деп жүргенін, Аллаһ расулының былайғы жұртты неге үндейтінін біліп келуді шегелей тапсырады.

Әбу Зәһрдің (р.а.) бауыры Меккеге келген бойда, Пайғамбарымызды (с.а.с.) іздеп тауып алады, сөздеріне құлақ түреді. Қайтып оралған соң, Әбу Зәһрге: «Ола адамдарды жақсылыққа шақырады. Әрі айтып жүргендері бұрын-соңды ел естіп көрмеген, өлең деуге келмейтін қызық нәрселер», – деп сараң жауап береді. Әбу Зәһр: «Әй, сені де қолынан іс келеді деп жүрген өзіме де обал жоқ!» – деп, жолға өзі шығады.

Ол Меккеге жеткен бойда, алдымен, Харам мешітіне тартады. Жасырынып келген жансыз секілді Аллаһ расулын ешкімнің көмегіне жүгінбей, жалғыз өзі іздейді. Осы арада айта кететіні, Әбу Зәһрдің бұлай етуінің өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, ол істің аныққанығын өз көзімен көріп, біліп алмай тұрып, басқа біреудің сөзіне еріп, мұратына жетпейтінін, әсіресе, көшедегі көдедей көп көлденең көк аттыдан көңіл көпшітерлік жауап алып жарытпайтынын жақсы білді. Екіншіден, Пайғамбарымызды іздеуінің қорғасындай ауыр сыры бар болатын. Ал, ол қандай сыр?... Оны Аллаһ пен Әбу Зәһрдің өзінен басқа ешкім білмейтін. Және оны біреу-міреудің біліп қойғанын Әбу Зәһр (р.а.) қалаған жоқ. Біліп қалса, барынан айырылып, базары тарқайтындай қорықты. Сол себепті, Әбу Зәһр (р.а.) былайғы елден сырын алдырып қоятындай қуыстанып,

сырттап жүрді. Әбу Зәһр Пайғамбарымызды танымайтын. Сөйтсе де, күні-бойы аяғынан сабылып, шаршаған Әбу Зәһр ымырт үйіріле кімді іздеп жүргенін, не үшін іздеп жүргенін тірі жанға тіс жарып, білдіргісі келмейді. Харам мешітіне барды. Тынығып жатқан Әбу Зәһрге назары түскен Али (р.а.) оның бөгде адам екенін байқап, үйіне шақырады. Әбу Зәһр Алидің шаңырағында түнейді. Алайда, екеуі де бір-біріне сыр алдырмайды. Ертеңіне Әбу Зәһр (р.а.) қас қарайғанша Харам мешітінде болады. Бірақ Пайғамбарымызға бұл жолы да кезіге алмайды. Али оны осы жолы да қонақ етіп күтті. Бұл жолы да бір-бірінен жөн сұрасқан жоқ. Бұл жағдай үшінші күні де қайталанды. Али (р.а.): «Бұл жаққа не шаруамен келдіңіз?» – дейді қонағын үркітіп алмайын дегендей баяу үнмен. Әбу Зәһр: «Маған жол көрсететініне уәде берсен ғана не үшін келгенімді айтамын» – дейді. Али уәде береді. Әбу Зәһр келген себебін айтады. Оның сөзін бөлмей, ақыр-аяғына дейін мұқият тыңдаған Али: «Иә, айтқаның рас. Ол – Аллаһтың елшісі. Ертең менімен бірге жүр. Саған қауіп төнетіндей жағдай туса, тоқтап, су төккендей қимыл жасаймын. Егер тоқтамасам, соңымнан қалма», – дейді.

Әбу Зәһр оның айтқандарын бұлжытпай орындайды. Али Аллаһ расулы отырған үйдің табалдырығын аттайды. Әбу Зәһр оның соңынан іле-шала кіреді. Әбу Зәһр (р.а.) Расулаллаһтың сөздерін ұйып тыңдап, сол жерде мұсылман болады. Аллаһ расулы: «Уа, Әбу Зәһр, әзірге мұсылман болғаныңды жан адамға білдірмей жасыра тұрасың. Біз ашық әрекетке көшкенде ғана қауымыңа дінді уағыздап, ақиқатқа шақыра бастайсың», – деп ескертеді. Әбу Зәһр (р.а.): «Аллаһқа ант етемін, мен иманға келгенімді мүшріктерден жасырмай, күллі

әлемге даусым жеткенше жар саламын», – дейді де, аялдамай Қағбаға тартады. Бар даусымен: «Әшһәду ән лә иләһә илләллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән расулаллаһ» – деп айқайлайды. Мүшріктер де қарап қалмайды, Әбу Зәррді соққыға жығады. Аббас араша түсіп, оның Ғифардың бірі екенін, Шамға баратын саудагерлердің жолы солардың аулынан өтетінін айтып, Әбу Зәррді олардан ажыратып алады.

Әбу Зәрр (р.а.) ертеңіне Харам мешітіне келіп, шәһадат сөзін дауыстап айтады. Мүшріктер бұл жолы да Әбу Зәррға жабыла кетеді. Бұл жолы да оны Аббас арашалап алады.²⁵⁴

Әбу Зәрр – Пайғамбарымызға мұсылманша сәлем берген тұңғыш кісі

Әбу Зәррдің Исламға қалай кіргені Мұслимнің келтірген хадис жинағында да егжей-тегжейлі баяндалған: «Бірде менің бауырым Меккеге сапар шекті. Қайтып оралған соң, маған: «Меккеде елдің аузынан түспей жүрген әлде бір адамды көрдім. Былайғы ел оны дінінен безген» деп жүр. Өзі саған ұқсайды екен», – деді. Мына жаңалықтан дегбірім қашып, тағат тауып отыра алмадым. Буынып-түйініп Меккені бетке алдым. Шаһарға кірмей жатып, көшеден әлдекімнің дінінен шыққан адамды сөз етіп тұрғанын кездейсоқ құлағым шалып қалды. Тұсына тоқтап «Сен айтып тұрған, дінінен шыққан адамды қайдан табуға болады?» – деп жөн сұрадым. Ол неге екені белгісіз, артық-ауыс өрескел бірдеңе айтып қойғанымдай маған сезіктене қарап, бар даусымен: «Міне, дінін сатқан опасыз!» – деп айқайлады. Сол-ақ екен үстіме тас жауып кетті. Қып-қызыл қанға

²⁵⁴ Бұхари, Сахих 3/ 1401 (3648)

боялдым. Әйтеуір үйтіп-бүйтіп қашып шықтым. Қағбаның жабуының артына тығылып, сол жерден тырп етпей, жарты ай уақыт жасырындым. Зәмзәм суынан басқа қорегім де жоқ. Содан бір күні Расулаллаһ пен Әбу Бәкірдің Харам мешітіне кіргенін көрдім. Оған «Әссәләму аләйкә, уа, расулаллаһ!» деп мұсылманша сәлем бердім. «Уә аләйкәссәләму уә рахматуллаһ», – деп сәлемімді алып, менен: «Сен кімсің?» – деп сұрады. «Ғифарұлдарынанмын», – дедім мен. Әбу Бәкір (р.а.): «Уа, Расулаллаһ, маған рұқсат етсеңіз, бүгін оны қонақ етейін», – деді. Әбу Бәкір (р.а.) мені Меккенің төменгі аудандарының бірінде орналасқан үйіне ертіп апарып, кепкен мейіз ұсынды.

Ауылыма қайтып оралған соң бауырыма мұсылман болғанымды айттым. Бауырым да «Олай болса, мен де сенің діңіңе кіремін», – деп, мұсылмандықты қабылдады. Сосын екеуміз анамызға Ислам дініне кіргенімізді жайып салдық, ол да мұсылман болды. Анам мен бауырымның Исламды қабылдағанына қатты қуанып, қауымымды Исламға шақырдым. Олардың бірталайы мұсылмандықты қабылдады²⁵⁵.

Осман ибн Мазунның қиыншылықтарға төзуі

Уәлид ибн Муғираны пана тұтып, өзін кез келген ортада еркін ұстайтын Осман ибн Мазғун (р.а.) өзге сахабалардың шеккен қорлықтарын көргенде, өз-өзіне «Қайдағы бір мүшріктің қамқорлығына кіріп, айдарымнан жел есіп, алшаң басқан менікі не жүріс? Жолдастарым мен діндестерім азап шегіп, қорлық көріп жүр. Қой, не де болса, солармен бірге болайын», – деп,

²⁵⁵ Ибн Хажар, әл-Исабә 7/127

Уәлид ибн Муғираға: «Әй, Әбу Абдушамс, бүгіннен бастап мен сенің қамқорлығыңнан бас тартамын», – дейді. Уәлид: «Өз басыңды қатерге тіккенің қалай бауырым? Байқа, саған біреу-міреу тиісіп жүрмесін», – десе де, Осман ибн Мазғун: «Жоқ, бұлай жүре алмаймын. Маған Аллаһтың қамқорлығы жетеді», – дейді. Осман ибн Мазғунның айтқанынан қайтпайтынын байқаған Уәлид «Олай болса, Харам мешітіне барайық. Сені қалың елдің алдында өз қамқорлығыма алғанымды жар салғанымдай дүйім жұртқа қамқорлығымнан бас тартқаныңды хабарламаймын ба?», – дейді. Екеуі Харам мешітіне бірге келді. Уәлид сол жердегілерге: «Әй, жамағат! Мына Осман қамқорлығымнан бас тартты», – дейді. Осман ибн Мазғун: «Иә, Уәлид дұрыс айтады. Досқа серік, уәдеге берік екеніне куә болдым. Алайда, мен Аллаһтан басқаның қорғауында болғым келмейді. Сол себепті, Уәлидтің қамқорлығынан бас тартамын», – деп жар салды.

Уәлид ибн Муғираның қамқорлығынан бас тартқан Осман ибн Мазғун (р.а.) қайтып бара жатып, көшеден Ләбид ибн Рабиғаның жұртты жинап алып өлең оқып тұрғанын көреді. Осман Ләбид ибн Рабиғаның өлеңіне құлақ түреді. Өлеңнің «Аллаһтан басқа құдай жоқ» деген тұсына келгенде, Осман (р.а.): «Дұрыс айтасың», – дейді. Алайда «Барлық нығмет түбінде жоғалады» деген тұсына келгенде, Осман: «Өтірік айтасың. Жұмақтағы нығметтер жоғалмайды», – дейді. Оның бұл сөзіне шамданып қалған Ләбид: «Әй, Құрайыш жамағаты, бұрын сендер қонақтың сөзін мұқият тыңдаушы едіңдер. Сөзге жағаласатын мына әдет қашаннан бері пайда болған?», – деп сұрайды. Мүшріктердің бірі: «Бұл дінімізді тәрк еткен ақымақтардың бірі, сөзіне мән бермей-ақ

қой», – дейді. Осман (р.а.) оған да есесін жібермейді, араларында талас туып, аяғы жанжалға ұласады. Тіпті мүшрік Османды жұдырықпен салып қалады. Лезде Османның көзі көгеріп, күп боп ісіп кетеді. Уәлид ибн Муғира да сол жерде болатын. Ол: «Уаллаһи, жиенім! Қараптан-қарап жарақат алдың. Сен менің мықты қамқорлығымнан бекер бас тарттың?», – дейді. Осман: «Аллаһқа ант етемін, екінші көзімді де Аллаһ жолында пида етуге дайынмын. Ей, Әбу Абдушамс! Мен сенен де күшті құдірет иесінің қамқорлығындамын», – дейді де, мына өлеңді оқиды:

«Егер көзім Раббымның разылығы жолында бір дінсіздің қолынан зарар көрген болса, күмәнсіз, Аллаһ мұның сауабын береді. Әй, жамағат, Рахман кімге разы болса, ол адам мәңгілік бақытты. Сендер «Ақымақ, адасқан» деген екен деп, Мұхаммедтің дінінен шығып кетпеймін. Мен Хақ тағаланың разылығынан үміт күтемін. Бізге қаншалықты қиянат жасалса да, қаншалықты шектен тыс қысым көрсетілсе де, хақ дін – біздің дініміз», – деді²⁵⁶.

Мұсғаб ибн Умәйрдің (р.а.) көрген қорлықтары

Мұхаммед әл-Абдәри өз әкесінен естігенін былай жеткізеді: «Мұсғаб ибн Умәйр Меккенің сымдай тартылған сымбатты жастарының бірі еді. Әкешешесінің ол десе шығарға жаны бөлек болатын. Ауқатты отбасында өскен Мұсғаб қымбат матадан тігілген киімдер киетін, меккеліктердің арасында иіссудың сан алуан түрін қолданатын. Расулаллаһ (с.а.с.) ол туралы: «Меккеде Мұсғаб ибн Умәйрден асқан шашы жібек-

²⁵⁶ Әбу Нуайм, Хилия 1/103

тей таралып, шоқтай ұлпілдеп, құмдай сусып тұратын ажарлы әрі талғаммен киінетін ешкім жоқ», – деген еді. Мұсағаб ибн Умәйр – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Ибн Өрқамның үйінде халықты Исламға шақырып, дінді уағыздап жатқанын естіген бойда келіп мұсылмандықты қабылдаған болатын. Алайда, мұсылман болғандығын манайындағылардан жасыратын. Аллаһ елшісінің қасына үнемі жасырын келіп тұратын. Бірде Мұсағабтың намаз оқып жатқанын көріп қалған Осман ибн Талха бұны анасы мен туыстарына жеткізіп барады. Анасы мен туыстары оны райынан қайтару үшін үйінде қамап ұстайды. Мұсағаб мұсылмандардың алғашқы хижретіне дейін қамауда отырады да, кейіннен мұсылмандармен бірге Хабаһстанға кетеді. Араға бірталай уақыт салып, хижрет еткен мұсылмандармен қайтып оралады. Бауыр еті баласының бұрынғы сәнінен айырылып, адам танымастай өзгергенін әрі жүдеп-жадаған түрін көрген анасы Мұсағабқа қысым көрсетуін доғарады²⁵⁷.

Абдуллаһ ибн Хузафа әс-Сахмидің грек билеушісінен ықпауы

Әбу Рафи жеткізеді: «Гректерге қарсы Омар (р.а.) аттандырған әскердің сапында Абдуллаһ ибн Хузафа атты сахаба да бар еді. Гректер оны тұтқындап, «Мына адам Мұхаммедтің сахабаларының бірі» деп патшаның алдына алып келеді. Құлағына құрық байламайтын патша оны мал-мүлікпен, билікпен қызықтырып, өз жағына тартпақ болған әрекетінен түк өнбеген соң, оны өлтіруге ұйғарады. Бұл ұйғарымын жария еткенде, Абдуллаһ (р.а.): «Өзің біл», – дейді. Патшаның әмірімен Абдуллаһ (р.а.) ағашқа таңылады. Патша мергендеріне:

²⁵⁷ Ибн Сағьд, эт-Табақатул-кубра 3/82

«Қолдары мен аяқтарын зақымдап алмай, тек зәресін ұшырып, қорқытындар. Әуселесін көрейік», – дейді. Ол Абдуллаһты қайткен күнде де райынан қайтармақ болады. Бар қулығын сарқа жұмсап, құрығына түсіруден күдерін үзбейді. Алайда, бұл жолғы әрекеті де сәтсіз аяқталады. Не ойлағаны белгісіз, сұры жаман патша тағы бір сұмдықтың шетін шығарып, нөкеріне қазан әкеліп, оған су толтырып, астына от қоюды бұйырады. Қазан бұрқ-сарқ кайнаған кезде мұсылмандардан екі тұтқынға өз діндерінді тастап, христиан дініне өтіндер деген талабын қайталайды.

Олар патшаның талабынан үзілді-кесілді бас тартады. Патшаның жендеттері мұсылмандардың біреуін қайнап жатқан суға тастап жібереді. Патша Абдуллаһты да қайнап тұрған суға тастауды бұйырады. Абдуллаһтың көзіне мөлтілдеп жас келеді. Патшаға оның жылағанын жеткізгенде, билеуші оның бұл қылығын басқаша жорып: «Оны алдыма алып келіндер», – деп бұйырады. Жазған құлда шаршау жоқ, жаланып тұрған жендеттер Абдуллаһты патшаның алдына дедектетіп алып келеді. Патша оған соңғы мүмкіндік беріліп тұрғанын, осы мүмкіндікті пайдаланып, христиандыққа өтуін ұсынады. Алайда, Абдуллаһ бұл жолы да буынсыз жерге пышақ ұрған патшаның ұсынысын елемей қояды. Алдына келген тұтқынды қорқытып ықтыра алмаған патша: «Онда неге жыладың?» – деп сұрағанда, Абдуллаһ: «Іштей «Абдуллаһ, қазір мына қайнаған қара қазандағы суға түсесің. Бақ етуге де шамаң келмей, демің үзіледі. Әттең, денемде қанша түк бар, соншама жаным болып, соның барлығын Аллаһ жолында дәл осындай қазандағы қайнаған суда күйіп-пісіп пида етсем» деп армандадым», – дейді.

Абдуллаһтын қайсарлығына тәнті болып, амалы таусылған патша: «Егер басымнан сүйсең, сені босатамын», – дейді. Абдуллаһ: «Егер тұтқында отырған барлық мұсылманды босататын болсаң ғана басыңнан сүйемін», – дейді. Патша айтқанына келісіп, өзге тұтқындарды еркіне жіберетініне сөз береді.

Абдуллаһ бұл оқиғаның қалай аяқталғанын былай жеткізеді: Ішімнен: «Бұл – Аллаһ дұшпандарының бірі. Сөйтсе де оның басынан сүйіп, басқа мұсылмандарды да босатып алсам үлкен олжа. Бұдан маған не зиян келер дейсің» деп ойлап, патшаның басынан сүйдім» – дейді.

Осылайша, қалған тұтқындағы мұсылмандарды жаудың шеңгелінен азат етеді. Олар Мәдинаға дін аман оралады. Бұл жағдай Омардың (р.а.) құлағына тиісімен, ол «Осы ерлігі үшін әр мұсылман Абдуллаһ ибн Хузафаның басынан сүюі керек», – дейді. Алдымен өзі үлгі көрсетіп, Абдуллаһты басынан сүйеді»²⁵⁸.

3. САХАБАЛАРДЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРҒА ҚАСҚАЙЫП ҚАРСЫ ТҰРУЫ

Саид ибн Жубәйр жеткізеді. «Бірде Ибн Аббастан (р.а.): «Мүшріктер сахабаларды өз сенімдерінен тайдыру үшін, қатты қинайтын ба еді?», – деп сұрадым. Ибн Аббас (р.а.): «Иә, қолына түскен мұсылмандарды ұрып, соғып, нәр татырмай аяусыз азаптайтыны соншалық – лажсыздан өздерінің айтқанына көнуге мәжбүр ететін. Ең сорақысы: «Лат пен Узза да Аллаһ секілді тәңір ғой?» – деп мүшріктер қамшы үйіріп төнгенде, амалсыз «Иә» дейтін. Бұған да айызы қанбай жерде қыбырлап бара жатқан жәндікті нұсқап: «Мынау да сенің тәңірің

²⁵⁸ Ибн Хажар, әл-Исабә 2/297

ғой, солай ма?» – дейтін зіркілдеп. Пақырлар «Иә» деп құтылатын²⁵⁹.

Пайғамбар мен сахабаларының һижреттен кейінгі жағдайы

Убәй ибн Кағб (р.а.) былай деген: «Аллаһ расулы мен сахабалары Мәдинаға қоныс аударғанда, ансарлар оларды қамқорлығына алады. Мүшрік арабтар оларға қарсы күш біріктіреді. Мұсылмандар екі шоқып, бір қарап, күні-түні қолдарынан қаруларын тастамайтын. Осынау аласапыран заманда мұсылман баласының төзіміне тарих куә. Аллаһтан басқа ешкімнен қорықпаған мұсылмандардың осы кездегі қажыр-қайратына байланысты мына аят түсті:

«Аллаһ араларыңнан иман келтіріп, игі іс істегендерді сөзсіз жарылқайды. Кезінде мүміндерді дүниеде үстем қылғанындай олардың да мерейін үстем етеді, оларға өздері таңдаған Ислам дінінен айырылмайтын күш-қуат береді және қауіп-қатерге толы күндері артта қалады. Әрі қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған мамыражай өмір орнайды. Өйткені, олар тек Маған ғибадат етіп, еш нәрсені Маған серік етіп қоспайды. Енді осыдан кейін кім күпірлікке салынса, міне, солар жолдан тайып, Аллаһқа қарсы келген болады» (Нұр, 24/55)²⁶⁰.

Затур-риқа шайқасында Пайғамбар мен сахабаларының көрген қиындықтары

Әбу Мұса (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге әскери жорыққа шықтық. Алты адамға бір

²⁵⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/59

²⁶⁰ Хаким, Мүстәдрәк 2/434 (3512)

түйені кезектесіп минуте тура келді. Алты адамның аяқ артарына бір түйеден айналғандықтан, сүрпіл жүрістен менің екі табаным да ойылып, тырнақтарым түсіп қалды. Көмегі шамалы болса да, аяғымызды матамен орап алып, сапарымызды жалғастырдық. Сол себептен де бұл жорық «жамаулылар» деген мағынаны беретін «Затур-риқа» деп аталып кетті»²⁶¹.

4. АЛЛАҒ ПЕН РАСУЛЫ ҮШІН АШТЫҚ АЗАБЫНА ДА МОЙЫМАУ

Пайғамбарымыздың аштыққа төзуі

Нұғман ибн Бәшир (р.а.): «Сендер қазір не ішіп, не жеймін демейсіндер, солай емес пе? Аллаһқа ант етемін, мен Расулаллаһтың жүрек жалғайтын бір құрма да таба алмаған сәттеріне куә болғанмын», – деген²⁶².

«Аштыққа ұшыраған адамның азабы ауыр болмайды»

Әбу Һұрайра (р.а.) айтады: Бірде Пайғамбарымыздың (с.а.с.) намазды отырып оқып жатқанының үстінен түстім. «Уа, Расулаллаһ, намазды отырып оқуыңның себебі не?» – деп сұрадым. «Аштық, уа, Әбу Һұрайра», – деп жауап берді. Менің көзімнен жас ыршып кетті. Бұл күйімді байқап қалған Аллаһ расулы «Жылама, Әбу Һұрайра! Мына дүниеде аштық азабына сабыр еткен адамның есебі қиямет күні ауыр болмайды», – деді»²⁶³.

²⁶¹ Әбу Нуайм, Хилия 1/260

²⁶² Мүслим, Сахих 4/2285 (2978)

²⁶³ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 7/348 (18628)

Пайғамбарымыздың шаңырағында бірне- ше күн қатарынан қазан асылмайтын

Уруа (р.а.) нағашы әпкесі Айшаның (р.а.) былай дегенін жеткізеді: «Уаллаһи, жиенім, біз жаңа туған айды үсті-үстіне үш рет көретінбіз, осылайша екі айда үш рет жаңа туған айды көрсек те, Пайғамбарымыздың жарларының ешбірінің үйінде қазан асылмайтын». Мен: «Әпке, сонда қалай өмір сүрдіңдер?» – деп тандана сұрағанымда, Айша: «Екі қара, яғни құрма мен суды қанағат тұттық. Ансар көршілер бар болатын. Олар Аллаһ расулына қойдың сүтін беріп жіберетін. Аллаһ елшісі сол сүттен бізге де ауыз тигізетін», – деп жауап берді²⁶⁴.

Мәсрук айтады: «Бір күні Айшаға (р.а.) барып жолықтым. Маған тамақ алдыртып: «Тоя тамақтансам, көзіме жас келеді», – деді. «Неге?» – деп сұрағанымда, «Сол сәтте Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дүниеден өтер кезі есіме түседі. Уаллаһи, ол бір күнде нан мен етті қатар жеп, тоя тамақтанған емес», – деді²⁶⁵.

Айша (р.а.) айтады: «Мұхаммедтің (с.а.с.) отбасы ол дүниеден озар алдында екі күн қатарынан арпа нанымен ғана жүрек жалғады».

Айша (р.а.) анамыз әңгімесін былайша сабақтаған: «Пайғамбар (с.а.с.) екі қара деп атаған құрма мен суға да жарымай ашқұрсақ дүниеден озды»²⁶⁶.

Айша анамыздың (р.а.) айтуынша, Аллаһ расулы (с.а.с.) қатарынан үш күн тоя тамақтанбай, аш құрсақ жүретін. Соған қарамай, Аллаһ елшісі қашан да

²⁶⁴ Бұхари, Сахих 2/ 907 (2428)

²⁶⁵ Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 1/401

²⁶⁶ Тирмизи, Сүнән 4/579 (2356)

өзгелердің қамын көбірек ойлап, өзінен де, отбасынан да артық көретін²⁶⁷.

Пайғамбарымыздың тұрмыс тауқыметін тартуы

Хасан (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) шоқпыт киіп жүрсе де, әрдайым өзгелерге қол ұшын созатын. Дүниеден озар сәті жақындағанда, үш күн бойы нәр сызбады десе де болады. Яғни, таңғы асын ішкенімен, кешкісін аш жататын немесе кешкі асын ішкенімен таңғы асқа қарамайтын»²⁶⁸.

Әнәс (р.а.): «Пайғамбарымыздың (с.а.с.) дастарханнан тамақтанғанын не өмір бойы кебексіз таза ұннан жасалған нан жегенін көрмедім», – дейді. Тағы бір риуаятта «Аллаһ расулының дастарханында қақталған қой еті тұтас күйінде еш уақытта болған емес» делінген²⁶⁹.

Ибн Аббас (р.а.): «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәллам) бен оның отбасының бірнеше күн қатарынан тіске сыздық қылар нәр татпай аш жатқан кездері болған. Табылса, арпадан дайындалған нанның өзін үлкен нығмет санайтын», – деді²⁷⁰.

Әнәс (р.а.) былай дейді: «Бірде Фатима (р.а.) әкесіне бір үзім арпа нанын ұсынғанда, Аллаһ расулы қызына өзінің үш күн бойы нәр сызбағанын айтты»²⁷¹.

Бұл хадисті Табарани былай жеткізеді: «Фатима әкесіне бір арпа нан әкелгенде, Пайғамбарымыз: «Бұл не?» – деп сұрайды. Фатима: «Арпа наны. Өзім пісірдім. Сізге әкелгенше асықтым», – дейді.

²⁶⁷ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 7/340 (18605)

²⁶⁸ Мүнзири, әт-Тәрғиб 4/94 (4954)

²⁶⁹ Бұхари, Сахих 5/ 2369 (6085)

²⁷⁰ Ибн Хажар, Фәтхул-бари 11/293 (6094)

²⁷¹ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 3/213 (13246)

Әбу Һұрайра (р.а.) айтады: «Бір күні Пайғамбарымыз (с.а.с.) алдына келген табы қайтпаған нанды тауысқаннан кейін: «Әлхамдулиллаһ! Көптен бері ыстық тағам жегенім осы», – деді²⁷².

Сәһл ибн Сағид (р.а.) былай дейді: «Расулаллаһ (с.а.с.) өзіне пайғамбар міндеті жүктелген күннен Раббысына қауышқанға дейінгі өмірінде дастарханына кебексіз ұннан жасалған нан қойылған емес. «Расулаллаһтың тұсында ұнын ұндай айыратын елек бар ма еді?» – деп сұрағандарға: «Аллаһ расулы пайғамбар етіп жіберілгеннен бастап дүние салғанға дейін елек көрмеді», – деді. «Еленбеген арпаны қалай жедіндер?» – деп сұрағандарға «Арпаны үгітіп, сосын желге ұшыратынбыз. Ұшқаны ұшады, қалғанынан нан жабатынбыз», – деп жауап берді»²⁷³.

Айша (р.а.) «Расулаллаһтың дастарханында арпа нанының бір түйірі де қалмайтын», – десе, басқа бір риуаятта «Аллаһ расулының дастарханында ешқашан тамақ артылып қалған емес», – деген²⁷⁴.

Расулаллаһ пен сахабалардың аштықтан қарынға тас байлауы

Әбу Талха (р.а.) айтады: «Бірде аштықтан бұратылып, алдына келіп, жағдайымызды айттық. Тіпті сенбей қоятындай көйлегімізді түріп, қарнымызға не байлап алғанымызды көрсеттік. Сонда Пайғамбарымыз да бізге киімін түріп көрсетті. Өзі бір емес екі тас байлап алған екен»²⁷⁵.

²⁷² Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/52

²⁷³ Бұхари, Сахих 5/2066 (5097)

²⁷⁴ Табарани, әл-Муғжамул-әусат 1/273 (891)

²⁷⁵ Мүнзири, әт-Тәрғиб 4/96 (4964)

Ибн Бужәйр (р.а.) айтады: «Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) аштықтан қарнына тас байлап алған екен, бізге былай деді: «Сөзімді мұқият тындандар. Дүниеде ішкені алдында, ішпегені артында талай адам бар, олар қиямет күні аш, жалаңаш қалады. Жақсылап тындандар. Талай адам ішіп-жегеніне мәз, тәнқұмарлығын күйттеп, өзімді жарылқадым деп ойлайды, шын мәнінде, олар өздеріне өздері қиянат жасап жүргенін білмейді. Ал нәпсінің айтқанына жүріп, айдауына көнбегендер түбі жақсылыққа кенеледі»²⁷⁶.

Айша (р.а.) анамыз Пайғамбарымыз (с.а.с.) өмірден өткеннен кейін тоқшылық орнап, тоғышарлық белең алғанын айтады: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) арамыздан кеткеннен кейін, оның үмбетінің арасында байқалған алғашқы нәубет ит басына іркіт төгілген ас та төк молшылық болды. Мұсылмандардың қарны тоқ, көйлегі көк, уайымсыз-қайғысыз өмірден бар есіл-дерті дүниеге ауып, күннен-күнге көздеріне шел бітіп, жақсылық пен жамандықты айырудан қалды»²⁷⁷.

Пайғамбар мен оның отбасының, Әбу Бәкір мен Омардың аштық азабын тартуы

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Бір күні Әбу Бәкір (р.а.) аптап ыстыққа қарамай Пайғамбарымыздың мешітіне тартады. Әбу Бәкірдің келгенін естіген Омар (р.а.): «Уа, Әбу Бәкір, күн жанып тұрғанда, көшеге шыққаның қалай?» – деп сұрады. Әбу Бәкір (р.а.) өзін мұнда өзегін талдырған аштықтың айдап келгенін, тіске сыздық табылар деген үмітпен сыртқа шыққанын айтады. Омар да өзінің басындағы күйдің осы екенін айтады. Олар осы-

²⁷⁶ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 15/1335 (43502)

²⁷⁷ Мүнзири, әт-Тәрғиб 3/100 (3239)

лай сөйлесіп тұрғанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) көрінеді. «Қарғаның миы қайнайтын мына ыстықта не істеп жүрсіндер?» – дейді. Олар көшеге өздерін аштықтың дедектетіп алып шыққанын айтқанда, Нәбиаллаһ: «Аллаһқа ант етемін, мен де осы себепті сыртқа шықтым. Жүргенге жөргем ілінеді, кеттік», – дейді. Олар Әбу Әйюб әл-Ансаридің (р.а.) есігін қағады. Әбу Әйюбтің әрдайым Пайғамбарымызға тамақ не сүт алып қоятын әдеті бар еді.

Аллаһ расулы сол күні күндегі уақытында келмеген соң, оған деп сақтаған тамақты балаларына беріп, өзі шаруамен айналып құрма бауына кеткен болатын. Есікті Әбу Әйюбтің әйелі ашып: «Қош келдіңіздер!» – дейді. Аллаһ расулы (с.а.с.): «Әбу Әйюб қайда?» – деп сұрайды. Пайғамбарымыздың даусын естіген Әбу Әйюб (р.а.) құрма бауынан жүгіріп келіп «Қош келдіңіздер! Уа, Расулаллаһ, мұндай уақытта келмеуші едіңіз, тыныштық па?» – дейді. Аллаһ расулының не мақсатпен келгенін айтқызбай ұққан Әбу Әйюб (р.а.) бау-бақшасынан шырыны сыртқа теуіп, толысып піскені бар, әлі піспегені бар құрма сабағын әкеледі. Расулаллаһ: «Сонша әуре болғаның не, бізге кепкен құрма да жететін еді ғой», – дейді. Әбу Әйюб: «Уа, расулаллаһ, әр түрін татып көргендеріңізді қаладым. Отыра тұрыңыздар, өздеріңізге арнап мал соямын», – дейді. Аллаһ расулы: «Олай болса, сауынды малды сойып қойып жүрме», – деп ескертеді. Әбу Әйюб (р.а.) ұрғашы лақ, басқа риуаят бойынша еркек лақ сояды.

Әбу Әйюб лақтың жартысын асып, жартысын қақтайды. Буы бұрқыраған асты Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен жолдастарының алдына қойғанда, Аллаһ расулы бір жапырақ етті нанның үстіне қойып: «Әбу Әйюб,

мынаны қызым Фатимаға беріп жіберші. Ол мұндай тамақты жемегелі қашан?» – дейді.

Әбу Әйюб (р.а.) Фатиманың сыбағасын баласынан беріп жібереді. Ас желініп, қарын тойғаннан кейін, Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Нан, ет, кепкен құрма, жас құрма, піскен құрма», – дейді де, көзіне жас алып: «Аллаһқа ант етемін, күмәнсіз, қиямет күні осы нығметтерден есепке тартыласыңдар», – дейді. Бұл сөзі сахабаларына ауыр тигенін біліп: «Осындай нығметтерді қолдарыңа алғанда «бисмилләһ» деңдер. Тойған кездерінде «Бізді аштық азабынан құтқарған, бізге нығмет берген және артығымен берген Аллаһқа шүкіршілік айтамын» деңдер. Шүкір ету арқылы Аллаһқа алғыстарыңды білдіре аласыңдар», – дейді.

Сосын Аллаһ расулы Әбу Әйюбқа: «Ертең бізге кел», – дейді өзіне жақсылық жасаған адамның қолын құр қайтармайтын әдетіне салып. Әбу Әйюб (р.а.) күйбендеп жүріп Аллаһ расулының не дегенін естімей қалады. Омар (р.а.) оған Расулаллаһтың оны ертең өзіне шақырғанын жеткізеді. Ертеңіне Әбу Әйюбке Аллаһ расулы бір күнді тарту етіп тұрып: «Әбу Әйюб, оны ренжітіп алып жүрме, біз одан тек жақсылық қана көрдік», – дейді. Әбу Әйюб ол күнді азат етеді²⁷⁸.

Пайғамбарымыздың Үммі Сүләймге сабыр сақтауға кеңес беруі

Пайғамбарымыз (с.а.с.) Үммі Сүләймге былай деген: «Сабыр ет! Аллаһқа ант етемін, жеті күннен бері

²⁷⁸ Ибн Хиббан, Сахих 12/16 (5216). Табарани «әл-Муғжамул-кәбирде» ибн Аббастан (р.а.) Аллаһ расулы мен екі досы Әбу Бәкір мен Омардың бір жолы осылайша Әбул-Хайсәм ибн әт-Тәййихан әл-Ансаридың үйінен ауқаттанып, жалаңдаған аштықтың бетін қайтарғанын риуаят етеді.

Мұхаммедтің отбасында жүрек жалғайтын ештеңе жоқ. Ошағында от жанбағанына үш күн болды. Уаллаһи, Аллаһтан Меккенің тауларын алтынға айналдыруды сұрасам, сөзсіз тілегім қабыл болар еді»²⁷⁹.

Сағыд ибн Әбу Уаққастың аштықтан қиналуы

Сағыд ибн Әбу Уаққас (р.а.) айтады: «Пайғамбармен (с.а.с.) бірге Меккеде күн көріс тауқыметін шектік. Жоқшылыққа бойымыз үйреніп те кеткен еді. Енді сол Аллаһ расулымен бірге өткізген Меккедегі күндерді жиі еске аламын. Бірде түнде дәрет сындыруға шыққанымда дәретімнің жерде бір нәрсеге тигенін көрдім. Қарасам түйенің кепкен терісі екен. Оны алып жуып, отқа қақтап, сонан соң тастың арасына салып үгітіп жеп, артынан су іштім. Сөйтіп осы теріні үш күн бойы азық қылдым»²⁸⁰.

Ол тағы былай дейді: «Аллаһ жолында оқ атқан алғашқыарабмен болдым. Пайғамбарымызбен (с.а.с.) бірге соғысқа шыққанымызда сағыз ағашының жемісі мен жапырақтарынан басқа жейтін ештеңе болмағандықтан, қойлар секілді құмалақ тастайтынбыз»²⁸¹.

Микдат ибн Әсуад пен екі жолдасының аш қалуы

Микдат ибн Әсуад (р.а.) айтады: «Аштықтан қатты қиналған соң, жолдастарыммен бірге Аллаһ расулының сахабаларына бардық, бірақ бізді ешкім қонақ қып күте алмады. Ақырында, Пайғамбарымыз бізді өз үйіне ертіп апарды. Ол кезде Пайғамбарымыздың үйінде үш са-

²⁷⁹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 7/350 (18635)

²⁸⁰ Әбу Нуайм, Хилия 1/93

²⁸¹ Бұхари, Сахих 5/2371 (6088)

уын ешкі бар еді. Осы ешкілердің сүтін Расулаллаһ бізге бөліп беретін. Біз сүттің өзімізге тиесілі бөлігін ішіп, бір бөлігін Аллаһ елшісіне алып қалатынбыз. Аллаһ елшісі үйге кіргенде, ұйқыдағы адамды оятпайтындай, бірақ ояу адам еститіндей етіп ақырын сәлем беретін. Бір күні шайтан азғырып «Пайғамбарға тиесілі сүтті іше салсаң не қылады? Пайғамбар ансарға барса, сол жерде оны қонақ қылып күтеді емес пе?» деген ой келді. Содан шыдай алмай сүттің бәрін ішіп қойдым. Сүтті ішуіне ішіп ап: «Не істеп қойдың? Қазір Мұхаммед келсе, сүтін ішіп қойғанын көріп мені қарғаса, құрдымға кететін шығармын», – деп уайым жедім. Қасымдағы екі жолдасым өздеріне тиесілі сүтті ішіп, жатып қалған-ды. Ал мен ұйықтай алмай, дөңбекшумен болдым. Үстімді жапсам аяғым, аяғымды жапсам үстім ашылып қалатын тілдей жамылғым бар еді. Сөйтіп жатқанда, Аллаһ расулы келіп, намазын оқыды. Сосын сүтке қарады. Сүт жоқ екенін көріп, қолын жайды. Мен: «Енді мені қарғайды, қазір мен құримын», – деп ойлап жатқанымда, Аллаһ расулы «Уа, Раббым! Мені тойдырғанды тойдыр, маған ішкізгенге ішкіз», – деп дұға етті. Осыны ести сала, үстімдегі жамылғымды алып тастап, үлкен пышағымды алып қораға бардым. Ойым – семізін таңдап Аллаһ расулына сойып беру. Ешкілерді көріп, таң қалдым. Барлығының желіндері сүтке толып тұр екен. Сосын Пайғамбарымыздың үйінен сүт сауатын ыдысты алып кеп, ешкілерді сауа бастадым. Сүтті әкеліп, Пайғамбарымызға бердім. Ол ішіп болған соң, маған берді. Мен де іштім де, қайтадан өзіне бердім. Ол ішіп, қайтадан маған берді. Мен тағы да іштім. Сосын бұл оқиғаға ішек-сілем қатып күлдім. Ол маған: «Әй, Микдат, бұл сенің жамандықтарыңның

бірі», – деді. Мен оған болған жайтты айта бастадым. Расулаллаһ: «Бұл Аллаһтың рақымдылығы. Әттең, екі жолдасыңды да оятып, оларға да сүттен бергеніңде ғой» деді. «Сені хақ дінмен жіберген Аллаһқа ант етемін, сен ішіп тойдың, мен сенен артылғанды ішіп тойдым, енді оларды ұмыт қалдырғаныма ренжімеймін» дедім».²⁸²

Әбу Һұрайраның аштықтан ішіне тас байлап алуы

Әбу Һұрайра (р.а.) айтады: «Уаллаһи, аштықтан жерге сүйретіліп, аяғымды зорға басып, ішіме тас байлап алатынмын. Бір күні халық көп жүретін бір жерге барып отырғанымда, Әбу Бәкір (р.а.) қасымнан өтті. Мені ертіп алар, үйіне қонақ етер деген дәмемен сәл кідіртіп, одан бір аят жөнінде сұрақ сұрадым, бірақ ол мені өзіне ертпеді. Сосын Омар (р.а.) өтіп бара жатты. Одан да әлгіндей мақсатпен Құраннан аят сұрадым. Ол да мені шақыра қоймады. Сол кезде Расулаллаһ (с.а.с.) жанымнан өтті. Ол менің сөзімнің астарын түсініп: «Әбу Һұрайра! Менімен жүр, үйге барайық», – деді. Үйіне барып, рұқсат алып, ішке кіргенімде, бір шыныаяқ сүтті көзім шалды. Расулаллаһ үйіндегілерден бұл сүттің қайдан келгенін сұрады. Олар сүтті біреудің беріп кеткенін айтты. Аллаһ расулы: «Әба Һирр! Сен барып суффалықтарды да шақырып кел», – деді.

Суффа сахабалары Исламның қадірлі қонақтары болатын. Олардың бала-шағалары да, дүние-мүліктері де жоқ еді. Пайғамбарымыз өзіне берілген сыйлықтың бір бөлігін өзі алып, қалғанын соларға жіберетін. Садақа келсе, барлығын соларға жіберіп, садақаға қолын да

²⁸² Мүслим, Сахих 3/1325 (2055)

тигізбейтін. Расулаллаһтың оларды шақырғанына мен іштей ренжіген едім. Өйткені, сүтті ішіп, бір тойып қалатын болдым-ау деп ойлағанмын. Ішімнен: «Сүтті келген жамағатқа берсем, мен не ішем?! Бірақ, Аллаһ пен расулына бағынуым керек», – деп күбірледім. Барып суффадағыларды шақырып келдім. Олар келіп, ішке кіруге рұқсат сұрады. Рұқсат алғаннан кейін отырып, жайғасты. Сосын Аллаһ расулы: «Әба Һирр, оларға шыныаяқты толтырып сүт бер», – деді. Мен ыдысты қолыма алып, кезекпен сүт бере бастадым. Олар сүттен тойғанынша ішіп, ыдысты қайтадан өзіме қайтарып беріп отырды. Осылайша соңғы адамға дейін сүтті аралатып шықтым. Ең соңында ыдысты Пайғамбарымызға бердім. Ыдысты қолына алғанда ішінде біраз сүт қалған еді. Басын көтеріп маған қарап күлімсіреп: «Әй, Әба Һирр! Сен екеуміз қалдық», – деді. «Иә, мен әлі ішкен жоқпын», – дедім. Ол: «Отыр, сен де іш», – деді. Мен отырып сүтті іштім. Сосын ол «Тағы да іш» деп бірнеше рет қайталады. Ақырында, мен: «Жетеді, сені хақ дінмен жіберген Раббыма ант етемін, әбден тойдым», – дегеннен кейін шыныаяқты алып, қалған сүтті өзі ішті²⁸³.

Тағы бірде үш күн бойы нәр татпаған болатынмын. Суффаға барамын деп шығып, аштықтан құлап-сүрініп әзер жеттім. Көшедегі балалар бұл түрімді көріп: «Әбу Һұрайра жынданыпты», – деп мазақ етісіп жатты. Мен оларға: «Өздерің жындысындар», – дедім де суффаға бардым. Қарасам, Пайғамбарымыз (с.а.с.) өзіне сыйға тартылған екі ыдыстағы тамақты әкеліп, қонақтарына беріп жатыр, ал әлгілер жеп отыр екен. Мені де шақырып

²⁸³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/101

қалар деген үмітпен мойнымды созып, Аллаһ расулына көрінуге тырыстым. Жамағат орындарынан тұрған кезде, ыдыстарында тамақтың жұғынынан басқа ештеңе қалмапты. Аллаһ расулы соларды жинап, маған «Қане, «бисмилләһ» деп же», – деді. Аллаһқа ант етемін, соны жеп, қарным тойды»²⁸⁴.

Ибн Сирийн айтады: «Бір күні Әбу Һұрайраның (р.а.) қасында едік. Үстінде қызыл түсті екі бөлек зығыр киімі бар екен. Олардың бірімен мұрнын сүртті де: «Апырай, Әбу Һұрайраға қарасаңшы! Мұрнын зығырмен сүртеді. Уаллаһи, сол сәттерімді еске аламын, Пайғамбарымыздың мінбері мен Айшаның (р.а.) бөлмесі арасында есімнен танып, етбетіммен жерге құлайтынмын. Көргендер келіп мойнымды аяғымен басып көріп, мені ауру деп ойлайтын. Алайда менің естен тануымның себебі аштық болатын», – деді²⁸⁵.

Әбу Һұрайраның осы жағдайы туралы мынадай дерек те бар: «Уаллаһи басымнан мынадай жағдай өткен еді. Мен Аффанның баласы мен Ғаузанның қызына тамақ пен аяқ киім үшін қызметшілік жасадым. Бір жерге баратын кезде мінетін малдарын айдап, үйлерінде жоқ кезде, үй жұмыстарын істейтінмін. Ғаузанның қызы бір күні маған: «Түйені судың басына жалаңаяқ апарып, қайтарда шөктірмей мінетін бол» деді. Кейіннен Аллаһ маған осы әйелге үйленуді нәсіп етті. Қазір енді мен оған: «Түйені судың басына жалаңаяқ апарып, шөктірмей мін», – дейтін болдым²⁸⁶.

²⁸⁴ Мүнзири, әт-Тәрғиб 4/108 (5004)

²⁸⁵ Бұхари, Сахих 6/ 2670 (6893)

²⁸⁶ Ибн Сағид, Табақат 4/53

Әбу Бәкірдің қызы Әсманың аштыққа тап болуы

Әсма (р.а.) айтады: «Бір күні Пайғамбарымыздың Бәни Надир алқабынан Әбу Сәләма мен Зубәйрге бөліп берген жеріне барған болатынмын. Зубәйр Аллаһ расулымен бірге шығып кеткен еді. Бір яһуди көршіміз бар болатын, сол қой сойып, ет пісіріп жатыр екен. Еттің иісі аңқып, жегім келіп, аңсарым ауды. Әлі есімде, қызым Хадишаға жүкті кезім. Шыдай алмай, «Бәлкім, маған да берер» деген оймен оттық алуды сылтау қылып, яһудидің әйеліне бардым. Негізінде, маған оттық керек емес еді. Еттің өзін көргенде, сілекейім ағып кетті. Алған оттықты сөндіріп, тағы да барып сұрадым. Сөйтіп, үшінші рет оттық сұрап барғанда, шыдай алмай жылап, Аллаһқа дұға еттім. Кейіннен яһуди әйелдің күйеуі үйіне келіп, әйелінен: «Үйге біреу келді ме?» – деп сұрапты. Әйел: «Бір араб әйел келіп, оттық сұрады», – депті. Күйеуі: «Сол әйелге мына еттен жібермейінше, етті аузыма алмаймын», – депті. Сөйтіп, олар маған ет беріп жіберді. Қатты қуанғаным соншалық – жер бетінде мен үшін сол еттен дәмді еш нәрсе жоқтай болып көрінді»²⁸⁷.

5. САХАБАЛАРДЫҢ АШТЫҚ АЗАБЫН ТАРТУЫ

Хандақ соғысындағы аштық пен азынаған суық

Бірде Пайғамбарымыздың сахабасы Әбу Жихадқа ұлы былай дейді: «Әке, сіздер Аллаһ расулының көзін көріп, онымен жүзбе-жүз тілдесіп, дидарластыңыздар.

²⁸⁷ Ибн Хажар, әл-Исабә 4/53

Әттең, сондай мүмкіндік маған да берілгенде ғой, өмірге ертерек келгенімде, шіркін, не істейтінімді көрер едіңдер», – дейді. Әкесі: «Балам, Аллаһтың азабынан қорық, жөн сөйле. Аллаһқа ант етемін, Хандақ соғысы болған түні Пайғамбарымыздың қасынан табылды. Ол бізге былай деді: «Кім жаудың сырын біліп қайтса, яғни жау жағына өтіп, бізді жеңіске жеткізетін ақпарат әкелсе, Аллаһ қиямет күні жұмақта оны маған жолдас қылады», – деді. Өзі аш, суықтан бүрсендеген адамдардың ешқайсысы орнынан қозғала қоймаған соң, Аллаһ расулы осы сөзін үш рет қайталады. Ақыры, ешкім алға суырылып шыға қоймаған соң, «Әй, Әбу Хузайфа, сен бар» деді²⁸⁸.

Ибн Мәсғуд (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) әбден ашығып, әбіржіген сахабаларына: «Сүйінші! Жақында араларыңнан біреуің таңертеңгісін және кешкісін сорпа ішетін боласыңдар», – деді. Сахабалар: «Уа, Расулаллаһ, ол күні жағдайымыз жақсы болады екен ғой», – десті. Сонда Аллаһ расулы: «Керісінше, қазіргі жағдайларың сол күннен әлдеқайда артық», – деді²⁸⁹.

Мұхаммед ибн Сирин: «Сахабалардың үш күн бойы нәр татпай, малдың терісін отқа қақтап талғажау еткен кездері болды. Ол табылмаса, іштеріне тас байлап алатын», – деген²⁹⁰.

Кейбір сахабалардың намаз үстінде аштықтан титықтап құлауы

Фудала ибн Убәйд (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) жамағатқа имам болып, намаз

²⁸⁸ Ибн Хажар, әл-Исабә 4/35

²⁸⁹ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид, 10/581 (18278)

²⁹⁰ Мүнзири, әт-Тәрғиб 4/109 (5010)

оқытып тұрғанда, аштықтан титықтаған суффа сахабалары түрегеп тұруға шамалары келмей, гүрс етіп құлайтын. Мұсылмандардың әрбір қимылын қалт жібермейтін мүшріктер: «Мыналар жынданғаннан сау ма?» – дейтін. Аллаһ расулы (с.а.с.) намазын оқып болған соң, сахабаларына: «Аллаһтың сендерге дайындаған сый-құрметін көргендерінде бастарыңды қатерге тігіп, бұдан да ауыр сынаққа тәуекелге бел буар едік» деп армандайтын едіңдер», – дейтін²⁹¹.

Сахабалардың жапырақ жеп жан сақтауы

Әнәс (р.а.) Расулаллаһтың жеті сахабасының талғажау етіп, бір құрманы бөліскенін, ол ол ма, жерге түскен ағаш жапырақтарын да талғажау еткенін айтады. «Содан болар, олардың ұрттары ісініп кететін еді», – дейді²⁹².

Әбу Һұрайра (р.а.): «Жеті бірдей сахаба аш қалғанда, Пайғамбарымыз (с.а.с.) маған жеті құрма ұстатып, оларға апаруымды тапсырды. Әрқайсысына бір құрмадан тиді», – дейді²⁹³.

«Бірде қатты титықтатқан аштықтан екі қолымды төбеме қойып, айдалаға безіп кеткім келді. Кеткенде, бірақ, қайда барамын? Мешітке тарттым. Саусақпен санарлық сахабаның отырғанын көрдім. «Тыныштық болғай, Әбу Һұрайра, бұл уақытта не істеп жүрсің?» – деді. «Аштық қой, басқа не болушы еді?» – дедім. «Уаллаһи, біз де аш бөрідей ұлып отырмыз», – деді олар. Қиналған сәтте анасын іздеген бала секілдіміз, басымыздан не өтсе де, не істесек те, баяғы іздеп табаты-

²⁹¹ Тирмизи, Сүнән 4/583 (2368)

²⁹² Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид, 10/579 (18274)

²⁹³ Ибн Мажә, Сүнән 2/1392 (4157)

нымыз – Аллаһ расулы. Осы жолы да соның үйін бетке алдық. Ол бейуақта неге келгенімізді сұрады. Біз ащы ысқырығы табанымыздан тоздырған аштық азабын айтып, келу себебімізді түсіндірдік. Пайғамбарымыз бір табақ кепкен құрма алдырып, әрқайсымызға құрмадан берді. «Менде бары құрма. Артынан су ішсеңдер, ашыққандарыңды басады», – деді. Мен құрманың біреуін тауысып, екіншісін қалтама салдым. Аллаһ расулы: «Әбу Һұрайра, екіншісін жемедің ғой?» – деді. Мен оны анама қалдырғанымды айтқанымда, «Оны өзің же, анаңның сыбағасы бөлек», – деді де, қолыма тағы екі құрма ұстатты²⁹⁴.

Әнәс (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз сүйектен өтіп кететін таңғы суыққа қарамай, ор қазып жатқан ансарлар мен мұһажырлардың қалай жұмыс істеп жатқанын өз көзімен барып көреді. Олардың ауысып істейтін құлдары да жоқ еді. Аш құрсақ сахабалардың ауыр жұмыстан қашпай, бір Аллаһтың разылығын көздеген жанкештілігіне көңілі толқыған Пайғамбарымыз: «Аллаһ тағалам! Нағыз өмір – ақырет өмірі, ансарлар мен мұһажырларды кешір!» – деп дұға етеді. Сахабалар: «Біз Мұхаммедке қасық қанымыз қалғанша, жиһад етуге серт бергенбіз», – дейді²⁹⁵.

Жабир (р.а.) айтады: «Біз Хандақ шайқасы қарсаңында ор қазып жатып, ағаштың кетпен батпайтын тістей қатқан тамырына кезігіп, бөгеліп қалдық. Сахабалар әдеттегінше Аллаһ расулына жұмыстың не себепті тоқтап қалғанын жеткізеді. Аллаһ расулы: «Мен байқап көрейін», – деп орнынан тұрады. Ол аштықтан

²⁹⁴ Ибн Сағьд, әт-Табақатул-кубра 4/329

²⁹⁵ Бұхари, Сахих 4/ 1504 (3873)

ішіне тас байлап алған болатын. Өйткені біз үш күн бойы нәр сызбаған едік²⁹⁶.

Жұма күндері талай сахабаның ұртын майлап, сауап алған әйел

Сәхл ибн Сағыд (р.а.) айтады: «Егіс алқабына қызылша егетін бір әйел бар еді. Жұма күндері қызылшаларды қазанға салып, бір уыс арпа үгітіп, майсыз тағам әзірлейтін. Тамырымен бірге салынған қызылша біз үшін майлы жіліктен кем соқпайтын. Жұма күні намаздан қайтқанда, сол әйелге соғып, сәлем беретінбіз. Ол бізге өзі пісірген тамағын ұсынатын. Сондықтан да жұма күнін асыға күтетінбіз»²⁹⁷.

6. ДІНГЕ ШАҚЫРУ ЖОЛЫНДА ШӨЛ АЗАБЫНА ШЫДАУ

Сахабалардың Тәбүк соғысында шөл азабын тартуы

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Омарға (р.а.) «(«Тәубе» сүресінің 117-аятындағы) Қиын кездер туралы білгенінді айтып бересің бе?» – деп сұрақ қойылғанда, ол былай деді: «Аңылжыған аптапта Тәбүк жорығына шықтық. Жолда ат шалдырдық. Жасыратыны жоқ, қаталағанымыз соншалық – барар жерімізге жетпей, баудай түсіп, шыбындай қырылатын шығармыз деп те ойладық. Арамыздан бірқатарымыз өз жасағына барып, қайтар жолда сүйретіліп өлуден қорқып кері қайта алмай жататын. Тіпті, кейбіреулер түйесін сойып, ішек-қарнындағы қидың сығындысымен таңдай жібі-

²⁹⁶ Бұхари, Сахих 4/ 1505 (3875)

²⁹⁷ Бұхари, Сахих 1/ 317 (896)

тетін. Шөл азабынан шөге түсіп, әбден титықтадық. Әбу Бәкір (р.а.): «Уа, Расулаллаһ, Хақ тағала саған қайырлы дұғалар жасауды үйретті. Біз үшін дұға етіңіз», – деді. Пайғамбарымыз: «Шынымен дұға еткенімді қалайсыңдар ма?» – деп сұрады. «Әрине», – деп жауап қатты Әбу Бәкір. Осы кезде Аллаһ расулы екі қолын көкке көтерді. Қолын түсірмей жатып, аспанда бұлт пайда болды. Сонан соң ақырын сіркіреп жаңбыр жауа бастады, арты нөсерге ұласты. Сахабалар ыдыстарын суға толтырып алды. Бір таңғаларлығы: кейіннен байқадық жаңбыр тек мұсылман әскері тұрған жерге ғана жауыпты»²⁹⁸.

Йәрмук соғысында Харис, Икритма және Айяш қалай шейіт болды?

Хабиб ибн Әбу Сәбит (р.а.) айтады: «Харис ибн Хишам, Икритма ибн Әбу Жәһіл және Айяш ибн Әбу Рабиға (басқа бір риуаятта үшінші адамның Айяш емес, Сүһәйл ибн Амр екендігі айтылады) Йәрмук күні майдан даласында оңбай жараланып, аяқ басуға шамалары келмей қалады. Харис ерні кезеріп су сұрайды. Өзіне әкелген суға Икритманың де көзі түсіп, жұтынғанын байқаған ол: «Суды Икритмаға бер», – дейді. Икритма болса, Айяшқа жаны ашып: «Суды Айяшқа бер», – деді. Алайда, Айяш суға ерні тимей жатып жан тапсырады. Сөйтіп, үшеуі де суды іше алмастан шейіт болады»²⁹⁹.

²⁹⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/9

²⁹⁹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 10/792 (30255)

7. АЛЛАҒ ЖОЛЫНДА СУЫҚҚА ШЫДАУ

Жорықта жүрген сахабалар суықтан қалай қорғанды?

Әбу Райхана (р.а.) айтады: «Әлдебір жорыққа Аллаһ расулымен (с.а.с.) бірге аттандым. Түнде қырқа-қыраттың ығын паналасам та, суықтан қалтырап тоңа бастадық. Жаурағанымыз сонша – кейбіреулер денесі сиятындай ор қазып, сол орда суықтан қорғанып, бетін қалқандарымен жауып алғанын да көрдім. Суықтан сұры қашқан сахабаларына Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Бүгін түнде бізді кім күзетеді? Сол үшін дұға етемін, ол адам үлкен жақсылықтарға кенеледі», – деді. Ансардан біреу: «Мен күзетейін, уа, Расулаллаһ», – деді. «Сен кімсің?» – деп сұрағанда, әлгі адам атын айтты. Пайғамбарымыз оған: «Бері жақында», – деді де, оның киімінің пұшпағынан ұстап тұрып, дұға етті. Мен Пайғамбарымыздың дұғасын естіп: «Мен де күзетемін, уа, Расулаллаһ», – дедім. «Сен кімсің?», – деп сұрады ол. «Әбу Райханамын», – дедім. Расулаллаһ (с.а.с.) маған қысқаша дұға етті де, «Аллаһ жолында түн ұйқысын қиып, жолдастарының тыныштығын күзеткен көзге тозақтың оты харам қылынған», – деді³⁰⁰.

8. ДІН ЖОЛЫНДА КИЕР КИІМГЕ ЖАРЫМАЙ ТАРШЫЛЫҚ КӨРУ

Хаббаб ибн Әрәт (р.а.) айтады: «Шейіт болған Хамзаны (р.а.) кебіндейтін жалғыз шапаннан басқа ештеңе таппадық. Шапанмен аяқтарын қымтасам басы, жүзін жасырсам аяқтары ашылып қала берді. Сосын ша-

³⁰⁰ Ибн Хажар, әл-Исабә 2/156

панмен жүзін бүркеп, екі аяғын хош иісті изхир атты өсімдікпен қымтаған болдық»³⁰¹.

Шурахбил ибн Хасананың оқиғасы

Абдуллаһтың қызы Шифа (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымызға (с.а.с.) киім сұрай бардым. Ол беретін ештеңесі жоқ екенін айтты, бірақ мен іштей сенбей тұрдым. Сол кезде намаз уақыты кірді. Мен кідірмей Шурахбил ибн Хасанамен отасқан қызымды бетке алдым. Шурахбил үйінде екен. Шурахбилден: «Намаз уақыты кірді ғой, сен неге үйде отырсың?» – деп сұрадым. «Нағашы әпке, мені жазғыруға асықпа. Бір киерім бар еді, оны Расулаллаһ сұрап алды», – деді. «Мен бүгін ол туралы жаман ойлап қалған едім. Демек, маған өтірік айтпаған болды ғой», – дедім. Шурахбил: «Шынында, Аллаһ расулының біз жамап-жасқап берген сол киімінен басқа киімі жоқ болатын», – деді³⁰².

Фатиманың (р.а.) жасауы

Али (р.а.) былай деген: «Уаллаһи, Пайғамбарымыздың (с.а.с.) қызы Фатимаға үйленгенімде менің сілкіп салар тулағым да жоқ болатын. Аллаһ елшісі берген қошқар терісі түнде төсегіміз, күндіз түйеге жем беретін дорбамыз болды. Фатимадан (р.а.) басқа үйде қызмет ететін қызметшім де болған емес»³⁰³.

Сахабалардың аптап ыстықта жүннен тоқылған киім киюі

Ибн Бурәйда (р.а.) айтады: «Бірде әкем: «Сен сол кездегі бізді көрсең ғой. Бір күні Пайғамбарымызбен

³⁰¹ Табарани, әл-Мугжамул-кәбир 4/73 (3680)

³⁰² Ибн Хажар, әл-Исабә 2/271

³⁰³ Ибн Сағид, әт-Табақатул-кубра 2/271

(с.а.с.) бірге жаңбырдың астында қалдық, сонда қойдың жүнінен тоқылған киіміміз малмандай болып, қолқа атқан күлімсі шуаш иісінен қайда қашып құтыларымызды білмедік», – деген еді»³⁰⁴.

Суффа сахабаларының шоқпыт киюі

Әбу Һұрайра (р.а.) былай деген: «Суффалық жетпіс адамды көргенім бар. Олардың арасынан иіні бүтін адамды көрмедім. Үстінде ұзын көйлектері немесе мойындарына орай артқа тастаған киімі кейбірінің балтырына дейін жетсе, кейбірінің тобығына дейін түскен. Тіпті кейбіреу әурет жерім ашылып қалмасын деп, киімдерін қолдарымен жабатын»³⁰⁵.

Айшаның (р.а.) айтуынша, бірде әлдекім іздеп келеді. Айша әлгі адамға: «Басыңды көтеріп, менің күңіме қарашы. Үстіндегі мына киімін үйдің ішінде киіп жүргісі келмейді... Пайғамбарымыздың (с.а.с.) көзі тірі кезінде мен осындай көйлектің өзін көп көретінмін. Мәдинада сәні мен салтанатын асырғысы келген әйел заты менің бір киімдерімді арнайы адам жіберіп, сұратып алатын», – деген.³⁰⁶

9. АЛЛАҒ ЖОЛЫНДА ҮРЕЙЛЕНУ

Сахабалардың Хандақ соғысында аштыққа, қорқыныш мен суыққа төзуі

Хузайфаның (р.а.) немере інісі Абдулазиз айтады: «Көкем Хузайфа (р.а.) Аллаһ расулымен (с.а.с.) бірге болған жорықтары туралы айтқанда, оның әңгімесіне құлақ түріп отырғандар: «Уаллаһи, біз сол соғысқа

³⁰⁴ Әбу Дәуіт, Сүнән 2/442 (4033)

³⁰⁵ Мүнзири, әт-Тәрғиб 4/111 (5016)

³⁰⁶ Бұхари, Сахих 2/ 926 (2485)

қатысқанда ғой, былайша істер едік», – дейді. Хузайфа (р.а.) «Олай демендер. Уаллаһи, Хандақ шайқасындағы түндер әлі күнге есімде. Сапқа тізіліп отырған едік. Әбу Суфиян бастаған жаудың қолы алдыңғы жағымыздан, ал Құрайза яһудилері артқы жағымыздан қамады. Артта қалған бала-шағаны ойлап, жаудың кесірі тие ме деп қатты алаңдадық. Өмірімізде сол күнгідей тас қараңғы әрі боранды түнді көрген емеспіз. Азынаған боранның үні құлағымызды шыңылдатты. Көзге түртсе көргісіз қараңғылықтан алға созған өз қолымызды өзіміз көре алмаймыз. Жаны қысылған мұнафықтар Пайғамбарымыздан «Үйіміз қараусыз, қорғаусыз қалды» деп әр нәрсені сылтауратып, кері қайтуға рұқсат сұрай бастады. Шындығында, үйлері қараусыз қалмаған болатын. Аллаһ расулы кері қайтқысы келген мұнафықтардың жолын бөгемеді. Ақыры кететіндері кетіп тынды. Үш жүздей адам қалдық. Қатарымыз азайған сайын Пайғамбарымыз әрбіреуімізге жете назар аударып, жіті қадағалай бастады. Менің иінімде әйелімнің қолынан шыққан, тізеден аспайтын жүннен тоқылған киімнен басқа қамсау жоқ еді. Аллаһ расулы жаныма келгенде, тісім-тісіме тимей екі бүктетіліп, тізерлеп отырған едім. «Сен кімсің? Атың кім?» – деп сұрады. «Хузайфа», – деп жауап бердім. «Хузайфа!» – деп қайталады ол. Мен еріксіз орнымнан тұрып: «Не бұйырасыз, уа, Расулаллаһ?» – дедім. Аллаһ расулы: «Жау жактан келіп жатқан хабарлардың дені әр түрлі. Қайсысына сенерінді білмейсің, маған нақты мәлімет керек», – деді».

Сарбаздардың ішінде шыбық тимей жатып шыр етер су жүрек қорқағы да, тонғағы да мен едім. Сонда да жолға шықтым. Пайғамбарымыз мен үшін:

«Аллаһ тағалам! Оны үстінен, астынан, оң жағынан, сол жағынан, алдынан, артынан келетін қауіп-қатер, бәле-жаладан қорға», – деп дұға етті. Уаллаһи, оның дұғасынан кейін Раббым ішімдегі үрейімді сейілтіп, бойыма қуат берді. Пайғамбарымыз мені аттандырып тұрып: «Хузайфа! Менің қасыма қайтып оралғанша, асығыс әрекетке барып, ши шығарып жүрме», – деп ескертті.

Ақырын жүріп, анық басып дұшпанның ордасына жақындадым. Желдің екпінімен ұйытқи лаулаған оттың жарығымен қараң-құраң еткен мүшріктерді бақылай бастадым. Мына суықтан мүшріктердің қолын отқа жылытып, сонсоң бүйірін таянып: «Кері қайтайық», – деп күбірлеп отырған ірі денелі біреуге назарым ауды. Әбу Суфиянды бұрын-соңды көрмесем де, ішкі түйсігім оның сол адам екенін айтып тұрды. Отырған жерінде жайратып тастағым келді. Ұшы жалтылдаған жебемді сайладым. Сол кезде Пайғамбарымыздың ескертуі есіме түсті де, өз-өзімді тежедім. Сосын бойымды батылдық билеп, мүшріктердің қалың ортасына дейін бардым. Алдымен көргенім Амирулдары болды. Олар бір-біріне: «Әй, Амирулдары, кері қайтыңдар, енді бұл жерде тұруға болмайды», – деп жатыр екен. Ызғарлы жел тек солардың қолы тұрған жерде ғана борап тұрған еді. Дауыл ұшырған тастардың әлденеге соқтығысып тарсылдаған даусын естідім. Дереу келген ізіммен кері қайттым. Жолдың жарымын еңсергенде, бастарына сәлде ораған жиырма шақты атты әскерді кезіктірдім. Олар: «Жолдасыңа айта бар, Аллаһ оған көмек жіберді», – деді. Қайтып оралғанымда, Пайғамбарымыздың бір жамылғыны қымтанып, намаз оқып отырған үстінен түстім. Аллаһқа ант етейін, қайтып келер-келмес бойым-

ды қайта үрей билеп, тоңа бастадым. Аллаһ расулы намаз оқып тұрып, қолымен ымдады. Жақындағанымда жамылғысын менің үстіме жапты. Пайғамбарымыздың аса маңызды немесе қиын жағдайларда намаз оқитын әдетін жақсы білетінмін. Оған көрген-білгенімді айтып бердім».

Хузайфа (р.а.) айтады: «Осы оқиғаға қатысты Хақ тағала мынадай аятты түсірді:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтың берген нығметтерін естеріңе түсіріңдер. Күш біріктірген жаудың қолы сендерге жорыққа шықты. Біз оларға қарсы дауыл тұрғызып, сендер көре алмайтын әскер жіберген едік. Аллаһ жасаған барлық істеріңді көреді. Ол кезде олар алдыңғы және артқы жақтарыңнан келген еді. Көздерің бақырайып, жүректерің ауыздарыңа тығылған еді. Сендердің де имандарың толқын соққан қайықтай шайқалақтап, түрлі-түрлі ойға бой алдырдыңдар. Міне, сол жерде мүміндер ауыр сынаққа тартылып, сарсаңға түскен еді. Мұнафықтар мен жүрегін күмән билегендер: «Аллаһ пен расулының бізге жеңісті тек бізді алдау үшін уәде еткен екен ғой», – деді. Кейбіреуі: «Ей, Йәсрибтіктер! Бұл жерде дұшпанға қарсы тұра алмасаңдар, үйлеріңе қайтыңдар», – деді. Басқа біреулері: «Үйіміз қараусыз және қорғаусыз қалды», – деп майдан шебінен кеткенше асықты. Алайда, олардың үйлеріне қауіп төнген жоқ еді, олар тек шайқастан қорқып, сытылып кетудің сылтауын іздеді» (Ахзап, 33/9-13)³⁰⁷.

³⁰⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/114

10. АЛЛАҒ ЖОЛЫНДА ҚАНДАЙ ҚИЫНДЫҚҚА БОЛСА ДА, ТӘУЕКЕЛ ЕТУДІҢ ТАҒЫ БІР МЫСАЛЫ

Амр ибн Жәмухтың оқиғасы

Сәләмаұлдарының бетке тұтар кейбір азаматтары былай деген: «Амр ибн Жәмух (р.а.) ақсақ болатын. Оның бірінен-бірі өткен сайдың тасындай үш ұлы бар еді. Олар Аллаһ расулымен барлық жорыққа қатысты. Бірде ұлдары әкесінің сылтып басатын кемтарлығын ойлап, Ұхұд соғысына қатысуына қарсы болғанда, Амр (р.а.) Пайғамбарымызға (с.а.с.): «Уа, Расулаллаһ, менің Аллаһ жолында және сенің қол астыңда жауға атой сап, жорыққа шығуыма балаларым қарсы болып жатыр. Уаллаһи, мына ақсақ аяғыммен жұмаққа барғым келеді», – дейді. Пайғамбарымыз: «Аллаһ сенің жағдайыңды да, не ойлағаныңды да жақсы біледі, сондықтан да саған жиһад парыз емес», – дейді. Алайда Аллаһ расулы Амрдың риясыз көңілінен туған осынау тілегін жерге тастағысы келмей, оның ұлдарына: «Әкелеріңнің жолын бөгемендер, бұған қақыларың да жоқ. Хақ тағала оған шейіттікті нәсіп етеді деп үміттенемін», – дейді. Сөйтіп, Амр ибн Жәмух Расулаллаһпен бірге Ұхұд соғысына қатысып, шейіт болады³⁰⁸. Осы оқиғаға куә болған Әбу Қатада (р.а.) айтады: «Амр ибн Жәмух Пайғамбарымызға келіп: «Шейіт болсам, жаннатта ел сияқты екі аяғымды тең басып жүре аламын ба?» – деп сұрайды. Расулаллаһ: «Иә», – деді.

³⁰⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/37

Ұхұд соғысында мүшріктер оның өзін, немере інісін және азат еткен құлын өлтірді. Шайқастың күн жүзін көлегейлеген шаңы басылған сәтте, Пайғамбарымыз (с.а.с.) Амрдің өлі денесінің жанына келіп: «Амрды ақсақ аяғы жұмақта жазылып, екі аяғын тең басып жүргенін көріп тұрғандаймын», – деді»³⁰⁹.



³⁰⁹ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид, 9/523 (15746)

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

ҒИЖРЕТ



Сахабалар енді қайтып оралмайтынын біле тұра атақонысын қалай қиып тастап кетті? Кір жуып, кіндік кескен жерден кетуіне не түрткі болды? Аллаһ жолында дүние-мүлкін қалай жұмсады? Дінді сақтау мақсатында бір жерден екінші жерге қалай көшті? Сахабалардың осынау жанкештігі олар құдды ақырет үшін, ал дүние солар үшін жаратылғандай әсер қалдырады.

1. АЛЛАҒ РАСУЛЫ МЕН ӘБУ БӘКІРДІҢ ҒИЖРЕТІ

Құрайыш бетке тұтарларының Пайғамбарымызға қастандық жасау үшін жиналуы

Уруа (р.а.) айтады: «Хазірет Мұхаммед (с.а.с.) өзінің пайғамбарлық қызметінің 13-жылының соңына қарай, қажылықтан кейінгі мухаррам және сафар айларында Меккеде болды. Осы аралықта Құрайыш мүшріктері Аллаһ расулының Меккеден кететінін, Мәдинаны паналап, бекініс еткенін естіді. Мәдиналықтардың Исламға кіргенінен, басқа мұсылмандардың да сол жаққа көшкенінен құлағдар болады. Расулаллаһқа өшіккен мүшріктер оның көзін жоймақ болды. Екі әлем сардарын өлтіру, қамауға алу, я болмаса Меккеден аластау

– осы үшеуінің біреуіне тоқтап, нақты әрекетке көшу үшін бас қосады. Хақ тағала олардың қандай қастандық ұйымдастырғанын Пайғамбарымызға былай білдіреді:

«Бірде кәпірлер сенің аяқ-қолыңды байлап зынданға тастасақ па, әлде өлтірсек пе, не болмаса елден қусақ па деп, жоспар құрды. Олар тұзақ құра берсін, Аллаһ та тұзақ құрды. Аллаһ тұзақ құрғандардың ең күштісі» (Әнфал, 8/30).

Расулаллаһ (с.а.с.) Әбу Бәкірдің (р.а.) үйінен қайтып келе жатқан түні мүшріктердің өзін ұстауға дайындалып жатқаны туралы хабар алады да, Әбу Бәкір екеуі түн жамылып, Сәур тауындағы үңгірді бетке алады. Құранда «Тәубе» сүресінің 40-аятында айтылған үңгір осы үңгір болатын. Сол түні Али (р.а.) тірі жанның көзіне түспей, Пайғамбарымыздың төсегіне барып жатады. Құрайыш мүшріктері түні бойы нақты бір шешімге келе алмайды. Ертеңгісін Пайғамбарымыздың орнын ғана сипап қалады. Алиді қыспаққа алғанымен, ол «Білмеймін» деген жауабынан танбайды. Мүшріктер Пайғамбарымыздың әлдеқашан Меккеден қарасын батырғанын түсініп, атқа қонады. Топ-топқа бөлініп, оны іздеуге кіріседі. Құдық басында тұратындарға хабар жіберіп, оны ұстап әкелген адамға мол сыйлық беретіндіктерін айтады. Көкке ұшқаны, жер жұтқаны белгісіз, екі «қашқынды» таба алмай табанынан таусылған мүшріктер, ақыры, Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкір жасырынған үңгірдің дәл қасына келеді. Аллаһ расулы олардың аяқ сыбдырын естиді. Әбу Бәкір де кара тер басып қатты сасады. Пайғамбарымыз оған: «Уайымдама! Аллаһ бізбен бірге», – дейді. Пайғамбарымыздың дұғасымен Аллаһ тағала Әбу Бәкірге (р.а.) сабыр береді. Құранда былай делінеді:

«Кәпірлер оны Меккеден қуғындағанда, екі кісінің бірі жолдасына: «Сен еш алаңдама, өйткені Аллаһ бізбен бірге», – деді. Сонда Аллаһ оның жүрегіне сабырлылық, сенімділік ұялатып, сендер көрмейтін әскермен қолдау көрсетті. Кәпірлерді әлсіретті. Аллаһтың діні – ұлы дін. Өйткені Аллаһ өте үстем, аса құдіретті» (Тәубе, 8/40).

Әбу Бәкір өзіне сенімді мұсылман Амир ибн Фухайра арқылы Абд ибн Адыйұлдары тайпасынан шыққан Ибн Әйкатты жалдайды. Ол Құрайыштарға жақтас мүшріктердің бірі еді. Бірақ осы өңірдің ой-шұңқырын бес саусағындай білетін.

Ел көзінен таса Сәур тауындағы үңгірге барып жасырынған, сырт дүниеден оқшау қалған Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен досына Әбу Бәкірдің ұлы Абдуллаһ түн қараңғылығын пайдаланып, Меккеде болып жатқан жайттарды жеткізіп тұрды. Амир ибн Фухайра үңгірдің маңына қойын жайып, түн баласы сүтін сауып, Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкірді аш қалдырмады. Мейлінше сақ қимылдайтын Амир елең-алаңда өзге шопандардың қасынан табылып, секем тудыратын артық әрекетке бармады. Ел іші тыншыды-ау дегенде, Амир ибн Фухайра мен Ибн Әйкат үңгірде екі күн, екі түн болған Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Әбу Бәкірді (р.а.) бастап жолға шығады. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Әбу Бәкір һижрет еткенде, олардың қастарында өздеріне Мәдинаға жеткенше қызмет көрсеткен Амир ибн Фухайра мен жол бастаған Ибн Әйкаттан басқа ешкім болмады³¹⁰.

³¹⁰ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид, 6/63 (9902)

Әбу Бәкірдің hijретке дайындалуы

Айша (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) күн құрғатпай таңертеңгісін, не кешкілік уақытта әкем Әбу Бәкірге бір соғып кететін. Аллаһ тағала hijретке рұқсат берген күні Пайғамбарымыз (с.а.с.) әдеттегіше таңертеңгісін, не кешкі мезгілді емес, түс әлетінде келді. Әкем оның бұл жүрісіне таңданып: «Тыныштық болғай, Аллаһ расулы, мұндай кезде келмейтін еді. Маңызды бір шаруа шықты ма екен?» – деді. Аллаһ расулы табалдырықтан аттағанда, орнынан тұрып Пайғамбарымызды төрге оздырды. Бұл кезде үйде сіңлім Әсма екеуімізден басқа жан баласы жоқ болатын. Аллаһ расулы өздерінің оңаша қалуы керектігін әкеме ымдап жеткізді. Әбу Бәкір (р.а.): «Олар – менің қыздарым. Тыныштық па, уа, Расулаллаһ?» – деді. Аллаһ расулы Аллаһ тағаланың әмірін жеткізгенде, әкем Расулаллаһпен бірге hijрет еткісі келетінін айтты. Аллаһ расулы оның бұл ниетін құптап, басын изеді.

Айша (р.а.): «Уаллаһи, бұрын-соңды қуанғаннан жылаған адамды көрмеген едім. Сол күні әкемнің қуаныштан көңілі толқып, көз жасының бұршақтағанын көрдім», – деді.

Әбу Бәкір (р.а.) өзінің екі түйені осы сапарға деп арнайы дайындап жүргенін айтты. Пайғамбарымыз бұған келіспей, түйенің ақшасын төлейтінін айтып, түйені сатып алды. Өздері жол тауып, баратын жеріне жете алмайтын болған соң, Бәни Дуил ибн Бәкір тайпасынан шыққан Абдуллаһ ибн Әйкат деген адамды жалдады. (Оның анасы Сәхм ибн Амрұлдары тайпасына қарайтын), өзі әлі Исламға бет бұра қоймаған мүшрік еді. Екеуі түйелерін соған тапсырды. Уағдаласқан

уақытқа дейін түйені қарайтын болып келісті.³¹¹Әбу Бәкірдің қызы Әсма (р.а.) айтады: «... Уақыт оздырмай жолға дайындалдық. Жолға деп дайындалған азықты орамалымның бір шетін жыртып алып буып-түйіп орап бердім. Сөйтіп олар аттанып кетті. Сәур тауындағы үңгірде аз уақыт аялдағанын естідім. Үңгірге жеткенде, Әбу Бәкір Расулаллаһты жылан-шаян шағып алмасын деп, әуелі, өзі кіріп, саңылау қалдырмай өз қолымен бітеп шығыпты. Бұл кезде Құрайыштар да қарап отырмай жан-жаққа ат шаптырып, олардың ізіне түседі. Аллаһ расулын тауып әкелген адамға немесе оның қайда екенін айтқан адамға жүз түйе тігеді. Меккенің төңірегіндегі тау-тасты түгел сүзген қуғыншылар Сәур тауына да келіп жетеді. Олардың бірі үңгірдің аузына таяп келгенде, Әбу Бәкір: «Уа, расулаллаһ, мынау бізді көріп қоятын болды», – деп абыржиды. Аллаһ расулы: «Жоқ, көре алмайды, өйткені періштелер бізді қанаттарымен көлегейлеп тұр», – дейді. Өзін Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Әбу Бәкірдің демдерін ішіне алып үнсіз бақылап тұрғанын сезбеген адам үңгірдің кіре берісіне кіші дәрет сындырады. Осы кезде Пайғамбарымыз: «Егер бізді көрсе, бұлай етпес еді», – дейді. Әсманың айтуынша, Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкір (р.а.) үңгірді үш күн тасалайды».

Үңгірден кету

Төртінші күні Мәдинаны бетке алып, жолға шығады. Алдымен Пайғамбарымыздың қауіпсіздігін ойлаған Әбу Бәкір (р.а.) жол бойы екі әлем Сардарының (с.а.с.) біресе алдына түсіп, біресе артында жүріп отырды. Әбу Бәкірді талай адам танитын. Жол-жөнекей

³¹¹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/178

«Қасындағың кім?» деп сұрағандарға Әбу Бәкір «Жол-басшым. Маған жол көрсетіп келеді», – деп жауап беретін. Негізінде Әбу Бәкір (р.а.) ақиқаттан алыс кетпеген еді, оның астарлап айтқаны – Пайғамбарымыздың хақ жолды көрсететін тұлға екенін меңзеген болатын. Алайда, жолай кезіккендер оның сөзін тура мағынасында ұқты.

Жол бойындағы Кұдайд деп аталатын егістік танабында оларды байқап қалған бір адам Мүдлижұлдарына жерден жеті қоян тапқандай жүгіріп барып: «Бейсауыт жүрген екі жолаушыны көрдім, Құрайыштардың жеркөкті шарлап іздеп жүрген адамдары болса керек», – деп хабарлайды.

Сурақа ибн Мәлік те оның күдігін теріске шығармай «Біздің іздеп жүргеніміз сен көрген сол екі адам болса керек», – деп, олардың ізіне түседі³¹².

Омардың Аллаһ елшісінің һижреттес серігі Әбу Бәкірді мақтап сөйлеуі

Ибн Сирин айтады: «Омардың (р.а.) халифалығы кезінде тек көргенімен ғана көңіл тоғайтатын кейбіреулер Омарды Әбу Бәкірден артық қойып, арты бүлікке апарып соғуы мүмкін жаңсақ пікірге жол беріп жүргенін естіген халифа: «Уаллаһи, Әбу Бәкірдің бір түнінің өзі Омардың отбасынан артық, ал бір күні Омардың барлық әулетінен де артық. Аллаһқа ант етемін, Пайғамбарымыз (с.а.с.) үңгірге барған түні қасында Әбу Бәкір (р.а.) болды. Ол Аллаһ расулын қауіп-қатерден қызғыштай қорып, басын бәйгеге тікті. Жол бойы тыным таппай, бірде алдына шығып, бірде артына түсіп жүріп отырды. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Әбу Бәкірдің (р.а.)

³¹² Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 24/106 (284)

мұншалықты көзсіз жанкештілігінің сырын сұрағанда, «Уа, Расулаллаһ, ізімізге түскен біреу-міреу бар ма деп қорқамын», – деп жауап береді. Аллаһ расулы (с.а.с.): «Айтшы, Әбу Бәкір, менің басыма келетін қатердің өзіңнің де басыңа келгенін қалар ма едің?» – деп сұрайды. Әбу Бәкір (р.а.): «Иә, сені хақ дінмен жіберген Раббыма ант етемін, қалар едім», – дейді. Үңгірге келіп жеткенде де, Пайғамбарымыздың жағдайын ойлаған Әбу Бәкір (р.а.): «Уа, Расулаллаһ, сен осы жерде тұра тұр, мен үңгірдің ішін ретке келтірейін», – деп алдымен ішке өзі кіреді. Үңгірден шыққаннан кейін әлдебір саңылауды бітемегені есіне түсіп: «Уа, Расулаллаһ, сәл тоса тұр», – деп, ұмыт қалдырған саңылауды да бітеп шығады».

Омар (р.а.) осыларды айтты да, «Аллаһқа ант етемін, Әбу Бәкірдің сол түнгі һижреті менің бүкіл отбасымнан да қайырлы», – дейді»³¹³.

Әбу Бәкірдің Расулаллаһ үшін алаңдауы

Хасан Басри айтады: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) бен Әбу Бәкір (р.а.) үңгірді келіп паналады. Пайғамбарымызды іздеп жүрген Құрайыштар үңгірдің аузындағы өрмекшінің торын көріп: «Бұл жерге ешкім кірмеptі», – деп, келген іздерімен кері қайтып кетті. Алайда, сол сәтте үңгірде Пайғамбарымыз намаз оқып, Әбу Бәкір оның тыныштығын күзетіп тұрған еді. Әбу Бәкір: «Уа, Расулаллаһ, мыналар сені іздеп жүр. Уаллаһи, өзім үшін қам жемеймін, сен үшін алаңдаймын», – дейді. Аллаһ расулы: «Уа, Әбу Бәкір! Қорықпа. Аллаһ бізбен бірге», – дейді. Тағы бір риуаятта Расулаллаһ: «Әбу Бәкір, айтшы, үшіншілері Аллаһ

³¹³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/180

болған екі адамның аландауына бола ма?» – деп жауап берген»³¹⁴.

Сурақаның hijрет еткен керуеннің ізіне түсуі

Бәра ибн Азиб (р.а.) айтады: «Әбу Бәкір әкем Азибтен он үш дирхамға бір ер сатып алып, «Бәраға айт, мынаны үйіме жеткізсін», – дейді. Әкем: «Жоқ, бір шартымыз бар. Бізге hijрет туралы айтасың», – дейді. Әбу Бәкір олардың өтінішіне құлақ асып, Пайғамбарымызбен қалай hijрет еткенін баяндады:

«Қараңғы түсе үнгірден шығып, жолға түстік. Күн демей, түн демей тоқтаусыз жүрдік. Түс әлетінде күн ысығаннан кейін, көлеңке іздеп, маңайға көз салдым. Үлкендігі кішігірім үйдей қой тастан басқа көзімізге ештеңе шалына қоймады. Бел жазып, аяқ суытатын орнымызды ретке келтіріп, киімімді төсеп, Пайғамбарымызға: «Уа, Расулаллаһ, біраз, тынығып алыңыз», – дедім. Пайғамбарымыз аяғын созып, көзін жұмды. Мен көз көрім жерді түгел шолуға мүмкіндік беретін жақын мандағы қыратқа шығып, ізімізге түскендердің бар-жоғын бақыладым. Жалғыз шопаннан өзге ешкім көзіме шалына қоймады. Әлгінің жанына барып, кімнің шопаны екенін сұрадым. Ол Құрайыштардан бір таныс адамды айтты. «Сауын қойың бар ма?» – деп сұрадым одан. Бірнеше сауын қойы бар екенін айтқан соң, одан сүт сауып беруін сұрадым. Шопан екі сөзге келмей, қойды ұстап әкелді. Мен оған қойдың желінін сүртуді және өзінің қолын тазалауды өтіндім. Әлгі шопан айтқанымды орындап, бірталай сүт сауып берді. Салқындасын деп сүтті шыныаяққа

³¹⁴ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/181

құйып қойдым. Сосын бәрін Аллаһ расулына алып бардым. Ол оянған екен, мен әкелген сүтті ішіп болған соң, «Енді жүретін уақыт болды» деді. Қайтадан жолға шықтық. Бұл кезде Құрайыштар мен басқа қауымның адамдары бізді іздеп, соңымызға түскен екен. Алайда, атты Сурақа ибн Мәлік ибн Жушумнан басқасы бізге жете алмады. Соңымыздан қуып келе жатқан Сурақаны көріп: «Уа, Расулаллаһ, мына адам бізді қуып жететін сияқты», – дедім. Аллаһ елшісі: «Уайымдама, Аллаһ бізбен бірге», – деді. Сурақа бізді қуып жетуге таяп қалғанда, «Мынау жетіп алатын болды-ау» деп көзіме жас алып, абыржыдым. Аллаһ елшісі: «Неге жылайсың?» – деп сұрады. «Уаллаһи, өзім үшін емес, сен үшін алаңдаймын», – дедім. Сонда Аллаһ расулы: «Аллаһ тағалам! Бізді одан қорғай гөр!» – деп дұға етті. Сол кезде Сурақаның аты сауырына дейін жерге батты да кетті. Ол атынан секіріп түсіп: «Уа, Мұхаммед, бұл сенің ісің екенін біліп тұрмын. Аллаһқа дұға етіп, мені мына жағдайдан құтқар. Уаллаһи, ойға-қырға шапқылап сені іздеп жүргендердің бетін басқа жаққа бұрып жібермін. Міне, қорамсағым, бір жебені ал, пәлен деген өрісте менің түйелерім мен отар қойым бар. Осы жебені көрсетсең, олардан қалағаныңды аласың», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Оларға мұқтаж емеспін», – деп жауап берді. Бірақ, Сурақа үшін дұға етті. Сурақаның аты малтыққан жерінен аяғын шығарып алған соң, ол кері қайтты. Біз сапарымызды ары жалғастыра бердік. Аздан соң Мәдинаға жақын жердегі Құбаға жеттік. Ондағылар Аллаһ расулын күтіп алу үшін жолға, тіпті үйлерінің шатырына дейін шығып алыпты. Қызметшілер мен балалар жол жиегінде қатарласа қол ұстасып: «Аллаһу әкбар! Аллаһ расулы келді! Мұхаммед келді!» – деп

шаттана айқайлады. Пайғамбарды әрқайсысы өзінің үйіне шақырып, жік-жапар болды. Пайғамбарды қонақ етуді көздеген, оның батасын алуды көксеген былайғы ел өзара таласып-тартыса бастаған соң Аллаһ расулы «Бүгін түнде Абдулмұтталибтің нағашы ағалары Нәжжарұлдарында боламын. Сөйтіп туыстарымның абыройын арттырайын», – деді. Таң атқаннан кейін, Аллаһтың бұйрығымен басқа жаққа кетті³¹⁵.

Пайғамбарымыздың Мәдинаға аттануы, одан Құбаға баруы және мәдиналықтардың қуанышы

Уруа ибн Зубәйр (р.а.) айтады: «Бірде Пайғамбарымыз (с.а.с.) Шамнан келе жатқан мұсылмандардың сауда керуенінің ішіндегі Зубәйр ибн Аууаммен кездеседі. Зубәйр Аллаһ расулы мен Әбу Бәкірге бірыңғай ақ матадан тігілген киім береді.

Мәдинадағы мұсылмандар Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Меккеден жолға шыққанын естіген болатын. Сол себептен де күн сайын таң сәріден Харра деген жерде күн тас төбеге жетіп, аптап ыстық түскенге дейін жолын тосатын. Мұсылмандар сол күні де күте-күте, аяқтары талып кері оралған еді. Сол кезде бір яһуди өзінің шаруасымен, яһудилерге қарайтын биік мұнараның біріне шығып, киімі алыстан ағарандаған Расулаллаһ пен сахабасының келе жатқанын көреді. Көреді де, «Әй, арабтар! Күткен адамдарың келе жатыр!» деп айғай салады. Мұны естіген мұсылмандар дереу қаруларын алып, Аллаһ расулын Харраның тұсынан күтіп алды. Аллаһ расулы қасындағы серігімен және қарсы алған топпен бірге Мәдинаның оң

³¹⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/187-188

бүйіріндегі Амр ибн Ауфұлдарының шаңырағына түседі. Бұл – рабиуләууәл айының бірінші дүйсенбісі еді. Әуелгіде былайғы ел Пайғамбарымызды ажырата алмай, Әбу Бәкірді_(р.а.) қаумалайды. Пайғамбарымызды танымайтын ансарлардың біразы, алдымен, Әбу Бәкірге сәлем береді. Әбу Бәкір_(р.а.) Пайғамбарымыздың көзіне күн түспесін деп, желбегейін шешіп, оны қалқалағанда ғана, халық Аллаһ расулын ажыратады.

Аллаһ расулы Амр ибн Ауфұлдарында он күндей қонақ болды. Сөйткенше салынып жатқан мешіт те дайын болды. Сосын түйесіне мініп, бірталай халықты соңынан ертіп, көшеге шығады. Мәдинаға келіп кіргенде, түйе расулаллаһтың қазіргі мешітінің орнына шөгеді. Негізінде, мұсылмандардың көбісі намазды дәл сол жерде оқитын. Бұл жер Әсад ибн Зұрараның_(р.а.) қарауындағы Сүһәйл және Сәһл деген екі жетім баланың құрмалық алқабы еді. Пайғамбарымыздың түйесі шөккеннен кейін, Аллаһ расулы: «Иншаллаһ, орнымыз осы жер болады», – дейді. Сосын Пайғамбарымыз әлгі екі жетім баланы шақыртып, олардың меншігіндегі жерге мешіт салу үшін жер телімін сатып алмақ болады. Алайда олар ақшаға емес, сыйға бергілері келетінін қанша айтса да, Аллаһ расулы жетім балалардың бұл тартуынан бас тартып, ақшасын төлеп жерді сатып алады. Сөйтіп, сол жерге мешіттің іргетасын қалайды.

Аллаһ расулы сахабаларына қосылып, сол мешіттің құрылысы жүріп жатқанда, былайша өлеңдетіп, кірпіш тасыған деседі:

«Бұл жүк Хайбардың сол атақты құрма жүктеріндей емес әлбет. Бұл кірпіштер өте таза һәм қайырлы,

мүбәрак. Күмәнсіз, нағыз сый – ақыретте. Аллаһ тағалам! Ансарлар мен мұһажырларға рақым ет»³¹⁶.

Әнәс ибн Мәлік (р.а.) былай деген: «Балалармен бірге ойнап жүргенімде, «Мұхаммед келді!» деген дауыстарды естідім. Екі өкпемді қолыма алып анда бір, мында бір жүгіріп, келген қонақты көре алмадым. Тағы да «Мұхаммед келді!» дегенді естігенде, тағы да тұра жүгірдім. Тағы да ешкімді көре алмадым. Бір уақытта зарыға күткен Пайғамбарымыз бен Әбу Бәкір келді-ау, әйтеуір. Біз Мәдинадағы әр тұсынан омырылған үйге жасырынған едік. Олардың келгенін ансарларға хабарлау үшін, бір адам жүгіріп бара жатты. Пайғамбарымызды ансарлардан бес жүздей адам күтіп алды. Ансарлар: «Енді қауіпсіз жердесіздер, әміріңізге құлдық, жүріңіздер, алға түсіңіздер», – деді. Сөйтіп, Аллаһ расулы мен ансарлар Мәдинаға қарай бет алды. Мәдинаның халқы тегіс қала сыртына шыққан еді. Бойжеткен қыздар тамдарының үстіне шығып «Мұхаммед қайсысы?! Қайсысы?!» – деп сұрасып жатты. Мұндай тамаша көріністі бұрын-соңды көрген емеспін.

Пайғамбарымыздың Мәдинаға келген күнін де, дүниеден озған күнін де білемін. Өмірімде дәл мұндай күндерге ешқашан куә болған емеспін».

Бәйхакидің риуаяты бойынша, Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға келгенде, әйелдер мен балалар мына өлеңді айтып қарсы алды:

«Толықсыған ай туды,
Уәда тауының төбесінен.
Аллаһқа шақырушының келгеніне
Шүкіршілік айту міндет бізге»³¹⁷.

³¹⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/186

³¹⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/197

2. ОМАР МЕН БАСҚА САХАБАЛАРДЫҢ ҲИЖРЕТІ

Меккеден Мәдинаға алғаш һижрет еткендер

Бәра ибн Азиб (р.а.) былай деген: «Сахабалардан бізге алғаш келгендер Мусғаб ибн Умәйр мен Ибн Уммі Мәктум (р.а.) болатын. Олар бізге Құран үйретті. Сосын Аммар, Біләл және Сағид (р.а.) келді. Одан соң жиырма адамдық керуенмен Омар ибн Хаттаб (р.а.) ат басын тіреді. Одан кейін Пайғамбарымыздың өзі келді. Мәдиналықтар оның келгеніне айрықша қуанды. Аллаһ расулы Мәдинаға келмей тұрып-ақ, мен «Ағла» сүресін және басқа да қысқа сүрелерді оқыған болатынымын»³¹⁸.

Омар (р.а.) айтады: «Мәдинаға һижрет етуге шешім қабылданғаннан кейін, мен, Айяш ибн Әбу Рабия және Хишам ибн Ас – үшеуміз Шәрифтегі Ғыфарұлдарының хауызы орналасқан жерде кездесетін болып, «Таңертең кімде-кім уәделі уақытта келмесе, қалғандарымыз жүре береміз» деп уағдаластық. Ертесіне Айяш екеуміз уәделі жерге келдік, бірақ Хишам келмей қалды. Біз әуелі Мәдинаға, содан соң Құбада Амр ибн Ауфұлдарының жеріне тоқтадық. Осы арада Әбу Жәһіл мен Харис ибн Хишам бауырлары Айяшты кері алып кетуге Мәдинаға келді. Ол кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) әлі Меккеде болатын. Олар Айяшпен сөйлесіп, «Анасының оны көрмейінше, шашын тарамауға, көлеңкеге жоламай, күн астында отыруға ант еткенін» айтты. Айяш анасын ойлап, уайымдай бастады. Сонда «Уаллаһи, олардың мақсаты сені дініңнен тайдыру, абай бол! Уаллаһи, анаң шашын да тарайды, Меккенің ыстығына шыдай

³¹⁸ Ибн Әбу Шәйба, Мусаннаф 7/344 (36611)

алмай, көлеңкені де паналайды. Мен айтты дерсің, осылай болады», – дедім. Айяш: «Бір жағы, анамның ашуын басып, антынан бас тартқызамын, екіншіден, сонда қалған малым бар, соларды алып келейін», – деді. Мен оған: «Уаллаһи, Құрайыштардың ішінде ең малы көп мен екенімді білесің. Дәулетімнің жартысы сенікі болсын, бірақ олармен бірге барушы болма», – дедім. Оның тас-түйін бекінген түрін көріп: «Бұл райыңнан бас тартпайтын болсаң, мына түйемді ал. Жуас әрі тұқымы асыл. Қаласаң мін, қаласаң мінбе. Алайда, олардан күмәнданатындай жағдай туса, осымен жан сақтарсың», – дедім.

Олар Мәдинадан ұзап шыққан соң, Әбу Жәһіл Айяшқа: «Бауырым, менің түйем болдырған секілді, ауыстырып мінейік», – дейді. Айяш та, басқалары да түйелерін шөктіреді. Осы сәтті пайдаланып оны тарпа бас салып, байлап тастайды. Сөйтіп, Меккеге алып барып, дінінен тайдырады. Біз: «Аллаһ тағала дінінен шыққан адамның тәубесін қабылдамайды», – деп ойлайтынбыз. Діннен шыққандар да сондай пікірде болатын. Пайғамбарымыз Мәдинаға барғанда, Хақ тағала мына мағынадағы «Зүмәр» сүресінің 53-55-аяттарын түсірді:

«Әй, көп күнә істеп, өздеріне өздері жамандық жасауда алдарына жан салмаған құлдарым! Аллаһтың рақымынан күдер үзбеңдер. Аллаһ қаласа, барлық күнәларды кешіреді. Өйткені Ол өте кешірімді әрі аса мейірімді» де. Сендерге азап келмей тұрып, Раббыларыңа оралыңдар және Оған беріліңдер, Оған бағыыңдар. Әйтпесе көмек көрмейсіңдер. Сендерге азап оқыстан келіп күйретпестен бұрын, Раббыларың

тарапынан сендерге жіберілген үкімдердің ең жақсысына мойынсұныңдар».

Мен дереу осы аяттарды хатқа түсіріп, Хишам ибн Аска жібердім».

Ал, Хишам былай дейді: «Хатты алғаннан кейін, оны Зитуада отырып, көз жүгіртіп оқи бастадым. Бірақ хаттың мазмұнын түсіне алмай қиналдым. «Аллаһ тағалам! Мына жазылғандардың мән-мағынасын түсіндіре гөр» деп дұға еттім. Сонда Хақ тағала осы аяттардың тәубелеріміздің қабылданбайтынын айтып жүрген бізге және біз сияқтыларға қатысты жіберілгенін сездірді. Бір сәт кідірмей, Мәдинаға тартып отырып, Пайғамбарымызға (с.а.с.) барып қосылдым»³¹⁹.

3. ОСМАН ИБН АФФАНЫҢ ҺИЖРЕТІ

Қатада (р.а.) айтады: «Өз жанұясымен бірге Аллаһ жолында алғаш Һижрет еткендердің бірі – Осман ибн Аффан. Надыр ибн Әнәс әкесі Әнәстің былай дегенін естіпті:

«Осман ибн Аффан мен әйелі Рұқия Хабаһстанды бетке алып, жолға шығады. Аллаһ расулы олар жөнінде ешбір хабар-ошар ала алмай, ошарылып тек күтумен болды. Содан бір күні Құрайыш әйелдерінің бірі: «Уа, Мұхаммед! Күйеу баланды көрдім, әйелі де қасында екен», – дейді. Пайғамбарымыз: «Жағдайлары қалай екен?», – деп сұрағанда, «Әйелін аяғын әрең басатын әлсіз есекке мінгізіпті, өзі есекті жетекке алып жаяу келе жатыр», – дейді. Аллаһ расулы: «Хақ тағала екеуіне де жар болсын. Осман Лұттан (а.с.) кейінгі отбасымен Һижрет еткен алғашқы мұсылман», – дейді³²⁰.

³¹⁹ Ибн Хажар, әл-Исабэ 3/604

³²⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/66 Ибн Хажар, әл-Исабэ 4/305

4. АЛИДІҢ ЫЖРЕТІ

Али (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға Һижрет ететін кезде, маған келіп біраз уақытқа дейін Меккеде қала тұруымды, өзіне берілген аманаттарды иелеріне қайтаруымды сұрады. Ол аманатқа қиянат жасамайтын адам болғандықтан, Әмин (сенімді) деген лақап атпен аталатын. Олар Мәдинаға Һижрет етіп кеткеннен кейін, Меккеде үш күн болдым. Ешкімнен ықпай, еркін жүрдім. Содан Аллаһ расулының Һижрет еткен жолына түсіп, Амр ибн Аффанұлдарының ауылына ат басын бұрдым. Пайғамбарымыз да (с.а.с.) сол жерге тоқтаған екен. Гүлсім бинт Хидмге қонақ болдым»³²¹.

5. ЖАҒФАР ИБН ӘБУ ТӘЛП ПЕН КЕЙБІР САХАБАЛАРДЫҢ ХАБАШСТАНҒА, ОДАН КЕЙІН МӘДИНАҒА ЫЖРЕТ ЕТУІ

Сахабаларды қайтару үшін Құрайыштардың Амр ибн Асты Нәжашиге жіберуі

Үммі Сәләма (р.а.) айтады: «Аллаһ расулының сахабаларына мүшріктердің қорлығы әбден өтіп кетті. Жан төзгісіз азаптан көз ашпаған сахабалардың Меккеде қалуы екіталай еді. Өйткені оларды діннен тайдыру үшін мүшріктер неге болса да дайын еді. Осыны ескерген мұсылмандар Пайғамбарымыздың сөзіне құлақ асып, Һижрет етуге бел буады. Асылында, Аллаһ расулы қауымы мен көкесінің қамқорлығында болғандықтан, оған ешкім тиісе алмайтын және өзге сахабаларға көрсеткен қорлықты оған көрсете алмайтын. Расулаллаһ сахабаларын адам айтқысыз азаптан арашалауға бір

³²¹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 16/956 (46324)

өзінің дәрмені жетпегендіктен, оларға: «Хабашстанның билеушісі қарамағындағы халқына озбырлық жасамайды. Әзірге соның елін паналай тұрыңдар. Аллаһ тағала сендер үшін еркіндік пен шығар жол көрсеткенге дейін сол жерде бола тұрыңдар», – деп кеңес береді. Біз топ-топқа бөлініп, жолға шықтық. Хабашстанда бас қостық. Бір-бірімен қақ-соғы жоқ, өз шаруасын күйттеген бейбіт ел екен. Діни сенімімізге байланысты бізге ешкім күш көрсеткен жоқ. Құрайыштар біздің сенімді елді паналағанымызды көре алмай, өзара ақылдасып, бізді елге қайтару үшін, Нәжашиге елші жіберуге шешім қабылдады. Елші етіп Амр ибн Ас пен Абдуллаһ ибн Әбу Рабианы жіберді. Нәжашиге бір бөлек, оның қолбасшыларына бір бөлек тарту-таралғылар дайындап, елшілеріне: «Олар туралы сөз қозғамай тұрып, әуелі, әрбір қолбасшының сыйлығын беріңдер. Сосын Нәжашидің бабын табыңдар. Қолдарыңнан келсе, Нәжаши мен мұсылмандарды тілдестірмей, оларды қайтарып алуға күш салыңдар», – деп ескертеді.

Амр мен Абдуллаһ келіп, әр қолбасшыға жеке сый-құрмет көрсетеді. Сый-құрмет көрсете жүріп, өздерінің талап-тілектерін ұмытпайды. «Біз діні үшін елдерінен безген, сендердің діндеріңді де қабылдамаған, сөйте тұра, сендерді паналаған опасыздар жайында патшаларыңмен сөйлесу үшін келдік. Қауымымыз оларды қайтарып әкелу үшін, бізді елші етіп жіберді. Осы мәселені патшамен сөйлескенде, бізді жақтап, көмектесіндер», – дейді. Олар келіседі. Ықпалды адамдардың аузын майлап, алдын-ала келісімін алған Құрайыштың елшілері Нәжашидің тарту-таралғысын да табыстайды. Меккеліктердің әкелген сыйлықтарының ішінде Нәжашиге ең қатты ұнағаны – өңделген мал

терілері болатын. Олар патшаға былай дейді: «Уа, әміршім! Арамыздан кейбір ақымақтар өздерінің дінінен бас тартып, елінен безді және сенің дініңді де қабылдамады. Біз білмейтін бір дінді ойлап шығарды. Енді келіп сенің еліңді паналап жүр. Олар туралы сөйлесу үшін, туыстары бізді саған елші етіп жіберді. Сенен оларды қайтаруды сұрайды. Өйткені, оларды өз қауымы жақсы біледі. Сенің де дініңе кірмепті, оларды неліктен қарауыңда ұстайсың?», – деді.

Нәжаши ашуланып: «Жоқ, болмайды! Аллаһқа ант етемін, бәрін шақырып сөйлеспей тұрып, жағдайларын өз ауыздарынан естімейінше, қайтара алмаймын. Олар – менің елімді паналап, менің қамқорлығымды таңдаған адамдар. Егер жағдай туыстарының айтқанындай болса, онда оларды кері қайтарамын. Жоқ, олай болмаса, онда менің қамқорлығымда қала береді», – деді.

Сахабалар мен Нәжашидің арасында болған әңгіме

Мұсылмандар Нәжашидің алдына келгенде, оған бас иіп, тағзым етпей-ақ мұсылманша сәлем береді. Нәжаши: «Ей, жамағат, неге өз қауымдарыңнан келген басқа адамдар секілді сәлем беріп сәжде етпедіңдер? Иса пайғамбар туралы не айтасындар? Сендер ұстанған дін қандай дін? Әлде христиансындар ма?» – деп сұрады. Олар: «Жоқ», – деп жауап берді. «Яһудисіңдер ме?» – дегенде, тағы да «Жоқ» деп жауап берді. «Онда қандай дін ұстанасындар?» – дегенде, мұсылмандар: «Дініміз – Ислам», – деп жауап берді. Нәжаши: «Ислам діні қандай дін?» – деп сұрайды. Мұсылмандар: «Біз Аллаһқа ғибадат етіп, Оған еш нәрсені серік қоспаймыз», – деді. Нәжаши: «Бұл дінді сендерге кім әкелді?» – деп

сұрайды. Мұсылмандар: «Бұл дінді арамыздағы бір кісі әкелді. Біз өзін де, ата тегін де жақсы білеміз», – деп жауап берді.

Одан әрі мұсылмандар: «Аллаһ бізден бұрынғы қауымдарға пайғамбарлар жібергені секілді оны да бізге пайғамбар етіп жіберді. Ол бізге жақсылық жасауды, садақа беруді, уәдеге берік болуды, аманатқа қиянат жасамауды бұйырды, пұтқа табынуға тыйым салды. Жалғыз, теңдесі жоқ Аллаһқа құлшылық жасауды бұйырды. Біз оны растап, Аллаһтың сөздерін үйрендік, әкелгендері Аллаһтан екеніне шын жүректен сендік. Біз осы айтылғандарды өмірімізде жүзеге асыра бастағанымызда, өз қауымымыз Пайғамбарымыз бен бізге қарсы шығып, зорлық-зомбылық көрсетті. Сөздерін өтірікке балап, өзін өлтірмек болды, бізді пұттарға табынуға күштеп бақты. Біз өз өміріміз бен дінімізді сақтап қалу үшін, өз жерімізден кетуге мәжбүр болдық», – дейді.

Мұны естіген Нәжаши: «Уаллаһи, сендер айтып тұрған мына дін Мұсаның айтқандарына өте ұқсас екен», – дегенде, Жағфар (р.а.): «Сәлем беру мәселесіне келсек, Пайғамбарымыз бізге жұмақ халқының сәлемі «әс-сәләм» болатынын айтты, бізге осылай сәлем беруді бұйырды. Сондықтан да біз саған осылайша сәлем бердік. Мәриямұлы Исаға келетін болсақ, ол Аллаһтың құлы және елшісі, – Хақ тағаланың Мәриямға тарту еткен «сөзі»³²², ар-намысы пәк, абыройлы Мәриямның ұлы» деді. Сонда Нәжаши: «Мәриямұлы Исаның айтқандары мына адамның айтқандарына ұқсайды

³²² Сөзі – яғни Аллаһ тағаланың «Бол!» деген әмірімен пайда болған.

екен», – деді. Нәжаши осылай дегенде, қасындағы хабаштық көсемдер: «Уаллаһи, халық мына сөзіңді естісе, сені тақтан тайдырады», – дейді. Нәжаши: «Аллаһқа ант етемін, Иса (а.с.) туралы бұдан артық нәрсе айта алмаймын. Хақ тағала мына патшалықты маған берерде, мен туралы халықтың пікірін тыңдаған жоқ қой, мен Аллаһтың діні турасында халықтың дегеніне неге бағынуым керек? Құдай мені мұндайдан сақтасын» деді.³²³

Имам Ахмәдтің Пайғамбарымыздың әйелі Үммі Сәләмадан алған басқа бір риуаятында былай делінген: «Нәжаши сахабаларды шақыруға адам жіберді. Нәжашидің елшісі барып хабар айтқан соң сахабалар дереу жиналып, Нәжашиге барады. Иса (а.с.) туралы Нәжаши сұрай қалса, не дейтінін алдын-ала ақылдасып: «Уаллаһи, бар білетінімізді айтамыз. Пайғамбарымыз бізге бұл мәселеде не бұйырған болса, біз соны айтамыз» дейді.

Нәжашидің алдына келгенде, христиан білгірлері алдарына кітаптарын ашып қойып, Нәжашидің қасында сахабаларды күтіп отыр екен. Нәжаши сахабалардан: «Ел-жұрттан безуге дейін апарған бұл діннің ерекшелігі неде? Сендер менің дінімді де, басқа діндерді де қабылдамапсыңдар, солай ма?» – деп сұрады. Сонда Жағфар: «Ей, патша! Біз сауатсыз, жабайы қауым едік. Пұттарға табынып, өлексе жейтінбіз, адамгершілікке жат әдеттерге бой алдырған ел едік. Туыстарымызбен байланысты үзіп, көршіге қиянат жасайтынбыз. Күштілер әлсіздерге зорлық-зомбылық көрсететін. Содан Хақ тағала бізге тегі белгілі, турашыл, сенімді және

³²³ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 1/201 (1740)

арлы деп білетін бір адамды пайғамбар етіп жіберді. Ол бізді бір Аллаһқа ғибадат етуге, ата-бабаларымыздың табынып келген пұттарын тәрк етуге шақырды. Бізге тура сөйлеуді, аманатқа қиянат жасамауды, көршімен жақсы қатынаста болуды, қантөгіске бармауды бұйырды. Зинақорлық жасауға, жалған куәгер болуға, жетімнің малын жеуге, абыройлы әйелдерге жала жабуға тыйым салды. Аллаһқа ғибадат жасауды, Оған еш нәрсені серік қоспауды, намаз оқып, зекет беруді бұйырды. Біз оны растап, бұйрықтарын қабылдадық. Бір Аллаһқа құлшылық қылдық, Оған еш нәрсені серік етіп қоспадық. Аллаһтың бізге харам еткен нәрселерін харам, адал еткендерін адал деп санадық. Сондықтан да қауымымыз бізге қарсы шығып, дұшпанымызға айналды, бізге зорлық-зомбылық көрсете бастады. Бізді Аллаһқа құлшылықтан бас тартып, пұттарға табынуға, дінімізден тайып, бұрыннан жасап келе жатқан лас істерімізді қайта жасауға мәжбүрледі. Бізге көрсеткен қысым, зорлықтарына шыдай алмадық. Ислам дінін толық ұстануға мұрша бермегендіктен, сенің елінді паналап келдік, өзінді таңдап, қамқорлығыңа сүйендік.

Ей, патша! Сенің қол астыңда болсақ зұлымдықтан құтылармыз деген үмітпен келдік», – деді.

Нәжаши: «Пайғамбарларыңның Аллаһтан түсті деп айтып жүрген сөздерінен оқыңдаршы», – деп сұрайды.

Сонда Жағфар (р.а.) «Мәриям» сүресінің бірқатар аяттарын оқыды. Оқуы мұң екен, Нәжашидің көзінен парлаған жас сақалын жуып кетті. Қасындағы дінбасылары да қосыла егіледі. Ебіл-тебіл жылағандары соншама – алдында жатқан парақтар ылғал тартып қалады. Сонда Нәжаши: «Мына оқығандарың Мұсаның

айтқандарымен бірдей», – деді. Сөйтіп мүшріктердің атынан елші боп келген Амр ибн Ас пен Абдуллаһқа: «Сендер елдеріңе қайта беріндер. Уаллаһи, оларды сендерге ешқашан қайтармаймын», – дейді.

Осы оқиғаға қатысты Үммі Сәләма анамыз былай дейді: «Сахабалар Нәжашидің құзырынан шыққаннан кейін, Амр ибн Ас: «Уаллаһи, ертең Нәжашидің алдына барып, оларды жақсылап тұрып жамандап, түбіне жетпесем бе?!» – дейді. Одан иманжүзділеу Абдуллаһ: «Әй, Амр, бұлай жасама, олар бізге қарсы шықты екен деп, туысыңа жаулық істемексің бе?» – дейді. Амр «Уаллаһи, Иса пайғамбарды құл дегендерін Нәжашиге айтамын», – дейді. Ертеңіне патшаның алдына барғанда, Амр: «Уа, патша! Олар Мәриямұлы Иса туралы ауыр сөздер айтып жүр. сенбесеңіз осында алдырып, өздерінен сұрайық», – дейді. Нәжаши мұсылмандарға хабар жіберіп, олардың Иса пайғамбарға қалай қарайтынын білгісі келеді».

Үммі Сәләма анамыз айтады: «Бұл біз үшін күтпеген жағдай болды. Мұсылмандар: «Мәриямұлы Иса туралы сұраса не айтамыз?» – деп кеңесті. «Уаллаһи, Хақ тағала мен пайғамбары ол туралы не айтса, соны айтамыз», – десті олар. Мұсылмандар Нәжашидің алдына келгенде, билеушінің алғашқы сауалы: «Мәриямұлы Иса туралы не айтасындар?» болды. Жағфар ибн Әбу Тәліп: «Біз Пайғамбарымыздың айтқанын ғана айта аламыз: «Иса – Аллаһтың құлы әрі елшісі. Аллаһ тағаланың абыройлы Мәриямға аманат еткен бір сөзі» деп жауап береді. Нәжаши қолын созып жерден бір шыбық алды да, «Уаллаһи, мына адамның айтқандары мен Исаның

айтқандарының арасындағы айырмашылық көп емес, мына шыбықтай ғана», – дейді.

Нәжаши осылай дегенде, қасындағы діндарлардың іштей наразылығы күшейіп, қабақтары түйіліп кетеді. Нәжаши: «Қалай болғанда да бұл ақиқат!» – дейді. Мұсылмандарға: «Бара берсеңдер болады, менің елімде қауіпсіздіктеріңе кепілдік беремін. Кім сендерге тиісетін болса жазасын алады, таудай алтын берсе де, елімнен қуып, еңіретіп қоймамын», – дейді де осы сөзін үш рет қайталайды. Қасындағыларына: «Енді әлгі екі адамның берген сыйлықтарын қайтарыңдар, олар маған қажет емес. Уаллаһи, Хақ тағала осы патшалықты маған нәсіп еткенде, менен ақы сұрамады. Сол секілді Оның діні жолында мен де ешкімнен ақы сұрамаймын. Хақ тағала маған біреудің ақыл-кеңесімен патшалық берген жоқ. Осы секілді мен де Оның дінінің игілігі жолында адамдардың ығына жығыла кетпеймін», – дейді. Амр мен Абдуллаһ әкелген сыйлықтарын алып, сол жерден қапаланып шығады.

«Осыдан кейін ешкім мазалаған жоқ. Нәжашидің қамқорлығының арқасында алаңсыз тіршілік кешіп жүргенде, оның тағына көз алартқан біреу билігіне таласып, патшаға қарсы шықты. Сондағы мұңайғаным секілді ешқашан мұңайған емеспін. Бүлік шығарған адамның күші Нәжашиден басым түсе ме деп күндіз күлкі, түнде ұйқыдан қалдық. Нәжашидің тағына көз алартқан адам оның билігін тартып алса, біздің күніміз не болмақ? Осыны ойлап май ішкендей мазамыз қашты. Нәжаши бүлікті басу үшін жорыққа шықты. Олардың араларын Ніл өзені бөліп тұрған еді. Расулаллаһтың сахабалары өз араларында «Кім барып, сол жақтан ха-

бар әкеледі?» деп ақылдасады. Араларындағы ең жасы Зубәйр ибн Аууам (р.а.) бұл тапсырманы өз мойнына алады. Сөйтіп, бір торсықты үрлеп, Зубәйрдің кеудесіне байлайды. Ол өзеннің арғы бетіне, яғни екі топтың қол тоқайласқан жеріне дейін жүзіп барды. Біз Нәжашидің жауды жеңіп, бұрынғысынша билікте қалуын Аллаһтан тілеп дұға еттік. Не боларын күтіп отырғанымызда, Зубәйрдің төбесі көрінді. Үсті-басы малмандай су. Сөйтсе де өзі көңілді, екі езуі екі құлағында. Анадайдан жүгіріп келді де, «Сүйінші! Аллаһтың қалауымен Нәжаши жеңді!» – деп айқайлады. Зубәйрибн Аууамның мына қуанышты хабарына біз қатты қуандық. Нәжаши жеңіспен қайтып оралды, елінде қайтадан тәртіп орнаты. Біз Пайғамбарымыздың қасына қайтып оралғанға дейін, Нәжашидің елінде еркін өмір сүрдік»³²⁴.

Бір адам Абдуллаһ ибн Мәсғудтан (р.а.) естігенін былай жеткізеді: «Пайғамбарымыз бізді Нәжашиге аттандырғанда, арамызда сексен ер адам бар еді. Хабаһстанға һижрет еткендердің арасында Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Жағфар, Абдуллаһ ибн Урфута, Осман ибн Мазғун және Әбу Мұса (р.а.) деген адамдар да болды. Мұһажырлар Нәжашидің еліне барып паналағаннан кейін, Құрайыштар Амр ибн Ас пен Умара ибн Уәлидті тарту-таралғысын сайлап, Нәжашиге жіберді. Елшілер Нәжашидің алдына барған кезде, оған сәжде жасап, сәлем береді. Сосын бірі Нәжашидің оң жағына, екіншісі сол жағына өтіп былай дейді: «Ата-бабамыздың әулетінен бір топ адам сенің жеріңе келіп паналады. Олар – өз елінен безгендер», – деді. Сонда Нәжаши: «Олар қайда?» –

³²⁴ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид, 6/24 (9842); Ибн Ысқак, Сиәр 9/144

деп сұрайды. «Олар сенің елінде, дереу хабар жібер», – дейді. Патша дереу мұсылман мұһажырларға хабар жіберіп, оларды шақыртады. Жағфар (р.а.) жолдастарына: «Бүгін мен сөйлеймін», – дейді. Олар онымен келісіп, соңынан ереді. Жағфар патшаның алдына келгенде, мүшріктер секілді тағзым етпей, мұсылманша сәлем береді. Сол жердегілер: «Неге патшаға тиісінше құрмет көрсетпейсіңдер?» – деп сұрағанда, Жағфар: «Біз тек Аллаһқа ғана сәжде жасаймыз», – дейді. Нәжаши мұның себебін сұрағанда, Жағфар: «Аллаһ бізге пайғамбар жіберді, бізге сол пайғамбары арқылы тек өзіне сәжде етуімізді, намаз оқуды және зекет беруді бұйырды», – дейді. Амр дереу сөзге араласып, «Олар Мәриямұлы Иса туралы сендерден басқаша ойлайды», – дейді. Нәжаши: «Мәриямұлы Иса туралы не айтасындар?» – деп сұрайды. Жағфар: «Аллаһ тағала не бұйырса, соған сенеміз. Ол – Аллаһтың ары пәк, абыройлы әйел Мәриямға тарту еткен «сөз» және «рух», – деп жауап береді. Сонда Нәжаши жерден шыбық алып: «Уа, хабаһ халқы! Ей, дінбасылар! Уаллаһи, олар Иса туралы біздің ойлайтынымыздан өзгеше еш нәрсе айтқан жоқ», – дейді. Сосын мұсылмандарға қарап: «Сендерге және сендерді жіберген адамға сәлем жолдаймын. Куәлік етемін, ол, расында, Аллаһтың елшісі. Біз Інжілден оның сипаттарын оқып білетінбіз. Мәриямұлы Иса хабарлаған пайғамбар да сол. Қалағандарыңша болыңдар, мен барда ешкім сендерге кет демейді. Уаллаһи, егер мына патшалық міндетім болмағанда, қасына барып, аяқ киімін әперіп, оған қызмет көрсетер едім», – дейді. Сөйтіп Құрайыштардың берген сыйлықтарын өздеріне қайтарып беруді бұйырады.

Абдуллаһ ибн Мәсғуд Хабашстанда ұзақ мерзім тұрақтай алмады. Пайғамбарымыз Мәдинаға хижрет еткенде, Хабашстанды тастап, Мәдинаға оралды. Кейін Бәдір соғысына қатысты»³²⁵.

Жағфар (р.а.) айтады: «Құрайыштар Амр ибн Аспен Умара ибн Уәлидтің ат-көлігіне едәуір сыйлық артып, оның өзін Әбу Суфиянның атынан Нәжашиге жіберді. Құрайыш елшілері патшаға: «Біздің қауымның кейбір ақымақтары сенің патшалығыңа бас сауғалап келіп, паналапты. Соларды бізге қайтарып бер», – дейді. Нәжаши: «Жоқ, алдымен олардың қандай уәжі бар екенін тыңдауым керек», – деп бізді шақыртты. Біз келгенде: «Мыналардың талабы не?» – деп сұрады. Біз: «Бұлар – пұттарға табынатын қауым. Хақ тағала бізге бір пайғамбар жіберді. Біз оған иман келтіріп, айтқан сөздерін қабылдадық», – дедік. Нәжаши елшілерге: «Бұл адамдар сендердің құлдарың ба еді?» – деді. Олар: «Жоқ», – деп жауап берді. «Олай болса, жөндеріңе жүріңдер, оларға тиіспендер», – деп Құрайыштардың бетін қайтарып тастайды. Сосын бізге қарап: «Сендерді мазалап жүргендер бар ма?» – деп сұрады. «Иә» дегенімізде, дереу хатшысы арқылы «Олардың жеке басының қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, діни сеніміне қол сұққан, сондай-ақ өзге мақсатта мазасын алғандар төрт дирхам айыппұл төлейді» деген әмірін жалпақ жұртына жария етті. «Қалай, көңілдерің орнына түсті ме?» – деп сұрады. Біз қолданылар жазаны әлі де қатайта түсуін айтқанымызда, ол айыппұлдың мөлшерін екі есеге арттырды».

³²⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/69

Мұһажырлардың Мәдинаға қайтуы, Нәжашидің Исламды қабылдауы

Жағфар ибн Әбу Тәліп (р.а.) риуаятын ары жалғастырып былай дейді: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) Мәдинаға Һижрет етіп, сол жерде қауіпсіз бейбіт өмірге қол жеткізіп қана қоймай, өзінің ықпалын күшейткеннен кейін, біз Нәжашиге: «Аллаһ расулы жеңіске жетті, Мәдинаға Һижрет етті, дұшпандарын тізе бүктірді. Оның жанына қайта оралғымыз келеді, бізді елімізге жібер», – дедік. Ол біздің ат-көлігіміз бен жол азығымызды дайындатып, маған: «Сендерге қалай қарағанымды пайғамбарларыңа айта барыңдар. Қатарыңа елшімді қосып жіберемін. Куәлік етемін, Аллаһтан басқа тәңір жоқ. Ол – Аллаһтың расулы. Одан мен үшін дұға етуін сұрандар», – деді.

Хабашстаннан шығып, Мәдинаға тарттық. Мені Пайғамбарымыз (с.а.с.) күтіп алып, құшақтап: «Хайбардың жеңісіне қуанайын ба, әлде Жағфардың келгеніне қуанайын ба?» – деп қуанышын жасыра алмады. Біздің Мәдинаға баруымыз Хайбар жеңісімен тұспа-тұс келген еді. Сосын Аллаһ расулы тізе бүкті. Нәжашидің бізбен бірге келген елшісі: «Мына Жағфардан патшамыздың оларға қалай қарағанын сұра», – деді. Жағфар: «Иә, бізге мынадай да мынадай жақсылық істеді. Кетерде бізге азық пен көлік берді. Аллаһтан басқа илаһ жоқ екеніне, сіздің Аллаһ расулы екендігіңізге куәлік етті», – деп болған жағдайдың бәрін баяндайды. «Сізден өзіне Аллаһтан кешірім сұрап, дұға етуіңізді өтінді», – дейді. Сонда Аллаһ расулы (с.а.с.) орнынан тұрып, дәрет алды да, үш рет «Уа, Аллаһ тағалам, Нәжашиді кешіре гөр!» – деп дұға етті.

Мұсылмандар бұл дұғаға «Әмин» десті. Сосын елшіні аттандырып тұрып: «Расулаллаһтың дұға еткенін патшаңа айта бар», – деді».³²⁶

Хабашстанға, одан кейін Аллаһ расулының жанына һижрет еткендердің ізгіліктері

Әбу Хасманың қызы Ләйла айтады: «Уаллаһи, біз Хабашстанға жолға жиналып жатқанымызда, Амир бір нәрселер алуға сыртқа шығып кетті. Қайдан шыға келгені белгісіз, мүшрік Омар желкемнен төніп тұрып алды. Оның талай қорлық-құқайын көрген едік. «Әй, Үммі Абдуллаһ, жолға жиналдың ба?» – деп сұрады. «Иә, Аллаһтың жаратқан елдерінің біріне қоныс аударамыз, сендер бізге күн көрсетпей қойған соң, Аллаһ тағала бізге сендерден құтылудың жолын көрсетті», – дедім. Ол: «Аллаһ жар болсын!» – деді. Сол кезде мен Омардың басылып, жұмсарып қалғанын байқадым. Содан ол көңілі құлазып, өз жөніне кете барды. Біздің кететінімізге жабырқап қалған сияқты. Сол кезде Амир де келе қалды. «Әбу Абдуллаһ! Жаңағы Омардың жылы жүзін, жабырқаулы халін көргеніңде ғой», – дедім. «Сен оны Исламға кіреді деп ойлайсың ба?» – деді ол. «Иә», – сенімде. «Хаттабтың есегі мұсылман болса да, ол мұсылман бола қоймас», – деді. Амир Омардың мұсылмандарға деген қаталдығын білгендіктен, оның Исламды қабылдайтыны ойына да кіріп-шықпағанды³²⁷.

Халид ибн Саид ибн Астан жеткен риуаят бойынша, Халид пен бауыры Амр Хабашстанға һижрет

³²⁶ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/71

³²⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/79

еткен мұһажырлардың қатарында болған. Екеуі Пайғамбарымыздың жанына қайта оралғанда, оларды Аллаһ расулының өзі арнайы қарсы алады. Олар Бәдір соғысынан кейін бір жыл өткен соң келген еді. Хабаһстан мұһажырлары Бәдір соғысына қатыса алмағандықтарына қатты мұңайған болатын. Сонда Расулаллаһ (с.а.с.): «Неге ренжисіңдер? Өзгелер бір рет һижрет етсе, сендер екі рет һижрет еттіңдер. Хабаһстанға көштіңдер, одан қайтып менің қасыма келдіңдер», – дейді³²⁸.

Әбу Мұса (р.а.) былай дейді: «Біз Йеменде жүргенде, Расулаллаһтың пайғамбар ретінде жіберілгені және Мәдинаға һижрет еткені туралы хабар алдық. Осыған орай мен Әбу Бурдә және Әбу Рухм деген екі бауырыммен бірге елу екі немесе елу үш адам болып, Аллаһ расулының қасынан табылу үшін, һижрет етуге жолға шықтық. Бәріміз бір кемеге міндік. Ауа райының қолайсыздығына байланысты кеме басшысы бізді Хабаһ патшасы Нәжашидің еліне тастап кетті. Сол жерде Жағфар ибн Әбу Тәліпті (р.а.) жолықтырып, біраз уақыт солармен бірге Хабаһстанда тұрып, кейін жұбымыз жазылмай Мәдинаға бет түзедік. Пайғамбарымызға (с.а.с.) келіп жеткенде, Хайбар әлі жаудың қолында болатын. Хабаһстаннан кемемен қайтып оралған бізге кейбір мұсылмандар «һижрет ету сауабында біз сендерден артықпыз» дейтін. Бір күні күйеуі Жағфармен бірге Хабаһстаннан келген Әсма бинти Умәйс Пайғамбарымыздың әйелі әрі Омардың қызы Хафсаға (р.анһа) барып жолығады. Хафса одан бұрын әлдебір керуенмен Нәжашидің еліне һижрет етіп келген болатын. Омар Хафсамен кездескенде, оның қасынан Әсманы

³²⁸ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 16/949 (46302)

көріп: «Мына әйел кім?»— деп сұрайды. «Әсма бинти Умәйс», — дейді ол. «Хабашқа һижрет етіп, теңіз жолымен келген осы әйел ме?» — деп сұрағанда, Әсманың өзі жауап беріп: «Иә», — дейді. Омар (р.а.): «Һижрет етуде біз сендерден артықпыз, өйткені Аллаһ расулына сендерден гөрі жақынырақпыз», — дейді. Әсма Омардың сөздеріне ашуланып: «Мүлдем олай емес. Уаллаһи, сендер Расулаллаһпен бірге болған кездерінде ол сендерді аш қалдырмады, надандарыңа жол көрсетті. Ал біз болсақ, ит арқасы қиянда жатқан Хабашстанда, біздерге мүлдем жат адамдардың арасында өзімізді жалғыз, қорғансыз сезіндік. Осының барлығына тек Аллаһ пен расулының ризалығы үшін төздік. Құдай ақы, айтқандарыңды Аллаһ расулына барып жеткізгенше, бұл туралы одан сұрап білмейінше, нәр татпаймын», — дейді. Дәл сол кезде Пайғамбарымыз (с.а.с.) келіп қалады. Әсма: «Уа, Расулаллаһ, жаңа Омар осылай да осылай деді», — деп, Омардың айтқандарын жеткізеді. Аллаһ расулы: «Ал сен оған не деп жауап бердің?» — деп сұрағанда, ол өзінің не дегенін айтады. Сонда Аллаһ расулы: «Омар маған сендерден жақын емес. Өйткені Омар мен жолдастары үшін бір һижреттің сауабы жазылады. Ал кемемен келген сендер үшін екі һижреттің сауабы жазылады», — деді.

Әсма (р.а.) айтады: «Уаллаһи, осы оқиға туралы естіп, Әбу Мұса мен кемедегі сахабалар бір топ болып маған келе жатыр екен. Менен болған жайт туралы сұрады. Олар да Расулаллаһтың өздері туралы айтқан сол қуанышты хабарына жүректері жарыла қуанды»³²⁹.

³²⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/205

6. СУХӘЙБ ИБН СИНАННЫҢ ҺИЖРЕТІ

Саид ибн Мүсәйяб айтады: «Сухәйб (р.а.) Мәдинаға һижрет етіп жолға шыққанда, Құрайыштың бір топ жастары іле ізіне түседі. Сухәйб әлдебір жерге түнеуге тоқтағанда, оқшантайындағы барлық оқтарын түгендеп: «Ей, Құрайыш қауымы! Менің құралайды көзге атқан мерген екенімді білесіңдер. Аллаһқа ант етемін, бірде-бір оғымның мүлт кетпейтіні анық. Жан керек болса, аулақ жүріңдер. Оғым таусылса, алмастай жылпылдаған қылышым бар. Одан кейінгісін өздерің білесіңдер. Не болмаса Меккедегі дүниемнің қайда тұрғанын айтайын, сендер менің жолымды бөгемендер», – дейді. Олар осыған келіседі. Сухәйб оларға дүние-мүліктерін қайда жасырғанын айтады. Сонда Хақ тағала *«Сондай адамдар бар, Аллаһтың разылығын алу үшін өз жандарын тида етеді. Аллаһ та құлдарына өте мейірімді»* деген мағынадағы «Бақара» сүресінің 207-аятын түсіреді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) Сухәйбті кездестіргенде: «Әй, Әбу Яхия, алыс-беріс сәтті өтті», – деп жоғарыда айтылған аятты оқиды³³⁰.

Сухәйбтің өзі айтады: «Меккеден Мәдинаға Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жанына һижрет етуге бел буғанымды білгенде, Құрайыштар: «Ей, Сухәйб! Бізге келген кезінде түгің жоқ болатын. Дәулетің шалқып, ұпайыңды түгендеп алған соң, бізді тастап, түк болмағандай қалай кетесің? Мұның адамшылыққа жат», – деді. Мен оларға: «Менен не қалайсыңдар? Мал-мүлкімді сендерге тастап кетсем, жолымды бөгейсіңдер ме?» – дедім. Олар бұған келісті. Сөйтіп, мен бар дүниемді соларға бердім. Құрайыштардан осы-

³³⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/173

лайша құтылып, Мәдинаға жеттім. Пайғамбарымыз (с.а.с.) бұл жағдайды естіп, екі рет «Сухэйб игілікке кенелді, Сухэйб игілікке кенелді», – деді».³³¹

7. АБДУЛЛАҢ ИБН ОМАРДЫҢ ҺИЖРЕТІ

Риуаят бойынша, Ибн Омар Һижрет еткеннен соң, Меккедегі ескі үйлерінің тұсынан өтіп бара жатқанда, көзін жұмып, үйге қарамауға тырысатын, ол жерге аттап баспайтын. Тағы бір риуаят бойынша, Ибн Омар Пайғамбарды (с.а.с.) еске алғанда, әрдайым көзіне жас алатын, Меккедегі үйлерінің жанынан өткен сайын көзін жұматын еді³³².

8. ДАМРА ИБН ӘБУЛ-АЙСТЫҢ ҺИЖРЕТІ

Саид ибн Жубэйр айтады: *«Себеңізден-себеңіз жиһадқа қатыспай қалған мүміндер мен Аллаһ жолында жан-тәндерімен жиһад еткен мүміндер, әрине, тең болмайды. Аллаһ жан-тәнімен беріле соғысқандардың дәрежесін жиһадқа қатыспағандардан жоғары еткен»* (Ниса, 4/95) деген аят түскенде, аятта көрсетілгендей белгілі себептері бар мұсылмандар Меккеде қала берді. *«Иман келтіріп, Һижрет етпей, өздеріне қиянат жасағандардың жандарын аларда, періштелер олардан: «Қайда едіңдер?» – деп сұрайды. Олар: «Біз бұл елде діннің бұйрықтарын орындай алмаған, қысым көрген адамдар болатынбыз», – дегенде, періштелер: «Аллаһтың жаратқан дүниесі кең емес пе еді? Сендер де Һижрет етсеңдер қайтер еді?» – дейді. Міне, олардың орны тозақ. Ол қандай жаман жер!*

³³¹ Ибн Кәсир, Тәфсир, 1//247

³³² Әбу Нуайм, Хилия 1/303; Ибн Хажар, әл-Исабә 2/349

(Ниса, 4/97) деген аят түсті. Осыған орай, Меккедегі мұсылмандар «Мынау жерді асты-үстіне келтіретін ескерту ғой. Енді Һижрет етуден басқа шара жоқ», – деді. Сонда *«Тек мүмкіндігі жоқ және Һижретке жол таба алмаған еркектер, әйелдер мен балаларға бұл үкім жүрмейді. Өйткені, олар Аллаһтың кешірімінен үміт ете алады. Аллаһ, шынында да, асқан кешірімді»* (Ниса, 4/98) деген аят түсті.

Осы аят түскеннен кейін Ләйсұлдарынан көзі көрмегенімен, дәулеті мол Дамра ибн Әбул-Айс: «Мен ол үкімнен шет қалатын адам емеспін, мен Һижрет етудің бір жолын табармын. Өйткені менде мал да, құл да бар. Қане, мені түйеге мінгізіндер», – дейді. Жұрт науқас Дамраны сүйемелдеп түйеге мінгізеді. Ол Тәнғим деген жерге жеткенде, қайтыс болады. Денесі Тәнғим мешітінің қасына жерленеді. *«Кім үйінен Аллаһқа және расулына Һижрет ету ниетімен шығып, жолда ажалы жетіп, қайтыс болса, ол да сыйға лайық және оны сыйға бөлеу Аллаһқа тән. Аллаһ өте кешірімді, аса рақымды»* (Ниса, 4/100) деген аятта Дамра туралы айтылған еді³³³.

9. УАСИЛА ИБН ӘСКАНЫҢ ҺИЖРЕТІ

Уасила ибн Әска (р.а.) айтады: «Исламға кіру ниетімен үйімнен шықтым. Пайғамбарға (с.а.с.) барғанымда ол намаз оқып жатыр екен. Мен де соңғы сапқа намазға тұрдым. Солармен бірге намаз оқыдым. Аллаһ расулы намазын бітірген соң, қасыма келіп: «Қандай қалауың бар?» – деп сұрады. «Исламға кіргім келеді», – дедім.

³³³ Ибн Хажар, әл-Исабә 2/212

«Һижрет жасайсың ба? Сен үшін қайырлы болады», – деді. «Иә», – дедім. «Һижрет «бадияны» ма, әлде һижрет «батияны» қалайсың ба?» – деп сұрады. Мен: «Қайсысы жақсы?» – деп сұрадым. Ол: «Һижрет бадия. Өйткені, осы һижретке ниет еткен адам Аллаһ расулының қасында қалады. Ал һижрет батияда Расулаллаһтан жырақта, түбінде кір жуып, кіндік кескен жеріне қайтып оралады», – дегеннен кейін, «Қиын кезде болсын, жай уақытта болсын, қайғы мен қуанышты бірге бөлісіп, өзгелерге артықшылық жасалғанда да мойынсұнасың», – деді. «Иә, қабылдаймын», – дедім мен. Ол қолын созды, мен де қолымды создым. «Шамаң жеткенінше», – деді. Мен де: «Шамам жеткенінше», – дедім. Сосын ол менің қолымды қысты³³⁴.

10. САФУАН ИБН УМӘЙЯ МЕН КЕЙБІР АДАМДАРҒА ҺИЖРЕТ ТУРАЛЫ АЙТЫЛҒАН СӨЗДЕР

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Меккенің терістігінде тұратын Сафуан ибн Умәйя «Һижрет парыз бола тұра, орындамаған адамның діні жоқ» дегенді естіп, «Мәдинаға һижрет етпейінше үйіме оралмаймын», – деп, мұсылмандардың екінші отанына айналған шаһарға тартып отырады. Ол әкем Аббастың үйіне түсті. Сосын Пайғамбарымызбен (с.а.с.) жолыққанда, Аллаһ расулы одан: «Әй, Әбу Уәхб, бұл жерге келуіңе не себеп болды?» – деп сұрайды. «Һижрет етпеген адамның діні жоқ» дегенді естіп, осыны сұрауға келдім», – деп жауап береді ол. Пайғамбарымыз: «Әбу Уәхб, Меккедегі үйіңе қайт. Үйлеріңде болыңдар. Һижрет аяқталды,

³³⁴ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 16/949 (46304)

алайда ниет пен жиһад мәңгі, жиһадқа шақырғанда келмей қалмандар», – дейді³³⁵.

Тауыс айтады: «Біреулер Сафуан ибн Умәйяға «Ғижрет етпегендер құрдымға кетеді» дегенді айтқанда, ол Аллаһ расулына барып, мұның себебін сұрап білмейінше, басын жумауға ант ішеді. Түйесіне мініп, Мәдинаға қарай жолға шығады. Пайғамбарымыздың мешітінің алдында Пайғамбарымызбен кездесіп: «Уа, расулаллаһ! «Ғижрет етпегендер құрдымға кетеді» дегенді естідім. Осының себебін сенен сұрап білмейінше, басымды жумауға ант іштім», – дейді.

Аллаһ расулы: «Сафуан Ислам туралы естіп, оны шын көңілден қабылдапты. Мекке жеңісінен кейін ғижрет аяқталды. Бірақ ниет пен жиһад мәңгілік. Жиһадқа шақырылғанда келіндер», – дейді³³⁶.

Ата ибн Әбу Рәбах айтады: «Убәйд ибн Умәйр әл-Ләйсимен бірге Айшаға (р.а.) барып, оған ғижретке қатысты сұрақтар қойғанымызда, Айша анамыз былай деп жауап берді: «Бұдан былай ғижрет жоқ. Бұрын мүміндер қандайда бір жамандыққа ұшыраймын-ау деп қауіптенгендіктен, діні үшін Аллаһ пен расулының разылығына бөленуді үміт етіп ғижрет ететін. Ал қазір Аллаһ Исламның мерейін үстем қылды. Қазір мүміндер қалаған жерінде Раббысына ғибадат жасай алады, алайда ниет пен жиһад мәңгілік сақталып қала бермек», – деді³³⁷.

³³⁵ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 16/952 (46312)

³³⁶ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/615 (13441)

³³⁷ Бұхари, Сахих 4/ 1567 (4058)

11. ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҺИЖРЕТІ

Расулаллаһ пен Әбу Бәкір отбасыларының һижреті

Айша (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) һижрет еткен кезде, бізді және қыздарын Меккеде қалдырды. Мәдинаға әбден орнығып алғаннан кейін, екі азат құлы Зәйд ибн Хариса мен Әбу Рафиді бізге жіберді. Мініс көлігін алсын деп, оларға бес жүз дирхам ақша ұстатты. Олар ақша мен екі түйені Аллаһ расулының есебінен Әбу Бәкірден алды. Әбу Бәкір (р.а.) екі немесе үш түйемен бірге Абдуллаһ ибн Урайқытты да олардың тобына қосып, анам Үммі Румманды, мені және сіңлім Әсманы ала кетсін деп, баласы Абдуллаһқа хат жолдады. Үшеуі Құдәйд деген жерге жеткенде, Зәйд ибн Хариса сол бес жүз дирхамға үш түйе сатып алады. Сөйтіп, Меккеге барар жолда Талха ибн Ұбайдуллаһты кездестіреді. Ол да һижрет етуге ниет білдіреді. Оны да қастарына қосып алады.

Зәйд пен Әбу Рафи Фатима, Үммі Гүлсім және Сәуда бинти Зәманы ертіп алды. Сонымен қатар, Зәйд Үммі Әймән мен баласы Усаманы да ертіп, Меккеден шығады. Жол бойы жұбымыз жазылған жоқ. Бәйда деген жерге жеткенімізде, анам екеуміз отырған түйе бір нәрседен үркіп, құйын-перен шаба жөнелді. Анам қорқып жылай бастады. Түйеміз Хәрша қыратының етегіне жеткенде, бір-ақ тоқтады. Біз Аллаһтың қалауымен аман қалдық. Мен қалаға Әбу Бәкірдің отбасымен бірге кірдім. Аллаһ расулының үй іші олардың маңынан алыс кеткен жоқ. Аллаһ расулы ол кезде мешітінің маңынан

шағын бөлмелер салып жатқан болатын. Отбасын осы баспаналарға орналастырды. Қаншама күн осы істің біткенін күттік³³⁸.

Пайғамбарымыздың қызы Зейнептің һижреті

Зейнеп (р.а.) айтады: «Һижрет етуге дайындалып жүрген кезімде, Утбаның қызы Хинд кездесіп қалып: «Ей, Мұхаммедтің қызы! Естуімше, сен әкеңнің қасына бармақ көрінесің, солай ма?» – деп сұрады. «Жоқ, олай емес», – десем де, Хинд: «Сіңлім, жасырма. Қандай нәрсе керек болса да айт, меселінді қайтармаймын. Менен еш нәрсе жасырма. Ер-азаматтардың арасындағы араздық әйелдердің арасына кірмеуі керек», – деді. Уаллаһи, ол бұл сөзін шын көңілімен айтқан еді. Ал мен болсам, қорқып, һижретке дайындалып жатқанымды бәрібір жасырып қалдым».

Ибн Ысхақ айтады: «Зейнеп жолға тас түйін дайындалғаннан кейін, қайнысы Кинана ибн Рәби оған бір түйе берді. Зейнеп түйесіне мінеді. Кинана садағы мен жебесін сайлап, күндіз Меккеден шығады. Құрайыштың еркектері ақылдасып, Зейнептің соңына түседі де, Зитууа деген жерде оларды қуып жетеді. Алдымен, Хәббар ибн Әсуад әл-Фихри қуып жетіп, найзасымен Зейнептің түйесін түрткілейді. Түйе үркіп, Зейнепті құлатып түсіреді. Айтуларынша, ол кезде Зейнептің аяғы ауыр болған, қорыққаннан баласын түсіріп алады. Кинана тізерлеп, жебелерін жерге тізіп, жақындаған адамды оққа байлайтынын айтып ескертеді. Сонда ғана барып олар сескеніп кері шегі-

³³⁸ Ибн Абдулбәрр, әл-Истиаб 4/450

неді. Сәлден кейін Құрайыштық жамағаттың ішінен Әбу Суфиянның «Ау, батыр! Оғыңды таста, сенімен сөйлесейік» деп мәмілеге шақырған даусы естіледі.

Әбу Суфиян төбесінен төніп: «Мұхаммедтің бізге жасағандарын, басымызға әкелген қасіреттерін көре тұра, тапа-тал түсте, елдің көзінше Меккеден оның қызын алып кетіпсің. Бұл қылығыңды көрген ел біз туралы не ойлайды. Бізді дәрменсіз бейшара екен демей ме? Әкесі үшін оны жазаға тарту, өш алу бізге жараспайды. Бірақ сен әйелді кері қайтар, ел арасындағы сыбыс пен сыпсың сөз басылып, бәсеңдеп, ол әйелді қайтара алғанымызға көзі жетіп, сенімге ие болған соң жасырын түрде оны алып, әкесіне апарарсың», – дейді. Ол айтқанындай жасайды³³⁹.

Айша (р.а.) анамыз бұл оқиға жайлы былай әңгімелейді: «Расулаллаһ (с.а.с.) Меккеден кеткеннен кейін, қызы Зейнеп (р.а.) те қайнысы Кинанамен бірге жолға шығады. Құрайыштар оның ізіне түседі. Хаббар ибн Әсуад оларды қуып жетіп, найзасын шошандатып Зейнептің түйесін шабынан түртеді. Мөңкіген түйеден Зейнеп аударылып қалады. Аяғы ауыр Зейнеп ішіндегі баласын түсіріп алып, жаны қатты қиналады. Осы оқиғаға байланысты Хашимұлдары мен Үмәйяұлдарының арасында үлкен дау туындайды. Үмәйяұлдары: «Зейнеп бізге тиесілі, өйткені ол – біздің көкеміздің баласы Әбул-Астың әйелі», – дейді. Пайғамбарымыздың қызы бұл кезде Утбаның қызы Хиндтің жанында болатын. Хинд Зейнепке: «Осы даудамайдың бәрі сенің әкеңнің кесірінен туындады», – деп ренжиді. Кейін Аллаһ расулы Зейнепті әкелуге

³³⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/330

Харисаның баласы Зәйдті жұмсайды. Зәйдті аттандырып тұрып Пайғамбарымыз (с.а.с.): «Мына жүзігімді Зейнепке бер. Сонда сені менің жібергеніме сенеді», – дейді. Зәйд жолда мал жайып жүрген бір шопанға кезігеді. Одан: «Кімнің шопанысың?» – деп сұрайды. Әбул-Астың шопаны екенін білгеннен кейін, «Мына мал кімдікі?» – деп сұрайды. «Бұлар Мұхаммедтің қызы Зейнептікі», – дейді ол. Олар аяндап әудем жер жүргеннен кейін: «Бері қара, саған бір аманат тапсырсам, ешкімге көрсетпестен, иесінің қолына табыс етесің бе?» – деп шопанның тамырын басып көреді. Шопан келіскен соң, Зәйд жүзікті шопанға ұстатады. Ол оны Зейнепке апарып береді. Зейнеп шопаннан оны кім бергенін, ол адамның қайда екенін сұрап біледі. Зейнеп басқа ештеңе айтпастан кешті күтеді. Қараңғы түскен соң, Зәйдке жолығу үшін үйден шығады. Зәйд атқа қамшы басуға дайын отыр екен. Зейнеп Зәйд арқылы әкесіне аман-есен жетеді. Аллаһ расулы әрдайым «Зейнеп қыздарымның ең қайырлысы. Ол мен үшін көп азап шекті» дегенді аузынан тастамайтын³⁴⁰.

Әбу Ләхабтың қызы Дүрраның һижреті

Ибн Омар, Әбу Һұрайра және Аммар ибн Ясир (р.а.) айтады: «Әбу Ләхабтың қызы Дүрра һижрет етіп, Муалла әз-Зүракидің (р.а.) үйіне түсті. Оны көруге барған Зүрәйкүлдарының бір топ әйелі Дүрраға: «Сен Әбу Ләхабтың қызысың. Аллаһ ол туралы *«Әбу Ләхабтың екі қолы құрысын. Құрыды да. Оған малы да, табысы да пайда бермеді»* деген. Сондықтан да һижретіңнен саған пайда жоқ», – деп тиіседі. Тамағына өксік кептеліп, ызаға

³⁴⁰ Табарани, әл-Мугжамул-кәбир 22/431 (1051)

булыққан Дүрра Пайғамбарымызға (с.а.с.) мұңын шағып барады. Аллаһ расулы оны жұбатып: «Қане, отыршы», – дейді. Жамағатқа бесін намазын оқытып болғаннан кейін мінберіне шығып: «Әй, адамдар! Әхли-бәйтіме тиісіп, мені неге ренжітесіңдер? Аллаһқа ант етемін, қиямет күні менің шапағатымнан Ха, Хакәм, Суда және Сәхләп тайпалары құр қалмайды», – деді³⁴¹.



³⁴¹ Табарани, әл-Мугжамул-кәбир 24/259 (660)

БЕСІНШІ БӨЛІМ

МҰҢАЖЫРЛАРҒА ҚАМҚОР БОЛҒАН АНСАРЛАР



Ансарлар тура жолға апаратын осы ұлы дінге қалайша жан-тәнімен берілді? Олар не себепті Исламға қолдау көрсетті? Осы ізгі істері мен жомарттықтарын келер ұрпаққа қалай өнеге етіп қалдырды? Дүниелік нәрселерден неліктен, бас тартты? Осынау қаптаған сауалдардың бір-ақ жауабы бар: олар бұлардың барлығын Аллаһтың разылығына бөлену және расулына бағыну мақсатында жасаған еді.

1. АНСАРЛАРДЫҢ ҰЛЫ МІНДЕТТІ ОРЫНДАУҒА КІРІСУІ

Айшаның айтқаны

Айша (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (с.а.с.) жыл сайын араб тайпаларын аралап, Аллаһтың сөздері мен хабарларын еркін уағыздауы үшін олардың өзіне қамқор болуын сұрайтын және мұның қайтарымы ретінде оларға жұмақты уәде ететін. Алайда, бірде-бір араб тайпасы оған қолдау көрсетпеді.

Ақырында, Хақ тағала өз дінін жеңіске жеткізді. Расулына көмектесіп, уәдесін орындады. Расулаллаһты ансардың арасына жіберді. Олар Пайғамбарды (с.а.с.) жылы қабақпен, құшақ жая қарсы алып, Аллаһ тағала

олардың жерін өзінің пайғамбары үшін хижрет орны етті»³⁴².

Омардың осы туралы айтқандары

Омар(р.а.)былай деген: «Пайғамбарымыз(с.а.с.)Мекке кезеңінде қажылық маусымында өз қамқорлығына алуын сұрап араб тайпаларын жағалайтын, бірақ ешқайсынан қолдау тауып, оң жауап ала алмайтын. Ақырында, Хақ тағала ансарларға рақымдылық жасап, оларға үлкен бақыт пен игілікті нәсіп етті. Ансарлар Пайғамбарымызға қолдау көрсетіп, сүйеніш болды. Аллаһ пайғамбарға берген көмегі үшін оларды құт-берекеге бөлесін. Аллаһқа ант етемін, біз міндетімізге алған ансарлардың құқықтарын толық орындай алмадық. Оларға «Біз, мұһажырлар – басқарушылармыз, сендер, ансарлар – біздің көмекшімізсіңдер», – дедік. Ант етемін, келесі жылға дейін аман болсам, барлық әкімдерді ансардан тағайындаймын»³⁴³.

Жабир ибн Абдуллаһтан жеткен хадис

Жабир ибн Абдуллаһ (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз жыл сайын қажылық маусымында араб тайпаларының Меккедегі шатырларына бас сұғып: «Мені өз қауымына ертіп апаратын кім бар? Құрайыштар Раббымның жарлығын халыққа жеткізуіме кедергі жасауда», – дейтін. Бірде осы сөзді естіген Хамдан тайпасының бір адамы екі әлем Сардарымен(с.а.с) тілдеседі. Аллаһ расулы одан: «Қай тайпадансың?» – деп сұрайды. Ол: «Хәмдан тайпасынан», – деп жауап береді. Аллаһ расулы: «Қауымың әлсізге қамқор,

³⁴² Табарани, әл-Мугжамул-әусат 6/294 (6454)

³⁴³ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид, 6/49 (9879)

пақырға пана бола алады ма?» – деп сұрағанда, ол: «Иә», – дейді. Деуін десе де, қауымына алдын-ала ескертпей Пайғамбарымызға (с.а.с.) бүкіл бір елдің атынан сөз бергенім қалай болар екен деп ойланып қалды. «Уа, Расулаллах, алдымен, қауымыммен ақылдасайын, жауабымды келесі жылдан кешіктірмеймін», – дейді. Пайғамбарымыз (с.а.с) оның бұл сөзіне келіседі. Ол өз жөніне кетеді. Алайда бұдан көп өтпей Ережеп айында ансарлардан бір топ адам келді»³⁴⁴.

Осы туралы Уруадан жеткен риуаят

Уруа (р.а.) айтады: «Қажылық маусымында ансарлардан бір топ мұсылман қажылыққа келді. Олар Мазин ибн Нәжжарұлдарынан Муаз ибн Афра, Әсад ибн Зүрара, Зурайкұлдарынан Рафи ибн Мәлік, Зәкуан ибн Абдулқайс, Абдулашхалұлдарынан Әбул- Хайсам ибн Тәйихан, Амр ибн Ауфұлдарынан Уәйм ибн Саида (р.а.) болатын.

Аллаһ расулы (с.а.с.) оларға өзінің Аллаһ жіберген пайғамбар екенін айтып, Құраннан аяттар оқиды. Олар Пайғамбарымыздың сөздерін сілтідей тынып, ұйып тыңдады. Ақырзаман пайғамбарының сипаттары туралы христиандар мен яһудилерден естігендерін естеріне түсіріп, оны танып, иман келтірді. Осылайша өздерінен кейін келетіндердің де ізгілікке қауышуына себепші болды. Кездескен кезде олар Пайғамбарымызға: «Әус тайпасы мен Хазрәж тайпасы арасындағы қан дауын білесің. Аллаһ тағала сенің бастаған ісінді жеңіске жеткізгенін тілейміз. Аллаһ үшін осы жолда барымызды салып өзіңе аянбай қызмет жасаймыз. Сен қазірше осы жерде бола тұр. Біз өз қауымымызға сенің

³⁴⁴ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 3/390 (15229)

айтқандарынды жеткіземіз. Оларды да Ислам жолына шақырайық. Аллаһ тағала арамызды жақындатып, бізді бір шаңырақтың астында жинайды деп үміттенеміз. Қазірше мүмкіндігіміз жоқ, сізді ертіп кете алмаймыз. Өйткені, біздің бұл шешімімізге олардың қалай қарайтынын білмейміз. Келесі жылғы қажылық маусымында кездесуге саған уәде береміз», – дейді.

Ансарлардың айтқандары көңілге қонымды, ақылға сиымды болғандықтан, Аллаһ расулы олардың осы уәжіне тоқтайды. Меккеден қайтқан мұсылмандар өз қауымына Исламды жасырын уағыздай бастады. Халыққа Расулаллаһ туралы айтып, Аллаһтың оны пайғамбар етіп жібергенін, Құран арқылы Аллаһқа иман келтіруге шақырғанын түсіндірді. Осының нәтижесінде ансарларда әр жанұяда (үш-төрт) мұсылманы жоқ бірде-бір шаңырақ қалмаған еді»³⁴⁵.

Яхия ибн Саид айтады: «Бір ансар әйелінің: «Мен Ибн Аббасты көрдім, Сырма ибн Кайстың қасына барып, мына өленді үйренетін» дегенін естідім:

Аллаһ расулы он жылдан астам уақыт Құрайыштың ішінде болып, сенімді серік іздеп, оларға уағыз айтты. Қажылық маусымында тайпаларға өтініш білдірді. Алайда, өзіне қол ұшын созатын жан баласын таппады. Біздің қауым оны бауырына басты. Оның көңілі марқайып, бізге ризалық білдірді. Енді алыстағы залымдардың қиянатынан қорықпайтын, азғындаған адамдардан қауіптенбейтін болдық. Мал-мүлкімізді Ислам жолында жұмсадық. Қан майданда шыбын жанымызды дін үшін пида еттік. Хаққа дұшпан болғаны үшін, достарымызбен ара қатынасымызды үздік. Біз

³⁴⁵ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид, 6/46 (9876)



Аллаһтан басқа мәңгілік еш нәрсе жоқтығын білдік. Аллаһтың кітабы – жалғыз жол көрсетушіміз»³⁴⁶.

2. МҰҢАЖЫРЛАР МЕН АНСАРЛАРДЫҢ АРАСЫНДА ОРНАТЫЛҒАН БАУЫРЛАСТЫҚ

Абдуррахман ибн Ауф пен Сағыд ибн Рәбидің оқиғасы

Әнәс (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәллам) Мәдинаға келгенде, Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) пен Сағыд ибн Рәби әл-Ансариді бір-біріне бауыр етіп, батасын берді. Сонда Сағыд ибн Рәби Абдуррахман ибн Ауфқа: «Бауырым, мәдиналықтардың ішінде ең дәулеттісі менмін. Малымның жартысын сен ал. Екі әйелім бар, қайсысын қаласаң, сонымен ажырасып, сенімен некелестірейін», – дейді.

Абдуррахман ибн Ауф: «Аллаһ сенің малыңа да, әйеліңе де береке әкелсін, сен маған базарға баратын жолды көрсетсең болды», – дейді. Ол базардың жолын көрсетіп береді. Абдуррахман базар жағалап, саудамен айналысып, біршама пайда түсіреді. Үйіне ірімшік пен май алып қайтады. Арада біраз уақыт өткеннен кейін Абдуррахманның үстінен запырангүлдің иісі бұрқырап келеді. Аллаһ расулы «Жағдай қалай?» – деп сұрағанда, Абдуррахман ибн Ауф бір әйелге үйленгенін айтады. Аллаһ расулы: «Оған мәхірге не бердің?» – деп сұрайды. «Құрма дәніндей алтын бердім», – дейді ол. Расулаллаһ: «Бір қой сойып болса да, елді шақырып, тамақ бер», – дейді. Абдуррахман (р.а.) айтады: «Уаллаһи, сол кезде едәуір пайда табатынмын, кез келген тасты көтере,

³⁴⁶ Ибн Әсир, Усдул-ғаба 1/518

қалсам астынан алтын мен күміс шығатындай табысқа кенелетінмін»³⁴⁷.

Мұһажырлар мен ансарлардың бір-біріне мұрагер болуы

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Мәдинаға келгенде, Аллаһ расулы мұһажырлар мен ансарларды бір-біріне бауырластырған болатын. Олар бауыр ретінде бір-біріне ілтипат білдіргені соншалық – тіпті ансарлардан біреу қайтыс болса, дүние-мүлкін бала-шағасына емес, мұһажырларға қалдырып кететін. Кейін *«Ата-ана мен басқа туыстар қайтыс болғаннан кейін қалдыратын әрбір нәрсесі үшін мұрагерлер белгіледік»* (Ниса, 4/33) деген аят түсіп, мұһажырлар мен ансарлардың бір-біріне мұрагер болуы үкімі жойылды».

Басқа бір риуаятта бұл үкім «Әнфал» сүресінің *«Аллаһтың үкімі бойынша туыстық жағынан жақын болғандар бір-біріне мұрагер болуға лайығырақ»* (Әнфал, 8/75) деген аяты түскенде жойылған деп келеді³⁴⁸.

Ансарлардың мұһажырларға көмек беруі

Әбу Һұрайра (р.а.) риуаят етеді: «Ансарлар Аллаһ расулына: «Уа, расулаллаһ, құрма бақтарымызды мұһажырлармен бөліскіміз келеді. Соған өзіңіз бас-көз болсаңыз», – деп ұсыныс тастайды. Аллаһ расулы келіспейді. Мұһажырлар: «Бұл қалай болғаны? Сендер неше жыл күтіп-баптап, қажыр-қайрат көрсеткен еңбектеріңнің жемісіне бізді ортақ етпексіндер ме?»

³⁴⁷ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/228

³⁴⁸ Ибн Хажар, Фәтхул-бәри 7/270 (3721)



– дейді. Олардың бұл ұсынысына қарсылық білдірген ансарлар: «Иә, дәл солай!» – дейді риясыз көңілмен.

Абдуррахман ибн Зәйд ибн Әсләм (р.а.) риуаят етеді: «Аллаһ расулы (саллаллаһу алейһи уә сәллам) ансарларға: «Мына мұһажыр бауырларың мал-мүлкі мен бала-шағасын тегіс тастап, сендерді паналап келіп отыр», – дегенде, ансарлар: «Уа, Аллаһтың елшісі! Мал-мүлкімізді оларға теңдей етіп бөліп берейік», – дейді. Аллаһ расулы одан басқаша да істеуге болатынын айтып: «Мұһажырлар – бауырларың егістік пен бақшада жұмыс істеп көрмеген адамдар, олардың орнына өздерің жұмыс істеп, өнімді бөліссеңдер», – деген ұсыныс тастайды. Дархан жүректі ансарлар бірауыздан құптап, қуана-қуана келіседі.

Әнәс (р.а.) айтады: «Мұһажырлар: «Уа, Расулаллаһ, мына ансарлар секілді ізгі адамдарды ешқашан көрген емеспіз. Қолдарындағы азын-аулақ дүние-мүлкін бізге бөліп берді. Ал көп табыс тапса, бізге өздерінен де артық қып береді! Уаллаһи, бізден ештеңе дәметпейді де. Барлық сауапты солар алып, біз құралақан қалып қояр ма екенбіз деп қорқамыз», – дейді. Расулаллаһ: «Қорықпандар. Ансарлардың жасаған жақсылықтарының қадірін біліп, олар үшін Аллаһқа дұға етсеңдер, сендерге де сауап жазылады», – дейді³⁴⁹.

Жәбир (р.а.) айтады: «Ансарлар жиын-терін кезінде түскен өнімді өздеріне аз, мұһажырларға мол етіп бөлетін. Сосын өздеріне деп бөлгендерін құрманың бұтақтарымен бүркемелеп, мұһажырларға тандауды ұсынатын. Әлбетте, ансарлардың бұл «қулығынан» бейхабар мұһажырлар бауырларына қарағанда молырақ алғанын өздері де байқамай қалатын. Хайбар жеңісіне дейіносылай жалғасты. Хайбар алынғанда, Аллаһ расулы

³⁴⁹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 3/228

(саллаллаһу аләйһи уә сәллам) ансарларға: «Сендер өз міндеттерінді толығымен атқардыңдар. Қаласандар, Хайбар үлесінен бас тартыңдар, бұдан бұлай жемістеріңнің өнімдері түгел өздерінде қалсын», – дейді. Ансарлар: «Сенің бізге қойған біраз талаптарың бар болатын. Біз соның қарымы ретінде жұмақты сұраған едік. Жұмақ үшін бізден қалаған нәрсенің бәрін жасадық», – дейді. Сонда Аллаһ елшісі олардың кіршіксіз көңіліне риза болып: «Әрине, ол орындалады», – дейді³⁵⁰.

Әнәс (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәллам) бірде ансарларды шақыртады. Бахрейн олжасынан оларға үлестерін беруі керек болатын. Олар: «Мұһажырларға да осындай мөлшерде үлес бермесең мұны қабылдамаймыз», – дейді. Аллаһ расулы: «Қабылдамайсыңдар ма? Олай болса, маған қауышқанға дейін сабыр етіндер, қарымын ақыретте аласыңдар. Жақында сендерге де өзін басқалардан артық көру ауруы жұғады. Осыған абай болыңдар», – дейді³⁵¹.

3. АНСАРЛАРДЫҢ АЛЛАҒ ПЕН РАСУЛЫНЫҢ РИЗАЛЫҒЫН ДҮНИЕДЕН АРТЫҚ КӨРУІ

Олжа бөлісі кезіндегі ансарлардың жай-күйі

Әбу Саид Худри (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәллам) Хунәйн шайқасынан түскен олжаны Исламды қабылдағанына көп бола қоймаған Құрайыштар мен басқа да араб тайпаларына түгелдей таратып береді. Мұндағы мақсат – ақиқатқа енді бет бұрып жатқан Құрайыштар мен өзге де араб тайпаларының

³⁵⁰ Хайсами, Мәжмауз-зәуәид, 9/781 (16526)

³⁵¹ Бұхари, Сахих 3/ 1381 (3581)

Исламға деген көңілдеріне кірбің түсірмеу еді. Бұл олжадан шет қалған ансарлардың біраз бөлігі бұған наразылық танытады. «Уаллаһи, енді Аллаһ расулы өз қауымына бүйрегі бұрды, бізді ұмытты» деген күңкіл сөздер де естіле бастайды. Осынау қауымның атынан Сағыд ибн Убада (р.а.) Пайғамбарымызға ансарлардың бір тайпасының оған олжадан қағылғандарына қатысты наразылығын жеткізеді. Пайғамбарымыз Сағыдтан бұл туралы өз пікірін сұрайды. Сағыд: «Мен солардың бірімін», – дейді. Аллаһ расулы «Олай болса, қауымыңды пәлен жерге жина. Жиналған кезде маған хабар бер», – дейді.

Сағыд ансарларды айтылған жерге жинайды. Мұһажырлардан келген кейбір адамдарға рұқсат беріп, кейбірін кері қайтарады. Сосын Аллаһ расулына: «Уа, Расулаллаһ, ансарлар сізді күтіп отыр» дейді. Аллаһ расулы олардың алдында түрегеп тұрып сөйлейді. Алдымен Аллаһқа мақтау айтады. Содан кейін барып: «Ей, ансар қауымы! Сендер адасып, жол таппай жүргендеріңде сендерге мен келген жоқпын ба? Мен арқылы Аллаһ тағала сендерді тура жолға салған жоқ па? Сендер таршылық пен тапшылықтың тақсыретінен көз ашпай жүрген кездеріңде, Аллаһ дәулеттеріңді арттырмады ма? Бір-бірлеріңмен жауыққан дұшпан едіңдер, Аллаһ сендерді бауыр етпеді ме?». Ансарлар: «Иә, Аллаһтың елшісі, дәл солай», – деп қостады. Пайғамбарымыз сөзін әрі жалғап: «Ей, ансар жұрты! Неге үндемейсіңдер?», – дегенде, ансарлар: «Не дейік? Не деп жауап берейік? Аллаһ пен расулына мың алғыс», – дейді. Пайғамбарымыз сонда: «Қаласандар, былай деп шындықты айтар едіңдер, біз растар едік: Ей, Мұхаммед, ешкім сыйдырмағанда, бізді паналадың.

Мұқтаж едің, біз саған көмектестік. Қорқып келген едің, біз сенің қауіпсіздігіңді қамтамасыз еттік. Ешкімің жоқ еді, біз саған көмек бердік». Ансарлар тағы да «Аллаһ пен расулына мың алғыс», – дейді.

Аллаһ расулы сөзін былай жалғастырады: «Ей, ансар жамағаты! Исламға кіргенімен, иманның дәмін әлі тата қоймағандардың ынта-ықыласын ояту үшін оларға олжаны үлестіріп бердім және Аллаһтың сендерге нәсіп еткен Исламға деген сенімдеріңе сеніп, сендерді шет қалдырған өткінші дүние үшін маған ренжідіңдер ме? Қане, айтыңдаршы, ел алдына қой мен түйе айдап үйлеріңе қайтып жатқанда, сендер Аллаһ расулымен бірге үйлеріңе оралуға риза емессіңдер ме? Аллаһқа ант етемін, басқалары бір жаққа, ал ансарлар басқа жаққа кетсе, мен ансардың жағына шығамын. Хижрет болмағанда, ансардың бірі болар едім. Аллаһым, ансарларға, ансарлардың үрім-бұтағына рақымдылық ете гөр!» – деп дұға етті.

Пайғамбарымыздың осы құтбасынан кейін ансарлардың көңілі босап, көзіне жас алмағаны қалмады. Бәрі бірауыздан: «Раббы ретінде Аллаһқа, үлес ретінде расулына ризамыз», – деседі³⁵².

Ансарлардың сипаттары

Әнәс (р.а.) айтады: «Аллаһ расулына (с.а.с) Бахрейннен әжептәуір дүние-мүлік келген еді. Мұһажырлар мен ансарлар мұны естіп, таңертенгісін ерте Аллаһ расулының ауласына жиналады. Расулаллаһ ансарларға: «Менің білуімше, сендер шаруа шықса және қиын жағдай орын алса, соған қарай алдымен жүгіретін, пай-

³⁵² Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/358

да мен табыс туралы сөз болса, одан қашатын адам емес пе едіңдер?» – дейді³⁵³.

Әнәстен (р.а.) алынған риуаят бойынша, Әбу Талха (р.а.) бірде Пайғамбарымызға арнайы барып жолыққанда, оған: «Қауымың ансарларға менен сәлем айт, оларға мынаны жеткіз: мен таныған ансарлар – өте арлы, сабырлы адамдар», – деген»³⁵⁴.

Пайғамбарымыздың Сағыд ибн Муаз қайтыс боларда айтқан сүйінші хабары

Абдуллаһ ибн Шәддад (р.а.) былай дейді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) жан тапсырғалы жатқан Сағыд ибн Муаздың қасына тақап: «Аллаһ ансарлардың мырзасына мол жақсылық нәсіп етсін. Уаллаһи, сен Аллаһқа берген сөзінде тұрдың. Аллаһ та міндетті түрде берген уәдесінде тұрады» дейді»³⁵⁵.



³⁵³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 14/53 (37951)

³⁵⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 14/53 (37950)

³⁵⁵ Ибн Сағыд, Табақатул-кубра 3/369



АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

САХАБАЛАРДЫҢ БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА МӨН БЕРУІ



Сахабалар бірлік пен ынтымақтастыққа қаншалықты мән берді? Олар халықты Аллаһ пен расулының жолына шақырғанда, сол жолда күрескенде, алауыздыққа жол бермей, бір-бірімен араздасудан қалай сақтанды?

1. САХАБАЛАРДЫҢ АЛАУЫЗДЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Әбу Бәкірдің осы туралы айтқандары

Ибн Ысхақ жеткізеді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә саллам) дүниеден озғаннан кейін сахабалардың алдында елді басқару, осы уақытқа дейін қол жеткізген жетістіктерді одан ары дамыту, яғни Исламның өрісін кеңейтіп, жаңа белестерді бағындыру мәселесі тұрды. Тақуалығымен, ерлігімен аты шыққан мәшһүр сахабалар Бәни Саида жерінде бас қосты. Алдымен, сөзді Әбу Бәкір (р.а.) бастады: «Мұсылмандарды екі имамның бір мезгілде басқаруына қарсымын. Мұндай жағдайда мұсылмандардың істері мен сөздері қабыспай, бірлігі бұзылады, араларында келіспеушіліктер туындай-

ды. Сөйтіп, сүннеттен ажырап, бидғаттар пайда болып, бүліктер шыға бастайды. Яғни, елді екі әмірдің басқаруы ешкімге пайда әкелмейді», – дейді³⁵⁶.

Омардың (р.а.) осы мәселе жөнінде айтқандары

Сәлим ибн Умәйд былай жеткізеді: «Әбу Бәкірге бағыну мәселесі туралы сөз қозғалғанда, ансарлардың бірі: «Бір басшы бізден, бір басшы мұһажырлардан сайлансын», – деген ұсыныс тастайды. Хазірет Омар елдің жік-жікке бөлінуіне апарып соқтыратын бүліктің басын қылтитқан адамға: «Бір қынапта екі қылыш бір-бірімен қаржаспай тұрмайды, сол сияқты екі басшының бір қызметті бөлісуі де мүмкін емес», – деп жауап береді³⁵⁷.

Абдуллаһ ибн Мәсғұдтың осы туралы көзқарасы

Абдуллаһ ибн Мәсғұд (р.а.) былай деген: «Ей, адамдар! Сендерді басқарған басшыға бағыныңдар, жамағаттан бөлінбендер, өйткені жамағат – Аллаһтың мығым арқаны. Аллаһ сендерге сол арқаннан мықтап ұстауды бұйырған. Жамағаттың арасында жүріп, ұнатпаған қандай да бір мінез, әдет сендердің алауыз кездеріндегі көңілдеріңе майдай жаққан нәрселеріннен артық. Аллаһ тағалаға өзі жаратқан барлық нәрсенің соңы немен аяқталатыны аян. Исламның келешегі жарқын. Исламның өзінің шарықтау шыңына көтерілетін күні алыс емес. Қияметке дейін бір-

³⁵⁶ Бәйхақи, Сүнән 8/145 (16327)

³⁵⁷ Бәйхақи, Сүнән 8/145 (16326)



де күшейіп, бірде әлсірейді. Елдің құлдырауының көрінісі – кедейлік пен жоқшылық. Жоқшылық белең алып, пақыр адам өзіне көмек беретін жан таппайтын қиын күндер туады. Ал, бай бағланы тойымсыз, ашкөз келеді. Кедей–адам қиналғанын айтып бауырына қанша мұң шаққанымен, одан ешбір қайыр көрмейді. Қайыршы апталап, айлап қол жайып, қайыр сұраса да, жарытып ас ішпейді. Азғындық пен арсыздық әбден асқынғанда, жерден алапат дауыс шығады. Адамдар бұл дауыс тек өз аймағынан ғана шықты деп ойлайды. Сосын жерді Аллаһтың қалауымен белгілі бір уақыт меңіреу тыныштық басады. Осы тыныштықтан кейін жер қойнауындағылар сыртқа шығарылады».

«Ей, Әбу Абдуррахман, жер қойнауындағылар дегенде нені меңзедің?» – деп сұрағандарға, Абдуллаһ ибн Мәсғұд: «Алтын және күмісті. Бірақ сол күннен бастап қияметке дейін алтын мен күмістен ешқандай пайда келмейді»³⁵⁸.

Ибн Мәсғұд: «Алауыздық – жаман нәрсе»

Қатададан (р.а.) риуаят етілгені бойынша, Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәллам), Әбу Бәкір, Омар және халифалығының алғашқы жылдарында Осман Мекке мен Минада сапарлап жүргендіктен, парыз намаздарын екі рәкаттан оқитын. Кейіннен Осман төрт рәкат етіп оқуды шығарды. Бұл жағдай Ибн Мәсғұдтың (р.а.) құлағына жеткенде Ибн Мәсғұд: «Инна лилләһ уә иннә иләйһи ражиун» деп тұрады да, парыз намазды төрт рәкат етіп оқиды. Одан: «Тосырқап тұрсаң да, намазды төрт рәкат етіп оқығаның қалай?» – деп сұрағандарға,

³⁵⁸ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 7/634 (12457)

«Алауыздыққа жолбермеу үшін», – деп жауап береді³⁵⁹.

Али (р.а.): «Мен қайшылықты жек көремін»

Хазірет Алидің былай дегендігі туралы айтылады: «Намаздарыңды осыған дейін қалай оқып келсеңдер, бұдан былай да солай оқындар, мен қайшылыққа қаным қас. Маған дейінгі жолдастарымның тұсында халық қалай ынтымақтасып өмір сүрсе, мен өлгенше де, мұсылмандар бірлік пен ынтымақта болады!»³⁶⁰

Сүлеймен ибн Қайс әл-Әмири айтады: «Харижилердің басшысы Ибн Қаууа Алиден (р.а.) «сүннет», «бидғат», «жамағат» және «алауыздық» деген сөздердің мағынасын сұрайды. Али «Әй, Ибн Қаууа! Мынаны жақсылап құлағыңа құйып ал: сүннет – Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә саллам) жолы. Бидғат – жолдан шығу деген сөз. Жамағат – үркер жұлдызындай өздері аз болса да, ақиқатты ту еткен қауым. Ал, алауыздық болса – өздері көп болса да, жалғанды жақтаған қауым», – дейді³⁶¹.

³⁵⁹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 8/411 (22759)

³⁶⁰ Бұхари, Сахих 3/1359 (3504)

³⁶¹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 1/574 (1644)



2. ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ ДҮНИЕДЕН ОЗҒАННАН KEЙІН САХАБАЛАРДЫҢ ХАЛИФАЛЫҚ ТУРАСЫНДАҒЫ ҰСТАНЫМДАРЫ

Сахабалардың Әбу Бәкірдің халифалығын қостауы

Уруа ибн Зубәйрден (р.а.) риуаят етілген: «Пайғамбарымыз дүниеден озғаннан кейін, Әбу Бәкір Сүнхтегі (Мәдина маңындағы Әуали деген аймақ) үйінен шығып, Мәдинаға тартады. Қалаға жеткенде, мешіттің алдына атын доғарады. Өзі қамығулы. Қызы Айшадан бөлмеге кіруге рұқсат сұрайды. Ішке кіргенде расулаллаһтың төрде жатқан жансыз денесін көреді. Қасына әйелдері жиналып қайғырып отыр екен. Әбу Бәкір Аллаһ расулының бетіндегі жабуды ашып, тізерлеп отырып, көзінің жасы сорғалаған күйі, еңкейіп қақ маңдайынан сүйеді де, «Омардың айтқандары – бос сөз. Аллаһ расулы қайтыс болыпты. Рухымды уысында ұстаған Аллаһқа ант етемін, қайтыс болыпты. Уа, расулаллаһ, саған Аллаһтың рақымы жаусын!» – дейді. Сосын расулаллаһтың бетін жауып, мешітке беттейді. Ешқайда мойын бұрмастан, тіп-тіке мінберге барады. Омар (р.а.) Әбу Бәкірдің мінберге бет алғанын байқайды. Әбу Бәкір Сыддық мінберге шығып, өзіне үнсіз көз тіккен, аузын баққан жамағатқа, қалың ел, қарындас қауымға былай дейді:

«Ей, адамдар! Аллаһ пайғамбарын өзінің қасына алды. Алайда, Аллаһ мәңгілік, сендердің араларыңда. Естеріңді жинаңдар, бұл ажал, сендерден ешкім де ажалдан тірі қалмақ емес. Мәңгі «тірі» – Аллаһ қана». Содан соң мына аятты оқиды:



«Мұхаммед тек бір расул, еліі ғана. Одан бұрын да қаншама расулдар келіп-кеткен. Егер ол өліп немесе өлтірілетін болса сендер дереу діннен шығасыңдар ма? Кім кері қайтып, діннен шықса, біліп қойсын, одан Аллаһқа келіп-кетері жоқ. Алайда, Аллаһ тура жолдың қадірін біліп, шүкіршілік еткендерді мол сыйға бөлейді» (Әли Имран, 3/144).

Омар (р.а.) сол күнгі халін былай баяндайды: «Уаллаһи, Әбу Бәкір «Әли Имран» сүресінің аятын оқығанға дейін, пайғамбардың қайтыс болғанына сенбеген едім. Өйткені, аталмыш аят есімнен тарс шығып кетіпті».

Әбу Бәкір өзінің құтбасында мына аяттарды да оқыды:

«Сен де міндетті түрде өлесің, олар да әрине өледі» (Зүмәр, 39/30).

«Одан басқа барлық нәрсе жоқ болады. Үкім Содан әне сендер тек Соған қайта ораласыңдар» (Қасас, 28/88).

«Жер бетіндегі барлық нәрсе фәни, өткінші. Тек ұлылық пен құдірет иесі болған Раббының (Жаратқан ие) өзі ғана мәңгі қалады» (Рахман, 55/26-27).

«Әрбір тіршілік иесі өледі. Жасаған істеріңнің қайтарымы қиямет күні толығымен беріледі» (Әли Имран, 3/185).

Осы аяттарды оқығаннан кейін Әбу Бәкір сөзін былай жалғастырды:

«Уа, жамағат! Аллаһ тағала дінін үстем етіп, мәңгілік мәні бар хабарларын толық жеткізгенге дейін Мұхаммедке (саллаллаһу аләйһи уә сәллам) өмір берді. Осы міндеттерін атқарғаннан кейін ол Аллаһтың қасына қайтып оралды. Мұхаммед сендерді тұйықтан шығарып, тура



жолға салып кетті. Кімде-кім Аллаһты Раббым деп таныса, білсін, Аллаһ мәңгі тірі, өлмейді. Кімде-кім Мұхаммедті пір тұтып, оны тәңір деп білсе, күмәнсіз, ол бұдан былай арамызда жоқ!

Ей, адамдар! Аллаһтан қорқындар, дінді мықтап ұстанындар, Раббыларыңа тас жұтып, тәуекел етіңдер. Аллаһтың діні өрісін кеңейтіп, өркен жайды. Жаратқанның сөздерінде тырнақтай мін жоқ. Ол қал-қадерінше жәрдемдескен адамға әрдайым көмектесіп, қолдайды. Ол дінін үстем етеді. Аллаһтың кітабы алдымызда. Ол жанға дауа, дертке шипа. Аллаһ кітабы арқылы Пайғамбарымызды тура жолға бастады. Харам және адал етілгендер кітапта қолға таяқ ұстатқандай анық айтылған. Уаллаһи, бізге бас көтергендердің уәжіне мән бермендер. Аллаһтың қылыштары қынынан шығарылған. Оларды қайыра орнына салмандар. Аллаһ расулының көзі тірісінде қалай жиһад етсек, бұдан кейін де бізге қарсы шыққандармен аяусыз күрес жүргіземіз. Бізге қарсы шыққандардың өз обалы өздеріне».

Әбу Бәкір сөзін аяқтағаннан кейін мінберден түсіп, мұһажырлармен бірге Аллаһ расулының мәйітіне бет алдық³⁶².»

Омардың құтбасы және Әбу Бәкірге жаппай серт беру

Әнәстің (р.а.) риуаяты бойынша: «Пайғамбарымыз бақилық болғанның ертесі күні Омар (р.а.) мінберге шығып, құтба айтты. Әбу Бәкір ләм-мим демей үнсіз отырды. Омар сонда бүй деді:

«Мен Расулаллаһты бәрімізден кейін өмірден озатын шығар деп үміттенетінмін. Алайда, көріп отыр-

³⁶² Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/243

сыздар, Мұхаммед (саллаллаһу алейһи уә сәллам) дүние салды. Бірақ, Аллаһ мәңгілік. Жолдарыңды нұрға бөлейтін кітап (Құран кәрім) түсірді. Хақ тағала осы нұр арқылы Мұхаммедті тура жолға бастады. Расында, Әбу Бәкір – Пайғамбарымыздың досы, үңгірдегі екі адамның бірі. Мұсылмандардың істерін басқаруға ең лайықтысы – сол. Тұрындар, тұрындар да, оған серт беріндер!»

Омардың осы құтбасынан бұрын кейбіреулер Бәни Сәидада серт беріп те қойған болатын. Ал жаппай серт беру мінберде жүзеге асты. Омар (құтбасын бітіргеннен кейін) Әбу Бәкірге «Мінберге шық» деп тұрып алды. Сөйтіп, Әбу Бәкір мінберге шығып, барша халық оған серт берді»³⁶³.

Әбу Бәкірге Бәни Сәида жерінде берілген серт

Әнәс (р.а.) былай деген: «Әбу Бәкір Бәну Сәида жерінде өзіне серт берілген күннің ертесінде мінберге шығып отырды. Әбу Бәкір (р.а.) сөзін бастамай тұрып, Омар (р.а.) Хақ тағалаға мақтау айтады да: «Ей, жамағат! Кешегі менің сендерге айтқаным»³⁶⁴ Құран аяты я болмаса, расулаллаһтың маған айтып кеткен өсиеттері емес еді. Мен Аллаһ расулы ешбірімізді жетімсіретпей, бәрімізден кейін дүние салар деп үміттенуші едім. Аллаһ сендерге кітабын түсірді. Мұхаммедті де сол арқылы тура жолға бастаған еді. Егер оның жолынан тұйық шеңбер жасап, түлкі бұлаңға салмасандар ғана

³⁶³ Бұхари, Сахих 6/2639 (6793)

³⁶⁴ Ол Пайғамбарымыз дүниеден озған кезде, бұған сене алмай, қатты қайғырып «Мұхаммед өлген жоқ, өлді деген адамның басын шабамын» деген. Автор соны меңзесе керек. (Редакциядан)



адаспайсыңдар. Аллаһ Мұхаммедті қалай туралыққа жеткізген болса, сендерді де солай тура жолдан адастырмайды. Аллаһ тағала істерінді араларыңдағы ең қайырлыларың және Аллаһ расулының досы, үнгірдегі екеудің бірі – Әбу Бәкірге тапсыруды лайық көрді. Тұрыңдар, тұрыңдар да, оған серт беріңдер!» – деді.

Сөйтіп, халық Әбу Бәкірге серт берді. Бәни Сәида жерінен кейінгі жаппай серт беру рәсімі осы жерде жүзеге асты. Серт беру рәсімі орындалған соң, Әбу Бәкір орнынан тұрып, Аллаһқа мадақ айтып, шүкіршілік еткен соң халыққа:

«Ей, адамдар! Араларыңдағы ең ізгілерің мен болмасам да, сендерге басшы болып сайландым. Егер де игі істерге мұрындық болсам, маған көмектесіп, қолдау көрсетіңдер, жаман әрекеттерге ыңғай білдірсем, маған тура жолды көрсетіңдер. Туралық – аманат, ал жалғандық болса – қиянат. Сендердің араларыңдағы әлсіздер менің қасымда күшті, оның ақысын күштіден алып беремін. Күштілерің одан басқаның ақысын алып бергенге дейін менің алдымда әлсіз. Жиһадты тастамандар. Өйткені Аллаһ жиһадты ұмытқан қауымды төмендетіп қор қылады. Сүттей ұйыған бір елдің арасында зинақорлық кең тараса, Аллаһ сол қауымға тегіс апат жібереді. Аллаһ пен расулына мойынсұнған кезімде, маған мойынсұныңдар. Аллаһ пен расулына қарсы келетіндей әрекетке барсам, маған ағат басқан қадамымды көрсетіңдер. Егер мен сендердің ескертпелеріңе құлақ аспасам, маған бағынбаңдар. Қане, намазға тұрыңдар. Аллаһ сендерді мейіріміне бөлесін»,³⁶⁵ – деді.

³⁶⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 5/248



Бәну Сәида жерінде берілген серт туралы басқа бір риуаят

Омар (р.а.) айтады: «Халық Пайғамбарымыздың қазасынан кейін сең соққан балықтай есін жия алмай жатқанда, бізге «Ансарлар Сәидаұлдары жеріне жиналып, Сағыд ибн Убадаға серт беруде» деген хабар жетті. Мұны естіген мен, Әбу Бәкір және Әбу Убәйда ибн Жәррах – үшеуміз Бәни Сәидаға тарттық. Мұсылмандардың арасында бүлік шыға ма деп уайымдадық. Жолда ансарлардан Уәйм ибн Сәида мен Мағын ибн Адыйді кездестірдік. Екеуі де адамгершілігі зор адамдар болатын. Бізден: «Қайда барасыңдар?» – деп сұрады. «Сендердің қауымдарыңа бара жатырмыз, солар туралы бір хабар естіген едік», – дедік. Олар: «Кері қайтыңдар. Олардың сендерге қарсы әрекет жасауы мүмкін емес, сендерге ұнамайтын іске бармайды», – деді.

Біз сапарымызды ары жалғастырдық. Мен сол жерде не айтатынымды ойша жұптап алдым. Біз келгенде, ансарлар науқастанып, төсек тартып жатқан Сағыд ибн Убаданың қасына жиналып отыр екен. Ансарлар бізге: «Ей, Құрайыш жамағаты! Бір әмір бізден, бір әмір сендерден сайлансын», – деп ұсыныс айтты.

Хубаб ибн Мүнзир: «Мен түйелер қасынып рахаттанатын құрма діңгегі сияқтымын. Яғни, кім жанына дерт батса, сол маған келеді, олардың мәселесін шешіп беремін. Уаллаһи, ей әустықтар, қаласандар, арамыздағы осынау түсінбестікті мәмілемен, көнбесендер, күшпен шешейік», – деп қалды.

Әбу Бәкір: «Басылыңдар, асықпандар!» – деді. Мен сөйлемекші болып едім, Әбу Бәкір: «Омар, тыныш тұр», – деді де, Аллаһқа мақтау айтып, сөзін бы-



лай жалғастырды: «Уа, ансар жамағаты! Уаллаһи, біз сендердің жасаған жақсылықтарыңды, діндегі жоғарғы дәрежелерінді, біздегі ақыларыңды теріске шығара алмаймыз. Алайда, сендер де араб тайпаларының ішінде Құрайыштың орнын ешкім баса алмайтынын жақсы білесіңдер және арабтар тек Құрайыш тайпасынан шыққан адамның айналасына ғана жиналады. Біз әміршіміз, сендер көмекші уәзірімізсіңдер. Аллаһтан қорқыңдар, Исламды бөлмеңдер, Исламда бүлік шығарған алғашқы қауым ретінде тарихта қалмағандарыңды қалаймын. Мені жақсылап тыңдаңдар. Мен мына екі адамның біріне (Әбу Убәйда ибн Жәррах пен Омар ибн Хаттабты нұсқап) серт бергендеріңді қалаймын. Олардың қайсысына серт берсеңдер де, өздерің біліңдер, олардың екеуі де сенімді әрі осы қызметке лайық».

Әбу Бәкір сол күні (соңғы айтқан ойынан бөлек) менің айтқым келген нәрселердің барлығын тілге тиек еткен еді. Аллаһқа ант етемін, екі мәрте нақақ өлтіріліп, қайта тірілтілсем де, мен үшін Әбу Бәкірдің тірі тұрғаны ел басқарудан мың есе артық еді. «Уа, ансар жамағаты! Уа, мұсылман қауымы! Аллаһ расулының ісіне расулаллаһтан кейін ең лайық адам – хижрет кезінде үңгірде онымен бірге болған, араларындағы ең қайырлы және ең жасы үлкендерің Әбу Бәкір», – деп оның қолынан ұстауға оқталғанымда, ансардан Бәшир ибн Сағид шапшаң қимылдап, менен бұрын Әбу Бәкірдің қолын алып, серт берді. Басқалар да бірінен кейін бірі серт бере бастады. Осылайша ансарлар Сағид ибн Убәданы сайлаудан бас тартты»³⁶⁶.

³⁶⁶ Ибн Кәсир, Сирә 4/486

3. САХАБАЛАРДЫҢ ХАЛИФА ЕТІП ӘБУ БӘКІРДІ САЙЛАУЫ ЖӘНЕ КЕЛІСПЕУШІЛІККЕ ЖОЛ БЕРМЕУІ

Әбу Убайданың Әбу Бәкірдің халифалығы туралы айтқаны

Әбу Бәкір (р.а.) Әбу Убәйдаға: «Кел, халифалыққа сені тағайындайын. Өйткені мен расулаллаһтың «Әр үмбеттің бір сенімді адамы болады. Әй, Убәйда, бұл үмбеттің сенімді адамы – сенсің» дегенін естіген едім», – деп хабар жібереді. Әбу Убәйда болса, «Расулаллаһтың бізге имам етіп намаз оқытуды бұйырған адамының алдына ешқашан шықпаймын», – деп жауап береді³⁶⁷.

Османның (р.а.) көзқарасы

Хумран Осман ибн Аффанның (р.а.) былай дегенін риуаят етеді: «Әбу Бәкір – халифалыққа ең лайық адам. Өйткені ол – шыншыл, әділ адам, ол үңгірдегі екі адамның бірі, Аллаһ расулының һижрет еткен кездегі жолдасы»³⁶⁸.

Әбу Бәкірдің халифалығы туралы Али мен Әбу Суфиян арасында болған әңгіме

Суәйд ибн Ғафла (р.а.) жеткізеді: «Әбу Суфиян Али мен Аббастың (р.а.) қасына барып: «Ей, Али! Ей, Аббас! Халифалық неге Құрайыш қауымының бір ауылға да толмайтын әулетінің қолында? Уаллаһи, егер қаласандар, Әбу Бәкірге қарсы қол жинауға келіссеңдер, Мәдинаның көшелерін аттысы бар, жаяуы бар жер қайыстырар әскерге толтырамын»-дейді. Али (р.а.): «Оған қарсы қол жинағаныңды қаламаймын. Егер

³⁶⁷ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/854 (14117)

³⁶⁸ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/862 (14142)



біз Әбу Бәкірді халифалыққа лайық деп тапшасак, оны басшы етіп сайламас едік. Ей, Әбу Суфиян! Ислам – бір-біріне адал, жақсылыққа жаны құмар мүміндерден құрылған біртұтас үмбет. Мүміндер бір-бірінен алыста болғанымен ниеттері бір, бір-бірін жақтап, қорғайды, жақсы көреді. Ал мұнафықтар бір-біріне қаншалықты жақын болса да, бір-бірін алдап, аяғынан шалуға тырысады», – дейді³⁶⁹.

Басқа бір риуаят бойынша, Али (р.а.) былай деген екен: «Сен Ислам мен мұсылмандарға ұзақ уақыт бойы жаулық істеп келдің. Бірақ ол қастандығың Исламға да, мұсылмандарға да ешқандай зарар берген жоқ. Әбу Бәкірді халифалыққа біз лайық көрдік»³⁷⁰.

Әбу Бәкірдің халифа сайлануына қатысты Омар мен Халид ибн Сәид арасында болған әңгіме

Аллаһ расулының қорғаушысы Сахр былай дейді: «Халид ибн Саид ибн Ас Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә саллам) көзі тірі кезінде Йеменде тұратын. Аллаһ расулы дүниеден озған кезде де сонда еді. Расулаллаһтың дүние салғанына бір ай өткен соң, Мәдинаға қайтады. Үстінде жібектен шапаны бар еді. Мәдинада алдынан Омар мен Али (р.а.) кезігеді. Омар өзінің артынан еріп келе жатқан адамдарға: «Жібек киіп жүргені несі? Мынаның үстіндегі жібек шапанын жыртып тастаңдар. Бейбіт күнде еркектерге киюге харам етілген жібекті соғыс жағдайында қалай киіп жүр?» – деп ашуланады. Олар Халидтің үстіндегі киімін жыртып тастайды. Халид Алиге: «Ей, Әбул-Хасан! Ей, Абдуманафұлдары!

³⁶⁹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/863 (14144)

³⁷⁰ Ибн Абдулбәрр, әл-Истиаб 1/298

Билікті қолдан беріп қойдыңдар ма?» – деген кезде, Али (р.а.) «Сен билікті қалай ұғасың?» – дейді. Халид: «Ей, Абдуманафұлдары! Бұл іске сендерден лайық ешкім жоқ», – дейді. Сонда Омар Халидке: «Аллаһ сенің сазайынды берсін! Уаллаһи, сенің осы айтқандарыңды кімде-кім қайталайтын болса, тек өзіне ғана кесірін тигізеді», – дейді³⁷¹.

Әбу Бәкір мен Халид ибн Саид арасында болған оқиға

Халид ибн Саидтің қызы Үммі Халид айтады: «Әбу Бәкірге серт берілгеннен кейін, әкем Йеменнен Мәдинаға келген кезде, Али мен Османнан (р.а.) «Ей, Абдуманафұлдары! Айдаладағы біреудің сендерді аттап өтіп, халифалықты иеленіп алғанына көндігіп отыра бересіңдер ме?» – деп сұрайды. Омар (р.а.) әкемнің бұл сөздерін Әбу Бәкірге жеткізгенмен, ол әкемнің бұл сөздерін оның бетіне басып, айыптаған жоқ. Халид үш ай бойы Әбу Бәкірге серт бермей жүрді. Бірде түске таяу Әбу Бәкір Халидтің табалдырығынан аттайды. Халид: «Саған серт бергенімді қалайсың ба?» – деп сұрайды. Әбу Бәкір: «Әрине, мұсылмандардың тоқтамына қосылғаныңды қалаймын», – деп жауап береді. Халид түс ауа оған мешітте серт беретінін айтады. Уәде бойынша, Халид мешітке келгенде, Әбу Бәкір мінберде болатын. Сол жерде оған серт береді.

Әбу Бәкірдің әкем жайлы пікірі оң болатын, әрі оны сыйлайтын. Шамға әскер аттандырған кезде, оны қолбасшы етіп тағайындап, туды Халидке өз қолымен табыс етті. Омар Халидтің қолбасшы болып тағайындалғанына қарсы болып: «Ей, Әбу Бәкір, Ха-

³⁷¹ Табари, Тарих 2/331

лидті қолбасшы етіп тағайындадың. Алайда, оның не дегенін ұмыттың ба?» – деп наразылығын білдіріп, айтқанынан қайтпай тұрып алды. Сонда Әбу Бәкір Әбу Әруа әд-Дәусиді Халидке жібереді. Әбу Әруа әд-Дәуси Халидке: «Аллаһ расулының халифасы «туымызды қайтарып берсін» деп жатыр», – дейді. Халид туды оларға ұстатып тұрып: «Уаллаһи, қолбасшы етіп тағайындағандарыңа қуанған жоқ едім, туды қайтарып алғандарыңа да ренжімеймін. Мұны жасатып отырған басқа адам ғой», – деп хабар жібереді.

Әлі есімде, Әбу Бәкір әкемнің қасына келіп, Омар туралы ешқашан ешқандай жаман нәрсе айтпауды шегелеп тұрып тапсырды. Уаллаһи, әкем де дүние салғанша, Омардың әрдайым тек жақсы жақтарын айтып, есіне алып отыратын»³⁷².

Әбу Бәкірдің (р.а.) шайқасқа қатысқысы келуі және Алидің (р.а.) оны райынан бас тарқызуы

Айша (р.а.): «Бірде әкем Зұлқассаға бару үшін қылышын асынып, атына мінеді. Али ибн Әбу Тәліп (р.а.) әкемнің атының жүгенінен ұстап: «Қайда, ей, Аллаһ расулының халифасы! Ұхұд күні расулаллаһтың сізге айтқан мына сөздерін есіңізге салайын: «Қылышыңды қынына салып қой, бізді де өзіңмен бірге қиындықтарға душар етпе»-деген болатын.

Уа, Аллаһ расулының халифасы! Аллаһқа ант етемін, сенен айырылып, бір пәлеге ұшырайтын болсақ, сенен кейін Исламда бірлік-береке қалмайды», – деді.

³⁷² әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/847 (14098)

Алидің осы сөзінен кейін әкем райынан қайтып, әскерді жорыққа аттандырды», – дейді³⁷³.

Әбу Бәкірдің халифалықтан бас тартуы

Әбу Бәкір (р.а.) бір құтбасында жамағатқа былай деген:

«Уа, жарандар! Егер мен халифалықты өз қалауыммен немесе өзімді сендерден және басқа мұсылмандардан жоғары санағандықтан жауапкершілігіме алды деп ойласаңдар, қателесесіңдер. Уаллаһи, ондай ой үш ұйықтасам да түсіме кірген емес. Аллаһтан мұны ашық та, жасырын да тілеген емеспін. Соған қарамастан, мойныма өте ауыр міндет жүктелді, Аллаһ тағаланың мейірім-шапағаты түсіп қолдамаса, халім мүшкіл. Халифалықты Аллаһ расулының сахабаларынан елді әділетті басқаратын біреуіңе тапсырамын. Халифалықты өздеріңе қайтарып отырмын. Берген серттеріңді де Халифалықты қалаған адамдарыңа беріңдер. Бұдан былай мен өз қатарларыңдағы ғана адаммын».

Сахабалардың Әбу Бәкірге берген жауабы

Иса ибн Атыйяның айтуы бойынша, Әбу Бәкір (р.а.) өзіне серт берілгеннен кейін араға күн салып:

«Уа, халайық! Маған берген серттеріңді кері қайтарамын. Өйткені, мен сендердің ең қайырлыларың емеспін, араларыңдағы ең жақсыларың және ең қайырлыларың кім болса, соған серт беріңдер», – дейді.

Оның осы сөзінен кейін жамағат орнынан өре түрегеліп: «Уа, Аллаһ елшісінің халифасы! Ант етеміз,

³⁷³ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/871 (14166)



сен біздің ең қайырлымызсың», – дейді бәрі бірауыздан. Сонда Әбу Бәкір:

«Уа, жамағат! Адамдардың кейбірі өз еркімен, кейбірі амалсыздан Ислам дінін қабылдап, мұсылман болды. Олар Аллаһ тағаланың панасында. Сондықтан Жаратқанның сендерге жүктеген міндеттерін адал атқарыңдар. Ақыретте әрбір істеріңе жауап беретіндеріңді ұмытпандар. Менің де әрдайым азғырып, адастыруға тырысатын нәпсім мен шайтаным бар. Сондықтан да ашулы кезімде маған жоламауға тырысыңдар. Әйтпесе, сендерді ренжітіп қоюым мүмкін.

Уа, жарандар! Құлдарыңның дүниені қайдан әкелгенін қадағалап, мән беріңдер. Әйткені, хараммен ауыздықтанған тән жұмаққа кіре алмайды. Жақсылап тыңдаңдар, мені және менің іс-әрекеттерімді әрдайым қадағаландар. Дұрыс және әділетті әрекет жасасам, маған көмектесіңдер. Ақиқаттан ауытқитын болсам, мені түзетіңдер. Аллаһқа мойынсұнған кезімде маған мойынсұныңдар. Аллаһқа қарсы келетін болсам, маған бағынбаңдар»³⁷⁴.

Алидің (р.а.) Әбу Бәкірге (р.а.) айтқаны:

**«Қызметтен бас тартқаныңды
қабылдамаймыз»**

Зәйд ибн Али аталарынан риуаят етеді: «Әбу Бәкір (р.а.) бір күні Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәллам) мінберіне шығып: «Араларыңда менің халифалық қызметімді қалайтын адам бар ма? Бар болса сертін қайтарайын» деп, осы сөзді үш рет қайталады. Әр айтқанында Али орнынан тұрып: «Жоқ, уаллаһи,

³⁷⁴ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/852 (14112)

бұл қызметтен бас тартқаныңды қабылдамаймыз да, қаламаймыз да. Сені Аллаһ расулының өзі алдыңғы қатарға шығарды, кім кері тартады дейсің?» – деп жауап берді»³⁷⁵.

**Әбу Бәкірдің халифалыққа сайланғаннан
кейін, дүннелік істерден оқшауланып,
оңашалануы**

Рабия әулетінен бір адам айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) халифалық қызметке тағайындалғаннан кейін, уайымға салынып, дүниеден оқшауланып, оңашаланды. Әдетте әй-шайға қарамайтын Омар (р.а.) оның қасына барғанда, Әбу Бәкір Омарға ренішпен: «Бұл сенің ісің», – деп, билік жүргізудің қиындығын айтып шағымданады. Сонда Омар: «Әй, Әбу Бәкір! Сен Аллаһтың расулының «Бір басшы күш-қайрат жұмсап ақиқатты тапса, оған екі сауап, талаптанып, күш салғанымен жаңылатын болса, бір сауап жазылады» – дегенін білмейсің бе?» деп оған басу айтады»³⁷⁶.

**4. ХАЛИФАНЫҢ ӨЗ ОРНЫНА МҰРАГЕР
ТАҒАЙЫНДАУЫ**

**Әбу Бәкірдің төсек тартып жатқанда кімді
билікке қалдыру жайында жолдастарымен
кеңесуі**

Әбу Сәләма ибн Абдуррахман және тағы басқалар риуаят етеді: «Әбу Бәкір (р.а.) өзін науқас меңдегеннен кейін, бір күні Абдуррахман ибн Ауфты (р.а.) шақыртып, одан: «Омар ибн Хаттабтың халифалығы туралы не ойлайсың?» – деп сұрайды. Ол: «Өзің жақсы білетін

³⁷⁵ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 8/863 (14145)

³⁷⁶ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/851 (14110)

адамды менен сұрағаның қалай?» – дейді. Әбу Бәкір: «Сөйтсе де сен өз пікіріңді айт», – дейді. Абдуррахман ибн Ауф: «Уаллаһи, ол халифалыққа лайық деген адамдардың ең абзалы», – дейді. Кейін Әбу Бәкір Осман ибн Аффанды (р.а.) шақыртып: «Омар халифа болуға лайық па, жоқ па?» – деп сұрайды. Осман: «Оны сен менен жақсырақ білесің ғой», – дейді. Әбу Бәкір: «Сонда да сен өз ойыңды айт», – деп қоймаған соң Осман (р.а.): «Мынаны ашық айтайын: менің білетінім, ол ішкі дүниесі таңғы шықтай мөлдіреп тұрған адам, аразмызда оған тең келер ешкім жоқ», – дейді. Әбу Бәкір: «Аллаһ саған мейірімін төксін, уаллаһи, егер одан бас тартар болсам, сені тағайындар едім», – дейді. Әбу Бәкір осы мәселе төңірегінде Саид ибн Зубәйрмен, Усәйд ибн Худайрмен, ансарлар мен мұһажырлардың ақсақалдарымен жеке-жеке ақылдасты. Усәйд ибн Худайр «Аллаһ куә, сенен кейінгі ең тандаулымыз – Омар. Ол нені болмасын Аллаһ үшін жақсы көреді, Аллаһ үшін қуанады, Аллаһ үшін ашуланады, ол – өте әділетті адам. Бұл істі одан артық атқаратын адам бар деп ойламаймын», – дейді³⁷⁷.

Әбу Бәкірдің Омарды өзінен кейін халифалыққа тағайындау туралы өсиеті

«Аса рақымды, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен!

Бұл Әбу Бәкір ибн Әбу Кухафаның жарық дүниемен қоштасар сәтте кәпірдің иман келтіріп, күнәһардың ақиқатқа көз жеткізетін, өтірікшінің өзі ағынан ақтарылатын сын сағатта айтқан өсиеті: Өзімнен кейін халифа етіп Омар ибн Хаттабты тағайындадым. Сендер

³⁷⁷ ал-Хинди, Кэнзул-уммал 5/876 (14175)

оны тыңдаңдар, айтқанына бағыныңдар. Жақсылық пен ізгілікті іздеуде мен Аллаһқа, расулына, дініме, өзіме және сендерге қиянат жасамауға тырыстым. Егер ол әділетпен басқарса, нұр үстіне нұр. Бұған сенімім мол. Егер ол бағытынан жаңылса, біліндер, әркім өз жасаған күнәсі үшін жауапқа тартылады. Мен қолымнан келгенше, жақсылықты іздеуге тырыстым, ал ғайып бір Жаратқанның қолында».

Әбу Бәкір (р.а.) өсиетін «Шұғара» сүресінің 227-аятымен аяқтады: *«Ол зұлымдық жасаушылар жақында қандай төңкеріспен есеңгірейтіндерін біледі!»* Уәссәләму алейкум уә рахматулла. Әбу Бәкір (р.а.) өсиеті жазылғаннан кейін, оны мөрлеуді де тапсырды³⁷⁸.

Әбу Бәкірдің Омарды халифалыққа мұрагер етуіне қарсы болған Талхаға айтқан жауабы

...Омардың мұрагер болғанын естіген Талха ибн Убайдуллаһ Әбу Бәкірге: «Мен халықтың саған жіберген елшісімін. Халық: «Сенің кезінде Омардың бізге қалай темірдей төзімділікті үлгі етіп, темірдей тәртіппен қарағанын білесің. Істерімізді оған тапсыратын болсаң, сен дүниеден озған соң, ол не істемейді дейсің! Істеген істеріңе Аллаһ тағаланың алдында жауап беретініңді біл, жақсылап ойлан», – деп жатыр», – дейді. Әбу Бәкір (р.а.): «Мені отырғызыңдаршы», – дейді. Оны сүйемелдеп отырғызған соң, ол: «Мені Аллаһтан қорқуға шақырып отырсыңдар ма? Сендердің істеріңе немқұрайлы қарап, мән бермейтін болсам, Аллаһ менің сазайымды берсін. Аллаһ тағала менен ақыретте бұл

³⁷⁸ Ибн Сағид, әт-Табакатул-кубра 3/199



шешімім жайлы сұраса, «Уа, Раббым! Құлдарыңа ең қайырлы адамды халифа етіп қалдырдым», – деймін. Қане, бар да, осы сөзімді халыққа жеткіз», – деп жауап береді³⁷⁹.

5. ЕЛГЕ БАСШЫ САЙЛАУДЫҢ КЕҢЕС АРҚЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Омардың қастандыққа ұшырауына байла- нысты халифалық мәселесін алты адамға тапсыруы

Ибн Омар (р.а.) айтады: «Әбу Лулу хазірет Омарды екі жерінен қанжармен ауыр жарақаттайды. Омар осы оқиғадан соң «білместікпен халыққа қиянат жасап қойған жоқ па екенмін» деп уайымдап, дереу Ибн Аббасты шақыртады. Әкем Омар Ибн Аббасты жақсы көретін, оны өзіне жақын тұтып, сөздеріне әрдайым құлақ асатын. Оған: «Бұл істің мәнісін білгім келеді, бұл арнайы топтың ісі ме? Осыны біліп берші», – деп өтінеді. Ибн Аббас көше-көшені аралап, елдің аңысын аңдайды. Қайда барса да, халықтың қайғырып, қан жұтып жатқанын көреді. Көреді де: «Уа, мүміндердің әмірі! Қайда барсам да, олар сен үшін шаранасынан айырылған кейуанадай егілуде», – дейді. Омар: «Мақұл, сонда маған қастандық жасаған кім болды екен?» – деп сұрайды. Оны жасаған Муғира ибн Шұғбаның құлы, мәжуси (отқа табынушы) Әбу Лулу екені айтылады. Ибн Аббас айтады: «Мұны естіген Омар қуанды. «Маған «Лә иләһә илләллаһ» деген мұсылман қастандық жасамағаны үшін, Аллаһқа мадақ айтамын», – деп, Аллаһқа шүкіршілік айтады. Сосын: «Тұтқынға

³⁷⁹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/877 (14178)

түскен араб емес кәпірлерді Мәдинға әкелмендер деп тыйым салған едім, алайда айтқандарыма құлақ аспадыңдар. Маған енді бауырларымды шақырыңдар», – деп бұйырады. «Бауырларың кімдер?» – деп сұрағанда «Осман, Али, Талха, Зубәйр, Абдуррахман ибн Ауф және Сағыд ибн Әбу Уакқас» дейді ол. Сөйтті де басын кеудеме қойды. Омар жанына келген алтауына: «Мұсылмандарды кім және қандай адам басқаруы тиіс деп көп ойландым. Сендерді халықтың көшбасшылары және жетекшілері деп санаймын. Бұл міндетті абыроймен атқару сендердің ғана қолдарыңнан келеді. Сендер әділетті болсаңдар, халықтың да ісі оңғарылады. Егер бір келіспеушілік орын алатын болса, біліңдер, ол сендердің алауыздықтарыңның кесірі», – деді.

«Әкемнің аузынан «Келіспеушілік, алауыздық» деген сөздерді естіген кезде, олар міндетті түрде орын алатын шығар деп ойладым. Өйткені оның болашақ туралы айтқандарының бәрінің дәл келетінін байқайтынмын. Сол кезде әкемнің жарасынан қан тоқтамай аға бастады. Келгендер өзара сыбырласып сөйлесе бастады. Араларынан біреуіне серт бере ме деп алаңдап өз-өзіме «Мүміндердің әміршісі әлі тірі, бір жерде екі халифа болмайды» дедім.

Омар: «Мені тұрғызыңдар», – деді. Оны сүйемелдеп тұрғызған болдық. Ол келгендерге: «Үш күн ақылдасыңдар. Осы уақыт ішінде жамағатқа намазды Сухәйб оқытсын», – деді. «Уа, мүміндердің әміршісі, кіммен ақылдасамыз?» – деп сұрағандарында, Омар «Мұһажырлармен, ансарлармен, осы жердегі қолбасшылармен кеңесіңдер», – дейді. Сосын Омар сүт сұрады. Әкелген сүттен ішкен кезде, сүт екі жарасынан да сол күйі сыртқа ағып кетті. Өзінің мына



дүниенің адамы емес екенін түсініп «Күллі дүние менің иелігімде болса, қиямет күнінің азабынан құтылу үшін соның барлығын ойланбай тәрк етер едім. Аллаһқа шүкіршілік, менің осы жағдайым да өзім үшін қайырлы деп білемін», – деді.

Ибн Аббас: «Сен не десен де жарасады, өйткені мұсылмандар Меккеде үрей ішінде өмір сүрген кезде, Аллаһ расулы осы дінді және мұсылмандарды сен арқылы қуаттап-қолдауы үшін Аллаһқа дұға еткен жоқ па? Сенің Исламға кіруіңмен Исламға күш бітті. Аллаһ расулы мен сахабалары Исламды сенің арқанда ашық насихаттай бастады. Мәдинаға хижретің ерлікпен пара-пар іс болды. Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәллам) қатысқан соғыстардың ешқайсысынан шет қалмадың, Пайғамбарымыз дүние салардан бұрын саған ризашылығын білдіріп кетті. Аллаһ расулынан кейін оның жолындағы Әбу Бәкірге де қолдау көрсеттің. Мұсылмандармен бірге мүртәдтарға (діннен шыққандар) қарсы жан аямай шайқастың. Саназынан күдік арылмай жүргендердің де Исламға кіруіне себепші болдың. Аллаһ расулының халифасы Әбу Бәкір де қайтыс болған кезінде саған риза болып кетті. Одан кейін елді жақсы басқара білдің. Аллаһ сені жаңа қалалардың бой көтеруіне себепкер етті. Сенің тұсында ел тарықпай, еңсесін тіктеді. Исламға қаны қас қаскүнемдердің қылтасы қиылып, мысы басылды. Мұсылмандар еркін құлшылық ететін болды. Аллаһ сенің өміріңді шейіттікпен мөрледі. Шейіттігің құтты болсын, уа, Омар!» – деді.

Омар (р.а.): «Уаллаһи, сендердің мынадай сөздеріңнен соң масайрап кетермін», – дейді де, Ибн Аббасқа қарап: «Уа, Абдуллаһ! Қиямет күні Аллаһ

құзырында маған куәгер боласың ба?» – деп сұрады. Ибн Аббас «Иә» деді. Сосын Ибн Омарға: «Абдуллаһ ибн Омар, мені жатқыз», – деді. Ибн Омар хазірет Омарды абайлап жатқызады. Омар өз-өзіне: «Ей, Омар! Егер сені Аллаһ кешірмесе, жағдайың қандай қиын!» – деді. Сонан соң сәл жатты да, көз жұмды.

Сахабалар Омардың (р.а.) қайтыс болғаны жөнінде Абдуллаһ ибн Омарға хабар жіберіп, оны кеңеске шақырды. Абдуллаһ: «Әкемнің айтқанындай мұһажырлар, ансарлар және осы жердегі қолбасшылармен кеңеспесеңдер, сендерге аттап аяқ баспаймын», – деп жауап жібереді³⁸⁰.

Омардың (р.а.) қарыздары

Амр ибн Мәймун айтады: «Әбу Лулудың қолынан жарақаттанған Омар (р.а.) төсек тартып жатқанда, баласы Абдуллаһқа қарыздарын есептеуді тапсырады. Ол есептің қорытындысы сексен алты мың болғанын айтады. Омар: «Егер Омар отбасының дүние-мүлкі осы қарыздарды жабатын болса, солардан төле. Жетпесе, Адый ибн Кағыбұлдарынан сұра. Олардың да малы жетпесе, Құрайыштардан сұра. Басқа ешкімге барма. Дереву қарыздарымды төлеп құтыл. Мүміндердің анасы Айшаға (р.а.) сәлемімді айт: «Хаттабұлы Омар екі жолдасының қасына жерленуге сізден рұқсат сұрайды» де. «Мүміндердің әмірі сұрап жатыр» деуші болма. Енді бұдан былай мен мүміндердің әмірі емеспін», – деп ескертеді. Абдуллаһ ибн Омар әкесінің тілегін жеткізбек боп келген кезде Айша жылап отыр екен. Абдуллаһ Айшаға сәлем бергеннен кейін: «Хаттабұлы Омар сәлем айтты, өзін екі жолдасының қасына жерлеуге

³⁸⁰ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 9/77 (579)

сенен рұқсат сұрайды», – дейді. Айша (р.а.): «Уаллаһи, ол жерді өзіме сақтап жүр едім. Алайда, бүгін өз қалауымнан гөрі Омадың қалауының орындалғанын жөн көрдім», – деп, рұқсатын береді. Абдуллаһ қайтып келген соң, Омар одан: «Маған не хабар әкелдің?» – деп сұрайды. Ол Айшаның (р.а.) рұқсат бергенін айтады. «Әлхамдулиллаһ, арманым осы еді», – дейді де, сөзін былай жалғастырады: «Қайтыс болғаннан кейін мені табытпен Пайғамбарымыздың мазаратына апарындар. Балам, сол жерге барған соң, Айшадан тағы да рұқсат сұра. «Омар ибн Хаттаб рұқсат сұрайды» де. Рұқсат берсе, мені сол жерге жерле, рұқсат бермесе, мұсылмандардың мазаратына апарып жерлерсің».

Адамдар Омардың жансыз денесін иықтарына салып әкетіп бара жатқанда, халықты адам айтқысыз ауыр мұң басып, аза тұтқан еді. Абдуллаһ ибн Омар әкесі өсиет еткендей, қабір басында Айшаға: «Омар ибн Хаттаб рұқсат сұрайды», – дейді. Айша рұқсатын береді. Аллаһтың рақымдылығымен Омар Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә саллам) бен Әбу Бәкір (р.а.) жерленген мазаратқа жерленді.

Риуаятшы айтады: «Омар (р.а.) жан тәсілім етер сәтте, халық одан халифалыққа мұрагер тағайындап кетуін сұрайды. Ол: «Мен бұл орынға Аллаһ расулы ризалығын білдірген мына адамдардан артық лайық адамды білмеймін. Менен кейін олардың қайсысы халифа сайланса, сол халифа болады, – деп, Али, Осман, Талха, Зубәйр, Абдуррахман ибн Ауф және Сағид ибн Әбу Уаққастың есімдерін атайды да, – егер халифалыққа Сағидты сайлайтын болсандар, қателеспейсіңдер. Сайланбаса, халифа болған адам Сағидқа бір қызмет беріп, оның ілімінен пайдалансын. Менің оны Куфа

әкімдігінен алып тастауым оның әлсіздігінен немесе бір қиянат жасағандығынан емес», – деді. Омар баласы Абдуллаһты тек ойын айтқызу үшін кеңесу мәжілісіне қатыстырып, оның халифалық орынға таласпауын шарт еткен еді. Жоғарыда есімі аталғандар халифалық мәселесі туралы кеңесуге жиналған кезде, Абдуррахман ибн Ауф: «Өкілдігімізді арамыздан үш адамға берейік», – дейді. Осыған орай, Зубәйр өкілдігін Алиге, Талха Османға, Сағид болса, Абдуррахман ибн Ауфқа берді. Осынау жауапкершілігі мол, қияметке дейін өз маңызын жоймайтын алқалы іске бас-көз болу осы үш адамға тапсырылғаннан кейін, Абдуррахман ибн Ауф «Қайсысың халифалықтан бас тартасындар?» – деп сұрағанда, Али мен Осман үндемейді. Сонда Абдуррахман ибн Ауф екі жолдасына: «Олай болса, осы сайлау ісімен айналысуды маған тапсырсаңдар, Аллаһ куә, мен сендердің араларыңдағы ең лайықты және мұсылмандарға ең пайдалы адамды сайлау үшін, қолымнан келгенін жасаймын», – деді. Олар келісіп, өз өкілдігін соған тапсырады. Абдуррахман ибн Ауф алдымен Алимен жеке сөйлесіп: «Уа, Али, сенің Аллаһ расулымен туыстық байланысың бар және Исламға алғаш кіргендердің қатарыңдасың. Аллаһ куә, егер сені халифа етіп тағайындасам, сенің әділ іс атқаратындығыңда күмән жоқ. Алайда Османды тағайындасам, оның сөздерін тыңдап, бұйрықтарына бағынасың ба?», – дейді. Али «Иә» деп жауап береді. Сосын Абдуррахман ибн Ауф (р.а.) Османмен жеке сөйлесіп, Алиге айтқандарын оған да айтады. Абдуррахман ибн Ауф екеуінен де осылай уәде алғаннан кейін, Османға: «Уа, Осман, қолыңды бер!» – дейді. Осман қолын созғанда, ол оған серт бер-

ді. Осылайша алдымен Али, сосын барлық халық келіп, Османға серт берді³⁸¹.

6. ХАЛИФАЛЫҚҚА ҮМІТКЕР ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Әбу Бәкірдің осы туралы көзқарасы

Асым айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) науқастанып жатқанда, халықты жинап, өзін мінберге шығаруды бұйырды. Бұл Әбу Бәкірдің соңғы құтбасы болатын. Аллаһқа мадақ айтқаннан кейін ол былай деді:

«Уа, халайық! Дүниенің қызылына қызығып, алданып қалмаңдар. Ақыретгі дүниеден артық қойыңдар. Оның бірін жақын тартсаң, екіншісінен алшақтайсың. Мына халифалық мәселесі әуел бастан лайық кісіге берілмесе, кейін қателіктерді түзеу тым қиынға соғады. Сондықтан да халифалықты ең күшті, нәпсінің жетегіне ермейтін, қаталдық қажет жерде қатал, жұмсақтық танытылатын жерде жұмсақ бола білетін, басқалардың пікірімен санасатын, өзіне қатысы жоқ нәрселермен айналыспайтын, білмегенін үйренуден қымсынбайтын, кездейсоқ оқиғалар туындағанда әбігерленіп, сарсаңға түспейтін, қоғамның мал-мүлкін көздің қарашығындай қорғайтын, болашақты парасаттылығымен болжай білетін, мұқияттылық пен Аллаһқа мойынсұнуды ту еткен адамға тапсырыңдар. Ал бұған нағыз лайық Омар деп білемін»³⁸².

³⁸¹ Ибн Сағьд, әт-Табақатул-кубра 3/339

³⁸² әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/879 (14183)

Омардың бұл тұрғыдағы пікірі

Абдуллаһ ибн Аббас (р.а.) айтады: «Мен Омарға қызмет жасап, істеріне көмектесетінмін. Оны қатты сыйлап, құрметтейтінмін. Бір күні үйіне бас сұқсам, ол бөлмесінде жалғыз отыр екен. Кеудесін кере «oh» деп күрсінгені сонша – демі үзіліп кетті ме деп қорқып кеттім. Мен бар батылдығымды жиып: «Уа, мүміндердің әмірі! Уаллаһи, таусыла күрсінгенің қалай?» – деп сұрадым.

«Мына халифалықты аманат етіп қалдыратын адам таба алмай отырмын. Сол жанымды жегідей жеп барады. Бұл іске өзің жаныңдай жақсы көретін Алиді лайық көретінің ақиқат», – деді. «Уа, мүміндердің әмірі! Алидің һижрет етуі, Аллаһ расулының сұхбатына қатысуы және оның туысы болуы оның халифа болып сайлануына жеткілікті емес пе сіздіңше?», – дедім. Омар: «Иә, айтқаның орынды. Алайда, ол әзілге жақындау. Бұл міндетті осалдық танытпай, жұмсақ әрекет жасайтын, қатал болумен қатар қатыгездіктен сақтанған, ысырапшылыққа жол бермей, жомарттық танытатын және сарандық жасамау шартымен үнемшіл болатын адам ғана өз мойнына ала алады, – деді де, – бұл істі тек ешкімге бас имейтін, риядан аулақ, құмарлыққа жаны қас, сөзінен ісі көп, өз туыстары қарсы болса да, әділ үкім беретін, өз беделін қорғайтын, жалғыз қалса да ақиқатты жасырмайтын адам ғана атқарып, жетістікке жете алады», – дегенді қосып айтты³⁸³.

Сәлман Парсыдан (р.а.) келген риуаят бойынша бір күні Омар (р.а.) одан: «Мен патшамын ба, жоқ әлде

³⁸³ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/907 (14255)

халифамын ба?» – деп сұраған. Сонда Сәлман «Сен мұсылмандардың жерінен бір дирхамнан аз немесе одан көп салық алып, оны орынсыз жерге пайдалансаң, халифа емес, патша болғаның», – деп жауап берген.

Сәлманның бұл сөзі Омарды терең ойға салады.³⁸⁴

Халифаның бойындағы қаталдық пен биязылық

Саид ибн Мусәйяб (р.а.) айтады: «Омар ибн Хаттаб (р.а.) халифалыққа сайланғаннан кейін, Аллаһ расулының мінберіне шығып, Аллаһқа мақтау айтып, шүкіршілік еткеннен кейін былай деді:

«Уа, жамағат! Седерге қатал қарайтынымды өзім де білемін. Мұның себебі мынау: Мен расулаллаһпен бірге болған кезімде оның құлы, қызметшісі болатынмын. Пайғамбарымыз Аллаһ тағаланың «Тәубе» сүресінің 128-аятында айтқанындай, «мүміндерге өте шапағатты әрі өте мейірімді» еді. Ал мен оның қасында қынынан шығарылған қылыштай сезінетінмін. Ол мені қыныма салмайынша немесе маған тоқтау айтпайынша, мен алған бетімнен қайтпайтынмын. Расулаллаһ дүниеден озғанша, өзімді тиген жерін алып түсер алдаспандай сезініп жүрдім. Ол маған риза пейілмен дүние салды. Сондықтан да, мен бақыттымын, әрі Аллаһқа мың да бір шүкіршілік етемін. Сосын Аллаһ расулының халифасы Әбу Бәкірдің қасынан табылдым. Оның қаншалықты мейірбан, сыпайы, биязы екендігін өздерің де жақсы білесіңдер. Оған да қызмет еттім. Менің қатандығым мен оның жұмсақтығы бір-бірін толықтырып тұратын-ды. Әбу Бәкір маған тоқтау айтпайынша, мен алған бетімнен қайтпайтынмын.

³⁸⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 12/800 (35805)

Ол да дүние салғанша, осы күйімнен танған жоқпын. Ол да маған риза болып аттанды о дүниеге. Аллаһқа шүкіршілік, мұны да бақыт санаймын.

Сендерді басқару міндеті маған тапсырылғанда, «Бұл халифалық өзіне берілмей тұрғанда, бізге қатал қарайтын еді, халифалық қолына өткеннен кейін, төбемізге әңгір-таяқ ойнатып жүрмей ме? деп ойлағандарыңды да білемін. Менің қандай адам екенімді жақсы білесіңдер. Мені тауға да, тасқа да салып сынап та көрдіңдер. Менің білуімше, сендер де пайғамбарларыңның сүннеті мен жүрген жолын білесіңдер. Көзі тірісінде «Расулаллаһтан сұрайтынымды сұрап қалғанымда ғой» деп өкінетіндей мәселе жоқ менде. Өйткені мен одан өзімді толғандырған, білгім келген кез келген мәселенің мән-жайын біліп алғанмын. Мынаны біліп қойыңдар! Әлсіз мұсылмандарға тізесін батырып, қиянат жасаушыларға қолданатын жазаны күшейтемін. Сонымен қатар, абыройлы, жамандықтардан сақтанатын, Аллаһтың бұйрықтарына мойынсұнатын адамдарға басымды иемін. Араларыңда біреумен қандай да бір мәселе бойынша келіспей қалсам, даугердің қалаған қазысына барып, жүгінуден тартынбаймын. Сондықтан да араларыңда кез келген біреуіңмен арамда қандайда бір мәселе туындайтын болса, тартынбасын, өз құқығын талап етсін.

Әй, Аллаһтың құлдары! Аллаһқа қарсы шығудан сақтаныңдар. Маған қайырлы істерде кедергі келтірмей, керісінше, қолдау көрсетіңдер. Жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыю, Аллаһтың жүктеген басқару ісінде әділ әрекет жасауым үшін маған көмектесіңдер!»³⁸⁵

³⁸⁵ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/879 (14184)

Мұхаммед ибн Зәйд (р.а.) айтады: Бір күні Али, Осман, Зүбәйр, Талха, Абдуррахман ибн Ауф және Сағыд (р.а.) бас қосады. Араларында Омармен еркін сөйлесетін адам Абдуррахман ибн Ауф болатын. Оған: «Абдуррахман, халықтың атынан мүміндердің әмірімен сөйлессен қайтеді, оған «Кейде алдына барған мұқтаж кісілер мысың басып кеткендіктен, сенен ығып, мұң-мұқтажын айта алмай кері қайтып кетеді екен» деп айтсаң жақсы болар еді», – дейді. Абдуррахман ибн Ауф Омарға әйгілі сахабалардың әйдік ескертпесін жұқалап жеткізгенде, ол: «Әй, Абдуррахман, Аллаһ үшін айт, осыны айтуға сені Али, Осман, Талха, Зубәйр және Сағыд жіберді ме?» – деп сұрайды. Абдуррахман ибн Ауф: «Аллаһ куә, солар жіберді», – дейді. Омар: «Абдуррахман, бастапқыда халыққа мейлінше жылы қарадым, тіпті осы асқан кішіпейілділігімнен Аллаһтан қорықтым. Сосын оларға қатал қарауға мәжбүр болдым. Енді осы қаталдығымнан Хақ тағаладан қорқа бастадым. Бұдан құтылудың жолын көрсетші маған?» – деп сұрайды. Омардың бұл жауабынан кейін Абдуррахман көзінен жас парлап орнынан тұрады. Сыртқа шығып бара жатып: «Сенен кейін бұл қауымның жағдайы қалай болар екен?!» – деп күбірлейді³⁸⁶.

Шағбидің риуаяты бойынша, Омар (р.а.) былай деген: «Уаллаһи, Аллаһ ризалығы үшін жүрегім соншалықты елжіреп, жұмсарады. Сондай-ақ, Аллаһ ризалығы үшін кейде тастан да қатты болып қатаяды»³⁸⁷.

³⁸⁶ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 12/788 (35770)

³⁸⁷ Әбу Нуайм, Хилия 1/51

Халифаның Мәдинадан кеткісі келген сахабаларға тыйым салуы

Шағби айтады: Хазірет Омардың (р.а.) кезінде Құрайыштар Мәдинаға еріксіз байланып қалады. Өйткені, Омар (р.а.) өле-өлгенше Құрайыштарға барлық жағдайды жасап, Мәдинадан басқа жаққа қоныс аударуына тыйым салған болатын, әрі «Бұл үмбет үшін ең қорқатыным – жат елдерге тарыдай шашырап кетулерің» дейтін.

Мәдинада тұруға мәжбүр болған Құрайыш мұһажырларының бірі жорыққа шығуға рұқсат сұрайды. Сонда Омар (р.а.) «Пайғамбарымызбен (саллаллаһу алейһи уә сәллам) бірге қатысқан жорықтар саған жеткілікті емес пе? Ендігі жорықтар сен үшін ел мен жер көруден басқа ешқандай да пайда бермейді», – деген еді.

Осман (р.а.) халифа болғаннан кейін, Құрайыш мұһажырларына еркіндік берді. Олар төрткүл дүниеге тарайды. Бара-бара олардың айналасына адамдар топтасып, әрбіреуі бір қауым елге айналады. Бұл хадистің риуаятшыларынан Мұхаммед пен Талха (р.а.) : «Ислам үмбеті арасындағы алғашқы осалдық Құрайыш мұһажырларының еркіне жіберілуі еді», – дейді³⁸⁸.

Қайс ибн Әбу Хазм айтады: «Зубәйр (р.а.) Омарға (р.а.) барып жорыққа қатысуға рұқсат сұрайды. Омар: «Үйінде отыр, сен Аллаһ расулымен бірге соғысқа қатыстың, соғыстың, сол саған жетеді», – дейді. Зубәйр (р.а.) бір емес, бірнеше рет рұқсат сұрайды. Алайда, Омар (р.а.): «Үйінде отыр! Аллаһқа ант етемін, сенің және сенің адамдарыңның Мәдинаның сыртына

³⁸⁸ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 14/63 (37978)



шығуы Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәллам) үмбетінің ба-
сына нәубет алып келеді», – дейтін шегелей сөйлеп»³⁸⁹.

7. ПАРАСАТТЫ АДАМДАРДЫҢ ПІКІРЛЕРІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРУ

Пайғамбарымыздың сахабаларымен Бәдір тұтқындары жөнінде кеңесуі

Әнәстан (р.а.) риуаят етілгені бойынша, Пайғамбарымыз Әбу Суфиян басқарған Құрайыштардың сауда керуенінің Шамнан қайтып келе жатқанын естіген соң сахабаларын жинап, осы туралы ақылдасқан³⁹⁰.

Омар (р.а.) Бәдір соғысы туралы риуаят еткен хадисінде мыналарды айтады:

Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Бәдір шайқасында қолға түскен тұтқындарға қатысты кеңес өткізеді. Оған мен, Әбу Бәкір, Али – үшеуіміз қатыстық. Әбу Бәкір: «Уа, расулаллаһ! Олар – біздің туыстарымыз, жақын бауырларымыз. Менің айтарым, олардан төлем алып, еркіне жіберіңіз. Тұтқындардан түскен қаражатты Исламды нығайтатын өзге іс-шараларға жұмсайық. Мүмкін, Аллаһ оларға тура жолды нәсіп етіп, бізге қолдау да көрсетер», – деді. Расулаллаһ: «Хаттабұлы Омар, сен дейсің?» – деп сұрады. Мен: «Уаллаһи, мен Әбу Бәкірдің пікіріне қосылмаймын. Мен айтар едім, маған туысым пәленшенің, Алиге бауыры Ақилдің, ал Хамзаға ағасы Аббастың көзін құртуды бұйырыңыз, бізде мүшріктерге деген жанашарлық сезімнің жоқ екенін Аллаһ басқаларға көрсетсін. Қолға түсіргеніміз мүшріктердің бетке тұтарлары екенін ұмытпаңыздар. Олар ертең ел ішіндегі беделі мен дүние-мүлкі үшін

³⁸⁹ Хаким, Мүстәдрәк 3/129 (4612)

³⁹⁰ Мүслим, Сахих 3/1403 (1779)

бізге қарсы күш біріктіріп, қайта бас көтермесіне кім кепіл?» – дедім.

Аллаһ расулы Әбу Бәкірдің пікірін қолдады. Менің көзқарасымды мақұлдамады. Сөйтіп, олардан төлем алды. Ертеңіне таңертең Аллаһ расулы мен Әбу Бәкірдің жанына келдім, екеуі де жылап отыр екен. «Уа, расулаллаһ, не боп қалды?» – деп сұрағанымда, Аллаһ расулы: «Төлем алған жолдастарыңның тартатын азабын ойлап жылаймын». Қасындағы ағаштың біреуін нұсқап «Бастарына келетін бәленің мына ағаштан да жақын екендігі маған көрсетілді. Аллаһ мына аятты түсірді», – деп мына аятты оқыды: *«Бір пайғамбардың дүниеде жеңіске жетіп, күпірлікті құртпайынша тұтқыңға алып, төлем есебінен босатуы дұрыс емес. Сендер дүниелік нәрсені қалайсыңдар. Ал Аллаһ болса, ақыретке қол жеткізгендеріңді қалайды. Аллаһ өте үстем, асқан құдіретті»* (Әнфал, 8/67)³⁹¹.

Пайғамбарымыздың Мәдина құрмасы туралы Сағымд ибн Убада мен Сағымд ибн Муазбен кеңесуі

Зүхри айтады: «Хандақ шайқасында халық қоршауға алынып, қатты қиындыққа тап болғанда, Аллаһ елшісі Гатафан тайпасының бетке тұтарлары Уайнә ибн Хысн мен Харис ибн Ауф әл-Мүрриге хабар жіберіп, мұсылмандармен соғысудан бас тартуын, бас тартқан жағдайда оларға Мәдина құрмасының үштен бірін беруді ұсынады. Сөйтіп, Аллаһ расулы мен қарсы шеп өзара келісімшарт жасасады. Бұл келісім жазбаша түрде де рәсімделеді. Алайда, құжатқа қол қойылмай тұрып, расулаллаһ Сағымд ибн Муаз

³⁹¹ Мүслим, Сахих 3/1383 (1763)



бен Сағыд ибн Убадаға хабар жіберіп, олардың бұл мәселе турасындағы пікірлерін сұрайды. Екі сахаба да: «Уа, расулаллаһ, істің осылайша өріс алғаны өз қалауыңыз ба, әлде бұл бағынуымыз керек илаһи бұйрық па? Жоқ әлде, біздің пайдамыз үшін жасаған келісімшарт па?» – деп мәселенің ара-жігін ажыратып алғысы келеді. Аллаһ расулы: «Жоқ, мұндай қадамға сендердің игіліктерің үшін барып отырмын, өйткені араб тайпалары сендерге қарсы бірігіп, жан-жақтан қыспаққа алмақшы. Мен уақытша болса да, олардың бетін қайтаруды көздедім», – дейді. Сағыд ибн Муаз (р.а.): «Уа, расулаллаһ! Аллаһқа серік қосып, пұттарға табынып жүрген кезімізде, олар біздің бір құрмамызға да тиісе алмайтын. Аллаһ бізді тура жолға салып, Исламға кірген кезімізде, өз мүлкімізді оларға беріп қойып, қарап отыруымыз керек пе сонда? Мұндай келісімшарттың бізге қажеті жоқ. Аллаһ олар мен біздің арамызды бір жақты қылмайынша, қаруымызға серт, тұрысатын жерін айтсын», – дейді.

Аллаһ расулы: «Өзің біл», – деп келісімін береді. Сөйтіп, Сағыд ибн Муаз келісімшарттың мәтінін өшіріп тастайды да, «Қолынан келгендерін істесін, әуселесін көрейік!» – дейді³⁹².

Хазірет Омар (р.а.) былай деген:

«Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мені ертіп, түн баласы Әбу Бәкірдің (р.а.) үйіне баратынбыз. Үшеуміз отырып, мұсылмандардың мәселелерін талқылайтынбыз».³⁹³

³⁹² Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/105

³⁹³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 7/364 (18670)

Әбу Бәкірдің басқалардың пікірімен санасуы

Қасымнан Ибн Сағыд риуаят етіп, былай дейді: «Әбу Бәкір Сыддық (р.а.) кез келген мәселеде мұһажырлар мен ансарлардың арасынан кейбір адамдардың, әсіресе, Омар, Осман, Али, Абдуррахман ибн Ауф, Муаз ибн Жәбәл, Убәй ибн Кағыб және Зәйд ибн Сабиттің пікіріне құлақ түретін. Олардың барлығы Әбу Бәкірдің халифалығы кезінде пәтуа бере алатын кісілер еді. Қандай да бір мәселе туындаса, оны шешуді осы тұлғаларға тапсыратын. Әбу Бәкірден кейін халифалыққа келген Омар да осы адамдардың басын қосып, кеңес өткізетін. Омардың халифалығы кезінде пәтуаны Осман, Убәй және Зәйд айтатын»³⁹⁴.

Мемлекет иелігінде болғанымен, иен жатқан жер туралы Әбу Бәкір мен Омар арасында болған әңгіме

Абида айтады: Уяйна ибн Хысн мен Акра ибн Хабис – екеуі бірге Әбу Бәкірге былайша қолқа салады: «Уа, Аллаһ расулының халифасы! Біздің қарауымыздағы жермен шектесетін, ұлтарактай бос жерді бізге берсеңіз, жерді жыртып, егін ексек деп едік», – дейді.

Әбу Бәкір олардың сұрағанын беріп, жазбаша құжатын да рәсімдейді. Алайда, олардан Омардың да келісімін (қолын) алуды сұрайды. Жер сұрап келген екеуі құжатқа қол қойдыру үшін, Омарды іздеп тауып алады. Омар құжатта не айтылғанын білгеннен кейін, қағазды жыртып тастайды. Уяйна мен Акра оның бұл бас-көз жоқ әрекетіне ашуланып, Омарға тіл тигізеді. Олар күйіп-пісті екен деп асып-сасқан Омар жоқ.

³⁹⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/849 (14105)



«Пайғамбарымыз Ислам әлі әлсіз кездерде біраз жеңілдіктер жасап, сендерді Исламға тартуға ынталандыратын. Алайда, қазір Аллаһ Исламды қуаттандырды. Ендігі жерде маған қарсы кімге жүгінем десендер де, жүгініндер! Егер осы үшін маған қырын қарасандар, Аллаһ та сендерге оң көзбен қарамасын!» – дейді. Әлгі екі адам ашуланып, Әбу Бәкірге барып «Уаллаһи, түсінбедік, халифа сенсің бе, әлде Омар ма?» – деп реніш білдіреді. Әбу Бәкір: «Халифа – сол. Ол қаласа, сендердің істеріңді мақұлдар еді», – дейді. Сол кезде Омар ашумен Әбу Бәкірге келіп, төбесінен төніп тұрып: «Айтшы қане, мына екі адамға бөліп берген жер сенің жеке мүлкің бе, әлде мұсылмандардың ортақ жері ме?» – деп сұрайды. Әбу Бәкір: «Барша мұсылмандардың ортақ мүлкі» – деп жауап береді. Сонда Омар ол жерді мұсылман жамағатқа емес, неге осы екі адамға бергенін сұрағанда, Әбу Бәкір: «Сол кезде қасымда болған мына-мына адамдармен ақылдастым, олар маған осылай ұсыныс жасады», – дейді. Омар: «Жаныңдағы сол жамағатпен ақылдасу арқылы барлық мұсылмандармен ақылдасып, олардың келісімін алдым деп ойлайсың ба?» – дейді. Әбу Бәкір: «Мен саған «Халифалыққа менен сен лайықсың» деген едім алайда, мені көндіріп, халифалықты маған жүктеген өзің болатынсың», – деп жауап береді³⁹⁵.

Әбу Бәкірдің соғыстарда сахабалармен ақылдасуы

Абдуллаһ ибн Амр (р.а.) айтады: «Әбу Бәкір Амр ибн Асқа «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәллам) соғыс туралы басқа адамдардың ойын, пікірін сұрап білетін, сен

³⁹⁵ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 3/1496 (9151)

де басқаладың пікірін тыңдап, ойын білуді ешқашан ұмытушы болма!» – деп хат жазған»³⁹⁶.

Омардың басқа адамдармен кеңесуі

Әбу Жафар айтады: «Омар (р.а.) Алидің (р.а.) қызы Үммі Гүлсімге құда түседі. Али: «Қыздарымды Жафардың ұлдарына беруді ойлап жүрген едім», – дегенде, Омар: «Я, Али, қызыңды маған қос. Уаллаһи, мына дүниеде мен секілді оны алақанында аялап ұстайтын жан табылмас, сірә», – дейді. Али ары ойланып, бері ойланып, ақыры келісімін береді. Осы оқиғадан соң арада біраз уақыт өткеді. Бір күні Омар пайғамбар мешітінде қабір мен мінбердің арасында отырған мұһажырлардың қасына келеді. Али, Осман, Зубәйр, Талха және Абдуррахман ибн Ауф өзара әңгіме-дүкен құрып отыр екен. Омар сырттан хабар келгенде, алдымен осы кісілерге жағдайды айтып, олардың пікірлерін сұрайтын. Бұл жолғы келісінде: «Мені үйлендіріңдер», – дейді. «Кімді қалайсың?» – деп сұрағанда, Али ибн Әбу Тәліптің қызының атын айтады. Мұның себебін оларға былай жеткізеді: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) «Қиямет күні менің тегімнен басқа барлық тектік қатынастар үзіледі», – деген болатын. Мен осы дүниеде оның жолдасы болдым, туыстық жағынан да оған жақын болғым келеді»³⁹⁷.

Омардың және Османның Ибн Аббаспен ақылдасуы

«Омар мен Осман қандай да бір мәселе туындағанда, Ибн Аббаспен кеңесетін. Ибн Аб-

³⁹⁶ Хайсами, 7/319.

³⁹⁷ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 3/44 (2633)

бас жасының кішілігіне қарамастан, Бәдір соғысына қатысып, екі халифаға да өз ақылын қосып, халыққа жөн-жоба сілтейтін. Дүниеден озғанша осы әдетін тастаған емес», – дейді Ата ибн Йәсар.

Якуб ибн Йазид айтады: «Омар маңызды-ау деген істерде Ибн Аббаспен ақылдасып: «Ей, зерегім! Қане, мына мәселенің шешімін бірігіп іздейік», – дейтін.

«Мен қандайда бір тығырыққа тіреген күрделі мәселелерде Ибн Аббастан артық жол тауып кете алатын, одан асқан ақылды, алғыр және өте биязы адамды көрмедім. Қияметтің қыл көпіріндей қиын мәселелерде Омар оған «Тағы бір мәселенің шеті шығып тұрғаны» деп, онымен кеңесіп, айтқан сөзіне тоқтайтыны әлі есімде», – дейді Сад ибн Әбу Уаққас (р.а.).

Ибн Шихаб айтады: «Омар (р.а.) күрмеуі көп күрделі мәселе от дария боп өткел бермей алдынан шыққанда, жастардың ақыл-ойын, алғырлықтарын тексеру үшін олардың басын қосатын».

«Омар (р.а.) әйелдердің де ақыл-кеңесіне құлақ түретін. Олардан аузынан мәселенің шешілуіне септігі тиеді-ау деген онды пікір естісе, олардың уәжінескерусіз қалдырмайтын»,³⁹⁸ – дейді Ибн Сирий.

Омардың кеңесу туралы құтбасы

Мұхаммед, Талха және Зияд (р.а.) айтады: «Омар (р.а.) бір сапар үстінде Сырар құдығының басына тоқтап, ордасын сол жерге тіктіреді. Омардың не ойлағанын, сапарын жалғастыра ма, әлде осы жерде біраз аялдайды ма, мұны жан баласы білмеді. Осман одан: «Не көздегенің бар?» – деп сұрағанда, ол «Әссалату жамиатун» деп халықты намазға шақырады.

³⁹⁸ Бәйхақи, Сүнән 10/113 (20119)

Барлығы оның қасына жиналады. Омар (р.а.) Мәдинада өз орнына тастап кеткен Али мен алдыңғы шепке қолбасшы етіп жіберген Талхаға да хабар жіберіп, оларды да шақыртады. Орданың оң және сол қанаттарына Зубәйр мен Абдуррахман ибн Ауфты жайғастырды. Сосын орнынан тұрып былай деді: «Уа, әлеумет! Аллаһ мұсылмандардың ықылас-ниетін Ислам жолында біріктірді, олардың көңілдерін бір-біріне жақын етті, оларды дін жолында бауыр етіп жариялады. Иман келтіргендер тұтас бір дене сияқты, қай жерің ауырса, басқа жерің де қақсайды, май ішкендей мазан кетеді. Сондықтан мұсылмандар да ортақ істе бірігіп, ақылдасып, парасатты адамдардың пікірін назарға алып, жүзеге асыруы керек. Халық басқарушыға бағынуы тиіс. Ал басшы басқалармен кеңесіп, олардың пікіріне құлақ асуы міндетті.

Ей, адамдар! Мен де қатардағы біреумін, сол себепті сендермен бірге жорыққа шықтым. Алайда, арамыздағы данагөй, білгірлеріміз мені бұл райымнан қайтарды. Сол себептен осында қалуды, әскерді басқа біреудің бастап баруын жөн деп таптым. Осы шешімді қабылдау үшін бәріңнің алдыңнан өттім, орныма өкіл етіп қалдырған Али мен қолбасшы Талханы да шақыртқан себебім осы»³⁹⁹.

8. БАСҚАРУШЫЛАРДЫҢ САЙЛАНУЫ

Алғаш сайланған қолбасшы:

Абдуллаһ ибн Жахш

Сағымд ибн Әбу Уаққас (р.а.) айтады: «Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә салләм) Мәдинаға Жұхайна

³⁹⁹ Табари, Тарих 2/381

тайпасынан арнайы кеңес келіп: «Уа, Мұхаммед! Арамызға келдің, бізге кепілдік бер, ел-жұртымды саған алып келейік», – дейді. Аллаһ расулы кепілдік бергеннен кейін, олар қауымымен Исламды қабылдады».

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) бізді ережеп айында Жұхайна тайпасына көршілес жатқан Кинанаұлдарының бір тайпасына жорыққа аттандырды. Шабуылға шықтық. Алайда қарсыластарымыздың қарасы тым көп еді. Амалсыз шегініп, Жұхайна тайпасын паналадық. Олар бізді қорғады, бірақ «Неліктен харам айда, соғысуға тыйым салынған ережеп айында шайқасқа шықтыңдар?» – деп сұрады. Біз бұл жердің жағдайы басқаша екенін, қасиетті айда киелі жерден шыққан адамдармен шайқасқа шыққанымызды айтып ақталдық.

Ары қарайғы әрекетімізді алдын-ала келісіп, анықтап алуымыз керек болды. Біразымыз «Барып, Аллаһ расулына хабарлайық», – десе, кейбіреуі: «Жоқ, осында қалайық», – деді. Мен және бірталай адам: «Жоқ, барып, Құрайыш керуенінің жолын кесейік», – дедік.

Ол кездері кім олжа түсірсе, бөліп-жармай бәрін сол алатын. Ақыры, менің айтқаныма тоқтап, Құрайыш керуеніне шабуылдау үшін жолға шықтық. Қалғандары кері қайтты. Олар Пайғамбарымызға жағдайды жеткізген кезде, Аллаһ расулы ашуланып: «Менің қасымнан бірге аттанып, елді алауыз етіп қайттыңдар ма? Сендерден бұрынғылардың түбіне осы алауыздық жеткен. Енді сендерге апштық пен шөлге шыдамды адамды қолбасшы етіп жіберемін», – деп Абдуллаһ ибн Жахш әл-Әсәдиді қолбасшы етіп тағайындайды. Осылай-

ша Абдуллаһ ибн Жахштың есімі Ислам әлемінде ең алғашқы қолбасшы ретінде қалды»⁴⁰⁰.

Он адамдық топқа қолбасшы сайлану

«Түстер қаласының кіре берісінде алғашқы отты мен жақтым. Әбу Мұса әл-Әшғариға оқ тиіп, жарақаттанған болатын. Мұсылман қолы қаланы бағындырған кезде, Әбу Мұса мені он адамдық топқа қолбасшы етіп тағайындады»,⁴⁰¹ – дейді Шихаб әл-Анбари.

Сапарда біреудің имам болуы

Омар (р.а.) былай деген: «Сапарға шыққан адамдардың саны үш адамға жетсе, араларынан біреуін имам сайласын. Ол Аллаһ расулының өз қолымен тағайындаған имам дәрежесінде болады»⁴⁰².

9. КІМДЕР БАСШЫ БОЛУЫ КЕРЕК?

Жамағат арасында Құранды ең жақсы білетін адамның басшылыққа лайық болуы

Әбу Һұрайрадан (р.а.) риуаят етілген: «Бір жолы Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә салләм) жер қайыстырар қалың қолды жорыққа жіберіп тұрып, сарбаздардың барлығына біртіндеп Құран оқытты. Әркім білгенінше оқыды. Сонда Расулаллаһ араларындағы жасы ең кішілерінің қасына барып: «Ей, пәленше, сен қаншасын жаттадың?» – деп сұрады. Ол: «Мына-мыналарды және «Бақара» сүресін жатқа білемін», – дейді. Аллаһ расу-

⁴⁰⁰ Ибн Хажар, әл-Исабә 2/278

⁴⁰¹ Ибн Хажар, әл-Исабә 2/109

⁴⁰² Әбу Дәуіт, Сүнән 2/42 (2608)

лы: – Шынымен «Бақара» сүресін жатқа білесің бе?» – дегенде, ол: «Иә», – деп жауап берді. Расулаллаһ: «Олай болса бар! Олардың қолбасшысы сенсің», – деді. Жасақтың ішінен біреуі «Уаллаһи, менің «Бақара» сүресін үйренбеген себебім оған лайық амал жасай алмаудан қорыққаным еді, басқа себебі жоқ», – деді. Сонда Аллаһ расулы: «Құранды үйреніндер және оқындар. Құран үйреніп, оқыған адам хош иіс аңқыған мес сияқты. Құранды жаттап, бірақ оқымай жатқан адам аузы байлаулы хош иіс толы мес сияқты», – деді»⁴⁰³.

Әбу Бәкірдің Бәдір соғысына қатысқандарды басшы етіп сайлаудан тар- тынуы

Әбу Бәкір ибн Мұхаммед әл-Ансари айтады: «Әбу Бәкірге (р.а.) «Ей, Аллаһ расулының халифасы! Бәдір соғысына қатысқандарды неге басшы етіп тағайындамайсың?» – деп сұрағанда, Әбу Бәкір: «Мен олардың қадірін жақсы білгендіктен, мына өмірдің уақытша мансабымен кірлеткім келмейді», – деп жауап берген»⁴⁰⁴.

Омардың басшы тағайындау туралы хаты

Хариса ибн Мударриб айтады: «Омар (р.а.) бізге мынадай хат жазған еді: «Сендерге Аммар ибн Ясирді басшы, Абдуллаһ ибн Мәсғудты мұғалім әрі көмекші етіп жібердім. Екеуі де Расулаллаһтың таңдаулы сахабалары, екеуі де Бәдір соғысына қатысқан. Діндерінді солардан үйреніндер және оларға бағыныңдар. Мен сендерді өзімнен артық көргендіктен, Абдуллаһ ибн

⁴⁰³ Тирмизи, Сүнән 5/156 (2876)

⁴⁰⁴ Әбу Нуайм, Хилия 1/37

Мәсғудты жіберіп отырмын. Осман ибн Хунәйфті Ирактың ауылдарына жібердім. Олардың еңбекақысына күніне бір қой берілсін. Еттің жартысы мен ішек-қарын, бас-сирағы Аммар ибн Ясирдікі. Қалғаны үшеуінің арасында өзара үлестірілсін»⁴⁰⁵.

Басшылық қызметті мойындарына ала тұрып, ақыретін аман сақтап қалғандар

Шақиқ ибн Сәләма айтады: «Омар Хауазин тайпасының зекеттерін жинауға Бишр ибн Асымды (р.а.) жұмсайды. Бірақ Бишр бұл істен бас тартады. Омар оған: «Неге бармадың? Бізді тыңдап, бағынуға міндетті емессің бе?» – деп сұрайды. Бишр ибн Асым: «Әрине, елдің басшысына бағынуға міндеттімін. Алайда мен пайғамбардың «Кімде-кім мұсылмандардың ісіне жауаптылықты (басшылық) мойнына алатын болса, қиямет күні ол адам тозақ көпірінің үстіне әкелінеді. Жақсы әрекет жасаған болса, құтылады, жаман әрекетке барса, басып тұрған жері қақ жарылып, тереңдігі жетпіс жылдық қашық шыңыраудан төмен құлдилайды» дегенін естіген едім», – деп жауап береді.

Бишрдің осы уәжінен кейін Омар жаны жабырқап, зілмеауыр жүктің астында жаншылып, ілби басып, жолда келе жатып Әбу Зәррмен кездесіп қалады. Әбу Зәрр: «Ей, мүміндердің әмірі! Қамығулысың ғой?» – дегенде, Омар: «Қалай қамықпаймын, Бишр ибн Асымды көрдім. Маған Аллаһ расулының «Кім мұсылмандардың басқару ісін өз жауапкершілігіне алса...» деп басталатын хадисін айтты», – дейді таусыла сөйлеп. Әбу Зәрр: «Сен мұны Расулаллаһтан естімеген бе едің?» – деп сұрайды. «Жоқ», – дейді Омар. «Куәлік

⁴⁰⁵ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 4/878 (11636)



етемін, мен де Расулаллаһтың «Кім мұсылмандардың біріне қандай да бір міндет жүктесе, ол адам қиямет күні тозақ көпірінің үстіне тұрғызылады. Егер ол өзіне жүктелген міндетті абыроймен атқарса, сол тапсырманы берген адам да құтылады. Ал міндетін дұрыс атқармаса, көпірдің тұрған жері қарс айырылып, тереңдігі жетпіс жылдық қашықтықтан тұратын, тас қараңғы шыңырауға құлайды» дегенін естідім. Ей, Омар, сені осы екі хадистің қайсысы қынжылтты?» – дейді Әбу Зәпп. Омар: «Екеуі де жүрегімді сыздатты. Мұндай қауіп төніп тұрғанда, халифалықты кім мойнына алсын?» – дейді. Әбу Зәпп: «Халифалыққа тек Аллаһ мұрнымен жер иіскетіп, төмендеткен адамы ғана талаптана алады. Я, Омар, біз сені тек жақсы жағыңнан білеміз. Егер халифалықты әділетсіз адамға тапсырсаң, оның обалынан құтыла алмайсың!» – деді⁴⁰⁶.

10. САХАБАЛАРДЫҢ БАСШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ҚАШУЫ

Аллаһ расулының Микдат ибн Әсуадқа айтқандары

Әнәс (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Микдат ибн әл-Әсуадты бір аймаққа басшы етіп жібереді. Алайда біраз уақыт өткен соң, ол Аллаһ расулына қайтып келеді. Одан:

- Ел басқарған қалай екен? – деп сұрайды.
- Халықтың кейде мені әулиедей көріп, кейде түкке алғысыз ететінін байқадым. Тіпті өзімнен күмәндана бастадым, – дейді. Пайғамбарымыз:
- Иә, ел басқару оңай емес, – дейді.

⁴⁰⁶ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 5/371 (9040)

– Сені хақ дінмен жіберген Аллаһқа ант етемін, бұдан кейін ешқашан ел басқармаймын, – дейді. Микдатқа: «Алдымызға шығып, имам бол», – дегенде, бұл жауапкершіліктен де қашқақтайтын⁴⁰⁷. Тағы бір риуаятта Микдат ибн Әсуад (р.а.) былай деген: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) мені бір әскери жасаққа қолбасшы етіп жорыққа аттандырды. Қайтып оралғаннан кейін, менен: «Қалай екен?» – деп сұрағанда, «Жанымдағыларды қызметшілерім екен деп қаламын. Уаллаһи, бұдан былай екі адамнан тұратын топты да басқармаймын», – дедім үзілді-кесілді»⁴⁰⁸.

Әбу Бәкірдің ел басқаруға қатысты насихаттары

Рафи әт-Тайи айтады: «Бір жорықта Әбу Бәкірге (р.а.) жолсерік болған едім. Қайтып келген соң: «Ей, Әбу Бәкір! Маған айтарың бар ма?» – дедім. Ол: «Парыз намаздарды уақытында оқы, шын пейіліңмен зекетінді бер, рамазан оразасын тұт, қажылықты орында. Исламда һижреттің қайырлы екенін ұмытпа. Һижрет кезінде жиһад ету де абзал. Алайда ел басқаруға ұмтылма! Қазір адамдар ат-тонын ала қашатын басшылық қызметі уақыт өтпей сәнге айналады. Билік ел басқаруға лайық емес адамдардың қолына өтеді. Қияметте ең көп сұралатын, азабы ауыр есепке басқарушылар тартылады. Қатардағы адамдардың есебі оңай, көп қиындық көрмейді, ал басшылар саналы түрде де, байқамай да мүміндерге қиянат жасап қоюы мүмкін. Мүміндерге қиянат жасаса, Аллаһқа берген уәдесін бұзған болады. Өйткені мүміндер – Аллаһтың көршілері, Аллаһтың

⁴⁰⁷ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 5/364 (9024)

⁴⁰⁸ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 20/258 (609)

нағызқұлдары. Аллаһқа анттетемін, сендер көршілеріңнің малына зауал келгенде қалай уайымдасандар, Аллаһ өзінің көршісі болған мүміндердің жәбір көруіне одан да қатты қамығып, қайғырады»⁴⁰⁹.

Рафи айтады: «Осыдан бір жыл өткеннен кейін, Әбу Бәкірдің халифа сайланғанын естідім. Естідім де, Әбу Бәкірді әдейілеп іздеп бардым. «Есімім – Рафи, пәлен деген жерлерде сен тапсырған тексеру қызметтерін атқарған болатынмын», – дедім. «Иә, таныдым», – деді ол. «Сен маған ел басқармауға кеңес берген едің, ал өзің ең жоғары басшылыққа – халифалыққа сайланыпсың», – дедім. «Иә, реті осылай болды. Алайда кім Мұхаммед үмбетіне Аллаһтың кітабымен үкім бермесе, оған Аллаһтың қарғысы жаусын!» – деді⁴¹⁰.

Сахабалардың Аллаһ жолында басшылықты емес, жиһадты таңдауы

Саид ибн Омар ибн Саид ибн Астан риуаят етілгені бойынша, көкелері Халид, Әбан және Амр ибн Саид Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мына өмірдегі дәм-тұзы таусылғанын естігеннен кейін, қызметтерін тастап, Мәдинаға қайтып оралады. Әбу Бәкір: «Бұл қызметтерге Расулаллаһтың сайлаған адамдарынан артық лайық адам болуы мүмкін емес. Қане, қызметтеріңе оралыңдар», – дейді. Олар: «Біз Пайғамбардан кейін ешкімнің қызметкері болмаймыз», – деп Шам аймағына кетеді де, сол жердегі шайқастарға қатысып, шейіт болады⁴¹¹.

⁴⁰⁹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/920 (14288)

⁴¹⁰ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 5/365 (9029)

⁴¹¹ Хаким, Мүстәдрәк 3/278 (5085)

Әбу Һұрайраның Омардың басшылыққа тағайындау туралы ұсынысын қабылдамауы

Әбу Һұрайрадан риуаят етілгені бойынша, Омар оны әлдебір елді мекенге басшы етіп сайлау үшін шақыртады. Әбу Һұрайра оның бұл ұсынысын қабылдамайды. Омар (р.а.):

– Сенен де қайырлы адам талаптанған қызметті неге қаламайсың? — деп сұрайды. Әбу Һұрайра:

– Кім екен менен қайырлы? — дейді.

– Жакып пайғамбардың баласы – Жүсіп пайғамбар, — деп жауап береді Омар (р.а.). Әбу Һұрайра (р.а.):

– Жүсіп (а.с.) — пайғамбардың баласы, әрі өзі де пайғамбар. Ал мен Үмәймаұлы Әбу Һұрайрамын. Мен екі-үш нәрседен қорқамын, — дейді. Сонда Омар:

– Бес нәрседен қорқамын десенші, — дейді. Әбу Һұрайра:

– Білмеген нәрсемді айтудан, негізсіз үкім беруден, ту сыртымнан тиетін соққыдан, малымның қолды болуынан немесе тартып алуынан және намысымның тапталуынан қорқамын, — деп жауап береді⁴¹².

Ибн Омардың (р.а.) қазылық қызмет туралы ұсынысты қабылдамауы

Ибн Омардан (р.а.) риуаят етілгені бойынша, Осман (р.а.) Ибн Омарды (р.а.) қазы тағайындамақ болғанда, ол бұл қызметтен бас тартады. «Мен Расулаллаһтың «Қазылар үш топқа бөлінеді: біреуі құтылады, екеуі отқа түседі. Заңсыз немесе өз қалауымен үкім

⁴¹² Әбу Нуайм, Хилия 1/380



шығарғандар құриды. Ақиқатпен шешім шығарғаны құтылады»⁴¹³ дегенін естігенмін», — деп жауап береді.

11. ХАЛИФАЛАРДЫ, БАСҚАРУШЫЛАРДЫ ҚҰРМЕТТЕУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БҰЙРЫҚТАРЫНА БАҒЫНУ

Халид ибн Уәлид пен Аммар ибн Ясирдің арасында болған оқиға

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) жорыққа аттандырған, Халид ибн Уәлид басқарған әскери жасақта Аммар ибн Ясир де бар болатын. Баратын аймағына тез жету үшін, сол маңға таяу жерге түнеуді жөн көреді. Жау қолы мұсылмандардың жақын келгенін біліп, жер сипатып кетеді. Араларынан тек біреуі ғана қалып қояды. Ол отбасымен бірге Исламға кіріп, мұсылман болған адам еді. Ол үйіндегілеріне үйді жығып, көрпе-жастық, қазан-ошақты буып-түйіп қоюды бұйырып: «Мен келгенше күтіндер», — деп кетіп қалады. Сөйтіп, Халид ибн Уәлид басқарған жасақтың жатқан жеріне барып, Аммар ибн Ясирді тауып алып, оған: «Ей, Әба Якзан, мен отбасыммен бірге мұсылман болдым. Қауымымыз қашып кетті. Мұсылман болғанымыз үшін бізге оның қандай пайдасы тиеді?» — деп сұрайды. Аммар оған: «Ешқайда кетпе, саған қауіп жоқ», — деген соң әлгі адам өз отбасына оралады.

Ертеңгісін жаудың орнын сипап қалған Халид жұртта жалғыз қалған, мұсылман болған әлгі адамды отбасымен тұтқынға алады. Аммар: «Бұл адамға және оның отбасына тиіспе. Ол мұсылман болды», — десе де,

⁴¹³ Ибн Хиббан, Сахих 11/440 (5056)

Халид: «Сенің бұған не қатысың бар? Қолбасшы мен тұрғанда, сен оған қалайша кепілдік бересің?» – деп ашу шақырады. Аммар: «Иә, қолбасшы сенсің. Бірақ сенің сыртыңнан кепілдік бере аламын. Өйткені ол адам иман келтірді. Қаласа, ол да басқалар секілді қашып кетер еді. Исламға кіргендіктен, оған осы жерде қалуға мен кеңес бердім», – дейді.

Халид (р.а.) пен Аммардың (р.а.) арасындағы дау өршіп, ортақ келісімге келе алмайды. Мәдинаға оралғанда, бұл жағдай Аллаһ расулына жетеді. Аммар әлгі оқиғаны баяндап берді. Расулаллаһ Аммардың істегенін дұрыс деп табады, алайда сол күннен бастап қолбасшының рұқсатынсыз өз бетінше әрекет етуге тыйым салады. Екеуі Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алдында тұрып та сөзге келіп қалады. Халид: «Уа, Расулаллаһ, сіздің құзырыңызда бұл құл маған қалайша тіл тигізеді, сіз болмағанда бұлай жасай алмас еді», – дейді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Халид! Аммармен керіспе. Өйткені Аммарды жек көрген адамды Аллаһ жек көреді, Аммарға қарғыс айтқан адамға Аллаһ қарғыс айтады», – дейді.

Аммар ашуланып орнынан тұрады да, теріс бұрылып кетіп қалады. Халид артынан қуып жетіп, қиыла өтініп, кешірім сұрады. Аммар кешіргенін білдіреді. Осы оқиғаға байланысты мынадай аят түсті: *«Ей, иман келтіргендер! Аллаһқа бағыныңдар. Расулына және басшыларыңа бағыныңдар. Егер Аллаһқа және ақыретке иман келтірген болсаңдар, келісе алмаған нәрселеріңді Аллаһқа және расулына тапсырыңдар. Осылай ету қайырлы»* (Ниса, 4/59)⁴¹⁴.

⁴¹⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 2/511 (4343)

Ауф ибн Мәлік пен Халид ибн Уәлид арасында болған оқиға

Ауф ибн Мәлік әл-Әшғари (р.а.) айтады: «Зәйд ибн Хариса қолбасшылық еткен шайқаста мұсылмандар арасында мен де бар болатынмын. Осы майдан үшін жасақталған, Йеменнен келген қосымша күштің қатарындағы біреумен жолдас болдым. Оның қылыштан басқа қаруы, әрі мүлік-мүккәмәлі жоқ болатын. Жолда мұсылмандардың бірі түйе сойды. Йемендік жолдасым оның терісінің бір пұшпағын алып, одан қалқан сияқты бір бұйым жасады. Қайта атқа қондық. Грек әскерімен бетпе-бет келдік. Гректерден ер-тұрманы алтынмен апталған атқа мініп, қолына да алтынмен әбзелденген қару ұстап атой салған біреу мұсылмандарды қынадай қыра бастады. Әлгі Йемендік жолдасым тастың тасасына тығылып алып, ұрымтал соққымен әлгі грек сарбазының атының аяғын шауып түсірді. Омақасып құлаған грек сарбазын өлтіріп, аты мен қаруын иемденді. Аллаһ мұсылмандарға жеңіс нәсіп еткеннен кейін, Халид ибн Уәлид (р.а.) йемендік жауынгерге хабар жіберіп, өлген адамның заттарын алдыртты. Мұны естіген мен ешқайда бұрылмай, кідірмей, салып-ұрып Халидке бардым. «Халид! Аллаһ расулының өлтірілген адамның жеке бұйымдары өлтірген адамға тиесілі болатыны туралы үкімін білмейсің бе?» – дедім. Халид ибн Уәлид: «Иә, білемін. Алайда, бұлар өте құнды заттар және ол үшін көптік етеді», – деді. «Халид, не оларды әлгі адамның өзіне бересің, не болмаса Мәдинаға оралғанда, Аллаһ расулына бұл әрекетінді жеткізіп барамын», – дедім. Халид айтқаныма көнбеді. Мәдинаға оралғаннан кейін, әдеттегіінше, Расулаллаһқа не істеп, не қойғанымыз жайлы есеп бердік. Мен йемендік жол-

дасым мен Халидтің арасында болған жайтті айттым. Аллаһ расулы: «Халид! Сенің олай жасауыңа не себеп болды?» – деп сұрады. Халид: «Уа, Расулаллаһ! Өлген адамның заттары көп болатын, сондықтан да алып қойдым», – деді. Расулаллаһ: «Халид, алғандарыңды қайтарып бер», – деп бұйырды. Мен: «Халид, міне көрдің бе? Мен саған айтқан жоқпын ба?», – дедім. Аллаһ расулы: «Не болды?» – деп сұрағанда мен болған жайтты айттым. Аллаһ расулы ашуланып: «Халид, оларды қайтарып бермейсің. Қолбасшыларым мен менің арама килікпесендер болмай ма? Соғыстың қиындығын олар шегеді, ал қаймағын сендер жейсіңдер», – деді⁴¹⁵.

Амр ибн Ас (р.а.) пен Омар (р.а.) арасында болған оқиға

Абдуллаһ ибн Йәзид айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) Затус-Сәласил жорығына әскери жасақ аттандырды. Арасында Әбу Бәкір (р.а.) мен Омар (р.а.) бар еді. Баратын жерлеріне жақындағанда, Амр ибн Ас қасындағыларға от жақпауды бұйырады. Омар ашуланып, Амрдың қасына баруға оқталады, бірақ Әбу Бәкір (р.а.) жібермей: «Пайғамбарымыз оны соғыс тәсілін жақсы білетіндіктен, саған қолбасшы етіп қойды», – дейді. Әбу Бәкірдің осы сөзінен кейін Омар (р.а.) сабасына түседі»⁴¹⁶.

Қолбасшыны құрметтеу туралы Ияз ибн Ғунмның сөзі

Жубәйр ибн Нуфәйр айтады: «Ирак өлкесінен Дара бағындырылған кезде, Ияз ибн Ғунм әл-Әшғари

⁴¹⁵ Әбу Дәуіт, Сүнән 2/179 (2719)

⁴¹⁶ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 12/788 (35768)

Дараның әміршісін ұрған болатын. Хишам ибн Хаким Иязға барып, баршаның алдында адам ұрғаны үшін оған кейіп, көңіліндегі қыжылын білдіреді. Хишам бірнеше күннен кейін кешірім сұрауға Иязға барып жолығады, «Ей, Ияз! Сен Аллаһ расулының «Қиямет күні ең ауыр азапқа ұшырайтындар – дүниеде адамдарды қинап, азап шектіргендер» дегенін естімедің бе?» – дейді.

Сонда Ияз: «Ей, Хишам! Сенің естігенінді біз де естідік, сенің көргендерінді біз де көрдік, сен қатысқан сұхбаттарға біз де қатыстық. Бірақ сен Аллаһ расулының «Қандай адам болса да, қолбасшыға және ел басшысына ішкі қыжылын, наразылығын жұрттың алдында ашық айтпасын. Оңаша жерге барып айтсын. Сенің айтқаныңды жөн деп тапса, нұр үстіне нұр, ал өзінің міндетін қабылдамаса, өзінің дұрыс деп тапқанын жасайды» дегенін естімедің бе?

Уа, Хишам, басшыға осылай әрекет жасауға қалай батылың барады? Аллаһтың бұйрықтарына бағынған басшының сені өлтіріп, басшыға бағынбағандықтан өлтірілген адам болудан қорықпайсың ба?» – деді⁴¹⁷.

Хузайфаның әміршіге қару көтерудің қате екендігі туралы айтқаны

Зәйд ибн Уәхб айтады: «Халық Хузайфаның (р.а.) тұрғылықты елді мекенінің басшысына әлдебір мәселеге байланысты қарсы шығады. Хузайфа Мешіт Ағзамда отырғанда, біреу сапты бұзып, топты жарып, алға өтеді де, Хузайфаның қарсы алдына барып: «Ей, Аллаһ расулының сахабасы! Жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыймайсың ба сен?» – дейді. Хузайфа басын көтереді. Оның ойын түсінген еді.

⁴¹⁷ Хаким, Мүстәдрәк 3/329 (5269)

Оған: «Жақсылықты бұйырып, жамандықтан тыйған жақсы, әрине, алайда басшыға қарсы қару көтеру Аллаһ расулының сүннетінде жоқ нәрсе», – деп жауап береді»⁴¹⁸.

Әміршіге (басшыға) құрмет туралы тағы бір риуаят

Зияд ибн Кәсиб әл-Адауи айтады: «Абдуллаһ ибн Амир жұма құтбасын оқуға келерде, мейлінше жұқа киініп, шашын ретке келтіріп, үсті-басын қадағалайтын. Бір күні намазын оқып, үйіне кіреді. Сахаба Әбу Бәкра да мінбердің қасында отыр екен. Әбу Біләл Мирдас деген кісі: «Халықтың басшысына, әміршіге қарасандаршы! Жұқа киім киіп, пасықтарға ұқсағысы келеді», – дейді. Әбу Бәкра Мирдастың сөзін естіп, ұлына: «Әбу Біләлді маған шақырып кел», – дейді. Әбу Біләл келген соң Әбу Бәкра: «Жаңа басшымыз туралы айтқан сөздерінді естідім. Мен Расулаллаһтың «Кім басшысына құрмет көрсетсе, Аллаһ та оған жақсылық жасайды. Кім басшысын құрметтемесе, менсінбесе, Аллаһ оны масқара етеді» дегенін естіген едім», – дейді Пайғамбарымыздың өсиетімен ескерту жасап⁴¹⁹.

Тек заңды (шариғатқа сай) бұйрықтарда ғана қолбасшыға және басшыға бағыну

Алиден (р.а.) риуаят етілген: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) ансарлардан бір адамды әскерден жасаққа қолбасшы етіп тағайындады. Оларды шығарып салып тұрып, сарбаздарға қолбасшыларын тыңдап, олардың бұйрықтарына бағынуды қатаң ескертеді.

⁴¹⁸ Хайсами, Мәжмәуз-зәуәид 5/404 (91324)

⁴¹⁹ Бәйхаки, Сүнән 8/163 (16436)



Бірде сарбаздар қолбасшыларының өрескел қылығына еріксіз ашуланады. Ол: «Отын жинаңдар!» – дейді. Отын жинайды. «От жағыңдар!» – деп бұйырады. От та жағылады. Қолбасшы: «Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) сендерге мені тындап, маған бағынуды бұйырмады ма?» – деп сұрағанда, сарбаздар: «Иә, солай деді», – деп жауап береді. «Олай болса, отқа түсіндер», – дейді. Сарбаздар қағыс естідік пе дегендей бір-біріне қарап: «Біз онсыз да отқа (тозаққа) түспеу үшін, Аллаһ расулының қамқорлығына кірдік, оған иман келтірдік», – дейді. Біраздан кейін қолбасшының ашуы басылып, жанған от та сөнеді. Қайтып келген соң болған оқиғаны Пайғамбарымызға баяндайды. Аллаһ расулы: «Отқа түскенде, ақыретте де оттан шыға алмай қалатын еді. Басшылар мен қолбасшыларға тек заңды бұйрықтарда ғана бағыну керек», – дейді»⁴²⁰.

**Пайғамбарымыздың (с.а.с.) ел басшысына
бағыну және құрмет көрсету туралы Әбу
Зәrr Ғифариға (р.а.) айтқаны**

Әсма бинти Йәзид (р.а.) айтады: «Әбу Зәrr (р.а.) Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қызмет ететін еді, өз жұмысын бітірген соң мешітке баратын. Оның үйі мешіт болатын, әрдайым сол жерге түнейтін. Бір күні түнде Расулаллаһ мешітке кірген кезде, Әбу Зәrrдің мешіттің ішінде, жерде ұйықтап жатқанын көреді. Оны аяғынан түртіп оятады. Әбу Зәrr оянып, әдеп сақтап, дұрыстанып отырады. Расулаллаһ: «Неге сен әрдайым осында ұйықтайсың?» – деп сұрайды. «Уа, Расулаллаһ, енді қайда барып жатамын? Бұдан басқа барар жерім жоқ», – деп жауап береді ол. Аллаһ расулы Әбу Зәrrдің

⁴²⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/226

касына тізе бүгіп: «Сені мешіттен шығарып жіберсе, не істейсің?» – деп сұрайды. «Шамға барамын, өйткені Шам – хижрет аймағы, махшар орны және пайғамбарлар мекені. Сол жерлік боламын», – дейді. Расулаллаһ: «Сені Шамнан да шығарып жіберсе ше?» – дегенде, Әбу Зәһр: «Осы мешітке қайта ораламын», – дейді. «Ал екінші рет бұл жерден қуып шықса ше?» – дегенде «Қаруымды асынып, шейіт болғанша, жаумен шайқасамын», – дейді. Аллаһ расулы оның бұл жауабына күлімсіреп, қолын Әбу Зәһрдің иығына қойып, «Мен саған бұдан да жақсы бір жол көрсетейін бе? Сені қайда жіберсе де, басшыларды тыңдап, жіберген жеріне барасың. Маған қауышқанға дейін, осылайша сабырлылық танытасың», – дейді⁴²¹.

Тавустың риуаятында мынадай қосымша мәліметтер кездеседі: «Әбу Зәһр (р.а.) Рәбәзаға жіберіліп, ол сол жерде Османның бір қара құлымен кездеседі. Қара құл азан шақырып, қамат айтқаннан кейін Әбу Зәһрға: «Әй, Әбу Зәһр, сен имам бол», – дейді. Әбу Зәһр: «Жоқ, Аллаһ расулы маған қара құл болса да (басқарған адамға) бағынуды бұйырған болатын», – деп жауап береді. Сөйтіп құл имам болып, Әбу Зәһр оның артында тұрып намаз оқиды»⁴²².

Әміршіні құрметтеу туралы Омар (р.а.) мен Алқама (р.а.) арасында болған оқиға

Хасан Басри айтады: «Бір күні түннің ортасында Омар (р.а.) Алқама ибн Аласаны кезіктіріп калады. Халық Омардың сыртқы келбетін Халид ибн Уәлидке (р.а.) ұқсататын. Сондықтан да Алқама хазірет Омар-

⁴²¹ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 6/457 (27629)

⁴²² әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/950 (14376)

ды Халид ибн Уәлид деп ойлап: «Халид, Омар сені сараңдығы ұстап қызметіңнен алды-ау деймін. Көкемнің баласы екеуміз Омардан бір нәрсе сұрауға келген едік, сені қызметіңнен алғаны үшін одан ештеңе сұрамаймыз», – деді. Омар: «Айта бер, тағы қандай хабарларың бар?» – деп сұрайды. Алқама: «Бұған қоса, әрине, басшылардың да бізге жүктейтін міндеттері бар. Байқа, ағаттық жасап, оған қарсы шықпа, жарай ма? Біз міндетімізді орындайық, сыйымызды Аллаһ береді», – дейді. Таң атқан соң Омар Халид ибн Уәлидтен: «Алқама түнде саған не айтты?» – деп сұрайды. Халид: «Уаллаһи, ештеңе айтқан жоқ», – дейді. Омар: «Бұған ант етіп тұрсың ғой», – дейді. Сосын Омар дұрыс әрекеті үшін Алқамаға қажет еткен заттарын беріп сый-сияпат жасайды»⁴²³.

Ел басшысына бағыну туралы алапес әйелдің айтқандары

Ибн Әбу Мүләйка айтады: «Омар (р.а.) бір алапес әйелдің Қағбаны тауап еткенін көріп, оған «Ей, әйел, мына түріңмен халықтың кейпін қашырмай, үйінде отырсаң болмай ма?» – дейді. Осы ескертуден кейін дімкәс әйел үйінен қия басып шықпайтын болды. Біраз уақыт өткеннен кейін біреу сол әйелге барып: «Сыртқа шығуыңа тыйым салған адам өлді, енді сыртқа шыға беруіңе болады», – дейді. Сонда әлгі әйел «Көзі тірісінде бағынған адамыма өлгеннен кейін (аруағын аттап) қарсы шыға алмаймын», – деп жауап береді»⁴²⁴.

⁴²³ Ибн Хажар, әл-Исабә 4/557

⁴²⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 10/172 (28504)

12. БАСШЫЛАРДЫҢ БІР-БІРІМЕН ЫНТЫМАҚТА БОЛУЫ

**Амр ибн Ас (р.а.) пен Әбу Убәйда ибн
Жәррах (р.а.) арасында болған оқиға**

Уруа ибн Зубәйр айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) Құдаға тайпасынан Бәлий және Абдуллаһұлдары мен соларға жақындығы бар кейбір кудағалықтарды Амр ибн Астың қолбасшылығымен Шамның әсем өлкелерінің бірі Затус-Сәласилге жібереді. Бәлийұлдары Ас ибн Уаилдың нағашы ағалары болып келетін. Амр ол жерге барған соң, жаудың көптігінен сескеніп, Аллаһ расулына хабар жіберіп, көмек сұрайды. Пайғамбарымыз құрамында Әбу Бәкір мен Омар да бар, көбіне мұһажырлардан тұратын жамағатты Әбу Ұбайда ибн Жаррахтың қолбасшылығымен қосымша күш ретінде жібереді. Екі әлем Сардары жасақтаған жамағат айтқан жерге де келіп жетеді. Амр: «Сендердің қолбасшыларың менмін, өйткені Аллаһ расулына хабар жіберіп, сендерді көмекке мен шақырдым», – дейді. Мұһажырлар: «Жоқ, сен өз адамдарыңның қолбасшысысың. Мұһажырлардың қолбасшысы Әбу Ұбайда», — деп онымен келіспейді. Амр: «Жоқ, сендер менің шақыртуыммен келген қосымша күшсіңдер», — деп бой бермейді. Сонда ақылгөй Әбу Убайда: «Ей, Амр, мынаны жақсы білуің керек: Аллаһ расулының мені жіберіп тұрып айтқан ең соңғы сөзі мынау болатын: «Жолдасыңның қасына барғанда, бір-біріңмен ынтымақта болыңдар». Егер сен маған бағынбасаң, мен саған бағынайын», — деп, қолбасшылықты Амр ибн Асқа тапсырады»⁴²⁵.

⁴²⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/273

Ел басшысының халықтағы ақылары

Сәләма ибн Шихаб әл-Абди (р.а.) айтады: «Омар (р.а.) былай деген: «Ей, адамдар! Біздің сендерде ақыларымыз бар. Ол – біз жоқ кезде де сендердің бізге қолдау көрсетіп, жақсылық жолында көмектесулерің. Аллаһ құзырында ел басшысының биязылығы мен әдептілігінен асқан жақсы қасиет жоқ. Аллаһтың ең ұнатпайтыны – ел басшысының надан, тұрпайы болуы»⁴²⁶.

Басшының бетіне шындықты айтпаудың үкімі

Уруа (р.а.) айтады: «Абдуллаһ ибн Омарға барып: «Ей, Әбу Абдуррахман! Біз әрдайым басшыларымыздың қасынан табылып, олармен бірге жүріп-тұрамыз десек те болады. Алайда олар кейде ақиқатқа қайшы сөйлейді, соған қарамастан, біз оларды растап, олардың әділетсіз шешімдерін қолдаймыз, тіпті орынды екенін айтамыз. Бұған не дейсің?» – деп сұрадым. Ибн Омар: «Құлақ сал, бауырым! Сендер қалай қарайтындарыңды білмеймін, алайда біз Аллаһ расулының заманында мұндай әрекеттерді екіжүзділік деп санайтынбыз», – дейді⁴²⁷.

Шағби (р.а.) айтады: «Біз Ибн Омарға «Басшылардың алдына барғанда, солардың ыңғайына қарай сөйлеп, былай шыққан соң, сыртынан басқаша сайраймыз, бұған не дейсің?» – деп сұрадық. Ибн Омар: «Біз мұндай әрекеттерді Аллаһ расулының кезінде мұнафықтыққа жатқызатынбыз», – деп жауап берді»⁴²⁸.

⁴²⁶ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/936 (14334)

⁴²⁷ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 12/331 (13265)

⁴²⁸ Бәйхақи, Сүнән 8/164 (16438)

Басшылардың алдында бос сөз, бөстекі әңгіме айтудың және себепсіз күлудің орынсыздығы

Алқама ибн Уаққас (р.а.) айтады: «Белгілі бір тірлігі, кәсібі жоқ, жұмысқа қырсыз біреу басшылардың қасынан шықпай, оларды күлдіріп, алтын уақытын текке өткізіп, ертеңгі күнді кеш қылатын. Атам бірде оған: «Әй, құрып қалғыр, неге атақты адамдарды күлдіресің де жүресің? Мен Аллаһ расулының сахабаларының бірі Біләл ибн Харис әл-Мазәниден Расулаллаһтың былай дегенін естідім: «Құл Аллаһ ұнататын бір сөзді айтып қалады. Негізінде, ол бұл сөздің Аллаһ құзырындағы дәрежесін біле алмайды. Алайда, Аллаһ оның осы сөзіне қияметте разы болады. Десе де, адам кейде Аллаһтың азабына душар ететін сөздің аузынан қалай шығып кеткенін өзі де байқамай қалады немесе қайтер дейсің деп, атүсті қарап, мән бермейді. Ойланбай сөйлеген бұл сөзінің Аллаһ құзырында қандай мәнге ие болатынын білмейді. Аллаһ тағала сол сөзіне байланысты қиямет күні оған азап береді»⁴²⁹.

Әбу Хузайфаның басшылардың есігін жағалау туралы айтқаны

Бір күні Әбу Хузайфа (р.а.): «Адамды арандатып, адастыратын орындардан аулақ болыңдар!» – деді. Қасындағылар: «Ей, Әбу Абдуллаһ, бүлік орындары деп қандай орындарды айтар едің?» – деп сұрағанда, Әбу Хузайфа былай деп жауап береді: «Басшылардың «есіктерін» жағалау іріткі салатын орын болып табылады. Сендердің бірің басшының алдына барып, оны

⁴²⁹ Бәйхақи, Сүнән 8/165 (164442)

жөнсіз растап, орынсыз мақтаса, бұл нағыз бүлік, көлгірлік, әрі аярлық болып саналады».⁴³⁰

Бұл туралы Аббастың (р.а.) ұлы Абдуллаһқа айтқан насихаты

Ибн Аббас айтады: «Әкем маған «Балам, мүміндер әмірінің (Омар) саған айрықша ықыласы ауып, Аллаһ расулының сахабалары арасынан сенің пікіріңе ден қоятынын көріп жүрмін. Мыналарды есінде сақта: Аллаһтан қорық, өтірік айтпа, оның сырларын ешкімге сездірме және оның алдында ешкімді ғайбаттама!»⁴³¹

13. БАСШЫЛАРДЫҢ АЛДЫНДА АҚИҚАТТЫ АЙТУ, АЛЛАҒТЫҢ БҰЙРЫҚТАРЫНА ҚАЙШЫ ӘРЕКЕТТЕРІН ҚОЛДАМАУ

Омар(р.а.): «Алдында шындық айтылмаған басшыда қайыр жоқ»

Хасан Басри айтады: «Омар (р.а.) Үбей ибн Кағыбтың оқыған бір аятын қабылдамай, қарсы шыққанда, Үбей: «Ей, Омар! Сен Бақиде саудамен айналысып жүргенде мен мұны Аллаһ расулынан естігенмін», – дейді. Омар «Дұрыс айттың. Мен «Араларыңнан шындықты айтатын бір адам шыға ма екен?», – деп сендерді сынағым келген еді. Өйткені, алдында шындық айтылмаған басшыда және шындықты айтпаған басшыда қайыр жоқ», – деді»⁴³².

⁴³⁰ Әбу Нуайм, Хилия 1/277

⁴³¹ Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 10/265 (10619)

⁴³² әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/236 (36766)

**Бәшир ибн Сағымның Омарға ескертуі:
«Егер осылай жасайтын болсаң, оқты
қалай түзететін болсақ, сені де солай тезге
саламыз»**

Омар (р.а.) бір күні мұһажырлар мен ансарлардан тұратын үлкен жамағатпен әңгіме-дүкен құрып отырып: «Кей істерде кейбіреуіне ерекше қарап, оларға жеңілдік бергенімді көрсендер, не істер едіңдер?» – деп сұрайды. Ешкім жауап бермейді. Омар осы сұрағын екі-үш рет қайталайды. Сонда Бәшир ибн Сағым: «Егер олай жасайтын болсаң, оқты қалай түзететін болсақ, сені де солай тезге саламыз», – дейді. Омар сонда: «Міне, сонда ғана өз міндеттеріңді атқарған боласыңдар! Міне, сонда ғана міндеттеріңді атқарған боласыңдар!» – дейді⁴³³.

**Мұхаммед ибн Мәсламаның Омардың беті-
не айтқандары**

Мұса ибн Әбу Иса айтады: «Омар (р.а.) бірде Харисаұлдарының құдығына барады. Сол жерде Мұхаммед ибн Мәсләмамен (р.а.) жолығып қалады. Одан: «Мұхаммед, менің басшылығым қалай қарайсың?» – деп сұрайды.

Мұхаммед ибн Мәсләма: «Уаллаһи, сенің басшылығың бүкіл халықтың көңілінен шығады. Елдің бәрі саған жақсылық тілейді. Мысалы, сенің салық жинау мәселесінде үлкен табысқа қол жеткізгеніңді білемін. Сонымен қатар, қазынаның мүлкіне көз сүзбейсің, оны әділетті түрде таратасың. Егер туралықпен әділдіктен ауытқитын болсаң, оқты отқа қыздырып қалай түзететін болса, сені де солайша жөнге шақырып, жолға салуды білеміз», – дейді. Омар: «Яғни, сен маған

⁴³³ Бұхари, Тарихул-кәбир 2/98 (1825)

«Сен ақиқаттан ажырасаң, оқты қыздырып түзеткендей сені де түзетеміз дейсің ғой, солай ма? Әділдіктен тайсам, тура жолға салатын жамағатқа мені басшы еткен Аллаһқа мадақ», – дейді»⁴³⁴.

Муауияның өзіне қарсы шыққан бір адам туралы «Бұл адам маған рухани өмір сыйлады» деуі

Әбу Қубәйл айтады: «Муауия ибн Әбу Суфиян жұма күні мінберге шығып, сөзінің арасында былай дейді: «Мал – біздің малымыз, бейбіт келісім арқылы қолға түсірген олжалар да біздікі. Қалаған адамымызға береміз, қаламаған адамымызға бермейміз». Ешкім Муауияға қарсы ештеңе айтпайды. Екінші жұмада Муауия тағы да осылай дейді. Тағы да ешкім ештеңе демейді. Үшінші жұмада да осыны айтқан кезде, жамағаттан бір адам шығып: «Жоқ, олай емес! Мал – біздің малымыз, олжа – біздің олжамыз. Кім біздің ақымызға араласып, ақымызды бермейтін болса, оны қылыштың жүзімен Аллаһтың әділдігіне тапсырамыз!» – дейді. Муауия құтбадан түсіп, намаздан кейін өзінің бөлмесіне кіреді. Адам жіберіп, өзіне қарсы сөйлеген адамды шақыртады. Сонда жамағат: «Бұның шаруасы бітті», – деп ойлайды. Кейін халық оның Муауиямен тізе түйістіріп, бірге отырғанын көреді. Муауия ол жердегілерге: «Бұл адам маған туралықты көрсетті, маған рухани өмір сыйлады, Аллаһ та оған жар болсын. Мен Расулаллаһтың «Менен кейін бірталай басшы адамдар келеді, айтқан сөздеріне ешкім қарсы келмейді. Олар маймылдардың қақтығысып, соқтығысқаны секілді тозақ отында қақтығысып, соғысады» дегенін есті-

⁴³⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 12/786 (35763)

ген болатынымын. Мен бірінші жұмада әлгі сөздерді айтқанымда, ешкім қарсы шықпады. Мен Аллаһ расулы сипаттап кеткен сондай басшылардың бірімін бедеп уайымдадым. Екінші жұмада осылай дегенімде, тағы да ешкім үн қатпады. Үндемегендеріңе қарап, сол басшылардың бірі мен екенмін ғой деген ойға бекіп едім. Үшінші жұмада мына адам айтқан сөздеріме қарсы шығып, мені түзу жолына салды, көңілім жайланды. Аллаһ оған жар болсын», – дейді»⁴³⁵.

14. ХАЛЫҚТЫҢ БАСШЫЛАРҒА ҚОЯТЫН ТАЛАПТАРЫ

Омардың алдына келген кеңес мүшелерінен басшыларының әрекеттері туралы сұрауы

Омар (р.а.) өзінің алдына келген кеңес мүшелерінен басшылары туралы сұрайтын. Оларға: «Басшыларын науқас адамдардың көңілін сұрауға бара ма? Құлдар шақырса бара ма? Сендермен қатынасы қандай? Есігінің алдында адамдарды күттіріп қоя ма?» – деп сұрайтын. Осы сұрақтарының біріне теріс жауап алатын болса, халықтың көңілінен шықпаған басшыны дереу қызметінен шеттететін», – дейді Әсуад ибн Йәзид⁴³⁶.

Омардың өзі тағайындаған басшыларға беретін алғашқы нұсқауы

Асым ибн Әбу Нужуд айтады: «Омар (р.а.) басшыларды тағайындаған кезде, оларға асыл тұқымды жылқыға әуес болмауды, яғни арғымақ атқа мінбеуді, ақ ұннан әзірленген нан тағамын жемеуді, жұқа, тартымды

⁴³⁵ Табарани, эл-Муғжамул-кәбир 19/393 (925)

⁴³⁶ Бәйхақи, Сүнән 10/108 (20083)

киімдер кимеуді, есіктерін мұқтаж адамдарға әрдайым ашық ұстауды талап ететін және «Егер осылардың біріне бағынбасандар, қызметтен алынасыңдар» деп қатаң ескертетін. Оларды шығарып салып тұрып: «Мен сендерді мұсылмандарға өктемдік жасап, малын тартып алып, арын аяққа таптап, олардың өкпе-ренішіне қалсын деп тағайындаған жоқпын. Сендерді оларға намаз оқыту, бейбіт жолмен алынған олжаларды үлестіру, әділ үкім айту үшін жіберіп отырмын. Шешімі қиын мәселелер туындағанда, қандай жағдайда да оны маған жеткізіндер», – дейтін⁴³⁷.

Әбу Хузәйма ибн Сабит айтады: «Омар (р.а.) біреуді басшы етіп тағайындағанда, ансарлардан және біраз адамнан құралған жамағатты куә етіп: «Мен сені мойнына мұсылмандардың қанын жүктесін деп басшылық қызметке жіберіп отырған жоқпын», – дейтін»⁴³⁸.

Омардың басшылардың міндеттері туралы көзқарасы

Абдуррахман ибн Сабит жеткізеді: «Омар (р.а.) Саид ибн Амир әл-Жумәхиді өзіне шақыртып алады. Қасындағы көпшілікті көрсетіп: «Біз сені мына адамдарға басшы етіп тағайындаймыз, осылармен бірге жауға қарсы жиһадқа аттанасың», – дейді. Саид ибн Амир: «Уа, Омар, мені басшылық деген бәлеге араластырма», – десе де, Омар: «Уаллаһи, мен сен сияқтыларды тастамаймын. Халифалықты менің мойныма жүктейсіңдер де, сосын мені жалғыз қалдырасыңдар. Мынаны біл, өзінді басшы етіп жі-

⁴³⁷ Абдурраззақ, Мусаннаф 11/324 (20662)

⁴³⁸ Ибн Әбу Шәйба, Мусаннаф 6/461 (32920)

бергелі отырған қауымның ең ізгісі сен емессің. Сені олардың мал-мүлкін талан-таражға салып, арын таптау үшін жіберіп отырған жоқпын. Олармен бірігіп әрекет етуге, жауға қарсы жиһад жариялауға және олжаны араларыңда әділ үлестіруің үшін жіберіп отырмын», – дейді⁴³⁹.

Әбу Мұса әл-Әшғари (р.а.) өзі басшы боп барған шаһар халқына «Мүміндердің басшысы Омар (р.а.) мені сендерге Раббыларыңның кітабын және пайғамбарларыңның сүннетін үйрету, жолдарыңды тазалату үшін жіберді»⁴⁴⁰, – дейтін.

Басшының халықтан алыс болып, мүсәпір жандардың мұң-мұқтажына назар салма- уына қатысты Омардың Амр ибн Асқа жолдаған хаты

Әбу Тәмим әл-Жәйшани (р.а.) айтады: «Омар (р.а.) Амр ибн Асқа (р.а.) былай деп хат жазады: «Өзіңе мінбер жасатып алғаныңды естідім. Соған шығып, халықтың төбесінен қарайды екенсің. Сен түрегеп сөйлегенде, халықтың табаныңның астында болғаны саған жетпей ме? Саған сол мінберді қиратып, алып тастауды әмір етемін!»⁴⁴¹

Омардың Әбу Осман Ән-Нәхдиге де осы жайында жазған хаты

Әбу Осман (р.а.) айтады: «Біз Әзірбайжанда Омардан хат алдық. Хатта былай жазылған еді: «Ей, Утба ибн Фарқат! Қолыңдағы мүмкіндіктер сенің де, әкеңнің де, шешенің де еңбегінің жемісі емес. Өзің не

⁴³⁹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/887 (14203)

⁴⁴⁰ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/887 (14205)

⁴⁴¹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/937 (14337)

ішіп-жесең, мұсылмандар да соны пайдалануы керек. Ысырапшылыққа бармандар! Мүшріктердің киімдеріне әуес болудан және жібектен киім тіктіруден аулақ болыңдар!»⁴⁴²

Омардың Хумус басшысына кеюі

Уруа ибн Руәйм айтады: «Омар (р.а.) халықтың ойын білу, елдеріндегі жағдайды сұрау үшін қажылық кезінде қажылардың шатырын аралайтын. Бірде хумустықтарға жолығып, олардан: «Басшыларың қалай?» – деп сұрайды. «Басшымыз көңілімізден шығады, алайда биік үй салдырып, сонда тұрып жатыр», – дейді олар. Омар оған хат жазады. Шабарманға мұсылмандардың наразылығына себеп болған бөлмені барған бетте өртеуді бұйырады. Шабарман Хумуска жеткен бойда басшы тұрып жатқан үйдің есігін өртейді. Бұл турасында әкімге хабар жеткенде: «Маған алып келіндер, ол елшіні», – дейді. Елші хатты береді. Әкім хат қолына тиген бойда, көлігіне мініп, жолға шығады. Омар ол келгенде, «Артымнан ер» деп, зекетке берілген түйе түлігі тұрған жерге барады. Әкімге үстіндегі киімін түйе жүнінен тоқылған, арабтар киетін қалың желбегейге ауыстыруға әмір етеді. «Құдықтан қауға тартып, түйелерді суар», – дейді. Оның әмірін екі етпейді. Әлден уақытта қауға тартудан қары талып, әбден сілеп шаршайды. Омар (р.а.): «Қанша уақыт болды Хумусты басқарғаныңа?» – деп сұрайды. «Ей, мүміндердің әмірі, жаңадан сайландым», – дейді әкім. Омар: «Сол үшін бе зәулім сарай салдырып, кедей-пақырларға, жесірлер мен жетімдерге төбелерінен қарап жүргенің.

⁴⁴² Бәйхақи, Сүнән 3/269 (5875)

Енді қызметіңе кіріс, ендігәрі бұлай жасаушы болма!»
– дейді⁴⁴³.

15. БАСШЫЛАРДЫҢ ӘРДАЙЫМ ХАЛЫҚТЫҢ ОЙЫН БІЛУГЕ ТЫРЫСУЫ

Осы мәселе бойынша Омар мен Әбу Бәкірдің басынан өткен екі оқиға

Әбу Салих әл-Ғифари айтады: «Омар (р.а.) Мәдинаның шет аудандарының бірінде тұратын, көзі көрмейтін бір әйелге түн қараңғылығында суын тасып, азық-түлікпен қамтамасыз етіп, қарасып жүретін. Алайда әр барғанында басқа біреудің өзінен бұрын келіп, әйелге қолғабыс етіп кеткенін байқайды. Оның кім екенін білу үшін бірде ертерек келіп, қалтарыстан торуылдап тұрады. Қараса, Әбу Бәкір Сыддық екен. Бұны көргенде, Омар (р.а.): «Ант етемін, өзі де сенен басқа біреу болуы мүмкін емес еді», – дейді⁴⁴⁴.

әл-Әузаи айтады: Бірде түн қараңғылығында шығып, әлдеқайда бет алған Омарды (р.а.) көріп, Талха оның ізіне түседі. Омардың бір үйге кіргенін, сосын одан шығып, тағы бір үйге бас сұққанын байқайды. Ертеңгісін Талха (р.а.) Омардың түн жамылған бұл жұмбақ жүрісінің сырын білмек болып, сол үйлердің біріне соғады. Іштен көзі көрмейтін, орнынан тұра алмайтын кәрі кемпірді байқайды. Талха одан: «Түнде келген адам сіздікінде не бітіріп жүр?» – деп сұрайды. Ғаріп әйелдің жауабы Талханың күдік-күмәнін сейілтіп қана қоймай, еріксіз ойға қалдырады. Әйелдің жауабы мынау болатын: «Бірталайдан бері маған қарасып, ке-

⁴⁴³ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/937 (14339)

⁴⁴⁴ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 12/731 (35607)

регiмдi әкелiп, үйiмдi тазалап кетедi». Талха (р.а.) iшiнен «Аллаһ қайырын берсiн, Талха, Омардың айыбын iздеу сенiң мiндетiң бе едi?» – деп күбiрлейдi⁴⁴⁵.

Сыртқы әрекеттерiне қарап бағалау

Абдуллаһ ибн Утба ибн Мәсуд (р.а.) айтады: Омардың (р.а.) былай дегенiн естiген болатынмын: «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә салләм) көзi тiрi кезiнде адамдардың құпия-сырлары аяттар арқылы ашылатын. Өздерiң бiлесiңдер, уахи тоқтады, аят түспейтiндiктен, ендi бiз сендердi iстеген iстерiңе қарай бағалаймыз. Сөзi мен iсi бiр жерден шыққан адамды сенiмдi адам деп танимыз, әрi өзiмiзге жақын тұтамыз. Оның жан сарайына үңiлiп жатпаймыз, өйткенi оның iшкi дүниесi Аллаһқа аян, әрi Аллаһ алдында жауап бередi. Әрекетi ұнамсыз, қылығы жағымсыз адам қанша жерден ақталып, таза екенiн дәлелдеп, қара терге түссе де, бiз оның бiрде-бiр сөзiне сенбеймiз. Ондай адамға арамызда орын жоқ»⁴⁴⁶.

Ел басшысының өзi тағайындаған басшыларын бақылауы

Тауыс (р.а.) айтады: «Омар (р.а.) бiр күнi айналасындағыларға «Егер өзiм жақсы бiлетiн адамдарымның арасынан ең абзалын басшы етiп тағайындасам және оған сендерге мейлiнше әдiл қарауын тапсырсам, өздерiңе деген жауапкершiлiгiмнен құтыла аламын ба?» – дейдi. «Иә, сен өз мiндетiңдi мiнсiз атқарған боласың», – дейдi. Омар: «Жоқ, менiң әмiрiме құлақ асты ма, жоқ па деп оларды тексерiп,

⁴⁴⁵ Әбу Нуайм, Хилия 1/48

⁴⁴⁶ Бәйхақи, Сүнән 8/201 (16627)

қадағалап отырмайынша, міндетімді толық орындадым деп айта алмаймын», – дейді⁴⁴⁷.

Әскерлердің мезгіл сайын ауыстырылуы

Абдуллаһ ибн Кағб ибн Мәлік әл-Ансари айтады: Мұсылмандар «Иран шебінде қолбасшылары тағайындалған, ансарлардан жасақталған тұрақты әскер ұстады. Омар (р.а.) жыл сайын шегара аймағындағы әскердің орнына басқа жасақ жіберіп, олардың орнын ауыстырып отыратын. Алайда, бір жылы әскери жасақтардың орнын ауыстыруға мүмкіндік болмайды. Жоғарыдан пәрмен берілмесе де, шегара қызметіндегі мерзімі аяқталған әскери жасақ өздеріне сеніп тапсырылған аймақты тастап, кері қайтады. Омар әскер қолбасшысына ашуланады. Аллаһ расулының көзін көрген сахабалардан тұратын жасақты жазаға тартамын деп қаһарына мінеді. Олар: «Сен бізді ұмыттың. Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә салләм) әскердің орнын кезекпен ауыстырып тұру туралы нұсқауына бағынбадың», – дейді»⁴⁴⁸.

16. ЕЛ БАСШЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫ ҚАУІП-ҚАТЕРДЕН ҚОРҒАУЫ

Амуастан шыққан оба турасында Омар мен Әбу Убайда ибн Жәррах арасында болған оқиға

Әбу Мұса айтады: «Халифа Омар (р.а.) Шамдағы халықтың оба індетіне шалдыққанын естіп, Әбу Убайда ибн Жәррахқа былай деп хат жазады: «Сенімен

⁴⁴⁷ Бәйхақи, Сүнән 8/163 (16432)

⁴⁴⁸ Бәйхақи, Сүнән 9/29 (17627)



шұғыл кездесуім керек. Хатымды ала сала, жолға шық!
Бұйрықты орында!»

Әбу Убайда хат қолына тиісімен, «Халифаның мені неге шақыртқанын түсіндім. Ол ажалы анық тақаған адамды аман алып қалмақшы», – дейді де, былайша жауап хат жазады:

«Мен мұсылман қолын басқарамын, оларды тастап кете алмаймын, мен сарбаздармен бірге болайын. Не үшін шақыртқаныңды да түсіндім. Сен күні батуға айналған адамды ажал аузынан арашалап алып қалғың келеді. Әміріңнің күшін жой да, мені осы жерде қалдыр».

Омар (р.а.) Әбу Убайданың хатын оқыған соң, көз жасына ерік береді. Оның жылағанын секем алып, іш жиып қалған қасындағылар: «Әбу Убайда қайтыс болып па?» – деп сұрайды. «Жоқ, көретін жарығы әлі сөнбепті, бірақ оның күні тақау қалды, ол енді бізге жоқ», – дейді Омар.

Әбу Убайдаға екінші хатты жазады: «Йордания жері ылғалды, батпақты, оба тез тарайтын аймақ. Жабия – жері жақсы әрі індет ошағынан жырақ жатыр, мұһажырлармен бірге сол жерге бар, шегін». Әбу Убайда осы хатты оқығаннан кейін: «Енді мүміндердің әміршісіне бағынып, бұйрығын орындаймыз», – дейді.

Әбу Мұса айтады: «Әбу Убайда маған сарбаздарды Жабияға ертіп баруымды бұйырды. Дәл осы сәтті аңдып тұрғандай, қырсыққанда, аяқ астынан жұбайым індеттің тұзағына түсіп қалды. Жағдайымызды Әбу Убайдаға айттым. Ол бұл істі өзі қолға алды. Алайда, ол да оба індетінен аман қала алмады. Оның қазасынан кейін обаның беті қайта бастады.

Әбу Мүәжжих айтады: «Әбу Убайда басқарған сарбаздар саны шамамен отыз алты мыңның үстінде болды. Оның отыз мыңдайы обадан ажал тауып тек алты мыңы ғана аман қалды»⁴⁴⁹.

Мемлекет басшысының мейірімді болуы

Әбу Жафар (р.а.) айтады: «Әбу Усәйд Бахрейннен қолға түсірген тұтқындарды Пайғамбарымызға (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) алып келеді. Расулаллаһ тұтқындардың арасынан бір әйелдің жылап отырғанын байқап қалды. Одан:

– Неге жылайсың? – деп сұрайды.

Мына кісі баламды сатып жіберді, – дейді ол. Аллаһ расулы Әбу Усәйдтен:

Баласын шынымен саттың ба? – деп сұрайды.

Иә, – деп жауап береді Әбу Усәйд. Аллаһ расулы:

Кімге саттың? – деп сұрайды. Әбу Усәйд:

– Аббасұлдарына саттым, – деп жауап береді.

Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм)

– Сен дереу мына әйелдің баласын алып кел, – дейді⁴⁵⁰.

Әбу Осман Ән-Нәхди айтады: «Омар (р.а.) Бәни Әсед тайпасынан біреуді әлдебір қызметке тағайындаған болатын. Ол өзінің қызметін растайтын ресми құжатты алу үшін, Омарға келеді. Осы кезде балаларының бірі Омардың қасына келеді. Омар баласын айналып-толғанып, маңдайынан иіскеп, бетінен сүйеді. Кенет алдына келген әлгі адам: «Ей, мүміндердің әміршісі! Сен балаңды еркелеттің, аймалап сүйдің. Ал мен өмірімде баланы сүйіп көрмеппін», – дейді өзінің

⁴⁴⁹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 4/918 (11749)

⁴⁵⁰ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 4/313 (10044)



бұл қылығын мақтан тұтқандай. Омар: «Олай болса, сенің адамдарға да мейірімнің аз болғаны, сені тағайындау туралы бұйрығымның күшін жоямын. Бұдан былай сен менің қызметкерім бола алмайсың», – дейді. Ол сөзге келместен, өзінің қызметке тағайындау жөніндегі тасқа басылған бұйрықты қайтарып береді⁴⁵¹. Басқа бір риуаят бойынша, Омар оған: «Сенің мейірімсіздігіне мен кінәлімін бе? Аллаһ тек мейірімді құлдарына ғана мейірімділік танытады. Туған балаң ішің жылымаса, аузыңа қараған қара халыққа қалай мейірім көрсетпексің?» – деп оны қызметінен босатады⁴⁵².

17. РАСУЛАЛЛАҢ ПЕН САХАБАЛАРДЫҢ ӘДІЛДІГІ

Пайғамбарымыздың әділдігі

Уруа айтады: «Мекке бағындырылған жылы Бәни Махзум тайпасында бір әйелдің ұрлық жасағаны белгілі болады. Ұрлыққа барған келіншектің тайпасы дереу осыған байланысты Усама ибн Зәйдке қолқа салып, оған Пайғамбарымызға барып әйелді босатып алуын өтінеді. Усама бұл жағдайды Пайғамбарымызға айтқанда, екі әлем Сардарының түрі өзгеріп кетеді. «Уа, Усама! Сен Аллаһтың белгілеген жазаларын кешіруді менен қалай сұрап тұрсың?» – деп ашуланады. Усама: «Мені кешіріңіз және мен үшін Аллаһтан кешірім сұраңыз, уа, Аллаһтың расулы!» – дейді. Кешқұрым Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә салләм) Аллаһқа түрлі сипатарымен мақтау айтып, мадақ білдіргеннен кейін, былай дейді: «Сен-

⁴⁵¹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/933 (14336)

⁴⁵² әл-Хинди, Кәнзул-уммал 16/817 (45949)



дерден бұрынғылардың түбіне жеткен әдеттердің бірі: араларындағы беделді, текті адам ұрлыққа барса, оны босатып қоя беретін. Ал арқа сүйер ешкімі жоқ пақыр біреу ұрлыққа барса, оны міндетті түрде жазаға тарта-тын. Аллаһқа ант етемін, егер Мұхаммедтің қызы Фа-тима ұрлық үстінде ұсталса немесе ұрлыққа барғаны дәлелденсе, оның да сазайын берер едім».

Расулаллаһ осыны айтып, қылмыскер әйелдің үкімін шығарады. Жазасын алған әйел тәубеге келіп, көп ұзамай тұрмысқа шықты. Айша айтады: «Ол әйел маған келіп-кетіп жүретін. Мен оның неге мұқтаж екенін Расулаллаһқа жасырмай айтатынмын»⁴⁵³.

Осы мәселе бойынша Әбу Қатада туралы риуаят

Әбу Қатада (р.а.) айтады: «Хунейнге Пайғамбарымызбен бірге жорыққа шықтық. Жол-да мүшріктермен кездесіп қалдық. Мұсылмандар кері шегініп, бет-бетіне тарай бастады. Осы ұрымтал тұсты ұтымды пайдаланып қалғысы келген бір мүшрік әлдебір мұсылманның үстіне шығып алып, оның ту сыртынан бас-көзге төмпештеп жатқанын көрдім. Де-реу мүшріктің арқасына қылыш сілтеп, сауытын қақ айырдым. Ол әбжілдік танытып қапсыра құшақтап менің өзіме ұмтылды. Мені қышқыштай қысқаны соншалық – демім үзілетін шығар деп ойладым. Алай-да, көретін жарығым бар екен, оның өзі өліп, мен аман қалдым. Жүгіріп отырып Омарға бардым. «Адамдарға не болған?» – деп сұрап едім, «Аллаһтың қалауы», – деп жауап берді ол. Осыдан соң тарыдай шашылып, талқаны таусыла жаздаған мұсылман әскері жұдырықтай

⁴⁵³ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/318

жұмылып, жаңа күшпен шабуылға шығып, жеңіске қол жеткізді. Шайқастан кейін Пайғамбарымыз: «Кім жауын жер жастандырса және өзінің бұл ерлігін байқаған куәгері болса, сол өлген адамның бұйымдары оған тиесілі», – дейді. Мен орнымнан тұрып: «Кім маған куәгер болады?» – деп сұрадым. Ешкім үндей қоймаған соң, қайта отырдым. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) осы сөзін бір емес, үш мәрте қайталады. Әрбірінде мен де түрегеп: «Кім маған куәгер болады?» – деп сұраумен болдым. Тағы бір түрегелгенімде, Пайғамбарымыз (с.а.с.) «Әй, Әбу Қатада, сен не айтпақсың?» – деді. Мен болған жайтты айтып бердім. Арамыздан біреу: «Әбу Қатада дұрыс айтады, ол өлтірген мүшріктің заттары менде. Менің атымнан оның ризалығын ал», – дейді. Сол кезде Әбу Бәкір сөзге араласып: «Жоқ, болмайды. Егер Аллаһ расулы сол өлген адамның заттарын саған берсе, Аллаһ пен расулының жолында соғысқан мүжаһидтің көпе-көрнеу ақысын жеген болады», – деді. Пайғамбарымыз: «Әбу Бәкір дұрыс айтады. Өлген адамның заттарын Әбу Қатадаға беруің керек», – дейді. Ол сөзге келген жоқ. Мен оларға Бәни Сәләма жерінен бір құрма бауын сатып алдым. Ислам дініне кіргеннен кейінгі алғашқы меншігім осы құрма бауы болды»⁴⁵⁴.

Абдуллаһ ибн Әбу Хадрет пен бір яһуди арасында болған оқиға

Абдуллаһ ибн Әбу Хадрет әл-Әсләми (р.а.) айтады: «Бір яһудиге төрт дирхам қарыз болатынымын. Ол менің үстімнен Пайғамбарымызға (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) шағымданып: «Уа, Мұхаммед, мына адамда төрт дирхам алашағым бар еді, бермейді, маған көмектес», –

⁴⁵⁴ Бұхари, Сахих 4/1570 (4066)

дейді. Расулаллаһ: «Оның ақысын бер», – деді. Мен: «Сені хақ дінмен жіберушіге ант етемін, дәл қазір төрт дирхамды төлейтіндей шамам жоқ», – дедім. Аллаһ расулы: «Оның ақысын бер», – деді. Мен: «Жанымды уысымда ұстаған Аллаһқа ант етемін, төлейтін шамам жоқ. Сіздің бізді Хайбарға аттандыратыныңыздан сол жерде сарбаздарға үлестіретін олжадан мені де құр қалдырмайтыныңызға үміттенемін, Хайбардан қайтқан соң қайтарып берейін қарызын», – дедім. Аллаһ расулы үшінші рет: «Оның ақысын бер», – деді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм) не нәрсені үш рет қайталаса, мәселе сонымен жабылатын. Хадисті жеткізуші айтады: «Содан Абдуллаһ басына сәлдесін орап, шапанын киіп базарға шықты. Сәлдесін шешіп, беліне байлады. Шапанын шешіп, ізінен еріп келе жатқан яһудиге «Қаласаң, қарызымның орнына осы шапанымды берейін», – дейді. Яһуди келіседі. Сол кезде егде тартқан бір әйел Абдуллаһқа «Ей, Аллаһ расулының досы, саған не болған?» – деп сұрайды. Ол болған жағдайды айтады. Әйел өзінің шапанын Абдуллаһтың иығына жабады⁴⁵⁵.

Ансарлардан екі адам арасында болған оқиға

Үммі Сәләма (р.а.) айтады: Ансар тобынан екі адам мұрагерлікке қатысты мәселе бойынша дауласып, Аллаһ Расулының төрелігіне жүгінеді. Арада ұзақ уақыт өтіп былайғы жұрттың жадынан өшкендіктен, екеуінің де куәге тартатын адамдары жоқ болғандықтан, Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уәсәлләм): «Сендер менің алдымда өзара дауласып, өздеріңе

⁴⁵⁵ Ибн Хажар, әл-Исабә 2/295

шаң жуытар емессіңдер. Мен белгілі уахи түспеген мәселелерде тек өзімнің пікіріме сүйенемін. Сол себепті, кімнің дәлелін қуатты деп тапсам, соның пайдасына үкім айтуым мүмкін. Алайда шынтуайтында, құқы жоқ адам оны алмасын. Өйткені, мұндай жағдайда мен оны тозақтың отына салған болып шығамын. Бауырының ақысын жеген адам қиямет күні осы от мойнына артылған күйі тірілтіледі», – деді. Пайғамбарымыздың мына сөзінен кейін олар өздерінің қандай қатерге бет алғанын түсініп: «Уа, Расулаллаһ, ақымды кештім», – деп жылап қоя берді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Олай болса, барыңдар да кімдікі дұрыс екенін жақсылап анықтаңдар, болмаса, жеребе тастаңдар. Бір-біріңді кешіріңдер», – деп ақыл айтады⁴⁵⁶.

Бәдәуидің басынан кешкені

Әбу Саид (р.а.) айтады: «Бір бәдәуи Пайғамбарымыздан (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) алған қарызын қайтаруды сұрайды. Тіпті «Дереу қарызыңды төле» деп кіжіне сөйлеп, әдепсіздік танытады. Сахабалар оған: «Сен кіммен сөйлесіп тұрғаныңды білесің бе? Қандай адамсың сен?!» – деп ашуланады. Ол: «Мен өз ақымды талап етіп тұрмын», – деп табандап тұрып алады. Сонда Аллаһ расулы (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Сендер қайта ақысын талап етушіні жақтауларың керек емес пе?» – дейді. Сосын Хаула бинти Кайсқа: «Сенде құрма болса, қарызға бере тұр, реті келгенде саған қайтарамыз», – деп хабар жібереді. Хаула: «Сенің жолыңда жаным құрбан, құрма бар», – деп, сұрағанын беріп жібереді. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) бәдәуиге қарызын беріп, ауқаттандырды. Ішіне ел қонып, көңілі көтерілген

⁴⁵⁶ Ахмад ибн Ханбәл, Мүснәд 6/320 (26760)

бәдәуи: «Сен қарызыңды толық өтедің, Аллаһ саған жар болсын», – дейді. Осы оқиғадан соң Аллаһ расулы: «Қарызынан құтылғандар – адамдардың ең абзалы. Араларындағы әлсіздердің алашағы мен ақысы желінген, есесі кеткен қоғам таза қоғам болып саналмайды», – дейді⁴⁵⁷.

Хазірет Әбу Бәкірдің әділдігі

Абдуллаһ ибн Амр ибн Ас (р.а.) айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) жұма күні жамағатқа: «Ертең таңертең зекетке берілген түйелерді әкеліңдер, бөліске салайық. Алайда, ешкім рұқсатсыз біз отырған жерге кірмесін», – дейді. Содан бір әйел күйеуіне: «Мына ноктаны ал, бәлкім Аллаһ бізге біреуін нәсіп етер», – дейді. Әйелінің жөн сілтеуімен ноктасын алып шыққан адам айтқан жерге жеткенде, Әбу Бәкір мен Омар түйелер қамалған ашық қораға кіреді. Ол да арттарынан қалмайды. Әбу Бәкір: «Саған бұл жерге кіруге кім рұқсат берді?» – деп, қолындағы ноктасын алып, оны тартып жібереді. Түйелерді бөліске салып жатқанда, Әбу Бәкір амалсыздан қол жұмсауына тура келген адамды шақырып, ноктасын береді де «Қалаған түйенді алып кет», – дейді. Омар: «Жоқ, болмайды, ей, Әбу Бәкір! Адамдар тәртіпке бағынбай, жаман әдет алып кетеді», – дейді. Мұсылмандардың алғашқы халифасы: «Мен бұл адамды орынсыз ұрдым, мені қиямет күні Аллаһтың азабынан кім құтқарады?» – дейді. Сонда Омар: «Олай болса, оның көңілін аулап, ырза қыл», – дейді. Осыдан соң Әбу Бәкір құлына керек-жарағымен қоса бір түйе,

⁴⁵⁷ Мүнзири, әт-Тәрғиб 2/380 (2800)



барқыт мата және бес динар алдыртып, зекет малынан дәметкен адамдарға тарту етіп, ризалығын алады⁴⁵⁸.

Хазірет Омардың әділдігі

Шаби айтады: «Омар (р.а.) мен Үбәй ибн Кағб әлдебір мәселеде бір-бірімен келіспей қалады. Омар: «Бұл мәселені шешу үшін қазының төрелігіне жүгінейік», – дейді, Олар Зәйд ибн Сабитке баратын болып келіседі. Омар: «Бізге төрелігін айтсын деп саған келдік», – дейді. Ол кезде таласып-тартысып қалған адамдар дауды шешу үшін қазының үйіне баратын. Зәйд төрге көпшік тастап: «Ей, мүміндердің әмірі! Мына жерге отыр», – дейді. Сонда Омар: «Сен менің лауазымыма қарап, төрден орын беріп, әділетсіздікке бардың. Мен қарсыласымның қасына отырамын», – деп, Үбәй ибн Кағбпен тізе түйістіріп отырады.

Алдымен сөзді Үбәй ибн Кағб бастайды. Омар оның уәжіне қарсылық білдіреді. Ислам шарифаты бойынша, дауласып қалғанда, қарсылық білдірген кісіге ант айтқызылуы тиіс. Зәйд Убейге «Мүміндердің басшысына бұл рәсімді орындатпай-ақ қояйық», – десе де, Омар ант етіп, сөзін былай түйіндеді: «Омар мен қатардағы басқа мұсылманды тең көрмейінше, кісі дауын шешуге Зәйдтің хақысы жоқ. Адамдарды алалауын қоймайынша, Зәйд ешкімнің дауын қарай алмайды»⁴⁵⁹.

Мешіт Нәбәуи кеңейтілген кезде, Аббас пен Омар арасында болған әңгіме

Зәйд ибн Әсләм (р.а.) айтады: «Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) көкесі Аббастың

⁴⁵⁸ Бәйхақи, Сүнән 8/49 (15804)

⁴⁵⁹ Бәйхақи, Сүнән 10/144 (20297)

Мешіт Нәбәуидің дәл жанында бір баспанасы болатын. Омар мешіттің орнын кеңейтуді жөн көреді. Осы ниетпен Аббасқа барып: «Баспананды маған сат» деп ұсыныс білдіреді. Аббас келіспейді. Омар: «Сатқын келмесе, онда сыйла», – дейді. Аббас бұл ұсынысты да қабылдамайды. Омар: «Олай болса, сен өзің тындыр осы шаруаны», – дейді. Аббас (р.а.) бұған да келіспейді. Омар: «Басқа амалың жоқ, сен осы ұсыныстардың біріне міндетті түрде келісімінді бересің», – дейді. Аббас (р.а.) оған да көңіл аудармайды. Сонда Омар: «Арамызда төрелік айтатын адамды өзің таңда», – дейді. Аббас Убәй ибн Кағбты ұсынады. Убәй ибн Кағб Омарға: «Оның келісімін алмайынша, оны үйінен шығара алмайсың», – дейді. Омар: «Бұл үкімді неге сүйеніп шығардың? Аллаһтың кітабына ма, әлде пайғамбардың сүннетіне ме?» – деп сұрайды. Убәй ибн Кағб: «Расулаллаһтың сүннетіне сүйендім», – дейді. Омар: «Қай сүннетіне?» – деп нақтырақ сұрағанда, Убәй: «Мен Пайғамбарымыздың (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) «Дәуіттің ұлы Сүлеймен (екеуіне де Аллаһтың рақымы жаусын) Бәйтул-Мақдисті салдырып жатқанда, тұрғызған қабырғасының ертеңіне құлап жатқанын көретін. Хак тағала оған «Мүлік иесінің ризалығын алмастан, оның жеріне қол сұқпа» деп уахи жібереді». Убәй осы хадисті келтіргеннен кейін, Омар Аббасты өз жөніне жібереді. Әйтсе де Аббас келісімін беріп, баспанасын тегін-ақ бағыштайды. Мешіт осылайша кеңейтілген болатын»⁴⁶⁰.

⁴⁶⁰ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 8/532 (23095)

Халифа Омардың өз ұлы Абдуррахманды жазаға тартуы

Ибн Омар (р.а.) айтады: «Омардың халифалығы кезінде - Бауырым Абдуррахманмен бірге Әбу Сәруэа деген атпен танылған Уқба ибн Харис Мысырда бір күні ішімдік ішіп, мас болады. Ертеңіне Мысыр әмірі Амр ибн Астың алдына барып: «Діннің үкімі бойынша бізді жазалап, күнәмізді жуып-шаюға әмір бер, өйткені біз ішімдік ішіп, мас болдық», – дейді. Бауырым Абдуррахман мас болғанша ішімдік ішкенін маған да айтқан болатын. Мен оған шарифаттың жазасын қолданып, күнәсінен арылтуды ойладым. Алайда, олардың Амр ибн Асқа барғанын білмеген едім. Кейін олар Амр ибн Асқа жолыққандарын айтты. Оған: «Шашыңды ел-жұрттың көзінше алдырма, үйге кір», – дедім. Өйткені, шарифат жазасы қолданылар алдында күнәһардың шашы да тықырлап алынатын. Мен өз қолыммен бауырымның шашын алдым. Сосын Амр ибн Ас оларға шарифат жазасын қолданды.

Біраз уақыт өткеннен кейін Омар болған жайды естіп-біліп, Амр ибн Асқа «Абдуррахманды жүк артылған түйеге мінгізіп, маған аттандыр» деп хабар жібереді. Ақыры не керек, Халифа да Абдуррахманды шарифат негізінде жазалайды. Содан соң оны Мысырға жібереді. Бауырым осыдан соң, бір айдай тың жүрген еді. Алайда, кенеттен ана дүниеге аттанады. Халық оны Омар қолданған жазадан қайтыс болды деп ойлады, алайда бұл шындыққа жанаспайды. Ол өз ажалымен жан тапсырды. Ең бастысы, мен оның күнәсін ана дүниеге арқалап кетпегеніне іштей қуандым»⁴⁶¹.

⁴⁶¹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 12/874 (36014)

Хазірет Омар және жесір әйел

Хасан Басри айтады: «Бір жесір әйелді біраз еркектің айналсоқтап жүргені Омарға ұнамайды. Ол әйелге хабар жіберіп, өзіне шақыртады. Әйелге шақырту хабары келгенде, ол: «Апыр-ай, Омар мені неге шақырды екен?» – деп қатты қобалжиды. Халифаның әміріне қарсы тұра алмайды, не де болса баруға тас-түйін бекінеді. Жолда уайымнан еңсесі езіліп қатты қорыққаннан, оны кенет толғақ қысады. Тұсынан өтіп бара жатқан үйге кіреді, кіруін кіргенмен ішіндегі баласы түсіп қалады. Бала бір-екі рет інгәлап дыбыс шығарады да, шетінеп кетеді. Омар (р.а.) бұл шетін жағдайға байланысты Пайғамбарымыздың алдыңғы қатарлы сахабаларымен ақылдасады. Олардың бірталайы: «Әліптің артын бағайық. Бұған сен кінәлі емессің. Сен басқарушысың, адамдарды тәрбиелеу де сенің міндетің», – дейді. Али үндемейді. Омар оған: «Уа, Али, сен не айтасың?» – дегенде, Али: «Әркім өз пікірін білдіріп жатыр, алайда мен олардың ойларына қосылмаймын. Сондай-ақ, олар сенің ыңғайыңа жығылып, осылай десе, саған дұрыс жол сілтеді, қайырлысын ұсынды дей алмаймын. Менің пікірім: Ол баланың қаны сенің мойнында. Өйткені, әйелді сен қорқыттың және ол баласын сенің кесіріңнен түсіріп алды», – дейді.

Омар (р.а.) баланың құнын Құрайыштың мойнына жүктеу, әрі оның құнын өтеу үшін әркімге жүктелетін үлестің мөлшерін белгілеу жөнінде Алиге (р.а.) тапсырма береді. Өйткені, кісі өліміне әкеп соқтырған бұл жағдай қателіктен орын алған еді. Сол себептен құн осы қайғылы жағдайға себеп болған адамның тайпасына жүктелді⁴⁶².

⁴⁶² әл-Хинди, Кэнзул-уммал 15/146 (40201)



Омардың қажылыққа келгендерге олардың әкімдері туралы айтқандары

Ата (р.а.) айтады: «Омар (р.а.) өзінің тағайындаған әкімдеріне қажылық маусымында өзіне келуді бұйыратын және халық жиналған кезде, халыққа былай дейтін: «Уа, халайық! Мен әкімдерді сендерді қорласын, мал-мүліктеріңді талан-таражға салсын, намыстарыңды таптасын деп жіберген жоқпын. Оларды бірлік пен тәртіп орнатуға, олжаларды әділ бөліске салу үшін жібердім. Бұған қайшы әрекет жасаған әкім бар болса, айтыңдар!»

Бір жылы Омар халықты жинап, олардан әкімдеріне өкпе-реніштерінің бар-жоқтығын сұрайды. Сонда біреу: «Ей, мүміндердің әмірі, сен тағайындаған пәленше деген әкімнің маған қамшымен жүз дүре соқты», – дейді. Үстінен шағым айтылған әкімге Омар: «Оны неге ұрдың?» – деп кейиді. Жәбір көрген адамға: «Тұр да, ақынды ал», – дейді. Омар осылай бұйырғаннан кейін, Амр ибн Ас тұрып: «Ей, мүміндердің әміршісі, егер бұған жол беретін болсаң, арыз-шағымның астында қаласың. Бұл сенен кейінгілерге үлгі болып, әдетке айналады», – дейді. Омар: «Аллаһ расулының өзі біреудің ақысын адал ету үшін өзін аямағанын көре тұра, қалайша бұған көз жұма қарайын?» – дейді. Амр: «Олай болса, ол адамды бізге бер, біз оның тілегін қанағаттандырамыз», – дейді. Омар: «Мұныға келісуге болады», – дейді. Сөйтіп, олар әр дүре үшін ақша беріп, екі жүз динармен шағымданушының ризалығын алды⁴⁶³.

⁴⁶³ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 12/872 (36007)

Амр ибн Астың ұлы мен мысырлық тұрғын арасындағы оқиға

Әнәс (р.а.) айтады: «Бірде Мысырдың бір тұрғыны Омарға (р.а.): «Уа, мүміндердің әміршісі, мен зұлымдықтан қашып, сені паналауға келдім», – дейді. Омар: «Сен өзіңе қорған болатын адамды дәл таптың», – дейді. Бейтаныс жігіт: «Амр ибн Астың ұлы екеуміз жарысқан едік. Мен одан озып кеттім. Алайда, Амр ибн Астың ұлы «Мен текті әулеттің текті ұлымын» деп мені сабады», – дейді. Омар дереу Амр ибн Асқа баласын өзімен бірге ертіп, Мәдинаға келуді бұйырып, хат жазады. Айтқан уақытта Амр мен ұлы Халифаның қабылдауына кіреді. Омар мысырлық тұрғынға: «Қолыңа шыбықты ал, сені қалай сабаса, сен де солай саба», – дейді. Мысырлық Халифаның әмірін екі етпейді. Омар: «Оның әке-шешесі басқалардан ешқандай да артық емес, баласын аяма», – дейді. Аллаһқа ант етемін, мысырлық жігіт Амрдың ұлын айызы қанғанша сабады, шынын айту керек, бұған біздің қыбымыз қанды. Біз оған: «Жетер», – дегенімізге дейін тоқтамады. Сосын Омар (р.а.) мысырлыққа: «Амрдан да ақынды ал», – дейді. Мысырлық: «Мені әкесі емес, баласы ұрды. Мен баласынан ақымды алдым. Осы жеткілікті», – деді. Халифа Амрға: «Аналарынан азат боп туған адамдарды сендердің құлға айналдыруға қандай хақыларың бар?» – деп шүйлігеді. Амр ибн Ас (р.а.): «Уа, мүміндердің әміршісі, бұдан менің хабарым жоқ, ол маған келіп айтқан жоқ», – дейді»⁴⁶⁴.

⁴⁶⁴ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 12/873 (36010)

Хазірет Омардың Бахрейн әкімін айыптауы

Йәзид ибн Әбу Мансур айтады: «Бахрейн әкімі Ибн Жаруд мұсылмандардың дұшпанымен хат алысқаны немесе жауды паналау ниеті болғаны үшін Әдирияс деген адамның басын алған еді. Соңғы санаулы уақыттарында ол: «Уа, Омар қайдасың? Уа, Омар жете гөр!» – деп жан даусы шыға айқайлап, Омардың әділеттігін еске салмақ болған-ды. Омар мұны естіп, Бахрейн әкіміне хат жазып, оны Мәдинаға шақыртып алады. Омар әлі демін баспаған әкімді келген бойда таяқтың астына алды. Бір жағынан «Міне, Әдирияс, міне, Әдирияс!» деп сөйлеумен болды. Әкім: «Уа, мүміндердің әміршісі! Ол мұсылмандардың құпиясын дұшпанымызға жеткізбекші еді, әрі соларға қосылуды қалаған болатын», – дейді. Омар: «Демек, сен оны «өйтпекші, бүйтпекші», – болғаны үшін өлтірдің, солай ма? Исламды алғаш қабылдаған уақыттарымызда күнә жасауды арамызда кім қаламады дейсің? Егер әкімді өлтіру әдетке айналып кетеді деп қорықпағанда, сені осы тұрған жерінде мүрдем кетіретін едім», – дейді.⁴⁶⁵

Осы мәселеге байланысты Зәйд ибн Уәхбтің оқиғасы

Бірде Омар (р.а.) қолын құлағына қойып тұрып: «Иә, мен осындамын! Иә, мен осындамын», – деп айқайлап сыртқа атып шығады. Қасындағылар: «Омарға не болған?» – деп бір-бірінен тандана сұрайды. Омардың серіктерінің бірі мұның мәнісін былай түсіндіреді: «Ол бір қолбасшысынан жайсыз хабар алды: Ислам қолы бір өзеннен өте алмай қалыпты, кеме де табылмаған.

⁴⁶⁵ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 15/135 (40168)

Қолбасшы: «Бізге өзеннің тереңдігін білетін біреуді табындар», – деп сәлем айтып жіберіпті, олар бір қарт адамды аттандырады. Қас қылғанда күн суытып кетеді. Қарт адамның «Мен суықтан қорқамын» деп тартынғанына қарамастан, қолбасшы оны мәжбүрлеп өзенге түсіріпті. Қарт кісі суыққа шыдай алмай: «Уа, Омар қайдасың?» – деп айқайлаған күйі тұншығып өліпті. Омар мұны естіп, қолбасшыға Мәдинаға келуді бұйырып, хат жазады. Қолбасшы келуін келгенмен, алайда Омар оған көз қиығын да салмайды. Оның біреуге ашуланғанда солай істейтін әдеті. Бұл бірнеше күнге созылады. Ақыры, «Оны неге өлтірдің?» – деп сұрайды қолбасшыдан. «Ей, мүміндердің әміршісі, оны өлтіргім келген жоқ. Өткел таба алмаған соң, судың тереңдігін байқап көргіміз келді. Судан өткен соң мынадай-мынадай жерлерді бағындырдық», – дейді. Омар: «Мен үшін сенің жеткен жетістіктерің мен жеңістеріңнен бір мұсылманның өмірі әлдеқайда маңызды. Егер әдетке айналып кетеді деп қорықпағанымда, сенің басыңды алар едім. Қане, бар да өлген адамның жақындарына құн төле. Бұл жерден кет, сені енді көрмейтін болайын», – дейді⁴⁶⁶.

Әбу Мұса әл-Әшғари мен бір адамның арасындағы оқиға

Жәрир (р.а.) айтады: Әбу Мұса әл-Әшғари (р.а.) басқарған әскер әжептәуір олжа түсірген болатын. Әбу Мұса олжаларды үлестірген кезде, бір адамға басқаларға қарағанда кем беріп қояды. Ол өзіне тиесілі үлесті толық беруін талап етіп қоймаған соң, Әбу Мұса оған жиырма дүре соқтырып, шашын алдырып тастай-

⁴⁶⁶ Бәйхақи, Сүнән 8/322 (17333)

ды. Ол шашын жинап алып, Омарға (р.а.) тартады. Келген бетте шашын Омардың алдына қояды. Омар мұның мәнісін сұрайды. Келген адам болған жайтты баяндап береді. Содан Омар Әбу Мұсаға былай деп хат жазады: «Саған сәлем бердік! Пәленшенің ұлы пәленше осылай да осылай деп болған жағдайды жеткізді. Саған бұйырамын: егер бұларды халықтың көзінше істеген болсаң, сен де халықтың алдына шығып отыр, ол сенен ақысын алсын. Ел көзінен таса жерде алсаң, сен де қолыңмен істегенінді мойныңмен көтер, сенен ақысын алмай қоймасын!»

Әбу Мұса хатты оқыған соң, Халифаның әміріне мойынсұнады, бірақ әлгі адам: «Мен оны Аллаһ үшін кешірдім», – деп кешірімін береді⁴⁶⁷.

Фируз әд-Дәйләми мен Құрайыштық жігіттің арасында болған оқиға

Хармауи айтады: «Омар (р.а.) Фируз әд-Дәйләмиге былай деп хат жазады: Естуім бойынша, бал мен ақ нан сені Аллаһ жолында соғысудан айнытыпты. Осы хатты алғаннан кейін, Мәдинаға кел. Аллаһтың жолында жиһадқа шық».

Фируз хат қолына тиісімен, Мәдинаға жолға шығады. Омардың (р.а.) алдына кіруге рұқсат сұрайды. Рұқсат алып, кірмек болғанда, Құрайыштық бір жігіт баса-көктеп, одан бұрын ішке өтуге талпынады. Фируз бұған жол бергісі келмей, оның бет-жүзінен жұдырығымен салып қалады. Жігіт мұрны қанаған күйі Омардың алдына кіреді. Омар: «Мұны кім істеді?» – деп сұрайды. Жігіт: «Фируздың әрекеті», – деп жауап береді. Фируз ішке өтпей, есік сыртында тұрған

⁴⁶⁷ Бәйхақи, Сүнән 8/50 (15806)

болатын. Омар оны алдында шақыртып алады да: «Фируз, бұл не жағдай?» – деп сұрайды. «Ей, мүміндердің әміршісі! Біз күні кешеге дейін билікте болып, елдің құрметіне бөленген адам емес пе едік? Біріншіден, сен бұл жігітке емес, маған хат жазған болатынсың. Екіншіден, ішке кіру үшін оған емес, маған рұқсат берген болатынсың. Ал ол кимелеп, менен бұрын кіріп алды. Сондықтан да, оның мұрнын бұздым», – дейді. Омар: «Онда саған да дәл солай қысас жасалады», – дейді. Фируз: «Міндетті түрде ме?» – деп сұрайды. Омар: «Міндетті түрде», – дейді. Сөйтіп, Фируз тізе бүгеді. Жігіт есесін қайтаруға ұмтылмақ болғанда, Омар: «Ей, жігітім, тұра тұр. Алдымен саған Аллаһ расулынан естіген бір хадисті айтайын. Бірде Расулаллаһ: «Жалған пайғамбарлығын жариялаған Әсуэд әл-Анси бүгін түнде өлтірілді. Оның көзін Аллаһтың адал құлы Фируз әд-Дәйләми құртты», – деген болатын. Пайғамбарымыз Фирузды осылай қадірлегенін біле тұра, қысас жасағың келе ме?» – деп сынай қарайды. Жігіт тосылып қалады. Сәлден соң: «Оны кешірдім, олай болса», – дейді. Фируз: «Уа, мүміндердің әміршісі кінә менен. Күнәмді мойындаймын. Бұл жігіт мені ешкімнің күштеуінсіз-ақ кешірді», – дейді. Сөйтті де Фируз: «Онда өзің куә бол. Қылышымды, атымды және дүниемнен отыз мың дирхам ақшамды соған сыйладым», – дейді. Омар: «Ей, Құрайыштық бауырым! Сен оны Аллаһтан сауап күтіп кешірген едің алайда, Аллаһ бұған қосып дүние-мүлкін де қоса берді», – дейді⁴⁶⁸.

⁴⁶⁸ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 13/537 (37474)

Бір күн және Омардың әділдігі

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Бір күн Омарға «Қожайыным зина істедің деп айыптап, мені отқа отырғызды, сол себептен әурет жерім күйіп қалды», – деп шағым айта барады. Омар (р.а.):

– Қожайының сенің зина істегеніңді көзімен көрді ме? – деп сұрайды. Күн:

– Жоқ, – деп жауап береді.

– Жоқ, өзің мойындадың ба?

– Жоқ.

– Олай болса, қожайының менің алдыма келсін, – дейді. Күннің қожайыны алдына келгенде, Омар (р.а.):

– Демек, сен Аллаһтың азабымен (отпен) азаптаған екенсің, солай ма? – деп сұрайды одан. Ол:

– Ей, мүміндердің әміршісі, одан күмәнданған едім, – дейді.

– Үстінен түстің бе? – деп сұрайды Омар (р.а.).

– Жоқ, – деп жауап береді.

– Жоқ, өзі мойындады ма?

– Жоқ, мойындаған жоқ.

Сонда Омар (р.а.):

– Аллаһқа ант етемін, егер мен Расулаллаһтың «Құлы үшін қожайынына, баласы үшін әкесіне қысас жасалмайды» дегенін естімгенде, мына күн үшін саған қысас жасар едім, – дейді. Омар оған жүз рет дүре соқтырумен шектеледі. Күнге: «Сен бар, сен Аллаһ разылығы үшін азатсың. Мен Расулаллаһтың: «Отқа күйдірілген немесе көзі ойылған, құлағы, мұрны кесілген адам азат. Ол – Аллаһ пен расулының азаты» дегенін өз құлағыммен естігенмін», – деді.⁴⁶⁹

⁴⁶⁹ Бәйхақи, Сүнән 3/36 (15726)

Омардың әлдебір яһудидің өліміне қатысты Әбу Убайдаға жазған хаты

Касым ибн Әбу Бәзза айтады: «Шамда бір мұсылман өзіне аманаттаған қарамағындағы әлдебір христианды өлтіреді. Кісі өлімі жайлы хабар желдей есіп, лезде аймақ әкімі Әбу Убайдаға да жетеді. Ол Омарға (р.а.) дереу ат шаптырады. Омар оған былайша жауап жазады: «Егер әлгі мұсылман кісі өлтіруді әдетке айналдырған болса, елдің көзінше оның басын ал. Егер кісі өлімі жазатайым орын алса, өлген адамның отбасына төрт мың динар (немесе дирхам) өндіріп берсін»⁴⁷⁰.

Омардың әскер қолбасшысына мүшріктерді өлтірмеу туралы жазған хаты

Куфалық бір адамның айтуы бойынша, Омар (р.а.) кезекті жорыққа аттанған әскер қолбасшысына мынадай хат жазады: «Сендерден бір топ адам парсылардың ізіне түскенін, ал парсылар сендерден қашып, тасты паналағанын естідім. Оларды қолға түсірудің басқа амалы қалмаған жағдайда «Қорықпандар, сендерге тиіспейміз» деп қулықпен ұстап алып, бірден өлтіреді екен. Аллаһқа ант етемін, бұдан былай араларыңнан кімде-кімнің осылай әрекет еткенін естісем, оның басын аламын»⁴⁷¹.

Хазірет Омар және парсы қолбасшысы Хұрмұзан

Әнәс ибн Мәлік (р.а.) айтады: «Түстер аймағын қоршауға алған болатынбыз. Парсы қолбасшыларынан Хұрмұзан өзіне тек Омардың үкім шығару шартымен

⁴⁷⁰ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 15/137 (40174)

⁴⁷¹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 4/811 (11449)

бізге берілді. Оны Омардың алдына апардым. Омар Хұрмұзанға: «Сөйле», – деді. Хұрмұзан: «Әуелі тірі қалып-қалмайтынымды білейін. Сөзімді соған қарай айтамын», – деді. Омар: «Сөйле, саған зарар келтірмейміз», – деді. Хұрмұзан: «Ей, араб жұрты! Аллаһ тағала тарапынан пайғамбар келмей тұрғанда, біз сендерді тұтқынға алып, құлдыққа салып, бас көтергендерінді жер жастандыратынымыз, мал-мүлкінді тартып алатынымыз әлі естерінде. Аллаһ сендерге пайғамбар жібергелі, біздің қанатымыз қайырылды», – деді.

Әнәс айтады: «Омар менен «Бұған не істеген жөн?» – деп сұрады. Мен: «Уа, мүміндердің әміршісі, оның артында қаншама халық тұр. Оны өлтірсең, сенімнен айырыламыз. Олар бізден қайыр жоғын біліп, жандарынан түңіліп, бізбен өлген-тірілгеніне қарамай шайқасады», – дедім. Омар: «Сонда мен Бәра ибн Мәлік пен Мәжзаа ибн Сәур сияқты екі саңлақ сахабаны шейіт еткен адамды бос қоя беруім керек пе?» – деді. Мен Омар оны өлтіруге жарлық бере ме деп қауіптеніп: «Оны өлтіре алмайсың, өйткені оған «Айт, саған еш нәрсе істемейміз» деп уәде бердің ғой», – дедім. Омар: «Оны неге сонша қорғаштайсың? Ол сенің аузыңды майлап қойғаннан сау ма?» – деп сұрады. «Уаллаһи, ондай ойым да болған емес», – дедім мен. Омар: «Ендеше, – менің Хұрмұзанға «Айт, саған жамандық жасамаймыз» деп уәде бергендігіме қатысты бір куәгер әкел. Әйтпесе, алдымен сені жазаға тартамын» деді. Сөйтіп, мен куәгер іздеуге шықтым. Зубәйр ибн Аууам куәгерім болды. Ол Омардың Хұрмұзанды өлтіру туралы ойынан бас тартқызды. Хұрмұзан кейін Исламға кіреді. Омар оған айлық ақша тағайындады.⁴⁷²

⁴⁷² Бәйхақи, Сүнән 9/96 (17962)

Омардың бір яһудиге ақшалай сыйлық беруі

Абдуллаһ ибн Әбу Хадрад әл-Әсләми (р.а.) айтады: «Бірде Омармен (р.а.) бірге Жабияға келдік. Діні басқа, сенімі бөлек бір қарт адамның қайыр сұрап жүргенін көрдік. Омар былайғы жұрттан оның жағдайын, кәрі, әлжуаз адам екенін сұрап біледі. Омар оны салық міндетінен босатады. Жабия басшыларын: «Сендер оған дені-қарны сау, күш-қуаты бар кезінде жизия төлеттіңдер, ал қартайып, күш-қуаты кеткенде, қарамай қайыр тілетіп қойдыңдар, солай ма?» – деп айыптады. Сөйтті де әлгі қарт адамға қазынадан он дирхам ақша бөлгізеді. Кейін білдік, сөйтсек, ол кісінің қарамағында жас балалары да бар екен». ⁴⁷³

Хазірет Омар мен бір христиан

Йәзид ибн Әбу Мәлік айтады: «Мұсылман сарбаздары Жабияда жүрген кезде Омар да осы елді мекенге келеді. Исламға кірмеген біреу Омардың алдына барып, өзінің жүзімдік бауын мұсылман сарбаздарының таптап, бүлдіріп кеткенін айтып, шағымданады. Омар өзі аралап көреді. Омар әлдебір сарбаздан қалқанымен жүзім әкетіп бара жатқанын көріп: «Сен де ме? Бұндай қылықты дәл сенен күтпеп едім», – дейді. Ол: «Уа, мүміндердің әміршісі, аштықтан бұратылып өлетін болдық», – деп жауап береді. Сонда Омар жүзім бауының иесіне келтірген шығынның орнын толтыруға бұйрық береді» ⁴⁷⁴.

⁴⁷³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 4/825 (17962)

⁴⁷⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 4/814 (11457)

Омардың әлдебір мұсылман мен яһуди арасындағы дауды яһудидің пайдасына шешіп беруі

Саид ибн Мүсәйяб айтады: «Мұсылман кісі мен яһуди Омарға бірінің үстінен бірі шағым айтып барады. Омар яһудидікі дұрыс деп тауып, дауды соның пайдасына шешеді. Яһуди «Уаллаһи, сен әділ үкім шығардың», – дейді. Омар: «Оны қайдан білесің?» – деп сұрайды. Яһуди: «Уаллаһи, біз Тәураттан мыналарды оқыдық: қазы әділ үкім шығарған кезде оны оң және сол жағындағы екі періште мақұлдайды. Қазы ақиқат пен әділдікті қолдағанда, періштелер оны жетістікке жеткізеді. Қазы әділдіктен тайса, періштелер одан теріс айналып, оны жалғыз қалдырады»⁴⁷⁵.

Хазірет Османның әділдігі

Осман мен құлы арасында болған оқиға

Әбул-Фурат айтады: «Османның (р.а.) бір құлы бар болатын. Бір күні мүміндердің әміршісі Осман құлына: «Баяғыда сенің құлағыңнан тартқан едім, қане енді менің құлағымнан сен де тарт», – дейді. Құлы Османнан кеткен есесін қайтаруға кіріседі. Осман: «Қаттырақ бұра. Бұл дүниеде ақыңды кешсең, арғы дүниеде оның есебі сұралмайды», – дейді»⁴⁷⁶.

Османның көгершінге қатысты әділ үкімі

Нафи ибн Абдулхарис айтады: «Омар (р.а.) бірде Меккеге келіп, жұма күні Дарун-Нәдуаға кіреді. Одан шығып, Харам мешітіне барып, жұма намазын оқуды

⁴⁷⁵ Бәйхақи, Сүнән 10/88 (19953)

⁴⁷⁶ Мұхаммед Рыза, Осман ибн Афуан 1/37

қалайды. Желбегейін шешіп, сол жердегі бағаналардың біріне іледі. Сол кезде қайдан ұшып келгені белгісіз бір кептер оның желбегейіне қонады. Омар ластамасын деп көгершінді үркітіп, ұшырып жібереді. Ол басқа жерге барып қонады. Алайда, көгершінді қонған жерінен жылан шағып өлтіреді. Омар жұма намазын өзі имам болып оқытады. Осман екеуміз оның қасына барғанымызда «Бүгінгі әрекетіме не дейсіндер?» – деп, болған жайтты баяндады. Аз-кем кідіріп: «Негізінде, құс қауіпсіз жерге қонған болатын. Мен оны үркітіп, ажалына себепші болдым», – деді. Мен сөзге араласып Османға (р.а.): «Мүміндер әміршісінің үш жасар ак ешкіні құрбандыққа шалып, өзінің абайсызда жіберіп алған ағаттығын жуып-шаюына қалай қарайсың?» – дедім. Осман: «Мен сенің ойыңа қосыламын», – деді. Омар біздің айтқанымызды орындады⁴⁷⁷.

Хазірет Алидің әділдігі

Алидің Исфаканнан әкелінген малдарды үлестіруі

Күләйб айтады: Алиге Исфаканнан олжа малы келген болатын. Ол малды басына қарай теңдей етіп жетіге бөлді. Олжаның арасында бір нан да бар еді. Оны да жеті бөлікке бөліп, әр малдың үстіне қойып шықты. Сосын жеті қолбасшыны ортаға шақырып, жеребе тастау тәсілімен малдарды оларға тапсырды⁴⁷⁸.

Али мен арабтық әйелдің арасында болған әңгіме

Иса ибн Абдуллаһ әл-Хашими былай деген екен:

⁴⁷⁷ Бәйхақи, Сүнән 5/205 (9782)

⁴⁷⁸ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/940 (14347)

«Алидің алдына жағдайын айтып, екі әйел барады, оның бірі – араб, екіншісі – соның азат күңі (қызметшісі) еді. Али ол екеуіне екі бөлек алпыс өлшем бидайдан және қырық дирхамнан ақша беруді бұйырады. Қызметшісі өзіне берілгенін алып жөніне кеткеннен кейін екіншісі: «Ей, мүміндердің әміршісі, маған қызметшіме бергендей ғана бересің бе? Мен араб әйелімін, ал ол – менің қызметшім», – дейді. Али (р.а.) оған: «Мен Аллаһтың кітабы Құранды зерттедім, алайда Исмаил пайғамбардың тегінен шыққандардың Ысхақ пайғамбардың әулетінен тарағандардан жоғары тұратыны туралы үкімді кездестірмедім» (Аллаһтың алдында араб пен араб емес екеуі де тең), – деп жауап береді⁴⁷⁹.

Алидің (р.а.) досына да, дұшпанына да теңдей қарауы

Али ибн Рәбиа айтады: «Жада ибн Һубәйра Алиге (р.а.) «Ей, мүміндердің әміршісі! Саған сені өз жанынан да, малынан да, отбасынан артық жақсы көретін біреу келеді, сонымен қатар, қолынан келсе, сені өлтіруге дайын тұрған екінші бір адам да келеді. Сен өзіңе тісін қайраған адамға емес, сені төбесіне көтеруге бар адамға қарсы үкім шығарасың?» – дейді. Али Жаданың кеудесінен түйіп қалады: «Егер сезіміме ерік беріп, бәлкім, сенің айтқаныңдай, өзіме шын берілген адамды жақтайтын болсам, Аллаһқа тән ақиқатты бұрмалаған болып шығамын», – дейді⁴⁸⁰.

⁴⁷⁹ Бәйхақи, Сүнән 6/349 (12769)

⁴⁸⁰ Ибн Асакир, Тарихи Димашқ 42/488

Абдуллаһ ибн Рауаханың әділдігі

Абдуллаһ ибн Омар (р.а.) айтады: «Абдуллаһ ибн Рауаха (р.а.) жыл сайын Хайбарға барып, яһудилердің құрмалары мен жүзімдерін шамамен өлшеп, оларға сол шаманың жартысына салық салатын. Яһудилер Аллаһ расулына Абдуллаһ ибн Рауаханың үстінен өнім мөлшерін артық белгілейді деп шағым айтады. Екінші жағынан, Абдуллаһ ибн Рауахаға пара бермек болады. Сонда Абдуллаһ ибн Рауаха: «Ей, Аллаһ дұшпандары! Мені күнәға итермелемендер. Аллаһқа ант етемін, мен сендерге пайда табу үшін емес, адамдардың абзалы Аллаһ расулының тапсырған қызметін орындау үшін келдім. Сендер мен үшін маймыл мен доңыздан да бетерсіңдер. Алайда мынаны ескеріңдер: сендерді жек көруім мен Аллаһ расулына деген сүйіспеншілігім мені әділетсіздікке итермелемейді», – дейді. Олар Ибн Рауаханы еріксіз мақұлдап: «Міне, осы әділдіктің аркасында ғой, жер мен көктің орнында тұрғаны», – деп жауап береді⁴⁸¹.

Микдат ибн Әсуадтің әділдігі

Харис ибн Суәйд айтады: «Бірде Микдат ибн Әсуад шағын қолмен шығады. Ойламаған жерден жаудың қоршауына тап болып, қолбасшылары сарбаздарына көліктерін шығармауды бұйырады. Алайда, қолбасшысының бұйрығынан бейхабар сарбаздардың біреуі көлігін шығарып жібереді. Қолбасшы оның сазайын береді. Ол қайтып келе жатып, жолдастарына: «Ешқашан дәл бүгінгідей таяқ жеген емеспін», – дейді ұнжырғасы түсіп. Сәлден соң Микдат оның қасына келіп: «Неге тұнжырап отырсың?» – деп сұрайды. Ол

⁴⁸¹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 4/199

басынан өткен жағдайды айтып береді. Жолдасының басынан өткен әдепсіздікке төзбеген Микдат қаруын сайлап, досын өзімен бірге ертіп алып, қолбасшыға барады. Қолбасшыға: «Мынаны ұрғаның жөн емес. Сенен ақысын алуы тиіс», – дейді. Қолбасшы өзінің ағаттығын мойындап, арқасын тосса да, сарбаз қолбасшысын кешіреді. Микдат жолда серігіне: «Мен міндетті түрде Ислам күшейіп, жеңіске жеткен кезеңді көретін боламын!»⁴⁸² – дейді.

18. ХАЛИФАЛАРДЫҢ АЛЛАҒТАН ҚОРҚУЫ

Әбу Бәкірдің Аллаһ алдындағы жауапкершілікті сезінуі

Даххак айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) ағаш бұтағына қонған бір құсқа назары түседі: «Ей, құсым, сен қандай бақыттысың! Мен сен сияқты құс болсам ғой, шіркін! Жемінді теріп жеп, қамсыз ұшасың. Есеп беремін, азапқа тартыламын деп қорықпайсың. Әттең, адам емес, жол бойында өсіп тұрған ағаш болғанымда ғой!...»⁴⁸³

Омардың Аллаһ алдындағы жауапкершілікті сезінуі

Даххактың риуаяты бойынша, Омар (р.а.) былай деген: «Бұйткенше, қорада бордақыланып тұрған қошқар болсамшы... Мал иесі достары келгенде, мені сойып, бір бөлігінен кәуап жасап, бір бөлігін ыстап жесе... Баска не болсам да, әйтеуір адам болмағанымда ғой!...»⁴⁸⁴

⁴⁸² Әбу Нуайм, Хилия 1/176

⁴⁸³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 12/764 (35703)

⁴⁸⁴ Әбу Нуайм, Хилия 1/52

Омар мен Әбу Мұса әл-Әшғари арасында болған әңгіме

Ибн Омар (р.а.) айтады: Бір күні әкем Омар Әбу Мұса әл-Әшғаримен кездесіп қалады. Оған: «Ей, Әбу Мұса, Аллаһ расулының көзі тірі кезіндегі амалдарыңның обал–сауабын өзінде қалдырып, одан кейінгі әрекеттеріңнің жақсысы мен жаманы тең түссе, бұған қуанар ма едің?» – деп сұрайды. Әбу Мұса (р.а.): «Жоқ, қуанбас едім. Уаллаһи, Басраға барғанымда, ол жерде зұлымдық пен надандық мендеген кез болатын. Ол жердің халқына Құранды және Аллаһ расулының сүннетін үйреттім. Солармен бірге Аллаһ жолында соғыстым. Сол себептен осы жасағандарым үшін Аллаһтың жақсылығынан үміт етемін», – дейді. Омар былай дейді: «Мен Аллаһ расулынан кейінгі әрекеттерімнің жақсысы мен жаманы тең түскенін қатты қалаймын. Тіпті, Расулаллаһпен бірге жасаған амалдарым да маған жетер еді деп ойлаймын!»⁴⁸⁵

Омардың ажал жастығына бас қояр кездегі жауапкершілік сезімі

Ибн Аббас (р.а.) айтады: «Омар (р.а.) жараланған кезде, қасына барып: «Ей, мүміндердің әміршісі, Аллаһ сен арқылы жаңа Ислам қалаларын тұрғызды, сен арқылы алауыздық пен араздықты жойып, дәулетімізді асырды», – дедім. Омар: «Ей, Ибн Аббас, мені жақсы басшы деп мақтап тұрсың ба?» – деп сұрады. «Жоқ, басшылығыңнан басқа мәселелерді де айтып тұрмын», – дедім. Омар: «Аллаһқа ант етемін, дүниеге қалай күнәсіз болып келсем, сол күйінде күнәсіз қайтсам дей-

⁴⁸⁵ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 12/839 (35917)

мін. Сауабымның да, күнәмнің де болғанын қаламас едім!» – деді⁴⁸⁶.

Басқа бір риуаят бойынша, Омар (р.а.) Ибн Аббасқа: «Маған жұмақты сүйіншілеуіңе келетін болсақ, өзінен басқа ғибадат етуге лайық илаһ болмаған Аллаһқа ант етемін, күллі дүние уысымда тұрса да, алдымдағы тозақтан құтылу үшін барлығынан ойланбай бас тартар едім. Мүміндерді басқаруды жауапкершілігіме алуыма қатысты сөздеріңе келсек, менің пайдама да, зияныма да шешілмесін, маған сол жетеді», – деп жауап береді⁴⁸⁷.

Тағы бір риуаят бойынша, Омар (р.а.) қасындағыларға: «Мені отырғызыңдар», – дейді. Оны сүйемелдеп отырғызғаннан кейін Ибн Аббасқа: «Жаңа айтқандарыңды қайталашы», – дейді. Ол Омардың бұл тілегін орындайды. Омар: «Ибн Аббас, махшарда Аллаһтың алдына барғанда, осылайша мені жақтап куәгер боласың ба?» – деп сұрайды. Ибн Аббас: «Иә», – дейді. Омар Ибн Аббастың бұл жауабына балаша қуанады⁴⁸⁸.

Мүміндердің әмірінің сыналудан қорқуы керек пе?

Саид ибн Йәзид айтады: «Біреу Омардан (р.а.): «Ел басқарып, менің атыма айтылған сындарға Аллаһ үшін төзуді таңдайын ба, әлде халықтан аулақ болып, ғибадатқа берілуді таңдайын ба?» – деп сұрайды. Омар: «Мұсылмандардың қандайда бір ісін өз мойнына алған адам Аллаһ үшін сынақтан қорықпауы керек, басшылық қызмет атқармаған мұсылман өз ісімен айналысуы ке-

⁴⁸⁶ Әбу Нуайм, Хилия 1/52

⁴⁸⁷ Ибн Сағыз, эт-Табақатул-кубра 3/353

⁴⁸⁸ Ибн Сағыз, эт-Табақатул-кубра 3/354

рек, ел билеген басшыға әрдайым ақиқатты айтуы керек», – дейді⁴⁸⁹.

19. ХАЛИФАЛАРДЫҢ БІР-БІРІНЕ ЖӘНЕ ӘКІМДЕРГЕ АЙТҚАН ӨНЕГЕЛЕРІ

Әбу Бәкірдің Омарға айтқан ұсыныстары

Мәлікүлдарынан әл-Әғар айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) Омарды (р.а.) өзінің орнына қалдыруды ойлап, оны шақырып алып, былай дейді: «Менен кейін жауапкершілігі ауыр халифалық қызметті сенің өз мойныңа алғаныңды қалаймын. Ей, Омар, Аллаһтың бұйрықтарына мойынсұнып, Одан қорқатын бол, өйткені тақуа адамға қауіп-қатер төнбейді. Халифалық қызмет оны атқара алатын, алып жүре алатын адамға ұсынылуы тиіс. Кімде-кім басқаларға ақиқатты айтып, өзі бұрыс жолмен кетсе, халыққа жақсылықты насихаттап, өзі жамандық істейтін болса, қысқасы, сөзі мен ісі бір жерден шықпаса, ол адам ұзаққа бармайды, сенімінен айырылады, жасағандарының барлығы зая болады. Мұсылмандарды басқаруды өз міндетіңе алып жатсаң, олардың обалына қалма, тіліңе ие бол, олардың намысына тие. Құдірет Аллаһтың қолында»⁴⁹⁰.

Әбу Бәкірдің демі үзілер алдында айтқан өсиеті

Абдуррахман ибн Сабит айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) қайтыс боларында Омарды (р.а.) шақырып, оған мынадай өсиет айтады: «Ей, Омар! Аллаһтан қорық! Мынаны біл, Аллаһ қалаған істің өз орны, өз уақыты бар, күндіз атқарылатын, бірақ түнде орындалғаны қабыл болмай-

⁴⁸⁹ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/930 (14316)

⁴⁹⁰ Табарани, Кэнзул-уммал 5/930 (14316)

тын істерін айтуға болады. Адам парыздарын толық орындамаса, нәпіл ғибадаттар қабылданбайды. Қиямет күні таразыда кейбір адамдардың сауабы ауыр тартса, бұл – оның дүниеде Аллаһқа басыбүтін мойынсұнғаны. Ақиқат салынған таразының ақыретте ауыр басатыны айқын. Қиямет күні таразыда кейбір адамдардың сауабының жеңіл болу себебі – олардың бұл дүниеде қате жолға түсуінен. Есептен қателік кетсе, таразының ертең жеңіл тартатыны белгілі. Аллаһ тағала жұмақтықтарды ескерерде оларды ең ізгі істерімен еске алады. Олардың жаман әрекеттеріне қарамайды. Мен жұмақтағылар туралы ойланғанда, «Оларға қосыла алмаймын ба?» деп қорқамын. Хақ тағала тозақтықтарды ең жаман істерімен еске алады, олардың жақсы әрекеттерін беттеріне ұруда. Олардың жағдайын ойлаған кезде, «Солардың қатарында кетіп қалмаймын ба, мен мұндар» деп жаным түршігіп, аза бойым қаза болады».

Риуаятшылар айтады: «Әбу Бәкір кейін Құран кәрімнен көптеген рақымдылық және азап аяттарын оқиды да, былай дейді: «Ей, Омар! Мүмін құл үміт пен үрейдің арасында болуы керек. Аллаһтан тек жақсылыққа бастайтын ізгілікті тілеуі керек, Аллаһтың рақымынан үмітін үзбеуі тиіс. Әркім өзін қатерге итермелемеуі керек. Ей, Омар, егер өсиетімді берік ұстанатын болсаң, өлімді қуана-қуана қарсы аласың. Ал, өсиетіме немқұрайды қарасаң, өлімнен асқан сұмдықты таппайсың. Ал өлімнен қашып құтылу мүмкін емес!»⁴⁹¹

⁴⁹¹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/878 (14180)

Әбу Бәкірдің Амр ибн әл-Асқа айтқан насихаты

Абдуллаһ ибн Әбу Бәкір ибн Мұхаммед ибн Амр ибн Хазм айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) Шам аймағына әскер аттандыру жөнінде шешім қабылдап, алғаш рет Амр ибн Ас басқарған жарақты қолды Палестинаның Әйле қаласына жібереді. Амрдың қарамағындағы сарбаздар саны үш мыңның ар жақ-бер жағында болды, араларында мұһажырлар мен ансарлардың қарасы мол. Әбу Бәкір мұсылман әскеріне ақ жол тілеп тұрып, Амрға мынадай насихат айтады: «Ей, Амр! Жасырын және жария жүзеге асыратын барлық ісінде Аллаһтан қорық, Одан ұялатын бол. Өйткені, барлық әрекетің оған аян. Ей, Амр! Мен сені сенен бұрын Исламға кірген, Ислам мен оны ұстанғандарға сенен гөрі пайдасы көбірек тиетін адамдардан артық көріп, саған сарбаздардың тағдырын сеніп тапсырдым. Сондықтан, сен ақырет үшін жұмыс істейтіндердің қатарында бол, не істесең де Аллаһтың разылығын көзде, қарамағындағылардан әкелік қамқорлығыңды аяма, олардың жеке өміріне қол сұқпа, көргеніңмен шектел, шешім қабылдағанда тұрақты бол, қас жауыңмен кездескенде абдырама, ұстамды бол, қиянат жасағандарды дереу жазала. Адамдарды көп сөйлеп, өзіңнен бездіріп алма, қысқа да нұсқа сөйле. Өз нәпсінді түзет, сонда халқың да бұйрықтарыңды екі етпей саған бағынатын болады!»⁴⁹²

Әбу Бәкірдің Амр мен Уәлид ибн Уқбаға айтқан өсиеті

Касым ибн Мұхаммед айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) Құдаа тайпасының зекеттерін жинауды Амр ибн Ас пен

⁴⁹² Әбу Нуайм, Хилия 1/36

Уәлид ибн Уқбаға тапсырады. Олар жолға шығарда, Әбу Бәкір ұлағатты сөзін айтып, ақ жол тілейді. Кейін екеуіне мынадай хат жолдайды: «Күпия және ашық барлық істерінде Аллаһтан қорық. Аллаһ тақуаларға азаптан құтылудың есіктерін барынша айқара ашады, оған ойына да кіріп-шықпаған ризықтар береді. Кім Аллаһтан қорықса, Аллаһ оның қателіктерін кешіреді, еселеп сыйға бөлейді. Аллаһтың құлдарының бір-біріне тілейтіні тақуалық болып табылады. Сен Аллаһтың даңғыл жолдарының біріндесің, сол себепті бас пайданды ойлама, босаңсыма, діни және дүниелік мәселелерде немқұрайлылық танытпа. Осы қызметті мойныңа алдың екен, ақырына дейін мықты бол»⁴⁹³.

Әбу Бәкірдің Шурахбил ибн Хасанаға айтқаны

Мұхаммед ибн Ибраһим ибн Харис әт-Тәйми айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) Халид ибн Саидті (р.а.) қызметінен босатқан кезде, әскер қолбасшысы Шурахбил ибн Хасанаға былай дейді: «Халид ибн Саидті бағала, оның сенде белгілі бір құқы барын ұмытпа. Ол сенің қолбасшың болған жағдайда, одан не күтетінінді ойла да, соған орай әрекет жаса. Оның Исламдағы орнын білесің. Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм) дүниеден озарда, Халид ибн Саид оның тағайындаған әкімі болатын. Мен де сол қызметке тағайындаған едім, бірақ кейін босатқанды жөн көрдім. Бәлкім, бұл ол үшін одан да қайырлы болар. Оған әскер қолбасшысын таңдауға ерік бергенімде, ол сені басқалардан, тіпті көкесінің баласы Йәзид ибн Әбу Суфияннан артық көрді. Сен біреудің кеңесін керек қылсаң, алдымен Әбу Убайда

⁴⁹³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/846 (14095)

ибн Жәррахпен, сосын Муаз ибн Жәбәлмен, сосын Халид ибн Саидпен ақылдас. Олардың кәсіби әрі өмірлік тәжірбиесі мол. Олармен ақылдаспай өздігінен әрекет етпе, қандай жағдай болса да, олармен міндетті түрде ойынды бөлісіп отыр»⁴⁹⁴.

Әбу Бәкірдің Йәзид ибн Әбу Суфиянға айтқандары

Харис ибн Фудайл айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) Йәзид ибн Әбу Суфиянды қолбасшылыққа тағайындап, оған былай деді: «Ей, Йәзид, сен әлі жассың, жас болсаң да бас болып, өзінді жақсы жағыңнан көрсетіп, іскерлік қабілетінді таныттың. Бұл – сенің жеке басыңның қасиеті. Сені сынағым келді. Сені отбасы, ошақ қасынан жырақ, алысқа жіберу арқылы сенің қабілетінді байқап көремін, қолбасшылықты өз деңгейінде алып жүре аласың ба, жоқ па, соны тексергім келеді. Егер жетістікке қол жеткізсең, саған бұдан да жауапты қызметтерді тапсырамын. Егер алып жүре алмасаң, сені дереу қызметіңнен босатамын. Халид ибн Саид басқарған әскер саған аманат. Әбу Убайда ибн Жәррахпен қатынасың жақсы болсын. Оның Исламдағы алатын орнын білесің. Өйткені Пайғамбарымыз (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Әр үмбеттің бір сенімді адамы болады, бұл үмбетің сенімдісі – Әбу Убайда ибн Жәррах», – деген. Оның артықшылығы мен Исламдағы алатын орнын ешқашан ұмытпа. Муаз ибн Жәбәлді де құрметте, оның сөздеріне мән бер. Оның Расулаллаһпен бірге барлық соғысқа қатысқанын білесің. Аллаһ расулының ол туралы: «Қиямет күні Муаз ибн Жәбәл ғұламалардан оқ

⁴⁹⁴ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/920 (14288)



бойы озық тұрады», – деген. Осы екеуімен ақылдаспай, ешқашан нақты шешім қабылдама. Олар сенен қолыңнан келген жақсылығын аямайды».

Әбу Бәкір ағалық ақыл-кеңесін айтқаннан кейін, Йәзид ибн Әбу Суфиян: «Ей, Аллаһ расулының халифасы! Олар туралы маған айтқанындай, оларға да мен туралы айт», – дейді. Әбу Бәкір: «Әрине, міндетті түрде», – дейді. Йәзид: «Аллаһ саған әрдайым рақымдылықпен қарасын, Исламға жасаған қызметтерің үшін сені сый-сияпатқа бөлесін», – дейді⁴⁹⁵.

Йәзид ибн Әбу Суфиян (р.а.) басқа бір риуаятта былай айтады: «Әбу Бәкір (р.а.) мені Шамға аттандырып тұрып былай деді: «Қызметінді пайдаланып, өз туыстарын жақын тарта ма деп, сен үшін алаңдаймын. Йәзид, сөзіме құлақ сал! Сенің жақындарың, туыстарың бар. Пайғамбарымыз «Мұсылмандардың қандайда бір ісін өз міндетіне алған адам біреуді қызметке тағайындап, заңсыздыққа жол беріп, оларға басшы етсе, оған Аллаһтың лағынеті жаусын! Аллаһ оның парыз және нәпіл ғибадаттарын қабыл етпейді, оны тозаққа тастайды. Кім бауырының малын басқа біреуге тартып алып берсе, оған да Аллаһтың лағынеті жаусын!» – деген. Аллаһ адамдарды өзіне иман келтіруге, осылайша өз қамқорлығына кіруге шақырған. Сондықтан, Аллаһтың қамқорлығында болған адамға қиянат, заңсыздық жасаған адам міндетті түрде Аллаһтың азабы мен қарғысына ұшырайды»⁴⁹⁶.

⁴⁹⁵ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/848 (14100)

⁴⁹⁶ Ахмад ибн Ханбэл, Мүснэд 1/6 (21)

Омардың өзінен кейін келетін халифаға насихаты

Омар (р.а.) былай деген: «Менен кейін келетін халифаға алғашқы мұһажырлардың құқығын қорғауға, оларға құрмет көрсетуге кеңес берер едім. Мұһажырлардың һижреттен бұрын Мәдинаны мекендеген ансарларға жақсы қарауын, олардың жақсылықтарын асырып, жамандықтарын жасыруды өсиет етемін. Халифа басқа шаһар халықтарына да жақсы қараса екен деймін. Өйткені, олар – Исламның жәрдемшілері, қазынаның қолдаушылары. Олардан тек өз еркімен беретін, қажеттіліктерінен артылған мал ғана алынсын. Менен кейінгі халифаға бәдәуи арабтарға жақсы қарауды ұсынамын. Өйткені, олар – арабтың тамыры және Ислам шығып, өркендеген бүршік. Олардың дәулетті адамдары уақ малдарының белгілі бір бөлігін кедейлерге бөліп берсін. Халифаға Аллаһ пен расулының қамқорлығына кіргендердің құқықтарын толығымен қорғауды, оларға шамасы жетпейтін жүк жүктемеуді ұсынамын»⁴⁹⁷.

Касым бин Мұхаммедтің риуаяты бойынша, Омар (р.а.) былай деген: «Менен кейін бұл қызметті өз міндетіне алатын адам алыс және жақын барлық адамның көңілінен шыға білуі тиіс. Халық арасында халифалыққа лайық адамның жағдайына қызықпаймын, оны басқарғаннан гөрі басымның шабылғанын қалар едім»⁴⁹⁸.

⁴⁹⁷ Ибн Әбу Шәйба, Мусаннаф 7/435 (37059)

⁴⁹⁸ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/881 (14188)

Омардың Әбу Убайдаға айтқандары

Салих ибн Кәйсан айтады: «Омардың (р.а.) халифалық қызметке келгендегі алғашқы әмірі Халид ибн Уәлидті орнынан босатып, Әбу Убайда ибн Жәррахты әскер қолбасшысы етіп тағайындаумен байланысты: «Саған өзінен басқасы тұрлаусыз, фәни болатын Аллаһтан қорқуға кеңес берер едім. Ол бізді адасушылықтан тура жолға салды, күпірліктің қараңғылығынан алып шығып, иманның жарқын нұрына бөледі. Сені Халид ибн Уәлид басқарған әскерге қолбасшы етіп тағайындадым. Сарбаздардың құқықтарын қорға, олжа түсіруді көздеп, мұсылмандарды соқыр тәуекелге салып, басын қатерге тікпе. Алдын ала зерттеп-зерделемейінше, ой-шұқырын, қалтарыс-бұлтарысын жақсы білмейтін жерге ешқашан түнеме. Қай жерге әскер аттандырсаң да, сарбаздардың қарасы мол, дайындығы зор болсын. Өзінді және мұсылмандардың басын қауіп-қатерге тігуден сақтан. Аллаһ сені мен арқылы, ал мені сен арқылы сынайды. Дүние-мүлікке қызығып, жүрегіңе дақ салма. Дүние сенен бұрынғылардың түбіне жеткеніндей сені де солай бәлекетке душар етпесін. Олардың сүрінген, құрыған осал тұстарын сен менсіз де жақсы білесің!»⁴⁹⁹

Омардың Сағыд ибн Әбу Уаққасқа айтқан ғибраты

Мұхаммед ибн Талха айтады: «Омар (р.а.) Сағыд ибн Әбу Уаққасты (р.а.) Ирак шеғара аймағындағы әскердің қолбасшылығына тағайындап, оған былай дейді: «Ей, Сағыд, ей, Ухәйбұлдарының Сағды! Аллаһ расулының нағашы ағасымын және Расулаллаһтың

⁴⁹⁹ Табари, Тарих 2/355

сахабасымын деп, абайсызда артық кетіп, шектен шықпа. Хақ тағала жамандықты жамандықпен өшірмейді, күнәларды тек жақсылықтармен жояды. Аллаһ пен құлдарының арасындағы жақындық – адамның тегі мен затында емес, Оның әміріне бағынуда. Аллаһ үшін тектілер мен әлсіздер тең. Аллаһ – барлығының Раббы, бәрі де Оның құлы. Аллаһ алдындағы адамның артықшылығы – тақуалығында. Адамдар Аллаһ алдындағы ұлы мәртебелерге тек өздерінің тақуалықтарымен ғана жете алады. Екі әлем Сардарының (саллаллаһу аләйһи уә салләм) пайғамбар ретінде жіберілген күнінен бастап арамыздан кеткен кезге дейінгі өмірін көрдің. Бұған да үлкен мән беруің керек. Соның өсиет-өнегесіне сай әрекет ет, қысқаша айтқанда, саған айтарым осылар. Егер осы сөзіме құлақ аспасаң, сенің күллі арман-әрекетің желге ұшқан дәннің кеуегі болып қалады».

Омар Сағым ибн Әбу Уаққасты шығарып салып тұрып былай дейді: «Сені Ирак аймағындағы мұсылман әскеріне қолбасшы етіп тағайындадым, айтқандарымды есінде ұста. Жауапкершілігі зор қызметке кетіп барасың. Жетістікке жетуің тек сенің әділетті әрекет жасауыңа байланысты. Өзіңді де, қасындағыларды да жақсылыққа баста, игілікті істі ғана қолға ал. Әрбір іске үлкен дайындықпен кіріс. Әр істің қайырлы болуы сабыр сақтап, мұқият дайындалуда жатыр. Басыңа келген қиындықтарға мойыма өйткені, сабырдан басқа шараң жоқ. Сабыр саған өзімен бірге Аллаһқа деген құрметті тудырады. Аллаһқа құрмет білдірудің екі белгісі: Аллаһқа мойынсұну және Оған қарсы келуден сақтану. Аллаһқа мойынсұнғандар дүниені шын жүректен тәрк етіп, ақыретке бет алады. Ал Оған қарсы



келгендер – дүниені жақсы көріп, ақыреттен жиренетін адамдар. Өзінді халық сүйетін болсын. Өйткені, пайғамбарлардың өзі Аллаһтан өздерін адамдардың сүйгенін тілеген. Аллаһ назары түсіп жақсы көрген құлын айналасындағыларға қадірлі, былайғы жұртқа сүйкімді етіп қояды, ал хош көрмеген құлын өзінмен сүйкімсіз етіп көрсетеді. Олай болса, Аллаһ алдындағы қадіріңді өзінмен бірге қоян-қолтық жұмыс істейтін адамдардың саған деген көзқарасына қарап түсінуге тырыс!»⁵⁰⁰

Омардың Утба ибн Ғазуанға айтқандары

Абдулмәлік ибн Умәйр айтады: Омар Утба ибн Ғазуанды Басраға жіберерде былай деген: «Ей, Утба! Сені Басраның әкімі етіп тағайындадым. Белгілі нәрсені неге шегелей айтып отыр дейсің? Бұл аймақ жау қолындағы аумағы үлкен ірі орталықтардың бірі десе де болады. Басра мен халқын бағындыруға Аллаһтың саған көмектесетінінен үміт етемін. Ала ибн әл-Хадрамиге Урфужа ибн Хәрсәма арқылы саған қолдау көрсету үшін жазбаша нұсқау жібердім. Урфужа – жаумен көп алысқан, олардың тәсілдеріне тақыс, тәжірибелі адам. Онымен ақылдасып, оған мейлінше жақын жүр.

Ей, Утба! Қарсыластарыңды алдымен Аллаһтың дініне шақыр, келіссе, қабыл ет. Оған көнбесе, жизия төлеуді ұсын. Оны да қабылдмаса, шайқасқа шық. Бұл қызметті атқарған кезде, Аллаһтан қорық. Нәпсіңе ие болып, тәкаппарлықтан сақтан, сенің ақыреттік өміріңді ит тартқан терідей ту-талақай етпесін. Сен Аллаһ расулының(с.а.с) сұхбатына қатыстың, бір кез-

⁵⁰⁰ Ибн Кәсир, әл-Бидая 7/47; Табари, Тарих 2/440

дері адассан, қазір ізгілікке қол жеткіздің, әлсіз едің, күшейдің, сөзі өтімді қолбасшы және құрметке ие әкімсің. Сөйлесең айтқаның, иек қақсаң ишаратың, бұйырсаң әмірің аяқ асты қалмайды. Беу, бұл қандай үлкен нығмет десеңші! Бұл нығметтерден басың айналып шектен шықпассың. Меніңше, сен үшін ең үлкен қауіп – нығмет қауіпі. Олар сені тұзағына түсіріп, сені тозаққа допша домалатып әкетуі мүмкін. Өзімнің атымнан және сенің атыңнан мұндай жағдайға түсуден Аллаһ сақтасын. Адамдар бар ынта-ықыласымен Аллаһқа қадам басқысы келеді-ақ. Амал не, қу дүниенің құлақкесті құлына айналып, арбауына түседі. Сөйтіп, адамдар негізгі мақсаттарын ұмытып, ақыретке апарар жолға өзі көлденең түсіп жатып алады. Ал, сен Аллаһты қала, дүниеге мойын бұрма!»⁵⁰¹

Омардың Ала ибн әл-Хадрамиге айтқаны

Шаби (р.а.) риуаят етеді: Омар (р.а.) Бахрейндегі Ала ибн әл-Хадрамиге былай деп хат жазады: «Утба ибн Ғазуанға барып жолық, оның қызметін саған тапсырдым. Мынаны жақсы біліп ал, сен Аллаһ құзырында үлкен сыйлар уәде етілген алғашқы мұһажырлардың бірінің қасына бара жатырсың. Мен оның абыройын төмен санап, дінге селқостық танытқандықтан қызметтен босатқан жоқпын. Орнына сені тағайындау себебім: аталмыш аймақтағы мұсылмандарға одан гөрі, сенің пайдаң көбірек тие ме деп ойлаймын. Сол себепті Утбаның қадірін біл, оны құрметте. Сенің алдында бір адамды әкім етіп тағайындаған едім, алайда қызметіне кіріспей жатып көз жұмды. Егер Аллаһ сені осы қызметке қолай көріп, қаласа, жазмыштан озмыш жоқ,

⁵⁰¹ Ибн Кәсир, әл-Бидая 7/47; Табари, Тарих 2/440

егер Утбаның әкім болып қалуын қаласа, Аллаһтың үкіміне қарсы келе алмаймыз. Мынаны жақсы біл. Жаратылу мақсатынды ешқашан ұмытпа, оған айрықша мән бер, сол жолда ақтық демің үзілгенше, тырысып-тырмысып әрекет ет. Дүние өткінші, ал ақырет мәңгілік. Уақытша нығметтер жайлаған мына дүниенің сені арбап, мәңгілік азапқа салатын қауіпін ұмытпа. Аллаһтың азабынан сақтауы үшін Аллаһқа сыйын. Аллаһ қалаған құлына даналықты нәсіп етеді. Аллаһтан бізді және сені Өзіне сыйынып, азабынан сақтасын, мейірімінен шет қалдырмасын деп тілейік...»⁵⁰²

Омардың Әбу Мұса әл-Әшғариға айтқан ақылы

Дабба ибн Михсан риуаят етеді: Омар (р.а.) Әбу Мұсаға (р.а.) мынадай хат жолдайды: «Адамдар өз басшыларынан қаймығады. Осындай жағдайдан, яғни халықтан алшақ тұратын басшы болудан Аллаһ сақтасын. Күн ұясына батып бара жатса да, айыбы дәлелденіп, үкімі шыққан кінәліні жазалап үлгер. Бірі Аллаһқа, арғы дүниеге, екіншісі мына жалғанға тән іс-әрекеттің бірін таңдауға тура келген жағдайда адамға қайырлы, Аллаһқа жағымды істі таңда. Өйткені бұл дүние өткінші, ал ақырет мәңгілік. Қарсы шыққандардың топтасып, күшейіп кетуіне мүмкіндік берме, оларды таратып жіберуге тырыс. Мұсылман науқастардың көңілін сұра, жаназаларына қатыс, есігің әрдайым оларға ашық болсын. Қажет болған жағдайда олардың шаруасын тындыр. Өйткені сен де солардың бірісің. Жалғыз айырмашылығың – сенің жүгіңнің олардікінен де ауыр болуында. Естуімше, сен және

⁵⁰² әл-Хинди, Кэнзул-уммал 5/889 (14207)

сенің отбасың тұрмыс-тіршілігіңмен басқалардан ерекшеленеді екенсіңдер. Басқа мұсылмандардан жайлы өмір сүретін көрінесіңдер.

Ей, Аллаһтың құлы! Сені шөбі шүйгін жерге жайылып, семіруден басқа ойы жоқ, семірген соң сойылатын малдың күйіне енуден сақтандырамын. Біліп қой, басшылар ақиқаттан адасқанда, халық та тура жолдан алыстайды. Адамдардың ең бақытсызы – халқын жоқшылыққа сүйреген басшы»⁵⁰³.

Даххактың риуаяты бойынша, Омар (р.а.) Әбу Мұса әл-Әшғариға (р.а.) былай деп хат жазады: «Адамның табысқа жетуі оның бүгінгі істі ертеңге қалдырмауына байланысты. Егер жұмыстарыңды дер кезінде орындамасандар, олардың қайсысынан бастауды білмей, әрі-сәрі күй кешіп, бәрін шатастырып бітесіңдер. Егер сендердің араларыңнан кімде-кім дүние мен ақыретке қатысты мәселеге кез болсаңдар, ақыретте өздеріңе септігі тиетін істі таңдаңдар. Өйткені дүние өткінші, ал ақырет мәңгі. Аллаһты құрметтеңдер, Оның кітабын үйреніңдер. Өйткені ол – ғылымдардың қайнар көзі»⁵⁰⁴.

Хазірет Османның өсиеті

Ала ибн әл-Фазлдың анасынан естіген риуаяты: «Осман (р.а.) шейіт болғаннан кейін, оның жеке заттарының ішінен құлыптаулы бір сандықша табылады. Сандықшадан мынадай құжат шығады:

«Бұл – Османның өсиеті:

Бисмилләһиррахманир рахим.

⁵⁰³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/889 (14209)

⁵⁰⁴ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 16/188 (44205)



Осман ибн Аффан Аллаһтан басқа илаһ жоқ екеніне куәлік етеді. Ол жалғыз және Оның серігі жоқ. Мұхаммед – Оның құлы және расулы. Жұмақ ақиқат, тозақ ақиқат. Аллаһ қиямет күні қабірдегілерді тірілтеді. Аллаһ айтқан уәдесінен таймайды. Осман осы сеніммен өмір сүреді, осы сеніммен өледі, иншаллаһ осы сеніммен тіріледі»⁵⁰⁵.

Көтерілісшілер Османның үйін қоршаған кезде, Осман мен Али арасында өрбіген әңгіме

Шәддад ибн Әус (р.а.) айтады: «Османның (р.а.) баспанасын көтерілісшілер қоршап алған болатын. Ол үйінің төбесіне шығып: «Ей, Аллаһтың құлдары!» – деп айқайлаған кезде, назарым еріксіз басында Аллаһ расулының сәлдесі, қылышын асынған Али (р.а.) бастаған, араларында оның ұлы Хасан мен Абдуллаһ ибн Омар да бар мұһажырлар мен ансар жамағатына ауды. Олар көтерілісшілерді таратқаннан кейін Османның қасына келеді. Али (р.а.): «Сәлем бердік, ей, мүміндердің әміршісі! Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) бұл дінді дінге қарсы шыққандардың көзін жоя отырып сақтаған еді. Уаллаһи, мен бұлардың сені өлтіруге бел буғанын көрдім. Бізге бұйрық бер, олармен шайқасайық», – дейді. Осман (р.а.): «Ешкім мен үшін өзгенің де, өзінің де қанын төкпесін», – деді. Али (р.а.) тағы бір алдынан өтіп, сөзін қайталайды. Осман келіспеді. Али кетіп бара жатып: «Аллаһым, сен куәсің, біз оның алдынан өттік», – деді. Сосын ол Аллаһ расулының мешітіне бет алады. Намаз уақыты кіргенде жамағат: «Я, Али, имам болып, намаз оқыт», – деді. Али: «Мұсылмандардың халифасы

⁵⁰⁵ Ибн Кәсир, әл-Бидая 7/184



қоршауда қалған кезде мен сендерге имам бола алмаймын, жалғыз өзім оқимын», – дейді. Ол намазын оқып болған соң кідірмей үйіне қайтады. Ұлы Хасан әкесінің артынан қуып жетіп: «Уаллаһи, әке, көтерілісшілер Османның үйіне басып кірді», – деп хабарлайды. Али: «Апырым-ай, қазір оны өлтіреді. Иннә лилләһ уә иннә иләйһи ражиун», – деп күбірлейді өңі қуарып.

Хазрет – Алиге: «Ей, Әбул-Хасан! Османның орны қайда?» – деп сұрағанда ол: «Уаллаһи, жұмақ, жұмаққа өте жақын», – дейді. «Оны өлтіргендер қайда?» – деп сұрағандарға: «Уаллаһи, олар отта», – деп, осыны үш рет қайталап айтты⁵⁰⁶.

Осы туралы басқа риуаят

Әбу Һұрайра (р.а.) былай дейді: «Көтерілісшілер Османның (р.а.) үйін қоршауға алған кезде, мен де Османның қасында болатынмын. Арамыздағы біреуімізге оқ тиді. «Уа, мүміндердің әміршісі! Енді бізге соғысудан басқа жол қалмады. Өйткені олар біздің бір адамымызды өлтірді», – дедім. Осман: «Бері қара, Әбу Һұрайра, саған қатаң ескертемін, қылышынды таста. Олар мені өлтіруді қалайды. Мен өзімді құрбан етіп, мұсылмандарды келеңсіздіктен қорғағым келеді», – деді. Мен қаруымды тастадым, оның қайда екенін, кімнің алғанын білмеймін»⁵⁰⁷.

Алидің әкімдер мен қолбасшыларға айтқан ақылы

Муажир әл-Амири айтады: «Али (р.а.) әкімдерінің біріне былайша хат жазады: «Есігің әрдайым халыққа

⁵⁰⁶ Мұхаммед ибн Рыза, Осман ибн Афуан 1/188

⁵⁰⁷ Саид ибн Мансур, Сүнән 2/334 (2936)

айқара ашық болсын. Өйткені басшылар халықпен қатынасын үзсе, өзіне де, халыққа да қиын тиеді. Халықтың тыныс-тіршілігін, мұң-мұқтажын білу үшін онымен тонның ішкі бауындай етене араласуы керек. Басшысы бойын аулақ салған халық жақсыны жаманнан айыра алмайды, үлкенді кіші, кішіні үлкен сыйламайды, нәтижесінде, әлеуметтік шиеленіс пайда болады. Басшы да адам, ол халықтың өзінен жасырған қыр-сырын біле бермейді. Айтылған сөздің шындығы қайсы, өтірігі қайсы, арасын ашып, ажыратып көрсететін құдірет жоқ адамда. Сол себепті ол шындыққа қалай көз жеткізе алсын, шындықты ту етіп, құқығын қалай қорғай алсын! Менің не дегім келіп отырғанын өзің де аңғарған шығарсың: сен осы екуінің бірін таңдауға мәжбүрсің: Не өз ісіңе мұқият болып, халықпен қоян-қолтық араласты, олардың мүддесін көздейсің, не болмаса салғырттыққа салынып, сақтықты ұмытып, теріс әрекеттің сазайын тартасың. Бұл жағдайда халық сенен тез алшақтайды, сенен үміт жоғын біліп, саған мұң-мұқтажын айтуға батылы бармайды. Менің осы айтқандарымды міндетті түрде пайдаңа асыр. Несібеңе не бұйырса да, сонымен шектеліп қанағат ет»⁵⁰⁸.

Алидің басқа бір әкімге жіберген хаты

Мәдаини айтады: «Али (р.а.) тағы бір әкімге өзінің ақыл-кеңесін айтып хат жолдаған болатын: «Шешімді асығыс қабылдап, ағаттыққа жол берме! Нәпсісіне алданған адамдар жаны алқымына тақалған сәтте «Әттең, әттең!» деп ыңырысып, тәубеге бас ұрған залымдар: «Әттең, дүниеге қайта жіберілсек, Аллаһқа құлшылық жасасақ», — деп тілеген жерде «Амал

⁵⁰⁸ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/160 (36553)

дәптері» қай жағыңнан берілетінін ойла. Осыдан кейін барып шешім қабылда»⁵⁰⁹.

20. ХАЛЫҚТЫҢ ЕЛ БАСШЫСЫНА НАСИХАТЫ

Саид ибн Амирдің Омарға насихаты

Мәкхул айтады: Аллаһ расулының сахабаларынан Саид ибн Амир ибн Хузайм Әл-Жумәхи (р.а.) бір күні Омарға (р.а.): «Уа, Омар, саған мынадай насихат айтқым келеді», – дейді. Омар: «Құлағым сенде, айт», – дейді. Саид ибн Амир: «Адамдардың құқығын қорғау мәселесінде Аллаһтан қорқып, Аллаһтың құқығын орындауда халықтан ықпа. Сөзің мен ісің сай болсын. Өйткені сөздің қайырлысы іспен расталғаны болып табылады. Қандай істі қолға алсаң да, екі сөйлем! Әйтпесе, ісің теріс бағыт алып, ақиқаттан, әділдіктен айырыласың. Басы ашық мәселелерде оң шешім қабылдасаң, жетістікке жетесің, Аллаһ саған көмек береді, халқынды да сен арқылы тура жолға салады. Аллаһтың қалауымен өзің басқарған барша мұсылмандарға бірдей қара. Бәріне теңдей қара, өзің мен отбасың үшін не тілесен, олар үшін де соны тіле. Ақиқатқа апаратын жолдағы түрлі қиындықтарға шыдай біл. Аллаһ жолында жүргенде сынаушының және өсектеушінің сөзінен қаймықпа!» – деді.

Омар: «Сенің осы айтқандарыңа кімнің шамасы жетеді?» – деп сұрайды. Саид ибн Амир: «Сен сияқты адамның! Аллаһ Мұхаммедтің (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) үмбетінің басшылығына әкелген, өзі мен Аллаһ арасы-

⁵⁰⁹ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/160 (36554)

на ешкім кірмеген сен сияқты адам бұған қол жеткізе алады», – деді нық сеніммен дем бере сөйлеп⁵¹⁰.

Әбу Убайда мен Муаздың Омарға жазған хаты және Омардың оларға берген жауабы

Мұхаммед ибн Сұқа айтады: «Бір күні Нуайм ибн Әбу Хиндке бардым. Ол маған бір парак ұстатты. Онда былай деп жазылған еді: «Әбу Убайда ибн Жәррах пен Муаз ибн Жәбәлден Омар ибн Хаттабқа: Саған сәлем бердік! Нәпсінді тәрбиелеуде өте зейінді екенінді білсек те, саған мынадай өсиет айтқымыз келеді: «Бұл үмбетті басқаруды сен өз міндетіңе алдың. Алдында тектілер де, қатардағы жай адамдар да отырады. Дұшпаның да, досың да бар. Баршаның әділдіктен үміті бар. Ей, Омар! Сол себептен іс-әрекетіңнің қаншалықты әділ екеніне ой жүгірт. Біз саған адамдардың бастары иіліп, демін ішіне алатын, Аллаһ дәлелдерінің қасында басқа сылтаулардың сағымға айналатын күнді естен шығармауды ескертеміз. Ол күні күллі жаратылыс Оның алдында бас иіп, рақымшылығын үміт күтеді, азабынан қорқып, сілтідей тынады.

Ей, Омар! Бұрындары біз «Бір уақыт келеді, ол кезде бұл үмбеттің адамдары сырттай дос болып көрінеді, алайда іштей бір-біріне қас болады» дейтінбіз. Шын көңілімізден шыққан шынайы сезім мен ойларымызды білдірген осы хатымызды теріс түсінбе. Мұны тек саған насихат үшін жаздық. Саған сәлем жолдаймыз!»

Омар былай деп жауап жазады:

«Омардан Әбу Убайда мен Муазға.

Сәлем бердік. Хатыңызды алдым. Нәпсімді тәрбиелеуге мейлінше мән беретінімді, білгеніңізге

⁵¹⁰ әл-Хинди, Кэнзул-уммал 12/801 (35807)

қарамастан маған насихат айтатыныңызды, осы үмбетті басқару жауапкершілігін міндетіме алғанымды, алдымда тектілердің де, қатардағы адамдардың да болатынын, досымның да, дұшпанымның да бар екенін, баршаға әділеттік танытуым керектігін, әділетсіздікке жол бермеу үшін абай болуымды ескертіпсіздер.

Сіздерге мынаны айтайын: Бәрі Аллаһтың қолында. Омар – тек қана Аллаһтың әмірін орындаушы. Бізден бұрынғылардың түбіне жеткен зұлымдыққа ұшырамауды да ұмыт қалдырмапсыздар. Уақыт сыныптай сырғып, құмдай сусып өтіп жатыр. Су ішкілігі таусылғандар фәниден бақиға аттанып жатыр. Алыс жақындап, жаңа ескіруде, Құранда сөз болған, Пайғамбарымыздың аузымен айтылған ғайып хабарлары шындыққа айналуда. Адамдар жұмақ немесе тозақтағы орындарына барғанға дейін, бұл осылай жалғаса береді.

Сондай-ақ, осы үмбет адамдарының соңғы кездерге қарай бір-біріне дос болып көрінетіні, бірақ іштей бір-біріне жауға айналатыны туралы да жазып, мені осы мәселеде мұқият болуға шақырыпсыздар. Сіздер бұл санаттан емессіздер, өйткені ондай атты мұнар күн дүниені бәрінен артық көретін, адамдардың бір-бірінен, өз көлеңкесінен қорқатын, мына дүниеде шалқып өмір сүру үшін бір-біріне ілтипат көрсететін кезеңге тап келеді.

Ақыл-кенес беруіңізді менің теріс түсінбеуімді Аллаһтан тілеген екенсіздер. Хатты тек маған жақсылық жасау үшін жазғандарыңызды білемін және сіздерге шын көңілден сенемін. Хат жазып тұрыңыздар, насихат, өнегелеріңізге мұқтажбын. Сәлем»⁵¹¹.

⁵¹¹ Әбу Нуайм, Хилия 1/238; Табарани, әл-Муғжамул-кәбир 20/32 (45)

Әбу Убайда ибн Жәррахтың қайтыс болар- да айтқан өсиеті

Саид ибн Мүсәйяб (р.а.) айтады: «Әбу Убайда (р.а.) Йорданияда оба ауруына шалдығады. Бір күні сол жердегі мұсылмандарды шақырып, оларға былай дейді: «Сендерге айтатын насихатым бар. Осы насихатыма ден қойсаңдар, әрдайым берекелі және бақытты өмір сүресіңдер. Намазды дұрыс оқыңдар. Рамазан оразасын ұстандар. Зекет беріңдер, қажылыққа барыңдар, ұмра жасаңдар. Бір-бірлеріңе тек қана жақсылықты насихаттаңдар. Басшыларыңа өнегелі сөздер айтыңдар, олардан еш нәрсені жасырмаңдар. Дүниеқұмарлық сендерге бәле болып жабыспасын. Адамның жыл өмір сүрсе де, оның тағдыры обадан қырылған мына адамдардың тағдырынан айрықша болмайды. Аллаһ адам баласына өлімді жазған, ешкім өлімнен қашып құтыла алмайды. Сондықтан да олардың ең ақылдылары – Раббыға ең қалтқысыз берілгендер және ақырет үшін ең көп күш салғандар. Сендерге Аллаһтың рақымы мен сәлемі жаусын. Муаз ибн Жәбәл! Халыққа намазды сен оқыт, имам бол!»

Әбу Убайданың (р.а.) демі үзілген соң, Муаз (р.а.) былай деді: «Ей, адамдар! Күнәларыңа тәубе етіңдер. Құл күнәларына тәубе жасап, Аллаһтың алдына барса, Хақ тағала оны міндетті түрде кешіреді. Кімнің қарызы бар болса, ертең мойнына оратылмай тұрғанда, төлеп құтылсын. Өйткені құл мына өмірде қарызын өтей алмай кетсе, ақыретте жағдайы қиындайды. Араларыңда араз адамдар бар болса, татулассын. Өйткені, мұсылман адамның үш күннен артық араз болып жүруін дініміз құп көрмейді.

Ей, мұсылмандар! Сендер сондай бір адамның өліміне күйзеліп отырсыңдар, мен одан асқан жүрегі таза, иманы берік, мұсылмандарды одан артық жақсы көретін адам бар деп ойламаймын. Оған Аллаһтан рақым тілеңдер. Қане, намаз оқуға дайындалыңдар»⁵¹².

21. ХАЛИФАЛАР МЕН БАСШЫЛАРДЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ

Әбу Бәкір (р.а.), Айша (р.а.), Ибн Мусәйяб (р.а.) және басқалар айтады: «Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) қайтыс болған һижри 11-жылдың рабиуләууәл айының он екісіне тап келген дүйсенбі күні Әбу Бәкірге (р.а.) серт берілген болатын. Әбу Бәкірдің үйі Мәдинаның Ауали деген аудандарының бірінде, Сүнхте еді. Әбу Бәкір әйелі Хабибамен бірге тұратын. Оған Сүнхте қыл шатырдан қоржын там салдырған еді. Мәдинаға қоныс аударғанға дейін сонда тұрды. Халифалық қызметке келгеннен кейін де алты ай бойы сол жерден табан аудармады. Күнде таңертеңгісін ертелетіп жолға шығып, Мәдинаға жаяу баратын. Кейде атқа қонатын, жұпыны киінетін. Мәдинада жамағатқа намаздарын оқытатын. Құптанды оқытқаннан кейін, Сүнхтегі үйіне, отбасына кері қайтатын. Өзі жоқта Омар (р.а.) имам болатын. Жұма күндері таңсәріге дейін Сүнхте болып, үсті-басын ретке келтіріп, жақын маңдағы қалаға барып, жұма намазын оқытатын.

Әбу Бәкір (р.а.) саудагер болатын. Күнде базарда сауда жасайтын. Бір отар қойын кейде өзі, кейде басқалар өріске шығаратын. Өзінікімен бірге сол жердегілердің де қойларын сауатын. Халифалық қызметке тағайындалғаннан кейін былайғы жұрттың

⁵¹² әл-Хинди, Кәнзул-уммал 13/199 (36666)

оған бағынуға катысты серт беруі кезінде бір қыз: «Енді қойларымызды кім сауады?» – деп қалады. Әбу Бәкір: «Ант етемін, сендер үшін бұл әдетімді тастамаймын. Қызметім қолбайлау болады деп қорықпаймын», – дейді. Шынында да, Әбу Бәкір халифа болғаннан кейін де, сол аймақтың қойларын сауып жүрді. Тіпті кейде сол қызға: «Көпіртіп сауайын ба, әлде жайлап сауайын ба?» – дейтін. Қыз: «Көпіртіп сау», – дейтін. Әбу Бәкір сол қыздың айтқанын істейтін.

Әбу Бәкір (р.а.) халифалық қызметке кіріскеннен кейін, мүлдем мұрнына су жетпейтін болды. Әбу Бәкір Сүнхтегі үйінде алты ай тұрғаннан кейін, қала орталығына көшті. Әр сәті еңбекпен, елге қолғабыс етумен өтетін, «Уаллаһи, саудамды тастайтын шығармын, өйткені ел басқаруыма кедергі болатын түрі бар. Елдің мүддесіне көбірек уақыт бөлуім керек екен», – дейді. Сөйтіп, Әбу Бәкірдің және отбасының күнделікті шығыны мен қажылық пен ұмраға жұмсауы үшін оған мемлекет қазынасынан жылына алты мың дирхам ақы тағайындалды.

Фәниден бақиға көшерінде: «Біздегі мұсылмандардың заттарын түгел иелеріне қайтарындар. Менде олардың бір сабақ жібі де қалмасын. Осы уақытқа дейін мемлекеттік қазынадан алған жалақыларымның қайтарымы ретінде жеке меншігімдегі пәлен-түген жерлерді қалдырмақпын. Ол жерлер енді мұсылмандардың ортақ меншігіне қабылдансын», – деп кетті. Оның атындағы жер, сүтті түйесі, жалғыз құлы және бес дирхамдық барқыт мата Омарға (р.а.) тапсырылды. Бұған куә болған Омар ол жайлы «Өзінен кейінгіге қиын соғатын өнеге қалдырды» деген⁵¹³.

⁵¹³ әл-Хинди, Кәнзул-уммал 5/840 (14077)

Хумус әкімі Умәйр ибн Сағидтың тұрмысы

Омар (р.а.) Умәйр ибн Сағид әл-Ансариді Хумусқа әкім етіп тағайындағанына бір жылдай уақыт өтсе де, одан бірде-бір хабар келмеген соң, хатшысына: «Умәйрге дереу хат жаз, ол біздің сыртымыздан опасыздық жасады-ау деп ойлаймын», – дейді. Хатта былай жазылған: «Осы хат қолыңа тие салысымен маған құстай ұшып жет. Осыған дейін мұсылмандардан жинаған салықтарыңды да өзіңмен бірге ала кел».

Умәйр (р.а.) хатты алған соң, бірден жолға жиналады. Жол азығын арқасына таңып, құтысын беліне байлайды, қолына таяғын ұстап, Хумустан Мәдинаға жаяу тартады. Шаһарға жеткенде, иығы қуышып, реңі солып, көзі шүңірейіп, бет-аузын шаң басып, шашы өсіп кеткен еді. Осы түрімен Омардың (р.а.) алдына кіріп барады.

– Сәлем бердік, ей, мүміндердің әміршісі! Саған Аллаһтың берекесі мен рақымы жаусын!

– Мына түріңе не болған? – деп аң-таң қалады Омар (р.а.).

– Маған не болыпты? Денім сау, қаным таза, қу дүниені бұйдалап, артымнан сүйреп келемін.

– Қандай дүниең бар?

– Азық ыдысым салынған қапшығым бар. Осы тостағаннан ас-ауқат ішіп, әрі басымды, киімімді де осымен жуамын. Ауыз суыма әрі, дәрет алатын суға арналған бір құтым бар. Сонымен қатар, жүргенде сүйенішім, қорғанғанда қаруым-таяғым бар. Уаллаһи, менің бар дүнием осылар. Омар:

– Жаяу келдің бе?

– Иә.



– Ызғындай елдің арасынан саған мінетін бір көлік беретін ешкімнің табылмағаны ма?

– Олар өздері біліп бермеген соң, мен де сұрамадым.

– Олар қандай нашар мұсылмандар, – дейді шорт кетіп. Енді Умәйр ашуға басады.

– Ей, Омар! Аллаһтан қорық! Аллаһ мұсылмандарды ғайбаттауды харам еткен. Мен олардың бамдат намазын оқығанына куә болдым.

– Мен сені қызметке не үшін тағайындадым? Сен ол жерде не бітірдің?

– Ей, мүміндердің әміршісі, мұны неге сұрадың?

– Субханаллаһ! – деп еріксіз таңданады.

– Сені ренжітіп аламын ба деп қорықпағанда, саған еш нәрсе де айтпас едім. Мен бара салып, салық жинайтын адамдарды белгіледім. Сосын қажетті нәрселерге жұмсап, жаратып отырдық, жиналған салықтарды, әрине, саған әкелер едім.

– Ортақ қазынаға ештеңе әкелмедің бе?

– Жоқ, – деп жауап береді. Омар аз-кем ойланып, хатшыларына:

– Умәйрдің тағайындалу бұйрығын жаңартыңдар, – дейді. Сонда Умәйр былай дейді:

– Басшылық мен қалаған, әрі менің қолымнан келетін қызмет емес. Бұл міндетті енді сен үшін де, сенен кейін келетіндер үшін де атқармаймын! Ақыретте азапқа ұшырамауым өте қиын, тіпті мүмкін емес деуге болады, – дейді аһ ұра. Мен бірде ашуыма ерік беріп, әлдебір христианға: «Аллаһ сені масқара етсін», – дедім. Умәйр (р.а.) бұл сөзімен сол христианның көңіліне қаяу салған өзінің бұл әрекетіне деген ренішін білдіреді. Өйткені Расулаллаһ (саллаллаһу алейһи уә салләм) мұсылман елі-

не аманатқа берілген христиандарды азаптауға тыйым салған. Умәйр сөзін былай аяқтайды:

– Ей, Омар! Оған себеп болған сенсің. Ей, Омар! Менің ең бақытсыз күндерім – шаһид болған қандыкөйлек жолдастарымның артынан кетпей, сенің тапсырған қызметіңмен өткізген күндерім! Содан соң Умәйр рұқсат сұрап, Мәдинадан едәуір қашық жерде орналасқан үйіне қайтады.

Омар (р.а.) әлі де сеніңкіремей: «Ол опасыздық жасап, көлгірсуі мүмкін», – деп, Харис деген нөкеріне жүз динар беріп тұрып: «Умәйрдің үйіне қонақ секілді болып бар. Тұрмысы жақсы екенін көрсең, ақшаны қайтып әкел, егер жұпыны өмір сүретініне көзің жетсе, ақшаны соған бер», – дейді. Харис Халифа жұмсаған жерге келгенде, үйінің іргесінде көйлегін бит–бүргеден тазалап отырған Умәйрді көреді. Харис сәлем береді. Умәйр:

– Аллаһтың рақымы жаусын, кел, жақында, қайдан келесің? – деп сұрайды.

– Мәдинадан.

– Мүміндердің әміршісінің халі қалай?

– Жақсы.

– Мұсылмандардың ше?

– Олар да жақсы.

– Мүміндердің әміршісі жазаларды қолданып жатыр ма?

– Иә.

Сонда Умәйр: «Я, Раббым! Омарды қорғап-қолда! Мен оның саған асық екенін білемін», – дейді. Харис Умәйрдің қасында болған үш күннің ішінде Умәйр мен оның отбасы күніне тек бір арпа нанын ғана азық ететінін білді. Оның өзін қонағына ұсынып, өзі мен

отбасы аш қалатын. Аштықтан бұратылып қиналған Умәйр Хариске: «Бізді аш қалдырдың, кел демек бар да кет демек жоқ», – дейді. Харис динарды Умәйрге ұсынады: «Мұны саған мүміндердің әміршісі Омар беріп жіберді, қажетіңе қолданарсың», – дейді. Умәйр азар да безер болып: «Маған қажет емес», – деп ақшаны алмайды. «Беріп тұрғанда алсаңшы, қажет болса жұмсарсың, әйтпесе садақа етіп берерсің», – десе де, Умәйр: «Уаллаһи, оны салатын ыдысым да жоқ қой», – деп әйелінің де айтқанына көнбейді. Амал жоқ, зайыбы ақшаны буып-түюі үшін көйлегінің етегінен жыртып береді. Ол ақшаны шейіт болғандар мен кедейлердің балаларына таратып береді.

Омар (р.а.) Харистен Умәйр (р.а.) туралы сұрайды. «Оның тұрмысы нашар», – дейді Харис. Омар: «Берген ақшамды не істеді?» – деп сұрайды. «Білмеймін», – дейді Харис. Омар Умәйрге: «Осы хатымды ала сала дереу жолға шық», – деп тағы шақыртып алады. Омар: «Динарды қайда жараттың?» – деп сұрайды. Умәйр: «Не істесем де істедім ғой, оны неге сұрайсың?» – дейді Омар: «Аллаһ үшін айтшы, оны қайда жұмсадың?» – деп тақымдап қоймайды. Умәйр: «Оны өзім үшін ақырет азығы болсын деп, садақа етіп тараттым», – дейді. Омар: «Аллаһ жақсылығын берсін», – деп Умәйрге бір түйеге жүк болатындай бидай, екі қабат киім берілуін бұйырады. Умәйр: «Азыққа мұқтаж емеспін. Өйткені осында келерде үйде азын-аулақ арпа бар болатын, оларды тауысып бітіргенше, Аллаһ ризық береді», – деп бидайдан бас тартады. «Киімге келетін болсақ, пәленшенің анасының иіні жүдеу, соған апарып берейін», – дейді. Осыдан кейін ол көп өмір сүрмейді.

Омар (р.а.) Умәйрдің (р.а.) қайтыс болғанын естігенде, қабырғасы сөгіле қайғырады. Оған Аллаһтан рақым тілейді, ол үшін дұға етеді. Жолдастарымен бірге оны мазаратына ақтық сапарына шығарып салады. Бір кезде қасындағыларға: «Барлығың бір тілек тілендер», – дейді. Олардың бірі: «Я, мүміндердің әміршісі! Дүние мүлкім болып, Аллаһ разылығы үшін құл азат етсем екен, қалайтыным осы», – дейді. Тағы бірі: «Ей, мүміндердің әміршісі! Байлығым болып, Аллаһ жолында біреуді тойдырсам», – дейді. Басқа біреуі: «Күшті болып, зәмзәм құдығынан қауға тартып, Бәйтуллаһты зиярат еткен қажыларға су таратсам», – дейді. Омар: «Әттең, Умәйр ибн Сағым сияқты сенімді адамым болғанда ғой, қандайда бір мәселе туындағанда, соның көмегіне сүйенер едім», – дейді⁵¹⁴.

Хумус әкімі Саид ибн Амир әл-Жумәхидің өмірі

Халид ибн Мыдан айтады: «Омар (р.а.) Саид ибн Амирді (р.а.) Хумусқа әкім етіп тағайындаған болатын. Омар бірде Хумусқа жолы түседі:

– Ей, хумустықтар! Әкімдерің қалай? Оған ризасындар ма? – деп сұрайды. Хумус халқы Саидтің үстінен шағым айтады.

– Төрт мәселеде оның әрекетіне біздің көңіліміз толмайды: біріншісі, күн сәскеге тақағанша қарасын көрсетпейді, – дейді. Омар: (р.а.)

– Мұнысы жөн емес, тағы не айтасындар? – деп сұрайды.

– Түнде есігінен аттатпайды, – дейді көпшілік.

– Бұл да үлкен ағаттық. Тағы не?

⁵¹⁴ Әбу Нуайм, Хилия 1/247

– Әр айда бір күні бар, тек түс ауғанда ғана қызметіне келеді.

– Бұл да кемшілік. Тағы не?

– Кей күндері өзін жын ұрғандай ұстайды, – дейді олар. Омар шағымданушылар мен әкімді беттестіреді. Ол туралы жақсы ойда болғандықтан, «Аллаһ тағалам! Менің ол туралы жақсы ойда екенімді білесің. Осы ойым расқа шықса екен» деп дұға етеді. Саид келгенде, Омар халыққа алғашқы сауалын қайталайды. Былайғы көпшілік алдында берген жауабын қаз-қалпында айтады. Омар (р.а.) Саидтен (р.а.) мұның себебін сұрайды. Ол: «Уаллаһи, айтқым келмеп еді, алайда айтпасыма қоймадыңдар. Қызметшім жоқ, қамырды өзім илеймін, сосын ашығанын күтемін. Қамыр ашығаннан кейін, нан пісіремін. Сосын дәретімді алып, бір-ақ шығамын», – дейді. Омар енді екінші сауалына көшеді: «Тағы қандай шағымдарың бар?» – деп сұрайды. «Түнде ешкімді қабылдамайды», – дейді адамдар. Омар Саидке: «Бұған не дейсің?» – деген кезде Саид: «Мұны да айтқым келмеп еді. Негізінде, мен күндізгі уақытты халқыма, түнгі уақытты Раббыма бөлген едім», – деп жауап береді. Омар: «Үшінші шағымдарың қандай еді?» – деп сұрағанда, халық: «Айына бір күн бізге келмейді», – дейді. Омар: «Бұған не дейсің?» – дегенде Саид ибн Амир: «Киімдерімді жуатын қызметшім жоқ, ауыстыратын киімім де жоқ. Айына бір рет киімімді жуып, оның кепкенін күтемін. Оларға киімдерім кепкеннен кейін ғана барамын», – дейді. Омар: «Тағы бір шағымдарың бар еді ғой?» – деп көпшілікті көзімен шолады. «Кей күндері өзін жын ұрғандай ұстайды», – дейді көпшілік ішінен біреу айқайлап. Омар: «Ал, Саид! Бұған не дейсің?» – деп сұрайды. Саид: «Ей, мүміндердің әміршісі! Мен

Хубәйбтің (р.а.) Меккеде қалай өлтірілгеніне куә болдым. Құрайыштар оны өлтірген кезде, денесін паршалап кесіп, оны бір бөрененің үстіне қойып: «Дәл қазір сенің орнында Мұхаммедтің болғанын қалар ма едің?» – деп сұрады. Ол болса: «Аллаһқа ант етемін, оның менің орнымда болғаны түгіл, аяғына бір тікеннің де кіргенін қаламас едім», – дейді. Сосын Хубәйб: «Уа, Мұхаммед!» – деді. Мен ол кезде мүшрік болатынымын, Аллаһқа иман келтірмеген едім. Қазір сол күнді есіме алсам, Хубәйбке көмектеспегенім үшін, Аллаһ мені кешірмей ме деп алас ұрамын», – дейді.

Саид ибн Зәйдтің осы жауаптарынан кейін Омар: «Аллаһқа мақтау айтамын, Саид менің сенімімнен шықты», – дейді. Артынан оған мың алтын динар жіберіп, «Мынаны қажетіңе жарат», – дейді. Саидтің әйелі Омардың динар жібергенін естіп күйеуіне: «Бізді сенің қызметіңе кіріптар етпеген Аллаһқа мақтау айтамын», – дейді. Саид ибн Зәйд: «Бұл қаражатты қайырлы нәрсеге жұмсауға қалай қарайсың? Бұларды бізден де мұқтаж жандарға берсек қалай болады?» – деп, өздері сенім артқан бір адамды шақырып, оған бірнеше түйіншек ұстатады. «Мыналарды пәлен отбасының жесіріне, пәлен үйдің жетіміне, пәлен пақырларға, пәлен жәбірленушіге бер», – дейді. Өздерінде біреуі қалады. Оны әйеліне береді. Зайыбы: «Бізге бір қызметші алмадың ба? Бұл ақшаның еш пайдасын көрмедікау!» – дегенде, Саид ибн Амир (р.а.): «Таратып берген ақша бұдан да мұқтаж болған кезінде саған қайтып келеді», – дейді⁵¹⁵.

⁵¹⁵ Әбу Нуайм, Хилия 1/245

НҮСҚАҒЫШ

- Аббас пен Омар 437
- Абдуллаһ ибн Жахш 398, 399
- Абдуллаһ ибн Рауаха 88, 213, 454
- Абдулмұтталиб 42, 72, 227
- Адий ибн Хатим 54, 55, 56
- Али (р.а.) 24, 25, 33, 42, 43, 82, 86, 94, 122, 127, 128, 216, 217, 244, 272, 300, 308, 322, 362, 370, 371, 372, 373, 375, 380, 383, 384, 385, 389, 391, 394, 396, 398, 440, 452, 453, 471, 472, 473
- Аммар ибн Ясир 63, 267, 345, 407
- Амр ибн Ас 144, 146, 147, 150, 194, 208, 209, 210, 214, 323, 328, 330, 332, 410, 416, 436, 439, 441, 442, 460
- Ансар 233, 282, 434
- Ауф ибн Мәлік 222, 409
- Әбу Бәкір (р.а.) 37, 38, 44, 46, 61, 82, 83, 128, 133, 137, 138, 143, 149, 167, 170, 171, 194, 235, 240, 241, 242, 243, 244, 245, 251, 253, 254, 255, 257, 258, 259, 260, 263, 264, 265, 266, 274, 285, 287, 290, 298, 308, 309, 310, 311, 312, 313, 314, 317, 318, 342, 359, 361, 363, 364, 365, 366, 367, 368, 369, 370, 372, 373, 374, 375, 376, 377, 378, 381, 383, 385, 387, 391, 394, 395, 401, 404, 405, 410, 416, 426, 433, 436, 455, 458, 459, 460, 461, 462, 463, 478,
- Әбу Жәндәл 136
- Әбу Жәһіл 28, 31, 39, 48, 64, 66, 93, 198, 241, 245, 246, 247, 256, 268, 298, 319, 320
- Әбу Зәһр 168, 223, 271, 272, 273, 402, 403, 413, 414
- Әбу Кухафа 61, 254
- Әбу Катада 305, 432, 433
- Әбул-Хайсам 70, 88
- Әбу Мұса әл-Әшғари 33, 424, 444, 456
- Әбу Сағлаба әл-Хушәни 36
- Әбу Суфиян 28, 62, 66, 108, 112, 115, 125, 139, 152, 153, 154, 155, 156, 158, 167, 194, 302, 344, 370, 371, 391, 421, 463

- Әбу Тәліп 28, 29, 30, 31, 43, 96,
106, 238, 239, 248, 265,
322, 328, 333, 373, 493
- Әбу Убәйда ибн Жәррах 368,
369, 416
- Әбу Һұрайра (р.а.) 179, 189,
239, 281, 284, 290, 295,
301, 352, 406, 472
- әл-Хужәйми 52
- Әнәс 21, 33, 70, 180, 230, 237,
243, 251, 283, 295, 296,
318, 321, 351, 354, 356,
366, 403, 442, 448, 449
- Әнәс ибн Мәлік 243, 318, 448
- Әсад ибн Зүрара 64, 226, 349
- Баладауия 59
- Бәдәуи 95
- Бәдір 57, 131, 169, 175, 176,
178, 188, 247, 332, 335,
391, 397, 401
- Бәну Сәида 366, 368
- Бәра ибн Азиб 314, 319
- Бәшір ибн Мағбад 58
- Биләл Хабаши 44, 265
- Жәрир ибн Абдуллаһ 100
- Затур-риқа 280, 281
- Зейнеп 239, 240, 343, 344, 345
- Зубәйр ибн Аууам 171, 330,
449
- Зүбәйр ибн Әууам 38
- Зүлжәушән 57, 58
- Йемен 80, 81, 122
- Икрима 159, 160, 161, 162, 198,
298
- иман 2, 7, 9, 10, 11, 14, 16, 17,
18, 22, 27, 28, 34, 35, 37,
38, 45, 46, 48, 49, 50, 55,
56, 61, 63, 68, 69, 72, 73,
78, 81, 87, 88, 90, 91, 97,
98, 99, 100, 102, 103, 106,
115, 117, 129, 139, 148,
150, 164, 166, 170, 171,
175, 177, 183, 197, 213,
220, 226, 234, 239, 251,
253, 255, 261, 263, 268,
280, 304, 332, 349, 350,
377, 408, 413, 463, 486
- Ираклий 109, 110, 111, 112,
114, 115, 116, 117
- Қиямет 53, 381, 396, 411, 459,
462
- Құрайыш 29, 39, 65, 66, 67, 69,
72, 83, 112, 115, 117, 132,
143, 151, 155, 170, 238,
241, 242, 258, 260, 275,
307, 308, 321, 332, 337,
368, 369, 370, 390, 399
- Мәдина 45, 57, 64, 77, 90, 215,
363, 392
- Мекке 31, 35, 42, 45, 58, 61,
143, 158, 159, 162, 168,
169, 215, 220, 224, 265,
341, 348, 361, 431, 492
- Микдат ибн Амр 34
- Микдат ибн Әсуад 288, 404,
454
- Мүшрік 211, 212, 280
- Мұғауия ибн Хайда 52, 53
- Мұхаммед 1, 2, 3, 4, 13, 16, 35,
36, 37, 39, 41, 46, 50, 60,



- 62, 64, 67, 68, 69, 74, 77, 79, 93, 101, 110, 119, 124, 128, 131, 132, 135, 136, 137, 143, 144, 149, 155, 157, 160, 163, 165, 168, 176, 179, 180, 181, 182, 186, 187, 190, 208, 217, 223, 229, 235, 241, 242, 244, 246, 257, 262, 263, 268, 269, 271, 276, 289, 294, 307, 315, 318, 321, 355, 364, 366, 389, 390, 397, 399, 401, 405, 420
- мұнажыр 159, 233, 353
- Нәжаши 106, 145, 323, 324, 325, 326, 327, 328, 329, 330, 331, 332
- Омар (р.а.) 23, 34, 38, 39, 40, 95, 129, 136, 138, 139, 142, 153, 158, 178, 199, 208, 209, 211, 215, 232, 235, 256, 257, 260, 261, 269, 277, 285, 287, 290, 313, 319, 336, 348, 363, 364, 365, 366, 368, 372, 376, 379, 381, 382, 383, 386, 389, 390, 391, 393, 396, 400, 401, 406, 410, 414, 415, 417, 419, 420, 422, 423, 424, 425, 426, 427, 428, 429, 430, 437, 439, 440, 441, 442, 443, 445, 447, 448, 451, 454, 455, 456, 457, 464, 465, 468, 469, 470, 478, 480, 482, 483, 484, 485, 492
- Осман ибн Аффан 62, 122, 156, 171, 262, 321, 471, 489
- Расулаллах 7, 10, 12, 13, 22, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 41, 42, 43, 45, 47, 48, 49, 51, 52, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 62, 63, 64, 66, 74, 76, 79, 81, 85, 87, 90, 91, 92, 97, 99, 100, 101, 102, 105, 107, 118, 122, 127, 128, 129, 135, 138, 140, 142, 146, 147, 148, 149, 151, 153, 154, 155, 156, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 167, 169, 176, 177, 179, 187, 189, 191, 192, 220, 221, 222, 224, 225, 226, 228, 229, 230, 234, 237, 240, 241, 245, 249, 252, 253, 254, 255, 268, 274, 276, 281, 284, 286, 289, 290, 294, 298, 299, 300, 302, 305, 308, 310, 313, 314, 315, 316, 322, 335, 336, 342, 344, 349, 350, 351, 353, 355, 356, 361, 387, 391, 400, 401, 408, 410, 413
- Сағид ибн Әбу Уакқас 171, 199, 203, 288, 380, 398
- Сайд ибн Амир 423, 474, 484, 485, 486
- Сахаба 12, 40, 412
- Суффа 290, 301
- Сүһәйл 134, 135, 136, 143, 157, 170, 298, 317
- Таиф 146, 164, 165, 166, 169, 492

Талха ибн Ұбайдуллаһ 171, 262, 263	Халид ибн Уәлид 130, 146, 147, 149, 407, 409, 415, 465
Тауыс (р.а.) 427	
Тәбүк 130, 297	Хамза 41, 247, 255
Тәурат 16	Хандақ 131, 144, 188, 230, 293, 294, 296, 301, 302, 392
Уахши 35, 36	Хасан Басри 440
Уәлид ибн Мұғира 65	Хафс ибн Халид 264
Умәйр ибн Сағыд 480, 484	Хира 55, 56, 182
Умәйя ибн Халәф 28, 48	Худайбия 32, 130, 143, 148, 170, 491
үмбет 14, 15, 22, 23, 371, 390, 476	нижрет 18, 44, 76, 138, 139, 147, 183, 224, 225, 257, 261, 264, 266, 277, 309, 310, 314, 319, 321, 322, 330, 332, 333, 334, 335, 336, 337, 338, 339, 340, 341, 342, 345, 348, 369, 370, 386, 414, 492, 493
Ұтба ибн Рабия 28, 29, 48	
Ұхүд 188, 251, 252, 305, 306, 373	Шаби (р.а.) 468
Фатима 36, 37, 39, 72, 238, 245, 283, 342, 432	Шәйба ибн Рабия 28
Хайбар 33, 333, 335, 353, 354	Юнус ибн Мәтта 249, 250
Хакәм ибн Қайсан 34	
Халид ибн Саид 45, 46, 47, 167, 334, 371, 372, 461, 462	

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. Аллаһ пен расулына мойынсұнуға үндейтін аяттар мен хадистер	6
2. Пайғамбар мен сахабалары туралы аяттар	14
3. Аллаһ расулының сыртқы келбеті	19
4. Сахабалардың ерекшеліктері	22

БІРІНШІ БӨЛІМ АЛЛАҒ ПЕН РАСУЛЫНА ШАҚЫРУ

1. Хақты танытуға деген құштарлық	27
2. Расулаллаһтың Исламға шақыруымен мұсылман болғандар	37
3. Жұп-жұбымен Исламға шақырылғандар	62
4. Расулаллаһтың Исламға шақыруын қабылдамағандар	64
5. Исламды ірі қауымдарға уағыздау	66
6. Пайғамбарымыздың базарларды жағалап Исламды уағыздауы	92
7. Жақын туыстарын Пайғамбарымыздың Исламға шақыруы	94
8. Пайғамбарымыздың сапарда жүріп халықты Исламға шақыруы	95
9. Пайғамбарымыздың халықты Исламға шақыру үшін жаяу сапарға шығуы	96
10. Соғыс майдандарында Исламға шақыру	97
11. Исламды насихаттау мақсатында әр аймаққа Пайғамбарымыздың мұғалімдер жіберуі	97
12. Ислам негіздерін орындауға шақыру	100
13. Пайғамбарымыздың Исламға шақыру үшін ел билеушілеріне хат-хабар жолдауы	104
14. Пайғамбарымыздың көркем мінезі мен жеке адамдардың тура жолға түсуіне себеп болған әрекеттері	127
15. Худайбия келісімі	130
16. Амр ибн астың исламды қабылдауы	144
17. Халид ибн Уәлидтің исламды қабылдауы	148
18. Меккенің азат етілуі	151
19. Әбу Жәһілдің баласы Икриманың исламды қабылдауы	159

20. Сафуан ибн Умәйяның мұсылман болуы.....	162
21. Таиф халқынан Уруа ибн мәсғудтың және сақиф тайпасының исламды қабылдауы	165
22. Хуайтыб ибн Абдулуззаның Исламды қабылдауы	168
22. Сахабалардың жеке адамдарды Исламға шақыруы	170
23. Сахабалардың араб тайпаларын Исламға шақыруы	180
24. Исламға шақыру мақсатында Сахабалардың елші ретінде жі- берілуі	190
25. Иманға шақыру үшін сахабалардың хаттар жіберуі	191
26. Пайғамбарымыздың кезінде сахабалардың соғыс майдандарында адамдарды Исламға шақыруы	193
27. Әбу Бәкір (р.а.) кезеңінде сахабалардың соғыс барысында Ислам- ды уағыздауы	194
28. Омар (р.а.) уақытында сахабалардың соғыс кезінде исламды уағыздауы	199
29. Адамдардың тура жолды таңдауына себеп болған сахабалардың жақсы мінездері мен әрекеттері	212

Екінші бөлім

САХАБАЛАРДЫҢ ПАЙҒАМБАРЫМЫЗ БЕН ХАЛИФАЛАРҒА СЕРТ БЕРУІ

1. Мұсылман болу үшін серт беру	219
2. Исламның негіздері үшін берілген серт	220
3. Мекке жеңісінен кейін хижрет жасауға берілген серт	224
4. Пайғамбарымыздың ісіне қолдау көрсетуге берілген серт	225
5. Жиһад үшін берілген серт	230
6. Сөз тындауға және мойынсұнуға берілген серт	231
7. Пайғамбарымыз Мәдинаға келгенде, ансар әйелдерінің берген серті	232
8. Балиғатқа толмаған балалардың серті	235
9. Сахабалардың халифаларға берген серті	235

Үшінші бөлім
ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ХАЛЫҚТЫ
АЛЛАҒ ЖОЛЫНА ШАҚЫРУДА ШЕККЕН
ҚИЫНДЫҚТАРЫ

1. Расулаллаһтың шеккен қиындықтары.....	237
2. Сахабалардың қиыншылықтарға төзуі.....	253
3. Сахабалардың қиындықтарға қасқайып қарсы тұруы	279
4. Аллаһ пен расулы үшін аштық азабына да мойымау	281
5. Сахабалардың аштық азабын тартуы	293
6. Дінге шақыру жолында шөл азабына шыдау.....	297
7. Аллаһ жолында суыққа шыдау	299
8. Дін жолында киер киімге жарымай таршылық көру	299
9. Аллаһ жолында үрейлену	301
10. Аллаһ жолында қандай қиындыққа болса да, тәуекел етудің тағы бір мысалы.....	305

Төртінші бөлім
ҢИЖРЕТ

1. Аллаһ расулы мен Әбу Бәкірдің һижреті.....	307
2. Омар мен басқа сахабалардың һижреті.....	319
3. Осман ибн Аффанның һижреті	321
4. Алидің һижреті	322
5. Жағфар ибн Әбу Тәліп пен кейбір сахабалардың Хабаһстанға, одан кейін Мәдинаға һижрет етуі	322
6. Сухәйб ибн Синанның һижреті.....	337
7. Абдуллаһ ибн Омардың һижреті.....	338
8. Дамра ибн Әбул-Айстың һижреті.....	338
9. Уасила ибн Әсканың һижреті.....	339
10. Сафуан ибн Умәйя мен кейбір адамдарға һижрет туралы айтылған сөздер	340
11. Әйелдер мен балалардың һижреті	342

Бесінші бөлім
МҰҢАЖЫРЛАРҒА ҚАМҚОР БОЛҒАН АНСАРЛАР

1. Ансарлардың ұлы міндетті орындауға кірісуі.....	347
2. Мұһажырлар мен ансарлардың арасында орнатылған бауырластық.....	351

3. Ансарлардың Аллаһ пен расулының ризалығын дүниеден артық көруі 354

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ САХАБАЛАРДЫҢ БІРЛІК ПЕН ЫНТЫМАҚТАСТЫҚҚА МӘН БЕРУІ

1. Сахабалардың алауыздыққа қатысты ұстанымдары 359
2. Пайғамбарымыз дүниеден озғаннан кейін сахабалардың халифалық турасындағы ұстанымдары 363
3. Сахабалардың халифа етіп Әбу Бәкірді сайлауы және келіспеушілікке жол бермеуі 370
4. Халифаның өз орнына мұрагер тағайындауы 376
5. Елге басшы сайлаудың кеңес арқылы жүзеге асырылуы 379
6. Халифалыққа үміткер тұлғалардың ерекшеліктері 385
7. Парасатты адамдардың пікірлеріне құлақ түру 391
8. Басқарушылардың сайлануы 398
9. Кімдер басшы болуы керек? 400
10. Сахабалардың басшылық қызметтен қашуы 403
11. Халифаларды, басқарушыларды құрметтеу және олардың бұйрықтарына бағыну 407
12. Басшылардың бір-бірімен ынтымақта болуы 416
13. Басшылардың алдында ақиқатты айту, Аллаһтың бұйрықтарына қайшы әрекеттерін қолдамау 419
14. Халықтың басшыларға қоятын талаптары 422
15. Басшылардың әрдайым халықтың ойын білуге тырысуы 426
16. Ел басшысының халықты қауіп-қатерден қорғауы 428
17. Расулаллаһ пен сахабалардың әділдігі 431
18. Халифалардың Аллаһтан қорқуы 455
19. Халифалардың бір-біріне және әкімдерге айтқан өнегелері 458
20. Халықтың ел басшысына насихаты 474
21. Халифалар мен басшылардың тұрмыс-тіршілігі 478
- Нұсқағыш 487